


**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ**



# **ХАБАРШЫ**

# **ВЕСТНИК**

**№4 (79), 2023**



**«ТАРИХ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР»** сериясы  
**серия «ИСТОРИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh National Pedagogical University

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы  
Серия «Исторические и социально-политические науки»  
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 4(79), 2023

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh National Pedagogical University

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы  
Серия «Исторические и социально-политические науки»  
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 4(79)

Алматы, 2023

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

**ХАБАРШЫ**

«Тарих және саяси-әлеуметтік  
ғылымдар» сериясы,  
№4(79), 2023

Шығару жиілігі – жылына  
4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор  
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:  
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**

(бас ред. орынбасары),  
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**,  
(жауапты хатшы)

магистр оқытушы:

**Берікболова А.Ж.**

(техникалық хатшы)

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов**,  
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов**,  
PhD, проф. **Вирджиния Мартин**

(АҚШ),

PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),  
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіқап** (Түркия),

т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**  
(Қырғыз Республикасы),

т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**  
(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,  
проф. **М.Майер** (Германия),

т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**  
(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),  
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия),

т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев**  
PhD, доцент **Каримов К.С.**

(Өзбекстан Республикасы)

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2023

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген  
№10102 - Ж

Басуға 14.12.2023 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 43,75 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 654.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

**М а з м ұ н ы**  
**С о д е р ж а н и е**  
**Content**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ**  
**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**  
**SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY**

<b>Айдарбаева Р.Қ.</b> Босқындар және қазақ-қытай шекарасындағы террор (XX ғ. 30 жж. басы).....	7
<b>Aydarbayeva R.K.</b> Refugees and terror on the kazakh-chinese border (early 30s of the XX century)	
<b>Токишкәдыров Б.Б., Байсарина Қ.Қ., Нұржан А.Н.</b> Моңғолия қазақтарынан шыққан көрнекті қоғам қайраткерлері.....	18
<b>Tokishkadyrov B.B., Baisarina K.K., Nurzhan A.N.</b> Outstanding public figures of the kazakh diaspora in Mongolia	
<b>Шаяхмет Н.У.</b> Қазақтардың этноэкологиялық білімі: далалық аймаққа бейімделудің тарихи тәжірибесі.....	29
<b>Shayakhmet N.U.</b> Ethno-ecological knowledge of the kazakhs: historical experience of adaptation in the steppe regions	
<b>Мырзаханов А.Е., Мухаметжанова Н.А.</b> Қарағанды облысын-дағы саяси репрессиялар құрбандарын ақтау мәселелері.....	41
<b>Myrzakhanov A.E., Mukhametzhanova N.A.</b> Problems of rehabilitation of victims of political repression in the karaganda region	
<b>Таштанов Ж.Ә., Жанболатов С.Е.</b> Сайрам көтерілісі, нәтижелері және оның Қазақстандағы басқа ұлт-азаттық көтерілістермен ортақ сипаттары мен белгілері.....	49
<b>Tashtanov Zh .A., Zhanbolatov S. E.</b> The Sairam uprising, its results and its common characteristics and features with other national liberation uprisings in Kazakhstan	
<b>Сарсенов А.С., Жумағұлов Б.С.</b> Материально-технические основы и образовательные истоки интеллектуального потенциала аулов и сёл Казахстана в послевоенные годы.....	63
<b>Sarsenov A., Zhumagulov B.S.</b> Material and technical foundations and educational origins of intellectual potential of aulov and villages of Kazakhstan in post-war years	
<b>Dzhursunbayev B.A., Seiilkhan T. T.</b> Unveiling kazakh agency: the imperial Russian conquest of Akmechet fortress.....	74
<b>Джурсунбаев Б.А., Сейілхан Т.Т.</b> Қазақ ықпалы: империялық Ресейдің Ақмешіт бекінісін жаулап алуы	
<b>Динашева Л.С., Сандыбаева А.Д., Примкулова Г.Ж.</b> XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы Түркістан өлкесінің Сырдария облысындағы ауыл шаруашылығының даму ахуалы: тарихи талдау.....	91
<b>Dinasheva L.S., Sandybaeva A.D., Primkulova G.Zh.</b> Development of agriculture in the syrdarya region of turkestan region in the second half of the XIX-early XX century: historical analysis	

Казахский национальный  
педагогический  
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические  
и социально-политические науки»,  
№4(79), 2023

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:  
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,  
(зам. гл. редактора),  
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова,  
(ответ. секретарь)  
преп. магистр: Берикболова А.Ж.,  
(тех. секретарь)

д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,  
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,  
PhD, проф. Вирджиния Мартин  
(США),  
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),  
д.и.н., проф. Кара Абдиуакап (Турция),  
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов (Кыргызская  
Республика),  
д.и.н., проф. В.М. Козьменко  
(Российская Федерация),  
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,  
проф. М.Майер (Германия),  
д.и.н., проф. А.Б. Соколов (Российская  
Федерация),  
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),  
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция),  
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев  
PhD, доцент Каримов К.С.  
(г. Коканд, Республика Узбекистан)

© Казахский национальный  
педагогический университет  
имени Абая, 2023

Зарегистрировано в Министерстве  
культуры и информации  
Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 14.12.2023.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 43,75 уч.-издл.  
Тираж 300 экз. Заказ 654.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

## ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

**Dautova-Khan A.I.** The recruitment problem for the Indian civil service occurred during the interwar period..... 100  
**Даутова-Кхан А.И.** Соғыс аралық кезеңде Үндістанның мемлекеттік қызметіне жұмысқа қабылдау мәселесі  
**Каримов К.С. (Узбекистан)** Роль учебных заведений в подготовке народных судей в конце XIX-начале XX веков..... 110  
**Karimov Kahramon (Uzbekistan)** The role of educational institutions in the preparation of people's judges in the late XIX-early XX centuries

## САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

**Arkhyamatayeva Ainur, Mustafa Gökçe (Republic of Turkey)** Policy of the Soviet Union towards Kazakhstan (1927-1938): a comprehensive analysis of political, economic, and social developments..... 120  
**Архыматаева А., Гökче М. (Түркия Республикасы)** Кеңес Одағының Қазақстанға қатысты саясаты (1927-1938 жж.): саяси-экономикалық және әлеуметтік оқиғаларды жан-жақты талдау  
**Абдиханова А.Ж., Султанова В.И.** Политика царской России в сфере образования и религии в Южном Казахстане..... 129  
**Abdikhanova A.Zh., Sultanova V.I.** The policy of tsarist Russia in the field of education and religion in Southern Kazakhstan  
**Әбікей А.М., Қайыпбаева А.Т., Дюсенова Н.К.** Орталық Азияны ұлттық-территориялық межелеу және қазақ жерлерін біріктіруді аяқтау..... 137  
**Abikey A.M., Kaipbaeva A.T., Duysenova N.K.** National-territorial delimitation of Central Asia and the completion of the unification of the Kazakh lands  
**Зайниева Ю., Суимбаева Э.Н.** Некоторые аспекты развития молодежного парламентаризма..... 148  
**Zauniyeva L.Yu., Suimbayeva E.N.** Some aspects of the development of youth parliamentarism  
**Кушенова Ғ.И., Нышанбай Ж.Н.** Кеңестік Қазақстандағы саяси цензураның әдеби шығармашылыққа ықпалы: идеологиялық күрес түрінде..... 158  
**Kushenova G.I., Nyshanbai Zh.N.** The Influence of Political censorship in Soviet Kazakhstan on literary creativity: in the form of ideological struggle

Abay Kazakh National Pedagogical  
University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political  
sciences»  
№4(79), 2023

Periodic – 4 issues/year  
Published since 2000

**Editor-in-chief:**  
*doctor of historical sciences*  
**G.K. KENZHEBAYEV**

**Editorial staff:**  
**Koigeldiyev M.K.** *doctor of historical sciences, professor*  
(editorial-in-chief's assistant),  
**Ospanova R.R.** *candidate of historical sciences, associate professor,*  
(responsible secretary),  
*master teacher* **Berikbolova A.Zh.**  
(technical secretary)  
**Abzhanov Kh.M.** *doctor of historical sciences, professor,*  
**Zhumagulov B.S.** *candidate of historical sciences, professor,*  
**Virginia Martin.** *professor, PhD (USA),*  
**Claudia Chang** *professor, PhD (USA),*  
**Kara Abdiyakap** *doctor of historical sciences, professor (Turkey),*  
**Osmonov O.D.** *doctor of historical sciences, professor (Kirgistan),*  
**Kozmenko B.M.** *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*  
**Zhumagulov K.T.** *doctor of historical sciences, professor,*  
**Mayer M.** *doctor of historical sciences, professor (Germany),*  
**Sokolov A.B.** *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*  
**Tomokhiko Uyama** *doctor of historical sciences (Japan),*  
**Khodjaogly T.** *doctor of historical sciences, professor (Turkey)*  
**Karasayev G.M.** *doctor of historical sciences, professor*  
**Karimov K.S.** *PhD associate Professor, (Republic of Uzbekistan)*

Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2023

Registered in the Ministry of culture and  
information of the Republic of Kazakhstan,  
May, 8, 2009 №10102-ZH

Signed for print 14.12.2023  
Format 60x84 1/8.  
Volume 43,75 уч.-изд.л.  
Issue 300. order 654.

050010, Almaty  
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

- Атантаева Б.Ж., Омарбаев К.С., Абенова Г.А.** Газета «Продовольственная неделя» как источник по социально-экономической истории Семипалатинска..... 167
- Atantayeva B.Zh., Omarbayev K.S., Abenova G.A.** The "Food Week" newspaper as the source of socio-economic history of the Semey city
- Қарасаев Ғ.М., Пұсырманов Н.С., Ақтайлақ Б.Б.** Қазақтардың XIX ғасырдың басына дейінгі саяси, әлеуметтік, шаруашылықтық даму тарихы XIX ғасырдағы ресми жазба деректерінде..... 179
- Karasaev G.M., Pussyrmanov N.S., Aktailak B.B.** History of political, social, economic development of kazakhs up to the beginning of the XIX century in official written sources of the XIX century
- Еңсенов Қ.А.** Қазақ қоғамындағы батырлар институтының зерттелуі..... 189
- Yensenov K.** Research of the institute of heroes in kazakh society
- Ноғайбаева М.С.** Алтын Орда тарихындағы қаракесек-алшындар ..... 198
- Nogaybaeva M.S.** Karakesek-alshyns in the history of the Golden Horde
- Ысқақ А.С., Жұматай Ғ.Б.** Қазақстан архивистерінің келбеті: өткен мен келешекке көзқарас..... 206
- Yskak A.S., Zhumatay G.B.** The appearance of archivists in Kazakhstan: a look into the past and present
- Maksutova A., Kumekov B.E., Nurzhanova A.M.** Problems of studying medieval manuscripts in Arabic and Persian: the current state..... 216
- Максүтова А., Көмеков Б.Е., Нуржанова А.М.** Араб және парсы тіліндегі ортағасырлық қолжазбаларды зерттеу мәселелері: бүгінгі ахуалы
- Рустем К.М., Жакупова Г.Т.** Информационный потенциал делопроизводственных документов в фондах архивных учреждений по проблемам советской цензуры в Казахстане..... 223
- Rustem K., Zhakupova G.** Informational potential of documents of management and record keeping in funds of archival institutions on problems of soviet censorship in Kazakhstan

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
METHODS OF TEACHING HISTORY

- Жамелов Б.А., Сүлейменова Г.М., Базарбаев Қ.** Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының қызметінің маңызын мектепте оқыту («іс-әрекетті зерттеу») (action research) қазіргі мұғалімнің өзіндік іс-әрекетінің тиімділігін арттыру стратегиясы ретінде)..... 234

- Zhamelov B. A., Suleimenova G. M. , Bazarbayev K.** Teaching at school the significance of the activities of the national intelligentsia in restoring the integrity of the Kazakh land (activity research as a strategy for improving the efficiency of independent activities of a modern teacher)
- Бесбаев М.А., Исабек Б.** Кеңестік кезеңдегі ишан-молдалар туралы және оларды оқыту мәселелері..... 244
- Besbayev M.A., Issabek B.K.** About ishan-mullahs in the Soviet period and their teaching problems
- Amanbekova N.D.** Methodological basis for the application of the history of small towns of East Kazakhstan in the educational process in the discipline of History of Kazakhstan..... 252
- Аманбекова Н.Д.** Методические основы применения истории малых городов Восточного Казахстана в учебном процессе по дисциплине «История Казахстана».

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

- Бекешов С.С.** Көшпелілердің ағаш өңдеу және оймыштау өнерінің алғышарттары..... 270
- Bekeshov S.S.** The nomads' preface to the art of woodworking and engraving
- Шайгозова Ж.Н., Ибрагимов А.И.** «Кілем тоқу – инемен құдық қазғандай: қазақтың кілем тоқу өнерін зерттеу, сақтау және дамыту..... 279
- Shaygozova Zh.N., Ibragimov A.I.** “To weave a carpet is like digging a well with a needle”: research, preservation and development of kazakh carpet weaving

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР  
ПЕРСОНАЛИИ  
PERSONALITY**

- Белоус С.Г., Тлеубаев Ш.Б.** Память о Т.И. Седельникове: репрезентация прошлого посредством устных воспоминаний ..... 289
- Belous S.G., Tleubayev Sh.B.** Memory of t.i. Sedelnikov: representation of the past through oral recollections
- Нурбаева Д.З., Дукенбаева З.О.** Ұзақбай Құлымбетов тарихи тұлға: саяси-қоғамдық және шығармашылық қызметі..... 298
- Nurbayeva D.Z., Dukenbayeva Z.O.** Uzakbai Kulumbetov historical personality: political, social and creative activity
- Саурыкова Ж.С.** Кенжеғали Абдуллиннің шығармашылық мұрасы..... 306
- Saurykova Zh.S.** Creative heritage of Kenzhegali Abdullin
- Mambetov B.M., Khazretali Tursun, Rajabov Kh.K.** Saktagan Baishev – prominent representative of social and political authority ..... 316
- Мәмбетов Б., Түрсүн Х., Ражабов К.** Сақтаған Бәйішев – қоғамдық-саяси биліктің көрнекті өкілі.

<b>Тулбасиева С.К.</b> Сұлтанбек Қожановтың ғылымға келген жолы мен шығармашылық мұрасы.....	326
<b>Tulbasiyeva S. K.</b> Sultanbek Kozhanov's path to science and creative heritage	
<b>Assanova D.</b> Memoirs from personal archive of Shamgali Sarybayev. ....	341
<b>Асанова Д.</b> Шамғали Сарыбаевтың жеке архивтегі мемуарлық шығармалар.	

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

<b>Алшыкенова А.Т.</b> Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау ісінің кадрларын даярлау (1970-1991 жж.).....	351
<b>Alshykenova A.T.</b> Training of healthcare personnel of South Kazakhstan region (1970-1991)	
<b>Kenzhebekova Zh.K., Musabalina G.T.</b> The role of the mediation institute in the history of Kazakhstan.....	360
<b>Кенжебекова Ж.К., Мусабалина Г.Т.</b> Қазақстан тарихындағы медиация институтының рөлі	
<b>Kali A.B.</b> The contribution of the Tatars to the economic development Zhetysu in the late of 19th and early 20th centuries.....	370
<b>Қали А.Б.</b> XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы Жетісудың экономикалық дамуындағы татар ұлт өкілдерінің қызметі	
<b>Жақсылық Е.Е.</b> 1946-1960 жылдардағы Оңтүстік өңірдегі мұсылман діни мерекелік рәсімдері.....	378
<b>Zhaksylyk E.E.</b> Muslim religious celebrations in the southern region in 1946-1960	

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality - 0700 00)



ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ  
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ҒТАХР 03.20.  
ӘӨЖ 954.17

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.001>

Р.Қ. Айдарбаева \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>

**БОСҚЫНДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ТЕРРОР (XX ғ. 30 жж. басы)**

*Аңдатпа*

Қазақстандағы кеңестік модернизация және оның салдары туралы мәселе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта кең түрде зерттеліп келеді. Соның ішінде 20-30 жылдардағы Ашаршылық миллиондаған адамның өмірін қыршынынан қиып, ұлтымызды құрып кету шегіне жеткізді. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты бұрын-соңды болмаған босқыншылыққа алып келді. 1930 жж. басындағы Қазақ-Қытай шекарасы аумағында орын алған босқыншылық және қазақ босқындарына қарсы қолданылған кеңестік биліктің террорлық әрекеттеріне баға беру көзделген.

Архив материалдарының мол қоры мен ауызша тарихи деректерді кең түрде пайдалана отырып, шекаралық аймақта орын алған зорлық-зомбылықтың себептерін, ауқымын және түрлерін анықтау белгіленген. XX ғасырдың 30 жылдарының басындағы Қазақстанның шығыс шекара аймағында орын алған қайғылы оқиғалар жан-жақты зерттелді. Босқыншылықтың себептері, оның аймақтық ерекше-ліктері анықталды. Билік өз тарапынан жіберілген қателіктерді мойындап, нәубеттің себептерін анықтап жоюдың орнына бейбіт халыққа қарсы жаппай террорлық әрекеттерді қолданды. Қазақ өлкесіндегі босқындық және қазақ босқындарына қарсы кеңінен қолданылатын зорлық-зомбылық актілері сталиндік режимнің ең қатыгез қылмыстарының бірі болып табылады.

**Кілт сөздер:** Қытай, босқын, босқыншылық, ашаршылық, шекара, террор.

Айдарбаева Р.Қ. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>к.и.н., ассоциированный профессор,  
Восточно-Казахстанский технический университет им. Д.Серікбаева, г. Усть-Каменогорск, Казахстан  
E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>

**БЕЖЕНЦЫ И ТЕРРОР НА КАЗАХСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЕ  
(начало 30-х гг. XX в.)**

*Аннотация*

Вопрос о советской модернизации в Казахстане и ее последствиях стал широко изучаться после приобретения независимости Республики. В том числе голод 20-30-х годов, унесший жизни миллионов людей и поставивший наш народ на грань исчезновения. Политика коллективизации советской власти стала причиной массового беженства. Изучение беженства на территории казахско-китайской границы в начале 1930-х гг. и оценка террористических действий советской власти, применявшихся против казахских беженцев. На основе использования широкого круга источников выявить причины, масштабы беженства и виды насилия, имевшего место в приграничной зоне.

На основе анализа и сопоставления архивных источников и материалов устной истории всесторонне исследованы трагические события начала 30-х годов XX века, произошедшие в приграничной зоне Восточного Казахстана. Выявлены причины беженства, его региональные особенности. Вместо того, чтобы выявить и устранить причины массового беженства, власти не признали допущенные со своей

стороны ошибки и использовали массовые террористические акты против мирного населения. Беженство в казахском крае и акты насилия, широко применявшиеся против казахских беженцев, являются одними из самых жестоких преступлений сталинского режима.

**Ключевые слова:** Китай, беженец, беженство, голод, граница, террор.

*Aydarbayeva R.K.<sup>1\*</sup>*

<sup>1</sup>*Ph.D., Associate Professor, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan  
E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>*

## REFUGEES AND TERROR ON THE KAZAKH-CHINESE BORDER (early 30s of the xx century)

### *Abstract*

The issue of Soviet modernization in Kazakhstan and its consequences began to be widely studied after the acquisition of independence of the Republic. Including the famine of the 20-30s, which took the lives of millions of people and put our people on the brink of extinction. The policy of collectivization of the Soviet power became the reason of mass refugees. To study the refugees on the territory of the Kazakh-Chinese border at the beginning of the 1930s, and to assess the Soviet authorities' terrorist actions against Kazakh refugees. Using a wide range of sources, to identify the causes, the extent of refugees, and the types of violence occurring in the border zone.

Based on the analysis and comparison of archival sources and materials of oral history, the author comprehensively investigated the tragic events of the early 30's of XX century, which took place in the frontier zone of East Kazakhstan. The causes of refugees, its regional peculiarities were revealed. Instead of revealing and eliminating the reasons of mass refugees, the authorities did not acknowledge their mistakes and used mass terrorist acts against the peaceful population. Refugees in the Kazakh region and the acts of violence widely used against Kazakh refugees are among the most brutal crimes of the Stalinist regime.

**Keywords:** China, refugee, refugee status, famine, border, terror.

**Кіріспе.** Қазақстандағы кеңестік модернизация және оның салдары туралы мәселе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта кең түрде зерттеліп келеді. XX ғасырда қазақ халқының басынан небір нәубеттер өткені аян. Соның ішінде 20-30 жылдардағы Ашаршылық миллиондаған адамның өмірін қыршынынан қиып, ұлтымызды құрып кету шегіне жеткізді. Әр түрлі саяси-экономикалық науқандардың нәтижесінде халқымыздың бір бөлігі тұрғылықты жерін тастап, ауа көшуге мәжбүр болған болатын. Бұл кейбіреулер айтқандай «көшпенділердің үйреншікті көшуі» емес, халқымыздың басына түскен үлкен қасірет болды.

**Өзектілігі.** XX ғасырдағы Қазақстан тарихы туралы айтқанда біз негізінен кеңес дәуіріндегі еліміздің қол жеткізген елеулі табыстары туралы көбірек айтамыз. Әрине, ол жетістіктерді жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, сол жеңістердің құны қандай болғаны туралы шындық әлі де болса толық айтылмай келеді. Елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау үрдісі осы кемшіліктің орнын толтырады деп сенеміз. Бұл үрдістің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін де атап өткен жөн. Ақтау барысына бұрын қарастырылмаған құрбандар санаттары да енгізіліп отыр. Соның бірі – босқындар мәселесі. Босқыншылыққа ұшыраған негізінен қазақ аудандары болғанын, зардап шегушілердің негізінен жергілікті ұлт өкілдері екендігін мойындауымыз қажет.

Отандық тарихнамада толыққанды зерттеле қоймаған тақырыптардың бірі – босқыншылық мәселесі, соның ішінде билік тарапынан босқындарға қарсы қолданылған террорлық әрекеттер зерттеуімізге арқау болып отыр. Кеңестік билік өз тарапынан жіберілген қателіктерді мойындап, нәубеттің себептерін анықтап, оны жоюдың орнына халыққа қарсы өзінің зорлық-зомбылық саясатын одан әрі күшейте түсті. Біздің зерттеуіміздің нысаны 1930 жж. басындағы Қазақстанның шығыс шекарасы аумағында орын алған босқыншылық және қазақ босқындарына қарсы қолданылған кеңестік биліктің террорлық әрекеттері болып табылады. Архив материалдарының мол қоры мен ауызша тарихи деректерді кең түрде пайдалана отырып, шығыс шекаралық аймақта орын алған зорлық-зомбылықтың себептерін, ауқымын және түрлерін анықтау белгіленген.

**Материалдар мен әдістер.** Босқыншылық мәселесі ұзақ уақыт бойы зерттеушілер назарынан тыс қалып келген еді. Оның басты себептерінің бірі осы мәселеге байланысты дереккөздердің жеткіліксіздігі болатын. Тек Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. К. Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығының қабылдануының нәтижесінде ғана қазақстандық босқындардың тағдыры туралы құжаттар

мен материалдар ғылымға ашыла бастады. Тұңғыш рет отандық ғылым тарихында арнайы мемлекеттік мұрағаттардың құпиясыздандырылған құжаттарының жинақтары жарық көрді [1], [2]. Олар 2021-2022 жылдар бойы Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, ҚР Бас прокуратурасымен, ҚР Жоғарғы Сотымен, ҚР Ішкі істер министрлігімен және олардың мұрағат мекемелерімен өзара тиімді іс-қимылының арқасында қолжетімді болды. Сонымен қатар, ғылыми айналымға алғаш рет Қытай Халық Республикасымен шекаралас Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аудандық мұрағаттарында (Жаркент, Зайсан, Алтай қалалары) анықталған құжаттар енгізілді.

Зерттеу нысанына қатысты кейбір деректер «Трагедия казахского аула. 1928-1934» [3] жинағынан алынды. Аталған жинақта дәстүрлі қазақ ауылының өмірін түбегейлі өзгерту үдерістерін баяндайтын, азаматтарға қатысты мемлекеттің жазалау-репрессиялық саясатының өсуі туралы түсінік беретін орталық мемлекеттік органдардың құжаттары жарияланған [4]. Сонымен қатар, Кеңестер Одағының орталық архивтері құжаттары негізінде жарық көрген құжаттар жинақтары зерттеудің деректік негізін нығайта түседі [5].

Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, аталған жинақтарда ұсынылған құжаттар авторитарлық саяси режимнің мәнін, оның мүдделерінің көбінесе жергілікті халықтың жекелеген топтарының ғана емес, сонымен бірге бүкіл этникалық топтардың мүдделеріне кереғар келгендігін ашып көрсетеді.

Зерттеудің әдістемелік негізін жалпы ғылыми әдістер құрады. Тарихилық, шынайылық, жүйелілік принциптерін қолданумен қатар, архивтік және ауызша тарихи деректерді салыстыру арқылы тақырыпты ашуға тырыстық.

**Талдау.** Қазақстан өз тарихында бірнеше рет жаппай босқыншылық пен этникалық көші-қон құбылысына тап болды. Соңғы уақытта отандық тарихшылардың осы мәселе бойынша зерттеу жұмыстары жандана түскенін атап өтуіміз қажет. «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары» атты ұжымдық монографияны осы бағытта жарық көрген алғашқы кешендік зерттеу деп атауымызға болады [6]. Зерттеу жұмысында ХХ ғ. 20-жж. соңы - 30 жж. басындағы Қазақстандағы босқыншылық халық наразылықтары тұрғысынан қарастырылып, жаңа деректер негізінде ашылған. Дегенмен біздің зерттеу нысанымызға негіз болып отырған еліміздің шығыс шекарасында орын алған жағдай аталған басылым авторларының назарынан тыс қалған.

Босқыншылықтың демографиялық салдары мәселелері белгілі ғалымдар А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакировалардың еңбектерінде терең зерттелген [7]. Бұл ғалымдардың еңбектерінің құндылығы 1930 жж. Ашаршылықтың демографиялық салдарын жаңа жетілген әдіснамалық негізде зерттеп, неғұрлым нақты тұжырымдар жасалуында деп санаймыз. Авторлардың пікірінше республиканың шығыс аймағының халқы ең көп шығынға ұшырап, 30 жж. бұл өлкенің қазақтарының саны 64,5 % азайған. Шығыс Қазақстан облысынан Қытай мен Ресейдің көршілес аймақтарына қазақтардың ірі босқыншылық-ғының орын алуы халық санының күрт азаюының негізгі факторларының бірі болғандығын ескерген жөн.

Соңғы кезде шетелдік ғалымдардың бір тобы ашаршылық тақырыбындағы еңбектерін жариялады. Италия ғалым Никколо Пьянчиола архив материалдарының бай қорын пайдалана отырып, ашаршылықтың негізгі себеп-салдарын және оның қазақ қоғамына тигізген әсерін түсінуге мол үлес қосты. Ол экономикалық тарих әдістемесін пайдалана отырып көшпенді мал шаруашылығы қоғамының Кеңес өкіметі билігінің әсерінен қандай өзгерістерге ұшырағандығына талдау жасаған [8].

Изабель Огайон өз еңбегінде Кеңес өкіметі билігінің Қазақстандағы отырықшыландыру үрдісінің әлеуметтік тарихына баса назар аударған. Оның еңбегінде әлеуметтік акторлар мен жергілікті өлшемдердің қолданылуы зерттеудің басты құндылығы болып табылады. Сол арқылы Мәскеу жүргізген саясаттың Қазақстанда қалай қолданылғанын, оның тікелей салдары мен жергілікті халықтың көзқарасы қандай болғанын анықтауға мүмкіндік туады [9].

Неміс ғалымы Роберт Киндлердің зерттеуі Қазақстандағы ашаршылық кезіндегі озбырлық пен зорлық-зомбылықтың орнын қарастырады. Соның ішінде Қазақстанның шығыс шекарасында орын алған қанды оқиғаларға талдау жасалған. Автор алғашқылардың бірі болып Қызыл әскер бөлімшелері мен шекарашылардың бейбіт босқындарға қарсы қатыгез әрекеттерін ашық жазған [10].

Американ ғалымы Сара Камерон «Аштық жайлаған дала» еңбегінде мемлекеттік және партия құжаттарымен қоса қазақ және орыс тілдеріндегі ауызша деректерге кеңінен сүйене отырып, Кеңес өкіметінің қылмыстарын әшкерелеп, оның Қазақ қоғамында қалдырған қасіретті зардаптарын ашып көрсетеді. Соның ішіндегі босқыншылық мәселесі де терең зерттелген. Автордың пікірінше, қазақтардың ауа көшуін тоқтату және Шыңжаңдағы қазақтарды қайтуға көндіру әрекеттері сәтсіздікке ұшырағандықтан, Кеңес өкіметі шекаралық аймақтағы тәртіпті сақтаудың бірден-бір жолы үрейлендіру әдісіне басып, ашық зорлық-зомбылық шараларына көшкен [11].

Революция мен ашаршылық арасындағы кезеңдегі қазақ қоғамының жағдайы, большевиктік модернизацияның ауыр салдары С.Акимбековтың еңбегінде зерттелген. Соның ішінде автор шекара аймағында орын алған қанды қырғындар туралы да өзіндік пікір қалыптастырған. Оққа ұшқан адамдар санының жараланғандар санынан әлдеқайда көп болуы шекаралық қақтығыстардың қатал сипатын дәлелдейді [12].

Қысқаша тарихнамалық шолу көрсеткендей, зерттелетін мәселе Отандық тарихнамадағы тың тақырыптардың бірі болып табылады. Осы бағыттағы зерттеулер қазақ босқындарының қасіретті тағдырын толық ашып көрсету арқылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалтуға жол ашады деп ойлаймыз.

**Негізгі бөлім.** XX ғасырдың 20 жж. аяғына қарай Қазақстанның Қытаймен шекаралас аймақтарында жағдай күрт ушықты. 1928 жылдың тамызында басталған бай шаруашылықтарды тәркілеу науқаны еліміздің солтүстік-шығыс бөлігінде аса бір қатаң түрде жүзеге асырыла бастады. Семей губкомының хатшысы И.М. Беккер басшылығымен жүзеге асырылған тәркілеу үрдісі әсіресе қазақ шаруаларына аса қатты соққы болды. Көшпелі қазақтарды астық дайындау жоспарын орындауға күштеп мәжбүрлеу олардың негізгі күнкөріс көзінен айырды. Байлармен қатар қазақтың орташа және кедей шаруалары зардап шекті. Жергілікті жағдай туралы түсінігі жоқ уәкілдер шаруалардың нақты жағдайы туралы ешбір мәлімет жинамай-ақ ойдан шығарылған мөлшерде жоспар белгілеп, оны шұғыл түрде орындауды талап етті. Көптеген аудандарда билікті өз қолына «үштіктер» алып, бүкіл губерния аумағында бейбіт халыққа қарсы ашық террорлық әрекеттер жүзеге асырыла бастады. Жан сауғалаған халықтың бір бөлігі, көшпелі қоғамдардың қиын-қыстау күн туғанда қолданылатын дәстүрлі стратегиясын ұстанып, қауіпсіз аймақ-тарға қоныс аудара бастады. Шығыс Қазақстан халқының бір бөлігі шекараның арғы жағынан тағы да пана іздеді. Қытайды және басқа аймақтарды баратын жер ретінде тандаудың себептерінің бірі шекараның екі жағында бір тайпаның туыстары мен мүшелерінің болуы болды [13].

30-жж. басында басталған жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландыру үдерісі салдарынан қазақ даласындағы босқыншылықтың жаңа толқыны туындады. ОГПУ-дың Құпия-саяси бөлімінің «Қазақстаннан Қытайға көші-қон туралы» 1931 жылдың қазанындағы арнайы анықтамасында шекаралық белдеудегі халықтың босқыншылыққа ұшырауының басты себептері аталды: түрлі шаруашылық науқаны кезінде орын алған асыра сілтеушіліктер, тұрғындардың өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етуде жіберілген олықтықтар, кеңестік билікке қарсы топтардың белсенділігінің артуы. Қауіпсіздік органдары босқыншылықтың жаппай сипат алуына алаңдаушылық білдіріп, әлеуметтік құрамы бойынша босқындар арасында орта және кедей шаруалардың, ұжымшар мүшелерінің басым болғанын мойындады.

Толық емес деректер бойынша 1930 жылы шекара асып кеткендер мен шекарадан өтуге әрекет еткендер 10 636 адамды құраған. 1931 жылдың 9 айында бұл көрсеткіш 15 мыңнан асқан. 1930 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 1931 жылдың қаңтар-наурызында босқындар саны 2686 адамнан 4377 адамға дейін өскен болса, 1931 жылдың II тоқсанында босқындар саны толық емес мәліметтер бойынша 5 мың адамға жеткен. III тоқсанның екі айында шамамен есептеулер бойынша шекарадан өтіп кеткен және қолға түскен босқындар саны 6 мың адамнан асқан [14].

Көші-қон мөлшері туралы берілген деректер толық емес екендігін ескертуіміз қажет. Шын мәнінде, қоныс аударғандар мен қоныс аударуға дайындалғандар саны әлдеқайда көбірек болатын. Қазақ өлкелік органдарының шекара белдеуінің кейбір аудандарында көші-қон мөлшеріне арнайы тексеру жүргізіп, соның нәтижесінде кейбір аудандарда бүкіл халықтың 1/3-тен астамы Қытай ауып кеткендігі анықталды. Сонымен қатар, 1931 ж. босқындардың 80% орта және кедей шаруалар құрағаны белгілі болды. 1932 жылдың сәуіріндегі ОГПУ-дің Саяси-құпия бөлімінің ұжымдастыру және шаруалардың жаппай бас көтерулері туралы арнайы анықтамасында «толық емес деректер бойынша 1931 ж. Қытайға 40 мың шаруашылық өтіп кеткен» деген мәліметтер келтіріледі [15].

ГПУ-дің Шекара күзеті және әскері Басқармасының 1931 жылдың 28 ақпанындағы баяндамасында «1930 ж. Қазақстан шекарасында босқындармен қақтығыс кезінде 734 адам өлтірілді, 38 адам жарақат алды, ал шекарашылар тарапынан шығын 24 адам, 15 жараланды» деген мәліметтер келтірілген [16].

Кеңес өкіметі босқыншылықтың басты ұйымдастырушысы және арандатушысы байлар деп таныды. Олар өз артықшылықтарын сақтап қалу үшін жанталаса қарсылық көрсетті және осы күреске қазақ шаруаларының орташа және кедей топтарын күшпен тартып отыр деп мәлімдейді. Осыған байланысты бай шаруашылықтарды тек экономикалық негізінен айырып қана қоймай, олардың қазақ қоғамындағы атқаратын рөлінен түбегейлі айыруды мақсат етті [17]. Большевиктердің қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы туралы түсініктері болмады, таптық күрестің жергілікті ерекшеліктеріне мән бермеді. Байлар жай ғана ауқатты адамдар емес еді, олар сонымен қатар өз ауылының, руының көшбасшысы, қиын жағдай туындағанда туысқандарының қамқоршысы болатын [18]. Сондықтан шекара асқан қазақ босқындары тек

байлардың мәжбүрлеуімен кетті деген тұжырымдар жаңсақ деп айтуға негіз бар. Босқыншылықтың түпкі себептері билік тарапынан орын алған зорлық-зомбылық, күштеп ұжымдастыру мен содан туындаған ашаршылықпен байланысты екендігін ресми билік мойындағысы келмеді.

Көші-қон қозғалысының өсуі, ең алдымен, әртүрлі науқандар кезінде жіберілген асыра сілтеушіліктердің нәтижесі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ет дайындау науқаны кезінде жіберілген қателіктердің алатын орны ерекше. Аталған науқанды жергілікті билік өрескел озбырлықпен жүргізіп, халыққа негізсіз айыппұлдар салу, соттау, тұтқындау сияқты қуғын-сүргін әдіс-тәсілдерін ашық қолданып отырды. Мысалы, Зайсан ауданының 4-ауылдық кеңесінде 5 адамнан тұратын отбасын асырап отырған жалғыз сиырын мемлекетке тапсыруға күштеп мәжбірлеген. Өлкелік атқару комитеті комиссиясының мүшелері Құралы және Батырхан ауылдарындағы 20-дан 30 рубльге дейін бірыңғай ауыл шаруашылық салығын төлеп отырған 26 кедей шаруашылықтан қосымша жеке салық төлеуді талап еткен. Осының нәтижесінде аталған кедей шаруашылықтар Қытай асып кеткен. Алакөл ауданында ет дайындау жөніндегі уәкіл сотпен және мүлкін тәркілеумен қорқытып, ұжымшардан жұмыс малын тапсыруды талап еткен, нәтижесінде 40 ұжымшар мүшесі Қытайға өтіп кетеді.

Астық дайындау науқанының асқынып кеткені сондай, ол тіпті егін екпейтін көшпелі қазақ шаруашылықтарына да қолданылды. Бас тартқан жағдайда бүлікшілер қатарына қосылып, қуғын-сүргінге ұшыраудан қорыққан халық малын астыққа айырбастап, оны мемлекетке өткізуге мәжбүр болған. Соның салдарынан 1930-1931 жж. таулы аймақта орналасқан Катонқарағай ауданы Тамба ауылының 50 отбасы мал-мүлкімен шекара асып кетуге мәжбүр болады [19].

Шалғай шекаралық аймақта орналасқан аудандардың халқы, сондай-ақ, халық тұтынатын тауарлардың жетіспеушілігінен де зардап шекті. Ең қажетті деген шай, қант, мата, аяқ киім, тері өнімдері, керосин т.б. өнімдермен шекаралық аудандардың халқын қамтамасыз ету жоспарлары жүйелі түрде орындалмады. Мысалы, Алакөл ауданына 1930 жылдың I тоқсанында жоспардағы 489 мың рубль тауардың орнына тек 127 мың рубльдің тауары жеткізілген. Ал Катонқарағай, Тарбағатай, Жаркент, Октябрь және Кеген аудандарына I тоқсанда тауар мүлдем түспеген [20]. Осындай жағдайда Қытай жерінде тауар молшылығы туралы қауесеттердің тарауы да халықтың көші-қон көңіл-күйіне өзіндік әсерін тигізді.

Кеңестік қауіпсіздік органдары қазақ халқы арасындағы көші-қондық көңіл-күйдің өсуіне шетелдік контрреволюциялық ұлтшыл топтардың жандануы да үлкен әсер етті деп санады. Олардың пайымдауынша бұл топтар іс жүзінде көші-қон қозғалысының ұйымдастырушы орталығы болып табылды. 1930 жылғы 10 сәуірдегі Зайсан аудандық атқару комитетіне № 50 Зайсан кавалериялық шекара отрядының хабарламасында «ағымдағы жылдың ақпан және наурыз айлары Қытайдың шекара аудандарынан заңға қарсы және өз еркімен шекараны бұзумен және бандиттік рейдтермен теңдесі жоқ болып саналады» делінген [21].

Олардың пайымдауынша, шекаралық аймақтағы жергілікті қылмыстық топтар Қытай территориясындағы пікірлес адамдармен байланысып, Қытайдан арнайы қарулы қарақшылар тобын шақырып отырған. ОГПУ құжаттарында банда деген атауға ие болған қарулы топтар әр текті болғаны рас. Дегенмен, олардың басым көпшілігі шекараның екі жағында орналасқан туысқандардың өзара келісімімен, босқындарды шекарадан өту кезінде қорғау үшін жіберілген қарулы топтар болғандығын мойындауымыз қажет.

Шекара әскерлерінің жергілікті халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығын да босқыншылықтың бір себебіне жатқызуға болады. Жердің шалғайлығы, кеңес билігінің аталған аймақтардағы әлсіздігі ескеріле отырып, шекара әскерлерінің өкілеттілігі кеңейтілген болатын. Осыны пайдаланып олар қазақтардың мал-мүлкін заңсыз тартып алу, негізсіз айып тағып тұтқындау, қарсылық көрсетті деген жалған жаламен атып тастау және т.б. террорлық әрекеттерді кеңінен қолданып, халық наразылығын одан әрі күшейтті. Әсіресе, Катонқарағай ауданында орналасқан Шыңдығатай шекара бекетінің жергілікті қазақтарға көрсеткен озбырлықтары шектен тыс болды. Адамдардың негізсіз қамауға алынып, із-түзсіз жоғалып кетуі немесе айдауылдау кезінде қашуға әрекет етті деген сылтаумен атып тастау фактілерінің жиі болуы халық арасында үрей туғызды. Шыңдығатай шекара бекеті әскерлері Қырмызы, Жұмсақ, Мәметек асуларында қазақ көштерін қанға бояп, жүздеген адамдарды қырып тастаған. Тау асуларында көмусіз қалған құрбандардың сүйектері бертін уақытқа дейін шашылып жатқанын ел аузында сақталып қалған деректерден білуге болады. Осы ұзақ та қауіпті сапарға шығар алдында тұрғындар арнайы молда шақырып, алдын ала өздерінің жаназасын шығартып алып отырған деген де деректер кездеседі. Олардың осындай қауіпке бас тігуге мәжбүр еткен жағдайдың қаншалықты ауыр болғандығын осы фактілер арқылы көз жеткізуге болады.

Шекаралық аймақтарда орын алған босқыншылық Кеңес өкіметіне экономикалық және саяси жағынан зор нұқсан келтіргені сөзсіз. Шекаралық белдеудің аңырап бос қалуы қауіпін түсінген Қазақ өлкесінің билігі босқыншылықты тоқтату үшін қолдан келген амалдардың барлығын қолдануға шешім қабылдады. Шекаралық аймақтарды нығайту үшін Қазақстаннан тыс жерлерден еріктілер көшіріле бастады. Босқындармен күрес үшін арнайы әскери бөлімшелер енгізілді. Көптеген қызыл отрядтар КСРО-ның еуропалық бөлігінен келді және оларда дала мен оның тұрғындары туралы ешқандай мағлұмат болмады. Келімсектерден құралған әскери бөлімшелердің жауынгерлері шекара аумағында кездескен әрбір топты жау деп қабылдады. Осы әрекеттерден-ақ Кеңес мемлекетінің босқын көшпенділерге деген көзқарасы айқын көрініс береді: билікке сөзсіз бағынғысы келмегендіктен, олардың барлығы жауға айналды.

Осы кезден бастап жағдай тіптен ушығып, шекарада қанды қасап басталды. ОГПУ-дің Семей округтық бөлімін басқарған С.А. Бак шекара аймағындағы қандай да болмасын әрекеттер аяусыз басып-жаншылуы қажет деген ұстанымда болды. Шекара маңында топтасқан адамдармен келіссөз жүргізіп, олардың кім екенін анықтау қажет емес деп табылды. Кеңес командирлеріне, тіпті күмәнданған жағдайда да, шекара аумағында пайда болған кез-келген топтарға қарсы әскери күш қолдану тапсырылды. «Бандитизммен күрес» деген желеумен босқындарды жаппай қыру басталды.

1930 жылы мамырда кеңес-қытай шекарасына жақын Қызылағаш ауылы маңында қарулы көтерілісшілермен шайқас кезінде қоршауда қалған қызыл әскер тобы ұшқыштар В.Ф. Каминский мен И.М. Мазуруктың (кейінірек Арктикадағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған) қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізіп беруінің арқасында қоршауға төтеп бере алады. Жол бойында бұл «аспан батырлары» қарулы көтерілісшілермен қатар Қытайдың Шыңжаң провинциясына кетуге тырысқан жүздеген бейбіт босқындарды пулеметтен оқ жаудырып, қырып тастайды. Осы операцияға қатысқаны үшін екеуі де ерекше марапатқа ие болады [22].

Тарихта «Қаратал қырғыны» деген атаумен қалған оқиға кеңес-қытай шекарасында 1930 жылы қазанында орын алды. Өздеріне бұрыннан таныс, ғасырлар бойы қалыптасып қалған көшу соқпақтары арқылы Шығыс Қазақстанмен географиялық, мәдени және туыстық байланыстармен тығыз байланысты Шыңжаң провинциясына өтпек болған 40 қазақ пен дүнген отбасының сапары қайғылы аяқталды. Топ Қытай шекарасына жақындаған кезде босқындардың артынан қуып жеткен қуғыншылар оларға оқ жаудырады. Тек тоғыз отбасы ғана қашып үлгеріп, біршамасы қаза тауып, кейбірі тұтқынға алынды. ОГПУ өкілдерінің баяндамаларын қорытындылай келе, Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты мынадай тұжырымға келеді: «Қаратал ауданында (ОГПУ) бар материалдар бойынша, біріншіден, қашқындар тарапынан ешқандай қарсылық болмаған; екіншіден, өлтірілгендердің көбі кедейлер болған; үшіншіден, тірі қалғандар арасында бірнеше әйелдер мен балалар зорланған; төртінші-ден, қаза тапқандар мен тұтқынға түскен адамдарды тонау оқиғалары орын алған, сондықтан бұл іс толық тексеруді қажет етеді» [23]. ОГПУ-дің жергілікті өкілдері жүргізген тергеу қаза тапқандардың арасында кедейлер мен орташа шаруалар басым болғанын мойындады; ал дәрігер әйелдер мен балаларды тексеріп, көпшілігінің өлім алдында зорланғанын растады.

Осы тектес оқиға Күршім ауданында да орын алып, халық жадында «Ақнайман қырғыны» деген атпен сақталып қалды. 1930 жылдың тамызында бес жүз үйлі Ақнайман елі Қытай жеріне өтпекші болып, Бөкенбай тауы, Қалғұты жеріндегі Егіндібұлақ ауылынан шығып, шекараға бір күндік жер болатын Бестерек деген жерге шоғырланады. Ауған елдің дүрбелеңі бастала салысымен жергілікті белсенділер аудан орталығына, шекара бекінісіне хабар беріп үлгереді. Шекарашылар мен оған қосылған жиынтық күштер Қалжыр өзенінің бойынан тосқауыл жасап, көшті пулемет оғының астына алады. Еңкейген кәрісінен бастап еңбектеген баласына дейін оққа ұшып, қырылған көштің бір бөлігі жан сауғалап кері дүрліге қашқан кезде оларды Күршім өңіріндегі болыстық әскери комиссар Яков Кандауров бастаған қарулы топ қолға түсіріп тұтқындайды.

Белгілі өлкетанушы Меңғали Мусиннің осы оқиға туралы туралы естеліктерінде төмендегідей деректерді келтіреді: «Еркек кіндікті ересектер бөлініп алынды. Оларды жаяулатып таудағы Тополевка селосына атқа қонған Кандауровтың өзі айдап әкетті. Артағы кәрі-құртан, бала-шаға араға едәуір уақыт салып сондарынан аттанды. Көш жарты шақырым ұзаған кезде оққа ұшқан адамдардың үстінен түсті. Әрбір жиырма-отыз қадам сайын осындай өлік. Тополевкаға жеткенше айдап әкеле жатқан талай адамды осылай жол бойы атып отырған Кандауров соңынан жеткендерге қарап: «Адаспадыңдар ма, сендер адаспасын деп жол бойы белгі қалдырып отырдым», - деп ыржия мәз болады» [24].

1930 жылдың қарашасында Талдықорған ауданында Қытайға бет алған қазақ босқындарының көші мен шекарашылар арасында болған қақтығыста 25 бейбіт тұрғын қаза тауып, 11 адам тұтқынға түседі, тек 8 адам ғана шекарадан өтіп кетеді [25].

Қазақстандағы ОГПУ Шекара әскерлері Басқармасының 1930 жылғы 3 желтоқсандағы баяндамасында Малайсары ауданының тумалары Әлімжан Кутанов пен Базарбек Нұртазынов бастаған қарулы топпен шекарашылар арасында болған қақтығысы туралы баяндалады. Бұл қарулы топ Шыңжаңда құрылып, оған негізінен қазақ босқындары кірген еді. Олар Қытайға туыстары мен өз рулаластарын алып кету үшін шекарадан өтіп, шағын топтармен аудан ауылдарына бет алады. Жүздеген қазақ шаруашылықтары жолай кезіккен ерікті комотрядтармен қақтығыса отырып, шекараға қарай жылжиды. Көшті тоқтату мақсатымен ауыр қару-жарақпен қаруланған шекара әскерлерінің отряды көштің ізіне түсіп, бірнеше күннен кейін босқын қазақтардың тобын табады. Пулемет, гранатометтермен мұздай қаруланған әскердің көшпенділермен қақтығысы екі күнге созылады. Шекарашылардың сөзіне сенсек, шайқас қантөгісті, аса қатыгез сипат алған. Босқындар жалаң қолмен қарулы әскерге қарсы тұрып, қоян-қолтық шайқасты, жан алыспай, жан беріспеді. Ақыры күш басымдығын пайдаланып шекарашылар босқын қазақтарды қырғынға ұшыратты. Шайқас барысында босқындар тарапынан 243 адам қаза тапты, 50 әйел мен 30 бала тұтқынға алынды. Тірі қалған, жараланған не болмаса тұтқынға түскен бірде-бір ер адамның болмауы шекарашылар тарапынан болған шектес тыс зұлымдықтың дәлелі. Әскерилердің шығыны – бір жаралы сарбаз және екі жараланған және екі өлген мініс аттары. Сонымен қатар, осы қанды қақтығыстың нәтижесінде шекарашылар 600 жылқы, 100 түйе және 200 бума жүк тәркілейді [26]. Оққа ұшқан адамдар санының жараланғандар санынан әлдеқайда көп болуы шекаралық қақтығыстардың қатал сипатын дәлелдейді [27].

Осы қанды қырғында аман қалғандардың да жағдайы аса мүшкіл еді. Тірі қалып қолға түскен босқындардың барлық мал-мүлкі тәркілеуге ұшырап, олар күнкөріс құралдарынан толықтай айырылып отырды. Зайсан ауданы Күзеун, Тарбағатай, Хабарасу, Сталин, Майқапшағай, Дайыр болыстарының қазақтары шекарадан өтуге әрекет үстінде қолға түсіп, 27 адам қамауға алынып, мал-мүлкі тәркіленеді. Ұсталған адамдардың ісін соттан тыс қарау үшін ОГПУ алқасына тапсыру ұсынылды [28]. Қытайға өтуге әрекеті үшін Зайсан уезінің Тарбағатай және Сталин болыстарының 40 азаматынан 17108 рубльдің малы тәркіленген, оның ішінде 309 жылқы, 201 ірі қара, 66 түйе, 3450 қой мен ешкі тартып алынған [29].

1931 жылы кеңес-қытай шекарасындағы босқыншылық өзінің шырқау шегіне жетті. Кеңес өкіметінің шаруаларға қарсы саясаты олардың жаппай қайыршылануына алып келді. Жергілікті билік өкілдері жағдайдың қиындығын түсініп, республика басшылығы алдында дабыл қаға бастады. Олар «күшіміз жетпейтін жоспарлар аудан экономикасын әбден титықтатты. Колхозшылар, сондай-ақ кедейлер мен орташалар өмір сүруден үміттерін үзді. Біз колхоз мүшелерін өзімізден бездіріп алдық, олар бізден кетіп жатыр» деп хабарлайды [29]. Алайда Голощекин басқарған Қазөлком дайындау науқанындағы террор туралы хабарларды біржақты қарап, байбалам салушыларға қарсы «большевиктік күрес» бастау қажет деп тапты. Биліктен көмек болмасына көзі жеткен халық өз бетімен жан сақтаудың амалына көшті. Шекаралық аймақ тұрғындары үшін тығырықтан шығар жол шекара асып, жан сауғалау деп білді.

1931 жылдың маусым айында Катонқарағай ауданының Қанас асуының маңында шекара бекетінің басшысы Кавешников бастаған отряд Қытайға бағыт алған босқындардың көшіне шабуыл жасап, талай адамды қырып тастайды. Қарулы топқа төтеп бере алмаған қалған босқындар, мал-мүлкін тастап шекара асып кетуге мәжбүр болған. Бұл босқындар Шығыс Қазақстан аумағы арқылы Қытайға өтпек болған Монғолия қазақтары еді. Шайқас барысында шекарашылар 30000 қой, 2000-ға жуық ірі қара мал, 1000 жылқы, көп мөлшерде дүние-мүлік олжалайды [30].

Сол жылдың 27 тамызында Көкпекті ауданының № 3 және № 4 ауылының тұрғындары Қытайдан қарулы көмек әкелген Садық және Жұмажан Сегізбаевтың басшылығымен бас көтеріп, шекарадан өтуге дайындық бастайды. Бірнеше күннің ішінде олардың қатарына 300 жуық жергілікті тұрғындар кіреді. Алайда қыркүйек айының басында босқындар мен шекара әскері арасында болған шайқас нәтижесінде басым бөлігін кедей және орташа шаруа құрайтын 100-ден астам шаруашылық қолға түседі. Босқындар арасында 59 адам қаза тауып, 10 адам жараланады. 19 қыркүйекте Жарма ауданында Азбаканов Нұрғали мен Алжігітов Итурғалидың басшылығымен 300 жуық адамнан тұратын көш комотрядпен қақтығыста 30 адамынан айрылып, аман қалғандары шекара жаққа жылыстап үлгереді. Жол бойында оларға Көкпекті ауданның № 3 ауылының тұрғындары қосылып, қауіпті сапарларын жалғастырады. 20 қыркүйекте Күршім ауданы аумағында Қайсары мен Ишимбаевтың басшылығымен шекараға беттеген босқындар мен шекарашылар арасында болған қақтығыста 85 бейбіт тұрғын оққа ұшып, 43 адам тұтқындалады. Келтірілген деректер еліміздің шығыс шекарасында орын алған қанды сойқанның бір ғана бөлігін құрайды (ҚР ПА, 5052:10-23).

ОГПУ шекара әскерлері босқындардың шекарадан өтуіне жол бермеуге тырысып қана қойған жоқ. Қызыл әскер отрядтары босқындарды өкшелей қуып, Қытай аумағына өтіп, сол жерде бірнеше қырғын

ұйымдастырғаны белгілі болып отыр. Осыған байланысты Шыңжаң провинциясының әкімшілігі КСРО консулы Колосовқа өздерінің наразылығын білдіреді. Ол Мәскеудегі басшыларын осындай екі оқиға туралы хабарлар етеді. 1930 жылы қазанда Қытай шекара патрулі Қызыл армия отрядтарының Қытай жеріне 15 шақырымға дейін тереңдеп кіріп, 200-300 қазақ босқындарына шабуыл жасағанына куә болған. Қуғыншыларды байқаған босқындар жан-жаққа бытырай қашады. Әскерлер олардың малдары мен дүние-мүліктерін олжалап кері қайтқан. Олар кеткеннен кейін қытайлықтар оқиға орнын зерттеп, «Қызыл әскерлердің қазақтармен болған қатыгез қырғынының іздерін таптық. Қытай аумағында 10-нан астам адам қаза тапты» деп хабарлайды. Желтоқсан айының басында қытайлық әскерлер тағы да 50-ден астам қазақ босқындарының мәйітін тапқан. Оның ішінде әйелдер мен балалардың да болғаны, олардың тек оқ тиіп қана емес, қылышпен туралып өлтірілгендігі туралы хабарлайды. Қытай жағы бұл қанды қырғын үшін жауапкершілікті тағы да Қызыл Армияға жүктеді. Колосов екі жағдайда да кеңес шекара әскерлерінің офицерлері ештеңені жоққа шығармағанын растады. Тиісті жасақ командирінің орынбасары оған желтоқсан науқаны аясында 300-ден астам қазақ босқындарының қаза тапқанын хабарлайды [31].

ОГПУ Ішкі әскерлері мен Қазақстанда қызмет атқаратын бөлімшелердің босқындарға қатандығының бірнеше себептері болды. Біріншіден, шекараны қорғау және оны бұзушыларды қудалау осы адамдардың кәсіби міндеттері болды. Сонымен қатар, шекарашылар аса қатыгездік көрсеткен қызметтік құлшыныстары үшін марапаттар мен сыйақыларға ие болатындарын да білді.

Екіншіден, орталық және республика басшылығы шекарадағы кеңестік саясатты орындаушыларға кең өкілеттіктер берді. 1930 жылы ақпанда билік барлық мал-мүлкімен бірге шетелге қашуға тырысқан отбасыларға қарсы ерекше шаралар қолдану туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, ол Қазақстанның және басқа да Орта Азия республикаларының шекаралық аудандарында қалыптасқан қауіпті жағдайды түбірімен жою үшін сенімді қызметкерлерді іссапарға жіберуге бұйрық берді.

Босқыншылықтың күннен күнге күшейе түсуіне байланысты республика басшылығы оны тоқтату-дың әр түрлі жолдарын қарастыра бастады. 1930 ж. 3 сәуірінде Қазақстанның шекаралық аудандарынан Қытайға бай-кулак элементтерінің заңсыз көшіп-қонуының алдын алу және оған қарсы күрес мақсатында Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесі арнайы қаулы қабылдайды. Қаулыда шекаралық аймақтағы жағдайды ретке келтіру шаралары белгіленді. Басты мәселе ретінде сенімсіз деп табылған тұлғаларды 100 шақырымдық шекара белдеуінен тыс жерлерге күштеп көшіру шаралары қарастырылды. Олардың қатарына Қытайға заңсыз қоныс аударуға жиналған кезінде ұсталған немесе қоныс аударуды ұйымдастырушысы деп танылған барлық байлар мен кулактар жатты. Қытай аумағына өту үшін алдын-ала дүние-мүлкін шекара асырып жіберді деп күдікке ілінген бай-кулактар да осы санатқа енгізілді. Сондай-ақ, Қытай жеріне өтіп кеткен адамдардың отбасы мүшелерін де шекаралық аймақтан аластату көзделді. Осы істер бойынша шешімдер аудандық атқару комитетінің қаулысымен бекітілетін болып шешілді [33].

Жергілікті билік органдары осы қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға құлшына кірісті. Жүздеген адам қудалауға ұшырап, күштеп қоныс аударылды. Мысалы, 1931 жылы 13 наурызда Зайсан аудандық атқару комитетінің төралқасы тоғыз отбасын Зайсан ауданы 4-ауылы аумағынан осы ауданның Қарабұлақ ауылына көшіру туралы шешім қабылдайды. Оларға қойылған айып отағасыларының шекара асып кетуі болды. Олардың өз отбасыларын заңсыз шекара асыруға әрекеттерінің алдын алу үшін шекара белдеуінен тыс жерге көшіріп жіберу қажет деп танылды [34].

Қытайға шекара асып кетуді ұйымдастырушылардың бірі ретінде танылған Мәметаев Осботай 1931 жылы 22 ақпанда 100 шақырымдық шекара белдеуінен тыс Көкпекті ауданына көшірілді. Өзіне жүктелген астық дайындау жоспарын орындамағаны үшін және Қытайға кетуге бел байлады деген күдікпен ұсталған Зайсан ауданының 6-шы ауылдық кеңесінің 71 жастағы тұрғыны Тұрсынбай Абзалханов Самар ауданына күштеп қоныс аударылды. 1930 жылы Қытайға қашқан Ахмеджанов Мұқанның 70 жастағы анасы Ахмеджанова Ате Ұлан ауданына көшірілді. Қытайға қоныс аударуға дайындық жүргізді деп айыпталғандар Әлқанов Омар, Чалов Тұрқатай, Бекжанов Райымхан, Райымқанов Көкбай отбасыларымен бірге Көкпекті ауданына күштеп жер [35].

Елде қалыптасқан ауыр экономикалық жағдай халықтың басым бөлігінің қайыршылануына алып келді. Сталиндік модернизация шеңберінде жүзеге асырыла бастаған науқандар нәтижесінде жаппай ашаршылық басталды. Осындай жағдайда жергілікті кеңес және партия ұйымдарының басшылары мен мүшелерінің бір бөлігі халықтың өмірін сақтап қалудың бірден-бір жолы қауіпсіз жерге қоныс аудару деп білді. ОГПУ-дің деректерінде «Қытайға көшуді ұйымдастыруға партияның жекелеген мүшелері, комсомолдар, ұжымшарлардың төрағалары қатысқан, Қытайға толық құрамдағы тұтас ұжымшарлар кеткен, көшу кезінде көшпенділер белсенді қарсылық көрсеткен жағдайлар байқалды» деп атап көрсетілген [36]. Зайсан аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Бқласов, астық дайындау жөніндегі



аудан уәкілі Китанов және ауыл кеңесінің төрағасы Садықов қазақ шаруалары арасында шекара асып кету қажеттігін түсіндіріп, Қытайға кетуге үгіттеген деген айып тағылып, жауапқа тартылады [37].

1931 жылдың тамыз айында Тарбағатай ауданында бүкіл аудан басшыларын біріктірген жасырын ұйым құрылып, тұрғындарды Қытайға көшіру мәселесін талқылап, шешім қабылдайды. Шыңжаңда мекен еткен қазақтармен, соның ішінде алашордасы Райымжан Мәрсековпен байланыс орнатады. Осы ұйымның қызметінің нәтижесінде Тарбағатай ауданының № 1, 2, 3, 4, 5 және 6 ауылдық кеңестерінің шаруашылықтарының басым бөлігі шекарадан өтіп кетеді. 1932 жылдың маусымында осы ұйымға қатысы бар деген 92 адам жауапқа тартылып сотталады. Оның 14 – байлар, 21 – партия мүшелері, 14 – байдың балалары, ал 23-і кедейлер мен орташа шаруалардың өкілдері деп танылды. Әсіресе өздерінің таптық жаулары деп санаған байлар мен байлардың балаларына шығарылған үкім басқаларымен салыстырғанда әлдеқайда ауыр болды. Олардың басым бөлігі қазақтардың арасынан шыққан білімді, көзі ашық адамдар болғанын ескерсек кең құлаш жая бастаған қуғын-сүргіннің халқымыздың болашағына қандай кері әсері болғанын түсінеміз [38].

Шекаралық аймақтағы босқыншылыққа байланысты қозғалған қылмыстық істер соттан тыс «үштіктердің» қарауына беріліп, ату жазасына кесілген үкімдер көп ұзамай жасырын, түн мезгілінде орындалып отырған. Үкімдерді орындау актілерінде «мәйіттер атылған жерге көмілді» деген мәліметтер кездеседі.

Қазақстандағы жантүршігерлік Ашаршылық Ақтабан Шұбырындыдан кейін болмаған жаппай босқындыққа алып келді. Мұқтаждық пен толық күйзеліске ұшыраған босқындар Кеңес билігінің террорлық әрекеттерінің де құрбаны болды.

**Қорытынды.** Соңғы уақытта ғылыми айналымға енгізілген архив деректері мен ауызша тарихи деректерді талдау және салыстыру негізінде ХХ ғасырдың 30 жылдарының басындағы Қазақстанның шығыс шекара аймағында орын алған қайғылы оқиғалар жан-жақты зерттелді. Босқыншылықтың себептері, оның аймақтық ерекшеліктері анықталды. 1926 - және 1939 жж. санақ аралық кезеңде Шығыс Қазақстан облысының халқы ең көп шығынға ұшырап, соның ішінде қазақтардың саны 64,5% азайған. Шекараға жақын орналасқан аймақ болғандықтан босқыншылық Қазақстанның шығыс бөлігінде кең ауқымды болды және қазақтардың санының азаюының негізгі факторларының бірі болып саналады. Босқыншылықтың негізгі себебі Кеңес билігінің зорлық-зомбылыққа негізделген ұжымдастыру саясатының салдары болып табылады және оның КСРО мемлекетіне тигізген саяси және экономикалық зардаптары зор болды. Билік болса өз тарапынан жіберілген қателіктерді мойындап, нәубеттің себептерін анықтап жоюдың орнына бейбіт халыққа қарсы жаппай террорлық әрекеттерді қолданды: шекарадан өтуге әрекеттенген босқындар еш аяусыз қырылып-жойылып, тоналып отырды; күдікті деп танылған адамдардың барлығы отбасы мүшелерімен бірге шекаралық аймақтан күштеп көшірілді; босқыншылықтың ұйымдастырушылары болып табылған адамдар соттан тыс «үштіктердің» үкімімен ауыр жазаланып отырды. Босқындардың жалпы санын, соның ішінде шекара шебінде Қызыл әскерлердің қолынан құрбан болғандардың санын нақты анықтауға мүмкіндік жоқ, өйткені ол туралы сақталып қалған деректер толық емес. Қорыға келе, қазақ даласында орын алған босқыншылық сталиндік режимнің аса бір жексұрын қылмыстарының бірі болып табылатындығын мойындауымыз қажет.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. Док. Т. 2. 1930-1931 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, «Атамұра», 2021. – 1240 с.
2. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т.5: Вынужденные беженцы. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 5: Forced refugees]. Сборник документов и материалов. Составители: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев, Қ.Ж. Нұрбай, Р.Е. Оразов / Под общ. ред. Е.Т. Қарина. - Астана, 2022. - 642 с.
3. Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т.2. 1929 - январь 1932 / [сост. А.С. Зулкашева [и др.]. – Алматы: Паритет, 2018. - 744 с.
4. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927– 1939. Documents and materials]. В 5 т. Т. 3. Конец 1930-1933 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 1008 с.
5. Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т. 1. 1929-июль 1932. В 2 кн. Кн. 1 / Отв. сост. В.В. Кондрашин. — М.: МФД, 2011. — 656 с.
6. Құдайбергенова А.И. және т.б. ХХ ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография.– Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. – 259 б.

7. Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н. Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар. Монография / Ж.С. Аубакирова, А.Н. Алексеенко. – Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2020. – 400 с.
8. Никколо Пианчиола, *Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936* (Рим, 2009 г.). – «Голод в степи: коллективизация сельского хозяйства и казахских скотоводов, 1928-1934 гг.». *Cahiers du Monde russe* 45 ном. 1-2 (2004 г.). – С. 137-192.
9. Изабель Огайон, *Isabelle Ohayon, La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline.* – Сталіндік КСРО-да қазақтарды отырықшыландыру. (Электронный ресурс) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Қаралған уақыты 23.03.2023)
10. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной). – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.
11. Камерон С. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана / Сара Камерон; авториз. пер. с англ. А. Терещенко. – М.: Новое литературное обозрение, 2020. – 360 с.
12. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – 584 с.
13. Никколо Пианчиола, *Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936* (Рим, 2009 г.). – «Голод в степи: коллективизация сельского хозяйства и казахских скотоводов, 1928-1934 гг.». *Cahiers du Monde russe* 45 ном. 1-2 (2004 г.). – С. 156.
14. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – С. 209.
15. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – С. 336.
16. Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т.2. 1929 - январь 1932 / [сост. А. С. Зулкашева [и др.]. – Алматы: Паритет, 2018. – С. 514.
17. Изабель Огайон, *Isabelle Ohayon, La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline.* – Сталіндік КСРО-да қазақтарды отырықшыландыру. (Электронный ресурс) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Қаралған уақыты 23.03.2023)
18. Мустояпова А. Деколонизация Казахстана [Decolonization of Kazakhstan]. – Алматы: AmalBooks, 2022. – С. 184.
19. Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві (ШҚОМА) Алтай бөлімшесі. 6-қ. 1-т. 155-іс. 6-10-п.
20. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – С. 141.
21. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 35-іс. 107-п.
22. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной). – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – С. 199.
23. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 4-қ. 2-т. 492-іс. 54-п.
24. Мусин М. Түнекте тұншыққандар. Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы кітап. – Өскемен, 1997. – 53-55-б.
25. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. Док. Т. 2. 1930-1931 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, «Атамұра», 2021. – 594-601-б.
26. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной). – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – с. 206
27. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – С. 452.
28. ШҚОМА. 338п-қ. 1-т. 188-іс. 29-п. 75-п.
29. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 249-б.
30. ШҚОМА. 139п-қ. 1-т. 65-іс. 29-30-б.
31. Қазақстан Республикасы Президент архиві (ҚР ПА). 141-қ. 1-т. 5052-іс. 10-23-б.
32. Қазақстан Республикасы Президент Архиві (ҚР ПА). 141-қ. 1-т. 4577-іс. 8-п.
33. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 38а-іс. 3-п.
34. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 41-іс. 6-п.
35. ШҚОМА. 788-қ. 1-т. 41-іс. Пп. 7, 25, 27, 32.
36. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927– 1939. Документы и материалы. – С. 336.
37. Шығыс Қазақстан облысы «Қазіргі заманғы тарихты құжаттандыру орталығы (ШҚО ҚЗТҚО). 3п-қ. 1-т. 209-іс. 16-п.
38. ШҚОМА. 1п-қ. 1-т. 4981-іс. 79-80-п.

References:

1. Ашаршылық. Golod. 1928-1934. Dokumental'naiia hronika. Sb. Dok. T. 2. 1930-1931 / Otv. redaktor B.Äbdügaliiuly. – Almaty, «Atamūra», 2021. – 1240 s.
2. Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii jertv političeskikh repressii (20-50 gody HH veka). T.5: Vynuždennye bejensy. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 5: Forced refugees]. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli: K.N. Baltabaeva, R.K. Aidarbaeva, Ş.B. Tleubaev, Q.J. Nürbai, R.E. Orazov / Pod obş. red. E.T. Qarina. - Astana, 2022. - 642 s.
3. Tragediia kazahskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T.2. 1929 - äнвар 1932 / [sost. A.S. Zulkaşeva [i dr.]. – Almaty: Raritet, 2018. - 744 s.
4. Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927– 1939. Dokumenty i materialy [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927– 1939. Documents and materials]. V 5 t. T.3. Kones 1930-1933 / pod red. V. Danilova, R. Manning, L. Violy. – M.: «Rossiiskaia političeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. – 1008 s.
5. Golod v SSSR. 1929-1934. V 3 t. T. 1. 1929-iiul 1932. V 2 kn. Kn. 1 / Otv. sost. V. V. Kondraşin. — M.: MFD, 2011. — 656 s.
6. Qūdaibergenova A.İ. jāne t.b. HH ğasyrdyñ 30-jj. basyndağy jappai aşarşylyq kezegindegi Ortalyq Aziia respublikalary men Reseidegi qazaq bosqyndary: Üjymdyq monografiia.– Almaty: «Madiiar» JK, 2022. – 259 b.
7. Aubakirova J.S., Alekseenko A.N. Demografiialyq tarih konteksindegi qazaqtar. Monografiia / J.S. Aubakirova, A.N. Alekseenko. – Nūr-Sūltan: «Şaiyraaq-Media» JŞS, 2020. – 400 s.
8. Nikkolo Pianşiola, Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936 (Rim, 2009 g.). – «Golod v stepi: kollektivizatsiia selskogo hozäistva i kazahskikh skotovodov, 1928-1934 gg.». Cahiers du Monde russe 45 nom. 1-2 (2004 g.). – S. 137-192.
9. İzabel Ogaion, Isabelle Ohayon, La sėdentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. – Stalindik KSRO-da qazaqtardy otyryqşylandyru. (Elektronnyi resurs) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Qaralğan uaqyty 23.03.2023)
10. Kindler R. Stalinskie koşevniki: vlast i golod v Kazahstane / Robert Kindler; (per. s nem. L.Ü. Pantinoi). – M.: Politīşeskaia ensiklopediia, 2017. – 382 s.
11. Kameron S. Golodnaia step: Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana / Sara Kameron; avtoriz. per. s angl. A. Tereşenko. – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. – 360 s.
12. Akimbekov S. Kazahi mejdu revolūsiei i golodom. – Almaty: TOO «İnstitut Aziatskikh issledovaniı», 2021. – 584 s.
13. Nikkolo Pianşiola, Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi ecostruzione statale in Asia centrale, 1905-1936 (Rim, 2009 g.). – «Golod v stepi: kollektivizatsiia selskogo hozäistva i kazahskikh skotovodov, 1928-1934 gg.». Cahiers du Monde russe 45 nom. 1-2 (2004 g.). – S. 156.
14. Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927– 1939. Dokumenty i materialy. – M.: «Rossiiskaia politīşeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. – S. 209.
15. Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927– 1939. Dokumenty i materialy. – M.: «Rossiiskaia politīşeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. –S. 336.
16. Tragediia kazahskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T.2. 1929 - äнвар 1932 / [sost. A.S. Zulkaşeva [i dr.]. – Almaty: Raritet, 2018. –S. 514.
17. İzabel Ogaion, Isabelle Ohayon, La sėdentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. – Stalindik KSRO-da qazaqtardy otyryqşylandyru. (Elektronnyi resurs) / <https://doi.org/10.4000/monderusse.6809> (Qaralğan uaqyty 23.03.2023)
18. Mustoiapova A. Dekolonizatsiia Kazahstana [Decolonization of Kazakhstan]. – Almaty: AmalBooks, 2022. – S. 184.
19. Şyğys Qazaqstan oblysy memlekettik arhivi (ŞQOMA) Altai bōlimşesi. 6-q. 1-t. 155-ıs. 6-10-p.
20. Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulaşivanie. 1927– 1939. Dokumenty i materialy. – M.: «Rossiiskaia politīşeskaia ensiklopediia» (ROSSPEN), 2001. – S. 141.
21. ŞQOMA. 788-q. 1-t. 35-ıs. 107-p.
22. Kindler R. Stalinskie koşevniki: vlast i golod v Kazahstane / Robert Kindler; (per. s nem. L.Ü. Pantinoi). – M.: Politīşeskaia ensiklopediia, 2017. – S. 199.
23. Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq memlekettik arhivi (QR OMA). 4-q. 2-t. 492-ıs. 54-p.
24. Musin M. Tūekte tūnşyqqandar. Saiasi quğyn-sürğin qūrbandary turaly kitap. – Öskemen, 1997. – 53-55-b.
25. Ашаршылық. Golod. 1928-1934. Dokumental'naiia hronika. Sb. Dok. T. 2. 1930-1931 / Otv. redaktor B.Äbdügaliiuly. – Almaty, «Atamūra», 2021. – 594-601-b.
26. Kindler R. Stalinskie koşevniki: vlast i golod v Kazahstane / Robert Kindler; (per. s nem. L.Ü. Pantinoi). – M.: Politīşeskaia ensiklopediia, 2017. – s. 206

27. Akimbekov S. Kazahi mejdu revolüsiei i golodom. – Almaty: TOO «Institut Aziatskih issledovanii», 2021. – С. 452.
28. ŞQOMA. 338p-q. 1-t. 188-ıs. 29-p. 75-p.
29. Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deinn). Bes tomdyq. 4-tom. – Almaty: «Atamūra», 2010. – 249-b.
30. ŞQOMA. 139p-q. 1-t. 65-ıs. 29-30-b.
31. Qazaqstan Respublikasy Prezident arhivi (QR PA). 141-q. 1-t. 5052-ıs. 10-23-b.
32. Qazaqstan Respublikasy Prezident Arhivi (QR PA). 141-q. 1-t. 4577-ıs.
33. ŞQOMA. 788-q. 1-t. 38a-ıs. 3-p.
34. ŞQOMA. 788-q. 1-t. 41-ıs. 6-p.
35. ŞQOMA. 788-q. 1-t. 41-ıs. Pp. 7, 25, 27, 32.
36. Tragediia sovetsoi derevni. Kollektivizasiia i raskulaşivanie. 1927– 1939. Dokumenty i materialy. – S. 336.
37. Şyğys Qazaqstan oblysy «Qazırgı zamanğy tarihty qūjattandyru ortalyğy (ŞQO QZTQO). 3p-q. 1-t. 209-ıs. 16-p.
38. ŞQOMA. 1p-q. 1-t. 4981-ıs. 79-80-p.

МРНТИ 03.20  
ӘӨЖ 06.35.51

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.002](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.002)

Б.Б. Токишкадыров\*<sup>1</sup>, Қ.Қ. Байсарина<sup>2</sup>, А.Н. Нұржан<sup>3</sup>

<sup>1</sup>докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [botabek87@mail.ru](mailto:botabek87@mail.ru)

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының докторы, профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Семей, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [bkksemey@mail.ru](mailto:bkksemey@mail.ru)

<sup>3</sup>магистрант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [anurzhanova99@mail.ru](mailto:anurzhanova99@mail.ru)

## МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНАН ШЫҚҚАН КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық кезінде Моңғолия жеріне кетіп, сол жерде өмір сүрген қазақтардың тарихының қалыптасуы мен дамуына үлкен қосқан көрнекті қоғам қайраткерлерінің өмірі мен олардың атқарған қызметтеріне қатысты мәліметтер жинақтау. Сонымен қатар, осы қоғам белсенділерінің бүгінгі ұрпақтың өміріне алып келген мүмкіншіліктеріне талдау жасау.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі Моңғолия қазақтарынан шыққан қоғам қайраткерлерінің тұлға болып қалыптасуы мен дамуындағы маңызды тарихи оқиғалар оның себептерінің мәнін айқындау. Бүгінгі таңда сол кезеңдегі қайраткерлердің мемлекеттік және қоғамдық қызметтерінің рөлін бағалауда өзекті. Моңғолия қазақтары жайлы жазылған негізгі тарихи деректер мен мәліметтерді, халық арасында кең танылған ауызша әдебиеттерді сараптауға назар аударамыз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі ретінде қайғылы да қасіретті жылдардың ауырлығына қарамастан білім алып, саясатқа араласып, халқына қызмет еткен тұлғалардың қызметтік кезеңдерін зерттеуді атар едік. Әсіресе өскелең ұрпақты ұлттық мәдени болмыстарын жоғалтпауға тәрбиелеудің бір құралы ретінде қайраткерлердің өмір жолын алға тартамыз. Сол кезеңдегі қоғам қайраткерлерінің қызметін келешек ұрпақтың санасына дұрыс жеткізе білу олардың бойындағы рухани құндылықтарды байыта түсетіндігі анық.

Зерттеудің нәтижесінде Моңғолия қазақтарының қалыптасу тарихында қызмет жасаған тұлғалардың игі істері зерттелді. Сонымен бірге, осы қайраткерлердің ізін жалғаушы қазіргі ұрпақтың оларды дәріптеу жұмыстарына баға берілді.

**Кілт сөздер:** қоғам қайраткерлері, тарих, көші-қон, репрессия, тарихи тұлғалар.

Токишкадыров Б.Б. \*<sup>1</sup>, Байсарина Қ.Қ.<sup>2</sup>, Нуржан А.Н.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>докторант Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Республика Казахстан  
E-mail: [botabek87@mail.ru](mailto:botabek87@mail.ru)

<sup>2</sup>доктор исторических наук, профессор Университет имени Шакарима города Семей,

Семей, Республика Казахстан

E-mail: [bkksemey@mail.ru](mailto:bkksemey@mail.ru)

<sup>3</sup> магистрант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Республика Казахстан

E-mail: [anurzhanova99@mail.ru](mailto:anurzhanova99@mail.ru)

## ВЫДАЮЩИЕСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДЕЯТЕЛИ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ В МОНГОЛИИ

### Аннотация

Цель статьи - обобщение сведений о жизни и деятельности видных общественных деятелей, внесших большой вклад в становление и развитие истории казахов, которые во время голода 20-30-х годов XX века уехали на монгольские земли и остались там жить. Наряду с этим, проанализировать возможности, которые эти общественные активисты привнесли в жизнь нынешнего поколения.

Одна из главных задач исследовательской работы состоит в том, чтобы выявить сущность причин, которые повлияли на важнейшие исторические события в становлении и развитие личностей общественных деятелей Монголии казахского происхождения. Сегодня очень актуальна роль государственных и общественных деятелей того периода. Необходимо обратить внимание на анализ основных исторических данных и сведений о казахах Монголии, заострить внимание на устной литературе, широко признанной среди населения.

Актуальность исследовательской работы заключается в изучении сложных периодов людей, несмотря на тяжелую трагическую жизнь, они получали образование, занимались политикой и служили своему народу. Жизненные пути деятелей являются примером для воспитания подрастающего поколения. Таким образом, можно сохранить и не потерять свою национальную культурную идентичность народа. Очевидно, что умение правильно донести деятельность общественных деятелей того периода до сознания будущего поколения, которое обогатит их духовные ценности.

В результате исследования были изучены добрые дела лиц, служивших в истории становления казахов Монголии. Вместе с тем, была дана оценка работам нынешнего поколения, продолжающих прославлять этих деятелей.

**Ключевые слова:** общественные деятели, история, миграция, репрессия, исторические личности.

*B.B. Tokishkadyrov\*<sup>1</sup>, K.K. Baisarina, A.N. Nurzhan*

<sup>1</sup> *doktoral student of the specialty History, Shakarim University of Semey,  
Semey, Republic of Kazakhstan*

*E-mail: botabek87@mail.ru*

<sup>2</sup> *doktor of Historical Sciences, Professor Shakarim University of Semey,  
Semey, Republic of Kazakhstan*

*E-mail: bkksemey@mail.ru*

<sup>3</sup> *master's student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan  
E-mail: anurzhanova99@mail.ru*

## OUTSTANDING PUBLIC FIGURES OF THE KAZAKH DIASPORA IN MONGOLIA

### Abstract

The purpose of the article is to summarize information about the life and activities of prominent public figures who made a great contribution to the formation and development of the history of the Kazakhs, who during the famine of the 20-30s of the XX century left for the Mongolian lands and stayed there to live. At the same time, to analyze the opportunities that these social activists have brought to the life of the current generation.

One of the main tasks of the research work is to identify the essence of the reasons that influenced the most important historical events in the formation and development of personalities of public figures of Mongolia of Kazakh origin. The role of state and public figures of that period is very relevant today. It is necessary to pay attention to the analysis of the main historical data and information about the Kazakhs of Mongolia, to focus on oral literature, widely recognized among the population.

The relevance of the research work lies in the study of difficult periods of people, despite a difficult tragic life, they received education, engaged in politics and served their people. The life paths of the figures are an example for the upbringing of the younger generation. Thus, it is possible to preserve and not lose their national cultural identity

of the people. It is obvious that the ability to correctly convey the activities of public figures of that period to the consciousness of the future generation, which will enrich their spiritual values.

As a result of the study, the good deeds of persons who served in the history of the formation of the Kazakhs of Mongolia were studied. At the same time, the works of the current generation, which continue to glorify these figures, were evaluated.

**Keywords:** public figures, history, migration, repression, historical figures.

**Кіріспе.** Дүние жүзінің бірнеше елінде өмір сүріп жатқан қазақ этносының өкілдері қазіргі таңда Моңғалия, Ресей, Өзбекстан, Түркия және тағы басқа да елдерге қоныстанып, өмір сүріп келеді. Өзіндік тарихи қалыптасу ерекшелігімен дараланатын Моңғолияда тұратын қазақтар шетелдегі қазақтардың ең ірілерінің қатарында саналатын этностың бірі. Қазақтардың бір бөлігінің Моңғолияға қоныстануы Қытайдың батыс бөлігін мекендеген қазақтардың бір бөлігі ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазіргі моңғол жеріне немесе қазақтардың өздерінің атауы бойынша Қобда бетіне қоныстануымен бастау алады. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы көп жылдар бойы атамекендегі қазақтармен қоғамдық құрылымы, саяси-экономикалық және мәдени өмірі ұқсас жүйеде өмір сүрді. Ал кеңестік дәуірде Моңғол елі де КСРО-ның құрамындағы одақтас республикалар сияқты социалистік даму жолындағы мемлекеттің бірі ретінде өмір сүріп, ондағы қандас ағайындар Қазақстанмен арадағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және оқу-ағарту саласында тығыз байланыста болды[1]. Қазақ аймағы орнағанға дейін қазақ зиялылары қалыптасуында ондағы қандастарымыздың қоғамдық, саяси және әлеуметтік-экономикалық және мәдени тұрғыда заман талабына сай әр салада жоғары білімді кадрларды дайындау қажеттілігі туындады.

Моңғол жерінде білім алуыларымен қатар, қазақ жеріне келіп, жоғары және орта арнайы оқу орындарында білім алып, атамекендегі қазақтармен қоян-қолтық араласып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпын жақсы сақтап қалды. Қазақ халқының арасындағы мәдени, рухани байланыстардың үзілмеуі, Моңғолиядағы қазақ зиялыларының қалыптасуына септігі мол болып, ықпал етті.

Моңғолиядағы қазақ аймағы орнағаннан кейін, ондағы аймақ басшылары жұмысының бір бөлігі әр түрлі қызметте: шаруашылық, мәдениет, білім беру салаларында ұлттық маман кадрлар дайындау ісімен айналысты.

**Материалдар.** Мақалада Моңғолия жеріне көшіп барған қазақтар жайлы жинақталған деректік және статистикалық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеушілердің газет-журнал беттеріндегі мақалалары да деректік базаны ұлғайтты. Моңғолияның Баян-Өлгей аймағына жасаған сапарымызда жианқталған тарихи мәліметтер мақалаға нақты ақпараттар ұсына білді.

**Әдіснама.** Мақалада тарих және гуманитарлық пәндердің әдістері кең қолданылды. Тұлғалардың есімдерін анықтауда статистикалық әдіске сүйендік. Моңғолия қазақтарынан шыққан көрнекті қоғам қайраткерлерінің ұлт тарихы үшін атқарған қызмет жолын айқындау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс іске қосылды. Зерттеу барысында соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдары, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынды. Мәселе нақты тарихи қажеттілік, тарихи тағылым, тарихи процестің объективтілігі тұрғысынан қарастырылды.

**Нәтижелер және талқылау.** Халықтың нағыз ортасынан шыққан қоғам қайраткерлерінің қалыптасуы қоғамда саяси-әлеуметтік үдерістерді жанартушы рөл атқарды. Демек, әрбір халықтың ішінен шыққан ұлт өкілдері өз кезеңіндегі тарихи оқиғаларын ой елегінен өткізіп, тарихи оқиғаларды толығымен түсініп, ата-бабаларымыз қандай қилы тағдырды басынан өткізгенін саралайтын тарихи тұлғалар бар. Бүгінде ел үшін еңбек ету, ел азаматы болу, ел, ұлт тағдыры үшін қоғам дамуының барлық кезеңдерінде көпшілікке ұйықты болу, көпке ой тастап қауымды орға жықпай шыңыраудан аман-есен алып шығу оңай шаруа емес. Бұл әр азаматтың басына түскен жүгі ауыр сын.

Тарихтың, ұлттың ұйытқысы қашанда адамдар, оның зиялы тобы. Жылдар жылжып өткен сайын ондай кейіпкерлердің өмірбаяны ескіріп, қайсы біреулері ешбір естеліксіз қалып жатады. Өткенді бүгінгі біз ұмытсақ, ертең біздің буынды келер ұрпақ ұмытады. Сөйтіп тарихтың беті күңгірт тартып, ұрпақтың ара жалғастығына сызат түседі. Міне осы жағдайды ескере отырып Моңғолиядағы қазақтардың тарихы төңірегіндегі бұл мақалаға сол тарихты жасауда белгілі рөл атқарған азаматтардың өмірбаянынан, қызметтік жолынан үзінді келтіруді жөн көрдік. Тарихи кейіпкерлердің өмірбаян тізбегіне сонау өткен ғасырларда Қобда асып жосыған бір бөлім ауылдың көшін бастаған, аймақ басқарудан министрлікке дейінгі лауазымды қызмет атқарған, мемлекеттік ұлы құрылтайдың мүшелері қатарлы Моңғолияның саяси және қоғам қайраткерлері, ғылым докторлары мен халық әртістері, мемлекеттік сыйлықтың иегерлері, ақын, күйшілері мен Моңғолия қазақ әдебиетінің белгілі өкілдері, сазгерлер одағының мүшелері тәрізді

халықтың белгілі азаматтары еніп отыр [2]. Әрине, Моңғолиядағы қазақ қауымының көрнекті өкілдері мұнымен тәмәмдалмақ емес. Аға буынның ізін басып өмірге жаңа ұрпақ келе жатыр. Олардың өмірде, тарихта өз үлесі бар, халыққа берері әлі алда. Олар туралы келешекте талай-талай шежіре жазылар.

Моңғолиядағы қазақтың зиялы өкілінің бірі - Дәлелхан Сүкірбайұлы қазақтың белгілі саяси, қоғам қайраткері. 1904 жылы Баян-Өлгий аймағы Цэнгэл сұмынының елді мекенінде Сүкірбай тәйжінің отбасында өмірге келген. 1922 жылы 18 жастағы Дәлелхан ағалары Дөрбетхан, Мұхамен бірге орыстың қашқын генералы Бакичтің қолына түсіп әрез құтылған. Осы жылдардан Шеруші хошунын басқарады. 1928 жылы Уланбатырда үкіметтің V құрылтайына қатысады. Құрылтайдың шешімінен көңіліне күдік алып қайтқан Дәлелхан сол жылы Шыңжан асып кетеді. Шыңжанда қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысына қатысады. 1941 жылы Кеңес Одағына өтіп, қайтқан жолында 1943 жылы маршал Х.Чойбалсанмен жолығады. Шыңжанда Шығыс Түркістан уақытша үкіметтің төрағасы, әскери қолбасшы, Шыңжан халық батыры лауазымына ие болған қазақтың белгілі қайраткері. 1949 жылдың 27 тамызында ұшақ апатынан белгісіз жағдайда қаза болған [3].

Сүкірбайұлы Дәлелхан күллі қазақ тарихынан өз орынын алатын қоғам қайраткері, өз ұлтының жанашыры болаған тұлға болып саналады. Маңғол елінің жерінде оның өшпестей ізі бар. Шет жерде қазақ мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосқан Дәуітбай Тауданбекұлы Моңғолияның мемлекеттік алғашқы ұлы құрылтайының өкілі, Тұлбақөл шайқасы тұсында қызылдарға қол ұшын берген көзі ашық азамат, күйші-сазгер.

1873 жылы Батыс Моңғолия жерінде Уланхуста дүниеге келген. Әкесі әйгілі ақын Тауданбек. Өз бетімен маңғолша, қазақша, орысша хат таныған, елге беделді, саясатта белсенді адам болған. Шеруші хошун басшысы Сүкірбайұлы Дәлелханға хатшы бола жүріп 1924 жылы мемлекеттің алғашқы құрылтайына қатысып, қазақ атынан баяндама жасап бес дүркін жарыссөзге шыққан. Сол жылы Т.Рысқұлов-пен танысып, Моңғолия астанасын «Уланбатыр» деп атауына ой-пікірін қосып, қызу қолдаған адам.

1921 жылы К.Байкалов отряды «Саруул гун» хүрээнінде ақтардың қоршауында қалған тұста оларды құтқаруға үлесін қосқан. Керейге кең тараған «Арнау», «Жалама айдаған», «Жаяу солдат», «Ертіс толқыны», «Қайран Бежен», «Тарту» күйлерінің авторы. 1937 жылы саяси жаламен қызыл нәубеттің құрбаны болған [3].

Баян-Өлгий қазақ аймағын құруда белгілі рөл атқарған Қаби Бәжіұлы Моңғолияның саяси және қоғам қайраткері. 1900 жылы Батыс Моңғолияның мекені Дайында туылған. Моңғолиядағы Ресейдің «Шерстторг» компаниясында қызмет істеуден еңбек жолын бастаған ол орыс және маңғол тілін үйреніп, хат таниды. Шеруші хошун басшылығының орынбасары, Қобда аймақ әкімшілігі басшысының орынбасары қызметтерін атқарып жүріп 1940 жылы үкіметтің VIII съезіне өкілдікке қатысып, 1940 жылы тамыз айында Баян-Өлгий аймағының алғашқы басшысы қызметіне тағайындалды. Қазір Баян-Өлгий аймағының Өлгий қаласының орталық алаңы Қаби атымен аталады. Сонда Қабиға арналған ескерткіш орнатылған [3].

Жеңісхан Дүзелбайұлы Баян-Өлгий аймағы алғаш құрылған аса күрделі кезеңде аймақтық партия комитеті мен әкімшілігін 7 жыл басқарған, қазақ аймағының есеюіне белгілі үлес қосқан азамат. Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Уланхус елді мекенінде 1905 жылы туылған. Өз бетімен хат танып, кейін МХРП Орталық Комитетінің жанындағы сааяси жоғары оқу орнын бітірді. Еңбек жолын жұмысшыдан бастаған ол 1942-1943 жылдары аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1943-1951 жылдың аяғына дейін аймақ әкімшілігінің төрағасы, аймақтық сауда ұйымының бастығы қатарлы жауапты қызметтер атқарды.

1942 жылы Бәжіұлы Қабиды аймақ әкімшілігі төрағасы, ал Жеңісхан Дүзелбайұлын 1943 жылы партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатып, екі орынға да моңғол адамын тағайындағаны ұлт саясатындағы қателік болатын. 1943 жылдың 2 қазанында болған Хужирт босқыны да осының әсері еді. Жеңісхан бұл қателікті кезінде партия мен үкіметтің алдында ашық айтқан адам болған. 1992 жылы 87 жасында қайтыс болған [3].

Алғашқы қазақ генералдарының бірі, аты аңызға айналған әскери ұшқыш - Мукрас Зайсанов. 1916 жылы Зайсан өңірінде туылған. Тағдыр айдап 1926 жылы он жасында Моңғолияға келіп сонда біржола қалып қойған. Кеңес Одағында және Моңғолияда әскери орта мектепті, Ресейдің Тамбов қаласында әскери ұшқыштар даярлайтын училищені және жоғары курсы бітірген.

1945 жылы Жапониямен болған ұрыста көрсеткен асқан ерлігі үшін генерал-майор атағына ие болып, кейін Моңғолия әскери-әуе күштерінің бас қолбасшысы лауазымына дейін көтеріледі. 1945-1947 жылдары Гоминдан отрядымен болған ұрыста асқан ерлік көрсеткен. Ол ресми түрде батыр атағына ие болғанымен

әскери ерлігі, ұшудағы асқан шеберлігі үшін аты аңызға айналған «халық батыры». 1976 жылы қайтыс болып, Уланбатырда «Алтан Өлгийде» жерленген [3].

Зобалаң жылдар кезеңінде Қобда аймақ әкімшілігінде қызмет еткен белді қоғам қайраткерінің бірі Мұқан Жылыбайұлы. 1894 жылы Алтайдың Шыңжан өлкесінде туылған. 1911-12 жылдары Қобда бетіне қоныс аударғаннан кейін 1926-1928 жылдары Қобда аймақ әкімшілігінде қызмет жасады. 1928 жылы VI айда Моңғолияның тұрақты парламенті кіші құрылтайының басқарма мүшелігіне сайланып, Ұлт Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін 1930 жылға дейін атқарған. Кейін Ұлы халық хуралының депутаттығына сайланған. 1940 жылдан жергілікті шаруашылық ұйымдарына қызме атқарып, 1971 жылы 77 жасында қайтыс болған [3].

Мақабыл Оспанұлы - Моңғол қазақтары арасынан Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде (КУТВ) оқыған бес қазақтың бірі. 1909 жылы Шерушінің саңырау руының бии Оспан жанұясында дүниеге келген. Бала жасынан татар Ахметжардан (Үшкір молла) діни дәріс алып хат таныған. 1932 жылы КУТВ-ті бітіріп келгеннен кейін қазақ арасында алғашқы жастар ұйымын құру ісіне белсене араласады.

1938 жылы Моңғолия үлес қосушылар одағының (Cooperation) X съезіне өкіл болып қатысып, одақтың басқарма мүшесі және азық-түлік (мал-мах) бөлімі бастығы болып тағайындалады. Бір жағынан Жапония, бір жағынан неміс қысқан бұл жылдары Мақабыл Оспанұлының атқарған қызметі Моңғол елі үшін маңызды да күрделі еді. Ол жүктелген міндетті ойдағыдай орындалғаны үшін «Еңбек Қызыл ту» орденімен үш мәрте марапатталады. Моңғолия үкімет делегациясы құрамында Қазақ КСР-інің 25 жылдық мерекесіне қатысады. Мақабыл Оспанұлының отбасы Моңғолия астанасы Уланбатырға көшіп барған алғашқы қазақ отбасының бірі. Зайыбы Әйенбөпе Уланбатырдағы қолөнер артелінде мастер болып қызмет істеп, МХРП XIII съезіне делегат болып қатысты. Мақаң 1962 жылы қайтыс болады. Ұрпағы қазір Моңғолия мен Қазақстанда тұрады [3].

Моңғол жерінде жүріп ұлты үшін мектеп ашу ісіне белсене араласқан қайраткерлердің бірі - Самыхан Өкшебайұлы 1897 жылы дүниеге келген. Жасынан қазақша және моңғолша хат таниды.

1925-1926 жылдары Бөхмөрөнде орыс мамандарының қол астында жұмыс жасай жүріп орыс тіліні ұғады. Ол оқу-ағарту ісінің қайраткерлерінің бір: 1926 жылы Бұғы аралында, 1928 жылы Қызылқайында, 130 жылы Тұлбада мектеп ашу ісіне белсене араласады. 1927 жылы қазақ арасында Қызылқайында құрылған МХРП ұйымының алғашқы 66 мүшесінің бірі. 1930 жылдары Комитерн тапсырмасымен Моңғолияға келген Шәріп Өтепов, Абай Қасымовтың басшылығында халық арасында жаңа заман саясатын насихаттау, партия, жастар ұйымдарын құру жұмысының алғы шебінде жүреді.

1937 жылы Қобда аймағы (ол кезде Баян-Өлгий қазақ аймағы құрылмаған) сауда ұйымын басқарады. 1932-1936 жылдары Моңғол мемлекетінің сауда министрінің орынбасары болып қызметке көтерілген алғашқылардың бірі. Самыхан Өкшебайұлы белгілі ақын. Ол өз қабілетін шыңдай жүріп, халық оқу-ағарту, сауда саласында елеулі рөл атқарған қайраткер. Самыханның ұлы Қинаятта Баян-Өлгий аймағында көп жылдар бойы басшылық қызметте болған белгілі азаматтардың бірі [3].

Моңғолия қазағынан шыққан алғашқы министр – Тілейхан Орынұлы Моңғолия республикасына еңбегі сіңген құрылысшы, қоғам қайраткері. 1923 жылы Баян-Өлгий Улан Хуста туылған. Моңғолияның Мемлекеттік университетін және Уланбатыр мен Алматыдан партияның жоғары саяси мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1944 жылдан бастаған. 1962-1964 жылы құрылыс және құрылыс материалдары министрі, 1964-1965 жылы Орталық Партия Комитетінің бөлім меңгерушісі, 1968-1982 жылға дейін құрылыс және құрылыс материалдары министрі болған. Моңғолияның Ұлы халық хуралы депутаттығына бес рет, партияның съездеріне делегат болып үш рет сайланған. Тілейхан Орынұлы Моңғол-болгар Достық қоғамын көп жылдар бойы басқарып келді. Күрделі министрлікті басқара жүріп қазақ аймағының әр жақсы өміріне үнемі көңіл бөлетін азамат болған [3].

Ахмет Жұпбайұлы - Моңғолия қазақтары ортасынан Мәскеуде алғаш инженерлік диплом алған және министрлік дәрежесіндегі Мемлекеттік комитетінің алғашқы төрағасы болған адам. Аудармашы, белгілі баспагер. 1930 жылы Баян-Өлгийде туылған. Мәскеуде полиграфия институтын, Уланбатырда партия Орталық Комитетінің жанындағы жоғары саяси мектебін бітірген. Еңбек жолын орта мектептің оқу жетекшісі қызметінен бастаған ол кейін Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік баспа ісін басқару комитетінің төрағасы, Моңғолия мәдениет министрінің бірінші орынбасары, министрдің міндетін атқарушы қатарлы жауапты қызметті 40 жылдай атқарды. Қазір дербес зейнеткер.

Мұхтар Әуезовтің «Абай», Сәбит Мұқанотың «Ботагөз», Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романдарының моңғол тіліндегі аудармаларын өңдеп, бастырушы, Б.Базылханның «Қазақша-моңғолша сөздігінің» редакторы. Қазақстан жазушыларының біршама еңбектері моңғолшаға аударып, басылуына қамқоршы болған азамат [3].



Моңғолия қазақтарының арасынан шыққан тұңғыш ғылым докторы Мініс Әбілтайұлы Баянөлгий аймағында туған. Орта мектепті бітірген соң Ұланбатыр қаласындағы марксизм-ленинизм университетінде оқып, жоғары білім алған. Еңбек жолын Баянөлгий аймағының оқу бөлімінде нұсқаушы, аймақтық «Өркендеу» газетінің редакторы, Ұланбатыр қаласында баспа комбинатының редакторы қатарлы қызметтермен бастаған.

1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде үш жыл дәріс алып, оқуының қалған жылдарын Моңғолия мемлекеттік университетінде жалғастырып, 1958 жылы бітіреді. 1958-1962 жылдары Жоғарғы партия мектебінде ұстаз, кафедра меңгерушісі, Х.Чойбалсан атындағы Моңғолия мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметтерін атқарады.

1960 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта партия орталық комитетінің жанындағы қоғамдық ғылымдар институтында жұмыс істеп, кіші ғылыми қызметкерден директорлыққа дейін көтеріледі. 1964-1967 жылдары Москвада қоғамдық ғылым академиясында аспирантурада оқып, тарих ғылымдарының кандидаты, 1973 жылы аталмыш академияда докторлық диссертациясын қорғайды. Оның кандидаттық және докторлық диссертациясы Моңғолиядағы ауыл шаруашылығының тарихи өзгерістеріне арналған.

Мініс Әбілтайұлы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романын тәржімалап, моңғол тілінде жарыққа шығарған. Сондай-ақ «Моңғолша- қазақша сөздік» (1951), «МХР-ның Баян-Өлгий аймағындағы қазақтар тарихы» (1960), атты шығармалардың авторы. «Моңғол Халық Республикасының тарихы», «Моңғол Халық Революциялық партиясының қысқаша тарихы» атты біріккен тарихи еңбектерге автор ретінде қатысқан.

Мініс Әбілтайұлы 15 монографияның, 20-дай біріккен монография, 150-дей ғылыми мақала және көптеген баяндамалардың авторы. Оның жазған еңбектері моңғол, орыс, қазақ, поляк, чех, неміс, француз, вьетнам, лаос, парсы тілдеріне аударылған.

1991 жылы профессор атағына ие болған белгілі ғалым Мініс Әбілтайұлы 1992 жылы Қожа Ахмет Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ- түрік университетінің арнайы шақыруымен атажұртына көшіп келіп, аталмыш білім ошағының тарих кафедрасында профессорлық қызмет атқарды. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы жайлы және көрнекті қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың Моңғолиядағы қызметі, XVII-XVIII ғасырдағы қазақ пен жоңғарлар арасындағы күрделі қатынастар туралы көптеген еңбектер жазып қалдырды. 2012 жылы 85 жасынан асқан шағында өмірден озды [4].

Моңғолия қазақтарынан шыққан алғашқы геолог-ғалым, саяси, қоғам қайраткері - Тегісшіл Адрисаұлы Баян-Өлгийдің Ақсу сұмыны елді мекенінде 1928 жылы туылған. 1962 жылы МХРП Орталық Комитетінің жоғары саяси курсы, 1963 жылы Мәскеудің геология барлау институтын бітірген. 1971 жылы геология-минерология ғылымының кандидаты дәрежесін қорғады.

Еңбек жолын МХРП Орталық Комитетінде лекторлықтан бастаған ол кейін Увс аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы, Геология және Тау-кен министрінің орынбасары, аталмыш министрліктің жанындағы геологиялық зерттеу басқармасының бастығы және орынбасары қатарлы жауапты қызмет атқарады. Ғылыми салада Моңғолия жер қойнауына алтын сақтаған мекендерін анықтауда елеулі үлес қосты. Ер көңілді қарапайым қазақ азаматы ретінде халыққа танылған адам. 1988 жылы қайтыс болды [3].

Бәзілхан Бұқатұлы 1932 жылы Моңғолияның Баянөлгий аймағында дүнеге келген. 1960 жылы ел мемлекеттік университетінің моңғол тілі бөлімшесін тәмамдаған соң, Моңғолия Ғылым академиясында 36 жыл бойы түркі, моңғол, тұңғыс-манжу, жапон, корей тілдерін салыстырып зерттеді.

Бәзілхан Алтайстикада теориялық және методологиялық жаңа қадам жасады. Соның нәтижесінде ол дүниежүзілік әйгілі алтайстердің қатарын көтерілген. Моңғолиядағы қазақтардың ортасынан шыққан көрнекті ғалым Бәзекең қазақ, моңғол тіл маманы және осы тілдердің салыстырмалы зерттеуінің негізін салушы. Филология ғылымдарының докторы, профессоры, халықаралық Моңғолтану одағының мүшесі Моңғол Республикасы ҒА-ның бірінші дәрежелі сыйлығының иегері.

Бәзілхан Бұқатұлы – Алтайстика тұрғысынан қазақтану мен түркологияға және моңғолтануға байланысты алпыстан астам мақала мен жиырмаға жуық оқулықтардың, монографиялық еңбектердің, академиялық сөздіктердің авторы. Осы орайдағы оның ең негізгі еңбектері: «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» (1996), «Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің сөз құрылымы» (1984), «Қазақша-моңғолша сөздік» (1977), «Моңғолша-қазақша сөздік» (1984), «Моңғолия-дағы қазақтардың тілі» (1991) атты монографиялық сөздіктер, Моңғолиядағы қазақ мектептерінің 5-6 сыныптарына арналған «Моңғол тілі» (1963, 1968, 1979, 1985, 1989) атты оқулықтар және «Қазіргі моңғол тілі синтаксисі» (1988), «Қазіргі моңғол тілі» (1994 – академиялық грамматикасы) атты оқулықтар. Сондай-ақ ол жүз мың сөзді қамтыған « Моңғол тілдерінің үлкен түсіндірме сөздігі» авторларының бірі.

Бәзілхан Бұқатұлы Моңғолиядағы қазақтардың тіліне, ауыз әдебиетіне, әдет-ғұрыпына қатысты көптеген деректер жинады. Моңғол академиясының бұл жағынан зерттеу жүргізетін қазақ бөлімшесін Баян-Өлгий аймағында ашу туралы мәселені тұңғыш рет көтерді. Бұл идеясы 1988 жылы толық шешілді. Б. Бұқатұлы 1994 жылы атамекеніне көшіп келгені де елден ерек болды. «Боинг» ұшағына киіз үйін тиіп, Ұланбатыр қаласынан Алматыға келіп түскен қазақтан шыққан ұла жанды азаматы [5].

Моңғолияның Батыры атағына ие болған жалғыз қазақ - Ікей Мәзімұлы. Баян-Өлгий аймағының Дэлун өлкесінде 1912 жылы туылған. Өз бетімен хат таныған ол 1929 жылы Қобда аймағында мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға түседі. 1931 жылы Ұланбатырда Д.Сухэбатор атындағы әскери училищеді оқып, 1934 жылы лейтенант эрежесінде оқуын тәмамдайды. Бірер жыл астанада әскери қызметте болады.

1939 жылы Моңғолияның шығысында Жапониядан қауіп төнеді. Моңғолия халық армиясы қайта жасақталып, Кеңес Одағының Қарулы Күштерімен бірлесіп Жапониядан төнген қауіпке қарсы тұрды. Осындай қиын кезеңдерде лейтенант Ікей Мәзімұлы Моңғолияның 15-атты әскер полкінің 4 бөлімшесін басқарып 1939 шілде айының басындағы алғашқы шайқаста ерекше көзге түсті. Шілденің 20-24 күндері болған шайқаста шабуылдың алдыңғы шебінде жүріп, аңдаусызда қарсы жағының теңдесі жоқ қарулы күшінің қоршауында қалып, ерлікпен қаза тапты. 1979 жылы Халхин-Гол жеңісінің 40 жылдық мерейтойына орай Халхин-Голда ерлікпен қаза тапқан Ікей Мәзімұлына «Моңғолияның Батыры» атағы берілді. Батырдың туған жері Дэлунде ескерткіші тұрғызылды [3].

Ікей Мәзімұлының шайқастардағы ерлігімен танымал болған қазақ Моңғолия елінде «Зуха Сайд» (министр Зұқа) деген атпен кеңінен мәлім. Мұның мәнісі – оның көшпенді қазақтың киіз үйінде дүниеге келіп, әлемдік деңгейдегі құрылыс өнерінің қыр-сырын жете меңгеруімен Моңғолияның Құрылыс және құрылыс министрлігінің жоғарғы лауазымды басшылығына дейін көтерілген, Моңғолияның құрылыс саласын көтерген белгілі маман болып табылады.

Зұқа Жапарұлы 1939 жылы Баянөлгий аймағында қарапайым қазақтың отбасында туған. Осында қазақша орта білім алған соң Моңғолияның Мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы үздік бітіреді.

Жас маман алғашқы қадамда-ақ жоғары жауапкершілікті қызметтерге араласып, 1963-76 жылдар аралығында социалистік бауырлас елдердің ЭӨКС-тің құрылыс саласындағы комиссиясының Моңғолиядағы өкілеттілігінің жетекшілік қызметін атқарып тұрды. Сол тұста ЭӨКС-тің 12 ел тіліндегі терминологиялық түсіндірме сөздігінің моңғол редакциясын басқарған еді. 1972-жылдан Моңғолияның құрылыс министрінің орынбасары қызметін атқарып, 1976 жылы Моңғол мемлекеті Министрлер Кабинетінің Құрылыс, архитектура комитетінің бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

Зұқа Жапарұлы тек басшылық лауазымдарды ғана атқарумен қатар, сол кездегі Кеңестер Одағынан дайындалып келетін құрылыс жобаларын жергілікті ерекшеліктерге сай өзгертуге тәуекел еткен «жүрек жұтқан маман» еді. Өз ісінің ақиқаттығын дәлелдеу үшін ол кезінде жоғары ғылыми дәрежедегі 14 түрлі өнертапқыштық жасап, аса құнды ақша 10 миллиондай төгрөг (моңғол теңгесі) үнемдеген.

Зұқа Жапарұлы өз халқы үшін адал қызмет жасайтын патриот қана емес, аса ұлтжанды азамат екендігін өз туған аймағының қазақтарын құрылыс өнері саласына ерекше баулығанымен де дәлелдеді. Баян-Өлгий аймағының қазақ жұмысшыларынан ұйымдастырылған көшпелі құрылыс трестері елдің көптеген өлкелерінде қазақ оюлы ондаған мәдениет сарайлары мен көп қабатты тұрғын үйлерді салды.

Тарихи Отанына алғаш жол бастаған қандасымыз 1991 жылы, наурыз айының 22-сі күні ол Моңғолия қазағының ең алғашқы көшін бастап атамекеннің Сарыөзек өлкесіне келіп жеткен еді. Жоғарғы лауазымын, 30 жылғы еңбегінің жемісін тәрк етіп, «Қазағым үшін» деп тәуекел етіп келу – тек биік адамгершіліктің иесіне ғана тән [6].

Моңғол еліне еңбек сіңірген мұғалім - Ақтышхан Үркінұлы еді. 1920 жылы Улан Хус елді мекенінде туылған. Өз бетімен хат танып, кейін мұғалімдер даярлайтын курсты мұғалімдер училищесін бітірген. Өзінің 40 жылдан астам саналы өмірін ұстаздық етуге арнаған, одан еш жалықпаған жан. Ақтышхан Үркінұлының білім беру жүйесіндегі әдістемелері Республика көлемінде үлгіге айналды. Ол бастауыш мектептерге арналған бірнеше оқулықтардың авторы. Моңғолиядағы қазақ зиялыларының бірнеше буын ұрпағы сол кісіден тәлім алды, бүгінде олар Ақаңды «ұстазым» деп мақтанышпен атайды. Ақаң мұғалім осынау елеулі еңбегі үшін 1966 жылы «Моңғолияға еңбек сіңірген мұғалім» атағымен марапатталды [3]. Ақаң өмірден өтті, бірақ ол кісінің шәкірттері ұстаздық ісін жалғап келеді.

Моңғолия еліне танымал жазушы-журналист Мағауия Сұлтанияұлы 1921 жылы Баянөлгий аймағының Бұлғын сұмында туған. Орта мектептен кейін 1964 жылы Журналистік жоғары оқу орнын бітірген. Моңғолиядағы қазақтың қазіргі заман әдебиеті мен кәсіби журналистиканың негізін қалаушы аз

зиялылардың бірі. Сонымен бірге Моңғолияның көне әдеби мұралары мен қазіргі заман ақын-жазушыларының туындыларын қазақ тіліне тұңғыш тәржімалаушы.

Ол Қазақстан жазушыларының да бірнеше шығармаларын моңғол тілінде сөйлетті. Мысалы белгілі ақын Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасының аудармасы. Ол Моңғолиядағы қазақ басылымы «Жаңа өмір» газетінің 1954-1983 жыл арасындағы бас редакторы болып қызмет істеді. Мағауия Сұлтанияұлының әдебиеттегі тырнақ алды туындысы 1972 жылы Өлгий қаласында «Ешкімге айтпа» деген атпен шықты. Ол «Отан ұлдары» (1974), «Өмір өрнегі» (1975), «Мамық» (1978), «Менің ұстаздарым», «Мамық» повестері моңғол тілінде жарық көрді.

Мағауия Сұлтанияұлы моңғол ұлтының мақтанышы, әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алатын «Моңғолдың құпия шежіресін» түпнұсқадан қазақшаға тәржімалағаны үшін Жазушылар одағының сыйлығын алды. Мақаң бұрынырақ осы елдің «Бұйымын батыр», «Шыңғыстың қос тұлпары» атты эпостарымен қатар, әйгілі «Гэсер», «Жаңғар» дастандарын қазақ тілінде сөйлетіп отыр. Моңғолияның әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін жоғары бағалаған моңғол үкіметі Мағауия Сұлтанияұлына 1996 жылы «Моңғолдың көркемөнеріне еңбегі сіңген қайраткер» атағын берген [7].

«Моңғолия қазақтарының тарихы мәселелері» тақырыбында Қазақстан Ғылым академиясының тарих-этнология институтында тарих ғылымының докторы дәресін қорғаған. Ислам Қабышұлы Моңғолия қазақтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін зерттеп, тарих ғылымына елеулі үлес қосқан тарихшы-ғалым. Тарих ғылымының докторы, жазушы, аудармашы, журналист. Баян-Өлгий аймағы Хужирет елді мекенінде 1939 жылы туылған. 1967 жылы Моңғолия Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Көп жылдар бойы журналистика саласында еңбек етті. Ол өзінің «Керейлер керуені» (1978), «Моңғолия қазақтарының тарихы» (1980) атты тарихи шешіре шолуы және «Ұрпағың үзілмесін» романы арқылы оқушы қауымға көптен таныс. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін, Лияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романын мұңғылшаға аударды. Баян-Өлгий аймағында Моңғолия Ғылым академиясының қазақтану орталығын құрушылардың бірі [3].

Ол «Парасат» (бұрынғы «Мәдениет және Тұрмыс») журналында 19 жыл қызмет етіп еңбек демалысына шықты. Ғұмырында ұлтжанды мінезінен тайған емес. Кейінгі ұрпаққа тіл үйретуде ұлттық әдет-ғұрып, салт-санасы жөнінде этнографиялық зерттеулермен шұғылданып, «Қырандар» (1983), «Саят» (1983), «Мал ауруларының қазақша атаулары» (1986) деген кітаптар шығарды [8]. Шет жерде жүріп қазақтың салт-дәстүрін дәріптеп, рухани мәдениеттің дамуына өз үлесін қосқан журналист маман болды.

Моңғолиядағы қазақтардың арасынан Кеңес Одағында Шығыс халықтарының коммунистік университетін (КУТВ) бітірген екі қазақтың бірі - Шолтай Советұлы (бірі – Нәжікешұлы Оразбай). Моңғолияға еңбек сіңірген мұғалім атағын алған алғашқы қазақ, революциялық қозғалыстың арадагері.

Баян-Өлгий Улан Хус өлкесінде 1911 жылы туылған. 1930-1932 жылдары Мәскеуде жоғарыда аталған университеттің екі жылдық курсы бітіргеннен кейін 30 жылдан аса өмірін оқу, ағарту ісіне сарп етті. Қазақ аймағында жаңа заман тұрғысындағы мектеп жүйесінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Баян-Өлгий аймағынан шыққан бүгінгі қазақ зиялыларының ішінде Шолтай мұғалімнен дәріс алмаған кемде-кем. Ол осы еңбектері үшін 1960 жылы «Моңғолияға еңбек сіңірген» мұғалім атағына ие болды. Мемлекеттік дәрежедегі дербес зейнеткер Ш. Советұлы 1974 жылы қайтыс болады [3].

Моңғолияның Геология және Тау-Кен министрі болған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мәулет Утханұлы 1937 жылы Баян-Өлгий Тұлба сұмыны елді мекенінде туылған.

1964 жылы Ленинградтың Тау-Кен институтын бітірген. Еңбек жолын жұмысшыдан бастаған ол 1978 жылы Мәскеудегі «СЭВ» атқару орталығында тұрақты өкіл, 1980-1988 жылдары Моңғолияның Геология және Тау-кен министрі, 1988-1990 жылдары табиғи ортаны қорғау министрі қызметін атқарды. Техника ғылымының кандидаты. Мемлекеттік Ұлы хурал депутаттығын үш дүркін сайланды. 1971 жылы «Налайхан» көмір қазғанында жаңа технология жүйесін енгізген елеулі еңбегі үшін Моңғолияның мемлекет сыйлығының лауреаты атағын марапатталды. Моңғол үкіметінің аппаратында референт қызметін де атқарды [3].

Хайрулла Жәлеулының медицина саласындағы жетістіктері Моңғол халқы үшін әрқашан жоғары бағаланады. Белгілі нейрохирург, Моңғолияның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, медицинаға еңбек сіңірген қайраткер. Баян-Өлгий аймағы Бұлғын сұмыны елді мекенінде 1930 жылы туылған. 1956 жылы Моңғолия Мемлекеттік университетінің медицина факультетін бітірген. 1957 жылдан Уланбатырдағы мемлекеттік III, II емдеу орындарында хирургия мамандығы бойынша қызмет атқарумен қатар медицина институтын хирургиядан дәріс берді, доцент. Моңғолияда бетке ұстайтын білікті, қолы шипалы дәрігер-хирургтің бірі болды, талай жанды ажал аузынан алып қалды.

Осынау елеулі еңбектері үшін 1993 жылы Моңғолияның Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Хайрулла Жәлеулы сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Медицинамен қатар, қаламгерлік жолды да ұстаған азамат Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын моңғол тіліне аударушылардың бірі [3].

Медицина саласындағы білгір дәрігер, адам жанының арашасы болған Уатқан Жарқынбайұлы 1931 жылы Моңғолияның Баянөлгий аймағында дүниеге келген. 1955 жылы Моңғолия мемлекеттік университетінің медицина факультетін тәмамдаған соң, Увс, Хэнтий, Баян-Өлгий аймақтарының, денсаулық сақтау басқармаларында бас дәрігер, қызметін атқарып, 36 жыл еңбек етті.

Моңғол өкіметі абыройлы еңбегін жоғары бағалап, оны мемлекеттік «Алтын жұлдыз» орденімен екі мәрте, Моңғол Халық революциясының 40, 50, 60 жылдық мерекелік медальдарымен, «Денсаулық сақтау жүйесінің үздік қызметкері» белгісімен марапаттады. Моңғол Халық Революциялық партиясының XIV ұлы құрылтайына, Моңғол Қызыл одағының II, III ұлы құрылтайларына делегат болды.

Уатқан Жарқынбайұлы – Моңғолия қазақтарының арасынан шыққан алғашқы оташы. 1955 жылы шалғайдағы бауырларымыздың соқыр ішек, ішектің түйілуі, жырық сияқты түрлі ауруларды операциялық жолдармен жазу арқылы халқымыздың мақтанышына бөленген. Ол медицина тақырыбында «Өзінді өзін сақтай біл», «Адам және табиғат», «Ауыл – үй гигиенасы» атты кітаптар жазды.

Моңғолия қазақтарының тұңғыш дәрігерлерінің бірі – Уатқан Жарұынбайұлының өмір жолы ақын Ж. Иқранбектің «Арбасу», драматург-жазушы М. Құрманханның, «Алғашқы қадам» әңгімесінде ақын Б.Имашханның «Дәрігер туралы» поэмасында айшықты суреттелген. 1991 жылы атамекеніне біржола көшіп келген У.Жарұынбайұлы тарихи отанына оралды [9].

Жамлиха Шалұлы – шетелде туып-өскен қазақ қаламгері. Оның өмірі өз ұлтының қадір-қасиетін ерекше қастелеген үлкен үлгі-өнегеден түзілгендей. Ол небәрі үшінші сыныпты қазақ тілінде бітіріп, басқандай барлық оқу орындарын моңғол тілінде тәмамдаған. Қаршадайынан қазақ ортасынан жырақта өмір сүріп, 1992 жылы атажұрты-Қазақстанға оралған екен. Моңғолия орталық Жастар одағына жауапты қызметкер, Моңғолия жасөспірімдеріне арналған «Залгамжаагч» («Мұрагер») әдеби-көркем журналының жауапты хатшысы, Моңғолия Жазушылар одағында Моңғолия қазақ әдебиетін және жас жазушылар ісін басқарған кеңесші, басқарма мүшесі, Алматыдағы «Моңғолия үкіметі ақпарат газетінің» меншікті тілшісі болып көп жылдар қызмет атқарған.

Жамлиха Шалұлы – екі елдің тілі мен әдебиетін тел емген қазақ диаспорасының дарынды өкілінің бірі. Оның «Қара шаңырақ» романы «Шілденің аптап күні», «Күн серігі», «Тау өзенінің тасқыны», «Махаббат хикаялары» сияқты прозалық кітаптары, «Алтай тынысы», «Тау нұры», «Сарқырамаға күн салқындайды» сияқты поэзия жинақтары жарық көрген. Ол Моңғол тілінде де жазатын жазушы: сондықтан да, оның Моңғолия әдебиетінен де алатын сөз орны бар. Ол 30 жыл бойы қазақтың небір дарынды-ларының шығармаларын моңғол тілінде нақышын келтіре сөйлеткен қаламгер. Атап айтқанда, ол Абай, Жамбылдың өлеңдерін, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романын, «Қазақстан ақын-жазушыларының біріккен антологиясы», «Қазақстан балалар жазушыларының әңгімелер жинағы», Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырзалиевтің өлең, поэмалар жинағын тәржімелегені ерекше орын алады. Моңғолия қазақтары да, талантқа кенде емес. Ж.Шалұлының солардың 20-дай жинағын моңғол тіліне тәржімалағанының өзі бір төбе. Моңғолия қазақ әдебиетінің өсу жолында оның қажымай-талмай сіңірген еңбегі айрықша бағаланады.

Жамлиха Шалұлы көштің алғашқы легімен атажұртқа оралып, егемен елдің келешегін насихаттауға сүбелі үлес қосқаны баршамызға мәлім [10].

Серікбай Жуанғанұлы - Моңғолия қазақтарынан шыққан алғашқы Еңбек Ері атағына ие болған қазақ азаматы. 1906 жылы Тұлба сұмыны елді мекенінде дүниеге келген. Моңғолиядағы колхоздастыру қозғалысының алғашқы қайраткерлерінің бірі. 1961 жылдан өз жүрек қалауымен шопан болып, еңбекте озық үлгі көрсеткен. Ол тек мал шаруашылығымен айналысумен қатар, қоғам қайраткері ретінде елге танымал. Ұлы халық хуралының депутаттығына екі мәрте сайланған және Ұлы хурал төрағасының орынбасары болған. Моңғолияның мемлекет және партия қайраткері әрі көсемі Юмжагий Цеденбалмен етене дос болған азамат. 1965 жылы Моңғол елінің Еңбек Ері атағына ие болған.

Шет елдерде жүріп ерен еңбектерімен елге танылған Моңғолиядағы қазақтар: М.Ахан, А.Зәйгін, Н.Зәлел, А.Орнықбай, Х.Солтан, С.Шоя, Р.Шәкей, Ч.Чанкей, Ш.Ұлболған, Н.Сарбас, Х.Сембай, А.Омарбек, Р.Шаймардан, А.Байсолтан Еңбек Ері атағына ие болып, азғантай қазақтың абырой-даңқын арттырды. Моңғолия елінің экономикалық және мәдени дамуына үлес қосқан қазақ ұлтының өкілдерінің еңбек үрдісін бүгінгі ұрпақтары жалғастырып келеді [3].

Халық ауызында «Шүйкі Шәжиннің Шайзадасы» аталып, аты аңызға айналған Шайзада елге еңбек сіңірген заңгер, революциялық қозғалыстың ардагері 1914 жылы Дэлун елді мекенінде туылған. Өмір

жолын ұстаздық етуден бастайды. 1944 жылы өмірінің соңғы жылдарына дейін аймақтық құқық қорғау органдарында түрлі қызметтер атқарды. Бұлай аймақтық заң, әділет орындарын жолға қою үшін жанталаспен өткен жылдар еді. Шәкең осы жылдары көптеген қазақ жастарын заңгерлікке тәрбиеледі. Үкімет оның еңбегін жоғары бағалап, 1971 жылы «Елге еңбек сіңірген заңгер» атағын берді. Ол адал заңгер ретінде халықтың есінде қалды [3].

Моңғолияның Баян-Өлгий аумағының Өлгий қаласына жасаған сапарымызда қандастарымыздың ұлттық дәстүрді ұлағаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырғанына куә болдық. Халық ата кәсіпті ұмыт қалдырмаған. Мекен етіп отырған халық мал шаруашылығы, егіншілік, киіз үй мәдениеті, қолөнершілік, зергерлік тағысын тағы қаз қалпында атадан балаға мұра етіп қалдыруда. Бір байқағанымыз қазақтың әр үйінде домбырасы мен сыбызғысы ілулі тұр. Бұл аймақтағы музыка өнерінің жақсы сақталғанын көрсетеді. Ән-күй өнерінде өзіндік жол қалыптастырған қазақ азаматының бірі – Байысхан Рәшілұлы. Күйші, 1904 жылы Баян-Өлгий аймағы, Бұлғын сұмының Үш кезең деген жерінде дүниеге келген.

«Бейбіт өмір», «Шаттық жыры», «Домбыра жыры», «Бұлбұл» қатарлы 20-дан астам күйлерін шебер орындайтын күйші болған. 1958 жылы «Баян-Өлгийдің саңлақ күйшісі» атанған. Өкінішке орай саңлақ күйшінің ғұмыры 1967 жылы өмірден өтті [3].

Алтай, Қобдаға аты мәлім сыбызғышы Құмақай Шамғынұлы 1904 жылы Баян-Өлгийдің Дәлүн өлкесінде туылған. Үш атадан бері сыбызғышы. Алтайда Батыр Оспанның алдында сыбызғышы Құрышпен бәсекеге түсіп жеңіп, алған қасқыр ішігін Оспанның өз иығына жауыпты. Осы сайысқа Қобда күйшілері Байысхан мен Өскерхан да қатысқан. Атақты «Аяулы ана», «Кең жайлау» күйінің авторы. Халықтың 100-ден аса күйлерін сыбызғыда ойнаған. 1954 жылы қайтыс болды [3].

Құмақайдың шәкірті Сауыржанұлы Төтай, Құмақайдың өз ұлы Қ.Кәлек те Моңғолиядағы қазақ арасынан шыққан белгілі сыбызғышы, мәдениет саласында қажырлы еңбек жасады. Қабыкей Ақмерұлы - Моңғолияның еңбек сіңірген әртісі, Баян-Өлгий музыка мәдениетінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі сазгер, күйші-домбырашы. Баян-Өлгий аймағы Бұлғын сұмыны елді мекенінде 1927 жылы туылған. Алматыда әйгілі дирижер Шамгон Кажығалиев, күйші Өзидолда Есқалиев, сазгер Нұрғиса Тілендиев, Х.Тастанов тәрізді шеберлерден дәріс алған. Баян-Өлгий қазақ театрының алғашқы әртістерінің бірі, театрдың ұлт аспаптар ансамблінің негізін қалаушы, алғашқы дирижері. Бірнеше музыкалық поэма туындылары мен күйлердің авторы.

Қабыкей Ақмерұлының «Аққу көлі», «Сөңкіл көл», «Сары ала қаз», «Асау күрті», «Құлжа кер», «Толқынды сұмды айырық» күйлері көпке мәлім, тыңдаушының көңіліне жақын. Қабыкей халық ән-күйлерінің қамқоршысы. Ол 1976 жылы «Халық күйлері» (120 күй), 1981 жылы «Қазақтың 300 әні» жинағын шығарды. 1983 жылы Баян-Өлгийде жарық көрген «Моңғолия қазақтарының халық әндері» атты жинақтың бір авторы [3].

Жоғарыда аталып өткен Моңғолия қазақтарынан шыққан белгілі қоғам қайраткерлері қоғам өміріне белсене араласуымен қатар, қазақтың ұлттық мәдениетін дамытуға үлес қосқан тұлғалар болып саналады.

**Қорытынды.** Тарихи Отанынан шалғайда өмір сүргенімен қазақы мәдениетті, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірген олардың төл мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған тұстарын толықтыруға, жандандыруға қазақтан шыққан көрнекті тұлғалар өзіндік үлестерін қосуда. Әрбір халықтың дүниежүзілік кеңістікте өмір сүру салтындағы өзгешеліктер жалпы дүниежүзілік тарихтың даму үрдісін, ішкі тұтастығын, жалпы жүйесін бұзбайды. Сондықтан жалпы шетелдердегі қазақ диаспорасының құндылықтық әлемі мәселесінің қазіргі таңдағы ең зәруліктегі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық қырлары бар.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікті алған жылдардан бастап шет жердегі қазақтар тарихи Отанына орала бастады. Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Қандастарын Отанына оралту жағынан Қазақстан – Орталық Азияда да, Түркі мемлекеттері арасында да көшбасшы мемлекет. Бірақ алты-жеті миллион қазақтың әлі де шетелдерде жүргенін ескерсек, еліміздің көші-қон саясатының маңыздылығы мен көтерер жүгінің әлі де ауыр екені белгілі. Біз Отанға оралған қазақтар үшін қаншалықты қуансақ, арғы бетте қалған қандастарымыздың ертеңгі тағдыры үшін алаңдаймыз.

Тарихи Отанына Ұлы көшті бастаған Моңғолия қазақтары бүгінгі күні Қазақстанның барлық өңірлерінде, облыс, аймақтарында өмір сүріп жатыр. Қазақ елінен тыс жерде өмір сүріп жатса да, Моңғолия қазақтары рухани, мәдени жағынан Қазақстанмен тығыз байланыста болды. Атап айтар болсақ, Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында оқып, білім алғандар да баршылық еді. Қазақстаннан келген

мамандар Баян – Өлгей аймағы құрылған күннен бастап оқу, білім, денсаулық және өнер саласының өркендеуіне белсене ат салысты.

Қазіргі кезеңде еліміздің тарихшылары төл тарихымыздың қыры мен сырын күрделі түрде қайта қарап, зерделеуде. Қазақтың Моңғолиядағы бір бөлімнің тегін тектеп, жоғын жоқтауға тырысқан бұл қадамымыз ата тарихымыздың бір кемтігін толтыруға жарап жатса біздің үмітіміздің ақталғаны.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қозғамбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен бүгіні: монография / Б.Г.Қозғамбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 202 б.
2. Қабышұлы И. Моңғолиядағы қазақтар / И.Қабышұлы. – Баян-Өлгий: Өлгий, 1980. – 245 б.
3. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. -Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. – 320 б.
4. Мініс Әбілтайұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №13(89). – Б. 1
5. Бәзілхан Бұқатұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №16(92). - Б. 1
6. Зұқа Жапарұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №23 (99). - Б. 1
7. Мағауия Сұлтанияұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №26 (102). - Б. 1
8. Жағда Бабалықұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №29 (105). - Б. 1
9. Уатқан Жарқынбайұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №6 (82). - Б. 1
10. Жамлиха Шалұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №8 (84). - Б. 1

*References:*

1. Kozgambaeva G.B. History of Kazakh diaspora in Mongolia: past and present: monograph / G.B. Kozgambaeva. - Almaty: Kazakh University, 2017. - 202 p.
2. Kabyshuly I. Kazakhs in Mongolia / I. Kabyshuly. - Bayan-Ulgii: Ulgii, 1980. - 245 p.
3. Kinayatuly Z. Kazakhs in Mongolia. -Almaty: Association of World Kazakhs, 2001. - 320 p.
4. Minis Abiltayuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №13(89). - P. 1
5. Bazilkhan Bukatuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №16(92). - P. 1
6. Zuka Zhaparuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №23 (99). - P. 1
7. Magauiya Sultaniyauly // Kazakh country newspaper, 1997. - №26 (102). - P. 1
8. Zhagda Babalykuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №29 (105). - P. 1
9. Uatqan Zharkynbayuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №6 (82). - P. 1
10. Zhamlikha Shaluly // Kazakh country newspaper, 1997. - №8 (84). - P. 1

<sup>1</sup>т.ғ.д., профессор, Astana IT University. Қазақстан, Астана қ.  
E-mail: nurbek.u.sh@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4230-8110>

## ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІ: ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚҚА БЕЙІМДЕЛУДІҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕСІ

*Аңдатпа*

Жаһандық экологиялық дағдарыс пен климаттың жылынуы жағдайында этноэкологиялық мұраны ғылыми тұрғыда зерделеу мейлінше өзекті болып табылады. Мәселені тарихнамалық талдау көрсетіп отырғандай, академиялық және сарапшылық қауымдастық бейімделудің ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи тәжірибесі мен табиғи ортаға қамқорлықпен қарауға негізделген халықтық білімге жете назар аудармай келеді. Соған сәйкес бұл мақалада қазақ халқының этноэкологиялық практикалары аясында далалық кеңістікке бейімделу мен оны игеру ерекшеліктері талданады.

Автордың ғылыми әдебиеттерді қорытуы мен фактологиялық материалдар негізінде қазақтардың далалық кеңістіктің табиғи-климаттық ерекшеліктері мен оған бейімделудің маңызды стратегиялары айқындалды. Сонымен бірге, бейімделу стратегияларын қалыптастыру процесінде этноэкологиялық білім мен практикалар шешуші рөл атқарғаны ашып көрсетілді.

Әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған экологиялық қауіпсіздік, климаттың өзгеруі және оның салдарына бейімделу мәселелері жағдайында Қазақстанның далалық кеңістігін игерудің оңтайлы тарихи тәжірибесі мен тиімді этноэкологиялық практикалары қазіргі адамзат қоғамы үшін қолданбалы маңызға ие болары анық.

**Кілт сөздер:** этноэкология, этноэкологиялық білім, Қазақстанның экологиялық тарихы, Қазақстанның тарихи географиясы, дала өркениеті

Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК АР15473110 «Қазақтардың этноэкологиялық дәстүрлері: Қазақстанның далалық аймақтарына бейімделудің тарихи тәжірибесі / Этноэкологические традиции казахов: исторический опыт адаптации в степных регионах Казахстана» жобасы аясында дайындалды.

*Шаяхмет Н.У. <sup>\*1</sup>*

<sup>1</sup>д.и.н., профессор, Astana IT University. Казахстан, г. Астана.  
E-mail: nurbek.u.sh@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4230-8110>

## ЭТНОЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАНИЕ КАЗАХОВ: ИСТОРИЧЕСКИЙ ОПЫТ АДАПТАЦИИ В СТЕПНЫХ РЕГИОНАХ

*Аннотация*

Научное познание этноэкологического наследия народа в условиях глобального экологического кризиса и изменения климата является весьма актуальной. Анализ историографии проблемы свидетельствует о том, что академическое и экспертное сообщества уделяет не достаточное внимание к многовековому историческому опыту адаптации и народному знанию бережного отношения к окружающей среде. В этой связи, в статье анализируются особенности адаптации и освоения степного пространства в контексте этноэкологических практик казахского народа.

Автором на основе обобщения научной литературы и фактологических материалов определены наиболее важные стратегии адаптации казахов к природно-климатическим условиям и особенностям степного пространства. Также выявлены, что в процессе выработки адаптационных стратегий ключевую роль играли этноэкологические знания и практики.

В условиях острых проблем экологической безопасности, изменения климата и адаптации к их последствиям, позитивный исторический опыт освоения степного пространства Казахстана и эффективные этноэкологические практики имеют прикладную значимость для современных обществ.

**Ключевые слова:** этноэкология, этноэкологическое знание, экологическая история Казахстана, историческая география Казахстана, степная цивилизация

*N.Shayakhmet<sup>\*1</sup>*

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, Professor, Astana IT University. Kazakhstan, Astana.  
E-mail: nurbek.u.sh@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4230-8110>

## ETHNO-ECOLOGICAL KNOWLEDGE OF THE KAZAKHS: HISTORICAL EXPERIENCE OF ADAPTATION IN THE STEPPE REGIONS

### *Abstract*

Scientific knowledge of the ethno-ecological heritage of the people in the context of the global environmental crisis and climate change is very relevant. Analysis of the historiography of the problem indicates that the academic and expert communities do not pay enough attention to the centuries-old historical experience of adaptation and folk knowledge of respect for the environment. In this regard, the article analyzes the features of adaptation and development of the steppe space in the context of the ethno-ecological practices of the Kazakh people.

The author, based on a generalization of scientific literature and factual materials, has identified the most important strategies for adapting the Kazakhs to the natural and climatic conditions and characteristics of the steppe space. It was also revealed that ethnoecological knowledge and practices played a key role in the process of developing adaptation strategies.

In the context of acute problems of environmental safety, climate change and adaptation to their consequences, the positive historical experience of developing the steppe space of Kazakhstan and effective ethno-ecological practices have practical significance for modern societies.

**Keywords:** ethnoecology, ethnoecological knowledge, environmental history of Kazakhstan, historical geography of Kazakhstan, steppe civilization

**Кіріспе.** Қазіргі адамзат қоғамының, соның ішінде Қазақ Елінің алдына экологиялық қауіпсіздік, климаттың жылынуы мен оның салдарына бейімделудің өзекті әрі күрделі мәселелері күн тәртібіне қойылып отыр.

Адамзат қоғамы табиғаттың құрамдас бөлігі ретінде жануарлар мен өсімдіктер әлемімен бірге табиғаттың мәңгілік айналмалы циклында үнемі даму үстінде болады.

Табиғат пен қоғамның өзара байланысы мәселесінде зерттеушілердің назарынан тыс қалып жүрген қыры оны этноэкологиялық мұра тұрғысынан зерделеу.

Ғасырлар бойы адамзат өзінің материалдық қажеттіліктерін өтеуге шектен тыс көңіл бөлгендіктен бүгінгі орны толмас экологиялық дағдарыстарға алып келді. Жерді «Жер-Ана» деп киелі санаған дәстүрлі дүниетанымнан, оны материалдық байлық пен пайда көзі ретінде қабылдау ұстанымы орнықты. Қазіргі экологиялық сана мен этика бұл келеңсіз құбылысты шектеуге қаншама іс шаралар кешенін жүзеге асырғанымен, оны тоқтатуға дәрменсіз болып отыр. Сондай-ақ, ғалымдар мен сарапшылар ғасырлар қойнауынан бері ұлттың жадында сақтаулы этноэкологиялық мұраның рухани-құндылықтық, моральдық-этикалық, ғылыми-танымдық әлеуетін қайта жаңғыртудың практикалық маңызына жете мән бермей келеді. Сондықтанда этноэкологиялық білімге негізделген табиғи ортаға бейімделудің тарихи тәжірибесін зерттеп-зерделеу қажеттілігі өзекті ғылыми мәселе болып есептеледі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

19-20 ғ. материалдары негізінде қазақ халқының этноэкологиялық білімі мен практикалары аясында далалық кеңістікке бейімделудің тарихи тәжірибесін талдау.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеу міндеттері келесі сұрақтар аясында қарастырылады:

Далалық кеңістіктің табиғи-климаттық жағдайы мен этноэкологиялық практикалардың өзара тәуелділігі қандай деңгейде?

Қазақстанның далалық аймақтарына бейімделу стратегияларында қазақтар қандай тәжірибелерді қолданды?

**Материалдар мен әдістемесі.** Қазақтардың далалық кеңістікке бейімделуінің тарихи тәжірибесі мен дәстүрлі этноэкологиялық білімдері туралы мәселелердің әртүрлі қырлары Ш. Уалиханов [1], Ә. Бөкейханов [2], М. Ж. Көпейұлы [3], С. Швецов [4], Т. Шонанұлы [5], Х. Арғынбаев [6], А. Хазанов [7], Н. Масанов [8], Н. Ямсков [9], А. Сейдімбек [10], С. Камерон [11], Т. Қартаева [12] сынды зерттеушілердің еңбектерінде талданды.

Аталған авторлардың еңбектерінде қазақ халқының тұрмыс тіршілігіндегі табиғи ортаның айқындаушы рөлі, көшпелі мал шаруашылығы мен оның түрлері, көлемі, бағыттары туралы, көшпелі мал шаруашылығы мен көшпелі өмір салтының өзара байланысы, жер және су ресурстарын пайдалану тәсілдері жәйлі, халықтық білімдер мен далалық кеңістікке бейімделудің стратегиялары мен тарихи тәжірибесі зерделенген.



Мақаланың алдына қойылған мақсат-міндеттерін шешу үшін мына зерттеу әдістері қолданылды: жалпы әдістерден ғылыми таным, логикалық, тарихилық, объективтілік ұстанымдары басшылыққа алынып, арнайы тарихи әдістер арқылы материалдарды талдауда және оларды ғылыми тұрғыда пайымдауда библиографиялық талдау, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік және сыни талдау әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Қазақстан аумағы географиялық және табиғи-климаттық жағынан аридті далалық белдеулерден тұратыны белгілі. Яғни, Қазақстан аумағының 75% қуаң (құрғақ) және субгумидті (жартылай қуаң) жерлер алып жатыр [13].

Бұл жағдай қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылық жүргізу тәсілдерін айқындап берді. Соған орай, қазақтардың қоршаған ортаға бейімделу стратегиялары мен өндірісті ұйымдастыру тәсілдері көшпелі/жартылай көшпелі мал шаруашылығына алғышарт болды. Бұл өз кезегінде қазақтардың мобильді қоғам талап ететін саяси-әлеуметтік және мәдени-құқықтық құндылықтардың қалыптасуына негіз жасады. Соған сәйкес, табиғи орта мен ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи дәстүрлер көшпелі/жартылай көшпелі шаруашылықтың III мыңжылдық шегінде басты өндірістік жүйе ретінде дамуына мүмкіндік берді.

Бұл турада Қазақ жері мен көшпелі өмір салтының табиғаты жайында зерттеу жұмысын жүргізген Телжан Шонанұлы: «Қазақ бұл күнге шейін ерігіп көшіп жүрген жоқ. Тұрмыс, табиғат заңдары қазақты амалсыз көшіріп келді»[5. 6] деген еді. Бұл жөнінде С. Швецовтың қазақ шаруашылығы өте қарапайым, отырықшы шаруашылықтардың мәдени деңгейі көтеріле алған жоқ деген орынсыз, дәйексіз, зиянды пікірлер мен тұжырымдарды ешбір негізге алуға болмайды, одан баяғыда арылуымыз керек еді. Қазақтардағы көшпелі мал шаруашылығы - қоршаған орта талабы, деген пікірі оны нақтылай түседі [4.102].

Қазақ халқының этноэкологиялық дәстүрлерінің мәні мен мазмұны – табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын қабылдау, оған мейлінше бейімделу және үйлесімде болу. Қазақ халқы өзін табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде көрді. Сол себепті, егер табиғатқа зияның тисе ол, ең алдымен, өзіннің тіршілігіне қиянат жасағанын деген қарапайым қағидатты берік ұстанды. Сол себепті «көкті жұлмау», «ағашты артық кеспеу», «аңды артық атпау», «балықты шектен тыс ауламау» сияқты шектеулер мен тиымдар қатаң қадағаланды.

Этноэкологиялық дәстүрлер мен құндылықтардың ауқымындағы негізгі ұғымдар бейімделу мен этноэкожүйе болып саналады. Соған сәйкес этноэкологиялық зерттеулердің басты мақсаты халықтың мекен етіп отырған ортасына бейімделу процесі мен этноэкожүйе қызметі [9].

Этноэкологиялық білім нақты этникалық топтардың қоршаған ортасына бейімделуі мен игеруі барысында қалыптасатын танымы, көзқарасы, дәстүрлері, құндылықтары. Ол ұрпақтан ұрпаққа әртүрлі механизмдер арқылы беріліп, қалыптасқан тұрақты практика негізінде өмір салтына айналады. Оған мал шаруашылығын, аңшылықты, балықшылықты және басқа да кәсіп түрлерін жүргізудің дәстүрлі тәсіл-дерін жинақтайтын білім жүйесі жатады және ол нақты бір этникалық топтың нақты бір экологиялық ортада өмір сүруіне, дамуына мүмкіндік береді.

Этноэкологиялық практика: белгілі бір этностық топтың табиғи ортамен өзара байланысының этноэкологиялық білімге негізделген іс-әрекеті мен өмір салты. Жинақталған білім жүйесі мен дәстүрлері арқылы белгілі бір халық табиғи ортасына бейімделеді, игереді, биоресурстарын пайдаланады әрі қорғайды, экожүйенің тепе теңдігін сақтайды.

Белгілі философ-ғалым Ғарифолла Есім көшпенділік феномені туралы ой толғамдарымен бөлісе отырып, көшпелі өмір салты барлық жағынан алғанда нақты прагматизмге негізделген дейді. Көшпелілер ең алдымен мейлінше шұрайлы әрі жақын орналасқан жайылымды анықтау керек, одан кейін оның барлық материалдық дүниесі өте жинақы болу керек және артық, ауыр заттардан тұрмауы керек, деп атап көрсетеді. Сонымен бірге, Ғ.Есім бір әлемді түсіну үшін оны екінші әлемге қарсы қойып, салыстыру арқылы стереотиптік таным арқылы түсіну міндетті емес. Әрбір әлем өзінің негізінде толыққанды, сондықтан көшпелілер әлемін қалалық, отырықшы әлеммен салыстырудың, оған қарама қарсы қоюдың қажеті жоқ деген тұжырым жасайды [14].

Бейімделу стратегиясы климаттық жағдайларға, табиғи ресурстарға, халықтың тығыздығы мен орналасу ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады.

Сонымен, қазақ халқы қандай табиғи орта ерекшеліктеріне бейімделуі қажет болды?

Қазақ жеріндегі ландшафтар: орманды-далалық; далалық; жартылай шөлейтті; шөлді зоналар болып жіктелуі табиғи - географиялық фактор ретінде бұл аймақтарда көшпелі өмір салтының үстемдік алуына негіз болды.

Далалық белдеуге тән климаттың құрғақтығы мен шұғыл континентальдылығы, құрғақшылықтың жиі қайталанып тұруы, жазғы уақытта күннің ыстығынан жердің үстіңгі қабатының шамадан тыс қызуы, су

ресурстарының тапшылығы мен топырақтың құнарсыздығына байланысты өсімдік түрлерінің жеткіліксіздігі, атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аздығы сияқты табиғи-климаттық құбылыстарға бейімделу қажет болды әрі оның қолайсыз жақтарын мейлінше жеңілдететін дағдыларды қалыптастыруды талап етті.

Далалық белдеу шұғыл құрлықтық климатқа тән қуаңдық белгілерімен ерекшеленеді. Мұндай құрғақ күндердің нәтижесінде өзен-көлдердің суы тартылып, кейбірінің құрғап қалуына, жер асты суларының төмендеп кетуіне, топырақ қабатының шамадан тыс құрғауына, жайылымдардағы өсімдіктердің күйіп кетуіне, орман және дала өрттеріне әкеліп соқтырады. Ал қыста түсетін қардың қалыңдығы 30-40 см және ол 4-6 айға дейін жатады. Осы далалық белдеуде қысқы айларда жылымық кезеңдер жиі қайталанып, оның соңы қатты аяздарға ұласып көктайғаққа әкеліп соқтырып отырады. Осындай табиғи жағдайларда топырақ қабатының тоңы 150-220 мм дейін жетеді. Көктайғақтар далалық зонада кейбір кезеңдерде 25 күнге дейін және одан да ұзаққа созылуы мүмкін. Бұл қазақ халқына үлкен қасірет әкелетін жұттың табиғи алғышарты еді. Мәселен, Қазақстанның далалық аймақтарында жиі қайталанып тұратын табиғи «жұттар» бұл жерді мекендейтін халықтың экожүйеге бейімделу дағдыларына елеулі ықпал етті. Себебі, табиғи «жұттардың» үш-төрт жылда бір қайталануы тұрақты жағдай болған. Ал шаруашылыққа үлкен шығын әкелетін ауыр «жұттар» 6-8 жылда немесе 10-12 жылда қайталануын табиғи заңдылық ретінде қабылдаған. Негізінен «қоян жылы» қайталанатын болғандықтан халық жадында «қоян жұты» деп аталып кеткен [15].

Далалық зонаның топырағы қаратопырақты (қарашірінді қабаты 25-60 см), қоңырақ-қызғылт (қарашірінді қабаты 15-30 см) және сортаң болып келеді.

Шөлейтті белдеуге жазы ыстық, қысы суық болып келетін өте құрғақ климат тән. Қыста түсетін қардың қалыңдығы 20-30 см аспайды және ол 2-3 ай ғана жатады. Бұл белдеудің топырағының қарашіріндісі өте аз қызғылт-сарғыш түсті әрі сортаң болып келеді. Өсімдіктерден шөлейтті жерлерге тән жусанды, эфемер өсімдіктер өседі.

Қазақ даласының шөлді белдеуі ұзақ әрі ыстық жазымен, суық қысымен, құрғақшылығымен, атмосфералық жауын-шашынның аздығымен, ауаның және топырақ қабаты температурасының жиі құбылуымен (маусымдық немесе жылдық), ағынды суларға зәрулігімен, көлемді құмды аумақтарымен сипатталады. Қыста түсетін қардың қалыңдығы 1 - 20 см аспайды және ол небәрі 1 айдан артық жатпайды, ал шөлді зонаның солтүстігі мен таулы-қыратты аумақтарында 3 айға дейін жатуы мүмкін [16].

Сонымен, жоғарыда атап көрсетілгендей, осынау табиғи-климаттық ерекшеліктерге бейімделуіндегі басты стратегия – көшпелі/жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып айқындалады.

Яғни бұл кеңістіктің географиялық ортасы далалық аймақтарды мекен еткен халықтардың көшпелі/жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізуге бейімделуіне алғышарт жасады. Қазақ шаруашылығы қоршаған ортаға бейімделгені соншалықты, ол мейлінше өнімді болды [4.101].

Қазақ халқы тіршілік жүйесіне қажетті барлық ресурстарды мал шаруашылығынан алды және оны қоршаған орта талаптарына сай тиімді пайдаланудың жолдарын қалыптастырды. Соған сәйкес олардың этноэкологиялық білімі мен практикасына да нақты табиғи орта мен климаттың талаптары іргетас болды.

Шаруашылықтың жартылай көшпелі түрі де қазақ халқының бейімделу тәжірибесінің бір қыры болатын. Кеңестік-ресейлік тарихнамада орыс шаруаларының ықпалына сәйкес егіншілікпен айналыса бастаған кейбір топтарды «жартылай көшпелілікке» немесе «жартылай отырықшылыққа» көшу процесі деген тұжырым орныққан еді.

XIX ғ. мұндай экономикалық фактор орын алғанымен, «жартылай көшпелілік» құбылысы бірінші кезекте қоршаған орта өзгерістері мен саяси-әлеуметтік процестерге бейімделудің бір түрі ретінде туындағанын атап көрсеткен жөн. Өйткені, қазақтар қоршаған орта құбылыстары мен саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты жартылай көшпелілікке немесе қажет болған жағдайда таза көшпелілікке ауысып отырған.

Сара Камеронның тұжырымы бойынша: «...Кейбір экологиялық, әлеуметтік және саяси факторлар қандайда топтардың қоныстануына әсер етсе, басқа факторлар тағы бір топтардың көшпенділікке, не «жартылай көшпенділікке», немесе отырықшы топтардың көшпенді өмір салтына ауысуына әсер етуі мүмкін еді» [11. 29-30].

Сондықтан да «жартылай көшпелілік» құбылысын тек Ресей патшалығының аграрлық отарлық саясатымен ғана байланыстыруға болмайды. Ол, ең бастысы, экожүйеге бейімделудің бір түрі болған. Ал, С.Швецовтың пікірі бойынша қазақ шаруашылығының қоршаған ортаға бейімделуі, оның экстенсивтілігі немесе интенсивтілігі даладағы халықтың тығыздығына тікелей байланысты еді. Халық саны артқан сайын шаруашылық пен оның бейімділік бағыттары өзгеріп, интенсивтілігі міндетті түрде орын алады дейді. Халық саны аз болса, қазақ шаруашылығы да экстенсивтілігін, қарапайымдылығын жоғалтпайды. Қазақ шаруашылығы табиғи ортаға неғұрлым бейімделген. Сондықтан ол өнімді шаруашылық. Табиғи орта оның

көлемін, түрлерін, бағыттарын айқындап отырады. Қазақ шаруашылығын өте қарапайым, сол себепті өзгеріп, дамымайды деп айтуға болмайды. Ол табиғи орта ықпалы мен техникалық дамуға байланысты үнемі өзгеріс үстінде болады. Бірақ бұл өзгерістер баяу жүзеге асады, дейді [4.98, 103-104].

Көшпелі мал шаруашылығының дамуы барысында табиғи ортаға бейімделу тәсілдерінің бірі – көші-қон жүйесін қалыптастыру мен оны жетілдіру дағдылары болды.

Далалық аймаққа бейімделген көші-қон стратегиясының басты мақсаттары: біріншіден, малға қолайлы жайылымдар белгілеу, екіншіден, тұщы су көздері маңына орналасу, үшіншіден, адамға қолайлы ортаға қоныстану. Бұл мақсаттар көшпелі халықтардан табиғи орта ерекшеліктерін жақсы білуді, өсімдіктердің вегетациялық кезеңдерін есепке алуды, мал түліктерінің қоректік қажеттіліктерін (әр түлік бірдей шөп түрлерін жемейтіні белгілі) ескеруді, жұтқа ұрындырмау амалдарын іздестіруді, адамдардың тұрмысқа байланысты қажеттіліктерін (ішуге жарамды су көзі, желден ық болатын орын, көлеңкелі жер т.б.) үнемі есептеп, реттеп отыруды талап етті.

Бұл әрбір халықтан табиғи орта мен жыл мезгілдері, маусымдық табиғи құбылыстар туралы терең экологиялық білімді, көші-қонды жоспарлау мен тиімді ұйымдастыру дағдыларын, ұтқырлықты, еңбек-қорлықты, сыни ойлауды, экологиялық этиканы және т.б. дағдыларды үнемі жетілдіріп отыруды және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жүйесін қалыптастыруды қажет етті. Мәселен, этноэкологиялық білім ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің бір түрі - фольклор (мифология, ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, діни наным-сенімдер, түрлі тиымдар мен ырымдар) арқылы жетті. Соған сәйкес олар экологиялық сана мен қоғамдық нормалар ретінде қалыптасып, дамып отырды. Оның барлығы табиғи игіліктерді сақтау мен үнемді әрі тиімді пайдалануға бағытталған еді.

Көші-қон жүйесінің экономикалық негізі – төрт түлік малды жылдың төрт мезгілінде де тебінде ұстау. Сол себепті қазақтардың көші-қон жүйесі табиғат мезгілдеріне сәйкес құрылды. Жайлау тиісінше су қорына бай болып келетін солтүстік аудандар мен таулы-қыратты жерлерде орналасты.

Қазақтардың көші-қоны табиғи ортасы далалық аудандар болғандықтан негізінен меридиан бойымен жүргізілген, ал таулы аудандарда көші-қон жүйесінің вертикальді түрі қалыптасқан. Бірақ су ресурстары тапшы шөлді-шөлейтті аудандарда радиальді-шеңбер бойымен көшу түрі де қалыптасты. Өйткені, бұл аудандарда су тапшы болғандықтан белгілі бір құдықтан немесе өзен-бұлақтан ұзап кетпес үшін сол су көзін айналып шеңбер радиусында көшіп жүрген. Әсіресе, қыс маусымында мал бағудың қатаң тәртібі орнаған. Сол тәртіпке сәйкес мал отының жұтандығына байланысты төрт түлік бір бірінен алшақ, дербес бағылатын болған [17]. Қыстаулар қар неғұрлым аз түсетін шөлейтті-шөлді жерлерде, яғни оңтүстік аудандарда қалыптасты.

Қазақтардың этноэкологиялық танымында табиғи ортаны құндылық ретінде қабылдап, қоршаған ортасын басқарудың оңтайлы әдістерін қалыптастырды. Далалық және шөлді-шөлейтті аумақтарды мекендеген халық үшін экожүйе қызметінің басты көрсеткіштері – жайылымдар мен су ресурстары. Мысалы, қазақ халқының «Жаман қойшы жайлауын бір күн жейді, жақсы қойшы жайлауын мың күн жейді», «Жері құтты болса, малы сүтті болады» деген мақалдарында табиғат ресурстарын пайдаланудың тиімді тәсілдеріне үлкен маңыз берілгендігін түсінуге болады. Қазақтардың мал тұқымдарын, әсіресе жылқыны асылдандыру немесе оның ұсақталып, құндылығын жоғалтпауын қадағалау халықтық білім негізінде далалық экологиялық ерекшеліктерді есепке ала отырып жүзеге асырған [16].

Көшпелі мал шаруашылығы кешенді құбылыс. Ол өзінің даму аумағындағы өсімдік әлемімен тығыз байланысты. Соған орай қазақтар далалық кеңістіктің өсімдік әлеміне бейімделуі қажет болды.

Қазақстанның далалық аумағына өсімдік әлемінің жұтандығы мен оның өнімділігінің төмендігі тән. Жалпы алғанда климаттың шұғыл құрлықтық болуы, атмосфералық жауын-шашын мен су ресурстарына зәрулігі, топырақ қабатының құнарсыздығы және тағы басқа табиғи-климаттық ерекшеліктер бұл аумақтың шөптесін өсімдіктерге жұтан әрі оның далалық, шөлді-шөлейтті аудандарда сирек өсуіне ықпал етті [18].

Қазақстанның далалық облыстарында өсетін өсімдік түрлеріне тоқталатын болсақ, далалы аймақтарда ксерофиттер (топырақ пен ауаның ұзақ уақыт қуандығына шыдамды өсімдіктер) мен мезофиттер (ылғалдылығы орташа (жеткілікті) жерлерге бейімделген өсімдіктер) басым өссе, шөлді аймақтарда су мен ылғалдың аздығына төзімді ксерофиттер, псамофиттер (құмды жерге тән өсімдіктер) және галофиттер (сортаң, тұзды жерге тән өсімдіктер) көбірек кездеседі. Бұл аумақта мезофиттер 48,9%, ксеромезофиттер (мезофиттер мен мезоксерофиттер аралығында өсетін өсімдіктер) мен мезоксерофиттер 31,3%, ксерофиттер 9,4% құрайды.

Өсімдіктердің өсіп-өнуіне маусымдық өнімділік белгілер тән. Мәселен, эфемерлер (қысқа мерзімді вегетациялық кезең тән біржылдық шөптесін өсімдіктер) мен эфемероидтерге (қысқа мерзімді вегетациялық кезең тән көпжылдық шөптесін өсімдіктер) ерте көктемдегі ылғалдылықтың күшті әсері болып, осы

кезеңде олардың өнімділігі 100% жететін болса, ал жаз айларында олардың өнімділігі 50-60% дейін төмендейді.

Мысалы, жусан түрлеріне жататын өсімдіктердің толысып, пісіп-жетілуі тек күздің ортасына қарай аяқталып, өнімділігі артады. Малдың жусан түрлеріне оттығы күзгі бозқыраулардан кейін олардың құрамындағы эфир майынан арылғаннан кейін ғана мүмкін болады. Яғни, С.Швецов атап көрсеткендей, құрғақ даланың өсімдік әлемінің өсіп өну ерекшеліктеріне бейімделе отырып, қазақтар көші-қон жүйесін реттеді. Бұл жерде басқа шаруашылықтың болуы мүмкін емес еді. Миллиондаған қазақтарды асыраушы далада малды маусымдық бағу тәртібін алып тастаса, бұл дала бос кеңістікке айналып шыға келеді, деп қоршаған ортаға бейімделудің тереңдігін сипаттаған болатын [4.103].

Өсімдік әлемінің осындай заңдылықтары мен әр түлік малдың жаратылысының ерекшеліктерін есепке ала отырып арнайы жайылымдар жүйесін айқындады. Сонымен бірге сол жайылымдарды сақтаудың, оның ресурстарын тиімді пайдаланудың тәсілдерін қалыптастырды. Ш.Уалиханов деректеріне сүйенетін болсақ, «...қазақ жылқысының сүйікті оты – бетеге мен тікенді ебелек. Ебелек сентябрь айында пісіп жетіледі де, жылқының құнарлы күздік жайылымына айналады. Жылқы күзгі екі айдың ішінде ебелекке тойынып, қатты семіреді», деген мәліметтерінен қазақтардың табиғи ортаның ерекшеліктерін рационалды пайдаланғандығын көре аламыз [1. 213]

Дәнді шөптесін өсімдіктердің көбінің өнімділігінің артуы көктем айларына сәйкес келеді. Бұл өсімдіктермен малдар көктем-жаз айларында оттығады. Ал жусанды, сортаң жерлерде өсетін өсімдіктерді, қамыс пен шиді мал күз-қыс айларында азық ететін ретке әкелген.

Қазақ даласындағы шөптің өсімі атмосфералық ылғалдың жеткіліксіздігінен қалыптасатын құрғақшылықтың салдарынан, ең алдымен, өзендердің арнасынан асып көктемдегі жайылуы мен тасуына тәуелді болды. Егер өзендердің суы кең жайылып, тасымаған жағдайда көктем мен жаздың алғашқы кезеңінде таңғы шық қалың түсіп отыруы қажет-тін. Ал таңғы шық жақсы түскен жағдайда күн бұлтты болып тұруы шарт. Егер таңғы шық қалың түскен болса, онда малдың оты да мол әрі жеткілікті болатынын жақсы білген [18]. Сонымен бірге, қалың түскен таңғы шық мал үшін судың орнын ауыстырды.

Сондықтанда шаруашылықтың қалыпты дамуы әрдайым табиғаттың қолайлы немесе қолайсыз жағдайына тікелей байланысты болды. Мысалы, 1900 жылы 14 сәуірде Торғай уезінің бастығының Торғай облыстық әскери губернаторына берген хабарламасында «Биылғы көктемде өзендердің жайылуы мүлде мардымсыз болғандығы толық анықталды. Сондықтанда алдағы жазда шөптің өсімі өте нашар болатын қаупі бар» деп атап көрсеткен. [16]

Далалық табиғи ортаға бейімделудің келесі тәсілі - жайылымдарды пайдаланудың ротациалық жүйесі. Бұл өсімдік әлемі мен мал санының тепе теңдігін сақтауға негіз болды. Бұл тәсіл арқылы жердің құнарлылығын қамтамасыз етуге, топырақ эрозиясын мейлінше азайтуға және биоэртүрлілікке зиян келтірмеуге мүмкіндік берді.

Бұл тәсіл арқылы су ресурстарын тиімді реттеу негізінде сапалы тұщы ауыз сумен қамтамасыз етуге қол жеткізді.

Егер жайылымдарды пайдалануда ротациалық жүйе сақталмай, бір жайылым шектен тыс пайдаланылған жағдайда ол қоршаған ортаға зиянын тигізеді (эрозия, сорлану, тақырға айналу т.б.). Бұл экожүйе ұсынатын қызметтерінің елеулі түрде шектелуіне әкеп соқтырады.

Мәліметтердің көрсетуіне қарағанда, сыртқы күштердің әсерінен көшпелі мал шаруашылығындағы табиғи ритмнің бұзылуы бірден экологиялық тепе теңдіктің шайқалуына себеп болды. Мысалы, XIX ғ. Қазақ даласына қоныс аударушылар санының артуы, соған сәйкес жердің тартып алынуы, қазақтардың жайылымдарды шамадан тыс пайдалануына, қыстауға арналған жайылымды жазда не күзде қолдануға мәжбүр етті. Өз кезегінде ол көші-қон жүйесінің бұзылуы мен ұзақтығын қысқартуға алып келді [19].

Қазақ жерінің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты және түрлі зоналардың тоғысында орналасқандықтан төрт түлік малды өсірудің өзіндік заңдылықтары орнықты. Далалық белдеудегі өсімдік әлемінің әр түрлілігіне сәйкес төрт түлік малға қажетті жайылым көлемі де әр түрлі қалыптасты.

Қазақтардың далалық кеңістікке бейімделуіндегі келесі маңызды стратегиясы - егіншілік. Бейімделудің осы түрі де халықтық экологиялық білімге сай қалыптасты. Соған орай, егіншілік те қазақ халқының тіршілік ету жүйесінде шешуші орын алды.

Құрғақшылығы басым аймақтарда егін егу мен оны баптаудың түрлі тәсілдерін игеру бейімделудегі басты талап еді. Бұл тәсілдер егінді қолдан суару технологиясы мен тары өсіруді басым бағыт ретінде дамытуға бағытталған болатын.

Қазақтар үшін төрт түлік малдың өнімі тұрмыс-тіршілікке қажетті сұраныстардың барлығын дерлік қанағаттандыра бермегені заңды. Сондықтанда қазақ халқы мал шаруашылығын егіншілікпен ұштастырып отырғаны да белгілі.

Қазақ даласында отырықшылық пен егіншіліктің дамуына басты кедергі топырақтың құнарсыздығы емес, ең негізгі тежегіш фактор - су ресурстарының жеткіліксіздігі еді. Мәселен, Қазақ жеріндегі су ресурстарының тек 57% ғана өзінің аумағында қалыптасады. Қалғаны басқа аумақтардан (қазіргі Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай аумағынан) бастау алады [20].

Әсіресе, қазақ даласы ағынды суларға өте зәру, сондықтанда табиғи-климаттық тұрғыда ылғалдылық пен суға тапшы аймақ ретінде ерекшеленеді. Бұл жағдай ауаның мөлшерден тыс құрғақтығына, атмосфералық ылғал мен жауын-шашынның аз түсуіне, жаздағы аптап ыстық пен құрғақшылыққа, ұзақ та аязды қыстың қалыптасуына алғышарт жасады. Жиі қайталанып тұратын құрғақшылық орасан зор аймақтарды қамтып, егін мен шөптің күйіп кетуіне әкеліп соқтырып отырды.

Осы табиғи-климаттық факторларға бейімделген қазақ егіншілігі суармалы тәсілге негізделді. Сол себепті қазақтардың егін жайлары қыстау маңындағы өзен-көлдердің және топырағы құнарлы әрі жауын - шашын жиірек түсетін тау етектерінде орналасты. Оған дәлел бола алатын археологиялық деректер де, жазба мәліметтер де жетерлік. Сонымен бірге, қазақ халқының өмірлік тәжірибеге сүйеніп айтқан: «Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын жеккен білер», «Жеріне қарай егін ек, жолына қарай жегін жек», «Алтын-күміс тас екен, арпа, бидай ас екен», «Еріншек егіншіден, елгезек масақшы озыпты» деген мақалдары егіншілік пен диканшылық дәстүріндегі бейімделу дағдыларынан мәліметтер берсе керек.

Ертедегі егіншілік ошақтарының ескерткіштері болып табылатын құрғап қалған арық іздері Сыр бойы мен Жетісуда ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның далалы аймақтарында да кездеседі. Қазақтар ерте кезден суармалы егіншілікпен Нұра, Қаракенгір, Терісаққан, Жезді өзендерінің бойында, Ұлытау мен Арғынаты тауларының етегінде айналысқаны белгілі. Мәселен, Ә.Бөкейханов өз еңбегінде Нұра мен Есіл өзендері бойында суармалы егіншілік үшін қолданған ертедегі арық іздері сайрап жатқандығын баяндайды [21]. Ал капитан П.Рычков жазбаларында Қазақ даласында ежелден егіншілік болған тұстар-дың іздері анық байқалады, тегінде, олар Қараторғай өзенінен арық-арна тартылып суарылған болса керек, деп жазған [22].

Ы.Алтынсариннің еңбегінде де көшпелі қазақтардың орыс шаруалары келгенге дейін-ақ ежелден өздерінің сұраныстарын қамтамасыз ете алатын егіншілігі болғандығын атап көрсетеді [23].

Табиғи-климаттық тұрғыда едәуір қолайлы Қазақстанның таулы аудандары да құрғақшылық пен жұтқа жиі ілігіп отырған. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігіндегі таулы аудандарда, әсіресе Жетісудың Іле алқабында қыс мезгілі қысқарақ және өте қатқыл болмағанымен, бұл аймақтарда көктем ерте шығып аптап ыстықтарға жылдам ұласып отырған. Ал бұл аптап ыстықтар топырақтың үстіңгі қабатын бірден құрғатып жібереді. Сол себепті бұл жерлерде егіншілікті суармалы әдістерді қолданбай жүргізу мүмкін емес болатын [24].

Келесі шешуші тарихи фактор – ол топырақ қабатының тыңаю процесінің ұзақтығы. Мысалы, ХІХ ғ. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатын жүзеге асыруға жауапты болған чиновниктердің айқындауы бойынша далалық аймақтарда, атап айтқанда Омбы уезі аймағы біршама қаратопырақты болса да, оның тыңаю процесі ұзаққа созылатынын, яғни 7-9 жылдан 15-20 жылға дейін созылуы мүмкін екенін атап көрсетеді [25].

Осыған орай, қоршаған орта ерекшеліктеріне бейімделуде қазақтар негізінен тары егуді ең тиімді экологиялық жол ретінде таңдаған. Тары өсіру құрғақ әрі қуаңшылық жиі қайталанатын далалық, шөлді-шөлейтті аймақтарда кең таралды. Сонымен қатар, тары өсіру, оны баптау мен жинауға үлкен ресурстар қажет болған жоқ еді.

Қазақ халқының азық-түлік рационасында тары ғасырлар бойы тұрақты қолданылды және бүгінгі күнге дейін пайдаланылып келеді, бірақ ет пен сүт өнімдерінен кейін қосымша рөл атқарды. Сонымен бірге, тары малдың жемі ретінде де қолданылды. Тары өсіру тәжірибесінің аталған аймақтарда кең таралуы бұл дақылдың құрғақшылыққа төзімділігіне байланысты айқындалды. Құрғақ және ыстық ауа райы көп жағдайда тарының өсіп жетілуін жеделдетіп отырған. Жауынды-шашынды әрі салқындау кездері керісінше тарының жетілуі тежеліп, өнімді аз берген екен [26].

Тарының жер талғамайтындығы, яғни топырақ құнарлылығы мен күрделі агротехникалық тәсілдерге тәуелсіздігі маңызды фактор болып саналады. Бұл тарының өнімділік әлеуетінің жоғары болуына алғышарт болған еді. Аталған факторлар қазақтардың тарыдан кепілді түрде өнім алуын және азық-түлік рационасында міндетті түрде орын алуын қамтамасыз етті. Бұл олардың бейімделу стратегиясында мекен

еткен кеңістіктегі агроклиматтық әлеуетін мейлінше тиімді пайдаланғанын көрсетеді. Сондай-ақ, бұл экологиялық және экономикалық мақсаттылықты айқын аңғартады.

Далалық аймақтарға бейімделу барысында қазақтар бидай, сұлы, арпа сияқты дәнді-дақылдардан тұрақты өнім ала алмайтындықтарын түсінгендіктен, негізінен тары өсіру тәсілдерін меңгерді. Дегенмен, жоғарыда аталған басқа дәнді дақылдар мүлде болмады деген пікір қалыптаспау керек. Мысалы, бидайды суармалы егіншілікпен айналысатын қауымдар кеңінен өсірді.

Тарының құрғақшылыққа бейімділігі және 45 күннің ішінде толысып, жетілуі қазақтардың маусымдық жайылымдарды пайдалану заңдылығына қатаң бағынуға мүмкіндік берді. Тарыны негізінен қыстау маңына егу тәжірибесі жиі қолданылды. Өйткені егер мол өнім алған жағдайда оны тасмалдау мен сақтау қиынға соғатын еді. Сондықтан бұл тіршілік ету дағдысындағы мейлінше бейімділік көрсеткіші болатын. Сол себепті, тары өсіру қазақ халқының экожүйеге бейімделу стратегиясындағы шешуші факторлардың бірі болды.

Дегенмен, XIX ғ. қоныс аударушылар легінің артуымен Қазақ жерінде егіншілік көлемі ұлғая бастады [27]. Қоныс аударушылар мен қазақтардың егіншілік дағдылары Еуразия кеңістігінің табиғи ортасына бейімделу емес, керісінше сырттан таңылған экологиялық мәдениет еді.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, далалық белдеудегі тағы бір экологиялық күрделі мәселе - су ресурстарының тапшылығы болатын-ды.

Көшпеліліктің генезисі мен эволюциясын зерттеген белгілі археолог-ғалым К.Акишев көшпелі мал шаруашылығы мен өмір салтына ауысудың шешуші факторларының бірі ішуге жарамды табиғи су көздерінің шектеулігі деп атап көрсеткен [28]. Мәселен, Сағыз, Ойыл, Ембі өзендері мен оның сағаларының ішуге жарамды тұщы суын екі-үш ай бойы ғана пайдалану мүмкін болған.

Бұл табиғи жағдай аталмыш кеңістікте мекендеген халықтарды үнемі су қорын іздеп, көшіп-қонып жүруге мәжбүр етті. Қазақ жерінің далалы аймақтарындағы өзендер су қорын негізінен көктемде еріген қар суынан, жер асты табиғи суларынан және жауын-шашыннан алады. Далалық аймақтардағы өзендер жаздың ортасына қарай не батпақты әрі қамысты көлшіктерге айналады немесе құмға сіңіп, кеуіп қалады. Ағынды ірі өзендерге тек Ертіс, Сырдария, Тобыл, Есіл сияқты өзендер ғана жататыны белгілі. Ал таулы аймақтардағы ірілі-ұсақты өзендер бастауын мұздақтардан алады. Оған қоса атмосфералық жауын-шашынның жиілігі бұл өзендердің біршама тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Дегенмен бұл су ресурстары осынау ұлан-ғайыр аумақта мекендейтін халық үшін жеткіліксіз екені түсінікті. Сонымен қоса далалық аймақтардағы көлдер де жергілікті халықтың суға деген сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Бұл аймақтардағы көлдер ағынды өзендер маңында және далалы-орманды белдеулерде орналасқан. Бірақ көлдердің бастауы негізінен жер асты сулары мен атмосфералық жауын-шашынан алынады. Сол себепті де көлдердің басым бөлігінің суы ащы әрі тұзды болып келеді. Суы тұщы көлдер сирек кездеседі. Көлдер солтүстіктен оңтүстікке қарай азая береді. Міне, осындай қатаң табиғи-климаттық жағдайлар егіншілікке ғана емес, көшпелі мал шаруашылығының өзіне де үлкен тежегіш фактор болған еді.

Сол себепті, далалық ортаға бейімделудің тағы бір түрі - тұщы су көздері тапшы әрі құрғақшылығы басым аймақтарда қолдан құдық қазу тәжірибесі қалыптасты.

Өзен-көлдердегі тұщы су азая бастаған уақытта, солтүстіктегі тұщы су көздері бар аймақтарға көше бастаған немесе қолдан құдық қазу тәжірибесін іске асырған.

Құрғақ далалық әрі шөлді-шөлейтті аймақтарды мекендеген қазақтар жер асты суларын зерттеу, пайдалану және одан тұщы су шығару үшін қолдан құдық қазудың гидротехникалық тәсілдерін қалыптастырды. Қолдан қазылған құдықтар (қазақтар шыңырау деп те атайды) ғасырлар бойы Ұлы Далада көші-қон бағыттары мен сауда керуен жолдарын жалғастырып жатты. Жер асты суларын зерттеуде және одан тұщы су шығаруда халықтық экологиялық білімнің рөлі ерекше болған. Тұщы су шығатын жерді таңдау табиғи ортаның ерекшелігін жақсы білу, яғни сол жердегі топырақ қабатының, өсімдік пен жануарлар әлемінің ерекшелігін жақсы білетін өмірлік тәжірибе қажет еді [12].

Қазақ халқының этноэкологиялық танымында судың орны ерекше. Яғни, халықтың күнделікті өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміне ғана емес, соның ішінде су ресурстарына деген қамқорлық ерекше көрініс тапты. Себебі далалық және шөлді-шөлейтті жерлерді мекендеген халықтар судың қадірін ерекше бағалаған болатын. Жермен бірге суды да киелі деп есептеген. «Судың да сұрауы бар» деп, ысырапшылыққа, суды ластауға жол бермеуге тәрбиелеп, тазалыққа үндеген. Оның барлығы «Су иесі - Сүлеймен» деген түсінікке байланысты оның қаһарына ұшыраудан қорыққан [12].

Адамдар, әлбетте, тіршілік көзі – ішуге жарамды тұщы суы бар жерлерге: өзен-көл, бұлақ, бастау, құдық маңына қоныстанып, орналасты. Қазақ халқы «Бұлақты жер – тұрақты жер», «Сулы жер – нулы жер» деп өзінің экологиялық танымын осы мақалдар арқылы баяндап берген. А.Бөкейханов айтқандай,

«Қарапайым шындық бойынша «Су орман сақтаушысы болса, өз кезегінде орман су сақтаушысы болып саналады» [21] деген қағиданы терең түсінген.

Мысалы, қазақ даласында орыс шаруалары мен казак әскері ормандарды пайдалануды арттырған соң әрі орман шаруашылығы XIX ғ. екінші жартысынан бастап тауарлы өндіріске кеңінен тартыла бастағаннан кейін [29] өзендердің тасуы мен одан кейін қалыптасатын шалғындар шектеулі болып қалған. Ормандар мен су ресурстарының өзара тәуелділігін көшпелі халықтар өте жақсы білген. Сондықтан орман ағаштарына ерекше қамқорлықпен қарап, артық кеспеген.

Жайлаудағы жайылымдар қазақ қоғамының құқықтық жүйесіне сәйкес қоғамдық меншікте болғанымен, әр бір рудың өзінің белгіленген дәстүрлі көші-қон жолы мен негізінен сол рудың ауылдары ғана пайдаланатын табиғи су көздері немесе құдықтары болған еді.

Судың сапасына байланысты: егер судың құрамындағы тұз мөлшері 1 литрге шаққанда 1-ден 3 граммға дейін болса, мұндай суды төрт түліктің барлығы пайдалана береді және уақытша адамдар да тұтына береді. Ал бұл көрсеткіш 5 тен 10 г дейін жететін болса, онда мұндай суды тек түйе мен қой ғана және уақытша ірі қара ішіп, жылқыға мүлде жарамсыз болады. Тиісінше адамдар да мұндай ащы суды мүлде тұтына алмайды [8. 66-67].

Қазақ шаруашылығындағы жылқының солтүстік далалық аймақтарда басым болуы және қой мен түйенің оңтүстік далалық аудандарда басым болуы осы экологиялық факторға сәйкес бейімделудің нәтижесі болатын.

Қазақ халқының қоршаған ортасына бейімделу стратегиясы кешенді сипатқа ие екенін жоғарыда келтірілген фактілер дәлел бола алады. Ол бұл халықтардың экологиялық білімінің тереңдігін көрсетсе керек.

Қазақ халқының этноэкологиялық мұрасы мен экожүйе қызметі арасындағы байланыс көпқырлы. Дегенмен ол байланыс өзі мекен еткен нақты экожүйені терең тану мен сол экожүйе ерекшеліктеріне бейімделу қабілетінен көрініс тапты. Белгілі маман С.Швецов ғылыми зерттеулері негізінде атап көрсеткендей, көшпелі өмір салтын бұзу көшпелі мал шаруашылығын жойып қана қоймайды, ол даланы адамсыз бос кеңістік етуге алып келеді деген қорытынды жасаған-ды [4.105]. Бұл ескертуді назарға алмаған кеңестік билік, Швецов болжағандай көшпелі мал шаруашылығын құрту арқылы қазақ халқын көлемді аштыққа ұшыратып, шын мәнінде, даланы бос кеңістікке айналдырудың алдына алып келгені тарихтан белгілі.

**Зерттеу нәтижелері.** Мамандардың дерегі бойынша, жаһандық экономикалық өсім табиғат үшін өте қымбатқа түсуде. Адамзат жер ресурстарын шамадан тыс пайдалана отырып, ең құнды мұра — табиғатқа өлшеусіз зиян тигізіп келеді. Жердің ресурстары шексіз емес. Оның қайта қалпына келуі өте күрделі әрі тым ұзақ процесс. Мәселен, бірнеше сантиметр топырақ қабатының түзілуі үшін мың жылға жуық уақыт қажет екен [30].

Сол себепті де қазіргі кезеңдегі экологиялық дағдарыс пен климаттың жылынуына шектен тыс әсер ететін индустриалдық-технологиялық шешімдер экологиялық «қылмыс» деп бағалануда.

Жердің топырақ қабаты экожүйенің басты негізі және адамзаттың тұрмыс-тіршілігі (ең алдымен, азық-түлік) мен экологиялық қауіпсіздігінің кепілі. Сол себепті, қазақ халқы жерді «Жер-Ана» деп қастер тұтуы этноэкологиялық санасының тереңдігінен болса керек.

Бүгінгі күні экологиялық қылмыстардың ауқымы шектеусіз кеңіп отырған кезеңде, философтар «адам табиғаттың қожасы ма, әлде табиғаттың құлы ма?» деген сауал қойылмайды дейді. Қазіргі заманда адамзатқа «бар болу не жоқ болу» қаупі төніп тұр. Ол үшін ең алдымен табиғатты құтқару керек, деген ұйғарым жасайды [31].

Табиғи ортаны тек ағартушылық, білім, жаңа технологиялар арқылы ғана шешу мүмкін емес. Бастысы, табиғатты ең жоғары құндылық ретінде түсіну, қабылдау маңызды. Сол жағдайда ғана табиғат-қа деген «утилитарлық-тұтынушылық» көзқарас «коэволюция» ұстанымына, яғни табиғат пен адам арасындағы диалогқа ауысуы мүмкін [32].

Адам мен табиғат арасындағы диалогты әр халықтың ғасырлар бойы жинаған этноэкологиялық мұрасы мен құндылықтарын кеңінен насихаттау арқылы орнату мүмкіндігін пайдалану қазіргі заманда қажетті практика. Сондықтан да, бүгінгі таңда бейімделу процестерін тиімді жүзеге асыруда жергілікті, дәстүрлі және ғылыми білім интеграциясына ерекше мән беріліп отыр [33].

Деректердің көрсетуі бойынша, қазақ халқының бейімделу стратегиясы кешенді мәнге ие және этноэкологиялық дәстүрлермен өзара тығыз байланысты. Бұл мындаған жылдар бойына далалық аридті аймақтарға бейімделу дағдыларының тәжірибесі.

Бұл тарихи тәжірибе қазақ халқының далалық табиғи ортаға бейімделу мен тіршілік ету жүйесін мейлінше оңтайландыруды қамтамасыз етуге бағытталады.

**Қорытынды.** Қазақтардың бейімделу стратегиясы ерекше құбылыс және адамның тіршілігі үшін қолайсыз әрі қатал табиғи ортаға мейлінше оңтайлы бейімделу мәдениетінің жоғарғы көрсеткіші болды. Бұл стратегиялар бейімделу бойынша маңызды білім көзі ретінде қазіргі климаттық өзгерістер жағдайында өмір сүріп отырған қоғамда экологиялық сананы тереңдету мен қоршаған орта ахуалын жақсарту бойынша іс шараларда қолдануға болады.

Қазақ халқының бейімделу стратегиялары қазіргі жаһандық тұрақты даму тұжырымдамасы үшін бірқатар құнды тәжірибелер ұсына алады. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының жайылымдарды пайдаланудың, тары өсірудің ғасырлық оңтайлы тәжірибелері агроқешендерде тұрақты әрі экологиялық таза өндіріс тәсілдерін енгізуге негіз болады.

Қазақ халқының бейімделу стратегиялары мен этноэкологиялық мұраларының қазіргі қоғам үшін құндылығы табиғи ортаны тиімді пайдалану, сақтау және қорғаудың дәстүрлі тәжірибелерімен бірге рухани-танымдық құндылықтары өмірлік мәнге ие. Бұл рухани құндылықтар табиғат-экономика-қоғам арасындағы бұзылған тепе-теңдік пен үйлесімділікті қайта қалпына келтіруге шешуші үлес қосатын әлеуеті айқын.

Қазақтардың қоршаған ортаға бейімделу стратегиясындағы ұтқырлық (мобильность) дағдылары қазіргі замандағы бір қаланың немесе елді-мекеннің төңірегіне шоғырлануынан туындайтын экологиялық зардаптарды жеңілдетуге (ауаның ластануы, зиянды газдардың шектен тыс шығарылуы, ауыз су тапшылығы т.б.), басқа да аумақтарды экологиялық тұрғыда тиімді игеруге мүмкіндіктер ашатын еді. Ол ірі болсын, кіші болсын барлық елді-мекендерде экожүйенің шектен тыс пайдалануын шектеуге де өз әсерін тигізе алады.

Сонымен бірге, қазақ халқының этноэкологиялық дәстүрлері мен бейімділік тәжірибелері адамдардың табиғи экстремалды жағдайлар мен құбылыстар кезінде орын алатын зардаптардан мейлінше қауіпсіз шығуға көмектесе алады. Мәселен, өсімдіктердің емдік қасиетін білу, жұлдыздар арқылы кеңістік бағдарын анықтай алу, ауа райын болжай алу, түрлі табиғи орта артықшылықтарын білу және басқа да шаруашылық дағдыларды білу өте маңызды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Уалиханов Ш. Таңдамалы. Екінші басылым. - Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б. (214 б.)
2. Букейханов А. Овцеводство в Степном крае // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы, 1995; Букейханов А. Киргизы // Таңдамалы. - Избранное. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. - С. 66–77
3. Мәшіһур Жүсіп Көпейұлы Нұх. Наурыз тарихы // Шығармалары. 8 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 452 б.
4. Казакское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях: материалы к выработке норм земельного устройства в Казакской Автономной Советской Социалистической Республике / под ред. С.П. Швецова. - Л.: Народный комиссариат земледелия Казакской АССР, 1926. - 186 с.
5. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
6. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: “Ғылым”, 1998. – 234 с
7. Хазанов А. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2002. – 604 с.
8. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. - Алматы «Социнвест». – Москва «Горизонт», 1995. – 320 с.
9. Ямсков А.Н. Традиционное скотоводство и природная среда: культурно-экологические аспекты взаимодействия // Этническая экология: теория и практика / отв. ред. В.И. Козлов. - М.: Наука, 1991. - С. 287-303 DOI: <http://doi.org/10.5281/zenodo.3275439>; Ямсков А.Н. Трактовки понятия «жизнеобеспечение» в этнической экологии и возможный подход к изучению культурной адаптации // Этнос и среда обитания. Том. I. Сборник этноэкологических исследований к 85-летию В.И. Козлова. - М.: Старый сад, 2009. - С. 73-94 DOI: <http://doi.org/10.5281/zenodo.3229011>
10. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 464 б.
11. Сара Камерон Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Cornell University Press, 2018
12. Картаева Т., Оралбай Е. Құдық қазу ісінің қалыптасуы және құдық түрлері (археологиялық және этнографиялық материалдар бойынша) // [http://nblib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/Общественный\\_01\\_2016/Kartaeva%20T.%20E%2001-16.pdf](http://nblib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/Общественный_01_2016/Kartaeva%20T.%20E%2001-16.pdf); Картаева Т. Бексеитов Г., Оспанов Е. Су культі: анықтамалық. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 158 бет
13. <https://www.biodiversityfinance.net/kazakhstan>



14. Есім Ф. Сана болмысы: 9-кітап. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 309 б. (113 б.)
15. Отчет военного губернатора Тургайской области за 1901 год // Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (одан әрі - ҚР ОМА) Қор 318, Тізбе 1, Іс 73, П. 5 қайырма.
16. Сведения уездных начальников для отчета Тургайскому военному губернатору о состоянии области за 1892 год // ҚР ОМА Қ. 318, Т. 1, Іс 1, П. 88
17. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Павлодарский уезд, Т.4, Воронеж, 1903. - С. 39,104, 125
18. Сведения уездных начальников о состоянии погоды, урожае хлебов и трав и состоянии скота // ҚР ОММ Ф. 318, Оп. 1, Д. 72, Л. 27
19. Сведения по Илецкому уезду Тургайской области для Всеподданнейшего отчета военного губернатора аза 1892 год // ҚР ОМА Қ. 318, Т. 1, Іс 1, П. 86
20. Ертең бәрі кеи. Қазақстанның экологиялық бомбасы.- Алматы: Қазақстан-Неміс Университеті, 2021.- 249 б.
21. Букейханов А. Русские поселения в глубине Степного края // Бөкейхан Ә. Таңдамалы.- Алматы, 1995, 218 б.; Букейханов А. О земледелии в Токраунской, Котан Булакской и Западно Балхашской волостях Каркаралинского уезда. ОП к Акмолинским областным ведомостям №41, 42. 13.20.10 1889 г. Омск А. Букейханов Сочинения. - Астана: «Сарыарка, 2016. - 604 с.
22. Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары.- Алматы: Ана тілі, 1995.- 104 бет (78 б.)
23. Алтынсарин И. О занятии казахов земледелием и сенокосением // Сборник сочинений: в 3 томах. - Алма-Ата, 1976. - Т. 2. - 423 с. (С. 173)
24. Отчеты Степного генерал губернатора за 1883, 1886-1888, 1890-1891, 1900 гг. // ҚР ОММ 64-қ., 1-т., 125-іс, 2-қайырма парақ
25. Ресей Федерациясы Омбы облыстық тарихи архиві (одан әрі - РФ ООТА) Қ. 9, Т. 1, Іс 124а, пп. 87- 88
26. Крутиховский В.К. Просо в Зауральи.- ОГИЗ Уральское областное отделение. - Свердловск-Москва.- 1931.- 16 с. (С. 1-3)
27. Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ Қ. 3, Т. 7, Іс 11285, Т. 1, пп. 110 - 112
28. Акишев К. Древние и средневековые государства на территории Казахстана (Этюды исследования).- Алматы, 2013.- 192 с.(С. 29)
29. Статистические сведения о распределении населения, посевных площадей, скота, сельско хозяйственных машин и орудий в Западной Сибири 1860-1910 // РФ ОмОМА Қ. 86, Т. 1, Іс 3, П. 49
30. [Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций \(fao.org\)](http://www.fao.org)
31. Казанов Х. М. Восток—Запад: целевые ценности науки и техническая цивилизация // Философия и социология в Республике Адыгея. Майкоп, 1995.- №3.- С. 27
32. Духовность, художественное творчество, нравственность. Материалы «круглого стола»// Вопросы философии. 1996. №2. - С. 34
33. *Adaptation Gap Report 2022: Too Little, Too Slow. Climate adaptation failure puts world at risk.* 44-46 pp.

#### References:

1. Ualikhanov Sh. Tandamaly. Ekinshi basylım. - Almaty: Zhazushy, 1985.- 560 b. (214 b.)
2. Bukeikhanov A. Ovcevodstvo v Stepnom krae // Bukeikhan A. Tandamaly. - Almaty, 1995; Bukeihanov A. Kirgizy // Tandamaly. - Izbrannoe.- Almaty: «Qazaq enciklopediyasy», 1995.- S. 66 –77
3. Mashhyr Zhusip Kopeiuly Nұh. Nauryz tarihy // Shygarmalary. 8 tom.- Pavlodar: «EKO» GOG, 2006. – 452 b.
4. Kazakskoe hozyajstvo v ego estestvenno-istoricheskikh i bytovykh usloviyah: materialy k vyrabotke norm zemelnogo ustrojstva v Kazakskoi Avtonomnoi Sovetskoj Socialisticheskoi Respublike / pod red. S.P. Shvecova.- L.: Narodnyj komissariat zemledeliya Kazakskoj ASSR, 1926. - 186 s.
5. Shonanuly T. Zher tagdyry – el tagdyry.– Almaty: Sanat, 1995.– 224 b.
6. Alimbaı N., Mukanov M.S., Argynbaev H. Tradicionnaya kultura zhizneobespecheniya kazahov. Ocherki teorii i istorii. – Almaty: “Gylym”, 1998. – 234 s
7. Hazanov A. Kochevniki i vneshniı mir. – Almaty, 2002. – 604 s.
8. Masanov N.E. Kochevaya civilizaciya kazahov: osnovy zhiznedeyatelnosti nomadnogo obshestva.- Almaty «Socinvest». – Moskva «Gorizont», 1995. – 320 s.

9. Yamskov A.N. *Tradicionnoe skotovodstvo i prirodnyaya sreda: kulturno-ekologicheskie aspekty vzaimodeystviya* // *Etnicheskaya ekologiya: teoriya i praktika* / otv. red. V.I. Kozlov. - M.: Nauka, 1991. - C. 287-303 DOI: <http://doi.org/10.5281/zenodo.3275439>; Yamskov A.N. *Traktovki ponyatiya «zhizneobespechenie» v etnicheskoy ekologii i vozmozhnyj podhod k izucheniyu kulturnoj adaptacii* // *Etnos i sreda obitaniya. Tom. 1. Sbornik etnoekologicheskikh issledovanij k 85-letiyu V.I. Kozlova*. - M.: Staryj sad, 2009. - S. 73-94 DOI: <http://doi.org/10.5281/zenodo.3229011>
10. Seïdimbek A. *Qazaq alemi. Etnomadani paıymdau oqu quraly.* – Almaty: «Sanat», 1997.– 464 b.
11. Sara Kameron Ashtyq zhailagan dala. *Asharshylyq, ozbyrlyq zhane Kenestik Qazaqstandy ornatu.* Cornell University Press, 2018
12. Kartaeva T., Oralbai E. *Qudyq qazu isinin qalyptasuy zhane qydyq turleri (arheologiyalyq zhane etnografiyalyq materialdar boıynsha)* // [http://nlib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/Obshhestvennyj\\_01\\_2016/Kartaeva%20T.%20E%2001-16.pdf](http://nlib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/Obshhestvennyj_01_2016/Kartaeva%20T.%20E%2001-16.pdf); Kartaeva T. Bekseitov G., Ospanov E. *Su kulti: anyqtamalyq.* – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. – 158 bet
13. <https://www.biodiversityfinance.net/kazakhstan>
14. Esim G. *Sana bolmysy: 9-kitap.* – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 309 b. (113 b.)
15. *Otchet voennogo gubernatora Turgajskoj oblasti za 1901 god* // *Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekketik arhivi (odan ari - QR OMA) Kor 318, Tizbe 1, Is 73, P. 5 qajyrma.*
16. *Svedeniya uездных nachalnikov dlya otcheta Turgajskomu voennomu gubernatoru o sostoyanii oblasti za 1892 god* // *QR OMA K. 318, T. 1, Is 1, P. 88*
17. *Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspedicej po issledovaniyu stepnyh oblastej. Semipalatinskaya oblast, Pavlodarskij uezd, T.4, Voronezh, 1903, S. 39,104, 125*
18. *Svedeniya uездных nachalnikov o sostoyanii pogody, urozhae hlebov i trav i sostoyanii skota* // *QR OMM Q 318, T. 1, Is 72, P. 27*
19. *Svedeniya po lleckomu uезdu Turgajskoj oblasti dlya Vsepoddannejshego otcheta voennogo gubernatora aza 1892 god* // *QR OMA Q. 318, T. 1, Is 1, P. 86*
20. *Erten bari kesh. Qazaqstannyn ekologiyalyq bombasy.* – Almaty: Qazaqstan-Nemis Universiteti, 2021. – 249 b.
21. Bukeikhanov A. *Russkie poseleniya v glubine Stepnogo kraya* // Bukeikhan A. *Tandamaly.* - Almaty, 1995, 218 b.; Bukeikhanov A. *O zemledelii v Tokraunskoj, Kotan Bulakskoj i Zapadno Balhashskoj volostyah Karkaralinskogo uезда. OP k Akmolinskim oblastnym vedomostyam №41, 42. 13.20.10 1889 g. Omsk A.Bukeikhanov Sochineniya.* – Astana: «Saryarka, 2016. – 604 s.
22. Rychkov P.I., Rychkov N.P. *Kapitan zhazbalary.* - Almaty: Ana tili, 1995. - 104 bet (78 b.)
23. Altynsarin I. *O zanyatii kazahov zemledeliem i senokosheniem* // *Sbornik sochinenij: v 3 tomah.* - Alma-Ata, 1976. - T. 2. - 423 s. (S. 173)
24. *Otchety Stepnogo general gubernatora za 1883, 1886-1888, 1890-1891, 1900 gg.* // *QR OMA 64-q., 1-t., 125-is, 2-qajyrma paraq*
25. *Resej Federaciya Omblystyq tarihi arhivi (odan ari - RF OmOTA) K. 9, T. 1, Is 124a, pp. 87- 88*
26. *Krutihovskij V.K. Proso v Zaurali.- OGIZ Uralskoe oblastnoe otделение.- Sverdlovsk-Moskva. - 1931. - 16 s. (S. 1-3)*
27. *Vsepoddanejsnij otchet po Zapadnoj Sibiri za 1873 g.* // *RF OmOMM K. 3, T.7, Is 11285, T. 1, pp. 110 - 112*
28. *Akischev K. Drevnie i srednevekovye gosudarstva na territorii Kazahstana (Etyudy issledovaniya).* – Almaty, 2013. – 192 s. (S. 29)
29. *Statisticheskie svedeniya o raspredelenii naseleniya, posevnyh ploshadej, skota, sel'sko hozyajstvennyh mashin i orudij v Zapadnoj Sibiri 1860-1910* // *RF OmOMA K. 86, T. 1, Is 3, P. 49*
30. *Prodovolstvennaya i sel'skohozyajstvennaya organizaciya Obedinennyh Nacij (fao.org)*
31. *Kazanov X. M. Vostok—Zapad: celevye cennosti nauki i tehniceskaya civilizaciya* // *Filosofiya i sociologiya v Respublike Adygeya. Majkop, 1995. - №3. - S. 27*
32. *Duhovnost, hudozhestvennoe tvorchestvo, npravstvennost. Materialy «kruglogo stola»// Voprosy filosofii. 1996. №2. S. 34*
33. *Adaptation Gap Report 2022: Too Little, Too Slow. Climate adaptation failure puts world at risk.* - 44-46 rr.

FTAXP: 03.20

ӘОЖ 94 (574.31)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.004>

А.Е. Мырзаханов<sup>\*1</sup>, Н.А. Мухаметжанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторант, Қазақстан, Астана қ.,  
E-mail: [87080077500@mail.ru](mailto:87080077500@mail.ru)

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.к., аға оқытушы, Қазақстан, Астана қ.,  
E-mail: [Nurg.1975@mail.ru](mailto:Nurg.1975@mail.ru)

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада кеңестік кезеңдегі репрессиялық саясатты талдай отырып, Қарағанды облысында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы мәселелер қарастырылады. Қазақстандағы ХХ ғасырдағы репрессиялық саясаттың ерекшеліктері және ақтау мәселелері айқындалып, архив материалдарынан алынған деректер көрсетіледі. Мақаланың мақсаты мен міндеттері: Қарағанды өңіріне арнайы қоныс аударушылар келуіне тарихи тұрғыда талдау жасау; Қарағанды облысындағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қасіреті туралы деректерді зерделеу; Қарағанды облысындағы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды архив деректері негізінде талдай отырып, статистикалық мәліметтер көрсету; Осы мақсат, міндеттерге сай Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау кезеңдері айқындалды және Қарағанды облысындағы саяси репрессиялар құрбандарын ақтау мәселелері талданды.

Сонымен қатар мақалада 1920-1950 жылдары Қарағанды облысына, Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен, қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған адамдардың орналасу тарихы негізге алынған. Жалпы алғанда Қарағанды облысында жер аударылғандар арасында ең көп халық немістер болғандығы туралы мақалада көрсетілген. Ақтау мәселесі 1950 жылдардан бастап, жылдар бойы жүргізілгендігі қарастырылған. Мақаланы жазу барысында ақтау проблемалары көтерілді, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау кезеңдері белгіленді.

**Кілт сөздер:** кеңестік тарих, қуғын-сүргін, ашаршылық, ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы, ақтау, саяси қуғын-сүргін кезеңдері, ақтау мәселелері, Ұлы Отан соғысы.

*Мырзаханов А.Е.\*<sup>1</sup>, Мухаметжанова Н.А.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
PhD докторант, г. Астана, Казахстан  
E-mail: [87080077500@mail.ru](mailto:87080077500@mail.ru)

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Ок.и.н., старший преподаватель, г. Астана, Казахстан  
E-mail: [Nurg.1975@mail.ru](mailto:Nurg.1975@mail.ru)

## ПРОБЛЕМЫ РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы реабилитации репрессированных в Карагандинской области с анализом репрессивной политики советского периода. Выявляются особенности репрессивной политики в Казахстане ХХ века и проблемы реабилитации, отражаются данные из материалов архива. Цель и задачи статьи: провести исторический анализ прибытия спецпереселенцев в Карагандинский регион; изучить данные о голоде и трагедии политических репрессий в Карагандинской области; показать статистические данные с анализом политических репрессий в Карагандинской области на основе архивных данных; определить этапы реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане в соответствии с этой целью, задачами проанализированы вопросы реабилитации жертв политических репрессий в Карагандинской области.

Также в статье будет рассказано об истории дислокации репрессированных и депортированных в 1920-1950-х годах в Карагандинскую область, со всего Советского Союза. В целом среди ссыльных в Карагандинской области наибольшее население составляли немцы. Рассматривается вопрос о том, что реабилитация проводилась с 1950-х годов, на протяжении многих лет. В ходе написания статьи были

подняты проблемы реабилитации, определены этапы реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане.

**Ключевые слова:** советская история, история Казахстана в XX веке, периоды политических репрессий, реабилитации, политических репрессий, проблемы реабилитации, репрессии, Великая Отечественная война.

*A.E. Myrzakhanov\*<sup>1</sup>, N.A. Mukhametzhanova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov,  
PhD doctoral student, Astana, Kazakhstan  
E-mail: [87080077500@mail.ru](mailto:87080077500@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov,  
Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Astana, Kazakhstan  
E-mail: [Nurg.1975@mail.ru](mailto:Nurg.1975@mail.ru)*

## **PROBLEMS OF REHABILITATION OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN THE KARAGANDA REGION**

### *Abstract*

The article discusses the issues of rehabilitation of the repressed in the Karaganda region with an analysis of the repressive policy of the Soviet period. The purpose and objectives of the article: to conduct a historical analysis of the arrival of special settlers in the Karaganda region; to study data on famine and the tragedy of political repression in the Karaganda region; to show statistical data with an analysis of political repression in the Karaganda region based on archival data; to determine the stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan in accordance with this purpose, the tasks analyzed the issues of rehabilitation of victims political repression in the Karaganda region.

The features of the repressive policy in Kazakhstan of the twentieth century and the problems of rehabilitation are revealed, data from the archive materials are reflected. The stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan have been determined. The article will also tell about the history of the dislocation of the repressed and deported in the 1920s and 1950s to the Karaganda region, from all over the Soviet Union. In general, among the exiles in the Karaganda region, the largest population was Germans. The question is considered that rehabilitation has been carried out since the 1950s, for many years. During the writing of the article, the problems of rehabilitation were raised, the stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan were determined.

**Keywords:** Soviet history, the history of Kazakhstan in the twentieth century, periods of political repression, rehabilitation, political repression, problems of rehabilitation, repression, the Great Patriotic War.

**Кіріспе.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 30 мамырдағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жариялаған үндеуінде: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады. Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету - баршамыздың перзенттік борышымыз», - деп атап көрсетті. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қалың жұртшылық миллиондаған адамның өмірін қиған жаппай саяси қуғын-сүргін мен аштыққа байланысты, отандық тарихтың қайғылы беттері туралы білуге мүмкіндік алды.

2021 жылы қаңтарда құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия үлкен жұмыс жүргізуде. Қазақстанда алғаш рет осы оқиғалар мен процестерге толық тарихи құқықтық баға беруге бағытталған жетекші ғалым-сарапшылардың кешенді зерттеулері іске асырылуда. 1920-1950 жылдары Қарағанды облысы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған адамдарды орналастыру орталығына айналды. Облыс аумағында Карлаг, кейінірек арнайы лагерьлер, соның ішінде Песчанлаг, Степлаг және т.б. болды. КСРО НКВД-ІІМ Қарағанды түзеу – еңбек лагері (Карлаг) орталығы Долинка ауылында 1931 жылы 17 қыркүйекте «Гигант» совхозының базасында құрылды. 1959 жылы 27 шілдеде – Қарағанды облысы ІІМ-нің қамау орындары басқармасы болып қайта құрылды.

**Әдістер мен әдіснамасы.** XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге байланысты халқымыздың басынан өткенінің шынайы бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық негізі ғылыми объективтілік пен тарихилық ұстанымдары болды. Объективтілік принципі фактілер мен оқиғаларды шынайылық пен кешенділік тұрғысынан қарастыруда көрінеді. Тарихи ақиқат тұрғысынан жинақталған тарихнамалық тәжірибе және зерттелетін тақырып бойынша, яғни саяси қуғын-сүргін құрбандары анықталған мәліметтер талданды.

**Талқылау.** Қарағанды облысындағы арнайы қоныстанушылар – зерттеуді қажет ететін бөлек тақырып. 1930-1950 жылдар аралығында Қарағанды облысы бүкіл Одақтан қоныс аударылған және репрессияланғандардың орны болды. Олардың ішінде кулактарды жер аудару, соғысқа дейінгі жылдардағы депортация (1936 ж.) және екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі халықтарды депортациялау, соғыстан кейінгі жылдар және т.б. Тарихшы Ким М.Ю. статистикасына сәйкес, 1931 жылдың соңына қарай Қарағанды арнайы қоныс аударушы ауыл топтарындағы адам саны 59 078 құрады [1, 55]. 1932 жылға қарай Қарағанды ауылдарының халық саны 100 мың адамға жетті. Негізінен халықтың жоғары көрсеткіші Кеңес Одағының барлық аумағынан әртүрлі ұлттардың еңбек және арнайы қоныс аударушы-ларын Қарағанды өңіріне көшіру есебінен болды [2, 6]. 1932 жылғы 7 мамырдағы БКП (б) Қарағанды қалалық комитеті бюросының жабық отырысында Қарағанды қаласында және оның жақын маңында 65 мың арнайы қоныс аударушылар, Карлаг тұтқындары және басқа да антисоветтік элементтердің өмір сүргені туралы мәліметтер бар [3, 117].

Түрлі деректерге сүйенсек, Қазақстанда Ұлы Отан соғысы жылдарында арнайы қоныстанушылар саны 900 мыңнан 1 миллион 209 мың адамға дейін болған [4, 20]. Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің анықтамасында келтірілген деректерге сүйенсек, 1949 жылғы 1-ші тамыздағы жағдай бойынша облыс аумағында барлығы 39 990 отбасы – 117 043 түрлі ұлт өкілдерінен тұратын арнайы қоныстанушылар тұрған. Оларды есепке алу үшін облыста Ішкі істер министрлігінің 113 арнайы комендатурасы құрылды [5]. Қазақстанға жер аударылған халықтардың барлығының дерлік өкілдері Қарағанды облысындағы арнайы қоныста болды.

Жалпы алғанда Қарағанды облысында жер аударылғандар арасында ең көп халық немістер болды. 1941 жылы тамызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және БКП (б) Орталық Комитетінің 26 тамыздағы қаулысымен және КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 28 тамыздағы Жарлығымен неміс халқы диверсанттар, тыңшылар, фашистік көмекшілер деп жарияланды және туған жерлерінен күштеп шығарылуға тиіс болды. Түрлі мәліметтер бойынша, Қазақстанда 1941-1942 жылдары 255-тен 350 мыңға дейін неміс жер аударылды [2, 7]. 1949 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қарағанды облысында 24066 отбасы – 67210 неміс тұрғыны болды. 1952 жылдың желтоқсанында Қарағанды облысында 47 593 еңбекке қабілетті неміс болды, оның ішінде өнеркәсіп, құрылыс және көлік жұмыстарында – 36 910 адам пайдаланылды, ауыл шаруашылығында – 10 683 адам жұмыс істеді [6, 10].

**Нәтижелері.** Бұл мақалада Қарағанды облысында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы айтқымыз келеді. 1950 жылдардан бастап ақтау процесі жылдар бойы жүргізілді.

Қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау 1953 жылы И.Сталиннің қайтыс болуынан басталғаны сөзсіз. Бірақ естеліктерге қарағанда халықтың өзі бұны әртүрлі қабылдады. Бірақ, барлығы қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған адамдарды ақтау басталады деп үміттенді. Степлагтың тұтқыны Ференц Варкони-Лебер өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Сталиннің қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы айларда әлі қорқыныш сезіледі, бірақ бұл жолы чекистер қорқты; болашақ оларға алаңдаушылық пен үрей тудырды. Органдардың әлі де қажет екендігін дәлелдеп, сталиндік кезеңнен кейінгі алғашқы сынаққа төтеп беру қажет болды» [7].

Сол секілді, өзінің қуғын-сүргінге ұшыраған әкесі Голдберг Пейсах Залманович туралы естелік-терінде оның ұлы Голдберг Зиновий Пейсахович былай деп жазады: «1953 жылы, барлық адамдар сияқты, мен И.В. Сталиннің қайтыс болуына уыр қабылдадым, өйткені бүкіл халық соншалықты алданып қалды, тіпті біз, қуғын-сүргінге ұшыраған балалар да Сталинде әкеміздей, қайырымды адам деп Құдайдай көрдік. Өйткені, елдегі адамдар қандай да бір жаппай гипнозға ұшырады» [8, 10]. Голдберг Пейсах Залманович паровоз машинисі болған. Әйелі және екі баласымен Ленинградтан жер аударылған. 1937 жылы 58-10 бап бойынша қамауға алынып, Карлагқа жіберілді, 1943 жылы қайтыс болды. 1961 жылы Ленгорсуд Президиумы ақтады [9].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы «Рақымшылық жасау туралы» Жарлығының қабылдануын саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудағы алғашқы кезең деуге болады [10, 36].

Жарлыққа сәйкес Қарағанды облысында 5 жылға дейін сотталғандарға рақымшылық жасалды; жаза мерзіміне қарамастан қызметтік және шаруашылық қылмыстар үшін, сондай-ақ РСФСР Қылмыстық кодексінің [11, 1] келесі баптары бойынша сотталған әскерилер; 193 б.4 б. а, 193.7, 193.8, 193.10, 193.10 б. а, 193.14, 193.15, 193.16 және 193.17 б. және одақтық республикалардың қылмыстық кодекстерінің басқа да тиісті баптары; сотталғандар: 10 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер мен жүкті әйелдер; 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар; 55 жастан асқан ерлер мен 50 жастан асқан әйелдер, сондай-ақ ауыр, емделмейтін аурумен ауыратын сотталғандар және т.б.

Қарағанды облысы үшін Жарлық өте маңызды болды. 1954 жылы мамырда КСРО Бас прокуроры Р.А. Руденко революцияға қарсы қылмыстары үшін сотталған және лагерлерде, колониялар мен түрмелерде жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ өзге елді мекендерге жер аударылған адамдарға қатысты барлық қылмыстық істерді қайта қарау туралы шешім қабылдады [10, 103-105]. Ол үшін республикаларда, өңірлерде, облыстарда комиссиялар құрылды. Содан кейін шамамен 800 000 адам ақталды. Осыған байланысты қуғын-сүргін, көркем шығармалардың кейбір естеліктері жариялана бастады.

Н.Хрущевтің 1956 жылы 25 ақпанда Сталин қайтыс болғаннан кейін КОКП-ның XX кезеңіндегі «Жеке тұлғаға табыну және оның салдары туралы» тақырыбында сөйлеген сөзінен кейін бұл процесс одан әрі жандана бастады. Осы кезеңде бірінші болып 1937-1938 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған партия-кеңес қызметкерлері ақталды. Көптеген тарихшылар бұл кезең саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауда шешуші кезең болғанын жазады [12]. 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін тұтқындардың саны айтарлықтай азайды, ал 1960 жылы ГУЛАГ ресми түрде таратылды. Алайда, кейінірек те бірқатар еңбек колониялары болды, оларға саяси баптары бойынша сотталған кеңестік диссиденттер жіберілді. Алайда оның көлемі соншалықты әсерлі болған жоқ, ал жағдай Сталин кезеңіндегі сияқты төзгісіз болған жоқ. Бірақ, айта кету керек, ақтау процесі толық жүрген жоқ болатын, себебі «троцкизм» айыбы бойынша сотталған адамдар ақтауға жатпайтын.

1956 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жанынан құрылған комиссия жарты жыл ішінде тағы 117 мың адамның, оның ішінде лагерлерде болған 81 мың адамның істерін қарады [12].

Қазақстан үшін бұл кезең маңызды болды, өйткені елде көптеген лагерлер мен 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары жеткілікті болды. Елде 1954 жылдың 1 маусымынан 1956 жылдың 1 маусымына дейін 35853 адамға қатысты 28631 іс қайта қаралды. Оның ішінде 2855 адамға қатысты іс толық ақталуына байланысты тоқтатылды, 707 адамға қатысты іс қылмыс құрамы бойынша басқа санатқа ауыстырылды. 17703 адамға қатысты жаза мерзімі қысқартылды. 9129 адамға қатысты 1953 жылғы 27 наурыздағы «Рақымшылық туралы» Жарлық қолданылды. 348 адамға қатысты депортациядан бас тартылды. Жеті сотталушының біреуіне үкімге өзгерістер енгізуден бас тартылды (5111 адам) [13, 15-22].

Алайда, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың нақты шаралары 1980 жылдардың аяғында басталды. Кеңес азаматтарының ақталуына байланысты талаптар «қайта құру» процесімен бірге басталды. Халық елдегі өзгерістер саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаумен де байланысты деп ойлады.

Мәселен, 1980-ші жылдардың ортасында Қарағанды облысы прокуратурасының құжаттарына сәйкес азаматтардан ақталғандығы туралы анықтама беруге көптеген сұраныстар, өтініштер келіп түсе бастады.

Мысалы, 1986 жылы 22 желтоқсанда Қарағанды облыстық прокуратурасына Поволжье немісі, арнайы қоныс аударылған Катцендорн Рейнгольд Ивановичтен өтініш келіп түсті [14, 1-15]. Оның деректері КСРО-дағы қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай дерекқорында бар. Катцендорн Рейнгольд Иванович (1914), Екатеринбург штатта дүниеге келген, неміс, №6 орта мектепте неміс тілі мұғалімі болып жұмыс істеген, Мәскеу облысы, Озери қаласында тұрды, БЛКЖО мүшесі болды, қамауға алынды: Коломенское а/о ҚМ МҚХКБ, оны 1941 жылы 29 шілдеде антисоветтік үгіт-насихат жүргізді, неміс әскерін мақтады, қызыл әскерге жала жапты деген айыппен тұтқындап, 1941 жылы 25 тамызда МӨО әскери трибуналында 58-10-бап 2-б. 3 жылға құқықтарын шектей отырып 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне соттады. Ақталған күні: 1956 ж. 7 қаңтар, ақтаушы орган: Жоғарғы соттың әскери алқасы [15]. Өз арызында ол келесі мәліметтерді көрсетеді. 1941 жылы 23-25 тамызда Мәскеу әскери округінің әскери трибуналымен РКФСР ҚК 58-10-бабы 2-тармағы бойынша 6 жылға бас бостандығынан айырылған. 1956 жылы қаңтарда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы үкімнің күшін жойып, ақталды [14, 1-15]. Оның Қарағанды облысының прокуратурасына жазған өтінішіне сәйкес, негізсіз айыптан ақталғанына қарамас-тан, ол жыл сайын әртүрлі себептермен, мысалы, аңшылық қаруды тіркеу үшін нотариустан ақталған-дығы туралы анықтаманың көшірмесін алуға тура келетінін жазып шағымданады.

1987 жылғы 2 қарашадағы Қазан төңкерісінің 70 жылдығына арналған КОКП ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесі және РКФСР Жоғарғы Кеңесінің бірлескен салтанатты отырысында М.С. Горбачев «Қазан және қайта құру: революция жалғасуда» атты баяндама жасады. Ол өз баяндамасында: «кейінгі көптеген

айыптаулар, әсіресе партияның XX съезінен кейіналынып тасталды. Мындаған жазықсыз зардап шеккендер толығымен қалпына келтірілді.

Бірақ әділеттілікті қалпына келтіру процесі аяқталмады және 60-жылдардың ортасында іс жүзінде тоқтатылды. Қазір ОК қазандағы (1987 жыл) Пленумының шешімдеріне сәйкес бұған қайта оралуға тура келеді. ОК Саяси бюросы осы мәселелерге қатысты жаңа және бұрыннан белгілі фактілер мен құжат-тарды жан-жақты қарау үшін комиссия құрды. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша тиісті шешімдер қабылданатын болады» [16, 10-15]. М.С. Горбачевтің осы баяндамасынан кейін Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар мен олардың ұрпақтарының ақтау, құқықтарды қалпына келтіру мәселелері бойынша көптеген өтініштері келіп түсе бастады.

«Қайта құру» кезеңі, яғни саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың екінші кезеңі 1987 жылы 28 қыркүйектегі саяси бюроның «30-40 жылдар мен 50-жылдардың басында орын алған қуғын-сүргінге байланысты материалдарды қосымша зерттеу жөніндегі» арнайы комиссиясын құрудан басталды [17, 109]. Құрылған комиссияның қарамағына 1953 жылдан кейін осы мәселелерді зерттеген комиссиялардың материалдары, сондай-ақ КОКП ОК-де, КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтында, МҚК-де, прокуратурада және КСРО Жоғарғы Сотында бар басқа құжаттар берілді. Қазақстанда осы кезеңде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға белсенді әрекет жасалды.

Осыдан кейін Қарағандыда ақтаудың алғашқы қадамдары басталды. Қайта құру кезеңінде тоталитарлық жүйенің құрбандары өздерінің және қуғын-сүргінге ұшыраған жақындарының тағдыры, әлеуметтік жағдайлары мен құқықтық мәселелері туралы сөйлей, жаза бастады. Олар өздерінің хаттарын, естеліктерін «Индустриальная Караганда» газетінің редакциясына жолдады.

1988-1989 жылдары «Индустриальная Караганда» газетінде «Мемориал памяти», «История для всех» айдарлары ашылды. Рубрикаларда келесі мәселелер талқыланды: 1930-1940 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін кезеңінің кеңестік тарихтағы аспектілері, облыстағы қайта құру процестері, Кеңес Одағындағы жариялылық. Оқырмандармен Қарағанды облысының белгілі тарихшылары, журналистері жұмыс істеді. Олардың қатарында Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ оқытушысы (болашақ саяси ғылымдар докторы, профессор) Е.Ертісбаев, зерттеуші-өлкетанушы Е.Кузнецова және т.б. болды. Газет редакциясына келген оқырмандардың хаттары өз формалары бойынша – естелік хаттар, ой-толғау хаттары, пікірлер, штаттан тыс корреспонденттердің мақалалары. Хаттарда қозғалған тақырыптар – сталиндік қуғын-сүргін, қуғын-сүргінге ұшырағандардың, еңбек әскерлерінің, арнайы қоныс аударушылардың, интернационалист жауынгерлердің, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың тағдыры болды. Жинаққа енгізілген құжаттардың көп бөлігі – бұл, газет оқырмандарының сталиндік лагерьлерде болғандығы туралы, өз халқына қарсы террорлық әрекетпен болған сталинизм дәуірі туралы, «Мемориал памяти» айдарына жіберілген хаттары [8]. Көптеген хаттар, соның ішінде сталиндік лагерь тұтқындарынан, «еңбек әскерлері», арнайы қоныстанушылардан, Ұлы Отан соғысына қатысушылардан, интернационалист жауынгерлерден (Ауғанстанмен соғыста қызмет еткен сарбаздар) келіп түсті.

Редакцияға соғыс жылдарында қуғын-сүргінге ұшыраған әскери адамдар туралы хаттар да көп түсті.

Мысалы, соғыс ардагері И.Ф. Ткаченко өзінің хатында Сталиннің соғыс кезіндегі қателігі туралы жазады. «Сталиннің әскери қолбасшылар мен офицерлерге қарсы репрессиясы соғыстың басында армия басшылығын әлсіретті», - деді ол. «Халық Сталинге сенді, ал ол ешкімге сенбеді және қатыгездік жасады» делінген [18, 1-4].

1987 жылдан 1988 жылға дейінгі кезеңде КОКП ОК Саяси бюросының атына ақтау процесін жеделдету және кеңейту туралы ұсыныстары бар әртүрлі жазбалар түсті, бұл КОКП ОК Саяси бюросының 1988 жылғы 11 шілдедегі «1930, 1940 және 1950 жылдардың басында негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтаумен байланысты жұмыстарды аяқтау жөніндегі қосымша шаралар туралы» [17, 43] қаулысын қабылдауға әкелді. Бұл қаулының орындалуы бүкіл Қазақстан бойынша жүргізілді.

Жарлық бойынша бірінші кезекте «үлкен террор», яғни 1937-1938 жылдардағы репрессияға ұшыраған коммунистер ақталды. Қарағанды облыстық партия комитетінің қорында осы жылдар ішінде коммунистік партия қатарына қайта қабылданған коммунистердің тізімі, соған байланысты мәліметтер жинақталған [19, 1-2]. Сол құжаттарға сілтеме жасай отырып, 1988 жылғы шілдеден 1991 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде осы қаулының Қарағанды облысында орындалу барысы туралы мәліметтерді келесі кестеден көруге болады.

Партияда қалпына келтіру туралы қаралған істердің барлығы	117
Қалпына келді	108
Басшылықтағы партия қызметкерлері	17

Қалпына келтірілген саны	Советтік қызметкерлер	20
	Шаруашылық қызметкерлер	35
	Комсомол қызметкерлері	2
	Қызметкерлер және колхозшылар	19
	Интеллигенция	13
	Бұрынғы әскери қызметшілер	2
	БКП(б) мүшелері, бауырлас партиялардан ауысқандар	1
	Өзгелер	-
	Қайтыс болғаннан кейін	100
Қалпына келтіруден бас тартылды		-
Партиялық стаж бойынша үзілісті алып тастау туралы қаралған істердің жалпы саны		-
Мүшелікті қалпына келтіру бойынша оң шешімдер қабылданды		1
Іс қарауда		9

*(Қарағанды облысы бойынша 1988 жылғы шілдеден 1991 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде «30-40-шы жылдары және 50-ші жылдардың басында негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтауға байланысты жұмысты аяқтау жөніндегі қосымша шаралар туралы» КОКП ОК-нің 11.07.88 жылғы қаулысының орындалу барысы туралы ақпарат.)*

Жалпы, жоғарыда аталған қаулы негізінде (МҚМ деректері бойынша) 1956-1961 жылдары Қарағанды облыстық партия комитеті партияда қалпына келтірген, 1930-1950 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған коммунистердің саны, 1988-1990 жылдары - 376, оның 251-і, 1988 жылғы 1 шілдеге дейін партияда қалпына келтірілді. 1988 жылдың шілдесінен бастап - 12 коммунист ақталды, оның ішінде - 9 сот органы, 3-КСРО ҚК Жарлығымен [19].

КСРО МҚМ азаматтардың шағымдары мен өтініштеріне қарамастан істерді қайта қарау бойынша жұмысты жалғастыруға нұсқау берді. Тек 1988 жылы прокуратура органдары 16 090 істі қайта қарады, ол бойынша 13 173 адам ақталды. Қылмыстық істерді қайта қарау жөніндегі қызмет тереңдеген сайын КОКП ОК Саяси бюросында ПХК-ның ерекше үштігі және өзге де соттан тыс органдар соттаған барлық азаматтарды (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда) «автоматты» ақтауға қатысты пікірлер пайда бола бастады.

Бұл ұстаным азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан соттан тыс органдардың, КСРО Конституциясының қызметіне сәйкес келмеді және олардың заңсыз құрылуы мен жұмыс істеуіне байланысты осы органдардың барлық шешімдерінің күшін жоюды ұсынды.

Нәтижесінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 16 қаңтардағы Президиумы «30-40-шы және 50-ші жылдардың басында орын алған қуғын-сүргін құрбандарына қатысты әділдікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлықты бекітті, онда мемлекет ресми түрде ОГПУ алқаларының, ПХК-ның ерекше үштіктерінің, ПХК – МҚМ-ІМ жанындағы ерекше жиналыстың конституцияға қарсы екенін мойындады. Осы органдар мен КСРО шығарған барлық шешімдер жойылды. Осы жарлықтан кейін қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтаудың кең ауқымды процесі басталды. Жаппай саяси қуғын-сүргін фактісі ресми түрде танылды. Бұл өз кезегінде қуғын-сүргін құрбандары туралы деректерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Отан сатқындары мен жазалау-шыларынан, ұлтшыл қылмыскерлерден, ұлтшыл бандиттік топтардың қатысушыларынан және олардың серіктестерінен, қылмыстық істерді бұрмалаумен айналысатын жұмысшылардан, сондай-ақ қасақана кісі өлтірулер мен басқа да қылмыстар жасаған адамдардан басқа барлығы ақталды деп танылды.

Осы Жарлық күшіне енген сәттен бастап мемлекеттік органдарға ақтау туралы анықтама алуға көптеген өтініштер түсе бастады. Осындай органдардың бірі Қарағанды облысының прокуратурасы болды.

Қарағанды облыстық прокуратурасының қорында әсіресе арнайы қоныс аударушылардан келіп түскен өтініштер көптеп кездеседі. Оған мысал ретінде, Суглобованың жұмыс өтілін қайта есептеу және басқа да жеңілдіктер алу үшін ақтау туралы анықтаманы сұрап жазған өтініші [20, 2-4]. Архивтік анықтамаға сүйенсек, 1928 жылы дүниеге келген Суглобова Лина Теодоровна 1941 жылғы 12 қыркүйектегі КСРО Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен неміс ұлтының өкілі ретінде Крымнан күштеп жер аударылған. 1941 жылдан бастап 1956 жылғы 20 қаңтарға дейін арнайы қоныс аударушы ретінде тізімде тұрған. Сондай-ақ онымен бірге тізімде оның анасы және ағасы Бруно мен апайы Эльза тұрғаны жазылған.



Дәл осы секілді 1941-1956 жылдар аралығында Новосибир облысы Тогуцин ауданына Баку қаласынан арнайы қоныс аударылған және отбасылық есепте тұрған Л. Дерр отбасын айтуға болады [20, 4-6.]. Олар 1990 жылғы 13 тамыздағы КСРО Президентінің Жарлығын негізге ала отырып отбасы мүшелерін ақтауды және ақтау туралы анықтама беруді сұрайды. Архив деректерінде олардың осы Жарлықтың негізінде ақталғандығы жөніндегі анықтамалар да бар.

Қарағанды облысының прокуратурасына азаматтарды ақтауға байланысты мәселелер бойынша, азаматтардан көптеген хаттар келіп түсті. Хаттардың көпшілігі қуғын-сүргінге ұшырағандарды әлеуметтік қорғауға қатысты болды, өйткені 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заң әлеуметтік қорғау бөлігінде жетілдірілмеген және жеңілдіктер берудің нақты механизмі болмады.

Мысалы, 1993 жылғы 15 сәуірде Қарағанды облысының прокуратурасына 1919 жылы туған арнайы қоныстанушы А.Ф. Пуотялистенәлеуметтік қорғау бөлімінің қызметкерлері тарапынан жеңілдіктер бермеу және ақтау туралы анықтама беру туралы өтініш келіп түсті. Ұлты бойынша литвалық, 1946 жылы 18 желтоқсанда заңсыз сотталып, 1955 жылдың шілдесіне дейін Қарағанды облысында бас бостандығынан айыру орындарында, 1959 жылдың 20 қаңтарына дейін Қарағанды облысынан жер аударылды. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, көптеген сауалдардан, тәртіптік іс жүргізуден және қаулыдан кейін ақталуыбойыншақуәлікті және жәрдемақы мен жеңілдікті Қарағанды қаласының Халықты әлеуметтік қорғау бөлімі берген [21, 7-19].

Ақтау туралы куәліктерді қабылдаудан бас тартудың ең көп тараған себебі оларды беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының прокуратурасы мен соты емес, басқа мемлекеттердің – бұрынғы одақтас республикалардың құқық қорғау органдары қабылдағаны болды. Бұл өз кезегінде 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңның «КСРО азаматтардың өзінің өкілдік ететін органның немесе лауазымды адамдардың орналасқан жері бойынша ақтау туралы өтініштер беру құқығын»бұзу болып табылды.

#### **Қорытынды.**

1950 жылдан 1990 жылға дейін жүргізілген ақтау процесінің ауқымды жұмысына қарамастан, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын толық ақтау мәселесі ашық күйінде қалды.

Бұл көптеген себептерге байланысты, біріншіден, 1990 жылға дейін жүргізілген ақтау процестерінде қазақстандық ерекшелік ескерілмеді, екіншіден, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Заңның жетілмегендігі, үшіншіден, жергілікті архивтердің аз зерттелуі және көптеген тарихи құнды құжаттарды архивтерде «құпия» белгісімен сақталуы.

Мұрағаттық деректерді талдау Қарағанды өңірінде ақтау процесінде көптеген проблемалар болғанын көрсетеді. Бұл, заңның ақтау туралы анықтамалар беру бөлігінде жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді беру бөлігінде дұрыс қолданылмауы кейбір жағдайларда тіпті Заңның орындалмауы, жоғары тұрған органдардың тапсырмаларын орындауда тиісті ведомстволар тарапынан ұйымдастырылмауы және жауапсыздығы, ақтаудың нақты тетігінің болмауы және басқалар.

Қарағанды өңірінің ақтау саясатын архивтік деректер негізінде талдай отырып, кемшіліктердің болуына қарамастан, ақтау саясаты жүргізілгенін байқауға болады.

#### *Пайданылған әдебиеттер тізімі*

1. Ким М.Ю. Социально-бытовые условия спецпереселенцев в карагандинском угольном бассейне // Вестник томского государственного университета. История. 2014. №3(29). С.55
2. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов // Сост. Р.М. Жумашева, Л.В. Михеева / Под. ред. Е.К. Кубеева. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007 – 6 с.
3. Государственный архив Карагандинской области. Ф. 3п. Оп. 1. Д. 25. Л. 117.
4. Материалы «круглых столов» и семинаров. – Алматы, 1996. – С.20.
5. Государственный архив Карагандинской области Ф. 239. Оп. 1. Д. 41. (документ №101)
6. Немцы в Карагандинской области (конец XIX – 90-е гг. XX века). Сборник документов и материалов. Часть 1 // Сост.: Л.В. Кулакова (отв.), О.А. Яковенко // Под.ред. У.А. Амантаева. Караганда, 2011. 248 с. С.10
7. Ференц Варкони-Лебер «Пока однажды»//Континент. 1975. №3. С.323-361 [http://krotov.info/libr\\_min/03\\_v/ar/conyi.htm](http://krotov.info/libr_min/03_v/ar/conyi.htm)
8. Государственный архив Карагандинской области. Ф. 1478. Оп. 1. Д.4. Л.10
9. <https://www.partner-inform.de/memoirs/detail/goldberg-z/all/all/24>
10. Реабилитация: как это было. Документы Президиума ЦК КПСС и другие материалы. В 3-х томах. Том 1. Март 1953 — февраль 1956. Сост. Артизов А. Н., Сигачев Ю.В., Хлопов В.Г., Шевчук И.Н. — М.: МФД, 2000. - 450 с.

11. Государственный архив Карагандинской области. Ф.205. Оп.1. Д.1. Л.1

12. Жемкова Е., Рогинский А. Между сочувствием и равнодушием – реабилитация жертв советских репрессий: материалы международной конференции «После диктатур: работа с жертвами в Европе» (Институт им. Ханны Арендт по изучению тоталитарных режимов, Дрезден, 27–29 июня 2013 года), статья опубликована на немецком языке в сборнике *Nach den Diktaturen. Der Umgang mit Opfern in Europa*. Dresden, 2016.

13. Архив Президента Республики Казахстан Ф.708. Оп.28. Д.1574. Л.15-22

14. Государственный архив Карагандинской области. Ф.205. Оп.9. Д.114.Л.1-15

15. [https://ru.openlist.wiki/Кацендорн Рейнгольд Иванович \(1914\)](https://ru.openlist.wiki/Кацендорн_Рейнгольд_Иванович_(1914))

16. Коммунист. 1987. № 17. С.10-15.

17. Известия ЦК КПСС. 1989. № 1. С. 109.

18. Государственный архив Карагандинской области. Ф.1478. Оп.1. Д.36 Л.1-4

19. Государственный архив Карагандинской области Ф.1. Оп.70. Д.153. Л.1-2.

20. Государственный архив Карагандинской области Ф.205. Оп.9. Д.231. Св.277. Л. 2-4.

21. Государственный архив Карагандинской области Ф.205. Оп.6. Д.1210. Св.30. Л. 7-19.

#### Reference

1. Kim M.Yu. Social and living conditions of special settlers in the Karaganda coal basin // *Bulletin of Tomsk State University. Story*. 2014. No. 3(29). P.55

2. *Special settlers in the Karaganda region. Collection of documents and materials* // Comp. R.M. Zhumasheva, L.V. Mikheeva / Under. ed. E.K.Kubeeva. – Karaganda: Publishing House of KarSU, 2007. – 6 p.

3. *State archive of the Karaganda region*. F. 3p. Op. 1. D. 25. L. 117.

4. *Materials of round tables and seminars*. – Almaty, 1996. – P.20.

5. *State Archives of the Karaganda Region* F. 239. Op. 1. D. 41. (document No. 101)

6. *Germans in the Karaganda region (late XIX - 90s of the XX century)*. Collection of documents and materials. Part 1 // Compiled by: L.V. Kulakova (responsible), O.A. Yakovenko // Ed. U.A. Amantaeva. Karaganda, 2011. 248 p.

7. Ferenc Varkony-Leber “Until One Day” // *Continent*. 1975. No. 3. P.323-361  
[http://krotov.info/libr\\_min/03\\_v/ar/conyi.htm](http://krotov.info/libr_min/03_v/ar/conyi.htm)

8. *State archive of the Karaganda region*. F. 1478. Op. 1. D.4. L.10

9. <https://www.partner-inform.de/memoirs/detail/goldberg-z/all/all/24>

10. *Rehabilitation: how it happened. Documents of the Presidium of the CPSU Central Committee and other materials*. In 3 volumes. Volume 1. March 1953 - February 1956. Comp. Artizov A.N., Sigachev Yu.V., Khlopov V.G., Shevchuk I.N. - M.: MFD, 2000. - 450 p.

11. *State archive of the Karaganda region*. F.205. Op.1. D.1. L.1

12. Zhemkova E., Roginsky A. Between sympathy and indifference - rehabilitation of victims of Soviet repression: materials of the international conference “After dictatorships: working with victims in Europe” (Hannah Arendt Institute for the Study of Totalitarian Regimes, Dresden, June 27–29, 2013 year), the article was published in German in the collection *Nach den Diktaturen. Der Umgang mit Opfern in Europa*. Dresden, 2016.

13. *Archive of the President of the Republic of Kazakhstan* F.708. Op.28. D.1574. L.15-22

14. *State archive of the Karaganda region*. F.205. Op.9. D.114.L.1-15

15. [https://ru.openlist.wiki/Кацендорн Рейнгольд Иванович \(1914\)](https://ru.openlist.wiki/Кацендорн_Рейнгольд_Иванович_(1914))

16. *Communist*. 1987. No. 17. P.10-15.

17. *News of the CPSU Central Committee*. 1989. No. 1. P. 109.

18. *State archive of the Karaganda region*. F.1478. Op.1. D.36 L.1-4

19. *State Archives of the Karaganda Region* F.1. Op.70. D.153. L.1-2.

20. *State Archives of the Karaganda Region* F.205. Op.9. D.231. St.277. L. 2-4.

21. *State Archives of the Karaganda Region* F.205. Op.6. D.1210. St.30. L. 7-19.

ЭОЖ 94 (574)

МРНТИ 03.41.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.005>

Ж.Ә. Таушанов\*<sup>1</sup>, С.Е. Жанболатов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>.  
E-mail.ru: [z\\_tashtanov@mail.ru](mailto:z_tashtanov@mail.ru)

<sup>2</sup>п.ғ.к, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
<https://orcid.org/0000-0003-1474-6578>, E-mail: [Sattar0168@mail.ru](mailto:Sattar0168@mail.ru)

## САЙРАМ КӨТЕРІЛІСІ, НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСҚА ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРМЕН ОРТАҚ СИПАТТАРЫ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада өткен ғасырымыздың 30 жылдарындағы Сайрам ауданындағы халық көтерілісі, оның себептері мен салдары туралы мәселе қарастырылған. Түркістан облысының Сайрам ауданы халық тығыз қоныстанған негізінен диханшылықпен айналысқан өңір. Ұлттық құрамы әр түрлі өңірде Кеңестік тоталитарлық жүйенің орныауымен бірге халықтың қалыпты даму үрдісі де бұзылды. Әсіресе бұл жағдай күштеп ұжымдастыру, жеке меншікке қарсы бағытталған зорлықшыл әрекеттермен ұштасқан саяси науқан тұсында күшейе түсті. Мұның соңы халықтың жаппай наразылығын тудырып бүкіл елді қамтыған стихиялық сипаттағы ұлт-азаттық көтерілістерге ұласты. Сондай ұлт-азаттық сипаттағы көтерілістің бірі Сайрам көтерілісі болатын. Сайрам көтерілісі турасында архив қорларында сақталған осыған дейін беймәлім болып келген материалдар негізінде жазылған бұл мақалада Сайрам көтерілісінің барысы, оған қатысушылардың нақты тізімі, сонымен қатар оларға тағылған айып түрлері мен кесілген жаза сипаты толығымен талданды. Мақалада Сайрам көтерісімен қатар Қазақстанда орын алған басқа да ұлт-азаттық көтерілістердің кейбірі салыстырмалы тарихи тұрғыда қарастырылып, Сайрам көтерілісімен ортақ сипаттары, салдары мен сәтсіздікке ұшырау себептері көрсетілді. Сайрам көтерілісі бұрын соңды зерттеу нысанына айналмаған сонылығымен ерекшеленеді.

**Кілт сөздер:** Ұлтшыл элементтер, ОГПУ, көтеріліс, контрреволюция, НКВД, ұжымдастыру, колхоз

Таштанов Ж.А. <sup>\*1</sup>, С.Е. Жанболатов<sup>2</sup>

<sup>1</sup> докторант PhD, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова,  
г. Шымкент, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>  
E-mail.ru: [z\\_tashtanov@mail.ru](mailto:z_tashtanov@mail.ru);

<sup>2</sup> к.п.н., ст. преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, г. Шымкент,  
Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-1474-6578>  
E-mail: [Sattar0168@mail.ru](mailto:Sattar0168@mail.ru)

## САЙРАМСКОЕ ВОССТАНИЕ, РЕЗУЛЬТАТЫ И ЕГО ОБЩИЕ ЧЕРТЫ И ПРИЗНАКИ С ДРУГИМИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫМИ ВОССТАНИЯМИ В КАЗАХСТАНЕ

### Аннотация

В статье рассматривается вопрос о народном восстании в Сайрамском районе в 30-е годы прошлого века, его причинах и последствиях. Сайрамский район Туркестанской области является густонаселенным преимущественно оседлым регионом. В регионе с с разным национальным составом установлением советской власти нарушена тенденция к нормальному развитию населения. Особенно обострилась эта ситуация при насильственной коллективизации, политической кампании, сопряженной с насильственными действиями, направленными против частной собственности. Это привело к национально-освободительным восстаниям стихийного характера, охватившим всю страну, вызвавшим массовое недовольство населения. Одним из таких восстаний национально-освободительного характера было Сайрамское восстание. В этой статье, написанной на основе ранее неизвестных материалов, хранящихся в архивных фондах Сайрамского восстания, полностью проанализирован ход Сайрамского восстания, точный список его участников, а также виды предъявленных им обвинений и характер наказания. Наряду с Сайрамским восстанием в статье были рассмотрены некоторые из других национально-освободительных восстаний, произошедших в Казахстане в сравнительно историческом контексте, показаны общие черты, последствия и причины неудач Сайрамского восстания. Сайрамское восстания раньше не был объектом исследования

**Ключевые слова:** националистические элементы, ОГПУ, восстание, контрреволюция, НКВД,

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ, КОЛХОЗ

Zh .A. Tashtanov\*<sup>1</sup>, S.E. Zhanbolatov<sup>2</sup>

<sup>1</sup> PhD student, South Kazakhstan University named after M. Auevov

Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721> E-mail.ru: [z\\_tashtanov@mail.ru](mailto:z_tashtanov@mail.ru);

<sup>2</sup> candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer, South Kazakhstan University named after M. Auevov, Shymkent, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0003-1474-6578> E-mail: [Sattar0168@mail.ru](mailto:Sattar0168@mail.ru)

## THE SAIRAM UPRISING, ITS RESULTS AND ITS COMMON CHARACTERISTICS AND FEATURES WITH OTHER NATIONAL LIBERATION UPRISINGS IN KAZAKHSTAN

### Abstract

The article discusses the issue of the popular uprising in the Sairam district in the 30s of the last century, its causes and consequences. Sairam District of Turkestan region is a densely populated region, mainly engaged in dikhhanate. Along with the establishment of the Soviet totalitarian system in different regions of national composition, the trend of normal development of the population was disrupted. Especially this situation intensified during the political campaign, which was accompanied by violent collectivization, violent actions directed against private property. This was followed by National Liberation uprisings of a spontaneous nature, which caused mass discontent of the population and covered the entire country. One of these National Liberation uprisings was the Sairam uprising. This article, written on the basis of previously unknown materials stored in archival funds about the Sairam uprising, completely analyzed the course of the Sairam Uprising, a specific list of its participants, as well as the types of charges against them and the nature of the punishment. In the article, along with the Sairam uprising, some of the other national liberation uprisings that took place in Kazakhstan were considered in a comparative historical context, the common characteristics, consequences and reasons for the failure of the Sairam uprising were shown. The Sairam Uprising has not been the subject of research before

**Keywords:** nationalist elements, OGPU, uprising, counter-revolution, NKVD, collectivization, collective farm

### Кіріспе

**Өзектілігі.** Қазақ жерінің ерте дүниеден бергі рухани орталығы болған Сайрам өңірі туралы қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уалихановтың жазбаларында да кездеседі. Онда былай дейді: «Ташкентті жаулап алушы Бұқар-ханның өлімінен кейін алғашқы азаматтар қаланы уақытша бөліктерге бөлді және әр билеуші атақұмарлықтан өзінің қарсыласын биліктен тайдырып жіберуге тырысты, осыдан ішкі соғыс басталып, ол он жылдан аса уақтыққа созылды. Мұндай алауыздық Үйсін болыстарының Ташкент және басқа да қалаларға шабуыл жасауларына түрткі болып, ер азаматтарға қысымшылық жасап, егіс жұмыстарына жөнелулеріне мүмкіндік бермеді. Олар болса қарқынмен бастаған өз істерінде өте сәттілікке жетіп, Шымкент, Сайрам және тағы бірнеше шағын жерлерді күшпен алды» [1]. Сайрамды алуға көптеген жаулаушылар тырысып баққан дегенмен ол әрекеттер нәтижесіз қалған бұл туралы Шоқанның мұрағатынан алынған шығармаларында одан әрі былай делінген: «Мұның барлығы оның қазіргі билеушісі Жүніс ханның уақытына дейін болды. Сол уақыттан бастап Ташкент ішкі тыныштыққа мәңгіге ие болды. Қаланың ішкі тыныштығын нығайтып ол қайсақ болыстарына қарсы қолына қару алды. Шанышқылы болысын көрші қожабилеушісі Хұдияр бектің көмегімен бас игізіп, алым-салық салды, ал Үйсін болысты, ғмен көп ұрысқа шығып олардың бірінде хандарын өлтірді, алайда оларды қаруына бас игізе алмады. Шымкент және Сайрам қалалары олардың иелігінде қалып қойды. Қазіргі кезде шапқыншылық арқылы оларды әлсіретіп киіз үй басы бір қойдан алым салық төлетіп, қаруына бас игізді, мұнымен бірге Шымкент және Сайрам қалаларын үнемі билік ету құқығына иеленді, алайда бұл тыныштық ұзаққа созыла ма беймәлім». Одан әрі Шоқан мұрағатынан алынған мәліметтерде былай деп жазылған. «Ташкенттің қол астына жататын жерлерге келсек, оны Шымкент, Сайрам, Алтын төбе жері, Қарабұлақ, Сауран, Темірқорған, Жаңа-қорған, Ниязбек және тағы аздаған шағын ауылдар құрайды. Шымкент, Сайрам қалалары мен алғашқы төрт жердің тұрғындары жыл бойы ханға алым салық төлейді, ал соңғы қалған жерлер мысалы Жаңа және Ниязбек қорғандарында әскери адамдар тұрады да, олар сол әскери-лерді қамтамасыз етеді» [2]. Міне Сайрам жерінің тарихы туралы деректер бұл өңірге көз тігушілердің аз болмағанынан хабар береді. Сайрам Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру кезеңінде халықтың ашу-ызасы арнасынан асып төгілген бір сәтіне тура келді. Сайрамда да Қазақстанның басқа аймақтарындағы-дай ұлт азаттық

көтеріліс бұрқ ете қалады. Бұл көтеріліс турасында ұзақ жылдар бойы арнаулы орган-дардың мұрағат қорларының қолжетімсіздігінен халыққа беймәлім тұстары көп болды. Еліміз тәуелсіздік алып демократиялық үрдістер кең қанат жая бастаған соңғы жылдары ғана осынау Сайрам көтерілісі туралы шындықты жария ету мүмкіндігі туындап отыр.

**Мақсаты:** Мақаланың мақсаты Сайрам көтерілісінің алғышарттарын анықтау. Сайрам көтерілісінің беймәлім тұстарын жан-жақты ашып қарастыру. Сайрам көтерілісінің тергеу материалдары негізіндегі айыптау қорытындылары арқылы толық сипатын баяндау. Сайрам көтерілісінің Қазақстандағы басқа көтерілістермен ортақ белгілерін көрсету, алғышарттары мен ұқсастықтарын салыстырып нәтижелерін қорытындылау. Тарихи тұрғыдан көтеріліске баға беру. Сайрам және басқа да елімізді қамтыған көтерілістердің шығу себептері арқылы Кеңестік жүйенің халықтың табиғи еркіне тыс орнатылған заңсыз сипаттағы жүйе болғанын айқындау

**Материалдар мен әдістер:** Осынау күштеп ұжымдастыру, халық басына түскен нәубет зерттеуші Т.Омарбековтың еңбектерінде зерттеу объектісіне айналған [3]. Сондай-ақ зерттеуші Қ.Алдажұманов еңбектерінде астық дайындаудағы қысымшылық әрекеттер салдарынан орын алған Оңтүстіктегі Сырдария округіндегі халық көтерілістеріне де өзіндік баға беріліп тұжырымдар жасалынған[4]. Кеңестік отарлау саясатының патшалы ресейдің отарлау саясатын айырмасы тек өңін айналдырған жаңа сипаттағы жасырын кейде тіпті ашық жүргізілген қитұрқы саясат болатын. Олардың сұрапыл саясатының құрбаны болып қазақ халқының аяулы ұлдары, тар жол тайғақ кешумен жүріп өзін әлемге танытқан тұлға М.Әуезов болды. Мұны біз белгілі тарихшы М.Қойгелдиевтің монографиялық еңбектерінен көреміз[5]. Сайрам көтерілісіне қатысты зерттеу материалдарын жергілікті жазушы Бабенконың еңбектерінде де біршама деректер баяндалған [6]. Сонымен қатар мақаланың негізгі тұжырымдары Шымкент қалалық саяси-қуғын сүргін құрбандары музейі мұрағатындағы деректерді басшылыққа алынды [7].

**Зерттеу жұмысымыздың әдісі** жүйелік талдау, синтез, салыстырмалы, тарихи-мәдени, салыстырмалы талдау, тарихи принципты, дереккөздерді талдауға негізделген. Зерттеудің тарихнамалық базасын құруға мүмкіндік беретін мақала тақырыбы бойынша соңғы ғылыми зерттеулерге аналитикалық шолу жасалды.

**Нәтижелерді талқылау** Көтерілістің алғышарттары Сайрам көтерілісінің алғышарттары туындап келе жатқан сәттің өзінде ОГПУ тыңшылары алдын-ала сақтық шараларын жасап, халықтың көзі ашық белсенді тобының алдын алуға тырықсан. Оның дәлелі төмендегі құпия хаттардан аңғаруға болады. Сондай-ақ арнаулы «қара тізімге» ілінген ұлт жанды азаматтардың тізімінен де көрінеді. Құпия хаттың мәтінін жариялауды дұрыс санадық:

Қатаң Құпия.

Жеке.

БКП (б) ОК жауапты хатшысына. ГУРИНГЕ.

Сырдария округінде соңғы уақытта қазақ және өзбек ұлтшылдарының қызметі едәуір жанданды, бұл сөзсіз Кишлак пен ауылдың капиталистік элементтеріне қарсы бағытталған орасан зор саяси компаниялармен (астық дайындау, мақта және т.б.) және Қазақ Өкіметінің Ауыл шаруашылығын қайта құру жөніндегі іс-шараларымен байланысты. Біздің деректерімізге сүйенсек, бұл ұлтшыл элементтердің қызметі тек біздің округ шегінде ғана емес, сонымен қатар аз дәрежеде де Өзбекстан аумағында, атап айтқанда Ташкент қаласында және оның маңында жүргізілуде, Сырдария округінен ірі өзбек және қазақ байларын, діни қызметкерлер мен ұлтшыл зиялы қауым өкілдерін жинап, сол жерде өз жақтастарының көмегімен қызметке орналасқан. Сонымен қатар, Сырдариядан шыққан қазақ және өзбек жастары Ташкент және Самарқанд орта және жоғары оқу орындарында оқиды, олардың ішінде бізге жат элемент-тер көп (байлардың ұлдары, саудагерлер, бұрынғы шенеуніктер) кеңестік іс-шараларға қарсы тұру үшін оңай өңделетін туыстарымен тұрақты байланысы бар. Бұл оқу орындары: САКУ, САГУ, Орман техникумы, Пром-Экономика техникумы, Медтехникум, Рабфак, Тәжірибелік-көрсету станциясы, Әскери мектеп, және Индустриалды техникум. Иллюстрация үшін-бірқатар фактілер: 1. Сайрам оқиғасының бастамашылары өзбектер болды-САКУ оқушылары (гор.Ташкент) Хасанжанов:

- Аноним-хат контрреволюциялық сипаттағы хаттар (олар қазақ басшыларын саяси желінің дұрыс жүргізілмегені үшін айыптайды) қазақ ұлтшылдарының әрекеті болып табылады және Шымкент және Ташкент қалаларында тарайды. Сырдария ОГПУ аудандық бөлімі өз желісі бойынша осындай жағдай-дың болуына сүйене отырып, бірқатар іс-шаралар қабылдады және өз кезегінде Сіздің назарыңызды оқу-әдістемелік мекемелерді қарау мен тазалауға назар аудару қажет деп санайды. Әлеуметтік-бөтен және ұлтшылдық элементтерден, қабылдау комиссияларының жұмысын ретке келтіру және жастар арасында тәрбие жұмысын күшейту туралы мәселені реттеу қажет деп санайды.

Өкімге хабарланды

Қосымша: Өзбекстандағы оқушылар мен ұлтшылдардың тізімі

ООГПУ бастығы. Журавлев.

Врид бастығы; Михайлов ! [8]

Тізім

Кесте - 1. Қазақ және өзбек ұлтшылдары, Сырдария округінен шыққан және Өзбекстан аумағында орналасқан.

Фамилия мен аты	Жұмыс орны	Ұлты	Ескерту
1. Джарменов Елемес	Кеңес жұмысы	Қазақ	ұлтшыл
2. Отарбаев Таңірберген	Казинпрос мұғалім	-	-
3. Мылтықбаев Молдамұса	-	-	-
4. Абдуллаев Абдукарим	Фергана ОКР.ОНО менгерушісі	Өзбек	Ірі байдың баласы Нағыз ұлтшыл
5. Мусин Ергеш	Ташкентте тұрады жұмыс орны белгісіз	-	Бұрынғы болыс басқарма ның баласы. Нағыз ұлтшыл жастардың ұйымдастырушысы
6. Атаев Сулейман	-	-	Дауыс беру құқығынан айрылғанның ұлы .нағыз ұлтшыл
7. Ергазиев	Ташкентте сот қызметкері,ВКП мүшесі	-	Бостандық ауданынан шыққан ишанның ұлы,ұлтшыл Өзбектердің КССР дан Өзбекстанға қоныс аударуын жақтаушы
	Ескерту	Отарбаев, Мылтықбаев, Джарменов Ходжановтың көмегімен қызметке орналасқан	

Растаймын; ВО өкілеттісі

Михайлов! [9].

**Негізгі бөлім:**

Осындай елдегі жаппай қудалау жағдайында, ұлт намысын ойлаған жандардың соңына түсіп қамап, жер аударып репрессия құрбаны етіп жатқан жағдайда 1930 жылы 1 мамырда Манкент ауылының дихандары колхоздан шығып ұжымдық мүлікті, амбарлардағы астықтарды, малды талауға ала бастаған. Кетпен, күрек, айырман қаруланған қарапайым дихандар колхоз басқармасын қуып жіберуге дейін барған. Уәкілетті және қарапайым Кеңестік қызметкерлер тарапынан асыра сілтеу мен колхоз бұқарасының жаппай наразылығын пайдаланып, өздерінің қолдаушылары – Сайрам ауданының, Манкент қышлағының азаматтарының арасында колхозды ыдырату және кеңес қызметкерлері мен жергілікті белсенділерге террористік актілер жасау жұмыстарын ұйымдастырды. 2 мамырда жергілікті молдалар мен байлардың бастамасымен Сайдалиевтің үйінде заңсыз жиналыс шақырылды, онда қоғамдық малды және қоймалардағы барлық тәркіленген мүлікті бөлшектеу, барлық коммунистерді, комсомолдар мен кеңес қызметкерлерін өлтіру, қолданыстағы колхозды тарату туралы шешім қабылданды. Осы кеңестің шешімінің негізінде және кедейлердің бай-молда элементтерімен, әсіресе колхоздың ортаңғы бөлігімен келесі күні күшейтілген азғыру арқылы, яғни 3 мамырда ереуіл ұйымдастырылды, онда колхоз шаруалары байлар мен молдалардың антисоветтік үгіт-насихатына жігерленіп, мал талан-тараж болды, бірнеше жұмысшы-лар ұрып соғылды, бастықтардың портреттері, плакаттар мен баннерлер жыртылды. Сол күні муллалар-дың: Мүфтиевтің, Низамутдиновтың, Мұсалиевтің, Бердіқұловтың, Гаюповтың және басқалардың шақыруына бүкіл кишлак халқы мешітке жиналды, онда Мүфтиев, Низамутдинов және басқалар халыққа үндеумен: "Мұсылмандар, біздің күніміз келді; бізге колхоздар қажет емес және, жалпы, Кеңес өкіметінің заңдарына бағынбаймыз; біз барлық коммунистерді, комсомолдарды және белсенділерді өлтіреміз және бұл үшін жауап бермейміз".

Содан кейін молла Мүфтиев, Низамутдинов және басқалары Құранды (қасиетті кітап) көтеріп, жиналғандарды дінге адалдық туралы ант беруге міндеттеді, содан кейін бұл көпшілік қызметкерлерді ұрып-соғу үшін шықты және тек ГПУ уәкілінің араласуы мен жекелеген жұмысшылардың қашып кетуі арқылы бұл әрекет кейбір ұрып-соғумен шектелді. Әрине ОГП тарапынан жазалаушы әскерлер бұл көтерілісті басып жаншыды. Сонымен қатар қамалған көтерілісшілерге мынадай сипатта айыптар тағылды. Архив қорындағы солардың кейбіріне тоқтала кетелік

Досматов Абдулла өзбек, Шымкент қаласында жасырынған Сайрам ауданының Қарабұлақ кенті, саудагердің ұлы дехканин бай: 1 үй, жылқы, 1 сиыр бар қалған мал мен мүлік сатылды. Партиялық емес, үйленген. Муллахметов Шамшимет пен Тұрсынходжаев Амантай Қарабұлақ және Сайрам контрреволюциялық топтарының Ферғана басмашылығымен тұрақты байланысшылары болып табылады. 18 наурызда олар Ферғанадан оралып, Сайрамда ұсталды [10].

Муллахметов Шамшимет пен Тұрсынходжаев Амантайдың революциялық топтың белсенді қатысушылары және Ферғана басмашылығымен байланысшылар ретінде көрсетілген әрекеттері ҚК 19,58 / 2 бабымен қарастырылған. Юсупханов Алаухан 51 жаста, партияда жоқ, ұлты өзбек сауатты, Шымкент қаласында туған. Ол Ахметов Абдукаримнің басшылығымен құрылған "Гайптардың" белсенді қатысушысы, содан кейін соңғысымен бірге Кеңес өкіметін құлатуды мақсат еткен революциялық топқа кірді. Ол Юсупханов-шайханының иесі бола отырып, қоғамға қарсы элементтер мен қылмыстық және антисоветтік элементтің баспанасы болды. Оның шайханасында А.Ахметов пен Д.Мұхамеджанов, Ходжамухамедов Шымкент контрреволюциялық тобының белсенді қатысушылары, сондай-ақ Ферғана және басқа жерлерден келген күдікті адамдар тоқтады [11]. Кульджанкоджанов Ибраимходжа -40 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Шымкент қаласында туған соңғы уақытта Қоқан қаласында жасырынып жүргендер. Саудагерлерден шыққан және ең ірі Шымкент саудагері болып табылады, үйленген, 3 баласы бар: үйі, 1 жылқысы және 1 сиыры бар, бұрын сотталмаған, ол Кульджанкоджанов Ибраимходжа-Сырдария округінің қашып кеткен бай-саудагерлері мен молдаларының Қоқан қарсы революциялық тобының ұйымдастырушыларының бірі. Ол арқылы Шымкент, Қарабұлақ топтары мен Ферғана арасындағы байланыс жүйелі түрде жүзеге асырылды. Джаликулов Тұрсынқұл 41 жаста, ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған, отбасылы, 4-ұлы бар, мүліктік жағдайы ауқатты, Ауылдық Кеңестің Төрағасы қызметінен атқарған бұрын сотталмаған.

Артықметов Садахмет 38 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам қышлағы, Сайрам ауданында туған. Бай сайлау құқығынан айырылған 1 жылқысы, 2 сиыры, 1 өгізі бар бұрын сотталмаған.

Наршихов Ибраимших 35 жаста өзбек ВКП(б) мүшелігіне кандидат, шала сауатты, Сайрам қышлағы, Сайрам ауданында туған, колхоз мүшесі, кедей, отбасылы 2 баласы бар, бұрын сотталмаған.

**ХОДЖИМУХАМЕДОВ Деккамбай – 49 ЖАСТА** ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Қоқан қаласында туған. Соңғы уақытта Шымкент қаласында тұрған. Қоқан округінен бандитизмі үшін жер аударылған санатында. Шайханасы бар отбасылы, 2-баласы бар. Бандитизмі үшін 3-жылға сотталған жер аударылған. Шымкенттегі контрреволюциялық топтың белсенді мүшесі болып табылады, Шымкентке келісімен ол А.Ахметов, И.Мухамеджанов сынды ірі саудагерлермен байланысқан. Солармен бірге жасырын Совет үкіметін құлатуға бағытталған мәжілістерге қатысқан.

Исматуллаев Мумин ГПУ тұтқындағаннан соң қашып жасырынып Ферғана қаласында жүрген, Қоқанда «Бека» медресесінде тұрып басқа да Сырдария округінен қашқындармен яғни бай молдалармен бірге контрреволюциялық топқа кірген және ташкентпен басқа да орындармен байланыста болған» [12]. Муминханов Исманхан 41 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған. Бұрынғы молда отбасылы асырауында 2 адам бар, колхоз мүшесі, 3 үйі бар, 1 сиыры бар. Арзаматов Қошқар 41 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған Байдың баласы, бай, отбасылы 2 баласы бар, 2 жылқысы, 2 сиыры, 2 өгізі бар. Чилтаров Тайшы 35 жаста, өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған. Бұрын партияда болған, топшылдыққа қосылғаны үшін партиядан шығарылған.

**АБДУРАХМАНОВ Саид-Наби -62 ЖАСТА** ұлты өзбек, партияда жоқ, арабша сауатты, Түркістан қаласында туған. Саудагерлерден шыққан соңғы уақытта Қоқан қаласында тығылып жүрген, саудагер, бай, отбасылы асырауында 5 баласы бар. 2-жылқысы, 2-сиыры, 2-өгізі бар. Мүлкі артық астығын жасырғаны үшін тәркіленген, бұрын сотталмаған. Абдусаматов, Абдурахмновтар Түркістан ауданының ірі байлары болып табылады. Соңғы шаруашылық-саяси іс-шаралардың салдарынан Қоқанда «Бека» медресесінде тұрып басқа да Сырдария округінен қашқындармен яғни бай молдалармен бірге контрреволюциялық топқа кірген және Ташкентпен басқа да орындармен байланыста болған және Сайрам контрреволюциялық тобымен де байланысы болған. Одан бөлек ташкенттің бай-молдаларынан тапсырмалар алып орындап отырған» [12].

КЕНЧЕМБАЕВ Тулейберген – 42 ЖАСТА қазақ, партияда жоқ, сауатсыз, Бадам ауданы, №9 ауылда туған. Бай 1 үйі, 6 жылқысы, 2 сиыры, 2 өгізі, 29 қойы бар. Отбасылы 5 баласы бар бұрын сотталмаған. Кенчембаев совет үкіметінің бітіспес жауы болып қазақ және орыс халқының арасында үгіт насихат жұмыстарын жүргізеген. 1930 жылы Совет үкіметіне қарсы көтеріліске шығуға шақырған. Ақсу ауданының Георгиевка елдімекенінде Тұтынушыларқоғамында тұрып мына Совет үкіметі қашан құриды деп айтқан. Сонымен бірге осында қатысушы Михайлов семенға қарап былай деген: «Ешкімге айтпағам саған айтайын Совет үкіметі жақында бірер ай көлемінде құриды Совет үкіметі жалғыз Соғыс басталады бізде басмашылар тобы көтеріледі. Қазір Созақ, Торғай аудандарында көтеріліске дайындық жүріп жатыр май айында көтеріліс болады Совет үкіметін сонда көреміз» [13].

САДЫКОВ ПАРПИ - 39 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында Қарабұлақ қышлағында туған. Отбасылы 3 баласы бар Тұқым қорына астық бермегені үшін малы мен мүлкі тәркіленген. Бұрын сотталмаған бірақ қызықл әскерді өлтірген деген күдікпен ГПУ арқылы тұтқындалған Қарабұлақтағы контрреволюциялық топтың белсенді мүшесі болып табылады. Астанақұлқазыев Абдулқасымның үйіндегі мәжіліске қатысып отырған [14]. Ол Сыдықов Парпи мал мүлкі тәркіленген соң кедейлерге жала жауып шағымданумен болған, өзінің малы берілген кедейлерді қорқытумен болған [15]. Революция басталған сәтте ол селодан жер аударылған өзінің имам ағасы үшін Крайколхозодақтағы нұсқаушы кедей Қуанов Жұманды аяусыз соққыға жыққан [16].

Олар Астанақұлқазы ШАМСУТДИНОВ, Камалхан ШАМСУТДИНОВ, Джамалхан ДЖАНАЛИЕВ, Умарбек Мусуров Джавлян Ташмухамедов Хасан Қуанов Утемиш Қарабұлақ контрреволюциялық тобының белсенді мүшелері болды Астамқұлқазыев пен Джаналмевтің үйлерінде болған мәжілістердің бәріне қатысып отырған. Олардың тікелей қатысуымен Бостандық, Фергана, Сарысу аудандарына ШАМСУТДИНОВ Камалхан ШАМСУТДИНОВ Джамалхан байланысқа жіберіліп отырған. Мұны олардың өздері мойындады [17]. Астанақұлқазы ШАМСУТДИНОВ, Камалхан ШАМСУТДИНОВ, Джамалхан ДЖАНАЛИЕВ, Умарбек Мусуров, Джавлян Ташмухамедов, Хасан Қуанов Утемиштің аталған әрекеттері ҚК 19,58/2 баптарымен қарастырылған. Юлдашев Тұрсынқұл Сайрам ауданы Қарабұлақ қышлағында 1906 жылы туған, өзбек. Байдың баласы, колхоз мүшесі, бойдақ, 2 жылқысы, 2 сиыры, 1 өгізі бар. Әскерден тыс дайындықтан өткен. Ол әскерден тыс дайындықтан өте отырып бір мезетте Қарабұлақ контрреволюциялық тобының мүшесі болған. Олар тапсырма алып Шымкентте басқа да жерлерде қарулар, қарулы күштер қай жерлерде барын анықтап білуге тапсырма алған мұны өзі бір бөлігін мойындады. Мұнан бөлек Юлдашев өзі де ГПУ дің тұтқындар үйін күзетуге барған кейбір әскерден тыс дайындықтағыларға онда қару қай жерде орналасқанын білуге тапсырмалар берген [18]. Наурызда Асматамқұлқазының шақыруымен үйіне келіп Юлдашев былай деген «Сіздің тапсырмаңызбен қай жерлерде қару-жарак барын білдім Олар Шымкенттегі Әскери комисариаттың Санзаводта.

Ибрагимов Исмайл 10-наурызда тобына былай деген «Барлық мұсылман халқы бұл үкіметтің әрекетіне наразылық пен ызасын білдіруде. Міне бір ғана Қарабұлақтың өзінен 1500 адам қашуға мәжбүр болды. Мұндай құбылысты жиі көруге болады. Билік бізді кедейлендіруде, дінімізді жоюда, мешіттерді қиратуда, астық дайындау мен салық жинауды желеу етіп бізді кедейлендіруде, әрине осыдан кейін совет үкіметіне разы бірде бір адам табылмайды. Біз бірігіміз және осы үкіметпен күресуге дайындаламыз Ибрагимов Исмайл Шымкент контрреволюциялық тобының белсенді Қарабұлақтан қашқандар арасында қатысушысы болып табылады ол» деген Ибрагимовтың аталған іс-әрекеті ҚК 19,58/2 бабымен қарастырылған. Бұл үкіметке наразылар мындаған. Олар бұл үкіметке қарсы шығудың қолайлы сәтін күтуде. Біздің туысқандар әскерден тыс дайындықтағылар үкіметтің нашар тамақ пен киім беретіндігіне шағымданып жүр. Мұсылман бола отырып бұл үкіметті қорғамайды және ыңғай туса құлатады. Бізге мұнда Қарабұлақтық жігіттер әскерден тыс дайындықтағылар жиі келеді және олар бұл үкіметке разы еместігін ашық айтады. Осы жігіттер Шымкентте қару-жарак аз екендігін айтады сондықтан олар бізге ешнәрсе істей алмайды.

Ахметов Абдукарим ұзақ уақыт бойы бай және саудамен айналысатын совет үкіметіне қарсы көңіл-күйдегі элементтерден құралған «Гаип» ұйымының жетекшісі болды. Нәтижесінде бұл ұйым Ахметовтың жетекшілігімен контрреволюциялық топқа айналып шықты [19]. Ахметов Абдукарим Қарабұлақтан қашқан бай саудагерлерге өзінің пәтерін берді, сонынан бәрі контрреволюциялық ұйым құрады. Ахметов үнемі осы бай саудагерлерді төңіректеп жүріп олардың мәжілістерінің бәріне қатысумен болған. 10 наурызда осы Қарабұлақтың бай саудагерлерінің қарасында ол былай айтқан «Менің осы Шымкентте 20 ға тарта таныстарым мен туыстарым бар атап айтсам Декханбай Нұрқожа және тағы басқалар бірінші жағдайда совет үкіметін құлатуға өздерінің келісетінін білдірді». Осыған ұқсас мәжіліс 11 ақпанда Ташметов Қошқардың үйінде болған онда сайрам тобының жетекшісі болып Шайсманов Шанияз сайланған,



яки ірі сайрамның байы патша үкіеті тұсындағы Ақсақал, астық дайындау тұсында Ташкент қаласына қашқан Мұсаев Ергеш өзінің тобының адамдарының қатысуымен 21 ақпанда Вели-Какпа Ауыл советінің президиумының мәжілісінде сайлау құқығынан айырылған Шайсманов Шанияздың құқығын қайта қалпына келтірген. Содан соң оның тусы Шакаримовпен Ташкент қаласына барған соңынан Шайсмановпен бірге қайта оралған [20]. Ол Мұсаев тұтқындалған кезде жауапкершіліктен ерекше қорқынышпен ешнәрсені мойындамауды және Сайрамдықтарға әр жауап алудан кейін тергеушінің ерекше қызықтырған сұрақтар туралы оны қандай жолмен болсын хабардар етіп отыруды тапсырады [21].

Сайрам ісіне қатысты төмендегі адамдардың тізімі:

1/ МУСАЕВ Ергеш – 30 ЖАСТА ұлты өзбек, Сайрам ауданында туған, ВКП (б) мүшесі, сауатты

2/ ИБРАГИМОВ Исмаил – 41 ЖАСТА ұлты өзбек, Сайрам ауданында туған, шала сауатты

3/ АХМЕТОВ Абдукарим – 38 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты

4/ ШАМСУТДИНОВ Камалхан – 46 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам

ауданында туған

5/ ШАМСУТДИНОВ Джамалхан – 41 ЖАСТА шала сауатты, Сайрам ауданында туған

6/ ДЖАНАЛИЕВ Умарбек – 47 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

7/ ТАШМУХАМЕДОВ Хасан – 40 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам

ауданында туған

8/ ШАЙСМАНОВ Шанияз – 41 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында

туған

9/ САДЫКОВ ПАРПИ- 39 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

10/ КЕНЧЕМБАЕВ Тулейберген – 42 ЖАСТА қазақ, партияда жоқ, сауатсыз, Бадам ауданы, №9

ауылда туған

11/ АБДУСАМАТОВ Абдураим – 58 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Түркістан

қаласында туған

12/ АБДУСАТАРОВ Исмаил – 66 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатты, Түркістан қаласында

туған

13/ АБДУРАХМАНОВ Саид-Наби – 62 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, арабша сауатты, Түркістан

қаласында туған

14/ ИСМАТУЛЛАЕВ Абдумумин – 42 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, арабша сауатты, Шымкент

қаласында туған

15/ ХОДЖИМУХАМЕДОВ Деккамбай – 49 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Қоқан

қаласында туған

16/ МУХАМЕДЖАНОВ Нурходжа – 39 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Шымкент

қаласында туған

17/ КУЛЬДЖАНКОДЖАНОВ Ибраимходжа – 40 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала

сауатты, Шымкент қаласында туған

18/ АУЛЬБЕКОВ Рыстай – 42 ЖАСТА қазақ, партияда жоқ, шала сауатты Түлкібас ауданы, №13

ауылда туған

19/ ШАКАРИМОВ Султанбай – 30 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында

туған

20 / МУЛЛАХАЙТМЕТОВ Шамшимет – 28 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатты, Сайрам

ауданында туған

21 / ТУРЕЕНХОДЖАЕВ Амантай – 43 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатты, Сайрам ауданында

туған

22 / ТОЙСМАТОВ Абдулла - 46 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатты, Сайрам ауданында туған

23 / ТУРСУНМУХАМЕДОВ Ирмухамед - 44 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатты, Сайрам

ауданында туған

24 / АБДУРАХМАНОВ Катым - 58 ЖАСТА ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Шымкент

қаласында туған [10]

*б) Сайрам ісі бойынша 10 жыл мерзімге Еңбекпен түзеу колониясына сотталғандар*

25/ Астанақұлқазыев Абдулқасым 38 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында

туған

26/ Мусарев Джаулен 20 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

27/ Қуанов Өтеміс 52 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 28/Муминханов Исманхан 41 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған  
29/Арзаматов Қошқар 41 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған  
30/Тохтаров Атаншез 65 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, арабша сауатты, Сайрам ауданында туған  
31/Бажибаев Садуақас 49 жаста, қазақ, сауатсыз, Шаян ауданы, №4 ауылда туған  
32/Рыскулов Манаш 55 жаста партияда жоқ қазақ, сауатсыз, Арыс ауданы, №9 ауылда туған  
33/Нұрманқұлов Айтмұрат 28 жаста, партияда жоқ қазақ, сауатты Түлкібас ауданы, 14 ауылда туған  
36/Юсупханов Алаухан 51 жаста, партияда жоқ, ұлты өзбек сауатты, Шымкент қаласында туған  
37/Бекназаров Усман, 35 жаста, ұлты өзбек, партияда жоқ, Сайрам ауданы, Манкент поселкесінде

туған.

- 38/Абдулхакимов Азизхан 26 жаста, ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатты, Түркістан қаласында туған  
39/Юсухалиев Зулърухар 36 жаста, ұлты өзбек, шала сауатты, Сайрам ауданында туған  
40/Ырысбеков Оспан 38 жаста, ұлты қазақ, партияда жоқ, сауатты, Түркістан қаласында туған.  
41/Мирасулиев Юлдаш 43 жаста, ұлты өзбек шала, сауатты, Шымкент қаласында туған.  
42/Құрбанов Исмайыл 50 жаста ұлты өзбек, сауатсыз, Шымкент қаласында туған  
43/Алиев Тұрды 40 жаста, өзбек, шала сауатты, Шымкент қаласында туған  
44/Маманов Мохкабай 33 жаста, ұлты өзбек шала сауатты, Шымкент қаласында туған [10].

**В) Сайрам ісі бойынша 5 жыл мерзімге Еңбекпен Түзеу колониясына сотталғандар**

- 45/Юлдашев Тұрсынқұл 1906 жылы туған сауатсыз, партияда жоқ, Сайрам ауданында туған  
46/Карбанадиев Нудали 32 жаста, партияда жоқ, өзбек, Сайрам ауданында туған

47/Тохтақұлов Ходы 35 жаста, өзбек ВКП(б) мүшелігіне кандидат, шала сауатты, колхоз мүшесі Сайрам ауданында туған.

- 48/Ирматов Тұрды 34 жаста, өзбек, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 49/Ташметов Кашқар 38 жаста сауатсыз, партияда жоқ, Сайрам ауданында туған

50/Джаликулов Тұрсынқұл 41 жаста, ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 51/Артықметов Садахмет 38 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

52/Сұлтанходжаев Иманходжа 32 жаста өзбек ВКП(б) мүшелігіне кандидат, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 53/Рузметов Абдурахман 30 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 54/Темиров Сұлтан 58 жаста, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

55/Халықназаров Муллахмет 55 жаста ұлты өзбек, партияда жоқ, арабша сауатты, Сайрам ауданында туған

- 56/Таймұратов Нарымбек 47 жаста, партияда жоқ, өзбек, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 57/Абдуллаев Ташпулат 20 жаста өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 58/Истаримов Абдуазим 22 жаста, өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 59/Бахитияров Юлдаш 56 жаста, ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 60/Нурметов Рузмет 38 жаста, өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 61/Примкулов Ергеш 38 жаста, ұлты өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 62/Нуров Нишанқұл 31 жаста өзбек, партияда жоқ, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 63/Нианов Юлдаш 58 жаста өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 64/Мухамеджанов Мумын 28 жаста, ұлты өзбек, сауатсыз, Шымкент қаласында туған

- 65/Нурходжаев Юлдаш 35 жаста, партияда жоқ, сауатсыз, Қоқан қаласында туған [10]

*з) Сайрам ісі бойынша 3 жыл мерзімге Еңбекпен Түзеу колониясына сотталғандар*

- 66/Абдуллаев Ачхан 18 жаста, партияда жоқ, өзбек, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 67/Чимпаров Сұлтан 28 жаста, өзбек ВКП(б) мүшелігіне кандидат, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 68/Хусанов Торехан 34 жаста, партияда жоқ, өзбек, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 69/Чилтаров Тайшы 35 жаста, өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

70/Наршихов Ибраймших 35 жаста өзбек ВКП(б) мүшелігіне кандидат, шала сауатты, Сайрам ауданында туған

- 71/Усенов Тохтар 61 жаста, өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 72/Тохтаров Сұлтанбек 30 жаста, өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 73/Аширметов Исак 45 жаста, өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 74/Иралиев Аширмет 74 жаста, өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған

- 75/Халыбеков Қасым 44 жаста, ұлты өзбек, сауатсыз, Шымкент қаласында туған  
76/Исраимов Абдухалик 16 жаста, ұлты өзбек, сауатты, Шымкент қаласында туған  
77/Абдуллаев Абайдулла 16 жаста ұлты өзбек, сауатты, Шымкент қаласында туған  
78/Кадыходжаев Насырулла 38 жаста партияда жоқ, сауатсыз, Қоқан қаласында туған  
79/Есембетов Парым 34 жаста, қазақ сауатты, партияда жоқ, Жаңа Қорғанда туған  
80/Примкулов Тагияш 38 жаста өзбек, партияда жоқ, сауатсыз, Сайрам ауданында туған [10]  
НКВД-да №2370 қазақ ұлтшылдығын тергеу ісі

НКВД органдары жүргізген репрессиялық шаралар туралы ойлағанда айналып өту мүмкін емес бір мәселе бар. 1936 жылы Ташкент қаласындағы Әбдіуақит қарының үйінде шамамен панисламдық орталықтың жиналысы өтіп онан Қазақстаннан; Закирханов Ғұламтөре, Омартөреев Жүсіпхан ишан, Хансейітов Сыдық ишан, Өзбекстаннан Асанхан Әбдмажитов имам, Зияуидин ишан Бабаханов және басқа кісілер қатынасады. Сонымен Хансейітов Сыдық тергеу барысында осы мазмұнда мәлімет береді. Бұл мәліметтерді шынымен де Сыдық ишан берді ме, жоқ әлде оны Ташкентте конрреволюциялық панисламдық орталық құрылды деген тұжырымды негіздеу мақсатында Сыдық ишанның аузына НКВД тергеушілері салып отыр ма, бұл мәселені анықтау бүгін іс жүзінде мүмкін емес. Дегенмен тарихи фактілер екінші болжамға негіз бола алады. Яғни бұл мәліметтердің түп-төркіні НКВД-ға тиесілі. Орта Азия советтік республикаларындағы дін басыларына байланысты жаппай репрессиялық шараларды жүргізу үшін НКВД органдарының өздері жиған түрлі фактілік материалдардың басын қосып, Ташкент қаласында өмірге келген-мыс панисламдық орталық туралы тұжырымдар жасауға күш салып отырған-дығының көрінісі[5]. Осы арада Әлауатдин ишанның НКВД органдарымен арақатынасына байланысты 1946 жылы 19 тамызда берген мынадай мәліметіне назар аударуға тура келеді; «1946 жылы жазда Алматыдағы мемлекеттік қауіпсіздік органдары маған Өзбек ССР Ташкент облысындағы Голодная степь станцасы маңындағы совхозының 3-бөлімшесіндегі үйіме қайтуыма рұхсат берді. Сонымен бірге маған құпия мәлімет беруші қызметкер ретінде белгілі бір уақытта Славянка ауылына келіп тұру жүктелді. Мен біраз уақтан соң келіп тұрудан бас тарттым. Жүктелген міндетті орындағым келмеді. Мойындаймын менің НКВД органдарынан алған міндеттемелерді орындаудан басбтартып, орын ауытырып, жасы-рынуым НКВД қызметкерлерімен кездесуге кешігіп қалудан қорыққандықтан емес менің НКВД органдарымен қарым-қатынаста болып, антисоветтік көңіл күйдегі адамдар туралы мәлімет беруге ықыласымның жоқтығынан еді» [24]. НКВД ишанды өздерінің құпия қызметінің «құлағы» еткісі келгені, әйтседе Әлауатдин ишан мұндай жиіркенішті әрекетке барудан бас тартқанын байқаймыз.

Сайрамдағы ұлт азаттық көтерілістің Тактакөпірдегі ұлт-азаттық көтеріліспен де ортақ сипаттары көптеп кездеседі. 1929 жылғы шаруалар наразылықтарының ең алғашқысы сол кезде Қазақстан құрамындағы Қарақалпақ жеріндегі Тактакөпірде болды. Оған 27 қыркүйекте не бары 300-ге тарта адам ғана қатысты және бас аяғы бірнеше сағатқа ғана созылды. Наразылық басталардың алдында ғана яғни 27 қыркүйекке дейін ОГПУ-дің Қарақалпақ облыстық бөлімі кеңес өкіметіне қарсы конрреволюциялық ұйым құрып әрекет етіп жатыр деген айыппен 100-ге тарта адамды тұтқындаған еді осы тұтқындаудан аман қалған ағайынды Исматуллаевтар өздерінің төңірегіне ОГПУ дің қуғын сүргінене қашып –пысқан 30шақты адамды топтастырып 27 қыркүйекте ауданның орталығына басып кірді.Көп кешікпей-ақ Тактакөпірдегі көтерілісшілер оларды басып жаныштауға жіберілген ОГПУ-дің қарулы күштерімен және тұрақты қызыл әскер бөлімдерімен шайқасуға мәжбүр болды.4-және 7 қазанда көтерілісшілердің үш тобы талқандалды.1929 жылдың 8 желтоқсанына дейін ПП ОГПУ-дің ерекше үштігі біраз істерді қарап көтеріліске қатысқан 32 адамды ату жазасына кесті [25]. Сонымен қатар Сайрам көтерілісі сияқты стихиялық сипаттағы Сырдария округінің Бостандық ауданындағы наразылық 1929 жылдың 29 қыркүйегінде басталып, бірнеше күге ғана созылды. Көтерілісшілер Шатқал аймағында бұрыннан әрекет жасап жүрген қырғыз басмашыларының құрбаншысы Истамбек Чаныбековпен байланыс орнатып, Брич – мулла қыстағында онымен бірігіп және сондарынан қуғындаған қызыл әскер бөлімдерімен қақтығысып, Көксу бағытына шегінді Өкшелей қуған қызыл әскер және ОГПУ бөлімдерінен жанталас қашып құтылуға күш салған көтеріліске қатысушылар Өзбекстанға және Қырғызстанға барып бас сауғаласа да бәрібір түгелдей қолға түсті. Қазақстан бойынша ПП ОГПУ-дің үштігінің қаулысымен 1930-1933 жылдар ішінде көтеріліске қатысушылардың 2-уі ату жазасына, 36 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне 7 адам Қазақстанның өз ішінде жер аударылуға кесілді [26]. Сайрам көтерілісіне әкелген алғышарттар Қазақстанның басқа өңірлерінде де халықтың тоталитарлық жүйенің қысымына шыдамай

қолдарына қару алып өз наразылықтарын көтеріліс арқылы білдіруге тырысқан әрекеттері еді. Соның тағы бір көрінісі Батпаққара көтерілісін де туғызған алғышарттар болды. Бұл халық наразылығы 1929 жылдың 1 қарашасында басталып, ол көтеріліске қатысқандарды жазалау жарты айдай уақытқа созылды [27]. ОГПУ-дің ресми құжаттарында көтерілісті ұйымдастырушылар және басқарушылар 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін басқарған бұрынғы Алашорда ханы Әбдіғаштың туыстары деп көрсетілген. Көтеріліске барлығы 530 адам қатысқан [27]. Көтерілістің басталғаны туралы алғашқы хабарды алысымен іле-шала қамданған ОГПУ, партия және Кеңес органдары батпаққараға коммунистік отрядтарды суыт жөнелтті. Көтерілісшілер оларға қарсылық көрсете алмай ұсақ топтарға бөлініп бытырай қашты. Оларды қуғындау және жаппай тұтқындау басталды. Барлығы 530 адам қылмысты деп табылды. Қазақстандағы ПП ОГПУ-дің үштігі бұл мәселеге байланысты 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 жылдан 10 жылға дейін мерзәмге еңбек түзету лагеріне, 28 адамды Қазақстаннан тыс жерлерге 3 жыл мерзімге айдауға кесті, 17 адамға сот шешімі шарты болды [28]. Батпаққара көтерілісшілерін жазалау сипаты мен Сайрам көтерілісіне қатысқандарды жазалау сипатының өте ұқсас екендігін аңғаруға болады. Жаза мерзімдері, түрі репрессиялық шаралар бір жүйеден туындап жатқанын көзге ұрып тұр. Сайрам көтерілісімен бір жылда бір мезетте лап ете қалған көтерілісі ошағының тағы бірі Сырдария округінің Созақ ауданындағы шаруалар көтерілісі 1930 жылдың 7 ақпанында басталған. ОГПУ мәліметтерінің бірінде көтеріліске 2000-дай адамның қатысқаны айтылады. 7 ақпанда Шолақов Сұлтанбек бастаған шаруалар аудан орталығы Созаққа кіріп, ондағы тұтқындағы туыстарын босатқан, партия кеңес қызметкерлерін азаптаған өлтірген [29]. Созаққа шешуші шабуыл 16 ақпанда болып, ұрыс 4 сағатқа созылған. Осы шайқаста көтерілісшілерден 300 адам өліп, 200 адам тұтқынға түскен. Ал жазалаушылардан 2 адам ғана жараланған осы ұрыста көтеріліс басшысы Сұлтанбекте және оның көмекшісі ауғандық аталып кеткен Асадулла да қайтыс болды. Жалпы шығынға келсек Голощекиннің Сталинге 1930 жылы наурызда жазған хатында көтерілісшілерден 400-ден аса ал жазалаушылардан 50-ге тарта адам өлгені көрсетілген [30]. Жазаланғандар 311 адам көтеріліске қатысты деген кінәмен жауапқа тартылса, олардың 88-і 1930 жылдың 22 наурызында, 8 сәуірінде, 25 мамырында 10-маусымында ОГПУ-дің ерекше үштігінің қаулыларымен атылған. Бұл көтеріліс туралы тарихшы, ғалым С.Жолдасов былай деп мәлімет берген; «Жер-жерде шолақ белсенділердің бұрмалауларына қарсы наразылықтар, көтерілістер шыға бастады. Соның көрінісінің бірі - 1929 жылғы кейін Өзбекстанға заңсыз берілген Бостандық ауданындағы оқиға болса, тағы бірі 1930 жылдың 6-ақпауда басталып, кейін 1.100 адамға дейі қатысқан Созақ көтерілісі еді. Кеңес өкіметін құлатып, ақ киізе көтеріп хан сайлаған Сұлтанбек Шолақовтың көтерілісі ұжымдастыру кезіндегі адам төзбес бұрмалаушылыққа қарсы бағыт-талған еді. Алайда, хан да, уәзірлер де муфтиі мен, уағыздаушысы сияқты қозғалысқа қатысушылардың көпшілігі сотсыз-ақ атылып тасталды. Қарулы әскерлер оларға еш аяушылық жасаған жоқ. Жалпы көтерілісшілерден 316 адам өліп, 7 адам жаралаып, 276 адам қолға түскен еді» [34]. Сталиндік –Голощекиндік зорлық-зомбылық, қуғын сүргін Ақтөбе округінің Ырғыз ауданының шаруаларының да бас көтерулеріне себеп болды көтеріліс 1930 жылы 25 ақпанда басталды шешуші шайқас 1930 жылы 9 наурызда күлқамыс деген жерде болып, онда көтеріліс басшысы Қанаев Айжарқын және оның 35 серігі мерт болды. Күш тең емес ұрыстан қашқан салт атты көтерілісшілерді жазалаушылар қуалай атып қылышпен кескілеп жамсатып қырды. ПП ОГПУ-дің ерекше үштігі көтерілісшілерді белсенді түрде жазалады. Нәтижесінде 42 адам ату жазасына кесіліп, 262 адам әртүрлі мерзімге сотталды және жер аударылды [31]. Халықтың өз тілегін орындатпа алмаған соң, биліктарпана естір құлақ болмаған соң, ең соңғы шара ретінде көтеріліске шығып өз қарсылықтарын білдіруге мәжбүр болған. Ал Сталиндік, Голощекиндік биліктің бұл көтерілістерді тоқтату жолы тек қана күшпен жаншу, қырып –жоя отырып талқандау әрекеті болған. Басқадай жолды олар іздемеген Бұл сөздің дәлелі ретінде мына Алматы ПП ОГПУ-дің бастығы Даниловскийдің өзіне Қапалдан жіберілген құпия құжаттардың біріне назар аударайық: «Бүйен-ақсу ауданында, Қызылағаштағы, Ақешкідегі, Сарқандағы, Қапалдағы, Арасандағы 1500 адамға жететін бандылар жойылды. Операция кезінде бандитер жағынан өлгендерің жалпы саны 161 адам. Сарқанд, Ақсу операциялары кезінде 40 адам өлтірілді. Қосымша тексергенімізде Қызылағаш түбінде 10 адам өлтірілгені анықталды. Ақешкі түбінде 6 адам шабылды. Талдықорған, Қызылағаш, Ақешкі, Қапал аудандарындағы барлық ұрыстар кезінде 22 адам өлтірілген. Талдықорғанда қашуға әрекеттенген 1 адам өлтірілді. Қапал үшін тексерілмеген мәлімет бойынша 12 адам өлген операцияларды жүзеге асыру ұрыстарында тұтқынға 509 адам түсті. Оның 193-і Сарқанд түбінде.Тексере түсуді қажет етеді. Қапал түбінде 41 адам, Талдықорғанда - 14адам, Қызылағашта - 21 адам.анықтай түсуді қажет етеді. Қапал, Баласаз операцияларында 120 адам. Олардан Қапал бойынша кедей 16 адам босатылды» [32].

Осынау оқиғалар барсындағы ішкі істер бөлімдерінің жұмысын нақтылау мақсатында мына құжаттан

үзінді келтірейік:

Москва,

ОГПУ ,Ольскийиге,Соболевке

Көшірмесі: Ташкент ІІІ ОГПУ, Дьяковке Жусалы, Альшанскийге Семей, ОГПУ Бак. Қарқаралы, ОГПУ, Дроздовқа

At the beginning of the twentieth century, senatorial audits of A. A. Kaufman, N. Gavrilov, K. K. Palen were carried out in the Turkestan Region. The reports on the work of this commission determine the pace of development of agriculture in the Syrdarya region. Information on such important issues as the order of use of irrigated land in the region, land relations between nomadic and settled populations has been preserved. On the territory of the Syrdarya region of the Turkestan region in the second half of the XIX-early XX centuries, such important types of economy as nomadic cattle breeding, sowing of grain crops, cotton growing, gardening developed.

**Keywords:** agriculture, government, nomadic cattle breeding, agriculture, irrigation system, Government, analysis.

**Кіріспе.** XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі патшалық Ресейдің отарлық саясаты және капиталистік қатынастармен тығыз байланыста дамыды. Әрине капиталистік қатынастардың дамуы тарихнамада өндіріс орындарының дамуымен тығыз байланыста қарастырылады. Алайда Түркістан өлкесіндегі капиталистік қатынастардың дамуы ауыл шаруашылығының даму ахуалымен де байланысты болды. Түркістан өлкесінің ауыл шаруашылығының дамуы ең алдымен өндірістік капиталистік қатынастардың басты жағымды ортасына айнала алды. Ауыл шаруашылығындағы капиталистік қатынастардың дамуы нарықтағы сауда және айырбас жүйесімен бірлесе отырып дамыды. Әрине Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария облысының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы ауыл шаруашылығының дамуы мәселесіне назар аударғанда өзіндік ерекшеліктерге көп мән беруіміз қажет. Бұл ерекшеліктерге табиғи және климаттық жағдайды жатқызамыз. Тек табиғи және климаттық жағдай ғана Түркістан өлкесі Сырария облысының ауыл шаруашылығын бір жақты емес, көп түрлі ете алды. Өйткені табиғи, климаттық жағдайдың әсерінен аталған өлкенің ауыл шаруашылығы саласындағы сауда, айырбас жүйесі де әртүрлі бағыттарда қалыптасты.

Түркістан өлкесі Сырдария облысының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы ауыл шаруашылығының даму ахуалы бүгінгі отандық тарихнаманың өзекті тақырыптарының бірі деп айта аламыз. Оның себебі біз жоғарыда атап өткендей ауыл шаруашылығындағы капиталистік қатынастардың генезисі, патшалық Ресейдің орталық аудандарымен байланысы, аталған өлкедегі аграрлық қатынастар мен патша үкіметінің отарлық саясатының ауыл шаруашылығына әсері сияқты өзекті мәселелерге жауап беруге болады.

**Әдістеме.** Мақалада тарих ғылымына белгілі ғылыми әдістер қолданылып, бірқатар ғылыми принциптер басшылыққа алынды. Атап айтқанда тарихилық және объективтілік принциптері қолданылды. Қарастырып отырған тақырыпты біз сол тарихи кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, талдауға тырыстық. Объективтілік принципіне сай мәселені жағымды және жағымсыз жақтарын қатар талдап, шынайылығы жоғары тұжырымдар жасалды. Мақала барысында ретроспективтілік әдісі қолданылды.

Әдіске сай біз Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығының даму қарқынын бірнеше тарихи кезеңдердегі сипатын қатар аша алдық. Сонымен қатар жалпыдан жалқыға өту әдісіне де назар аударылды. Түркістан өлкесі Сырдария облысына қатысты жалпы мәліметтер бере келе, нақты ауыл шаруашылығының даму қарқынына баға берілді.

**Талқылау.** Мақала барысында деректік маңызы жоғары бірқатар құжаттар мен еңбектер пайдаланылды. Олардың «Обзор Сыр-Дарьинской области», «Положение об управлении Туркестанским краем», «Переселенческое дело Туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская): отчет по служебной поездке в Туркестан осенью 1910 г. чиновника осбых поручений при Переселенческом Управлении Н. Гаврилова», А.И. Добромысловтың «Туркестанский календарь на 1896 год», А.И. Шахназаровтың «Сельское хозяйство в Туркестанском крае», Н.Н. Александровтың «Земледелие в Сырдарьинской области», А.И. Демидовтың «Экономические очерки хлопководство, хлопковой торговли и промышленности Туркестана», В.И. Масальскийдің «Хлопковое дело в Средней Азии и его будущее» атты еңбектері бар. Аталған еңбектердегі мәліметтер біздің тарапымыздан сыни талданып, негізгі тұжырымды ойлары басшылыққа алынды.

**Нәтижелер.** XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағындағы шаруашылық түрлері жергілікті жердің ерекшеліктеріне сай қалыптасты. Дегенмен белгілі бір дәрежеде аталған аймақтағы шаруашылық түрлерінің қалыптасуына сыртқы факторлар да әсер етіп отырды. Атап айтқанда қалалы жерлердегі тоқыма өндірістерінің қажеттілігіне байланысты мақта егу кәсібі кең ауқымда дами бастады. Мақта шаруашылығының кең көлемде қолға алынып, дамыған уақыттарының бірі де дәл біз қарастырып отырған хронология шеңберіне жатады. Сырдария облысының шаруашылық істерін ұйымдастырудағы басты ерекшеліктерінің бірі – отырықшы және көшпелі аудандарды да біріктіруінде болып табылады. Өйткені облыс аумағында отырықшылыққа бейімделген шаруашылық түрлерімен қатар, көшпелі мал шаруашылығын да ұстанатын тұрғындар көптеп кездесті. Жалпы Сырдария облысының жер көлемі 356, 200 шаршы шақырымды құрады. Түркістан өлкесінің 61% дәл осы Сырдария облысына тиесілі болды. XIX ғасырдың аяғында Сырдария облысы аумағына Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск сияқты уездер кірді. Сонымен қатар 1872 жылға дейін Сырдария облысы аумағында Жизак, Ходжент сияқты уездер де болған еді. Рас кейіннен кейінгі аталған екі уезд Самарқанд облысына кірді. 1886 жылға дейін Сырдария облысына Түркістан уезі де кірген еді. Алайда бұл уезд кейіннен Шымкент уезінің құрамына қосылған болатын.

XIX ғасырдың соңына қарай Сырдария облысы аумағында тұратын тұрғындардың жалпы саны туралы мағлұмат нақты емес. Шамамен алғанда XIX ғасырдың аяғында Сырдария облысы аумағында 675 мың адам тұрды деген мәліметтер кездеседі. 1885 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда облыс халқының саны 1 миллион 212 мың 600 адамға өскен. Олардың 345 100 отырықшы болса, 645 358 адам көшпелі өмір салтын ұстанған [1, с. 58-9]. Тұрғындардың ұлттық құрамы бір текті болған жоқ. Облыстың солтүстік өңірі егін шаруашылығына қолайлы десек, бұл жерлерде өзбектердің басымдылығы байқалды. Шымкент және Әулиеата уездерінде өзбектердің саны 1868 жылғы статистикалық мәліметтерге сай 19 мың шамасындағы адамдар болса, 1885 жылы 48,5 мың адамға өсті. Демек 17 жылдың ішінде екі жарым есеге өскені байқалады [2, с. 30]. Отырықшы және көшпелі тұрғындардың санын салыстырмалы талдау арқылы облыстағы шаруашылық басымдылықты байқауға болады. Демек көшпелі мал шаруашылығы үстемдік етті деп айта аламыз.

Түркістан өлкесінің Сырдария облысы экономикалық тұрғыдан дамуы әлсіз аграрлы аймақ болды. Кеңестік тарихнамада Түркістан өлкесінің Сырдария облысы тұрғындары орыс халқының шаруашылық жүргізу тәсілін басшылыққа алып, отырықшы болуға ұмтылды деген түсінік қалыптасқан. Әрине бір жағынан мұндай пікірдің болуы да заңды. Алайда сан ғасырлар көлемінде қалыптасқан шаруашылық түрінен жергілікті халық бірден бас тартуы қиын мәселе. Сол себепті Түркістан өлкесінің Сырдария облысы тұрғындары мен қоныс аударған шаруалар арасындағы байланыстарды тек айырбас әрі бірін бірі толықтырушы шаруашылық негізде ғана жүзеге асып отырды. Толыққанды отырықшылыққа негізделген шаруашылық кейінгі жылдары ғана іске асты. Дегенмен XIX ғасырдың аяғында белгілі бір дәрежеде жергілікті тұрғындар арасында жаппай болмаса да, ішінара егіншілік кеңінен танымал шаруашылық бола түскені байқалады. XIX ғасырдың II жартысынан бастап айырбасқа негізделген сауда жүйесі дами бастады. Ақша бірлігі ретінде үш жасар қой қолданыста болды. Осы жылдары мұндай қойдың бағасы 3 және 4 сом аралығында бағаланды. Уақыт өте келе мұндай айырбас сауда жүйесі өз маңыздылығын жойып, оның орнына тауар-ақша қарым қатынастары ене бастады. Нәтижесінде өлкеде жәрмеңке сынды сауда қатынас түрлері пайда болды. Олардың сауда айналымдары да әр түрлі болды. Мысалы Перовсктегі жәрмеңкенің сауда айналымы 1863 жылы 3645 сом және 15 тиынды құраған болатын. Одан бөлек өлкеде Ташкент және

Әулиатадағы жәрменкелер де ерекше сұраныста болды. Жәрменке – тек сауда байланыстар ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылардың өзара қызығушылықтарын бір мүддеге тоғыстыратын байланыс құралы да болды. Осылайша Сырдария облысы аумағында ішкі және сыртқы сауда қатынастары дами бастады. XIX ғасырдың соңында Сырдария облысының отырықшы аудандарынан 10 миллион пұт астық далалы аймақтарға сатыла бастады. Бидайды жеткізуші уездердің қатарында негізінен Әулиеата мен Шымкент болды. Ташкент уезді бидаймен қатар, негізінен күріш, жемістер мен жидек, сондай ақ қақталған жеміс өнімдерін жеткізумен айналысты. Далалы аудандар өз кезегінде мал және мал өнімдерінің жеткізушілері саналды. Оның ішінде тері өнімдері де отырықшы аудан тарапынан ерекше сұраныста болған еді [3, с. 15].

Сырдария облысының шаруашылық істері тек мал және егін шаруашылығынан ғана тұрған жоқ. Сонымен қатар ішінара дамуы байқалған өндіріс орындары да жұмыс жасады. Ірі өндіріс орындарын айтпағанда он адамнан тұратын ұсақ өндірістер де болды. 1885 жылғы статистикалық көрсеткіштерге сай Сырдария облысы аумағында 32 фабрика мен зауыттар жұмыс жасап тұрды. Бұл өндіріс орындарында 545 шебер қызмет етті. Осы отыздан астам фабрика мен зауыттардың табысы 891 мың сомды құрады. Сырдария облысы аумағында жұмыс жасап тұрған ұсақ өнеркәсіптердің жалпы саны 1608-ді құрады. Мұндағы шеберлердің жалпы саны 3 мыңнан асты. Ұсақ өндіріс орындарының жалпы бір жылдық табысы 591 мыңнан астам қаражатты құрады [4, с. 52].

Сырдария облысы аумағына темір жол тораптары тартылғаннан кейін шаруашылық істердің де келбеті өзгерді. Бұл әрине өндіріс орындарының дамуына оң ықпал етті. Тіпті ауыл шаруашылық өнімдерінің де сауда істеріне белсенді тартылып, оның таралым аймағының өсуіне де ықпал етті. Осы ретте атап өтетін бір жайт, мақта өндіретін зауыттарға артықшылықтар берілді. Бірақ қаншалықты назар аударылып, қажеттілік сезілгенімен Сырдария облысында салынған теміржолдар өлкенің өндірістік әлеуетін бірден арттырып жіберді деген шындыққа жанаспайды. Алғашқыда теміржолдар және олардың бойындағы елді-мекендер белгілі бір дәрежеде даму мүмкіндіктеріне ие болғанымен, толыққанды шиеленіскен мәселені шешіп бере алмады. Өйткені теміржолдардың салынуының отарлық мәні көп болды. Өлкенің шикізаттарын тасу міндеті айқын сезілді. Сол себепті де тіпті қолға алынған және барлық даму жағдайы жасалған мақта өндірісінің өзі толыққанды жүзеге аспай қалды. Тек шикізат көзі ретінде пайдалану тиімді болды. Мұндай тарихи сабақтастық кейіннен большевиктер саясатынан да байқаймыз. Жалпы отар елдің белгілі бір дәрежеде дамып, индустриалды елге айналуы отарлаушы ел үшін керек емес. Мұндай заңдылық қазақ жерін де айналып өтпеді. Ал қалыптасқан жағдайға сай Түркістан өлкесі, соның ішінде Сырдария облысында өндіріс орындарын дамытудың артықшылықтары көп еді. Ең алдымен ол үшін барлық шикізат көздері толықтай жеткілікті еді. Екіншіден Сырдария облысы аумағында өндіріс орындарын дамыту арқылы жақын жатқан аймақтарға дайын өнімдерді сату мүмкіндігі артатын еді. Қарастырып отырған жылдары Орта Азия жерлерінің барлығы да мұндай өндіріс орындарының өнімдеріне мұқтаж болатын. Үшіншіден ауыл шаруашылығы саласындағы тауар өндірісі өсіп, өлкенің әлеуметтік және экономикалық даму қарқыны да артатын еді [5, с. 71]. Алайда патшалық Ресей Сырдария облысы аумағында ауыл шаруашылығын дамытуға аса бір қызығушылық таныта қоймады. Әрине Сырдария облысына тән шаруашылық түрлерін қоныс аударға орыс шаруалары игеріп кете алмады. Соның бірі біз жоғарыда атап өткен мақта шаруашылығы болды. Оған қоса патшалық Ресей өлкенің ауыл шаруашылығы саласын дамыту ісіне қаражат салғысы да келмеді. Керісінше өлкені «орыстандыру» саясатына назар да жақсы аударылып, қаражат та көп жұмсалды. Рас XIX ғасырдың II жартысында Түркістан өлкесі, Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығына көңіл аударыла бастаған еді. Мысалы Ф. Гирс «Түркістан өлкесін суару жүйесімен қамтамасыз ету аса маңызды. Осы бағытта үкімет тиісті қаражат бөлуі тиіс. Суармалы жердің көбеюі Ресей үшін де аса маңызды. Сол себепті де үкімет суару жүйесі жоқ жерлерді жеке адамдар мен қоғам мүшелеріне беруі тиіс. Олар арық қазып, суару жүйесін қалпына келтіргенше 3 және 10 жыл көлемінде салықтан босатуы тиіс. Белгіленген мерзім аяқталған соң, өзге аймақтар сияқты салықтары мен алымдарын төлеп бастайды» деген болатын [6, с. 60]. Алайда Ф. Гирстің бастамасы үкімет тарапынан қолдау таппады. Оның себептерін біз жоғарыда атап өттік. Бұл бастама әсіресе Сырдария облысы аумағындағы шөлді аймақтарды игеру тұрғысынан өте маңызды еді. Белгілісі сол патшалық Ресей Сырдария облысы аумағында осы сынды шөлді аймақтарды игеру ісіне жеке адамдардың қаражатын араластырмады. Мұндай маңызды істерді тек мемлекеттің қаражатына жүзеге асыру ісі жоспарланған. Түркістан өлкесі, Сырдария облысының шаруашылық істерін дамыту үшін мемлекет тарапынан қаражаттың бөлінуі расымен де аса маңызды еді. Ол турасында генерал А.Б. Вревский «Түркістан өлкесі томаға тұйық өмір сүріп жатқан аймақ. Тұрғындардың шаруашылығы тек өздерін ғана қанағаттандыруға бағытталған. Өлкенің қолайлы табиғи жағдайына қарамастан сырттан қаржыландырмаса ауыл



шаруашылығы дамып кетуі екіталай. Теміржолдарды өлкенің барлық аймақтарына тартып, жерлерді суару жүйесімен қамтамасыз етуіміз керек. Тек мол шығындар арқылы ғана ауыл шаруашылығын толыққанды дамытуға болады» деген болатын [7, с. 81]. Тек ХХ ғасыр басынан бастап қана Түркістан өлкесін әкімшілік және экономикалық тұрғыдан басқару жүйесін өзгерту туралы шаралар қолға алына бастады. 1905 жылы белгілі зерттеуші А.Ф. Губаревич Родабыльский Түркістан өлкесін басқарудың жаңа жобасын ұсынған болатын. Жобаға сай Отарлаушы Кеңес құрылып, оның құрамына тұрақты комитет те жұмыс жасауы тиіс болды. Оның мүшелері өлкедегі саяси және әкімшілік басқарумен қатар, шаруашылықтың барлық түрлерін дамыту ісіне көңіл аударатын болады деп санады. Бір қызығы бұл жоба бойынша Кеңестер құрамына жергілікті тұрғындар арасынан да мүшелер тағайындалуы тиіс саналды. Кеңестің 1/3 мүшесі жергілікті халықтан тағайындау арқылы өлкені басқару ісіне тартып қана қоймай, өздері жақсы білетін шаруашылық түрлерін дамытудың да жоспарын даярлауы тиіс еді. Сонымен қатар Отарлаушы Кеңес белгілі бір дәрежеде генерал-губернатордың өлкені басқару ісін жеңілдетеді деп есептелді. Әсіресе шаруашылықты ұйымдастыру, суару жүйесі сияқты өзекті мәселелерді шешеді делінді.

Жалпы Түркістан өлкесі Сырдария облысын басқару ісінің ауыл шаруашылығына әсері мол болды. Өйткені ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесінің Канцеляриясы облыстар арасындағы байланыстардың күшеюіне ерекше көңіл аудара бастады. Ең бастысы облыстар арасындағы байланыстар алдымен тұрғындар өздерінің шаруашылық өнімдерімен бөлісуі, бір бірінің қажеттіліктерін өтеуі тұрғысынан маңызды еді. Мысалы мақта және түрлі жемістер, жидектер өсірумен шұғылданатын аймақтарда жайылымдық жерлер өте аз. Сол себепті мал шаруашылығы өнімдерін Сырдария облысының өзге де уезд тұрғындары беруі тиіс саналды. Алайда ХХ ғасыр басындағы мәліметтерге қарасақ облыс аумағындағы шаруашылық ерекшеліктерді ескере отырып, тұрғындарға қол жетімді бағада ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу ісі әлі де болса толыққанды шешілмегендігін байқаймыз. Мысалы 1912 жылы жер шаруашылығы министрі А.В. Кривошеиннің мәліметтеріне қарағанда Түркістан өлкесіндегі ауыл шаруашылық өнімдері қымбат бағада сатылып келген. Мысалы бір пұт астықтың құны 1 сом 50 тиынды құраса, осыған дейін бір астықты тұрғындар 45 тиынға алып келгендігі айтылады [8, 69 p.].

Жалпы Түркістан өлкесі Сырдария облысы мал шаруашылығы және ішінара дәнді дақылдар өсіруге бейімделген аймақ болып табылады. Егін шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың жерге иелігінің де өзіндік ерекшеліктері болды. 1886 жылы қабылданған Ережеге сай Сырдария облысы тұрғындарының жер иеленуінің өзіндік тәртібі қалыптасты. Нақтырақ айтқанда жерге жеке меншіктің үш түрі бекітілді:

- Адамдардың тек өздеріне тиесілі жерлері. Мұндай жерлер көбінесе суармалы болды да, оның көлемі үлкен бола қойған жоқ. Мысалы Ферғана облысында 5 десятина, Самарқанд облысында 7 десятина, ал Сырдария облысында 10 десятина жерден болды;

- Мемлекеттік жерлер. Мұндай жерлер көшпелілерге, өздерінің шаруашылық істерін жүргізу үшін берілді;

- Вақфтық жерлер. Мұндай жерлер мешіт пен медреселерге тиесілі болды [9, с. 26-38].

Сырдария облысы және бүтіндей Түркістан өлкесіндегі ірі жер иелену дәстүрінің болмауының басты себептерінің бірі де дәл осы ұсақ жер шаруашылықтарының дамуы деп саналады. Ұсақ жерлерге иелік етіп отырғандар ауыл шаруашылығының барлық түрлеріне басымдылық берді. Олардың қатарында ұсақ жеміс-жидектермен қатар, егін шаруашылығы, мақта өсіру және тағы да басқа суармалы жерлер мүмкіндік беретін дәнді дақылдардың барлығы да өсірілді. Сөзсіз ауыл шаруашылығының бұл түрі үлкен еңбекті талап етті. Сол себепті де егін шаруашылығына басымдылық берілген аудандарда ірі жер иеліктерін меншіктеп, оларды өңдеумен айналысатындар бола бермеді. Салыстырмалы түрде алғанда Түркістан өлкесіне қарасты облыстардың ішінде Сырдария облысында жеке адамдардың жер иеліктері үлкен саналды. Жоғарыда атап өткеніміздей оның көлемі 10 десятинаға жетіп отырды.

Түркістан өлкесі Сырдария облысының ХІХ ғасырдың аяғы және ХХ ғасыр басындағы ауыл шаруашылығының даму ахуалында байқалатын маңызды мәселелердің бірі – суару жүйесі болып табылады. Аталған аймақта ауыл шаруашылығына қажетті суару жүйесі мәселесі өте өзекті болды. Бұл бір жағынан Сырдария облысы аумағындағы жаңа жерлерді игеруге де мүмкіндік беретін еді. Ал жаңа жерлерді игеру болса патша үкіметінің отарлау саясатымен тығыз ұштасып жатқан еді. Түркістан өлкесінің суару жүйесіне қатысты алғашқы генерал-губернаторы болған К.П. Кауфман: «Өлкені отарлау саясаты, жаңа территорияларға иелік ету мәселесі суару жүйесін даярлау ісімен қатар жүруі тиіс» деген болатын. Демек жаңа территорияларды игеру патша үкіметінің саяси үстемдігін де ұлғайта түсті деп айта аламыз. Әрине саяси үстемдік өз алдына жеке мәселе. Саяси үстемдікпен қатар патша үкіметі Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағында егіншілік алқаптарын ұлғайту, сол арқылы экономикалық тұрғыдан пайда табу мәселесін де назардан тыс ақлдыңрмады. Суармалы жүйені дамытпаса егістік алқаптарынан мол пайда

табамын деген ойдың өзі дұрыс емес еді. Ф. Гирс те «Түркістан өлкесі сусыз ештеңе де өндіре алмайды. Суды дұрыс реттеу арқылы халыққа бере алсақ, тұрғындарды жайлы өмірмен қамтамасыз ете аламыз. Суармалы жүйенің маңыздылығын халық осыған дейін де білген, қазір де түсінеді. Сол себеп себепті де суармалы жүйе Түркістан өлкесінде халықтық сипаттағы маңыздылыққа ие болып отыр» деген болатын [10, с. 23]. Бір ерекшелігі Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағында егістік алқаптарын суару жүйесі әкімшіліктің құзырындағы мәселе болды. Ол әсіресе К.П. Кауфманның тұсында шыққан ережеге сай ұйымдастырылып, аймақтарға су бөлу ісін отарлаушы үкімет өзі шешіп отырған. 1882 жылы генерал-губернатор М.Г. Черняев суару жүйесіне қатысты өзіне дейін жұмыс жасап келген барлық заңдар мен ережелердің күшін жойды да, 1886 жылғы Ереже бойынша арықтар мен өзендер және көлдерді суармалы жүйе ретінде қолдану ісі дәстүр бойынша жүретіндігі аталып өтті [11, с. 36]. Осы Ережеге сай 1888 жылы су жүйесін қолдану ісі бойынша нұсқаулық шығып, уезд басшылығы суару жүйесіне жауапты ақсақалдарды тағайындады.

Патшалық Ресей Сырдария облысын және бүтіндей Түркістан өлкесін мол пайда әкелетін шаруашылықтық аймаққа айналдыруды көздеді. Рас аталған аймақ ауыл шаруашылығының барлық түрін өндіре алуымен ерекшеленеді. Бау-бақша мен дәнді-дақылдарды егу ісімен қатар, мақта өсіру шаруашылығына үлкен мән берілді. Патшалық әкімшілік ауыл шаруашылығы өнімдерімен қатар, әсіресе мақта шаруашылығынан мол пайда табу жоспары болғаны да жасырын емес. Тек Түркістан өлкесі немесе Қазақстанның өзге аймақтары ғана емес, Ресейдің ірі өндіріс орындары да Түркістан өлкесі Сырдария облысында өсірілетін мақта өніміне аса мұқтаж болды. Бір атап өтетін жайттың бірі осы қарастырып отырған кезеңде Ресей белгілі бір дәрежеде Америка мақта шаруашылығына кіріптар еді. Міне Түркістан өлкесі, соның ішінде Сырдария облысы аумағында мақта шаруашылығын дамыту арқылы Америка мақтасына деген осы мұқтаждықты жойғысы келді [12, с. 81]. Ресейде орналасқан зауыттар мен фабрикалар да Түркістан өлкесінен келетін мақтаға аса зәру болды. Агроном Н. Малаховский өзінің еңбегінде төмендегідей мәліметтер береді: «Мақта Түркістан өлкесінің негізгі келбетіне айналды. Ферғана, Самарқанд және Сырдария облыстары аумағында мақта шаруашылығын дамытуға тұрғындардың өздері де мұқтаждық танытты. Мысалы 1906-1907 жылдары жалпы Түркістан өлкесінен 160 миллион сом көлеміндегі ауыл шаруашылығы тауарлары әкетілсе, соның 135 миллионы мақта шаруашылығы өнімдерімен байланысты» деген болатын. Тіпті патшаның жергілікті отарлаушы аппараты мақта шаруашылығы арқылы өздеріне кеткен шығындарды ақтағысы да келгені байқалады. Ол үшін де Түркістан өлкесіне өздерін ұстау үшін жұмсалып жатқан қаражаттың өтемі бар екендігіні сездіру үшін жергілікті тұрғындардың мақта өсірумен айналысатындарды қолдап та отырды. Тіпті жергілікті және орталық үкіметтік мерзімді басылымдардан Ресей империясы үшін маңыздылығын ашатын арнайы мақалалар да жазылып тұрды. Демек мақта шаруашылығын Ресей өндірісі үшін ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындардың ауыл шаруашылығы үшін де өте ерекше маңызға ие бола бастады. Алайда Түркістан өлкесінде мақта шаруашылығын одан әрі дамыта түсу үшін көп жұмыс жасалуы тиіс еді. Жергілікті тұрғындарды мақта шаруашылығына қойылатын жаңа талаптарды оқытумен қатар, оның тұқымын да жақсарту керек болды. Рас XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Түркістан өлкесінде өсірілетін мақтаның сапасы шетелдік мақталарға қарағанда өте төмен болды. Сол себепті әлемдік нарықта сұранысқа ие болып отырған америкалық тұқымға басымдылық берілді. 1884 жылы «Upland» деп аталатын тұқым түрі егілген болатын. Ендігі кезекте Түркістан өлкесінің ежелден мақта шаруашылығын кәсіп еткен тұрғындар ғана емес, қоныс аударған шаруалар, көпестер мен тіпті шенеуніктер де мақта егумен айналыса бастады. Мақта өсіріп, мол пайда табамыз деген арман барлығына таралды. Сол жылда-ры мақта Түркістан өлкесінің суармалы жерлерінің барлығына егілді деген мәлімет те бар [7, с. 42-43].

Мақта шаруашылығына империя көлемінде мән берілгендіктен Самарқандқа дейін теміржол салынды. Алайда мақта шаруашылығына деген өте жоғары сұраныс Түркістан өлкесі, соның ішінде Сырдария облысының инфрақұрылымын жақсартуға қоймады. Тек алып-сату жүйесін ғана белсенді етіп, қызу сауда қатынастарын дамыта алды. Суармалы жерлердің бағасы да күрт артты. Ол турасында жергілікті агроном А.Шахназаров: «мақта шаруашылығына арналған жерлердің құны қатты қымбаттаған. Мысалы Ферғана облысында десятинасы 200-300 сомды құраса, Сырдария облысында бір десятина жер 150-200 сом тұрады» деген мәліметтер келтіреді [4, с. 62]. Әрине мақта шаруашылығы Сырдария облысы аумағында жаңа қарқынмен дамып, одан пайда табамыз деген тұрғындардың санының артуы жағымды іс. Алайда қарастырып отырған кезеңде облыс аумағында бидай өсіру ісі тежеле бастады. Бұл өз кезегінде облыс аумағындағы нан тапшылығын тудырды. Патша үкіметінің шенеуніктері өздерінің шаруашылық істерді ұйымдастыруда қателік жіберді. 1901 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда бидайдың бір пұты 2 сом 50 тиынға дейін көтерілді. Салыстырмалы түрде алғанда бір пұт мақтаның құны 1 сом 80 тиынды

құраған болатын. Рас жекелеген жерлерде мақтаның бір пұты 2 сом 50 тиынға дейін барып отырды. Алайда мақта шаруашылығына дейінгі алғашқы қарқын азайғанын байқаймыз. Өйткені 1902 жылы мақта егу 100 мың десятинаға дейін азайып кетті. Демек алғашқы кезеңдегідей қарқын жоғала бастады. Орын алған жайттан шығу үшін түрлі шаралар қабылданды. Солардың бірі Орынбор және Ташкент аралығын қамтитын теміржол құрылысын бастау еді. Бұл теміржолдың салынуы бір жағынан нан тапшылығын жоюға көмектесе, екінші жағынан мақта шаруашылығына деген қызығушылықты қайта арттырды. Теміржолдың салынуы, мақта өніміне деген жоғары сұраныс, тұрғындардың ерекше қызығушылығының болуы сияқты маңызды факторлар болды. Алайда бұл факторлар мақта шаруашылығы немесе мақта өсіру ісін арзан кәсіп түрі ете алмады [13, с. 87].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Түркістан өлкесі Сырдария облысының тұрғындары арасында үйреншікті ауыл шаруашылық түрлерімен қатар, өзге де техникалық өсімдіктер егу ісі де қолға алынды. Мысалы Сырдария облысының Ташкент уезінде қант қызылшасы, темекі және тағы да басқа өндірісте қолдануға болатын өсімдіктер өсіру ісі дами бастады. Оған қоса ежелден дамып келе жатқан бағбаншылық, жүзім, ұсақ жеміс егу ісі де қарқынды дамыды. Өсіресе Ташкент уезі бұл тұрғысынан алда болды.

Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман өзіне берілген аймақтың шаруашылықтық әлеуетінің жоғары екендігін жақсы түсінді. Әрине ең алдымен ол Түркістан өлкесінің жаңа жерлерін игеру арқылы патшалық Ресейдің өлкедегі үстемдігін нығайтуға болатындығына сенді. Дегенмен оның мұндай әрекеті Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығының дамуына және тың бағыт алуына жағдай жасады деп санаймыз. Рас Сырдария облысы және бүтіндей Түркістан облысының өзіндік ерекшеліктері бар аймақ. Өзге де генерал-губернаторлықтармен салыстырғанда Түркістан өлкесі адамдардың тығыз орналасуымен ерекшеленеді. Сол себепті де орыс қоныс аударушыларын көптеп орналастыру өзге де аймақтармен салыстырғанда аса белсенді жүрмеді. Сонымен қатар қоныс аударған шаруалардың жергілікті халыққа қарағанда ауыл шаруашылығымен айналысуы соншалықты белсенді болмады. Өйткені жергілікті халық егіншілікке жарамды жерлердің барлығын пайдаланып, ауыл шаруашылығын тиісті дәрежеде игеріп отырған еді. Дегенмен Түркістан өлкесіне орыс қоныс аударушыларының келуі өз кезегінде ауыл шаруашылығының даму үрдістеріне белгілі бір өзгерістер әкелді. Басты өзгеріс қоныс аударушыларды жермен қамтамасыз етуде байқалды. Қоныс аударушылардың негізгі меңгерген шаруашылық түрі егіншілік болғандықтан оларды өзендер мен көлдер, орманды жерлерге орналастыру жоспарланды. Өз кезегінде мұндай шешім облыс аумағында егін шаруашылығы, жер өңдеу ісін кәсіп етіп отырған адамдарға экономикалық қиындықтар тудырды. Кеңестік тарихнамада қоныс аударушыларды жермен қамтамасыз ету барысында жергілікті тұрғындардың қолданыстағы жерлеріне тиіспеді деген пікір қалыптасқан. Өйткені қоныс аударушыларды орналастыру барысында жергілікті тұрғындар қолданбайтын жерлерді пайдаланды деген пікір айтады. Жалпы дәстүрлі қазақ қоғамында «артық жерлер» болмағаны анық. Көшпелі мал шаруашылығы үшін мерзімдік қоныс аударуға қажетті жерлер керек екені белгілі. Алайда бұл ерекшелік патша шенеуніктері тарапынан ескерілмеді. Нәтижесінде қоныс аудару саясаты ең алдымен мал шаруашылығы, оның ішінде көшпелі мал шаруашылығы үшін орасан зор шығын әкелді. 1910 жылы Сырдария облысының жергілікті тұрғындарының «артық жерлерін» алу туралы заң шыққан болатын. Мал шаруашылығына зиянын тигізетін бұл заңнан кейін Сырдария облысы тұрғындары арасында өзара келіспеушіліктер орын ала бастаған. Тіпті көшпелі мал шаруашылығын ұстанушыла мен қоныс аударушылар ғана емес, сонымен қатар егін шаруашылығымен айналысатын жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында да келіспеушіліктер, қақтығыстар да орын алып отырған. Соңғылардың қақтығысы негізінен суару жүйесіне қатысты еді. Әртүрлі шаруашылық түрлері арасында жер бөлу барысында да қателіктер жіберілді. Мысалы көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар өзендер мен көлдерге, жайылымдық жерлерге оңай жете алмады. Өйткені отырықшы аудардар мен көшпелілер арасындағы шекаралар жоспарсыз бөлінген болатын. Сол себепті де өзендер мен көлдер көшпелілер үшін қол жетімсіз дүниеге айналды. Империяның статисті болған А.А. Кауфман Сырдария облысы аумағында жер пайдаланудың ерекшеліктерін сипаттай келе, бір қызық жайттармен бөліседі. Мысалы орыс қоныс аударушылары өздеріне берілген жерлерді жергілікті қазақтардан өз еркімен емес, еркінен тыс тартып алған болатын. Сондықтан олардың арасында жергілікті қазақтардың заңды құқықтарымен санаспау сияқты ұстаным берік орнаған болатын. Қоныс аудару басқармасының шенеунігі Н.Гаврилов Сырдария облысы Шымкент уезінде жергілікті қазақ пен қоныс аударушы шаруа арасында дау пайда болғандығын айтады. Екеу арасындағы шекара бөлісу тәртібін зерттеген шенеунік қоныс аударушы шаруаның ісін теріс деп тауып, дауды жергілікті қазақтың пайдасына шешеді. Сол кезде қоныс аударушылар патша қоныс аударушы-ларына қарсы дауды қазақтар қалайша жеңеді деп ұзақ таңғалды деген мәліметтер береді [14, с. 23-32]. А.А. Кауфман көшпелі қазақтар мен қоныс

аударушы шаруалар арасындағы шекара бөлісудің әртүрлі жолдарын атап өтеді. Көшпелілер үшін дала ең алдымен мал шаруашылығына қажетті кеңістік болды. Көшпелі мал шаруашылығын ұстанушылар үшін территориялар арасындағы шекараны сақтау өте қиын болды немесе жайылымдық жердің кеңдігі аса маңызды болды. Керісінше қоныс аударушы шаруалар шекараның сақталуы және оның бұзылмауы сияқты факторларға басымдылық берді. Міне жер иеленудегі екі түрлі ұстаным ерте ме кеш пе қақтығысқа алып келетін еді. Көшпелі мал шаруашылығын ұстанушы қазақтар қоныс аударушылардың егістік территориясына кіріп кеткен жағдайда түрлі айыппұлдар салынды. Мұндай жайттар сөзсіз жергілікті халық пен қоныс аударушылар арасында түсініспеушілік сияқты жайттарды тудырып отырды.

Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағына көшірілген қоныс аударушылар көп жағдайда шаруашылық істерін жүргізуді жергілікті тұрғындардан үйренді. Алайда кеңестік тарихнамада қоныс аударушылар жергілікті халыққа егін егу мәдениетін үйретті деген жалған пікір қалыптасқан болатын. А.А. Кауфманның XX ғасыр басында Түркістан өлкесінде іс сапарда болып, оның қорытындысы бойынша жазған есебінде алғашқы қоныс аударушылар жаңа жерге келгенде оны игеру үшін көп нәрсені үйренуі тиіс болғандығын атап өтеді. Міне жергілікті жердің ерекшеліктері мен егістік егудің қыр-сырын жергілікті тұрғындардан үйренгендігі туралы мәліметтер береді. Тіпті жағдайы бар қоныс аударушылар суару жүйесін ретке келтіру үшін жергілікті қазақтарды жалдаған [15, с. 17]. Сөзсіз мұның өзі жергілікті Сырдария облысы қазақтарының тек көшпелі мал шаруашылығы ғана емес, сонымен қатар егіншілікті де жан-жақты игере алғандығының көрсеткіші болып табылады.

**Қорытынды.** Сонымен қорытындылай келе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Түркістан өлкесі Сырдария облысындағы ауыл шаруашылығының даму үрдісі бір жақты болмаған. Түрлі бағытта дамып, өлкенің әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосты. Сырдария облысы бірнеше уездерден тұрғындығы анықталды. Ең бастысы облыс құрамына кіретін уездер өздерінің табиғи-климаттық жағдайына қарай ауыл шаруашылық түрлеріне басымдылық берді. Облыс аумағының басым көпшілігін көшпелі мал шаруашылығын ұстанатын жергілікті халық құрады. Сонымен қатар егіншілік те ерекше сұраныста болды. Дәнді дақылдар егу ісі және бақша, жеміс-жидектер, мақта шаруашылығы да заман ағымына сай дамыды. Жергілікті халық мал шаруашылығын игеруде мол табыстарға жетті. Егіншіліктің дамуында да жергілікті халықтың үлесі жоғары болды. Осы ретте Сырдария облысы аумағына қоныс аударған шаруалар егіншіліктің дамуына үлес қосқанымен, ол шешуші әсерге ие болған жоқ деп нақты қорытынды жасаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Обзор Сыр-Дарьинской области. – Ташкент: Сыр-Дарьинский областной статистический комитет, 1893. – 225 с.*
2. *Добромыслов А.И. Туркестанский календарь на 1896 год. – 1896. – 97 с.*
3. *Алимов А. Развитие торговых отношений в Туркестане (конец XIX – начало XX вв.). – Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ташкент, 1971. – 39 с.*
4. *Шахназаров А.И. Сельское хозяйство в Туркестанском крае. – Санкт-Петербург, 1900. – 186 с.*
5. *Александров Н.Н. Земледелие в Сырдарьинской области. – Ташкент, 1918. – 256 с.*
6. *Алимджанов Б.А. Экономическая политика Российской империи в Туркестанском генерал-губернаторстве (вторая половина XIX – начало XX вв.). – Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Санкт-Петербург, 2016. – 376 с.*
7. *Демидов А.И. Экономические очерки хлопководство, хлопковой торговли и промышленности Туркестана. – Москва: 1926. – 248 с.*
8. *Brower D. Turkestan and the Fate of the Russian Empire. – London: Routledge Curzon, 2003. – 213 p.*
9. *Савицкий А.П. Поземельный вопрос в Туркестане (В пректах и законах 1867-1886 гг.). – Ташкент, 1963. – 152 с.*
10. *Черданцев Г.Н. Водное право Туркестана в его настоящем и проектах ближайшего будущего. – Ташкент, 1911. – 134 с.*
11. *Положение об управлении Туркестанским краем. – Санкт-Петербург: Государственная типография, 1886. – 53 с.*
12. *Масальский В.И. Хлопковое дело в Средней Азии и его будущее. – Санкт-Петербург, 1892. – 166 с.*
13. *Понятовский С. Опыт изучения хлопководство в Туркестане и Закаспийской области. – Санкт-Петербург: Кирибаум, 1913. – 171 с.*

14. Переселенческое дело Туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская): отчет по служебной поездке в Туркестан осенью 1910 г. чиновника особых поручений при Переселенческом Управлении Н. Гаврилова. – Санкт-Петербург, 1911. – 87 с.

15. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края: отчет члена Ученого Комитета А.А. Кауфмана по командировке летом 1903 г. – Санкт-Петербург, 1903. – 38 с.

References:

1. *Obzor Syr-Dar'inskoj oblasti.* – Tashkent: Syr-Dar'inskij oblastnoj statisticheskij komitet, 1893. – 225 s.
2. *Dobromyslov A.I. Turkestanskij kalendar' na 1896 god.* – 1896. – 97 s.
3. *Alimov A. Razvitie torgovyh otnoshenij v Turkestane (konec XIX – nachalo HXH vv.).* – Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Tashkent, 1971. – 39 s.
4. *Shahnazarov A.I. Sel'skoe hozyajstvo v Turkestanskom krae.* – Sankt-Peterburg, 1900. – 186 s.
5. *Aleksandrov N.N. Zemledelie v Syrdar'inskoj oblasti.* – Tashkent, 1918. – 256 s.
6. *Alimdzhanov B.A. Ekonomicheskaya politika Rossijskoj imperii v Turkestanskom general-gubernatorstve (vtoraya polovina XIX – nachalo XX vv.).* – Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Sankt-Peterburg, 2016. – 376 s.
7. *Demidov A.I. Ekonomicheskie ocherki hlopkovodstvo, hlopkovoj torgovli i promyshlennosti Turkestana.* – Moskva: 1926. – 248 s.
8. *Brower D. Turkestan and the Fate of the Russian Empire.* – London: Routledge Curzon, 2003. – 213 p.
9. *Savickij A.P. Pozemel'nyj vopros v Turkestane (V prektah i zakonah 1867-1886 gg.).* – Tashkent, 1963. – 152 s.
10. *Cherdancev G.N. Vodnoe pravo Turkestana v ego nastoyashchem i proektah blizhajshchego budushchego.* – Tashkent, 1911. – 134 s.
11. *Polozhenie ob upravlenii Turkestanskim kraem.* – Sankt-Peterburg: Gosudarstvennaya tipografiya, 1886. – 53 s.
12. *Masal'skij V.I. Hlopkovoe delo v Srednej Azii i ego budushchee.* – Sankt-Peterburg, 1892. – 166 s.
13. *Ponyatovskij S. Opyt izucheniya hlopkovodstvo v Turkestane i Zakaspijskoj oblasti.* – Sankt-Peterburg: Kirshbaum, 1913. – 171 s.
14. *Pereselencheskoe delo Turkestanskom krae (oblasti Syr-Dar'inskaya, Samarkandskaya i Ferganskaya): otchet po sluzhebnoj poezdke v Turkestan osen'yu 1910 g. chinovnika osbyh poruchenij pri Pereselencheskom Upravlenii N. Gavrilova.* – Sankt-Peterburg, 1911. – 87 s.
15. *K voprosu o russkoj kolonizacii Turkestanskogo kraja: otchet chlena Uchenogo Komiteta A.A. Kaufmana po komandirovke letom 1903 g.* – Sankt-Peterburg, 1903. – 38 s.

ЖАЛПЫ ТАРИХ  
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ  
GENERAL HISTORY

МРНТИ 03.09.55: НОВЕЙШАЯ ИСТОРИЯ (С XX в.)

УДК 94

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.009>

Dautova-Khan A.I. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD Candidate at Al-Farabi Kazakh National University, adjunct lecturer at the KIMEP University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [aida.dautova@gmail.com](mailto:aida.dautova@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0002-3341-1418>

THE RECRUITMENT PROBLEM FOR THE INDIAN CIVIL SERVICE OCCURRED DURING  
THE INTERWAR PERIOD

Abstract

This article discusses the problem of recruitment for the Indian Civil Service (I.C.S.) in the interwar period, specifically after World War I. The I.C.S. served as the administrative-bureaucratic organisation for British rule in India, with the district officer being the main protagonist in the British-Indian administrative structure. This article uses a critical literature review as its method, analysing several primary and secondary sources related to the issue of recruitment for the I.C.S. The article's primary goal is to contribute to the debate around the recruitment problem for the I.C.S. after WWI.

This paper explores the origins of the I.C.S. and how the recruitment system evolved. It discusses the challenges faced by the British officials in governing India due to the intricate social hierarchy and religious divisions in Indian society, as well as the problematic climate. The article concludes by discussing the Indianization of the I.C.S. after World War I and how the recruitment problem contributed to it. Finally, this article discusses the educational program and exam for the Indian Civil Service (I.C.S.) candidates during the British colonial period. Overall, the article provides insight into the education and recruitment process for the I.C.S. officers during the British colonial period.

**Keywords:** British Empire, district officers, training, recruitment, district administration, Indian Civil Service officers, British colonial administration in India

*А.И. Даутова-Кхан \*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD кандидаты,  
КИМЭП Университетінің адъюнкт-оқытушысы, Алматы, Қазақстан, E-mail: [aida.dautova@gmail.com](mailto:aida.dautova@gmail.com)*

## СОҒЫС АРАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ ҮНДІСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ МӘСЕЛЕСІ

*Аңдатпа*

Аталған мақалада соғысаралық кезеңде, соның ішінде Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Үндістан азаматтық қызметіне (ҰАҚ) жалдау проблемасы талқыланады. Британдық Үндістанның Британдық Империяны өркендетудің бірінші дәрежелі маңызы болды, және де осы өңірді басқару империялық беделді сақтау үшін шешуші мағынаға ие болды. Осы мақсат үшін Үндістандағы британдық басқарманың әкімшілік-бюрократиялық ұйымы болатын Үндістан Азаматтық Қызметі құрылды, ал округтық офицер британдық-үнді әкімшілік құрылымдағы бас әрекет етуші тұлға болды. Мақаланың негізгі мақсаты — Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін ҰАҚ-ға жалдау проблемасы жөніндегі пікірталасқа өз үлесін қосу. Аталған еңбекте қызмет офицерлерінің шыққан тегі, кадрларды іріктеу процесінің қалай өткені және жалдау жүйесінің қалайша дамығаны зерттеледі. Сондай-ақ еңбекте Британдық Үндістанды басқару кезінде британдық ресми тұлғалар тап болған проблемалар талқыланады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жалдау проблемасының Үндістан Азаматтық Қызметінің үндістандану процесіне әкеп соқтырғаны қаралады. Сонымен қатар Үндістандағы азаматтық қызметке кандидаттарға арналған білім беру бағдарламасы және емтихан талқыланады. Жалпы алғанда, мақала соғысаралық кезеңде Үндістан Азаматтық Қызметінің қызметкерлерін оқыту және жалдау процесі туралы түсінік береді.

**Кілт сөздер:** Британдық империя, жалдау проблемасы, отаршылдық басқару, әкімшілік басқару, кадрларды іріктеу процесі, Үндістан Азаматтық Қызметінің офицерлері, іріктеу, даярлық, Үндістан

*Даутова-Кхан А.И. \*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Соискатель на степень PhD в Казахском Национальном Университете им. аль-Фараби,  
адъюнкт-преподаватель Университета КИМЭП, Алматы, Казахстан  
E-mail: [aida.dautova@gmail.com](mailto:aida.dautova@gmail.com)*

## ПРОБЛЕМА РЕКРУТИНГА ДЛЯ ИНДИЙСКОЙ ГРАЖДАНСКОЙ СЛУЖБЫ В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД

*Аннотация*

В данной статье обсуждается проблема найма на Индийскую гражданскую службу (ИГС) в межвоенный период, в частности после Первой мировой войны. Британская Индия имела первостепенное значение в процветании Британской Империи, и управление этим регионом имело решающее значение для

поддержания имперского имиджа. Для этой цели была создана Индийская Гражданская Служба, которая была административно-бюрократической организацией британского правления в Индии, а окружной офицер был главным действующим лицом в британо-индийской административной структуре. Основная цель статьи — внести свой вклад в дискуссию вокруг проблемы найма в И.Г.С. после Первой мировой войны. В данной работе исследуется происхождение офицеров службы, как проходил процесс набора кадров и как развивалась система найма. Также в работе обсуждаются проблемы, с которыми сталкивались британские официальные лица при управлении Британской Индией. Рассматривается, как проблема вербовки после Первой мировой войны привела к процессу индианизации Индийской Гражданской Службы. Также обсуждаются образовательная программа и экзамен для кандидатов на гражданскую службу Индии. В целом, статья дает представление о процессе обучения и найма сотрудников Индийской Гражданской Службы в межвоенный период.

**Ключевые слова:** Британская империя, проблема найма, колониальное управление, административное управление, процесс набора кадров, офицеры Индийской Гражданской Службы, набор, подготовка, Британская Индия

**Introduction.** The British Empire established colonies far from their homeland, making it the largest among other colonial states. Consequently, British India was paramount regarding prosperity and reputation among its dependent territories. Managing this region was crucial for the empire's success, so they established the Indian Civil Service (I.C.S.). The I.C.S. served as the administrative-bureaucratic organisation for British rule in India, with the district officer being the main protagonist in the British-Indian administrative structure.

It's worth noting that the I.C.S. peaked at 1200 people and fell short of 1000 in years of the shortfall. Despite being a small group of only 1200 individuals, they were responsible for governing a population of approximately 353 million people.

Due to the intricate social hierarchy and religious divisions in Indian society, as well as the problematic climate, British officials had to develop unique methods for governing the colony. However, their specialised training and experience in administration provided stability for the empire. Additionally, the cultural and ideological aspects of the European members of the Indian Civil Service formed a cohesive community of British officers in India, which influenced their actions and values. This system was an essential part of their worldview, and the training of European officers was critical to the functioning of the Indian Civil Service. The ideology of British officials in India emerged during the formation of the Victorian imperial system in the latter half of the 19th century.

The intellectual environment in which bureaucrats spend their formative years significantly impacts how they respond to administrative challenges later. Which also applies to the British civil servants who governed India.

**Relevance of the topic:** Understanding the recruitment challenges faced by the Indian Civil Service (I.C.S.) during this time provides valuable insights into the complexities of colonial administration and India's evolving political and social landscape. Here are the key points highlighting the relevance of this topic:

**Colonial Administration Challenges:** The recruitment problem in the I.C.S. reflects the challenges faced by the British colonial administration in managing a vast and diverse country like India. It offers insights into the difficulties of governing a nation with various languages, cultures, and traditions.

**Nationalism and Political Awakening:** The interwar period was marked by a surge in Indian nationalism and political consciousness. Indians began demanding self-governance and representation in administrative services. The recruitment problem in the I.C.S. serves as a backdrop to the growing political awareness and aspirations of the Indian people.

**Impact on Indian Society:** The recruitment policies of the I.C.S. had a direct impact on Indian society. Discriminatory practices and limited opportunities for Indians in administrative services fueled discontent and social unrest. Understanding these dynamics provides context to the social challenges faced by Indians during that period.

**Historical Context for Modern India:** The recruitment issues in the I.C.S. paved the way for subsequent reforms and changes in India's administrative structure after gaining independence in 1947. Examining this historical problem helps us understand the foundations of modern Indian bureaucracy and the steps taken to create a more inclusive and representative civil service system.

**Ethical and Moral Implications:** The topic raises ethical questions about fairness, equality, and justice in recruitment. Analysing the recruitment challenges of the I.C.S. allows for a critical examination of the ethical considerations involved in colonial governance and its impact on a society's fabric.

**Materials and methods:** This article uses a critical literature review, analysing several primary and secondary sources when dealing with the issue of recruitment for the Indian Civil service. The main goal of this article is to contribute to the debate around the recruitment problem for the I.C.S. after WWI. Several research methods could

have been used in studying the topic of recruitment for the Indian Civil Service after World War I, including: 1. Historical research: This involves examining primary and secondary sources related to the topic. 2. Comparative analysis: This method involves comparing the recruitment before and after WWI. 3. Case studies: This approach involves analysing specific research papers regarding the topic and memoirs of the ex-I.C.S. officers to understand how the process of recruitment was influenced by the afterwards of the WWI and led to the Indianization of the Service. General historical analysis, induction, synthesis, deduction, and statistical methods form the basis of this article. In addition, the article provides specific and accurate documentation supporting every historical and theoretical conclusion.

**Discussion.** The problem of recruitment for the Indian Civil Service in the interwar period.

*Recruitment of candidates for the I.C.S. before and after the First World War.*

The origins of the Indian Civil Service lie in the East India Company, which ruled India from the 17th century till 1857, which the Crown liquidated after the Great Mutiny of 1857. On August 2, 1858, the British Parliament passed the Government of India Act, which transferred the reins of the government of India to the British Crown and created the India Office, headed by the Secretary of State for India. Members of the Indian Civil Service were appointed under Section 32 of the Government of India Act. They were directly responsible to the Secretary of State for Indian Affairs and the Ministry of Indian Affairs.

The East India Company used the I.C.S. recruitment system based on patronage. Initially, its employees were appointed to positions in the ranks of "novice (apprentice)" or "clerk" at the age of about sixteen years and gradually rose through the ranks. At the time, the Company's Board of Directors selected Candidates for positions at their request or requirements. The indicated complication of tasks led to the adoption in 1731 of a decision that in the future, all employment applications (whether in England or abroad) would be submitted to certain managers of the Company. Thus, a patronage system was created, considered an essential privilege of the Board of Directors. Naturally, the latter's members preferred their friends and relatives to the unknown, although perhaps the best candidates. Service in the Company has practically become the monopoly of particular families. This method of entering the civil service could have been more efficient because it created a system that did not meet the needs of a growing colonial state such as Great Britain. Many I.C.S. officers romanticised the difficulty of reaching the position based on the criteria integral to entering the service. After an apprenticeship, they moved up through the ranks during their service, often lasting 30 to 40 years [11, p.86-87]. This recruitment system excluded the possibility of Indians joining the ranks of the I.C.S. and significantly did not correspond to the colonial needs of the British Empire. Following the transfer of the I.C.S. to the Crown, the British government changed the rules for entry into the Indian Civil Service.

Until 1914, recruitment to the I.C.S. was based on annual open competitive examinations in London following the Order of 1870 [19, p.7]. Successful candidates who passed the exam had the right to choose the service they wished to work. However, by the end of the First World War, the service needed more than 200 employees and 1318 people in 1919 [17, p.22]. As a result, the British government took extraordinary measures to change the situation. In 1915, the British parliament passed a law that allowed the appointment of former military personnel not by competitive examination but by selection, provided they met the qualification examination for education. Under this provision, between 1919 and 1922, 136 Europeans and 47 Indians were appointed. Graduates of these years were not particularly eager to pass competitive examinations to enter the service in India (for example, in 1921, 16 people passed the exam, and three were selected); taking advantage of this opportunity, former military personnel jumped at the chance to enter the service, bypassing the problematic exam [21, p.238].

Table 1. Recruitment to the I.C.S. 1907-1927. Simon Commission Report 1930.

Year	Europeans		Indians		Total Europeans	Total Indians
	By open Competitions (London).	Under special regulations (ex-Service Candidates).	By open Competitions (London and Allahabad).	Under special regulations.		
1	2	3	4	5	6	7
1907	54	----	4	----	54	4



1908	49	----	3	----	49	3
1909	51	----	1	----	51	1
1910	59	----	1	----	59	1
1911	50	----	3	----	50	3
1912	40	----	7	----	40	7
1913	42	----	2	----	42	2
Мақалада ХХ ғасырдың 20-жылдарында большевиктер жүзеге асырған Орталық Азияны межелеу мәселелері және Түркістан аумағында кеңестік мемлекеттілікті құру үдерісі қарастырылады. 1920 жылдардың басындағы большевиктердің ұлттық саясаты, оның социализмді құру стратегиясын белгілі бір ұлттық аймақтағы ұлттық мәселе жөніндегі дискурспен байланыстыруға ұмтылуымен сипатталды. Революциядан кейін байқалған Ресейдің ұлттық аймақтарында жергілікті «ұлтшылдықтың» кең етек алуы, жергілікті халықтардың ұлттық ұмтылыстарын елемеу, большевиктер тарапынан олардың күшеюіне әкелуі мүмкін деген қорытынды жасалды. Стратегиялық тұрғыдан ұлтшылдықты большевиктер пролетарлық интернационализмнің қалыптасуына кедергі ретінде қабылдады. Бұл кеңес өкіметін Орталық Азияда ұлтшылдық пен пантюркизмнің алдын-алу шараларын қолға алуға мәжбүрледі. Осы бағыттағы жұмыстың нәтижесі 1924-1925 жылдары Түркістан, Бұхара және Хорезм республикаларының аумағында ұлттық-территориялық межелеу науқанын жүзеге асыру болды. Сол жылдары ұлан-ғайыр өлкені жекелеген мемлекеттерге межелеу науқанының ең қиын да, күрделі үдерісі жүрді. Межелеу кеңестік Орталық Азияда тұратын халықтардың тағдырына түбегейлі әсер етті. Бұл үдеріс өз кезегінде, мемлекетаралық және ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуы мен көптеген онжылдықтар бойы сақталуында өзіндік рөл атқарды. 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-нің кеңестік болашағын құру да 1924-1925 жылдары қиынға соқты. Қазақстанның жоғары истеблишменті өзінің оңтүстік облыстарының шекараларын анықтаудағы тартысты дауларға белсене араласты.

**Кілт сөздер:** Түркістан, Орталық Азия, Қазақстан, ұлттық-территориялық межелеу, РКП(б) ОК, Орта Азия бюросы, ұлт саясаты, Кеңес өкіметі.

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақ мемлекеттілігінің тарихи дәстүрлері және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері» іргелі ғылыми зерттеуді жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR20280975).

Абікей А.М. <sup>\*1</sup>, Қайыпбаева А.Т. <sup>2</sup>, Дюсенова Н.К. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, ведущий научный сотрудник, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан, E-mail: [abikey.arm@mail.ru](mailto:abikey.arm@mail.ru)

<sup>2</sup>к.и.н., ведущий научный сотрудник, доцент, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан, E-mail: [aina\\_78@mail.ru](mailto:aina_78@mail.ru)

<sup>3</sup>к.и.н., ведущий научный сотрудник, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан, E-mail: [nur\\_sulu18@mail.ru](mailto:nur_sulu18@mail.ru)

## НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ РАЗМЕЖЕВАНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И ЗАВЕРШЕНИЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ

### Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы размежевания Центральной Азии и процесс создания советской государственности на территории Туркестана, проведенное большевиками в середине 20-х годов XX века. Национальная политика большевиков в начале 1920-х гг. характеризовалась стремлением соотнести свою стратегию строительства социализма с дискурсом по национальному вопросу в конкретном национальном регионе. Рост местных «национализмов» в национальных окраинах, наблюдавшийся после революции, привел большевиков к выводу, что игнорирование национальных устремлений туземцев может привести к их усилению. Стратегически национализм воспринимался большевиками как препятствие для формирования пролетарского интернационализма. Это вынудило советское правительство принять меры по предотвращению национализма и пантюркизма в Средней Азии. Результатом в этом направлении стало проведение в 1924-1925 гг. национально-территориального размежевания на территории Туркестанской, Бухарской и Хорезмской республик. Процесс размежевания огромного региона на части, происходил в труднейших, драматичных по накалу страстей. Размежевание коренным образом повлияло на судьбы народов проживавших в советской Центральной Азии. Данный процесс в свою очередь сыграл роль в возникновении и сохранении межгосударственных и межэтнических противоречий на долгие десятилетия. В 1924-1925 гг. весьма непросто выстраивалось и советское будущее основанной в 1920 г. Казахской АССР. В ожесточенных спорах о границах своих южных областей активно участвовал высший истеблишмент Казахстана.

**Ключевые слова:** Туркестан, Центральная Азия, Казахстан, национально-территориальное размежевание, ЦК РКП(б), Средазбюро, национальная политика, советская власть.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации фундаментального научного исследования «Исторические традиции казахской государственности и проблемы сохранения национальной идентичности» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (регистрационный номер: BR20280975).

*A.M. Abikey\*<sup>1</sup>, A.T. Kaipbaeva<sup>2</sup>, H.K. Duysenova<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>PhD, Leading Researcher, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan, E-mail: [abikey.arm@mail.ru](mailto:abikey.arm@mail.ru)

<sup>2</sup> Ph.D., Leading researcher, Associate Professor, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan, E-mail: [aina\\_78@mail.ru](mailto:aina_78@mail.ru)

<sup>3</sup> Ph.D., Leading Researcher, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan, E-mail: [nur\\_sulu18@mail.ru](mailto:nur_sulu18@mail.ru)

## NATIONAL-TERRITORIAL DELIMITATION OF CENTRAL ASIA AND THE COMPLETION OF THE UNIFICATION OF THE KAZAKH LANDS

### Abstract

This article examines the issues of the delimitation of Central Asia and the process of creating Soviet statehood on the territory of Turkestan, conducted by the Bolsheviks in the mid-20s of the XX century. The national policy of the Bolsheviks in the early 1920s was characterized by the desire to correlate their strategy of building socialism with the discourse on the national question in a particular national region. The growth of local "nationalisms" in the national outskirts, observed after the revolution, led the Bolsheviks to the conclusion that ignoring the national aspirations of the natives could lead to their strengthening. Strategically, nationalism was perceived by the Bolsheviks as an obstacle to the formation of proletarian internationalism. This forced the Soviet government to

take measures to prevent nationalism and pan-Turkism in Central Asia. The result in this direction was the implementation in 1924-1925 of the national-territorial demarcation on the territory of the Turkestan, Bukhara and Khorezm republics. The process of dividing a huge region into parts took place in the most difficult, dramatic passions. The disengagement radically affected the fate of the peoples living in Soviet Central Asia. This process, in turn, played a role in the emergence and preservation of interstate and interethnic contradictions for many decades. In 1924-1925, the Soviet future of the Kazakh ASSR, founded in 1920, was also very difficult to build. The supreme establishment of Kazakhstan actively participated in fierce disputes over the borders of its southern regions.

**Keywords:** Turkestan, Central Asia, Kazakhstan, national-territorial demarcation, Central Committee of the RCP(b), Sredazbyuro, national policy, Soviet power.

**Acknowledgments.** *The article was prepared as part of the implementation of fundamental scientific research «Historical traditions of Kazakh statehood and the issues of preserving national identity» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Registration number BR20280975).*

**Кіріспе.** 1924-1925 жылдары Орталық Азия құрамындағы халықтардың этникалық белгілеріне қарай ұлттық-территориялық межелеу үдерісінде саяси сарындар маңызды рөл атқарды. Патшалық Ресейдің орнын басқан кеңестік Ресейдің Шығыс өлкесінде екі – Түркістан (1918 ж.) және Қазақ (1920 ж.) кеңестік автономиялық республикары құрылған болатын. Кеңестік жағынан алып қарағанда бұл республикалар Ресей империясының әкімшілік бірліктері ретіндегі Түркістан мен Қазақ (Дала) өлкесінің шекараларымен шектесіп жатты. Және ең бастысы бұл аумақтар Ақпан төңкерісінен кейін ұлт-азаттық қозғалыс нәтижесінде қалыптасқан ұлттық саяси автономиялардың (Алаш-Орда және Түркістан автономиясы) шекараларымен де сәйкес келді. Алаш Орданың кеңестік нұсқасы ретіндегі Қазақ АКСР-і, Түркістан АКСР-не қарағанда, өзін-өзі қазақ халқы деп анықтаған, анағұрлым айқын этникалық негізде құрылды. Ал Түркістан АКСР-і қандай да бір титулдық этникалық нақты топқа емес, көп ұлтты халқы бар экономикалық-географиялық бірлікке негізделді.

Қазақ АКСР-і большевиктердің ұлттық құрылыс ұстанымдарына сәйкес келді және кейіннен қазақ халқы сынды ұлттық бірліктің болуы туралы мәселе ұлттық саясаттың күн тәртібінен шығарылды. Межелеу Мәскеудегі орталық партия ұйымы басқаратын жоғарыдан төменге бағытталған үдеріс болған жоқ. 1920 жылдары Орталық Азиядағы кеңес өкіметі осал болып, жергілікті саяси күштермен одақтас болуға мұқтаждық танытты... жаңа ұлттық құрылымдар жергілікті ұлтшыл зиялылар мен Кеңес мемлекеті – ең алдымен Өзбекстандағы жәдидшілер мен Қазақстандағы Алаш Орда арасында көбіне күрделі саяси одақтан туындады [1, 131].

**Өзектілігі.** Алдағы 2024 жылы Орталық Азия аумағында кеңестік биліктің Ұлттық-территориялық межелеу науқанын жүзеге асырғанына 100 жыл толады. Аймақтың саяси өмірінде жүзеге асқан межелеу науқаны ғасырлық межеге жеткенімен өзінің *өзектілігін* бүгінгі күнге дейін жойған жоқ. Аталмыш науқан кезінде кеңестік билік аймақ елдерінің мемлекеттік шегараларын ажыратып берумен қатар, сол елдердің бір-біріне деген аумақтық дау-дамайларды да бастап берді. Осыған байланысты зерттеушілер бүгінге дейін архив қойнауларынан науқанның барысын аша түсетін жаңа деректерді ғылыми айналымға қосуда. Зерттеу нысаны ретінде межелеу науқанына, әсіресе Орталық Азия бес республикасының әлем қауымдастығының субъектісіне айналғалы бері шетел ғалымдарының да қызушылықтары артып келеді.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалаға бұрындары жарияланған материалдар және архив құжаттары пайдаланылды. Жарияланған материалдар қатарына «Қожанов С. Құжаттар мен материалдар» және «Қожанұлы С. Таңдамалы мақалалар. Архивтік құжаттар» жинақтары жатады. Мұнда негізінен 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеуге қатысты құжаттар және осы науқанға қатысты мақалалар алынды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенттік архиві және Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві, Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің (РГАСПИ) құжаттары пайдаланылды.

Дереккөздер әр алуан болғандықтан, жұмыстың өзектілігін арттыруда жеке әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға тән әдістер және пәнаралық талдау қолданылды. Негізгі әдіс – тарихи ұстаным, өйткені құжаттар ең алдымен межелеу науқанын жүргізуде жергілікті халықтардың мүдделерін ескермеген, ұлттық ұстанымнан гөрі экономикалық ұстанымды басшылыққа алған тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін – жүйелеу, сипаттау, хронологиялық, талдау сынды зерттеу әдістері қолданылды.

**Талқылау.** 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу кеңестік кезеңде бір жақты зерттеліп келді. Таптық таным тұрғысынан межелеу үдерісі кеңестік жүйедегі ұлттық саясаттың жемісі ретінде танылып, онда орын алған бұрмалашылықтар, қайсыбір ұлттардың құқықтарына атүсті қараушылық зерттеушілер нысанынан шығарылды. XX ғасырдың 50-60-шы жылдары А. Нүсіпбековтың, К.Т. Ташеновтың және

құқықтық тұрғыдан М.С. Сапарғалиевтің, Г.Т. Таймановтың, С.С. Сартаевтың, С.З. Зимановтың еңбектері жарық көрді. Аталған зерттеулердің барлығы да, маркстік-лениндік методология, партиялық қасаң тәртіп тұрғысынан жазылды. Тек Кеңестер Одағы ыдырап, Орталық Азияның бес мемлекеті тәуелсіздігін алғаннан кейін, аталмыш тақырып бойынша объективті тұрғыда зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Тәуелсіздік жылдары ұлттық-территориялық межелеу тақырыбына қатысты тың деректер арқылы жаңа көзқарас тұрғысынан Б.О. Қойшыбаевтың, Ғ.Маймақовтың, Н.Сейдінің, Ғ.Жүсіпбектің зерттеулері жарық көрсе, аталмыш тақырыпқа қызығушылық танытқан шетелдік Р.М. Масов, А.Халид, А.Моррисон сынды зерттеушілер де өз үлестерін қосты. Дегенмен бұл еңбектерде авторлар межелеу науқанын қазақ жерлерінің біртұтастығының қалыптасуы тұрғысынан қарастыруды мақсат етпеген.

**Негізгі бөлім.** 1920 жылы 8-11 қаңтарда Ақтөбеде Жетісу және Сырдария облыстарынан келген делегаттардың қатысуымен өткен қазақ конференциясының маңызы ерекше болды. Конференция қазақ халқы қоныстанған бүкіл аумақты біріктіретін ұлттық республика құруға шақырды. Бұл, әрине, Түркістан АКСР-нің құрамында болған аумақтардың Қазақ республикасына қосылуын білдірді. Ақтөбе конференциясы қазақ халқы арасында үлкен резонанс тудырып, қазақ облыстарын қосу мәселесі шешілген және «орталықпен» келісілген іс ретінде қабылданды. Дегенмен Ақтөбе конференциясының шешімдері Орталық тарапынан қолдау таппай, бұл мәселе 1920 ж. тамыз айында Мәскеуде өткен «тамыз келіссөз-дері» кезінде де көтерілді. Қазақстан шекараларын нақтылау бойынша Орынбор, Омбы, Орал, Ташкент, Бөкей ордасы мемлекеттік және партиялық органдары жұмыс істеген бұл кеңесте Қазақ делегациясы тарапынан Әлімхан Ермеков баяндама жасайды. Кеңеске бұрынғы алаш қайраткерлерінен құралған қол-дау тобы да қатысады. Ә.Ермеков Қазақ республикасына қазақ халқы өмір сүріп жатқан барлық аумақты біріктіруді, яғни бұл Астрахан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сыр-Дария, Закаспий, Самарқанд және Ферғана облыстары мен губернияларын толық немесе ішінара қосуды ұсынды. Ә.Ермеков баяндама-сындағы ұсыныстар Сібір, Ташкент өкілдіктері тарапынан үлкен қарсылықтарға ұшырап, қызу пікірталас-тарға ұласады. Ленин араласқан бұл келіссөздер нәтижесінде қазақ республикасына кіретін шығыс, солтүстік, батыс облыс аумақтары нақты шегенделді [2]. Ал Түркістан АКСР-нің құрамындағы қазақ облыстары мәселесі, сондағы тұрып жатқан қазақтардың өз қалаулары бойынша шешіледі деп, тағы да кейінге қалдырылды. Бұл мәселе жөнінде БОАК мен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1920 ж. 26 тамыздағы «Автономиялық Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы туралы» декретінің екінші тармағында былай делінген: Қазір Түркістан Республикасының құрамына кіретін қазақ жерінің Қазақ Республикасының құрамына өтуі осы облыстардың тұрғындарының қалауы бойынша жүзеге асады» деп жазылды [3].

Қазақ АКСР-ін құру туралы қаулысының 11-бабында Түркістан қазақ облыстарының Қазақстанға қосылуын дайындау үшін Түркістан ОАК-не Қазақ АССР үкіметінің өкілетті мүшесін енгізу көзделеді. БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1920 ж. 26 тамыздағы декретінің 11-бабына ескертуде «бір жағынан Кирревком және екінші жағынан ТүркОАК арасында Қырғыз (Қазақ) республикасына бөлініп шығатын облыстардың аумақтарындағы шараларға қатысты туындаған келіспеушіліктер болған жағдайда..., мәселені шешу РКФСР орталық мекемелерінің қарауына беріледі» [3] делінген. Қазақстан кеңестерінің Құрылтай съезі Қазақ ОАК-не Түркістан ОАК-ің жанынан өз өкілдігін құруды тапсырды. Өкілетті өкілге екі республиканың негізгі кеңестік органдарының қызметін үйлестіру жүктелді. Сондай-ақ оған Түркістан Республикасының құрамында уақытша қалған Закаспий облысы Маңғышлақ уезі мен сол облыстың Красноводск уезіне қарасты бес Адай болысының аумағын Қазақ АКСР-іне түпкілікті беруге дайындық жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

1921 ж. қаңтарда Әулие-Ата қаласында 400-ден астам делегат қатысқан Түркістан қазақтарының бірінші өлкелік съезді өтіп, онда басқа мәселелермен қатар Түркістанның қазақ облыстарының Қазақ АКСР-не қосылуы туралы мәселесі де талқыланды. Өлкелік съезд: «Қазақ Республикасына қатынасы туралы баяндаманы тыңдап, съезд Түркістан қазақтарының Қазақ Республикасына қосылу туралы шешім қабылдайды. Алайда, сол кезде Түркістанда жер реформасының асығыс жүргізіліп жатқанын, оның аяқталуына қазақтардың үлкен мүдделілік танытып отырғанын ескере отырып, Түркістан қазақтарының Қазақ Республикасына қосылу уақыты туралы мәселе ҚазОАК-ен келісім бойынша Түркістан жанындағы Қазақ бөліміне осы мәселені шешу тапсырылып, ашық қалдырылады. [4, 41-45].

1922 ж. басына қарай Түркістанда жер-су реформасы негізінен аяқталғаннан соң, Қазақ АКСР үкіметі Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты алдында Сырдария және Жетісу облыстарын Қазақ республикасына қосу туралы мәселені тағы көтереді. Осы мәселе РК(б)П XI съезінде арнайы қаралып: «Түркістан республикасының екі облысын (Сырдария мен Жетісуды) Қырғыз (Қазақ) Республикасына қосу мәселесін Түркістан партия қызметкерлері арасында алдын ала талқылап, Түркістан ОК мен Қазақстан РК(б)П облыстық комитетінің өкілдеріне алдын ала бекітуге ұсынылсын» деген шешіммен шектеледі.

Қазақ АКСР-і тарапынан қазақ облыстарын қосып алуын үздіксіз талап етуі, бүкіл Орталық Азия ауқымында ұлттық-мемлекеттік межелеуді қажет етті. Түркістанның екі қазақ облысын Қазақ АКСР-не қосу мәселесі Орталық Азия халықтарының мемлекеттік шекараларын белгілеудің жалпы мәселесіне айналды. Осы мәселеге байланысты 1921 жылы түрікмендер Түркістан АКСР-де республика құрамында жекелеген ұлттық аудандарды құру бастамасын көтерді. Олар Кеңес өкіметінде өкілдік еткен отырықшы өзбектерге қарағанда саны жағынан аз болды. 1921 жылдың басында Кеңестердің Транскаспий съезі Закаспий облысын (Түркістанның батыс бөлігі) «Түркіменстан облысына» айналдыруды талап етіп петиция ұсынды, ол өз кезегінде қанағаттандырылды да [5, 232].

1922 ж. А.Сыдықов бастаған қырғыз зиялыларының өкілдері автономиялық Қарақырғыз облысын құруға күш салып, оған Түркістан ОАК шешімімен Жетісу және Сырдария облыстарының бірнеше жекелеген таулы аймақтары бөлінді. 1922 ж. Түркістан АКСР Кеңестерінің XII съезінде қырғыз уездерінің делегациялары қырғыздарды өзбектер, түрікмендер, қазақтар сияқты басқа халықтармен бірге тәуелсіз ұлт ретінде тануды талап етті. Нәтижесінде, Орталық Азияны ұлттық-аумақтық межелеу жоспарларын талқылау басталған кезде, онда автономия түрінде қырғыздар үшін ұлттық мемлекеттілігін құру да қарастырылатын мәселелер қатарында тұрды. Осындай Түркістан АКСР-і құрамындағы ұлттар тарапынан көтерілген бастамалар, шын мәнінде, Түркістанды этникалық белгілер бойынша ұлттық-территориялық межелеудің негізін қалады.

Орталық Азияда ұлттық-территориялық межелеу үдерістерімен қатар, керісінше ұлттық коммунистер тарапынан пантүркілік бірігу әрекеттері де жасалды [6, 133]. БХКР-да билікке келген жас бұхаралықтар да өз саясатында түркі бағыттылығын көрсетті: онда іс қағаздарының тәжік тілінен түркі тіліне аударылып, түркі тілін үйрену барынша ынталандырылды. Бұхарада пантюркизмді қолдаудың жаңа орталығы қалыптаса бастады [7, 184]. Пантюркизм большевиктер тарапынан Түркістандағы өз билігіне қарсы елеулі күш ретінде қабылдана бастап, партиядағы соған сәйкес ұлттық ауытқулар «зиянкестік әрекеттер» ретінде танылды [8, 82]. Осыған байланысты Түркістан АКСР-нің, Бұхара мен Хиуаның этникалық принцип бойынша бөлінуін большевиктер партиясының басшылығы пантүркистік көңіл-күйді әлсірету, жергілікті элитаны этникалық белгілері бойынша бөлшектеудің амалы ретінде қарастырды.

1924 жылдың басында Орталық өлкеде лениндік схемаға негізделген [9, 435-436] жаңа ұлттық «қайта бөлуді» жүргізу қажет деген қорытындыға келді. Бұл жолы межелеу үдерісі Бұхара мен Хорезм Халық кеңестік республикаларына да таралды, олардың аумағын орталық билік Кеңестік Одақ кеңістігіне интеграциялауға ұмтылды. Орталық Азияда ұлттық-аумақтық межелеу процесін басқаруды РК(б)П Орталық Азия бюросы жүзеге асырды. 1924 жылдың ақпан-наурыз айларында Түркістан, Бұхара және Хиуаның жергілікті партия органдары «кеңестік Орта Азия аумағын ұлттық негізде бірқатар республикаларға бөлу туралы мәселе әбден жетілгенін және оны қою уақтылы екенін» мойындады [10, 80]. Қазақтар қоныстанған жерлердің бір бөлігін Қазақ АССР-іне бере отырып Түркістан Республикасы, Бұхара және Хорезм аумағында Өзбек және Түрікмен Кеңестік республикаларын құру схемасы ұлттық кеңестік элитаның қолдауына ие болды.

Ұлттық-территориялық межелеу үдерісінде Өзбекстан республикасын құру негізгі жоба саналды. Большевиктердің ұлттық саясатының принциптері табиғи түрде еуропалық (батыс) ғылым мен саяси тәжірибеде қалыптасқан категориялар мен тәсілдерге негізделіп, автоматты түрде шығыс аймақтарға көшірілді. Орталық Азияда ұлттық мемлекеттер құру логикасы осы қоғамдастықта ұлттардың болуын талап етті. Осыған байланысты Орталықтың ұстанымы тұрғысынан «қазақ» және «түрікмен» жобалары белгілі бір шарттылықпен болса да, «ұлттың» өзін-өзі анықтауының нәтижесі дегенге келеді. Қазақтар мен түрікмендер өздерінің ұлттық республикаларының құрамына кіретін аумақтардағы ең болмағанда этникалық басымдықты құрады. Сонымен қатар, бұл халықтардың ұлттық автономиялары мәртебесі жағынан әр түрлі болғанымен, РКФСР құрамында бұрыннан бар еді, бұл мемлекет құру процесіне тарихи тұрғыдан дайындық берді.

Өзбекстанның ұлттық мемлекет және өзбек ұлты ретінде құрылуы орталық билік тарапынан саяси тұрғыда құрған ұлттық құрылыстың мысалы болып табылады. Сол кезең зерттеушілерінің айтуынша «өзбек ұлты тарихтың көз алдында қалыптасты» [11, 14]. Большевиктер бұл мәселе бойынша әрине, жергілікті дискурсты ескерді. С.Абашин өзбек жобасы өзіндік бір «Кіші Түркістан», яғни большевиктермен жергілікті элита – жәдидтердің ымыраға келуінің нәтижесі болғанын атап көрсетеді [7, 186]. Пантюркизм, саяси шекаралармен бөлінген Бұхара, Хорезм және Түркістан ұлттық элиталарын біріктіруге, оларды өз республикаларында иеленіп отырған кейбір саяси артықшылықтардан бас тартуға итермелеуге қабілетті бірден-бір идеологиялық негіз болатын. Бұрынғы жәдидшілер үшін Өзбекстан «Түркі

республикасына» ұқсас жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік болса, большевиктер үшін өз кезегінде жалпы түркі мотивтерін екінші орынға ығыстыру мәселесін шешу маңызды болды [12, 208].

1924 ж. ұлттық-территориялық межелеу сарттар мәселесін және жалпы алғанда жоспарланып отырған Өзбек Республикасы территорияларының халқының этникалық құрамын тағы да өзекті етті. Территориялық межелеу процесін жеңілдету және республиканы кейіннен әкімшілік және шаруашылық басқаруды оңтайландыру тұрғысынан орталық билікке көпэтносты және Орталық Азияның қат-қабат араласып жатқан халықтарын жалпы атаумен бір ұлттық қауымдастыққа біріктіру ыңғайлы болды.

РК(б)П ОК 1924 ж. сәуірде межелеу жоспарын мақұлдағаннан кейін, Орта Азия бюросы 1924 ж. мамырына қарай жаңа ұлттық республикалардың шекараларын межелеу схемасын әзірлеу үшін ұлттық межелеу комиссиясын құрды. Оның құрамына бастапқыда үш комиссия: өзбек, қазақ және түрікмен, кейінірек тәжік және қырғыз комиссиялары кірді. Орталық Азияның белгілі бір аумақтарын жаңа ұлттық-мемлекеттік республикаларға жатқызу туралы мәселелерді шеше отырып, комиссиялар өз жұмысында келесідей қағидаттарға сүйенуге тиіс болды: қарастырылып отырған аумақ халқының көпшілігінің ұлттық құрамы, жаңа мемлекеттік құрылымдар аумақтарының бірлігі, олардың аумақтарының бір-біріне кірігіп жатпауы назарға алынды. Шекараларды белгілеуді дайындаумен қатар, Орта Азия бюросы халық арасында ұлттық межелеу процесін насихаттау мақсатында жергілікті баспасөзде кең ауқымды науқан бастады. «Туркестанская правда» 1924 ж. шілде-тамыз айларында жобаны қолдауға арналған көптеген мақалалар мен қарарлар жариялады. Болыстықтан бастап барлық деңгейдегі кеңестер мен партия органдарында межелеу жобасын талқылауды ұйымдастырды.

Шекараларды межелеу жобасын дайындау кезеңінде жергілікті ұлттық элиталар арасында аумақтық даулар басталды. Әрбір ұлттық топ этникалық ерекшелігіне қарай бөлінген ұлттық территорияда көпшілік болып қалу үшін, яғни жерге, суға, саяси басқаруға қолайлы жағдай жасау үшін күресті [13, 105]. Көп жағдайда межелеуді олар өздерінің ұлттық республикасының аумағын көршілерінің есебінен кеңейту мүмкіндігі ретінде қарастырды [5, 235], бұған әсіресе халықтың көпэтностық құрамы себеп болды. Қазақ тарапының аумақтық талаптары Сырдария, Жетісу облыстарының аумағымен қатар, Амудария облысы, Ташкент және Мырзашөл уездері, сондай-ақ қазақтар және оған туыс қырғыздардың, қарақалпақтардың, қыпшақтардың көп тұратын Ферғана мен Памир аумақтарына да таралды [14, 37.]. Территориялық комиссияның алдында тұрған ең күрделі міндеттердің бірі Қазақ АКСР-і мен болашақ Өзбек КСР-і арасындағы шекараларды межелеу болды. Қазақстан және Түркістан республикалары басшыларының арасында Жетісу мен Сырдария облыстарына қатысты бұрыннан келе жатқан келіспеушіліктер болатын.

РК(б)П ОК Саяси Бюросының 12 маусымындағы қаулысында ТАКСР-гі қазақ елді мекендерін ҚАКСР құрамына қосу нақты белгіленгенімен, қазақ және өзбек ұлттық бюроларының өкілдері екі республика арасында шекара сызығын нақты қай жерде жүргізу керектігі жөнінде келісім болмады. Қазақ-өзбек территориялық дауының шешілуі қазақтар да, өзбектер де талап еткен «құрама», «түрік», «қыпшақтар» сияқты бірқатар этникалық топтарды қай ұлтқа жатқызатындығына тікелей байланысты болды. Мысалы, Қазақ ұлттық бюросы құрама халқының қазақтарға жататындығын этимологиялық, антропологиялық және генеалогиялық дәлелдерге сүйене отырып негіздеуге ұмтылса, өзбек бюросы олардың өзбектерге тиесілігін, олардың көшпелі қазақтардан айтарлықтай ерекшелендіретін отырықшы өмір салтына сілтеме жасай отырып, дәлелдеп бақты. Отырықшы-көшпелі өлшем – болашақ қазақ және өзбек топтары үшін ұлтты анықтаудың ең маңызды факторы болды (15, 113). Өзбек пен қазақ тараптары арасындағы негізгі дау Ташкент және оған іргелес аумақтар үшін өрбіді. Ташкенттің өзінде өзбек халқы басым болғанымен, ал оны қоршаған аудандарды негізінен қазақтар мекен етті. Бұл оның ҚазКСР құрамына қосу туралы мәселе қоюға негіз болды. Ташкент аймақтың ірі экономикалық орталығы болған-дықтан, республикалардың әрқайсысы оны өз еншісінде қалдырғысы келді. 1924 ж. ақпанда Түркістан республикасындағы ҚКСР-ның өкілетті өкілі Ташкенттің ҚКСР-ға қосылуы жөніндегі науқанды дайындаудың маңыздылығын атап өткен болатын. Ал 1924 ж. 14 мамырда ҚазАКСР-ның өкілетті өкілі Түркістан ОАК-іне «ҚАКСР-ның талабы қазақтармен туыс – қарақалпақ, құрама, қыпшақ этникалық топтары халықтың басым көпшілігін құрайтын бірыңғай қазақ территориясы деп аталатын жердің шекарасымен айқындалатындығы» туралы баяндау хатты тапсырды [16, 215]. Қазақ республикасының экономикалық-географиялық әлсіздігі негізінен республика шекараларының периметрі бойынша орналасқан ірі қалалардың аздығында еді. Ташкент қаласы Қазақ республикасына беруге жоспарланған Түркістанның солтүстік облыстарының сауда орталығы болды. Ал Ташкенттен айрылу экономикалық байланыстардың үзілуіне қауіп төндірді. Сондықтан бұл мәселені шешуде ұлттық немесе экономикалық критериге басымдық беру, бұл – Территориялық комиссия құзырында болды.

Қазақ тарапы қалаларды ұлттық фактор үшін экономикалық тұрғыдан тәуелді ауылдар мен аудандардан «бөліп тастау» мүлдем ақылға қонымсыз және мүмкін емес екенін алға тартты. Сонымен қатар, қазақ өкілдері Ташкентке деген талаптарын ҚазАКСР-не жаңа астана қажет деген тұжырыммен негіздеуге тырысты. Географиялық жағынан шалғай орналасқан Орынбор жер көлемі үлкен республика-ның саяси-экономикалық және мәдени орталығы рөлін атқара алмай отыр деп ескертті (15, 113). Өзбек тарапы болса, Ташкент этникалық тұрғыдан өзбек қаласы, сондықтан Өзбек КСР-і құрамына енуі керек деген ұстанымда болды.

Түркістан АКСР басшылығындағы қазақ коммунистері Ташкент уезінің Қазақ республикасына қосылуы туралы талаптарын қолдау мақсатында бір айға жуық уақытқа созылған жаппай шерулер ұйымдастырып, кең үгіт-насихат науқанын жүргізді. Бұл шерулер БК(б)П Орта Азия Бюросы тыйым салғаннан кейін ғана тоқтатылды. Сонымен бірге қазақ басшылары Ташкенттен ҚазАКСР орталық органдары үшін үй-жайлар беруді талап етті [16, 238]. С.Қожанов «Ташкент мәдени жағынан қазақтың Самарқанды ретінде есептелетіндіктен» КСРО билігін Ташкентті қазақ өлкелерінің саяси және мәдени орталығы ретінде қарастыруға шақырды [17, 37].

Кеңес басшылығы Орта Азия Бюросынан бастап партияның орталық органдарына дейін бұл дауларда бейтарап билік рөлін атқарғандай болды. Алайда, іс жүзінде шекараларды межелеудің екі негізгі қағидасы сақталмады. Шекараны межелеу кезінде кеңестік басшылық ұлттық және экономикалық мақсаттылық ұстанымын басшылыққа алды. Осы екі факторды есепке алу, сайып келгенде, РК(б)П ОК-ің Саяси Бюросы 1924 жылғы 11 қазандағы шешімімен Ташкент қаласын Өзбек республикасының пайда-сына шешілуіне алып келді. Сөйтіп Ташкент ұлттық ұстаным негізінде Өзбекстанға берілді. Ал қазақ комиссиясы тарапынан Ташкент уезінің бірнеше болыстарына деген талаптары экономикалық себептер бойынша қабылданбады, өйткені оларды Қазақ республикасына беру Ташкентті сумен қамтамасыз ететін суландыру жүйесін әкімшілік тұрғыдан бақылау мен шаруашылық басқарудың бірлігін бұзады деп есептеді [5, 235]. Демек кеңестік билік шекараны межелеуде осы екі ұстанымды өз қалауынша қолданды.

Ташкент қаласының қазақтар үшін шын мәніндегі маңызы жайындағы өз ойларын БК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі С.Қожанов сол 1924 ж. мамыр айында жазған жеке пікірінде білдірген болатын. Оның бұл мәселе бойынша ұстанымының жекелеген аспектілері келесідей:

- Ташкент қаласы облыс орталығы ретінде тек қана онда тұратын халықтың ғана емес, сонымен қатар оны қоршаған аудандардың барлық тұрғындарының есебінен құрылғандығын ұмытпау керек. Сондықтан бұл қаланың қай мемлекетке тиесілігі туралы мәселені шешу кезінде тұтастай алғанда бүкіл аймақтың экономикалық, демографиялық конъюнктурасы және уез халқының этнографиялық құрамын ескеру қажет;

- Ташкент қаласында өзбектер басқа жергілікті ұлттармен салыстырғанда ғана басымдыққа ие, бірақ бұл басымдық облыстың бүкіл халқына қатысты емес. Ташкент қаласы еуропалықтар басым халықара-лық қала болып табылады және сонымен бірге ол облыстың ең маңызды экономикалық, әкімшілік-саяси және мәдени орталығы ретінде қызмет етеді, оның басым бөлігінде қазақтар мекен етеді;

- Қазақтар барлық артта қалған елдер сияқты, өз орталықтарын құрып үлгермеген. Сонда да қазақтардың шаруашылығының есебінен өскен қалаларды иемденуге олардың құқығы бар.

- Ташкент тарихи тұрғыдан қазақ көшпелілерінің отрасында орналасқан өзбек-сарт колониясы, ол сарт-саудагерлерінің дала халқының есебінен өмір сүретін, экономикалық тұрғыдан тартымды қала саналады.

- Ташкент ТКСР-ің оңтүстігінің (топографиялық жағынан Самарқанд және Ферғана облыстары) экономикасында белсенді, ұйымдастырушы рөл атқармайды, ол ТКСР-дің солтүстік қазақ далалық аймағының миллиондаған тұрғындарының экономикалық өмірінде керісінше маңызды рөл атқарады. Ташкент қазақтар мекен ететін белдеудің жалғыз ғана базар орталығы болып табылады.

- Түркістанның солтүстік мал шаруашылығы аудандарының жалғыз, маңызды экономикалық орталығы бола отырып, Ташкент қаласы сонымен бірге Ташкент оазисінің (Ташкент және Мырзашөл уездері, соның ішінде Жизак уезінен өткен 6 қырғыз болыстарының аумақтары) жергілікті экономикалық орталығы ретінде қызмет етеді, олардың көпшілігінде қазақтар тұрады; бұл жағдай осы уездердің аумақтарын ҚКСР құрамына кіруі керектігін көрсетеді.

- Қазақ халқының мәдени қажеттіліктеріне қызмет ететін мекемелердің барлығы дерлік шоғырланған жалғыз мәдени орталығы ретінде Ташкенттің Түркістандағы қазақ халқы үшін ерекше маңызы бар [19, 207].

Орта Азия Бюросы қазақ-өзбек қарым-қатынасының нашарлауына жол бермеу үшін Сталиннің жеке нұсқауымен бұл мәселе бойынша пікірталастарды жалғастырмау жайында шешім қабылдайды. Кейін кеңес тарихшылары Ташкент қаласын Өзбек республикасының пайдасына шешілуін экономикалық



ойлармен, яғни Ташкент қаласы негізінен қазақ елді мекендерінің ортасында қалып қоюына қарамастан, экономикалық жағынан ҚАКСР-ге емес, өзбектер қоныстанған аудандарға көбірек тәуелді деп түсіндірді.

Орта Азия Бюросының 1924 ж. 2 маусымдағы межелеу туралы шешімінде қазақ тарапының мүдделері көп жағдайда ескерілмегендіктен, С. Қожанов орталыққа «Орта Азияны межелеу туралы жазбахатын» тапсырады [18, 40]. Оның РК(б)П ОК-не арнап жазған үндеуінде межелеуге қатысты үш негізгі ұсынысы айтылады. Біріншіден, бұл «Жазбахатта» ол сол кездегі Закавказ Федерациясының үлгісіне сүйене отырып, Орталық Азия республикаларын Орталық Азия Федерациясына біріктіру қажеттілігіне баса назар аударады. С.Қожанов сол кезде де, кейін де кеңестік Орталық Азияның аймақтық интеграциялық институттарын нығайту бағытының берік қолдаушысы болғандығы мәлім. Оңтүстік қазақ облыстарының алдында табиғи қалыптасқан Орталық Азиялық біртұтас экономикалық кеңістігінен тыс қалып қою қаупі тұрды. Ал әлеуеті әлсіз қазақ халқының әлеуметтік және экономикалық талаптарын қанағаттандыратын, яғни өзінің өсіріп отырған төрт түлік малын, одан шығатын өнімдерін тікелей өткізіп тұратын Орталық Азия қалаларының базарлары аса қажет еді. Бұдан басқа, өзге халықтарға қарағанда қазақтар бөлінуге бет алған Түркістан, Бұхара, Хорезм республикаларының барлығында тым шашыраңқы тұрып жатты. Ортаазиялық федерациясын құру шалғайдағы қазақтардың ассимиляцияға түсу қаупін алдын алу шарасы болатын [19, 50].

С.Қожановтың ұсынған Ортаазиялық федерациясы ұлттық-территориялық межелеуден мүлдем бас тартуды білдірген жоқ. Ол Ортаазиялық федерациясы ішінде қайта құрылған республикалар әлеуетін арттырып, кеңестік ұлттық саясаттың жоғары сатысы – кеңестік республикалар одағының толыққанды мүшелігіне өтуге мүмкіндік беретін жолды ұсынды.

Екіншіден, С. Қожанов бірқатар аумақтарды, әсіресе Түркістан АКСР-нің Сырдария облысын, оның сөзімен айтқанда, қалыптасып келе жатқан қазақ ұлттық мемлекеттілігінің негізі ретінде Қазақ республикасының құрамына қосуды талап етті.

Үшіншіден, «Жазбахатта» күрмеуі қиын «Ташкент мәселесінің» шешілуіне үлкен мән берілді. С.Қожанов бұл жерде сол кездегі қазақ партия басшылығының сонымен қатар, республиканың «жергілікті» халқының кең қолдауына да сүйенді. Олардың пікірінше, Ташкент қаласы қазақтардың қалыптасып келе жатқан ұлттық мемлекетінің астанасы болуы керек [16, 221-222].

Ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде ТАКСР-ның бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының көптеген жерлері Қазақ АКСР-іне қарады. Межелеудің қорытындысы бойынша Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері және Әулиеата уезінің көбі, Сырдария облысын-дағы Ташкент және Мырзашөл уездерінің жекелеген бөліктері, Самарканд облысы, Жизақ уезінің көшпелі алты болысы өтті. Жетісу облысынан Алматы, Жаркент, Лепсі, Капал уездері, Бішкек уезінен Георгиев, Шу, Қарақоныс болыстары қосылды [20, 2].

Ұлттық-мемлекеттік межелеулер нәтижесінде Қазақстанға қазақ облыстарымен бірге Қарақалпақ автономиялық облысы қоса берілгені белгілі, сонда Орта Азиядан Қазақ АКСР-іне барлық межеленген жердің 45,7%, яғни 797,9 мың шаршы км аумақ қосылды. Қазақтың саны 1 млн 468 мың адамға өсіп, оның жалпы саны 3 млн 986 мыңға жетті [21, 31].

Қазақ комиссиясының Орта Азия Бюросымен келіспеушілігі Ташкент пен Мырзашөл уездерін межелеу кезінде де орын алды [22, 4]. Аумақтық комиссия ұйғарымымен Ташкент уезіндегі 29 болыстан ҚКСР-ге 10 болыс берілді. Өзбек республикасына 19-ы кетеді, бірақ олардың біразы, атап айтқанда 6 қазақ болысынан тұратын аумақ Өзбек Республикасына шартты түрде қаратылғанымен, кейін біржола қалдырылды. Сонымен қатар Қазақ республикасы құрамына Мырзашөл уезіндегі Романов каналының суармалы ауданын түгел енгізуді көздеген. Қазақтар салыстырмалы түрде өзбектерден көп болғанымен Мырзашөл уезінен Қазақ республикасы пайдасына бір болыс қана қалдырылады. Мырзашөл уезінің 1 болысынан өзгесін түгелдей Өзбекстанға беріп жіберу туралы Территориялық комиссия шешіміне де комиссияның қазақ өкілдері өздерінің қарсы ұстанымдарын танытады. С.Қожанов осы мәселеге қатысты өзінің жеке пікірінде көрсеткендей Мырзашөл уезін патшалық Ресейдің отарлауына және уезді суландыруға дейін тек қазақтар мекен еткен. Уездегі Романов каналы арқылы халықтың жалпы саны 25 000 адам, 5 болыс суландырылады. Бұлар: Романов, Иржар, Славянск, Спаскі және Сыр-Дария болыс-тары. Бұлардың ішінде 32,2% қазақтар, 18,3% өзбектер, қалған 49,5% орыстар. Мұнда ұлттық құрамы жағынан орыстар, ал олардан кейін қазақтар басым. Межелеуге қатысты мұндағы орыс поселкілерінің барлығы Қазақстанға өтуіне тілек білдірген. Романов каналы суландыратын 45 000 десятин ... 10 000 десятинге қазақтар арасында орналасқан және мақта шаруашылығының 100% қазақтың жалға алушы-лары орындайды. 1924 ж. жазында іске қосылған 10 000 десятинге дейін суландыратын Иржар распредели-телі Иржар болысының қазақтарын ғана су қажетін өтейді. Өзбектің бірде-бір болысы (Беговат, Сават, Хавас және Дальверзин)

Романов каналының суын пайдаланбайды. Осыған байланысты С.Қожанов Романов суландыру жүйесін Қазақстанға беру жөніндегі территориялық комиссияның қаулысын жою мүлдем негізсіз, мұнда тек осы мақталы ауданды Өзбекстанға бере салу деген жай тілек қана - дейді. Ол Романов, Славянск, Спасск, Сыр-Дария және Іржар болыстары Территориялық комиссияның басым бөлігі Қазақстанға өтуі керек деп шешсе де, бұл болыстарды жасанды түрде қайта бөлінуіне келіспей, жеке пікірде қалады [23, 66].

РК(б)П Орта Азия бюросының 1924 ж. шекараларды белгілеу жөніндегі Территориялық комиссиясының Ташкент уезінің отырықшы қазақтардан құралған ауыл халқын өзбек жағында қалдыру жөніндегі шешімінде де қазақ комиссиясы тарапының ұсыныстары мен мүдделері ескерусіз қалады. Құрамалар тұратын аудан Өзбек КСР-не беріліп, қазақтар абсолютті түрде басым тұратын Шыршық өзені бойындағы бес болыс та Өзбекстанға өткен болатын. Ташкенттің маңындағы үш болысты ұлттық құрамына қарай межелеу ұсынылды. Тек Шыназ болысы ғана комиссия шешімімен Қазақстанға беруді ұйғарды. Александров және Қосқорған болыстары жөніндегі мәселе ашық күйінде РК(б)П ОК Саяси бюросы алдында шешу үшін қалдырылды. Мұнда да РК(б)П ОК Орта Азия бюросының Территориялық комиссиясының қазақ болыстарын Өзбекстан жағында қалдыру туралы әділетсіз шешімдеріне комиссия мүшесі С.Қожанов келіспей, Теркомның ондай біржақты шешіміне қатысты өзінің жеке пікірінде қалады [24, 68.].

Жалпы межелеу науқанын іске асыру барысында комиссияның қазақ өкілдері тарапының ұсыныстарын, мүдделерін үнемі елемеушілік, теркомның қазақ мүдделерін ескерген шешімдерін Орта Азия бюросы өз шешімімен қайта өзгерте салуы сынды жайттар біржақты үрдіс алды. Мұндай жағдай өз кезегінде қазақ комиссиясы өкілдерінің, әсіресе С.Қожанов тарапынан кеңестік ұлттық саясат ұстанымдарына мүлдем кереғар шешімдерге қатысты үнемі қарсылық білдірушілік, үнемі өзінің ерекше пікірде қалушылық сынды актілерімен көрініс алды.

Науқанның қазақ үшін көп жағдайда әділетсіз болғандығы жайында 1924 ж. 27 қыркүйекте ҚазАКСР Өлкелік комитеттің пленумында С.Қожанов: «Қазақтар – ең әлсіз халық. Қазақтардың көптеген аудандары қолдан кетті. Орта Азия бюросы Өзбекстанға бір болысты бөлу жөніндегі шешімімен барлығын шатастырды... Бізді құр қалдырды. Барлық негізгі капитал Орта Азияға кетті. Бізге Қазақстан өсіп, көркейді дейді, бірақ іс жүзінде олай емес» деген еді. Ол Сталинге өзбектер тарапынан қазақ және қарақалпақ қызметкерлерін баспа бетінде және де ауызша қудалауды тоқтатуды талап етеді [25, 64].

Тәжікстанның осы тақырыпқа ден қойып зерттеген тарихшысы «Ұлттық-территориялық межеленуден кейін Орталық Азия республикаларының бір-біріне деген аумақтық талаптары толастамады және КСРО ыдырағаннан кейін бұл құбылыстың қайта орын алуы Орталық Азия елдерінің қазіргі тарихнамасында ұлттық шекаралардың қолдан жасалғандығы туралы, ұлттық межелеу үдерісін аймақ халықтарының табиғи-тарихи дамуын бұзған деген түсініктер қалыптасты» деген тұжырым жасайды [26, 186].

**Зерттеу нәтижелері.** Жоғарыда баяндалған материалдың негізінде келесідей нәтижелерді атап өтуге болады:

- 1920 жылы бой көтерген Қазақ АКСР-і Алаш автономиясының негізінде құрылды;
- Қазақ АКСР-і Түркістан АКСР-не қарағанда өзін-өзі қазақ халқы деп анықтаған, анағұрлым айқын этникалық негізде құрылса, Түркістан АКСР-і қайсыбір бір титулдық этникалық нақты топқа емес, көп ұлтты халқы бар экономикалық-географиялық бірлікке негізделді;
- Бүкіл Орталық Азия ауқымында ұлттық-мемлекеттік межелеуді қажет еткен негізгі факторлардың бірі – Қазақ АКСР-і тарапынан қазақ облыстарын қосып алуын үздіксіз талап етуі болды;
- Кеңестік билік ұлттық шекараны межелеуде ұлттық және экономикалық ұстанымдарды өз қалауынша қолданды;
- С.Қожановтың белгілі бір мерзімге Ортаазиялық федерациясын құру ұсынысы оған кіретін республикалардың ұлттық мүдделерін қорғау мен экономикалық әлеуеттерін арттыруға бағытталды;
- Жалпы межелеу науқанын іске асыру барысында Орта Азия бюросы тарапынан қазақ комиссияның ұсыныстарын, мүдделерін үнемі елемеушілік сынды біржақты үрдіс алды;
- 1924 ж. межелеуден кейінгі Қазақстанның оңтүстік шекарасы қазіргі Қазақстанның оңтүстік шекарасынан анағұрлым кең аумақты құрады.

**Қорытынды.** Сонымен, 1924 ж. Орталық Азиядағы ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде Түркістан, Хорезм және Бұхара республикалары аумағындағы халықтар өз республикаларының отауын көтерсе, 1920 ж. өзінде ұлттық негізде құрылып қойған Қазақ кеңестік республикасы өзінің Жетісу, Сырдария облыстарын қосып, негізгі аумақтары ұйысқан, біртұтас мемлекетке айналды. 1917 ж. алаш қайраткерлері Алаш Орда автономиясын жариялап, қазақ облыстарының атын атап, түсін түстеп мемлекеттің негізгі тұғырын қалап кеткеннен кейін, 1920 ж. сол Алаш автономиясының атын ғана өзгертіп Қазақ кеңестік автономиялық республикасы деп аталды. Қазревком құрамындағы алаш зиялылары

Алаш автономиясы аумағына кірген жерлерді кеңестік республика аумағы ретінде заңдастыруда қажыр-қайрат танытады. Сол 1920 ж. тек Омбы қаласы мен Омбының уезін Қазақ республикасының құрамына енгізуіне қол жеткізе алмаған еді. 1924 ж. Сырдария облысының қомақты бөлігі қазаққа қарағанымен Ташкент пен Ташкент уезінің бірқатар болыстарына да қол жеткізе алмады.

Ташкент 200 жылдай, яғни 1598-1798 жылдары қазақтар билеген қала болды. Кейіннен 50 жылдай Ташкент Қоқан хандығына қарады. Ташкентті орыс отаршыларынан қолдарына қару алып қорғауға да қазақтар көп үлес қосты. Ташкенттің тәуелсіздігі үшін күресті ұйымдастырушы молда Әлімқұл да, Садық Кенесарыұлы да қазақтар еді [27, 124].

Ташкент қаласы мен уезін Қазақ республикасы құрамына қосу құқына – ұлттық, экономикалық, тарихи тұрғыда дәлелді уәждері болғанымен С. Қожанов айтқанындай бұл түйткілді тарқату «мақта мәселесіне» тікелей байланысты болды. Күйреген экономикасы сауығып үлгермеген, халқы аш-жалаңаш кеңес өкіметі мақта-матаға зәру болды, оның үстіне сол тарихи кезеңде мақтаға деген әлемдік сұраныс та артқан еді. Басқаша айтқанда, Орталық Азиядағы ұлттық-территориялық межелеу науқанына кеңестік Ресейдің мақта өндірісіне деген қажеттілігі ықпал етті. Дегенмен С. Қожанов бастаған қазақ комиссиясы мүшелерінің Ташкенттен қол үзгенімен, қала маңындағы ауыл-аймақтарды мүмкіндігінше қазақ пайдасына шеше алды. Қарақалпақ автономиялы облысын Қазақ республикасының құрамына кіргізді. Осы үлкен талас-тартыс, дау-дамай нәтижесінде қосылған аумақтар 30-шы, 50-ші, 60-шы жылдары Өзбек республикасының құрамына алғашқыда уақытша жалға беріліп, кейіннен біржола кете барды. Салыстыр-малы түрде қарайтын болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей қазіргі Қазақстанның оңтүстік шекарасынан 1924 ж. межелеуден кейінгі Қазақстанның оңтүстік шекарасы әлдеқайда кең аумақты алып жатты. 1924 ж. ұлттық-территориялық межелеу науқаны барысында Қазақ комиссиясы атамекен жерлерді қайтаруда, барынша күресе білді, алға қойған міндеттерді орындауда бар мүмкіндіктерін сарп етті. Осылай 1917 ж. басталған қазақ мемлекеттілігін жаңғырту барысындағы атамекен жерлерді ұйыстыру үдерісі 1924-1925 жж. межесінде аяқталады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Morrison, A., "Stalin's Giant Pencil: Debunking a Myth About Central Asia's Borders", *Eurasianet*, February 2017.
2. Темиргалиев Р. *Образование Советского Казахстана. Часть 3. Казахская АССР. [Электрон. ресурс].* – 2020. – URL: <https://informburo.kz/stati/obrazovanie-sovetskogo-kazahstana-chast-3-kazahskaya-assr.html> (дата обращения: 12.07.2023)
3. *Известия ВЦИК, 1 сентября 1920 г.*
4. ҚР ОМА. 196 қ., 2 т., 9 іс, 1 ор., 41-45-нн.
5. Sabol S. *The Creation the Soviet Central Asia: the 1924 National Delimitation // Central Asian Survey.* 1995. № 14. P. 232.
6. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Қазақстан, 1994. – 448 бет.
7. Абашиев С. *Национализм в Средней Азии: в поисках идентичности.* - СПб.: Алетея, 2007.
8. Тайны национальной политики ЦК РКП. «Четвёртое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей в г. Москве 9-12 июня 1923 г.». *Стенографический отчёт.* – М., 1992.
9. Ленин В.И. *Шығармаларының толық жинағы. 41-том.*
10. РГАСПИ. Ф. 62, Оп. 2, Д. 87, Л. 80.
11. Зарубин И.И. *Список народностей Туркестанского края.* Л., 1925.
12. Абашиев С. *Этнографическое знание и национальное строительство в Средней Азии («проблема сартов» в XIX – начале XXI в.): дис. ... д-ра ист. наук. М., 2008. С. 208.*
13. Мартин Т. *Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939 / Т. Мартин ; [пер. с англ. О. Р Щёлоковой]. — М. : Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН) ; Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2011. — 855 с.*
14. РГАСПИ Ф. 62. Оп. 2. Д. 87. Л. 37.
15. Ubiria G. *Soviet nation-building in central Asia. The making of the Kazakh and Uzbek nations.* – New York; London: Routledge, 2016. – 272 p.
16. ЦК РКП(б)-ВКП(б) и национальный вопрос. Книга 1. Сост. Л.С. Гатагова, Л. Кошелева, Л.А. Роговая. - М.: Росспэн, 2005.
17. РГАСПИ Ф. 62. Оп. 2. Д. 87. Л. 37 об.
18. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 112. Д. 566. Л. 40.

19. Шығармалары /Сұлтанбек Қожанов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 352 бет.
20. ҚР ПА. 139 қ., 1 т., 20 іс, 2-п.
21. Тәтімов М.Б. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған? Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. 160 б.
22. III Сессия Киргизского ЦИК IV созыва, 29-30 сент. 1924 г.: С. 4
23. ҚР ОМА. 625 қ., 1 т., 3 іс, 66-п.
24. ҚР ОМА. 625 қ., 1 т., 3 іс, 68-п.
25. Абсеметова Ж. Большевистский режим в Казахстане: становление и укрепление (1920-1933). - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 204 с.
26. Масов Р. История топорного разделения Душанбе: Ирфон, 1991. — 208 с.
27. Маймақов Ф. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы. (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу). – Алматы. 2005.

References:

1. Morrison, A., “Stalin’s Giant Pencil: Debunking a Myth About Central Asia’s Borders”, *Eurasianet*, February 2017.
2. Temirgaliev R. *Образование Советского Казахстана. Част 3. Казахская АССР. [Elektron. resurs]. – 2020. – URL: <https://informburo.kz/stati/obrazovanie-sovetskogo-kazahstana-chast-3-kazahskaya-assr.html> (data obrascheniya\_ 12.07.2023,*
3. *Izvestiya VCIK. 1 sentyabrya 1920 g.*
4. *KR OMA. 196 q., 2 t., 9 is, 1 or., 41-45-pp.*
5. Sabol S. *The Creation the Soviet Central Asia: the 1924 National Delimitation // Central Asian Survey. 1995. № 14. P. 232.*
6. Konyratbaev O. Turar Ryskulov: Kogamdyq-saiasi jane memlekettik qyzmeti. Turkistan kezeni. Kazaqstan, 1994. – 448 bet.
7. *Abashin S. Natsionalizmy v Srednei Azii: v poiskah identichnosti. SPb.: Aletena, 2007.*
8. *Tamy natsionalnoi politiki TsK RKP. «Chetvertoe soveanie TsK RKP s otvetstvennymi rabotnikami natsionalnyh respublik i oblastei v g. Moskve 9-12 uynia 1923 g.». Stenograficheskii otchet. M., 1992.*
9. *Lenin V.I. Shygarmalarynyn tolyq jinagy. 41-tom.*
10. *RGASPI. F. 62, Op. 2, D. 87, L. 80.*
11. *Zarubin I.I. Spisok narodnostei Turkestanskogo kraia. L., 1925.*
12. *Abashin S. Etnograficheskoe znanie i natsionalnoe stroitelstvo v Srednei Azii («problema sartov» v XIX – nachale XXI v.) : dis. ... d-ra ist. nauk. M., 2008. S. 208.*
13. *Martin T. Imperia «polojitelnoi deiatelnosti». Natsi i natsionalizm v SSSR, 1923-1939 / T. Martin ; [per. s angl. O. R. Shelokovoi]. — M. : Rossuskaia politicheskaiia entsiklopediia (ROSSPEN) ; Fond «Prezidentsku tsestr B. N. Eltsina», 2011. — 855 s.*
14. *RGASPI F. 62. Op. 2. D. 87. L. 37.*
15. *Ubiria G. Soviet nation-building in central Asia. The making of the Kazakh and Uzbek nations. – New York; London: Routledge, 2016. – 272 p.*
16. *TsK RKP(b)-VKP(b) i natsionalnyi vopros. Kniga 1. Sost. L.S. Gatagova, L. Kosheleva, L.A. Rogovaia. - M.: Rosspen, 2005.*
17. *RGASPI F. 62. Op. 2. D. 87. L. 37 ob.*
18. *RGASPI. F. 17. Op. 112. D. 566. L. 40.*
19. Шығармалары /Сұлтанбек Қожанов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 352 бет.
20. ҚР ПА. 139 қ., 1 т., 20 іс, 2-п.
21. Тәтімов М.Б. Kazak alemi (Kazaktyn sany kansha? Kazak kashan, kaidan kuylgan, kyrylgan jane atylgan? Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. 160 б.
22. III Sessua Kirgizskogo TsIK IV sozyva, 29-30 sent. 1924 g.: S. 4
23. *QR OMA. 625 q., 1 t., 3 is, 66-p.*
24. *QR OMA. 625 q., 1 t., 3 is, 68-p.*
25. *Absemetova J. Bolshevistsku rejim v Kazahstane: stanovlenie i ukreplenie (1920-1933). - Almaty: Kazak universiteti, 2007. – 204 s.*
26. *Masov R. Istoriua topornogo razdeleniua Dushanbe: Irfon, 1991. — 208 s.*
27. *Maimakov G. Kazak jeri tutastygynyn kalyptasuy. (Kazakstannyn aumaktyk tutastygynyn kalyptasuy jane Oрта Aziadagy ultyq-memlekettik mejeleu) – Almaty. 2005.*

УДК 323.3  
МРНТИ 11.15.25

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.014](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.014)

*Зайниева Л.Ю. \*<sup>1</sup>, Суимбаева Э.Н. <sup>2</sup>*

<sup>1</sup> доктор политических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан  
E-mail: zainieval@mail.ru

<sup>2</sup> докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан  
E-mail: ehlmira9@mail.ru

## НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖНОГО ПАРЛАМЕНТАРИЗМА

### *Аннотация*

Жазушылардың өмірі мен қызметтік даму жолын қауіп-қатерге тірейтін тарихи кезеңдер мен құбылыстардың болғандығын көреміз. Ол тақырыптармен айналысу жазушылар үшін қауіпті саналды.



Біздің көзқарасымыз бойынша жазушыларды тәуекелдерге апаратын тақырыптар келесілер болып табылды:

1. Ежелгі дәуір әдебиеті;
2. Ортағасырлық кезең;
3. 1917 жылғы Ақпан революциясына дейінгі жаңа заман дәуірі;
4. Тұлғалардың өмірін зерттеу;
5. Ұлттық мәдениет және тарихи құндылықтарды насихаттайты тақырыптар;
6. Шетелдік әдеби шығармаларға баға беру және қызығушылық.

Жоғарыда аталған тарихи-әдеби аспектілерге қатысты шығармашылық жазу немесе пікір таныту жазушылардың өміріне тікелей қауіп туғызды. Коммунистік партия билігі жазушылар мен өнер адамдарын идеологиялық қару ретінде қолдануды мақсат етті. Осы мақсатта шығармашылық салаға мемлекеттік бюджеттен үлкен қаржылар бөлінді. Бірақ, жазушылардың алдына бір ғана міндет қойылды ол кеңес үкіметінің мүддесіне қызмет ету және шығармаларын осыған арнау. Біздің көзқарасымыз бойынша сол дәуірдегі әдебиет өкілдері саяси-идеологиялық цензураның бар екендігіне көздері жетті және онымен санасуға мәжбүр болды. Сонымен қатар, жазушылар биліктің жасанды шектеулерінің еркін шығармашылық ойға тигізетін зиянының салдарларын анық ұғынды деп айтуға болады.

1970-1980 жылдары саяси-идеологиялық цензура 1930-1940 жылдармен салыстырғанда біршама жұмсарды. Оның күресу әдістері өзгеріске ұшырады. Бұрынғы сталиндік жазалау әдістері күшін жоғалтты. Алайда цензураның мақсаты мен міндеттері өзінің негізгі сипатын сақтап қалды.

Бұл тақырыптың өзектілігі кеңестік саяси-идеологиялық цензураның жазушылардың ұлттық сана-сезімін толық шектеуге қабілетті болмағандығын айқындаумен сипатталады. Себебі, жазушылардың бірқатар топтары ұлттық тарихи-мәдени сананы оятатын шығармаларды жазудан қорықпады және кезкелген қатерлерді қабылдады. Сол кезеңдегі ұлттық сананы оятатын жазушылардың шығармалары қазіргі тәуелсіз Қазақстанның болашақ жастарын патриоттық сезімге тәрбиелеуде үлкен рөл атқаруда.

1970-1980 жылдардағы Қазақстандағы әдеби өмірдің дамуын талқылаған ғылыми еңбектер болмады деуге негіз бар. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуы кеңестік кезеңдегі әдебиеттің мәселелерін ғылыми қайта қарауға жол ашты. Осыған байланысты сыни позициядағы еңбектер пайда болды. С.Әшімбаев [1] кеңестік дәуірдегі Қазақстанның жазушылық саласының қалыптасуы мен дамуы, мәселелік тұстарына ғылыми баға берген алғашқы авторлардың бірі. С.Әшімбаевтің пікірі бойынша қазақстандық жазушылар өздерінің шығармаларында шындыққа ұмтылу қабілеттерін ешқашан жоғалтқан емес. Ж.Смағұлов [2], Р.Нұрғали [3] еңбектерінде қазақ әдебиетінің 1970-1980 жылдардағы даму кезеңіне жан-жақты баға берілген. Сонымен қатар, жазушылардың шығармашылық қабілетінің дамуына кедергі келтірген факторларға талдаулар жасалынған.

С.Сейітов [4] өз еңбегінде жекелеген жазушылардың кеңестік билік органдарының тарапынан қысымға ұшырау себептеріне пікірін танытқан. Ө.Әбдіманұлы [5] 1970-1980 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы жазушылардың шығармаларындағы шындықтың бейнелерін басқа қырынын көрсетуге ұмтылған.

Ж.С. Әділханова [6] 1970 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы жазушылардың қызметіне жасалынған мемлекеттік құрметтердің себептері мен салдарларына баға беруге ұмтылған. Сонымен қатар, кеңестік жазушылардың шығармашылық бағытының қазіргі кезеңдегі бағыттан өзгешелігіне салыс-тырмалы талдау жасалынған. Д.А. Аманжолованың [7] кеңестік кезеңде жазылған тарихи романдардағы оқиғалардың шынайылыққа қаншалықты қатысы барлығын тарихи деректер арқылы сипаттайды. Сонымен қатар автор жазушылар мен ғылым өкілдерін тарихи фактілерден ауытқуға итермелеген саяси-идеологиялық факторлардың себептеріне баға берген.

А.Б. Мусагулова [8] Қазақстандағы кеңестік идеологиялық цензураның тарихына қатысты көлемді ғылыми еңбек жазды. Оның ғылыми жұмысында 1920-1991 жылдар арасындағы кеңестік цензураның Қазақстанда атқарған қызметіне жан-жақты талдаулар жасалынған. Автор өнер мен шығармашылық салаларындағы кеңестік цензураның рөлі мен тигізген зардаптарына шынайы баға берген.

**Материалдар.** Мақалада кеңестік дәуірдегі Қазақстанның әдеби шығармашылық өмірінен хабар беретін ғылыми материалдар жинақтары, газет-журналдар, қаулылар мен хаттамалардың деректері пайдаланылды. Аталған материалдар жұмыстың деректік қорының артуына үлес қосты.

**Әдіснама.** Бұл зерттеу жұмысында тарих және гуманитарлық ғылымдардың әдістері кеңінен қолданылды. Кеңестік цензураға ұшыраған жазушылардың қудалану себептерін айқындауда тарихи-генетикалық әдіске сүйендік. Бұл әдістің көмегімен жазушылардың шығармаларының тарихи-мәдени аспектілерін түсінуге қол жеткіземіз. Кеңестік биліктің қоғамдық өмірді бақылау жүйесінің ерекшелік-

терін анықтауда құрылымдық әдісті пайдаландық. Бұл әдіс кеңестік жүйенің жалпы құрылымының мазмұнын ашуға көмектеседі.

Кеңестік Қазақстан мен тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріндегі жазушылардың шығармашылық қызметінің рөлдерінің ерекшеліктерін айқындау маңызды болып табылады. Бұл бағытта біз салыстырмалы талдау әдісінің көмегін ескердік.

1970-1980 жылдардағы жазушылардың шығармашылық бағыттарының өзара байланысын түсіну қажет болып табылады. Бұл тұрғыда бізге классификация әдісі көмегін ұсына алады. Аталған әдіс жазушыларды шығармашылық бағыттарына орай бірнеше категорияларға немесе топтарға жіктейді.

**Нәтижелер.** Кеңестер Одағында бірпартиялы және тоталитарлық жүйенің қызмет атқарды. Бірпартия үстемдік құрған қоғамда биліктің кез-келген идеология мен салаға тікелей ықпал жүргізетіндігі анық. Осы себепті коммунистік партияның әдеби шығармашылық пен жазушылардың үстінен бақылау орнату әрекеті 1920 жылдары басталған болатын. Кеңес Одағының көсемдері Ленин мен Сталин марксистік теориядағы әдеби ортаны бақылаудың әдістерінің әлсіз екендігін көрді. Осыған орай Ленин әдеби ортаны бақылаудың өзектіліктеріне арналған ойларын жарыққа шығарды. Кейін Сталин оның идеясын одан әрмен жетілдірді. 1928 жылдың жазында КСРО Орталық комитеті пропаганда жұмыстары бойынша Бүкілодақтық конференцияны жинады. Бұл конференцияда коммунистік идеологияның пропагандасын жүргізудің бағыттары мен перспективасы талқыланды. Конференция қорытындысы бойынша барлық өнер салаларын жаңа мәдени көзқарастағы қоғамды орнықтыруға жұмылдыру жөнінде резолюция қабылданды [9, 13-б.].

Ал, 1928 жылдың желтоқсандағы Орталық комитеттің бастамасымен өнер салаларына арналып ұйымдастырылған конференция коммунистік партияның шығармашылық салаға қатысты бақылауын ресмилендірді. Конференция жазушы-баспа-партия араларындағы қарым-қатынастың тетіктерін бекітті. Баспадан шығатын кітаптардың түрлері мен мазмұны айқындалды. Осылайша 1928 жылы КСРО-да әдебиеттің үстінен цензура нақты орнатылды.

1930 жылдары КСРО-да Сталин билігінің күші жоғарғы шыңына жетті. Осы кезеңде әдеби цензура жаппай репрессияға ұласты [10, 5-б.]. 1930-1940 жылдары Қазақстанда тарих, мәдениет, әдебиет сала-ларында мемлекеттік цензура толыққанды жұмыс атқарды. Жазушылар Одағы партияның тапсырысын орындайтын органдардың біріне айналды. Партияның идеологиялық бөлімі Жазушылар Одағының қадағалаушы органы саналды. Ал, елдегі жазушылар мен әдебиетшілердің барлығы Жазушылар Одағының мүшелігіне өтуі тиіс болды. Осылайша Қазақстанда әдеби шығармашылықта тоталитарлық жүйе орнады.

1940-1950 жылдары Қазақстанда жазушылардың жаңа буыны қалыптасты және олар бірқатар маңызды әдеби шығармаларды өмірге алып келді. Коммунистік идеологияның принциптеріне сай келетін әдебиеттерді жазушыларды мемлекеттік наградалармен марапаттау ісі 1950-1960 жылдары дәстүрге айналды. Мысалы, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мустафин секілді жазушылар кеңестік дәуірдегі Қазақстанда салынған завод-фабрикалардың қоғамды дамытудағы рөлі туралы шығармалар жазды. Ғ.Мустафин 1952 жылы «Қарағанды» атты романын жазып шығарды. Романда Қарағанды қаласында салынған кеңестік металлургия комбинатының тарихы сипатталған [6, 28-б.]. Ғ.Мустафин «Оянған өлке» атты романын 1953 жылы жариялады. Бұл романда кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстанда өмір сүрген өндірістік тәсілдерді сынау және кеңестік өнеркәсіптің қуатын насихаттау стилі көрініс тапқан. Осы еңбегі үшін жазушы мемлекеттік Ленин сыйлығын 3 рет иеленді [11, 220-б.]. Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысының шындықтарын өз шығармаларында шынайы бейнелеуімен оқырман жүрегінде орын алды.

Коммунистік партия әдебиет өкілдерінен негізінен кеңестік дәуірдегі қоғамдық-экономикалық және мәдени-ғылыми оң өзгерістерді суреттейтін шығармаларды жазуды талап етті. Ал, кеңестік дәуірге дейінгі тарихи кезеңдерді сипаттайтын әдебиеттердің авторларына белгілі бір талаптарға көнуге тура келді. Олардың өмірі мен қызметі кез-келген уақытта өзгеріске ұшырауы мүмкін еді. Мысалы, 1943 жылы XIX ғасырдағы қазақ ханы Кеңесары туралы ғылыми шығарма жазған Е.Бекмахановты 1947 жылы 25 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шықты. Оның негізгі кінәсі феодалдық дәуірдің өкілінің өмірін насихаттау және қоғамдық көзқарасты өзгертуге талпыну болды [12, 9-б.].

1970 жылдары Қазақстанның әдеби шығармашылығында бірқатар өзгерістер орын алды. 1970 жылдардағы әдеби цензураның 1930-1940 жылдармен салыстырғанда бірнеше есеге төмендегендігін көреміз. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетін танытатын тарихи романдар мен көркем әдебиеттер жарыққа шықты. Белгілі жазушы И. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы 1976 жарыққа шықты [5, 21-б.]. Трилогияда XIII-XIX ғасырлар арасындағы қазақ мемлекеттілігінің тарихы сипатталған. Бұл еңбек үшін жазушы бірқатар сындарға ұшырады. Бірақ, қатал әдеби цензураның құрбанына айналмады.

1970 жылдары кеңестік билік аппаратының тергеуіне ілінген бірнеше әдебиеттер тіркелді. Соның бірі О.Сүлейменовтың «А.З.И.Я» шығармасы болып табылады [13, 11-б.]. Аталған шығармада XII ғасырларда

өмір сүрген орыс князы Игорь мен қыпшақтардың арасындағы соғыстың оқиғалары сипатталған. Шығармада түркі тайпаларының мәдени құндылықтарының славян халықтарына тигізген әсері туралы тұжырымды аргументтер келтіріліген. Осыған байланысты кеңестік билік аппараты жазушыны қудалауға ұшыратты. Оның шығармасы кітап дүкендерінен алынды және қоғамда оқуға тиым салынды. Бұл 1970 жылдардағы кеңестік Қазақстанның жазушылық саласындағы ең үлкен қайшылық болып саналды. Оқырмандар жазушының тергеуге алынуына қарсылық танытты.

1970 жылдары негізінен әдеби ортада мемлекеттің жасырын цензурасы қызмет атқарды. Оның мағынасы былай болды мүмкіндігінше ұлттық тарихи-мәдени құндылықтар тақырыптарына әдебиеттер жазуға кедергі жасаумен өлшенді. Бұл жасырын қағиданы анық түсінген бірқатар жазушылар ұлттық тақырыптардан алшақ жүруге тырысты. Олар кеңестік идеологияның өнеркәсіп пен әлеуметтік салалардағы жетістіктерін сипаттайтын шығармаларды өмірге алып келді. Сонымен қатар, цензураның талаптарын толық сақтаған әдебиеттерге баспадан шығару мен мемлекеттік сыйлықтарды иеленуде жеңілдіктер жасалды.

1970 жылдары КСРО әдебиетін бақылаған кеңестік цензураны саяси-идеологиялық факторлармен тығыз байланыстырамыз. Себебі, біздің көзқарасымыз бойынша коммунистік партияның идеологиясы жазушылардың шығармаларынан тек маркстік-лениндік дүниетанымның іздерін көруге ұмтылды. Кеңестер Одағында 1932 жылғы бекітілген Өнер туралы концепцияда былай делінген: «автор маркстік-лениндік дүниетаным арқылы ғана Кеңес Одағы мен шет мемлекеттердегі өмірді шынайы бейнелей алады. Осыған байланысты маркстік-лениндік ұстаным аясында жазылған әдебиет қана әділ өнер туындысы болып танылуға лайық» [14].

Жоғарыда аталған 1932 жылы қабылданған Өнер концепциясы 1970-1980 жылдары да кеңестік әдебиеттегі негізгі теория қызметін атқарды [8, 97-б.]. Бірақ, 1970-1980 жылдары кеңестік әдебиетте идеологиялық-интеллектуалдық тазартулар орын алған жоқ. 1930-1940 жылдары кеңестік жазушылар одағында идеологиялық және интеллектуалдық тазартулар репрессиялық жолмен іске асқандығын білеміз. Әсіресе, 1936, 1946 жылдардағы кеңестік саяси бюроның Жазушылар Одағына қарсы ұйымдастырған тексерістері көптеген әдебиеттердің кітапханалардан алынып, қайта жазылуына себеп болған еді.

1950-1960 жылдары кеңестік партияның идеологиясы әдеби ортаға біршама бостандықтарды беруді дұрыс деп санады. Өйткені, КСРО саяси билігі қоғамды коммунистік идеология мен оның өмір салтына түбегейлі үйренді деп санады. Осылайша, кеңестік саяси-идеологиялық бақылаудың тетіктері өнер мен ғылым салаларында 1930-1940 жылдармен салыстырғанда біртіндеп әлсірей бастады. Бұл Л. Брежнев басқарған «Тоқырау» жылдары анық көріне бастады [7, 31-б.]. Әрине оның негізгі бағыты өз жұмысын сақтап қалды.

Саяси цензура 1970-жылдардың басында қалыптаса бастаған брежневтік «тоқырау» белгілеріне еріксіз қызмет етті және саяси-идеологиялық жүйенің құрамдас бөлігіне айналды. 1970 жылдардағы кеңестік саяси-идеологиялық цензура біріншіден шектелінген талаптарды бұзған адамдар мен тұтас мекемелерді сот-әкімшілікпен қудалайтын құралға айналса, екіншіден идеологиялық-психологиялық қысымдар жасайтын аппаратқа айналды. 1970 жылы 25 маусымдағы Қаз КСР Ғылым Академиясы №133 қаулысы шетелдерден келетін кітаптардың мазмұнын тексеруге бағытталды. Қазақ КСР Ғылым Академиясы мен Орталық Кітапхана мекемелеріне 65 елден келген еліп түскен шетел кітаптарының идеясын тексеру үшін 10 адамнан тұратын комиссия құрды. Комиссия жұмысы шетелдік кітаптардың КСРО туралы пікірлеріне қатты мән берді. Жалпы комиссия жұмысы 12.000 кітапқа тексеріс жүргізді. Комиссия жұмысының нәтижесінде шетелдік апталық «Атлас» журналының 1969 жылға дейінгі 46 номері, 1970 жылғы 24 номері өртеу тәсілімен жойылды [8, 65-б.].

Жоғарыда аталған оқиға 1970 жылдардағы кеңестік әдеби цензураның актілерінің ішіндегі басты сипатқа ие болды. 1972 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Бас Басқарма өз қаулысында сталиндік репрессия кезінде цензураға ілінген кітаптар тізімін пайдалануға шығармауды күшінде қалдырды [8, 65-б.]. Ол кітаптардың көпшілігі 1920-1930 жылдардағы қазақ классикалық әдебиетінің дамуына жоғары үлес қосқан жазушылардың әдебиеттері болып табылатын (кесте 1).

Кесте 1: 1972 жылы кеңестік Қазақстанда цензураға ілінген ескі әдебиеттер тізімі

№	Кітаптардың авторлары	Кітаптардың саны
1	Ж.Аймауытов	14
2	А.Байтұрсынов	41
3	Ә.Бөкейханов	4

4	Х.Досмұхамедов	13
5	М.Дулатов	16
6	Ә.Бөкейханов	4
7	М.Тынышбаев	7
8	Телжан Шонанов	27
9	М.Әуезов	3

Жоғарыда аталған әдебиеттер негізінен социализмге дейінгі қазақ қоғамының мәдени құндылықтары мен қоғамдық ерекшеліктерін сипаттайтын шығармалар болып табылды. Осылайша 1970 жылдардағы әдеби цензура жазушылардың өмірлеріне тікелей қауіп төндірмесе де алдын-алу шараларын қамтамасыз етуімен ерекшеленді.

1974 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Бас Басқармасы мен аймақтық басқармалардың цензорлары тарапынан 50353 газет, 14620 парақ кітаптар мен журналдар, радио, теледидарлардың 20 мың баспа парақ материалдары, 244 мыңнан астам киноленталар бақыланы. Жоғарыда аталған статистикалық мәліметтер әдеби шығармашылық цензураның үлкен көлемде болғандығын нақтылайды [9, 12-б.].

1970 және 1980 жылдардың басында қызмет атқарған кеңестік цензура органдары әдебиеттерді тексеруде оның мемлекеттік мүддені қорғайтын факторларына ерекше назар аударды. Мысалы, Т.Шаукенбаевтың 1974 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақстан мұнай өнеркәсібінің экономикасы» атты кітабындағы мұнай кен орындарының қорлары туралы деректер алынып тасталды [8, 67-б.]. Сонымен қатар, «Қазақстан» баспасынан шыққан А. Соловьевтың «Қазақстанның түсті металлургиясы» атты кітабынан мемлекеттік құпияны ашатын 25 факті анықталып, тиісті беттер алынып тасталды [8, 69-б.]. Жалпы 1960-1970 жылдары Кеңестер Одағының өндірістік қуатының артқаны белгілі. Елде көптеген ірі өндіріс орындары ашылды. Оларды әдебиет кеңістігінде насихаттауға коммунистік партия жағдай жасауға ұмтылды. Себебі, осы арқылы коммунистік идеологияның құдіретін қоғамға сіңдіру көзделінді. Бірақ, стратегиялық маңызы бар өнеркәсіп нысандары туралы құпияларды жасыру әдеби цензураның басты міндеттерінің бірі болды [15, 103-б.].

1970 жылдардың соңында кеңестік саяси-идеологиялық цензураға қарсы тұрған азаматтардың бірі Хасен Қожахмет болды. Ол 1974-1977 жылдары «Жас қазақ» деген жастар ұйымын құруға ұмтылды. Осы бағытта бағдарлама және болашақ мүшелерінің антын, аты-жөндерін жазды [13, 22-б.]. Ұйымның мақсатын айқындайтын бірнеше мақалаларды жариялады. Бірақ, кеңестік цензура оны 1977 жылы ұстап 2 жылға бас бостандығынан айырды. 1982-1983 жылдары Ю.В. Андропов билігі тұсында КСРО да саяси-идеологиялық бақылаудың күшейгендігі белгілі. Оның ықпалы әдеби шығармашылық саласында да сезілді. Баспалар мен Жазушылар Одағының қызметтерін тексеру және идеологиялық мақсаттарын қайта бекіту жұмыстары орын алды [13, 22-б.].

Осы тұста атап өтетін бір факті бар ол кеңестік қызметтің этикасына айналған жиналыстардың жиі өткізілуі және жазалаушы әдіске айналуы. 1970-1980 жылдары әдебиет саласындағы цензураның жұмсақ тәсілдерінің бірі ретінде жиналыстардың қызмет атқару болып табылды. Сонымен қатар, жиналыстар жиі өтуімен есте қалды. Жазушылар Одағының негізгі міндеттерінің бірі ол жиналыстар алаңын көп ұйымдастыруымен ерекшеленді. Жиналыстарда жазушылардың шығармаларының мазмұны мен идеологиялық аспектілеріне басты назар аударылды [15, 136-б.]. Жазушылар Одағы мен Бас Басқарма бекіткен ережелерден ауытқып кеткен әдебиеттердің авторларына ескертулер жасалынды және кейде Жазушылар Одағының мүшелілігінен шығарылды. Ал, Жазушылар Одағының мүшелілік куәлігінен айырылған авторға өз еңбектерін баспадан шығару және жариялауға мүмкіндіктер жабылды дегенді білдірді.

1983 жылы Жазушылар Одағында әртүрлі орган өкілдерінің қатысуымен 168 жиналыс өткізілді [13, 22-б.]. Аталған жиналыстардағы басты тақырып жоспарда тұрған әдеби шығармаларда жаулық пиғылдағы элементтерге жол бермеу және коммунистік идеологияның мүддесіне сай қызмет атқару болып табылды. 1982 жылы Қазақ кеңестік социалистік республикасы бойынша тиражы 132225 дана шығуы жоспарланған 32 әдебиеттің баспадан басылуына шектеу қойылды [9, 16-б.]. Негізгі себеп, әдебиеттердің мазмұнының социалистік идеологияға сай келмеуі және авторлардың жеке биография-сының сенімсіздігі болып табылды.

Жалпы КСРО-да әдеби шығарманың авторының жеке биографиясы мен генеологиясы үлкен рөл атқарды. Себебі, кеңестік саяси-идеологиялық принцип бойынша тұлғаның таптық шығу тегі оның өмір жолына үлкен әсер етеді. Осыған сәйкес жазушылардың шығу тегі мен өскен ортасы баспада жіті қаралды. 1983-1985 жылдары Қазақстанда әдеби цензураның негізгі жұмысы кітапханалар мен типографияларға бағытталды. Әсіресе қалалардағы балалар кітапханасының қорлары жылына 3 рет тексеріске ұшырап отырды. Мысалы, 1984 жылы Алматы, Жамбыл, Целиноград қалаларының балалар кітапханасынан рұқсат

етілмеген кітаптар табылып, кітапхана басшыларына әкімшілік жазалар қолданылды [8, 96-б.]. Осыған байланысты 1984 жылы республика бойынша құрылған арнайы комиссиясының жұмысымен кітапхана қызметкерлерімен 11 рет кеңес, 377 жеке әңгімелер өткізілді [13, 11-б.]. Әңгімелер барысында кітапханалар қызметкерлеріне шектеу қойылған кітаптардың мазмұнына қатысты сұрақтар қойылды және олардың зиянкестігі туралы кеңестер айтылды [8, 92-б.].

Жалпы 1985 жылы Республикада кітап сақтайтын арнайы 8 қор болды, оның 3-де шет тілдерінде шыққан әдебиеттер сақталынды. Сондықтан шет тілдеріндегі әдебиеттерді сақтайтын қардың жетекшілерінің кәсіби біліктілігіне басым аударылды (Мусагулова, 2014). 1984 жылы Қазақстан коммунистік партиясының идеология бөлімінің басшысы ауысты. Жаңа басшы цензура саясатын қатайтуға ұмтылды. Жаңа басшы ұлттық санада ойлайтын және жазатын жазушыларды қысымға алды. 1984-1985 жылдары ұлттық санадағы әдебиеттердің авторлары саналатын 17 жазушымен арнайы әңгімелер жүргізілді. Олардың алдағы шығаратын шығармашылық жұмыстары туралы сұрақтар қойылды [2, 43-б.].

1985 жылы М.С. Горбачевтің билікке келуі саяси-идеологиялық цензураның күшін жұмсартты деуге негіз табылады. «Жариялылық» саясатын ұстанған М.С. Горбачев билігі бұрын шектеу қойылған әдеби авторлардың есімдерін қайта қарады және олардың еңбектерін оқуға рұқсат етті [5, 29-б.]. 1985-1991 жылдары әдебие цензурадағы негізгі актілердің бірі ретінде Қазақ КСР Энциклопедиясының Бас редакциясының материалдарына қатысты тексеруді атауға болады. 1987 жылы КСРО коммунистік партиясының XXVII съезінің шешімдеріне орай бірқатар баспалардың жұмыстары сынға алынды. Оның ішінде энциклопедия баспасының жұмыстары негізгі тақырыпқа айналды. Осыған сәйкес, Қазақ КСР энциклопедиясының жаңа бөлімінің жұмыстары уақытша тоқтатылды және оның алдағы бағыттары айқындалды.

1988 жылдың желтоқсан айы Қазақстандағы коммунистік партияның цензура саясатының жеңілуінің бастапқы кезеңін қалыптастырды. 1988 жылы желтоқсан айында Алматы қаласында өткен баспа басшыларының семинарында әдебиеттерге қатысты сыни талаптарды алып тастау және цензураның күшін азайту туралы ұсыныстар талқыланды [8, 99-б.]. Осыдан кейін, 1988 жылдың 8 желтоқсанында Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінде қазіргі заманның шарттарына сәйкес партияның идеологиялық жұмысының аспектілерін өзгерту бойынша жиналыс өтті. Онда ескі коммунистік идеологияның шаблондарынан бас тарту және бостандық, еркіндік құндылықтарын енгізудің қажеттіліктері ортаға салынды [8, 98-б.]. Жиналыс нәтижесінде Орталық комитеттің шешімімен 1937-1988 жылдары сталиндік репрессияға ұшырап, «халық жаулары» атанған қазақ халқының бір топ жазушыларының еңбектерін қайта басып шығару және оқыту жөнінде қаулы қабылданды. Бұл коммунистік партияның идеологиясы үшін ауыр соққы болды [14, 110-б.].

Жоғарыда аталған фактілер 1988 жылдан бастап Қазақстанда кеңестік идеологияның цензурасының күшін жойғандығын негіздейді. Жалпы алғанда кеңес үкіметінің саяси-идеологиялық бақылау жүйесі коммунистік партияның абыройын қорғауға құрылған болатын. Ал, коммунистік партияның жалған идеал көрінісінің қоғам санасына жетуі, оның күйреу процессін жеделдетті. Коммунистік партияның саяси-идеологиялық цензурасы әдеби ортаны 60 жылға жуық өзінің мүдделеріне сай қызмет етуге мәжбүрледі. Жазушылардың шығармашылық еркіндігі шектелінді және бір образды ойлау кеңістігінде қалып қойды.

**Талқылау.** Жоғарыда талқыланған факторларға баға бере отырып, жазушылардың кеңестік идеологияның үлкен құралы болғандығына көз жеткіздік. Кеңес билігі жазушылардың көмегімен қоғамды коммунистік рухта тәрбиелеуге ұмтылды. Осы мақсатта жазушылардың шығармашылығына үлкен шектеулер қойылды және бақылау орнатылды.

1970-1980 жылдардың басқа кеңестік кезеңдерден айырмашылығы жазушылардың шығармашылық жұмыстарына «жұмсақ цензура» саясатының қолдануымен түсіндіреміз. Себебі, осы кезеңдері қазақ тарихы мен әдебиетінің құндылықтарын насихаттайтын шығармалар, романдар жарық көрді. Ал, бұған дейінгі кеңестік кезеңдерде ежелгі ұлттық мәдениет пен тарихты қозғайтын еңбектерді жариялауға қатаң цензура орнатылған болатын (Аширов & Исмаилов, 1984). Бірақ, 1970-1980 жылдардағы цензураның құрбаны болған жазушылар жоқ емес. Олар Жазушылар Одағының тәртіптік кеңесі мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарының тергеулерінен өтуге мәжбүр болды. Бірақ, оларға 1930-1940 жылдардағы секілді түрмеге айдау, ату жазасы секілді қатаң тәсілдер қолданылмады.

1970-1980 жылдары жазушылар шығармашылықта бірқатар еркіндіктерге қол жеткізді. Осы кезеңде «Құлагер», «Көшпенділер», «Біржан сал», «Ақан сері» секілді романдар жарық көрді [3, 35-б.]. Аталған романдарды жазушылар қоғамда үлкен танымалдылыққа қол жеткізді және мемлекеттік наградаларды иеленді. Бірақ, бірақтар ұлттық бағыттағы жазушылар тиісті органдардың қысымына ұшырады және шығармашылық жолда кедергілерге тап болды.

1970 жылдары цензураның күші әлі де байқалып тұрды. 1980 жылдары кеңестік идеологияның ғылым мен шығармашылықтағы цензурасы үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұған М.С. Горбачевтың «Қайта құру» саясатының ықпалы жоғары болды. 1980 жылдардың екінші жартысында қазақстандық жазушылар бұрын тиым салынған әдеби-мәдени тақырыптарға қатысты шығармашылықтарын ұлғайтты. Әдеби салада жаңа көзқарас пен ұстанымға сай жазылған еңбектер пайда болды. Бұл өзгерістер жазушылардың жаңа буынының қалыптасуына алып келді.

Кеңестік бақылау аппараты жазушылардың шығармашылығын қандай механизмдердің көмегімен қадағалады? деген заңды сұрақ туындайды. Жазушылар өздерінің шығармаларын баспадан шығару үшін 3 түрі этаптан өтуі тиіс болды:

1. Жазушылар Одағының шығармашылық кеңесі;
2. Коммунистік партияның идеологиялық бөлімі;
3. Баспахана.

Аталған этаптардан өту арқылы жазушы өзінің шығармасын баспадан жариялауға мүмкіндік алды. Жоғарыда аталған бақылау тетіктерінің ішіндегі ең қиыны коммунистік партияның идеологиялық бөлімі болып табылды. Жазушы өзінің шығармасын Жазушылар Одағының шығармашылық кеңесінде бекіткен соң, партияның идеологиялық бөліміне жолданылды. Онда жазушыға кез-келген сұрақтар қойылуы мүмкін болды.

Партия тарапынан бекітілген соң ғана жазушының туындысы баспаханаға жолданылатын. Ал, баспаханалар партияның хаттамасынсыз ешқандай әдеби шығарманы басып шығаруға тиіс болмады. Себебі, КСРО-да барлық баспаханалар мемлекет тарапынан қаржыландырылды және партияның идеологиялық бөлімімен тығыз байланыстар құрды.

Жазушылардың шығармашылық қызметін бақылаудың қосымша тетігі ретінде газет-журнал редакциялары саналды. Себебі, Жазушылар Одағы тарапынан мақұлданған маңызды әдеби шығармалардың қысқаша аннотациясы баспаға жіберілмей тұрып «Правда», «Литературная газета» сияқты журналдар мен газеттерде жариялануы тиіс болды [8, 91-б.]. Бұл бағытта әдеби шығармалар редакциялардың бақылауынан өтуге мәжбүр болды. Журналдардың редакциялары саяси-идеологиялық аспектілер бойынша әдеби шығармаға өздерінің түзетулерін енгізуге құқылы болды. Жоғарыда аталған бақылау құралдары әдеби шығармаларды жат идеологиялық элементтерден тазартуды қамтамасыз етті. Жазушыларға әрбір бақылау этапында өздерінің көзқарастарын негіздеуге тура келді. Бірақ, бақылау органдарымен тікелей қарама-қайшылыққа бару кез-келген жазушы үшін қызметтік карьераға нүкте қоюмен тең болды.

**Қорытынды.** Кеңес Одағында коммунистік партия билігінде пропаганда, үгіт-насихат жұмыстары белсенді рөл ойнады. Коммунистік идеологияның пропаганда қызметінде әдеби шығармашылықты бақылау маңызды саналды. Себебі, газет-журнал және әдеби туындылар қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін дереккөздер болып табылды. Сондықтан жазушылардың жеке өмірі мен қызметі тиісті органдардың бақылауында үнемі болды.

Жазушылар тоталитарлық қоғамның негізгі мүшелерінің қатарына жатты. Жазушылардың шығармашылығы коммунистік партияның идеологиялық мүдделеріне тікелей тәуелді болды. Жазушылар өздерінің шығармаларын жариялауда баспаның талап-тілектерін орындауға бейімделді. Кеңестер Одағында жарық көрген көркем әдебиетті шынайы суретшілердің өнімі ретінде емес, пысық колөнершілердің нарыққа шығарған өнімі ретінде қабылдау дұрыс болатын. Жазушыларға әдеби шығармаларын қоғамдық талқылауға ұсынуда көптеген фактілер мен шындықтардан бас тартуға тура келді. Ал, мемлекеттік идеологиядан тыс әдеби туындыны ұсыну жазушының қызметтік карьерасына жанама қауіптер тудырды. Оның әлеуметтік ахуалы белгілі бір тәуекелдерге тап болуы мүмкін еді. Осыған орай, кеңестік жазушылар өз еңбектерін жүзеге асыруда баспаның, партияның бағытын және оқырманның тілектерін ескеруге тиіс болды. Жазушы коммунистік идеологияның жасанды құралына айналды. Бірақ, бірқатар жазушылардың кеңестік цензураның талаптарына қарамастан ұлттық сана мен рухты оятатын еңбектер жазуы, цензураның өз міндетін толыққанды атқара алмағандығын көрсетеді.

Жалпы алғанда кеңестік саяси-идеологиялық цензура өнер мен шығармашылықты бақылау бойынша жаңа тәсілдерді әлемдік тәжірибеге енгізді. Оның кері әсерлерінің басым болғандығы сөзсіз. Кеңестік цензураның әдістері кейінгі тоталитарлық және авторитарлық билік жүйелеріне үлгі ретінде қызмет етті. Бұл адамзаттың шығармашылық ойлаудағы басты байлығы саналатын еркіндіктің шектелуіне алып келді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993.
2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы. Қазақ университеті, 1999.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2000.
4. Сейітов С. Ой керуені. – Алматы: Kitap, 2007.

5. Әбдіманұлы Ө. «Ақтаңдақтар» ақиқатын айтқан // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 1997. - № 9. – Б. 18-26.
6. Әділханова Ж.С. XX ғ. 60-90 жылдарындағы әдебиеттану ғылымы: С. Сейітов зерттеулері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 162 б.
7. Аманжолова Д.А. Советское притяжение: историческая литература Республики Казахстан о советском веке // Прошлый век. – 2013. - № 2. – С. 28-35.
8. Мусагулова, А.Б. Қазақстандағы идеологиялық цензура тарихы (XXғасырдың екінші жартысындағы Республика тарихының өзекті мәселелері бойынша). – Алматы: ҚазҰУ, 2014.
9. Каипова Б. История политической цензуры в Казахстане (1929 -1956): автореф. ... канд. ист. наук.: – Астана, 2002.- 30 с.
10. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар (әдебиеттану сын әлемі) төртінші кітап. - Алматы: «Қазығұрт», 2003. - 95 б.
11. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-1991-гг.). – Алматы: «Атамұра, 2004. – С. 219-220.
12. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан дәуірі. – Алматы: «Дәуір», 2009. – 17 б.
13. Забих Ш.А. Публицистическая и журналистская деятельность Алихана Букейханова: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. – 29 с.
14. Мамардашвили М. К. Мысль под запретом //Вопросы философии. - 1992. - № 4. - С. 110
15. Аймермахер К. Политика и культура при Ленине и Сталине. 1917-1932 гг. – Москва, 1998. – 465 с.

References:

1. Ashimbaev S. Shyndykka syjispenshilik. – Almaty: Zhazushy, 1993.
2. Smagulov Zh. Kazak adebiettanu gylymynyn tarihy. – Almaty. Kazak universiteti, 1999.
3. Nurgali R. Kazak adebietinin altyn gasyry. Zertteu. – Astana: Kultegin, 2000.
4. Seitov S. Oi kerueni. – Almaty: Kitap, 2007.
5. Abdimanuly O. «Aktandaktar» akikatyn aitkan // KazUY Habarshysy. Filologiya seriyasy. - 1997. - № 9. – Б. 18-26.
6. Adilhanova Zh.S. XX ғ. 60-90 zhyldaryndaғы әдеbiettanu ғылымы: S. Seitov zertteuleri. – Almaty: Kazk universiteti, 2014. – 162 б.
7. Amanzholova D.A. Sovetskoe prityazhenie: istoricheskaya literatura Respubliki Kazahstan o sovetskom veke // Proshlyj vek. – 2013. - № 2. – S. 28-35.
8. Musagulova, A.B. Kazakstandagy ideologiyalyk cenzura tarihy ( XX gasyrdyn ekinshi zhartyсындағы Respublika tarihyнин ozekti maseleleri bojynsha). – Almaty: KazҰU, 2014.
9. Kaipova B. Istoriya politicheskoy cenzury v Kazahstane (1929 -1956): avtoref. ... kand. ist. nauk.: – Astana, 2002.- 30 s.
10. Ergobek Қ. Arystar men agystar (adebiettanu syn әlemi) tortinshi kitap. - Almaty: «Kazygurt», 2003. - 95 б.
11. Kapaeva A. Kul'tura i politika (Gosudarstvennaya politika v oblasti kul'tury v Kazahstane vo vtoroj polovine 1940-1991-gg.). – Almaty: «Atamұra, 2004. – S. 219-220.
12. Kuandik E.S. Kazakstan tarihy. Kenes zhane tauelsiz Kazakstan dauiri. – Almaty: «Daur», 2009. – 17 б.
13. Zabih Sh.A. Publicisticheskaya i zhurnalistskaya deyatel'nost' Alihana Bukejhanova: Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. – Almaty, 2002. – 29 s.
14. Mamardashvili M. K. Mysl' pod zapretom //Voprosy filosofii.- 1992. - № 4. - S. 110
15. Ajmermaher K. Politika i kul'tura pri Lenine i Staline. 1917-1932 gg. – Moskva., 1998. – 465 s.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

---

---

МРНТИ 3.20.00  
УДК 974.02

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.016](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.016)

*Атантаева Б.Ж.<sup>1</sup>, Омарбаев К.С.\*<sup>2</sup>, Абенова Г.А.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>д.и.н., профессор кафедры Истории и права Университет им.Шакарима г.Семей, г.Семей, Казахстан,

<sup>2</sup>докторант Университета Шакарима г.Семей, Казахстан, г.Семей, Казахстан, [kanat\\_19\\_76@mail.ru](mailto:kanat_19_76@mail.ru)

<sup>3</sup>к.и.н., заведующая кафедрой “История и право” Университет им.Шакарима г.Семей, Казахстан

ГАЗЕТА «ПРОДОВОЛЬСТВЕННАЯ НЕДЕЛЯ»  
КАК ИСТОЧНИК ПО СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ СЕМИПАЛАТИНСКА

*Аннотация*

В статье анализируется содержание газеты «Продовольственная неделя». Хотя архивных материалов по социально-экономическим отношениям Семипалатинска сохранилось в достаточном количестве, что подтверждается наличием соответствующих фондов по теме исследования, газеты представляют особую ценность, интерес и как вид исторических источников. Несмотря на имеющиеся субъективистские притязания, отражающие политические и идеологические приоритеты государственной политики, печать, как инструмент структурирования и обслуживания общественного мнения, служит информационным сервисом экономической деятельности в сфере предпринимательства, социальным индикатором, ориентиром и пульсом установления в обществе формирования общественного мнения. Местные газеты обширную часть разворота отводили контенту передаваемым Петроградским телеграфным агентством, хотя остальная часть была посвящена социально-экономической жизни региона. Тем не менее, периодическая печать являлась важнейшим и эффективным средством в достижении и закреплении политического внимания и получения общественной легитимности на соответствующей административно-территориальной единице. Не следует упускать из научного и исследовательского внимания цензуру, субъективизм и присутствие политической линии редакционной коллегии, и наличие единственного содержания в освещении объективной картины социально-экономического развития региона.

**Ключевые слова:** реквизиция, государственное имущество, горно-заводская промышленность, Семипалатинская область, периодическая печать, исторический источник, фабричная экономика.

*B.Zh.Atantayeva<sup>1</sup>, K.S.Omarbayev\*<sup>2</sup>, G.A.Abenova<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Doctor of Historical Sciences, Professor, The History and Law Department, Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Shakarim University, Doctoral student Semey, Kazakhstan [kanat\\_19\\_76@mail.ru](mailto:kanat_19_76@mail.ru)*

<sup>3</sup>*Head of The History and Law Department, Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

THE "FOOD WEEK" NEWSPAPER AS THE SOURCE OF SOCIO-ECONOMIC HISTORY  
OF THE SEMEY CITY

*Abstract*



The article analyzes the content of the newspaper "Food Week". Although archival materials on socio-economic relations of Semipalatinsk have been preserved in sufficient quantity, which is confirmed by the availability of appropriate funds on the subject of reexisting subjectivist claims reflecting the political and ideological priorities of state policy, the press, as a tool for structuring and servicing public opinion, serves as an information service for economic activity in the field of entrepreneurship, a social indicator, a guideline and a pulse for establishing public opinion formation in society. Local newspapers devoted an extensive part of the spread to the content transmitted by the Petrograd Telegraph Agency, although the rest was devoted to the socio-economic life of the region. Nevertheless, the periodical press was the most important and effective means in achieving and securing political attention and obtaining public legitimacy in the corresponding administrative-territorial unit. Censorship, subjectivism and the presence of the political line of the editorial board, and the presence of the only c

**Keywords:** requisition, state property, mining industry, Semipalatinsk, newspapers are of particular value and interest as a type of historical sources. Despite the ek region, periodical press, historical source, factory economy.

*Б.Ж. Атантаева<sup>1</sup>, К.С. Омарбаев\*<sup>2</sup>, Г.А. Абенова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*т.ғ.д., Семей қаласының Шәкәрім ат. Университеті, Тарих және құқық кафедрасының профессоры  
Семей қ., Қазақстан,*

<sup>2</sup>*Шәкәрім университетінің докторанты, Қазақстан, Семей қ., Семей қ. Қазақстан, kanat\_19\_76@mail.ru*

<sup>3</sup>*т.ғ.к., Семей қаласының Шәкәрім ат. Университеті, "Тарих және құқық" кафедрасының меңгерушісі,  
Семей қ., Қазақстан*

## **"АЗЫҚ-ТҮЛІК АПТАЛЫҒЫ" ГАЗЕТІ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа*

Мақалада "Азық-түлік апталығы" газетінің мазмұны талданады. Семипалатинск қаласының әлеуметтік-экономикалық қатынастары бойынша мұрағат материалдары жеткілікті мөлшерде сақталғанымен, зерттеу тақырыбы бойынша тиісті қорлардың болуымен расталса да, газеттер Тарихи дереккөздердің бір түрі ретінде ерекше құнды, қызығушылық тудырады. Мемлекеттік саясаттың саяси және идеологиялық басымдықтарын көрсететін қолда бар субъективистік талаптарға қарамастан, баспасөз қоғамдық пікірді құрылымдау және қызмет көрсету құралы ретінде кәсіпкерлік саласындағы экономикалық қызметтің ақпараттық сервисі, әлеуметтік индикатор, қоғамдық пікірді қалыптастырудың бағдары және импульсі ретінде қызмет етеді. Жергілікті газеттер бұрылыстың кең бөлігін Петроград телеграф агенттігі таратқан мазмұнға арнады, дегенмен қалған бөлігі аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріне арналды. Осыған қарамастан, мерзімді баспасөз тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте саяси назар аудару мен қоғамдық заңды-лыққа қол жеткізудің маңызды және тиімді құралы болды. Ғылыми және зерттеу назарынан цензураны, субъективизмді және редакциялық алқаның саяси желісінің болуын және аймақтың әлеуметтік-экономика-лық дамуының объективті көрінісін жариялаудағы жалғыз мазмұнның болуын жіберіп алмау керек.

**Кілт сөздер:** реквизиция, мемлекеттік мүлік, тау-кен-зауыт өнеркәсібі, Семипалатинск облысы, мерзімді баспасөз, тарихи дереккөз, зауыт экономикасы.

**Введение.** Одной из актуальных проблем развития современной исторической науки является повышение информативности имеющихся источников и расширение источниковой базы путем ввода в научный оборот новых. Периодическая печать – один из основных типов исторических источников, особенность которой состоит в ее синтетичности, что дает возможность извлекать разнообразную историческую информацию.

Периодическая печать с большой точностью отражает события, происходящие в обществе. Периодические издания содержат разнообразные сведения о социально-экономическом и политическом развитии общества, сообщения о культурных событиях, информацию о повседневной жизни и быте. Отличительной чертой газет как исторического источника является последовательное отражение фактов, как правило, исследователь получает возможность наблюдать отражение исторического процесса в его временном развитии. Разрозненные факты, собранные в газетах, в совокупности позволяют историку реконструировать достаточно полную и верную картину прошлого.

Научная значимость изучения периодической печати как исторического источника определяется тем, что она отражает тенденции, присущие периодической печати и обществу. Источниковедческое изучение этой группы источников позволяет выявить их характерные черты и особенности, которые необходимо учитывать при использовании периодической печати в научных исследованиях

В г. Семипалатинске вопрос о создании собственного печатного органа объективно встал в связи с необходимостью удовлетворения информационных потребностей развивающихся экономики, социальной сферы и культуры города и области.

С этой целью Совет Главного управления издательств Западно-Сибирского генерал-губернаторства 11 февраля 1861 г. разрешил издание «Публикаций» учрежденному Семипалатинскому областному правлению типографии. В 1863 г. в здании канцелярии губернатора Семипалатинской области была открыта первая типография, которая начала издавать газету «Публикации по Семипалатинской области» [1, с.8].

Однако «Публикации» не давали полной информации о жизни в области и за ее пределами и поэтому в сентябре 1866 года губернатор Семипалатинской области генерал-майор Колпаковский Г.А. ходатайствовал перед генерал-губернатором Западной Сибири о замене «Публикаций» на «Семипалатинские областные ведомости», первый номер которых вышел в свет 7 января 1871 года [1, с. 9-11].

В 1904 г. купец Плещеев Прокопий Федорович открыл частную газету «Семипалатинский листок», последний номер которой вышел 13 декабря 1906 года. С декабря 1906 года стала издаваться газета «Семипалатинская жизнь», с первых номеров преследовавшаяся царским режимом, и впоследствии закрытая с формулировкой «из-за недостатка средств». В последующие годы издавались газеты «Прииртышский край», «Трудовая жизнь».

В 1910 году купцы Садык Мусин и Хасан Нигматулины основали товарищество под названием «Ярдам» и в 1912 году, приобретя типографию, наладили выпуск периодических изданий, среди которых «Семипалатинский вестник» и «Семипалатинский телеграф».

Февральская революция 1917 года изменила не только политическую ситуацию, но и оказала большое влияние на печатное дело в регионе.

Из числа первых выпускаемых печатных изданий следует отметить газету Временного правительства ежедневный «Бюллетень Семипалатинского Областного Исполнительного Комитета». Газета уже с первых своих номеров призывала крестьян безвозмездно помогать армии излишками. Позже вместо «Бюллетеня» стала издаваться газета «Известия Семипалатинского Областного Комитета», которая просуществовала несколько месяцев после своего первого выпуска.

В этот период активно развивались большевистские периодические издания. После октябрьских событий издавалась газета «Известия советских солдат и депутатов», которая затем поменяла название на «Трудовое знамя». В газете освещались, в основном, политические события в связи с динамичным развитием политической ситуации.

Газета «Воля народа» выходила с лета 1917 года и позиционировала себя как «большая независимая социалистическая крестьянская, рабочая и солдатская газета». На страницах газеты публиковались актуальные программы для населения, освещались такие вопросы, как вопрос о земельной реформе.

При газете «Воля народа» издавался еженедельный Бюллетень «Семипалатинский Областной Земельный Комитет», непосредственной задачей которого было освещение населению земельной политики и практики правительственных органов, а также различные аграрные проекты.

В 1917 году появляется газета «Свободная Речь», которая с момента выхода пользовалась спросом среди населения [1, с. 21].

Освещение социально-экономической жизни общества занимает немаловажное место в периодической печати. И в этом определенное место играет роль и значение местных общественно-политических газет, таких как «Продовольственная неделя».

Необходимость комплексного источниковедческого анализа газеты «Продовольственная неделя» связана с тем, что газета не изучалась с позиций источниковедения комплексно на протяжении всего периода издания. Комплексный анализ «Продовольственной газеты» позволяет наиболее полно и всесторонне раскрыть информационный потенциал издания и возможности его использования в научных исследованиях для изучения проблем социально-экономического развития.

**Материалы и методы.** В качестве источниковой базы было использовано издание Семипалатинского Областного Продовольственного Комитета, печатный орган Временного правительства - газета «Продовольственная неделя».

«Продовольственная неделя» была изданием Семипалатинского Областного Продовольственного Комитета. Газета выходила еженедельно, всего было напечатано 18 номеров газеты: №1 вышел 19 августа

1917 года, 4 разворота, последний, №18 - 16 декабря 1917 года. Газета имела государственный статус. Выпускалась на русском языке Электро-типографией Семипалатинского Областного комиссариата.

Важное место в работе занимают такие методы исследования как аналитические, логические, историко-ретроспективные, используемые при изучении постановлений, обращений и циркуляров Временного правительства и других публикаций и документов. Методы системно-структурного анализа и историко-сравнительный, контент-анализ позволили проанализировать способ подачи информации, освещения социально-экономических процессов, содержание газеты.

**Обсуждение.** В целом, история становления казахской прессы, периодических печатных изданий достаточно изучена. Первые исследования начали публиковаться еще в 50-60-х годах прошлого века [2]. Имеются исследования общего характера, посвященные в целом истории становления и развития периодической печати Казахстана [1,2-5], исследования по отдельным газетам [6].

По истории становления и развития казахской национальной периодической печати были подготовлены диссертационные исследования [7,8], монографии [9].

Несмотря на имеющиеся исследования по истории развития периодической печати Казахстана в послереволюционный период, нет специальных исследований, посвященных изучению газеты «Продовольственная неделя» как исторического источника по социально-экономическому развитию Семипалатинска.

**Результаты.** Реформирование местных органов власти и самоуправления Временного правительства проводилось в условиях децентрализации и демократизации. Был ликвидирован институт генерал-губернаторства, полицейские и жандармские чины и управления. Упраздненные должности заменялись комиссарами Временного правительства. Были оперативно созданы продовольственные комитеты, которые 15 апреля 1917 года получили статус местных органов Министерства земледелия. Первоначальной их задачей была борьба со спекуляцией и оказание помощи голодающим.

Газета выходила еженедельно, как правило, на четырех страницах. Основную направленность газеты «Продовольственная неделя» составляла сбор, обработка и распространение постановлений и циркуляров Временного правительства для широкой целевой аудитории. В официальной части публиковались сообщения, обращения, краткие инструкции. Иногда публиковалось Приложение к номеру, в котором помещались сведения экономического, статистического и финансового характера, требующие более подробной информации, для чего были необходимы дополнительные газетные полосы.

Содержание газеты состояло из следующих постоянных рубрик:

1. Часть официальная: 1) а) Циркуляры Временного правительства, приказы, инструкции; б) воззвания, обращения, обязательные постановления и т.п.
2. Часть неофициальная: 2) Руководящие статьи – общий ход продовольственного дела в области, крае, государстве в связи с другими вопросами - политики, общественности и проч.
3. Статьи по специальным вопросам, связанным с продовольствием и снабжением исключительно и общие направления к поднятию, самостоятельности в населении по борьбе со спекуляцией, трактовке вопроса равномерного и справедливого распределения продуктов первой необходимости;
4. Информирование отделов Областного Продовольственного Комитета – их текущая работа: а) заседания президиума (управы); в) отчеты членов управы, доклады, проекты соображения, баланс и т.д.
5. Заседания Областного Продовольственного Комитета. Съезды, Конференции по продовольствию и проч.
6. Хроника.
7. Из газет и журналов.
8. Отдел техники кустарного производства (вопросы и ответы)
9. Беллетристика: трактовка продовольственных вопросов в общедоступной, образной, легко усвояемой форме.
10. Сведения с мест: а) информация уездных, городских, уездных волостных и сельских продовольственных комитетов, в) корреспонденция, письма и т.д.
11. Адреса подписки: Областной Продовольственный Комитет,
12. Типография Комиссариата.

В официальной части публиковались сообщения, обращения, краткие инструкции.

На страницах газеты встречались лозунги с призывами примирения и объединения, организации производства и т.п., которые имели эпизодический и нечастый характер: «Примиряйте все, что мыслимо примирить, согласить и объединить!», «Организуйте фабрики и заводы, в промышленности спасение нашего рубля!», «В России введена демократическая Республика!».

В газете также публиковались объявления о подписке на газету с указанием цены: «Принимается подписка на газету «Продовольственная газета» подписная плата на 1 год 2 руб. 50 коп., на полугодие составляло 1руб.25 к., на 3 мес. 75 к. Цена в розничной продаже составляла 5 коп.

Журналистом был Александр Васильев, материалы которого имели фрагментарный и непостоянный характер.

Особенности «Продовольственной недели» выражались и отражали политику редакционной коллегии и сводились к следующему:

- цензура - предварительное согласование сообщений и материалов редакционной коллегии с циркулярами и постановлениями органа Временного правительства, должностными лицами, и иными органами Временного правительства по их требованию или по иным основаниям с целью ограничения или наложения запрета на распространение сообщений и материалов либо их отдельных частей;

- отсутствие фотографической продукции и материалов;

- отсутствие информации о финансируемых газетой лицах и организациях, а также о суммах расходов на выпуск и содержание газеты;

- редкое использование и привлечение журналистов;

- массовая информация, предназначенная для неограниченного круга лиц сообщения и материалы;

- отсутствие главного редактора; редактором выступал секретарь Областного Продовольственного комитета Н.Керн.

- периодическое печатное издание;

- отсутствие информации программ политических партий и иных различных организаций;

- отсутствие стационарных помещений;

- отсутствие криминальной хроники;

- отсутствие постоянного и штатного журналиста;

- отсутствие согласований с другими органами Временного правительства;

- юридическое отсутствие договоров и уставов;

- отсутствие некрологов;

- отсутствие статей аналитического содержания;

- большой объем статистических данных о стратегических материалах и продуктах;

- лояльная политика по отношению к большевикам;

- присутствие в газете сведений коммерческого и рекламного характера;

- четко выраженная политическая ориентированность издания в освещении событий и объективная подача информационно-пропагандистского материала и т.д.

Основные принципы деятельности «Продовольственной газеты» были неизменны и просты:

- достоверность

- информативность

- объективность

- пропаганда, лозунги, воззвания, прокламации.

Основные функции «Продовольственной газеты» выполнялись и обеспечивались основными положениями и выглядели следующим образом:

- информационная;

- пропагандистская;

- воспитательная;

- образовательная;

- развивающая;

- политическая;

- культурная.

...Басқа татар жазушылары бұған керісінше қырғыздардың өздерінің өмірге келуін інілері Будуйчар, Қайынчар және Чалчуттардың өшпенділіктеріне орай өзінің үш жерлесімен Қара тауға немесе Буруттар деп аталған қара немесе жабайы қырғыздарға кетіп өзінің жаңа қонысын шешесіне ғана айтқан Шыңғысханнан тарататындығын жазады. ...Осында келуімен оны хан етіп сайлады, шешесі отанына қайтуды сұрағаннан кейін ол бұл халықты 12 болыстыққа бөліп, әрбіреуіне мөр басу және қол қою үшін тамғадан белгіледі. Шыңғысхан бастау берген кейбір болыстықтар, атап айтқанда: қыпшақ, кіргеш, матай және тамғалары басқа чалчуттар қазіргі күнге дейін өз есімдерін сақтаған [4, 73 б.].

Шыңғысхан өз иелігін балаларына бөлген кезде Цуци немесе Жошы Үлкен және Кіші Бұхараны, Қадай (Шағатай,-авт.) Үндістанды, Керей (Угедей,-авт.) Арал өңірін, Теони немесе Таян (Төле,-авт.) Түркістан қаласын алып, Төленің ізбасарлары кезінде Түркістан қаласында өзара бақталастық орнады, нәтижесінде 10000-ға жуық оның тұрғындары өз отандарын тастап, дала арқылы сол мерзімде ешкім де қоныстанбаған Кубань, Доннан ары Түрік деген атаумен белгілі Прут және Сырет өзендері маңайларын қоныстанды. Осы сапары кезінде Есіл (Ишим) деп аталатын өзен жағалауында жылқы табыны жоғалып, оны іздеуге үш ер және екі әйел бөлінді, олар табынды тапқандарымен алға кетіп қалған жолдастарын қуып жетуді үміт етпей, осы өңірде мәңгілікке қалуды шешті. Бұл жерде олар «қашқын» немесе «адасушылар» мағынасын білдіретін “қазақ” атауын алды, алайда маңайындағы татарлардың әйелдері мен балаларын ұрлау, сонымен қатар әртүрлі қашқын адамдарды өздеріне қабылдаулары арқылы сандары көбейіп, оның отыз үш болыстыққа бөлінуі іске асырылды және Түркістан ханы Жәнібектен тараған балалары, туыстарының бірі кейін өзеннің есімі соның атауын алған және осы күнге дейін аталып келе жатқан Есімді билеуші етті [4, 74 б.].

...Ұрпақтары арқылы мұрагерлік негізінде мазмұны осы күнге дейін сақталып келе жатқан деректер негізіндегі қырғыз-қайсақтардың өздерінің айтулары бойынша олар Алаты деп аталатын Сібір татарларынан тараған. Ұзақ уақыт бойы татарлармен бір халық ретінде өмір сүрген, алайда кейін өзара келіспеушіліктің себебінен бөлініп, сұлтандар билігіне бағынған, олардың ішінен “Алаш” аталатыны барлығының басқарушысына айналды, бірақ та өзінің тойымсыздығы және атаққұмарлық әрекетіне орай билікті сақтай алмады. Оның назары осы мерзімде тұрғындарының байлығы, өндірісінің дамуымен белгілі болған Бұхараға ауды. Аталған елге бірден шабуыл жасауға әскерлері болмаған Алаш өз жоспарын үш жүз іріктелген жауынгер арқылы іске асырып, үйіне мол байлықпен қайтуды жоспарлады, бірақ та оның бұл іске асырылуы мүмкін емес жоспары орындалмады. Бұхаралықтар оны талқандап, барлық қалған



жауынгерлерімен тұтқынға алып, осында ол алдымен өзінің бағыныштыларын орналастырды, ал одан кейін жауынгерлерін өзі билікке келгенге дейінгі мекендеген жерлерінде үш үлкен қосынға немесе Ордаға немесе оларды Үлкен, Орта, Кіші ұлыстарға бөлді [4, 77].

Алаш қайтыс болғаннан кейінгі көптеген жылдардан соң бұрынғы тұтқындардың саны молайып, Орта Ордадан шыққан Дайыр Қожа өзіне қарасты адамдардың үлкен бөлігін жат биліктен құтылуға көндіріп, олармен бірге Ор өзенінің жағасына кетті. Аталған қашқындар оны өздерінің ханы етіп, оларды шеберлікпен және ақылмен басқара білді. Дайыр Қожа қайтыс болған-нан кейін билікке мұрагерлік арқылы Қара Қожа келіп, иелікті бес балалары: Арғын, Найман, Қыпшақ, Уақ және Керейдің арасында бөлді, олардың есімдері жекелеген қырғыз болыстықтары атауларында ... осы күнге дейін сақталған.

Қырғыз-қайсақ ... олардың тілдерінде ешқандай мағына бермейді, оны талдай келе төмендегідей тұжырым жасауға болады: «Қыр» - дала, «ғыз» - адам, «қай» - кім, «сақ» - сақ, яғни даланың сақ адамы.

Рычков татар тарихшыларына орай қырғыздардың Орта Жүзі (руларының негізі, - авт.) соның ішінде Оғыз хан кезінен өмір сүріп отырған және Шыңғысханды билеуші еткен наймандарды көне заманнан келе жатқан 4 тарауға бөліп, олардың барлығын мықты және бай деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырымды «наймандар ерте мерзімнен Қарақұмды мекен етіп, Шыңғысхан кезінде оларды Таян хан басқарған ең көне және бай» деп көрсеткен Әбілғазы бекіте түседі» [4, 78], - деген деректері қазақ жұртының халық ретінде қалыптасып, дамуы, алғашқы мекендері туралы тұңғыш айтылған жобалардың бірі болып табылады.

Г.Спасский одан ары: «Сібірді орыс қаруымен бағындыру кезінде қырғыз-қайсақтар немесе сол кездегі атауы Қазақ Ордасы біріншіден Ишим (Есіл,-авт.) өзенінен және де қазір осындай атаумен аталатын қаладан Қорған қаласы орналасқан Тоболға және Тары өзеніне дейінгі, екіншіден, Енисейдің жоғары ағысынан оның жағалары арқылы Абакан, Үйбат және Июсамға, үшіншіден, Албазин немесе Джалин мұнарасынан басталатын Ертіс өзенінен Сарысу өзені мен Түркістан қаласына және Арал теңізінен Ембі өзеніне дейінгі жерлерді мекен етті.

Сібір тарихында қырғыздардың, әсіресе Енисейдің жоғары жағында тұратындардың тұрақсыздығы, қатігездігі және жаугершілігі туралы мысалдар мол. Олар қоныстанушылар селенияларын, острогтарды тонауға ұшыратты. Тұрғындарды өлтірді, тонады, күйзеліске ұшыратты, кей кездерде өздерінің шапқыншылықтарымен Томск, Кузнецк және Красноярск қалаларын әбігерге салды, бірде Ресей құрамына өгіп, салық төледі, келесіде қайтадан шықты, ...олардың осындай тарихы 17 жүз жылдықтың жартысына дейін созылды.

...Аталған қалалардың мұрағаттарында ешқандай да күдіксіз Енисейдің жоғары аңғарындағы көшіп жүрген, алайда Сібір тарихына енбеген қырғыздар туралы көптеген мәліметтер орын алған, атап айтқанда Кузнецк қаласының мұрағаттарындағы 7184 (1676) жылғы бір көне бумада олар туралы төмендегідей жаңа мәліметтер бар: «1. Қырғыздар өздерінің княздары Ярпашканың бастауымен жаңадан салынған Абакан острогына шабуыл жасады; 2. Қара қалмақтардың тайшасы Шокур монғол лоджанымен бірге қалмақ тайшасы Кегенді талқандап, ол жерін тастап Туваға қашты, сонымен бірге қырғыз княздары Ярпашка мен оның әскерлері де талқандалды, 3. Кеген тайша Шокур тайшамен Үсір тұқанға қарсы соғыс аша отыра өзімен бірге қырғыздарды қосшы еткен, алайда олар өз жеріне қайтып оралған». ... олардың одан арғы тағдыры туралы ешқандай мәліметтер алынбады.

... 18 жүз жылдықтың басында қырғыздар тағы да пайда болды, алайда олар Енисейді мекендегендер емес, Оңтүстік Батыс Сібірді, соның ішінде Ертіс, Тобол, Есіл жағалауларын қоныс етушілер болды» [4, 79-80,81,82], - дей келе Батыс Сібір, соның ішіндегі бүкіл Алтайды ата-қоныстары еткен өзара тамырлас қазақтар және қырғыздардың XVII-XVIII ғасырлар көлеміндегі тарихынан анықтамалар жасайды.

«Ертіс жүйесі қамалдары, соның ішінде Ямышево қамалын негіздеу кезінде ... қырғыздар ресейліктерге көптеген рет шабуылдар жасады; алайда үнемі тойтарыс алып отырды. Нәтижесінде олар Сібірдегі Ресей территориясынан толығымен аластатылып, Ертістің арғы жағына кетуге тиіс болды, аталған өңірдегі тұрғындарға көрсеткен жәбірлері мен тонаулары үшін олардың 10 шақырымға дейін келулеріне тиым салынды. Алайда тиым салуға қарамастан олар жылқы табындарымен шекараға келіп, ... тұрғындардың үйлері мен шөптерін өртеді, жиналған астықты улады. Осыған орай Ресей тарапынан жіберілген әскери командалар олардың шабуылдарын тоқтатып, далаға қайтарып отырды, ал ұрлық пен тонаулары үшін дене жазаларын қолданды [4, 82-83].

Сонымен қатар Сібір шекара жүйесі меңгерушісі генерал-майор Станиславскийдің ұсынысы негізіндегі Мемлекеттік Сыртқы істер Коллегиясының 1771 жылдың 16 маусым күнгі жарлығы бойынша қырғыздардың Ертіс өзені арқылы егер де олар селениялар және үлкен жолдардан алыс қашықтықта орналасса, сонымен бірге тұрғындарға қысым көрсетпейтін болса жылқы табындарымен өтулеріне рұқсат берілді.

...1788 жылдың 15 шілдесі, 1797 жылдың 30 қыркүйегіндегі және тағыда басқа бекітілген ережелер негізінде қырғыздарға Ресей шекарасының ішіне орналасуларына рұқсат етіліп, қазіргі күні тоғыз мыңға жуық ер кіндікті адамдар әйелдері, қыздары және жасы кіші балаларымен қоныстандырылды.

Қалдан Церен бастаған қалмақтардың Шағанобадан Ертіс арқылы Нор-Зайсанға дейін созылған Жоңғар территориясынан шығарылуына орай қырғыздар өз территориясын Ембі өзенінен Ілеге және Ертістен Сырдарияға және одан ары қарай таратты» [4, 84-85], - деп көрсете келе зерттеуші Батыс Сібір, Алтай өңірін отарлаудың басындағы орыс-қазақ, сонымен қатар сол мерзімдегі қазақ-жоңғар қатынастарынан мағлұматтар береді.

Г.Спасский осы шолуында XIX ғасыр басына дейінгі Батыс Сібір, Алтай өңірін толығымен мекендеген қазақтардың Орта жүзі руларына сипаттама жасап, қоныс еткен жерлерін көрсеткен. Оның жазуынша: «Найман руы 6 бөлікке бөлінген, 35000 жанұядан тұрады, Оларды Қытай үкіметінен «Вань» атағын алған сұлтан Қамбаба басқарады. Негізгі көшетін жерлері Қытай шекарасындағы Құжан қайнақтан Ертіс арқылы Тарбағатай таулары.

... Жеті ағайынды Иса-керейлер 8000 жанұяны құрайтын 3 бөлімнен тұрады. Басқарушылары Дүсімбек, Өмір және Баяшбаш билер. Жазда Еселі өзені мен Жайылма көлі, қыста Ертіс маңайын мекендейді.

... Арғындар 11000 жанұяны құрайтын екі бөлімнен тұрады. Орта Орданы хан Уәли Аблаев, старшындар Құлбек, Байжігіт, Ақан би және Шауыпкел батыр басқарады.

Жаз бен қыста Есіл және Еселі өзендері аралығын, Көкшетау және Мұқшатау таулары және Үшкүндәк, Үшбірлік және Қылшықты өңірлерін мекендейді.

Құрамында 3000 жанұясы бар 4 бөліктен тұратын қыпшақ руы. Басқарушылары старшындар Мәметек пен Есмұрат. Жазда Тобол, Аят өзендері мен олардың сағаларында, қыста Степной қамалынан Троицк арқылы Усть-Уй қамалына, Ой өзені арқылы Тоболға дейінгі жерлерде және осы қамалдардан басталатын далада көшіп жүреді.

Керей руы 4000 жанұядан тұратын 4 бөлікті қамтиды. Басқарушылары старшындар Балықбай, Дайын және сұлтан Естаяқ Рүстемов.

Жазда Есіл өзенінің шығыс өңірін, қыста Звериноголовск және Преснегорковск қамалдары маңайы, сонымен бірге Убаған өзені аңғарындағы далада көшіп жүреді» [4, 88- 92].

Г.Спасскийдің: «Қырғыз-қайсақтар ...денелері келбетті, мықты және үнемі ат үстінде болатындықтан да аяқтары қисық. Негізгі бет-бейнесін алғанда ерлері мен әйелдері өзара ұқсас, ... өте әдемілері де кездеседі. Олар өркөкірек және тез ашуланады. Қырғыздар өздерімен қатар көшіп жүрген халықтармен салыстырғанда ержүрек және қырағы. ... басқалардың өздеріне көрсеткен қаталдығы мен реніштеріне қарамастан қырғыздар арасындағы қонақжайлылық кеңінен орын алған қасиет болып табылады.

Ешбір қырғыз қандай алыс сапарға шықпасын өзімен бірге ешқандай да тамақ қорын алмайды. Әрбір кездескен жерінде барынша мол қонақасыға, тіпті бұрын ешқашан таныс болмаса да барлық сияпатқа кездеседі. Олар әрбір жолаушыны өздерінің туыстарындай қарсы алып, қонақты ғана емес, басқа жақын ауылдардан келгендерді де ешқандай ақысыз ең жақсы тамақтарымен күтеді. Ал оның (жолаушының,- авт.) міндетіне қожайынға және барша жиналған қонақтарға қайда болғанын, не көргенін, не естігендігін айту болып, оның хабарын бірден әркім өз ауылына, ошағына жеткізеді, осылай бүкіл халыққа тарайды. ... Бір-бірімен кездескенде қонақтар құшақтасып амандасады.

Қырғыздардың аспан астындағы таза ауамен дем алуы, алаңсыз және қарапайым тұрмыстары олардың денсаулықтары мен ұзақ өмір сүрулеріне жағдай жасайды. Олардың көпшілігі жүз және одан да көп жасқа дейін денесінің қуаттылығы мен мықты есте ұстау, жақсы көру қабілеттерін сақтап, осы мерзімге дейін атқа мінеді» [5, 141,142,144-145,157,160], - деген анықтау-лары халқымызға батыс, орыс зерттеушілері тарапынан берілген ең алғашқы шындық негізіндегі сипаттамалар болып табылады.

Ғалым шығармасында XIX ғасыр басындағы қазақтардың, соның ішінде оның Орта жүзі руларының дәстүрлеріне, шаруашылық түрлеріне талдау берген, сыртқы сауда қатынастарын, оның көлемін, барысын баяндаған. Оның жазуынша: «Сиверс қымызды емдік қасиеті бар аса қасиетті дәрілік сусын деп есептейді. Ол өзі куә болған екі мысал келтіреді. Белгісіз ауруға шалдығып, сүйегі ғана қалған бір мырза ешқандай да белгілі дәрілер көмектесе алмай, екі ай қымыз ішуден денсаулығын түзеп, беттерінде қызыл шырай пайда болды.

Екінші мысал – 2,5 жыл бүкіл денесіне қышыма қотыр шығып ауырған жас жігіттің ешқандай да дәрі пайдаланбай, қымыз ішкеннен кейін ғана жазылғандығын көрген.

... Әр жанұяның әл-ауқаты жылқы, түйе және ірі қара малдарының санымен анықталады. 20-дан 50-ге дейінгі жылқы, осының жартысындай көлемдегі өгіздері мен сиырлары, 100-ден қой және ешкілері, сонымен бірге бірнеше түйелері барлар орташа ауқатты деп есептеледі. Кейбір айтулар бойынша – ауқатты,

әсіресе Орта Орданың саны мол және бай қырғыздары 5000 жылқы және 300-ге жуық түйе, 3000-нан 4000-ға дейінгі ірі қара, 20000-ға дейінгі қой және 1000 ешкіден тұратын мал табындарын ұстайды.

...Сібірдегі көшпенді халықтардың ешқайсысы егін шаруашылығымен айналысуда қырғыздармен теңесе алмайды. Олардың еңбекқорлығы құрғақ құмды жерді өнімді өңірге айналдырды. Олар негізінен алғанда егістік жерлерді өзендер жағалауларынан тандап, жаңбыр суының аздығына қарамай, шағын арықтар қазу арқылы суды егіске жеткізеді. ... Сондықтан да қырғыздардың егін шаруашылығы назар аударуға тұрарлық.

... Қырғыз-қайсақтар Ресеймен, Қытай, Бұхара, Хиуа және Ташкентпен сауда жасайды. Олардан біз мануфактураға қажетті шикі немесе өңделген тауарлар аламыз; ал қырғыздар өздеріне қолайлы, қарапайым тұрмыстарына қажетті кез келген және қымбат бұйымдар алады. Қырғыздар үшін негізгі сауда орындары Орынбор, Троицк, Петропавловск, Омбы, Семей және Өскемен қамалдары. Олар мұнда жылқы, ірі қара, қой малдарын, сонымен қатар түйе жүнін, ешкі түбігін, өңделмеген тері, елтірі, ... тұлып, кигіз, т.б. әкеліп, оларды матаның түрлеріне, әртүрлі жібек және мата бұйымдарына, темір, шойын қазандар, тағандар, ... қақпан, т.б. ауыстырады.

Шекарадағы Қытай қалалары Шәуешек және ... Құлжаға қырғыздар жылқы, өгіз, және қой әкеліп, күмістен жасалған заттарды, жібек бұйымдарын, ағаш ыдыстарын алады. Қытайлар сауда жасауға келген қырғыздарға аса қатал қарайды, оларды ешқандай жағдайда да қалалардың ішіне кіргізбейді, әкелген малды тексеруден өткізіп, бағасын анықтағаннан кейін ғана қажетті тауарларын жібереді. Заң жолымен белгіленгендіктен әркім өзімен әкелінгендерге қанағат етуге тиіс және басқа тауар немесе оны молынан алуды сұрауға құқығы жоқ.

... Бұхаралық немесе хиуалықтар, ташкенттіктер қырғыз ауылдары арқылы Орынбор және Ресейдің тағы да басқа қамалдарына өткен кезде қырғыздар жүк таситын түйелер және союға арналған ірі қара малдарын қаруға, сауытқа, киімге және мата бұйымдарына ауыстырады. Қырғыздардың өздері де жиі аталған қала тұрғындарымен, әсіресе бұхаралықтармен сауда жасау үшін олардың ең негізгі қаласы Бұхараға барады» [5, 175, 179-180, 182-183, 185,188].

«Сибирский Вестник» журналының көрсетілген жылғы санындағы Г.Шангинның «Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргизской степи в 1816 году» [6] атты шолуда қазақтардың арасындағы берік орын алған хандарға көрсетілген құрмет туралы баяндалған. “Осыдан отыз бес жыл бұрынғы уақытта, - деп жазады Г.Шангин аталған тұрғыда, - хандар қырғыздарды ата-бабаларының ауызша болғанымен де әділ заңдары арқылы жеке басқарды. Ол мерзімде әркімнің ешкімнен де тәуелсіз, өз қажеттеріне жеткілікті мүліктері болды, болымсыз ұрлық, аздаған теріс әрекеттері үшін өлім жазасына кесілді» [6, 84-85, 87].

Г.Шангиннің жазуынша: «... Хандар енді қылмысқа қарсы заңдылықты қаталдықпен орындата алмады. Олардың өздері сияқты қырғыздар үшін де заңның орындалмауы белең алды. Хандар билік-терінен айырыла бастады.

... Қырғыздар осы күнге дейін өз естерінде өткен хандарына деген аса құрметтерін сақтап келеді. Олардың хандарының, тағыда басқа билеушілерінің тарихы ... біздер үшін аса бағалы және сабақ аларлық» [6, 113].

Г.Шангин алдында көрсетілген жазбасында сол мерзімдегі жергілікті қазақтардың малдарының молдығына ерекше назар аударған. Оның: «5 тамыз күні экспедиция Нұраның сол жағалауы арқылы 4000-ға дейінгі түтіннен тұратын қырғыздардың әр болыстықтарының ауылдары арқылы сапарын жалғас-тырды. Жолдың екі жағынан қырғыздардың екі жынысты көп санды адамдары кездесті. ... Алдындағы биіктікте есепсіз мол жылқы, ірі қара малы мен қойлар көрінеді» [7, 91], - деген анықтамасы осыған дәлел болады.

«Сибирский Вестник» журналының келесі санында [8] Батыс Сібірдің негізгі тұрғындары – қазақтар мен қырғыздардың жерлерін ресейлік отарлауға қарсы алғашқы азаттық қозғалысының барысы, көлемі туралы құнды деректер келтірілген. Онда жазылғанындай: «Сатқын қырғыздар – ...бұл жерде сол мерзімде (XVIII ғасырдың соңында,-авт.) Енисейдің жоғары ағысында көшіп жүрген, сонымен бірге Сібір тарихындағы Красноярск, Томск және Кузнецк уездерінде өздерінің жорықтарымен белгілі. Қазір олар аталған жерде жоқ. Олардың бір бөлігі қырғынға ұшырап, келесі бөлігі Алтай тауының оңтүстік өңіріне қоныс аударды. ... Қырғыздардың саны көп болған, әйтпегенде Ресейді алаңдата алмас еді. 1634 жылы құрғақ жолмен және Енисей арқылы 1000 адам Красноярск түбіне келді, Төрт күн бойы қалаға шабуыл жасап, 120 адамнан тұратын казактар қиындықпен қорғанып, 12, одан басқа 4 жер аударылған адамдардан айырылды.

1704 жылы сол мерзімде Иус және Құдайкөл (Божье озеро) манайында көшіп жүрген қырғыздарға қарсы Томскіден 768 адамды бастаған казак басшысы Цицурин аттандырылып, олардың арасында болған шайқаста 113 қырғыз бен татар өлтірілді, 237 ер және әйел соның ішінде Ресейге қарсы сат-қындық саясаты

үшін Томскіде өлтірілген қырғыз князы Кашка тұтқынға алынды. Осыдан кейін Енисейдің жоғары ағысындағы қырғыздар туралы естілмейтін болды.

... Алтырлықтар немесе Алтызарлар қырғыз руларын құраған, олар да жоғарыда аталғандармен Енисей аңғарына кетті» [8, 10-11,12].

«Сибирский Вестник» журналындағы XIX ғасыр басындағы жарияланған жазбалардағы келтірілген осындай жекелеген мағлұматтар халқымыздың Ресейлік бодандыққа өту мерзіміндегі нақты тарихын жасаудағы қажетті дерек көздері болып табылатындығы белгілі.

#### **Қорытынды.**

«Сибирский вестник» журналының сандарында жарияланған мақалаларға талдау XIX ғасырға дейінгі қазақ қоғамындағы орын алған хан билігі мен қазақ қоғамындағы тағы да басқа қатынастар туралы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

- XIX ғасырда қазақ қоғамында хандық биліктің лигитимділігінің екі жолы қалыптасты. Бірі хандық билікке халықтың таңдауы бойынша ие болу болса, екіншісі хандық билікке сыртқы күштердің қолдауымен ие болу болды. Лигитимділіктің бұл екі жолы бір-біріне қарсы болды деуге болады. Тек қана Абылай ханның билік құрған кезінде ғана ол екі жақты лигитимділікке ие болды. Дегенмен де Абылайхан дәстүрлі, өз халқының қолдауына ие болуды басты мақсаты көрді. Осы арқылы ол кең өкілеттілікке жетісті;

- Алайда оның да билігі шексіз болған жоқ және қазақ қоғамының салт-дәстүрлерімен шектеліп отырды. Хан билігі мен қазақ қоғамы өзара тығыз байланыста болды. оның бір айғағы-Хандер кеңесінің тұрақты қызмет атқаруымен айқындалады. Ел қорғау ісінде билер мен батырлар хандық биліктің тірегіне айнала білді;

- Сонымен қатар Хандар қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіптің кепілі болды.Оған да «Жеті жарғы» заңдар жинағы анық кеміл бола алады;

- Хандық билік дәуірінде қайнар көзі түркілік дәуірден бастау алатын бүкіл түркі әлеміне белгілі болған халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениеті одан ары дамыды, шаруашылығы өркендей түсті.

Міне осылай, Хан билігі қазақ қоғамының дамуына айтарлықтай әсер етті. Ол қазақтарды біртұтас мемлекетке біріктіруде, олардың жерлері мен мүдделерін сыртқы жаулардан қорғауда маңызды рөл атқарды [9]. Хандар қазақ халқының мемлекеттік сана-сезімінің бір бөлігі болды. Мұны жоғарыда аталған «Сибирский вестник» журналында жарияланған ғылыми еңбектерден де анығынан білуге болады.

#### **Ұсыныстар.**

Жоғарыда аталғандарды саралай келе, төмендегідей ұсыныстар келтіруге болады:

- Қазақ халқының тарихындағы бұл тақырыпты зерттеуді тың тарихи жаңа деректер арқылы одан ара зерттей отыра, оның өз мерзімінде тиімді және қажетті орын алғандығын халықаралық деңгейде насихаттауға жетісу;

- Нәтижесінде еліміздің даму тарихының көрсетілген уақытына, соның ішіндегі хандардың қызметі мен орнын көрсететін терең тарихи және документальды еңбектер дайындап, оны басқа тілдерге жариялауды іске асыру.

Міне осындай және тағы да басқа нақты ісер атқарғанымызда Отан тарихының көрсетілген уақытын әлемдік деңгейде жариялауда қомақты жұмыстар атқарылды деп есептеуге болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері / ред. С. Садырбайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 230 б.

2. Шастина Т.П. Алтайские горы в описании путешествий Г.И. Спасского («Сибирский Вестник») // МНКО. 2011. №6-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/altayskie-gory-v-opisanii-puteshestviy-g-i-spaskogo-sibirskiy-vestnik> (дата обращения: 08.12.2023).

3. Пономарёва С.А. Научная деятельность Г.И. Спасского в Томской губернии (1804-1808 гг.) // Вестн. Том. гос. ун-та. 2015. №401. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/nauchnaya-deyatelnost-g-i-spaskogo-v-tomskoy-gubernii-1804-1808-gg> (дата обращения: 08.12.2023).

4. Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник, издаваемый Григорьем Спасским. 1820 год, Санкт-Петербург. Часть девятая. – С. 71-140.

5. Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды. Продолжение // Сибирский вестник, изд. Григорьем Спасским. 1820 год, Санкт-Петербург. Часть десятая. – С. 141-204.

6. Шангин Г. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргизской степи в 1816 году // Сибирский Вестник, изд. Григорьем Спасским, 1820 год, Санкт-Петербург. Часть девятая. –С. 71-88.

7. Шангин Г. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргизской степи в 1816 году. Продолжение // Сибирский Вестник, изд. Григорьем Спасским, 1820 год, Санкт-Петербург. Часть одинадцатая. – С. 89-112.

8. Посольство из Тобольска к Бутухтухану Зюнгарскому в 1691 году (Заимствовано из рукописей Сибирской летописи Черепанова) // Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским, 1821 год. Санкт-Петербург. Часть прятнадцатая. – С. 1-14.

9. Султанов Т. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. – Астана: Астана Даму-21, 2006. – 256 с.

#### References:

1. Qazaq halkynyn makaldary men matelderi [Proverbs and sayings of the Kazakh people] / editor S. Sadyrbaiuly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 230 s. [in Kazakh].

2. Shastina T.P. Altaiskie gori v opisaniі puteshestvii G.I.Spasskogo (“Sibirski vestnik”) [Altai Mountains in the description of G.I. Spassky's travels (Siberian Bulletin)] // MNKO. 2011. №6-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/altayskie-gory-v-opisaniі-puteshestviy-g-i-spaskogo-sibirskiy-vestnik> (date of application: 08.11.2023). [in Russian].

3. Ponamareva S.A. Nauchnaya deyatelnost' G.I. Spasskogo v Tomskoj gubernii (1804-1808 gg.) [Scientific activity G.I. Spassky in Tomsk province (1804-1808)] // Vestnik Tomsk. Gos. Universiteta. 2015. №401. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/nauchnaya-deyatelnost-g-i-spaskogo-v-tomskoy-gubernii-1804-1808-gg> (date of application: 08.11.2023). [in Russian].

4. Spasskii G. Kirgiz-kaisaki Bolshoi, Srednei i Maloi Ordy [Kirghiz-Kaisaks of the Greater, Middle and Lesser Hordes] // Sibirskij vestnik, izdavaemyj Grigor'em Spasskim. 1820 god, Sankt-Peterburg. Chast' devyataya. – s. 71-140. [in Russian].

5. Spasskii G. Kirgiz-kaisaki Bolshoi, Srednei i Maloi Ordy. Prodoljenie [Kirghiz-Kaisaks of the Greater, Middle and Lesser Hordes. Continued] // Sibirskij vestnik, izdavaemyj Grigor'em Spasskim. 1820 god, Sankt-Peterburg. Chast' desiataia. – s. 141-204. [in Russian].

6. Shangin G. Izvlechenie iz opisaniya ekspedicii, byvshej v kirgizskoj stepi v 1816 godu [Extract from the description of the expedition that took place in the Kyrgyz steppe in 1816] // Sibirskij Vestnik, izd. Grigor'em Spasskim, 1820 god, Sankt-Peterburg. Chast' devyataya. – S. 71-88. [in Russian].

7. Shangin G. Izvlechenie iz opisaniya ekspedicii, byvshej v kirgizskoj stepi v 1816 godu. Prodoljenie [Extract from the description of the expedition that took place in the Kyrgyz steppe in 1816. Continued] // Sibirskij Vestnik, izd. Grigor'em Spasskim, 1820 god, Sankt-Peterburg. Chast' odinadsataya. – S. 89-112. [in Russian].

8. Posol'stvo iz Tobol'ska k Butuhtuhanu Zyungarskomu v 1691 godu (Zaimstvovano iz rukopisej Sibirskoj letopisi CHerepanova) [Embassy from Tobolsk to Butukhtukhan of Zungar in 1691 (Borrowed from the manuscripts of the Siberian Chronicle of Cherepanov)] // Sibirskij Vestnik, izdavaemyj Grigor'em Spasskim, 1821 god. Sankt-Peterburg. CHast' pryatnadcataya. – S. 1-14. [in Russian].

9. Sultanov T. Podnyatye na beloј koshme. Hany kazahskih stepej [Raised on a white koshma. Khans of the Kazakh steppes]. – Astana: Astana Damu-21, 2006. – 256 s. [in Russian].

Қ.А. Еңсенев\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Астана, Қазақстан)

[kanat-02-79@mail.ru](mailto:kanat-02-79@mail.ru)

#### Аңдатпа

Бұл ғылыми-зерттеу мақаласында Қазақ қоғамындағы Батырлар институтының рөлі мен қызметі қарастырылған. Батырлар институты Қазақ хандығы заманында әлеуметтік сословие ретінде XVIII-XIX ғасырларда ерекше қоғамдық-саяси қызмет атқарған. Атап айтқанда батырлар тек Отан қорғау шайқастарында ғана емес, ел басқару жүйесінде Хан кеңесіне қатысқан және елшілік қызметтерде мемлекеттер арасында ұзақ сапарларға барған. Мысалы, Абылай хан заманында қазақ батырлары Жоңғария, Қоқан және Цинь империясының басқыншылық жорықтарына қарсы күресті. Ресей мен Цинь империясы арасында дипломатиялық келісімдер мақсатында елшіліктерге барып жүрді. Одан кейін Кенесары хан заманында да батырлар ерекше қызмет атқарғандығы байқалады. Елді жаудан қорғау, елшіліктерге бару, елді басқару істеріне араласты. Бірақ, Қазақ хандығындағы Хандық билік пен Батырлар институты Патшалық Ресей империясының 1822 жылғы реформасы бойынша жойылды. Батырлар институты қазақ халқының ерекше әлеуметтік тобын құраған. Батырлар институты туралы Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылып, тарихнамалық талдаулар жасалды. Одан кейін архив және қолжазба қорларының материалдары ғылыми айналымға тартылып, еңбекті жазуға пайдаланылды.

**Кілт сөздер.** Қазақстан тарихы, Қазақ хандығы, Қазақ Ордасы, Ресей империясы, Батырлар институты, Батыр, Жауынгер, Әскери өнер.

Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX–XXI ғғ.)» (ЖТН № BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды

Қ.А. Еңсенев\*<sup>1</sup>

*1* Ведущий научный сотрудник, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор  
Института истории государства МНВО РК

Казахстан, г. Астана

[kanat-02-79@mail.ru](mailto:kanat-02-79@mail.ru)

## ИССЛЕДОВАНИЕ ИНСТИТУТА БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

#### Аннотация

В данной научно-исследовательской статье рассматривается роль и деятельность Института батыров в казахском обществе. Институт батыров, как социальное сословие во времена Казахского ханства, занимал особую общественно-политическую деятельность в XVIII-XIX веках. А именно, батыры защищая Родину, участвовали не только в боях, но и входили в состав Ханского совета в системе управления страной и совершали длительные поездки между государствами в должности послов. Например, во времена правления Аблай хана казахские батыры участвовали в битвах казахов против Джунгарии, Кокана и империи Цинь. Ездили в посольства в целях заключения дипломатических соглашений между Россией и империей Цинь. Затем, во времена правления Кенесары хана батыры также занимали особые должности. Защищали территорию страны от врагов, были послами, участвовали в управлении страной. Но, Ханская власть и Институт батыров в Казахском ханстве был упразднен реформой Царской Российской империи в 1822 году. Институт батыров создал особую социальную группу казахского народа. Рассмотрены труды отечественных и зарубежных ученых об Институте батыров, проведен историографический анализ. Также для написания статьи были использованы материалы архивных и рукописных фондов.

**Ключевые слова:** История Казахстана, Казахское ханство, Казахская Орда, Российская империя, Институт батыров, Батыр, Войн, Военное искусство.

*Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Эволюция политических институтов и структур в истории Казахстана (XIX–XXI вв.)» (ИРН № BR21882308)*

*Kanat Yensenov*<sup>\*1</sup>

*<sup>1</sup> Leading researcher, candidate of historical sciences, associate professor of the Institute of State History Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan, Astana city)*  
[kanat-02-79@mail.ru](mailto:kanat-02-79@mail.ru)

## RESEARCH OF THE INSTITUTE OF HEROES IN KAZAKH SOCIETY

### *Abstract*

This research article analyzes the role and function of the Institute of Heroes in Kazakh society. The Institute of Heroes, as a social estate in the Times of the Kazakh Khanate, performed a special socio-political function in the XVIII-XIX centuries. In particular, the heroes participated not only in the battles for the defense of the Fatherland, but also participated in the Khan's Council in the country's management system and went on long trips between states in embassies. For example, in the time of Abylai Khan, Kazakh heroes fought against the invasion campaigns of the Dzungarian, Kokand and Qin Empires and visited embassies for the purpose of diplomatic agreements between Russia and the Qin Empire. Then it is noted that even in the time of Kenesary Khan, heroes performed a special function. They were involved in the affairs of protecting the country from the enemy, visiting embassies, managing the country. However, the institution of Khanate power and heroes in the Kazakh Khanate was abolished by the reform of the Tsarist Russian Empire in 1822. The Institute of heroes formed a special social group of the Kazakh people. The works of domestic and foreign scientists about the Institute of Heroes were considered and historiographic analyzes were made. Then the materials of archival and manuscript funds were attracted to scientific circulation and they were used for writing this work.

**Key words:** History of Kazakhstan, Kazakh Khanate, Kazakh Horde, Russian Empire, Institute of Heroes, Hero, Warrior, Military Art.

*The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. BR21882308) within the framework of program-targeted funding «Evolution of political institutions and structures in the history of Kazakhstan (XIX–XXI centuries)»*

### **Кіріспе**

Қазақстан тарихына назар аударсақ, батырлардың әлеуметтік топ ретінде қалыптасуы түркі заманынан жалғасып келе жатқандығын байқаймыз. Бірақ, зерттеушілердің пікірінше, қазақ қоғамындағы батырлар институты XVIII ғасырда толық қалыптасты. Ол Қазақ хандығының өмір сүрген уақытында сыртқы жаулардан мемлекетті қорғаушы әскерилер сословие ретінде жетілді.

**Өзектілігі:**Тарихи жағдайларға байланысты Отан қорғауда батырлар ерлік танытты. Қазақ жерін басқыншылықтан қорғады, жаумен шайқасты. Батырлар институты қазақ қоғамында ерекше әлеуметтік сословие ретінде өзіндік орыны болды. Батырлар тек ержүрек, жауынгер ғана емес, мемлекет ісін шешуде мемлекет қайраткері де бола білді. Олар «Хан кеңесіне» қатысып, маңызды шешімдер қабылдаған. Батырлар елшілік сапарда көршілес елдерге барған. Демек, қоғамда ерекше қызмет атқарған.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ қоғамында ерекше рөл атқарған батырлар институты уақыт өте келе ыдырады. Оған себеп болған жағдай 1822 жылғы Патшалық Ресей империясының «Сібір қазақтарының Жарғысы» деп аталатын реформа бойынша Қазақ хандығы жойылды. Оның орынына Патшалық Ресей империясының әкімшілік басқару жүйесі енгізілді. Сол уақытта Батырлар институтының жойылуына да өзіндік әсері болды. Міне, осылайша дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше қызмет атқарып келген құрылымдар жойылды.

### **Материалдар және методология.**

**Материалдар.** Ғылыми-зерттеуді жазу үшін Отандық және шетелдік авторлардың еңбектері қаралып, тарихнамалық талдаулар жасалды. Олар мазмұны жағынан әртүрлі. Сондықтан, батырлар институтына қатысты мәліметтерді тарихи ұстаным бойынша зерделеу өте маңызды. Одан басқа қазақ батырларына қатысты архив деректері де бар.

Қазақ қоғамындағы батырлар институтының қалыптасуы мен дамуына қатысты бірнеше топқа бөліп қарастыратын деректер бар. *Бірінші*, Қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрімен жеткен фольклорлық шығармалар. Оларды қазақ халқының ұлттық төл дерек көздері ретінде қарастырғанымыз жөн. Батырлар туралы жырлар мен аңыздарда шындық, оқиғалар желісі, тарихи тұлғалар есімдері, шындық бар. Сондықтан, оларды тарихи талдау, сыныптау арқылы кешенді түрде қорытып, ғылыми айналымға түсіргенде жазбаша деректермен салыстырып, нақтылығын анықтай отырып, пайдалануға болады. Мысалы, Бабалар сөзі. Жүз томдық. Оның 62,63 және 88 томдарында [1] XIX ғасырда өмір сүрген белгілі батырларға қатысты тарихи деректер кездеседі.

*Екінші*, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының Сирек қолжазбалар қоры бар [2]. Онда Ағыбай батыр мен замандас батырлардың жорықтары мен ел қорғаудағы ерліктері туралы мәліметтер сақталған.

Батырлар институтына қатысты *үшінші* деректер тобын Қазақ-орыс қатынастары кезінде жазбаша тарихи деректерде архивте сақталған құжаттардың құрайды. Мұндай құжаттар бірнеше үлкен архивтерде сақтаған. Атап айтсақ, Ресей империясының сыртқы саясатының архиві (АВПРИ). 122-қорда «Қырғыз-қайсақ істері (Қазақтар туралы)» (1720-1917) көптеген мәліметтер сақталған [3]. Онда рапорт, мәлімдеме, баяндама және тағы басқа құжаттардан құралған деректер жинақталған.

*Төртінші*, Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архиві (ГИАОО). Онда 1-қорда Әскери жорық істерінің кеңсесінде Қазақ хандығының XVIII-XIX ғасырлардағы қарым-қатынастарының тарихы, хандар, сұлтандар және батырлар туралы деректер сақталған [4].

Бесінші, Қазақ қоғамындағы Батырлар институтына қатысты деректер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде (ҚР ОМА) сақталған. Олар әртүрлі қорларда кездеседі [5]. Көбінесе ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі батырлардың қол бастауы мен күрестері туралы жазылған.

**Методология.** Батырлар институты тарихын зерттеуде бірнеше методологиялық зерттеу әдістерімен қарастыруға болады. Атап айтсақ, ретроспективті, проспективтік, тарихнамалық талдаулар, салыстырмалы талдаулар және тарихи зерттеу принциптері басшылыққа аламыз.

Тарихи таным ретроспективті (латын тілінен *retro* – артқа және *spesio* – қарау) оқиғалардың шындықта қалай дамып жатқанына – себептен нәтижеге қарай бағытталған деген мағынада. Ретроспективті әдістің мәні алдыңғыларды түсіну және бағалау үшін дамудың жоғары сатысына сүйену. Бұл нақты деректер мен дереккөздердің мүмкін болмағандығынан ғана емес, бірақ мұның өзі маңызды. Өйткені, зерттелетін оқиғаның немесе ойлау процесінің мәнін түсіну үшін оның дамуын басынан аяғына дейін қадағалап отыру қажет, бірақ бұл жеткіліксіз. Әрбір алдыңғы кезеңді оның басқа кезеңдерімен байланысы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге бүкіл процестің мәні барынша толық көрсетілген жалпы дамудың кейінгі және жоғары сатысының аясында да түсінуге болады.

Бұл әдісті қолдана отырып, мамандар бізге жеткен әртүрлі дереккөздерден өткен объектілерді қалпына келтіре алады. Ретроспективті әдіс өткендегі жеке оқиғаларды да, тұтас тарихи дәуірлерді де зерттеуде қолданылады. Негізгі идея - бүкіл адамзат қоғамы дамуының эволюциялық және табиғаты идеясы, ол осы қоғамның өткен үлгісін құруға және қайта құруға мүмкіндік береді [6]. Яғни, зерттеуде қолданылатын бір әдіс түрі.

Ұлыбритания тарихшысы Кэтрин Китс-Роханның зерттеуі бойынша (К. С. Б. Китс-Рохан), «просопография» термині «адам» (просопон) және «мен жазамын» (graphos) деген екі грек сөзінен тұратын, ондағы зат есімнің көпше «халық» болуымен ерекшеленеді. Сондықтан «Мен адамдар туралы жазамын» деп аударылады. Просопографиялық зерттеу шынымен зерттеуде әлеуметтік және саяси тарих контекстіндегі адамдар топтарын қарастыруға бағытталған [7]. Демек, қоғамдағы әлеуметтік жіктерді және олар өмір сүрген заманды зерттеуге қолданылатын әдістеменің бірі.

Келесі бір зерттеу түрі тарихи-типологиялық әдіс. Тарихи зерттеулерде кейде тарихи-типологиялық әдіс пайдаланылады. Кез келген елдің тарихы бірнеше кезеңдерге, дәуірлерге, белестерге бөлінеді. Әрбір кезең өзіне дейінгі, өзінен кейінгі дәуірлерден кейбір ерекше белгілерге қарай бөлектенеді. Міне, осы белгілерге қарай адамзат тарихы жіктеледі. Әрбір кезеңді талдау, оның ерекшеліктерін анықтау ғылымда топтау немесе типтеу деп аталады [8].

Зерттеу нысанына алынып отырған батыр – әлеуметтік категория, батырлық адамның бойындағы қасиет. Бұл екеуіне қажеттілік тарихта әрқашан жоғары болған. Әсіресе, халықаралық қатынастар құқықтық тұрғыдан реттелмеген, бір мемлекет екіншісін жаулап алуы, бағындыруы қалыпты іс саналған замандарда батырлар қауымы қоғамдағы толыққанды институтты құрағаны объективті заңдылық еді. Сондықтан, батырлар институтын жеке зерттеу объектісіне айналдыру аса маңызды мәселе болып



табылады. Жалпы, осы аталған методология түрлері мен қатар, тарихи принцип, салыстырмалы талдау, тарихнамалық талдау, деректерді жіктеу және сыныптау әдістері де зерттеуде қолданылады.

### **Бақылау және талқылау.**

Қазақ қоғамындағы Батырлар институтын әлеуметтік категория ретінде зерттеу, олар туралы тарихнамалық әдебиеттер қарастыру, архивтерден деректер іздестіру және жүйелі еңбектер жазу аса маңызды мәселе болып табылады.

Қазақ халқының тарихына байланысты ертеректе жазылған Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Таурих хамса» атты еңбегінде: «Абылай заманында батыр, сардар болғандар. Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтанберді батыр, керей Жәнібек батыр, бөрі Ақпантай батыр, қанжығалы Бөгенбай батыр, бәсентейін Малайсары батыр, бұлардың бәрі де қолбасшы жауынгер атанса да қайраттысы Қабанбай болған...» [9], - деген құнды мәліметтер келтірген.

Қазақ батырлары туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз еңбегінде: «Қазақтың батырларының аты: Қаракерей-Қабанбай, Қанжығалы-Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барақ, Шанышқылы-Бердіқожа, Сырым-Малайсары, Керей-Уақтан шыққан: Сары-Баян батыр» [10], - деген мәліметтер келтірген.

Қазақ тарихындағы тарихи жырларды зерттеушілер М. Ғабдулин, Т. Сыдықовтың «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбегіне назар аударсақ, халықтың ауыз әдебиеті, соның ішінде эпостық жырлар ескі замандардан бері келе жатқан талай дәуірдің, талай әлеуметтік топтың ақыл-ойының жемісі. Фольклор – өткен заманның жаңғырығы, әрі сонымен қатар бүгінгі күннің айқын дауысы. Мұның батырлар жырына тікелей қатысы бар. Өйткені, батырлық жырда басты образдың бәрінде «Халықтың жат жұрттар шапқыншылығына қарсы ерлік күресі» бір кезеңдердегі күрес тарихы сақталып келеді [11], - деп әділ бағасын берген. Мұндай ауызша тарих айту дәстүрімен жеткен бір топ деректер де батырлар тарихына қатысты маңызды дерекөздер саналады.

Қазақ қоғамындағы батырлар институтына қатысты Шоқан Уәлихановтың XIX ғасырда «Қазақ батырлары туралы тарихи аңыздарда» жазған мақаласына назар аударсақ, жаугершілік заманда елді қорғаған батырлардың бірқатарының есімдері берілген. Сондай-ақ, Абылай хан заманына «Батырлар дәуірі» деген сипаттама берген [12].

Патшалық Ресей империясының уақытында қазақ даласына келіп, арнайы зерттеулермен айналысқан А.И. Левшин «Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-кайсацских орд и степей» атты еңбегінде қазақ тарихы, этнографиясы, қоғамындағы әлеуметтік құрылымдар, әскери өнер, шаруашылығы және тарихи тұлғаларға қатысты көптеген мәліметтер келтірген [13].

Тарихшы, ғалым Е. Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінде: «Қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінде көрнекті рөл атқарған категорияның бірі – батырлар. Әлеуметтік категория ретінде батырлар институтының қалыптасуы әскери сословиенің пайда болуымен тығыз байланысты. Ал, батыр терминінің өзі қазақтарда ерте заманда пайда болған» [14], - деп жазды.

М.П. Вяткин «Сырым батыр» еңбегінде: «Батыр» термині қазақ ауыз әдебиеті мен тұрмыста өте кең таралған. Бүкіл қазақтың қаһармандық эпосы аңызға айналған немесе тарихи жауынгерлердің ерлік дастаны. Қазақ халқы өзінің ұлттық батырына «батыр» деген құрметті атақ берген. Ертеде де, біздің заманымызда да «батыр» термині әлеуметтік таптық мазмұннан ада болып көрінеді. Сондықтан, атап айтқанда XVIII ғасырдағы батырлардың әлеуметтік болмысын анықтау өте қиын. Терминнің өзі XVIII ғасырда да әлеуметтік емес, тұрмыстық термин ретінде әрекет еткені сөзсіз. Дегенмен, бұл терминнің жеке әлеуметтік топтарға қатысты таралуына назар аударсаңыз, онда әлеуметтік мағынада оның бұл терминнің жеке әлеуметтік топтарға қатысты таралуы, содан кейін оның әлеуметтік таралуы мағынасында, белгілі бір заңдылық, тарихи анықтамасы ашылады. Біз батырларды негізінен ру ақсақалдары (старшын) арасында кездестіреміз. XVII-XVIII ғасырларда батыр атағының кеңінен қолданылуы - қазақ қоғамының өзіндік ерекшелігі болды» [15], - деп жазды.

Тарихшы-ғалым Қ.Қ. Әбуев «Абылай хан» монографиясында Абылай хан мен оның серіктерінің қазақ халқының жатжерлік басқыншыларға қарсы күресін баяндаған. Автор осы еңбегінде: «Осы бір жаугершілік заманда елге аты танылған, ерекше даңқы шыққан ел қорғаны Абылай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, Құдайберді Жәпек, Бәсентиын-Малайсары, Олжабай Толыбайұлы, Қарауыл-Қанай, Өтеген Өтеғұлұлы, Шапрашты-Наурызбай, Қойгелді Сартұлы, Уақ Сары, Баян және тағы басқалары, халықтың көңіл-күйі мен рухының өрлігіне ерекше әсер еткен ақын-жыраулар: Бұқар Қалқаманұлы, Қожаберген Толыбайұлы, Үмбетей Тілеуліұлы, Ақтамберді Сарыұлы. Сол дәуірде төреден

шыққан ірі тұлғалары: Жолбарыс хан, Барақ, Батыр, Ералы, Әбілпейіз, Сұлтанмәмет сұлтандар қатарлы қайраткерлер болды» [16], - деп жазды.

Батырлар институты және оның әскери өнерін зерттеуші тарихшы-ғалым А.К. Кушқумбаев: «Қазақ көшпелілерінің дәстүрлі әскери ұйымы рулық негізде болды. Көп жағдайда әрбір жүз, ұлыс, ру бір-бірінен тәуелсіз, өз бетінше жасақтарын құрады. Ірі қарулы қақтығыстар мен ірі соғыстар болған жағдайда жалпы қазақ халық жасақтары жиналды. Қазақ әскери ұйымының өзегі (негізі) батырлық – нақты (көшпелі) әскери құрылым болды деп болжауға болады. Қазақ жүздерінде күшті хандық биліктің болмауы қазақтардың әскери ұйымындағы жүйе құраушы рөлін ерекше батырлар институты айқындады. Бұл жағдай, біріншіден, батырлардың көшпелілердің сан алуан жауынгерлік тәжірибесі мен көп ғасырлық әскери дәстүрлерін бойына сіңіріп, жаңғыртуымен түсіндіріледі. Екіншіден, тек осындай «әскери дала қолбасшылары» ғана ұрысқа дайын қарулы жасақтарды ұйымдастырып, төтенше, күтпеген жерден өзгертін әскери жағдайда әрекет ете алады. Үшіншіден, жоғарыда көрсетілгендей, батырлық – хандар мен сұлтандардың даладағы негізгі әскери-саяси күші болды» [17], - деп жазды.

Қазақ қоғамындағы батырлар туралы зерттеуші, тарихшы М.Қ. Дәуітбекова еңбегіне назар аударсақ, көшпелі халықтардың тарихи-мәдени дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты елдің қауіпсіздігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі көшпелі қоғамда да әскери іспен айналысатын адамдардың пайда болуын, олардың қоғамдық қызметтерді атқаруы өз міндетіне алу барысында жеке әлеуметтік жік ретінде қалыптасуына әкелді. Басқа халықтарда әскери сословие өкелдерін «самурай», «рыцарь», «кшатрий» деп өзіндік атауымен атаған сияқты дәстүрлі қазақ қоғамында кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілдері «батырлар» [18], - деп аталды дейді.

Ресей тарихшы, ғалымы Л.А. Бобров өз еңбегінде: «XVIII – XIX ғасырларда қазақтардың әскери ұйымы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қазақ жасақтарында ондық жүйені қайта жаңғырту тенденциялары байқалды. Мұның басты жаңалығы хандық және сұлтандық жасақтарының сандық жағынан күрт өсуі болды, бұл қазақ жасақтарын ұйымдастырудың дәстүрлі тайпалық жүйесін айтарлықтай нығайтты. Қазақ қарулы күштері даму сатысына Абылай бастаған әскери реформаны аяқтаған хан Кенесары Қасымовтың тұсында жетті. Кенесары әскері бөлімдерге бөлінген жаңартылған ондық, жүздік, мыңдық және түмендік жүйе негізінде ұйымдастырылды. Олардың әр тобын басқарушы батырлар болды. Кенесараның маңызды жаңалығы жауынгерлердің жүйелі жауынгерлік дайындығын жетілдірді» [19], - деп тұжырым жасаған.

Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихын зерттеуші С.К. Қабылтаева өз еңбегінде батырлар туралы: «XVIII – XIX ғасырларда батырлардың рөлі қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің ерлік беттерімен байланысты. Қазақ жауынгерлердің көпшілігі өз рулары мен тайпалық топтарының жауынгерлік топтарын басқарған және қоғамдық-саяси өмірінде де көрнекті рөл атқарды. Қазақ қоғамындағы бірегей батырлық институтының тұтастықты сақтаудағы рөлі уақыт өте келе өзгерістерге ұшырады» [20], - дейді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында батырлар жеке әлеуметтік топ ретінде құрылды және өзіндік идеологиясы болды, өз жұртшылығына сәйкес қызмет, әскери дәстүр, ережелер мен этика басқа әлеуметтік топтармен және өздерінің өзара қарым-қатынасында ерекшеліктері болды. Негізгі ерекшеліктерінің бірі әскери өнерге маманданған. Бұл фактілер қазақтың халық әдебиетінде де айтылды, тарихи жырлар, жыраулар поэзиясы сияқты ауызша тарих айту дәстүрімен жеткен деректерде де сақталған [21], - деп жазды зерттеуші Л. Ахмади.

Қазақстандағы әлеуметтік қатынастарға талдау жасағанда жекелеген әлеуметтік институттардың қандай өзгерістерге ұшырағанын және қазақтардың қоғамдық өмірінде сол өзгерістердің қандай орын алғандығын анықтаудың маңызы өтер зор. Мәселені бұлай қарастырмайынша, жекелеген әлеуметтік институттардың әлеуметтік мәнін ашу мүмкін емес, - деп жазды Е. Бекмаханов өз зерттеу еңбегінде.

Батыр деген сөз «багадур» және «бахатур» деген түрік сөздерінен шыққан. Қазақ халқы тарихының сонау алғашқы дәуірінде-ақ қазақ даласы сыртқы жаулардың шапқыншылығына ұшыраған кезде, оларға қарсы күресу үшін өздерінің қолбасшылары бар арнаулы жасақтар құрыла бастады. Осы жасақтардың шайқастарда ерекше көзге түскен жетекшілерін қазақтар «батыр» деп атады. Қазақ және басқа түркі тілдерінде «батыр» сөзі «күрескер», «қаһарман», «ержүрек», «жаужүрек» деген мағаналарды білдіреді [14,76 б.].

Қазақ қоғамында батыр атағы мирасқорлық жолмен берілмеген, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болды. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты.

Батырлар көбінесе осы әлеуметтік жіктің өкілдері арасынан шықты. Олардың бар өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен [22].

XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы күшейе түсті, бұл елге төніп тұрған сыртқы саяси қауіпке қарсы қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуымен олардың әскери құрылымындағы рөлінің арта түсуіне байланысты болған. Қалмақ басқыншыларына тойтарыс беру барысында халық арасынан қабілетті қолбасшылар мен ержүрек батырлар дараланып шықты. Олардың арасында Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары, Есет, Тайлақ, Жәнібек, Бөкенбай және тағы басқаларын айтуға болады. Қалмақтарды жеңген маңызды шайқастар жоғарыдағы батырлардың есімдерімен тығыз байланысты.

Батырлар әлеуметтік институт ретінде өзгерістерге ұшырап отырды. Батырлар алғашқы кезде тайпа, ру басшылары болған. Көшпенділердің қоғамдық қатынастарының дамуына байланысты әскери қолбасшылардың қызметі өзгере бастады. Батырлар қарапайым халық арасынан шыққанына қарамастан батырлар бірге-бірге ру басшыларының құқықтарын иемдене бастады да, қоғамдық өмірде олармен бірдей рөл атқарды. Батырлардың қазақ қоғамында рөлінің жоғары болғаны соншалық олармен хандар, билер, ру ақсақалдары ылғи санасып отырды, ел арасында беделінің өсуі олардың ру ақсақалы дәрежесіне дейін жеткізді [23].

Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары тарихынан уақыт бойы көшпелі халықтардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік институттарының дамуына байланысты қарама-қайшылықты пікірлер басым болып келді. Тіпті, дәстүрлі қоғамға тән билер, батырлар институттарының көшпелі және жартылай көшпелі қоғамның өзіне тән ғана мәдени-әлеуметтік тарихи тамырлары мен оның ерекшелігі ескерусіз қалды. Мәселен дәстүрлі қазақ қоғамындағы «батыр» атауы тек құрметті атақ ретінде ғана қарастырылды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың ерекше әлеуметтік топ ретінде өзіндік идеологиясы, қоғамдық қызметіне байланысты тек өздеріне тән өмір сүру салты, жауынгерлік салт-дәстүрі, басқа әлеуметтік жіктермен арақатынасын реттейтін әлеуметтік ережелері, этикасы және «сословиелік» ерекшеліктері қалыптасты. «Батыр» сөзінің мәні ержүрек, батыл, әскери өнерді жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан деген мағына береді. Ал, батыр атағы тек қана адамның жеке бас қасиеттеріне, оның әлеуметтік шығу тегіне қарамастан берілетін атақ. Батырлар дәстүрлі қазақ қоғамында жауынгерлік дәстүрді жалғастырушылар ретінде өзіндік ерекшелігі айқын әлеуметтік топ ретінде өзіндік ұғымдық бет-бейнесі мен ерекшелігі қазақ қоғамының ұлттық құндылықтарымен бірге ұштасып кеткен, ажырағысыз әлеуметтік өлшемнің жиынтығын құрайды. Батырлар институтының тек дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән әлеуметтік институтқа айналуының негізгі заңдылығын жалпы қазақ қоғамының қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерімен байланысты болды [24].

Қазақ батырлары туралы еңбек жазған Қ.Ахметжан «Жараған темір кигендер» атты еңбегінде: «Қоғамдық ерекше жік ретінде батырлар сословиесінің өзіндік мәдениеті, өнері болды. Онда батырлардың идеологиясы, салт-дәстүрі көрініс тапты. Олар туралы жыраулар шығармаларынан үзінділерді байқаймыз. Себебі, жыраулар өнері осы батырлар сословиесімен тікелей байланысты еді. Жыраулар да осы қоғамдық жіктің өкілдері. Бірінші, олардың бәрі батырлар әулетінен шыққан. Екіншіден, олардың өздері де батыр адамдар болған» [25], - дейді.

Қазақ қоғамында батырлар үлкен күшке ие болды, олардың қатысуынсыз бірде-бір ірі саяси шара өткізілмейді. Батырлардың халықаралық істердегі рөлі жайлы «А.И.Тевкелев күнделігінде» толық сипатталғандай, бұған дейін еш жерде жазылмаған. Батырлар «Хан кеңесіне» мүше болды. Ақсүйектерді таққа отырғыза да алады, тақтан алып тастай да алады. Сонымен қатар болашақ тақ мұрагерлерін тәрбиеледі. Олардың ішінен аталықтар – ханзадалар тәрбиешісі шықты [26]. Әдетте, олар өзі тәрбиелеген мұрагер таққа отырғанда оған кеңесші болып қала берді.

Қазақ қоғамындағы батырлар институтының мемлекеттілікті сақтап қалуға ұмтылысы негізінен Ресей империясының отарлау кезеңіне жанданды. Қазақ даласының Ресей империясының құрамына қосылған кезеңінен бастап Орта және кіші жүздегі хандық биліктің жойылуына дейінгі аралық бодандықтың алғашқы кезеңі болып табылады. Бір жағынан бұғанға дейін қазақ даласын жан-жақтан шабуылдап, бейбіт тұрғындардың мазасын алған қалмақтар мен башқұрттардың жорықтары тоқтады. Ел басына тыныштық орнағандай болды. Алайда шапқыншылықтан да асып түскен отаршылдық кезең басталды.

Қазақ даласының Ресей империясының құрамына қосылып дәстүрлі қазақ қоғамының саяси атрибуттарынан айырыла бастаған тұста қазақ батырлары елдегі өзгере бастаған жағдайды тез байқап, тәуелсіздікті сақтап қалу үшін күреске шықты. XVIII ғасырдағы қалмақтардың шабуылын қазақ батырлары көзсіз батырлықпен тойтарса, енді империялық саясаттың отарлық езгісінен де құтқаруға қазақ батырлары

алғашқылар болып атқа қонды. Халық азаттығы үшін күрделі күрес жолының көшбасында Сырым батыр және оның басшылығымен болған азаттық көтерілісі бар.

Қазақ мемлекеттілігін сақтап қалуда тұтас әулеттер қатысқан мысалдар тарихында көп. Олардың ішінде табын Бөкенбай батыр әулетінің қазақ мемлекеттілігін сақтап қалу мен дәстүрлі батырлар институтының дамуындағы үлес Бөкенбай батыр өзі дүниеден өткеннен кейін оның ұрпақтарының ерлік істерімен жалғасын тапты. Олардың қатарында ұлы Тіленіші батыр да бар еді» [27], - деп жазды зерттеуші Г.Қайырғалиева.

Қазақ жүздерінің аумақтық шеттерінде соғыс шиеленісінің бәсеңдеуіне қарай батырлардың әлеуметтік маңызы да төмендей берді. Бұл әскери көсемдердің қоғамдық беделі мен саяси ықпалының белгілі бір толқыны XIX ғасырдағы 20-40 жылдарында Кіші жүз бен Орта жүзде халық азаттық қозғалысының дамуына байланысты болды. Бұл кезеңде Кенесары сұлтан, оның інісі Наурызбай батыр (1822-1848), Ағыбай, Бұқарбай, Иман және басқа батырлардың да көптеген батырлар сияқты ержүрек жауынгерлер мен олардың қазақтар арасында аса күшті беделге ие болды.

Ұлы жүз аумағында әскери құрылымдар рөлінің елеулі түрде күшеюі және соған байланысты батырлар әлеуметтік тобының қоғамдық маңызының артуы Қоқан хандығының басқыншылық соғысына қарсы күрес жылдарында (XIX ғасырдың 20-50 жылдарында) байқалды. Әскери жасақтардың қолбасшы-лары Сарыбай, Саурық, Сыпатай, Сұраншы және тағы басқаларының есімдері белгілі болды [28].

Батырлар қазақ халқының XVIII – XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлт-азаттық күресінің ерлік беттерімен байланысты. Жауынгерлердің көпшілігі өз рулары мен тайпалық топтарының жауынгерлік отрядтарын басқарған қазақ көшпелілерінің әскери ғана емес, қоғамдық-саяси өмірінде де көрнекті рөл атқарды. Қазақстанның тарихи-әлеуметтік ой-пікірінде және қазақ қоғамындағы бірегей батырлық институтының тұтастықты сақтаудағы рөлі уақыт өте келе өзгерістерге ұшырады [29].

Батырлар институты XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жойыла бастайды. Патша өкіметі қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік институттарын жоюды ең алдымен батырлардың көзін құрту жолдарын іздестіруден бастады. Себебі олар елдіктің, қазақ жерінің тәуелсіздігі мен бүтіндігінің жокшысы еді. Батырлардан құтылу, сол арқылы қазақ халқын жуасытуға, рухсыздандыруға бағытталған әрекет отарлық саясаттың құрамдас бөлігі, басты бағыттарының бірі болғандығы патшалық Ресейдің ресми құжаттарынан да көрінеді. 1806 ж. 31 мамырда император I Александрдың Бөкей ордасы үшін бекіткен «Хан кеңесі үшін ережелерде» «батырлар пайда болмасын және күшеймесін» деген нақты нұсқау жазылған» [30], - деп атап көрсетеді. Яғни, Қазақ қоғамындағы Батырлар институтын Хандық билікпен бірге мақсатты жойған.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келгенде, қазақ қоғамында батырлар институтының құрылуы мен қалыптасуы бірнеше кезеңдерден өткен. Жалпы, батырлығымы түркілік кезеңнен келе жатқан әлеуметтік категория. Батырлар институты көшпелі елдің тарихи жағдайларына байланысты. Мәселен, жаугершілік заманда сыртқы елдердің басқыншылығынан Отанды қорғайтын да осы батырлар болған. Атап айтсақ, Батырлар институты XVIII ғасырда өте жақсы қалыптасқан және ұйымдасқан әлеуметтік топты құрады. Оған әсер еткен сол кездегі Отан қорғау шайқастары болды. Мысалы, Әбілқайыр, Абылай хан замандарында Бөкенбай, Есет, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Бердіқожа және тағы батырлар қол бастап шығып, елді қорғады.

Одан кейін Кенесары хан заманында да Батырлар институты сақталды. Ол кезде Ағыбай, Наурызбай, Саурық, Иман және тағы басқалары тарих сахнасына шықты. Қазақ қоғамында Батырлар институты мен әскери өнерде ондық, жүздік, мыңдық құрылымдар сақталды. Бірақ, өкінішке орай, Патшалық Ресей империясының 1822 жылғы реформасы бойынша Қазақ хандығында дәстүрлі билік тармақтары жойылды. Еліміз отаршылдық кезеңді басынан өткерді.

Қазақ қоғамындағы батырлар институты өз заманында ерекше қызмет атқарды, Мысалы, Отан қорғау, елшілік қызмет, мемлекет ісін шешу сияқты ең маңызды істерге араласты. Бірақ, Батырлар институты туралы ғылыми-зерттеулер аз. Сондықтан, жүйелі зерттеулер жасау қажет. Ол үшін әлемдік тарихнаманы қарау керек, одан кейін архивтерге көбірек барып, толық зерттеулерді жүзеге асыру қажет.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. *Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.88. - Астана: Фолиант, 2012. - 4 б.*
2. *Ағыбай батырдың бір жорығы. Мәтін «Ақжолтай Ағыбай батыр» (Алматы, 2002. 167-171-бб.) атты жинақта жарияланған. Аңыздың түпнұсқасы OFK-нің қолжазбалар қорында (Ш.140 Д.) сақтаулы.*

3. Архив внешней политики царской империи (АВПРИ). Ф.122. Оп.1. Д.1. Л.1-5.
4. Государственный исторический архив Омской области (ГИАОО). Ф.1. Оп.1. Д.4. Л.1-5.
5. ЦГА РК. Ф.И-64. Оп.1. Д.881, Л.135-137.
6. Смоленский Н.И. Теория и методология истории: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. 2-е издание. Москва: Издательский центр «Академия», 2008. - С. 237.
7. Keats-Rohan K. S. B. *Prosopography and Computing: A Marriage Made in Heaven?* // *History and Computing*. - 2000. - N 12 (1). P. 2.
8. Күзембайұлы А., Әбіл Е.А. Тарих теориясы және методологиясы. Оқу құралы. Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты. – 2014. – 127 б.
9. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих). Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 105-б.
10. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: «Ел шежіре», 2009. – 16-б.
11. Ғабдулин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жырлары. – Алматы: Ғылым, 1972. – 5 б.
12. Валиханов Ч.Ч. Историческое предания о батырах XVIII в. // *Собрание сочинений Ч.Ч. Валиханова в пяти томах. Том.1. Алма-Ата: Главная редакция советской энциклопедии, 1984. – С.216-223.*
13. Левшин А.И. Описание киргиз-кайзачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под ред. М.К. Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – С.232.
14. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. Алматы, Санат, 1994, 104 б.
15. Вяткин М.П. Батыр Сырым. Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1998. – С. 109-110.
16. Әбуев Қ.Қ. Абылай хан. Замандастары және ұрпақтары. Монография. Көкшетау: Көкшетау мемлекеттік университетінің баспаханасы, 2016. – 98-99-бб.
17. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – С.96-97.
18. Дауытбекова М.Қ. Қазақ қоғамындағы батырлар институты: тарих. ғыл. канд. ... дис.: 07.00.02., Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 3 б.
19. Бобров Л.А. Военное организация казахских кочевников от Абулхайра до Кенесары (XVIII-XIX вв.) // *Средневековые тюрко-монгольские государства*. - 2015. - №7.С.60.
20. Кабылтаева С. К. Роль батыров в военно-политической истории Казахстана XVII-XIX вв. // *Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева*. – 2016. – №3(112). – С. 217-222
21. Ahmadi L., Dautbekova M. *Institute of batyrs in kazakh society // Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history*. - 2017. №4 (87). P.47.
22. Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясының Бас редакциясы, 1999. – 184 б.
23. Еспенбетова А.М. Қазақ қоғамындағы батырлар институты және олардың әлеуметтік қызметі // *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы*. - 2017. - №2(53). - 11-15 бб.
24. Дауытбекова М.Қ., Жарылғасынова Б. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары тарихынан // *Хабаршы. Тарих сериясы*. 2018. - №3 (90). - 215-216 бб.
25. Ахметжан Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: Дәуір, 2006. – 28 б.
26. Хафизова К.Ш. XVIII-XIX ғасырлардағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы. Монография. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022. – 376 б.
27. Кайыргалиева Г. Батырлар институтының қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы қызметі // *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Хабаршысы*. – II-бөлім. №3. – 2015. – 24-229 бб.
28. Қазақстан тарихы (Көне дәуірден бүгінге дейін). 4-том. – Алматы: Атамұра, 2010. 202 б.
29. Кабылтаева С. К. Роль батыров в сохранении целостности Казахского государства в первой четверти XVIII — первой половине XIX вв.: историографический обзор // *Исторические исследования: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2016 г.)*. – Казань: Изд-во «Бук», 2016. – IV, С.29-30.
30. Күзембайұлы А. Батырлар институты: теориялық және методологиялық проблемалары // *Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы*. - 2019. - №4. 21-26 бб.

#### References

1. Babalar sozi. Zhyz tomdyk. T.88. - Astana: Foliant, 2012. - 4 b.

2. Agybaj batyrdyng bir zhorygy. *Matin «Akzholtaj Agybaj batyr»* (Almaty, 2002. 167-171-bb.) atty zhinakta zhariyalangan. Anyzdyng typnuskasy OGK-ning kolzhazbalar korynda (SH.140 D.) saktauly.
3. Arhiv vneshnej politiki carskoj imperii (AVPRI). F.122. Op.1. D.1. L.1-5.
4. Gosudarstvennyj istoricheskij arhiv Omskoj oblasti (GLAOO). F.1. Op.1. D.4. L.1-5.
5. CGA RK. FI-64. Op.1. D.881, L.135-137.
6. Smolenskij N.I. *Teoriya i metodologiya istorii: ucheb. posobie dlya stud. vyssh. ucheb. zavedenij. 2-e izdanie.* Moskva: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2008. - S. 237.
7. Keats-Rohan K. S. B. *Prosopography and Computing: A Marriage Made in Heaven?* // *History and Computing.* - 2000. - N 12 (1). P. 2.
8. Kuzembajuly A., Abil E.A. *Tarih teoriyasyk instituty.* – 2014. – 127 b.
9. Halid Kurbangali. *Tauarih hamsa: (Bes tarih). Aud. B. Totenaeu, A. Zholdasov.* – Almaty: Kazakstan, 1992. - 105-b.
10. Kopejuly M.ZH. *Shygarmalary.* – Almaty: «El shezhire», 2009. – 16-b.
11. Gabdulin M., Sydykov T. *Kazak halkynyng batyrylyk zhyry.* – Almaty: Gylym, 1972. – 5 b.
12. Valihanov Sh.Sh. *Istoricheskoe predaniya o batyrah XVIII v. // Sobranie sochinenij Sh.Sh. Valihanov v pyati tomah. Tom.1. Alma-Ata: Glavnaya redakciya sovetskoj enciklopedii, 1984. – S.216-223.*
13. Levshin A.I. *Opisanie kirgiz-kajzach'ih, ili kirgiz-kajscskih, ord i stepej (pod red. M.K. Kozybaeva).* – Almaty: Sanat, 1996. – S.232.
14. Bekmahanov E.B. *Kazakstan XIX gasyrdyn 20–40 zhyldarynda.* Almaty, Sanat, 1994, 104 b.
15. Vyatkin M.P. *Batyr Syrym. Uchebnoe posobie.* – Almaty: Sanat, 1998. – S. 109-110.
16. Abuev K.K. *Abylaj han. Zamandastary zhane urpaktary. Monografiya. Kokshetau: Kokshetau memlekettik universitetinihg baspahanasy, 2016. – 98-99-bb.*
17. Kushkumbaev A.K. *Voennoe delo kazahov v XVII-XVIII vekah.* – Almaty: «Dajk-Press», 2001. – S.96-97.
18. Dauytbekova M.K. *Kazak kogamyndagy batyrlar instituty: tarih. gyl. kand. ... dis.: 07.00.02., Almaty: Kazak universiteti, 2010. - 3 b.*
19. Bobrov L.A. *Voennoe organizaciya kazahskih kochevnikov ot Abulhajra do Kenesary (XVIII-XIX vv.) // Srednevekove tyurko-mongolskie gosudarstva. - 2015. - №7.S.60.*
20. Kabyldaeva S. K. *Rolbatyrov v voenno-politicheskoy istorii Kazahstana XVII-XIX vv. // Vestnik ENU im. L.N. Gumileva. – 2016. – №3(112). – S. 217-222*
21. Ahmadi L., Dauytbekova M. *Institute of batyrs in kazakh society // Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. - 2017. №4 (87). P.47.*
22. «Kazakstan» *Ultyk enciklopediya / Bas red. A.Nysanbaev.* – Almaty: Kazakstan enciklopediyasynyng Bas redakciyasi, 1999. – 184 b.
23. Espenbetova A.M. *Kazak kogamyndagy batyrlar instituty zhane olardyng aleumettik kyzmeti // Abaj atyndagy KazUPU-ning Habarshysy. «Tarih zhane sayasi-aleumettik gylymdar» seriyasy. - 2017. - №2(53). - 11-15 bb.*
24. Dauytbekova M.K., Zharylgasynova B. *Kazak handygynyng memlekettik baskaru instituttary tarihyndan // Habarshy. Tarih seriyasy. 2018. - №3 (90). - 215-216 bb.*
25. Ahmetzhan J.I.S. *Zharagan temir kigender (batyrlardyng karu-zharagy, askeri oneri, salt-dasturleri).* – Almaty: Daur, 2006. – 28 b.
26. Hafizova K.Sh. *XVIII-XIX gasyrlardagy dala bileushileri zhane olardyng diplomatiyasi. Monografiya.* – Astana: KR Prezidenti zhanyndagy KSZI, 2022. – 376 b.
27. Kajyrgalieva G. *Batyrlar institutynyng kazak memlekettiligini saktaudagy kyzmeti // L.N. Gumilev atyndagy ENU-ning Habarshysy. – II-bolim. №3. – 2015. – 24-229 bb.*
28. *Kazakstan tarihy (Kone dauirden buginge dejin). 4-tom.* – Almaty: Atamura, 2010. 202 b.
29. Kabyldaeva S. K. *Rol' batyrov v sohranenii celostnosti Kazahskogo gosudarstva v pervoj chetverti XVIII — pervoj polovine XIX vv.: istoriograficheskij obzor // Istoricheskie issledovaniya: materialy IV Mezhdunar. nauch. konf. (g. Kazan', maj 2016 g.). – Kazan': Izd-vo «Buk», 2016. – IV, S.29-30.*
30. Kuzembajuly A. *Batyrlar instituty: teoriyalyk zhane metodologiyalyk problemalary // Euraziya gumanitarlyk institutynyng Habarshysy. - 2019. - №4. 21-26 bb.*

ӘӨЖ 94 (574) «12»

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.019>

*М.С. Ноғайбаева\*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы, Қазақстан  
E-mail: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)

## АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАРАКЕСЕК-АЛШЫНДАР

### *Аңдатпа*

Мақалада Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты мәселелердің бір қыры қазіргі қазақ халқының Кіші жүз құрамындағы Алты ата Әлім немесе Қаракесек тайпалық бірлестігінің қалыптасуы тарихымен байланысты қарастырылады. Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Қаракесек рулар бірлестігі немесе қазіргі шежіре дәстүрі бойынша Әлімдер немесе Қаракесек тайпалық бірлестігі (Шекті, Төртқара, Қарасақал, Қаракесек, Шөмекей, Кете) деректерде негізінен Алшын деген жалпы атаумен белгілі. Деректерде «Алшын» атауы «Байұлы» деген атаумен қатар кездесетіндіктен, мақалада Алтын Орда тарихындағы «Алшын» атауы тар мағынасында, яғни Қаракесек тайпалар бірлестігінің синонимі ретінде қолданылды.

Алтын Орда тарихындағы Қаракесек-Алшындардың орны мен қалыптасу тарихын анықтау проблемалық және салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы жүргізілді. Жазба және ауызша дерек мәліметтері бойынша Қаракесек-Алшындарға қатысты мәліметтер анықталып, салыстырмалы-тарихи әдіс нәтижесінде мақаланың басты тұжырымдары негізделді. Ауызша тарих айту дәстүріне орай батырлар жыры мен қазақ шежірелерінің нұсқалары жазба дерек мәліметтерімен салыстырмалы түрде қарастырылды. Мақалада Қаракесек-Алшындардың Алтын Орданың қоғамдық-саяси өміріндегі орны мен ықпалы, орналасуы, олардың шыққан тарихи тұлғалар туралы мәселелер талқыланды.

**Кілт сөздер:** Алтын Орда, Қаракесек, Алшын, Аңғысын, Алау батыр, этникалық тарих, 92 баулы өзбек тайпалары.

*Алғыс. Мақала №BR10965240 ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалды*

*M.S. Nogaybaeva\*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> candidate of historical sciences, associate professor  
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
E-mail: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)

## KARAKESEK-ALSHYNS IN THE HISTORY OF THE GOLDEN HORDE

### *Abstract*

The article considers one of the issues related to the ethnic history of the Golden Horde, related to the history of the formation of the tribal association of Alty Ata Alim (six tribes of Alim) or Karakesek as part of the Junior Zhuz of the modern Kazakh people. During the Mongol invasion, the Karakesek tribal association, or according to modern genealogical tradition, the Alimuly or Karakesek tribal association (Shekti, Tortkara, Karasakal, Karakesek, Shomekey, Kete) is known in sources mainly under the common name Alshyn. Since the name "Alshyn" is found in the sources in parallel with the name "Baiuly", in the article about the history of the Golden Horde, the name "Alshyn" was used in a narrow sense, as a synonym for the unification of the Karakesek tribes.

The determination of the place and history of the formation of the Karakesek-Alshyns in the history of the Golden Horde was carried out using problematic and comparative historical methods. Based on written and oral sources, information related to the Karakesek-Alshyns was determined, and as a result of the comparative historical method, the main conclusions of the article were substantiated. According to the oral historical tradition, information from written sources was compared with samples of heroic epics and Kazakh geneology. The article considers the place and influence of the Karakesek-Alshyns in the social and political life of the Golden Horde, their location, as well as questions about historical figures who came from these tribes.

**Keywords:** Golden Horde, Karakesek, Alshyn, Angysyn, Alau batyr, ethnic history, 92 Uzbek tribes.

*Gratitude. The article was prepared within the framework of research project. BR10965240*

Ногайбаева М.С. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, ассоциированный профессор  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

## КАРАКЕСЕК-АЛШЫНЫ В ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

### Аннотация

В статье рассматривается один из вопросов, касающихся этнической истории Золотой Орды, связанный с историей формирования родового объединения «Алты ата Алим» (шести родов Алим) или Каракесек в составе Младшего жуза современного казахского народа. Во время монгольского нашествия родовое объединение Каракесек, или по современной генеалогической традиции племенное объединение Алимұлы или Каракесек (Шекти, Тортқара, Қарасақал, Каракесек, Шөмекей, Кете) известно в источниках в основном под общим названием Алшын. Поскольку в источниках название «Алшын» встречается одновременно с названием «Байұлы», то в статье касательно истории Золотой Орды название «Алшын» использовалось в узком смысле, как синоним объединения племен Каракесек.

Определение места и истории образования Каракесек-Алшынов в истории Золотой Орды проводилось с помощью проблемного и сравнительно-исторического методов. По письменным и устным источникам были определены сведения, относящиеся к Каракесек-Алшынам, и в результате сравнительно-исторического метода были обоснованы основные выводы статьи. Согласно устной исторической традиции сведения письменных источников были сопоставлены с образцами героических эпосов и казахских шежире. В статье рассмотрено место и влияние Каракесек-Алшынов в общественно-политической жизни Золотой Орды, их расположение, а также вопросы об исторических личностях, происходивших из данных родов.

**Ключевые слова:** Золотая Орда, Каракесек, Алшын, Ангысын, Алау батыр, этническая история, 92 узбекских племени.

*Благодарность.* Статья подготовлена в рамках научно-исследовательского проекта № BR10965240

**Кіріспе.** Қазіргі таңда отандық тарихнамада Алтын Орда тарихына қатысты зерттеулер маңызды орын алып отыр. Соның ішінде Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты жаңа материалдарды айналымға енгізу мен тұжырымдар жасау маңызды. Мақалада Кіші жүзге кіретін Алты Ата Әлім немесе Қаракесек тайпалық одағының Алтын Орда тарихындағы орны мен аталған кезеңдегі қалыптасу тарихына тоқталамыз. Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Қаракесек рулар бірлестігі немесе қазіргі шежіре дәстүрі бойынша Әлімдер немесе Қаракесек тайпалық бірлестігі (Шекті, Төртқара, Қарасақал, Каракесек, Шөмекей, Кете) негізінен Алшын деген жалпы атаумен белгілі. Себебі біз қарастырып отырған кезеңде, яғни, XIII-XV ғасырдың алғашқы жартысында ортағасырлық деректерде «Байұлы», «Байлы» деген атаумен қазақ шежіресі бойынша 12 ата Байұлын құрайтын ру-тайпалар жеке-жеке кездессе, «Алты ата Әлімді» құрап отырған Шекті, Төртқара, Қарасақал, Қаракесектер мен Шөмекей, Кетелержеке-жеке кездеспейді. Бірақ оның есесіне «Алшын» атауы «Байұлы» деген атаумен қатар аталады. Сондықтан біз мақалада Алтын Орда тарихындағы «Алшын» атауын тар мағынасында, яғни Каракесек тайпалар бірлестігінің синонимі ретінде қарастырамыз.

Жалпы, моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда және оның ыдырауы тұсындағы Каракесектердің тарихын қарастыру барысында бірнеше мәселенің басын ашып алуымыз қажет. Біріншіден, біз қарастырып отырған кезеңде ешқандай дерек көздерінде Каракесек тайпалық одағын құраған рулардың нақты атаулары кездеспейді. Дегенмен бұл жағдай бізді бірден бұл кезеңде Каракесектер жоқ деген шалақ пікірге жетелемеуі тиіс. Тағы да бір ескерте кететін жағдай мұндағы Каракесектер деп отырған-нымыз қазіргі шежіре айту дәстүрі бойынша алты ата Әлімнің бірін құрайтын Қаркесек емес. Оны жалпы алты ата Әлімді құрайтын төрт тайпа мен Кете, Шөмекейлердің тайпалық одағы деп түсінуіміз қажет. Сондай-ақ, мұндай пайымды М.Тынышпаевқа сүйеніп пайдаланып отырмыз. Біз қарастырып отырған кезеңде Алшын атауы тар мағынасында тек Каракесек тайпалық одағының атауын береді.

Сонымен біз зерттеп отырған кезеңде Кіші жүздің құрамындағы бірқатар ру-тайпалар жеке Байұлы атауымен және Жетіруды құраған тайпалардың әрқайсысының жеке-жеке өз атауларымен кездесуі мәселені басқаша тұрғыдан қарастыруға итермелейді. Сондықтан жоғарыда айтып өткеніміздей XIII-XV



ғасырдың бірінші жартысындағы Қаракесектер тарихын негізінен Алшын тайпалық одағының тарихымен тікелей байланыстыра отырып қарастырамыз.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада Алтын Орда тарихындағы Қаракесек-Алшындардың орны мен қалыптасу тарихын анықтау үшін негізінен проблемалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады. Жазба және ауызша дерек мәліметтері бойынша қаракесек-алшындарға қатысты мәліметтер анықталып, салыстырмалы-тарихи әдіс нәтижесінде мақаланың ғылыми жаңалығын негіздеуге мүмкіндік берген тұжырымдар жасалды. Әсіресе, «далалық ауызша тарих айту» дәстүріне орай батырлар жыры мен қазақ шежірелерінің нұсқаларын жазба дерек мәліметтерімен салыстырмалы түрде талдап қарастырдық. Сонмен қатар, Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» [1], Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» [2], Әбілғазының «Түрік шежіресі» [3] еңбектері мақаланы жазу барысында негізгі дерек көздері ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, мақаланың деректік негізін ортағасырлық басқа да авторлардың жазба деректері мен орыс жылнамаларындағы кейбір мәліметтер құрады. Ортағасырлық араб, парсы тіліндегі деректерді В.Тизенгаузеннің аудармасы [4-5], соңғы жылдары Қазақстан тарихының деректеріне қатысты «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы шыққан сериялық еңбектер [6-7] негізге алынды.

**Талқылау.** М.Тынышпаев Алшындарды Қаракесек тайпалар бірлестігі мен Байұлы тайпалар бірлестігінің ортақ атауы ретінде қолдана отырып, XIII-XIV ғғ. Алшын тайпалық одағына кіретін Байұлы рулар бірлестігі оңтүстік және оңтүстік-шығыс орыс далаларын мекендесе, олардан оңтүстік-шығысқа қарай Қаракесек рулар бірлестігі мен Жетірулықтар орналасқанын жазады [8, 25 б.]. Моңғолдар Қаракесектер орналасқан аумақта 1220 жылдан кейін пайда болды. 1220 жылы Жошы Арал маңында тоқтайды. Ал келесі жылы хорезмшахтардың бас қаласы Үргенішті алғаннан кейін, Арал теңізінен солтүстік-шығысқа қарайғы қазақ даласын бағындыруға аттанады. Бұл туралы Джузджани Жошы мен Шағатайдың хорезмдік істерін (яғни, оны жаулап алу – авт.) бітіргеннен кейін өз назарларын қыпшақ даласы мен Түркістанға аударғаны туралы жазады. Ибн ал-Асир: «Моңғолдар түріктердің ең көп санды тайпаларының бірі қыпшақтар жеріне бет алды және оларға қарсылық көрсеткендердің барлығының көзін жойды, ал қалғандары өз жерлерін тастап батпақтарға, таудың басына қарай қашты» деп жазады [4, с.3]. Жошы қыпшақ даласының ауасы мен ауасын көргенде әлемде бұл жердің суынан, ауасынан артық, шалғыны мен жайылымынан шөбі шүйгін жер жоқ деп тапқан [5, с.14]. Батудың қол астында Түркістан, Хорезмнен бұлғар, бұртастар, сақлабтардан Румнің шегіне дейінгі барлық тайпалар бағынған. Ол бұл аймақта барлық тайпаларды, қыпшақтарды, қаңлыларды, йемектерді, елбөрілерді, рустарды, шеркештер мен астарды Тұңғыш теңізіне дейін бағындырды [5, с.15]. Ортағасырлық дерек мәліметтеріне қарағанда 1220 жылы Солтүстік Ираннан шыққан моңғолдың 30 мың қолын басқарған Жебе мен Сүбедей нойан Кавказға басып кіреді. Олар аландарды, одан кейін қыпшақтарды талқандап, орыс жерінің оңтүстік аймағына, яғни Байұлы, Қаракесек тайпалары орналасқан жерлерге ойран салады. 1224 жылы Қалқа түбінде орыстар мен қыпшақтардың біріккен қолын талқандап, Шығыс Дешті Қыпшақ арқылы 1224 жылы Ертістегі Шыңғыс ордасына оралады [9, с. 228-229].

3.Қинаятұлы Хорезм мен Кіші батыс жорығында қолға түскен ел-жер, олжаны бөлісу мәселесі 1224 жылы күзде Ертіс бойындағы Бұқа шошынғанда болған ұлы жиында шешілгенін алға тарта отырып, Жошы иелігіне «Ертістен батысқа қарай Қап тауы Саксин, Бұлғарға дейінгі ұшы қиырсыз аймақтың» өткені туралы жазды [10, 126 б.]. Сондықтан дәл осы кезеңде Алшындар моңғолдардың қол астына қараған деп тұжырымдай аламыз.

Ал, моңғолдардың алшындар мекендеген аумақты толық бағындыруы 1235-1242 жылдардағы жорық нәтижесінде жүзеге асырылды. Үгедей ханның шақыртуымен ұйымдастырылған құрылтайда басқа да бағынбаған халықтарды тізе бүктіру туралы шешім қабылданды. Осы кезде Батудың дәл іргесінде отырған әрі өздерінің көптігін мақтан тұтқан бұлғарларды, астар мен Рустерді бағындыру жайлы шешім қабылданады [5, с. 22]. Бұл жорық кейде «тұңғыш ұлдар жорығы» деп те аталады. Себебі, әскерді Шыңғыс ханның кенже ұлы Төленің үлкен ұлдары Мөңке, Бүшек, Үгедейдің ұлдары Күйік, Қадаған басқа ханзадалардан Құлқан, Бөрі, Байдар, Батудың інілері Орда, Танғұт және атақты қолбасшыларынан Сүбедей баһадүр басқарған. Моңғолдар шапқыншылығы қырып-жоюмен, тонаумен, қырғынмен қатар жүргені белгілі. Қырғыннан аман қалған халықтың бір бөлігін моңғолдар құлдыққа сатып жіберген. Мәселен, Мысыр билеушілері мәмлүктердің кейбіреулерінің арғы ата-бабалары XIII ғасырда Дешті Қыпшақ жерінен сатылған қыпшақтар болған [11, с. 235].

Мысыр мен Сириядағы билікті алғаш қолына алған мәмлүктер Бахрин сұлтандары деп аталды. Белгілі зерттеуші К.Э. Босфорт осы бахриндер негізгі этникалық тегі жағынан оңтүстік орыс даласындағы қыпшақтардан шыққанын алға тартып, нақтылай түседі [12, с. 101]. Сондықтан жоғарыда келтірілген ғылыми ізденістердің қорытындыларын саралай келе, біз өз тарапымыздан моңғол шапқыншылығы қарсаңында

оңтүстік орыс далаларымен одан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Алшындар көбінесе оңтүстік орыс далаларындағы қыпшақтар деген атаумен аталып жүргенін көреміз. Сондықтан, әрине, Мысыр билеушілерінің кейбіреулері ежелден ержүрек, жауынгер алшындардың кейбір ру-тайпасынан шығуы әбден мүмкін. Ортағасырлық араб деректеріндегі «бұл елдің түркілері өздерінің адал ниеттілігі, ержүректігі және өтіріктен алшақтығы жағынан түркі руларының ең тамашалары» [4, с.232] деп сипаттаған. Зерттеуші Н.Аристов XIII ғасырда моңғолдар жаулап алуы нәтижесінде Шығыс Еуропа Жошы ұлысына қараған тұста Венгрияға кетіп қалған командардың қалған бөлігі Жошы мұрагерлерінің бағынышты көшпелі тайпалардың негізгі бөлігін құраған қыпшақ, алшын руларына сіңісіп кеткенін көрсетед [13, с. 128].

Дегенмен жергілікті ру-тайпалар, солардың ішінде әрине, алшындар да бар, моңғолдарға аяусыз қарсылық көрсетті. Мәселен, деректерде Сүбедей ханның көзі тірісінде жаулап алу міндеті жүктелген халықтарға қарсы күресінде күшті қарсылыққа кездескендіктен, оған Үгедей хан көмек ретінде Батый, Бөрі, Мөнке және т.б. ханзадалар бастаған әскерді аттандырғаны жайлы мәліметтер нақты сақталып қалған [14, с. 191-192]. Келесі бір ортағасырлық автор Рашид ад-динде хижраның 639 жылына сәйкес келетін барыс жылы (1241-1242 жж.) қыпшақтардың Жошының ұлына қарсы соғысқаны туралы мәліметтер келтіреді [15, с. 46]. Дерек беттеріндегі бұл мәліметтер қазақ халқының арғы ата-бабаларының ерлікке толы күрес жолынан хабар беретіні анық. Дегенмен моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі мұндай бас көтерулер аяусыз басып-жаншылды.

Моңғолдардың бұдан әрі қарайғы жаулап алу жорықтарын негізінен Дешті Қыпшақтың жауынгер, түркі текті ру-тайпаларынан құралған әскер жүргізді. Моңғолдар тек үстем, билеуші тайпа ретінде басшылық, билік функцияларын иеленгендерімен, көп ұзамай Дешті Қыпшақтың жергілікті халқының арасында теңізге тамған тамшыдай сіңісіп кетеді. Әрине, моңғолдардың қыпшақтану процесі өз алдына жеке қарастыруды қажет ететін үлкен мәселелердің бірі болып табылады. Моңғолдардың қыпшақтануының басты ерекшеліктері ретінде сол замандардың куәгері, араб тарихшысы әл-Омари моңғолдардың бірте-бірте қыпшақтармен некелік, діни және табиғи жолмен араласып кетуін атап өткен еді [4, с.213-214]. Моңғолдардың қыпшақтар арасына сіңіп кеткенін XIV ғасырда-ақ Алтын Орданың әдеби тілі – қыпшақ, оғыз элементтері сақталған түркі тілі болғанын да байқауға болады. Ал қазіргі түркі тілдес халықтардың бірі қазақтардың тілі екенін ескерсек, онда моңғол шапқыншылығы қарсаңында жалпы қыпшақ, кейінірек ноғай этносаяси қауымдастығын құраған жергілікті және Алтайдан қоныс аударған ру-тайпалар негізінде қалыптасқан Алшындардың диалектісінде көне Орхон, Селенгі-Талас түркілерінің, қыпшақтардың элементтері сақталып қалған [16, с.98].

**Нәтижелер.** Шығыс Дешті Қыпшақтың негізгі халқын құраған ру-тайпалар тарихи деректерде көбінесе «92 баулы өзбек тайпалары» деген атаумен белгілі. Ал, «92 баулы» өзбек тайпаларының тізімі жайлы алғашқы мәліметті XVI ғасырдағы автор Сайф ад-Дин Ахсикентидің «Маджму ат-тауарих» атты шығармасынан кездестіреміз.

Бұл тізімде алшындар алғашқы ондықтың ішінде мың, жүз, қырк, жалайыр, сарай, қоңырат тайпаларынан кейін 7-ші орында тұрса, «Тухфат ат-таварих-и хани» нұсқасы бойынша мың, қырғыз, жүз, қырк, онг, онгаджит, жалайыр, қоңыраттан кейін 9-шы орында тұр [17, с.40-41]. Барлық тізімде алшындар Шығыс Дешті Қыпшақтағы арғын, найман, қыпшақ сияқты ірі ықпалды тайпалардан жоғары тұр.

Жалпы, Алтын Орданың этникалық құрамын толық анықтау дерек мәліметтерінің тапшылығына байланысты көптеген қиыншылықтарға ұшырап отыр. Дегенмен қолда бар мәліметтер негізінде Алтын Орда мен Ақ Орданың этникалық құрамы, ондағы ірі тайпалық бірлестіктері туралы бірқатар қорытындылар жасауға болады.

Жалпы, Алтын Орда мемлекеті Жошы ұлысы негізінде құрылғаны белгілі. Жошы қайтыс болғаннан кейін әке тағын иелену жөнінде оның балалары арасында дау туса керек. Ортағасырлық тарихшы Өтеміс қажының мәліметтеріне қарағанда ата-баба жолы бойынша әке тағы өзіне тиесілі екендігіне қарамастан, Жошының үлкен ұлы Орда Ежен биліктен бас тартады. Ол әке тағын иеленуді иісі Батуға ұсынады. Бұдан әрі автор бір шешімге келе алмаған Жошы ұлдарының төрелігін беруді сұрап, аталары Шыңғыс ханға жүгінгендерін алға тартады. Мәселенің мәнін білгеннен кейін өз шешімін әлі айтпаған Шыңғыс хан Жошының екінші ұлы Батыйға алтын босағалы Ақ Орда, үлкен ұлы Еженге күміс босағалы Көк Орда, бесінші ұлы Шибанға болат босағалы Боз Орда тіктіруге бұйрық берген көрінеді. Шыңғыс ханның бұл әрекетінен таңдаудың Батуға түскені айқын болады [2].

Ал, Орда Ежен іс жүзінде мемлекеттің сол қанатының тәуелсіз билеушісі болды. Бұл туралы парсы тарихшысы Рашид ад-Дин: «Әуел бастан-ақ оның орнындағы Орда әулетінің қайсы біреуінің Батый әулетіндегі хандарға барған кезі болған емес, өйткені олар бір-бірінен шалғай орналасқан, сонымен қатар өз ұлысының тәуелсіз патшалары болып табылады. Бірақ оларды Батыйдың орынбасары кім болса, соны

өзінің патшасы әрі әміршісі санау әдеті болған және олардың есімдерін бұлар өз жарлықтарының жоғарғы жағына жазып отырады» [15, с.66]. Орда Ежен ұлысына Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлер, Ертіс бойындағы кең-байтақ аймақ, Ұлытау мен Қаратауға дейінгі жерлер кірген. Ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейе берген [18, 134 б.]. Ал, тарихта бізге Ақ Орда деген атаумен белгілі мемлекет Орда Еженнің, оның інілері Шибан, Шингқур, Тұқа-Темір, Сингқумұлыстары негізінде қалыптасып, бірте-бірте Алтын Орданан дербес мемлекетке айналған [9, с.66; 5, с.41].

Ақ Орда мен Бату иелігі саналған Алтын Орданың арасында Шибан ұлысы орналасқан. Ортағасырлық автор Махмұд ибн Уәлидің мәліметтеріне қарағанда «...Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның баласы Шайбан жеті жылдық жорықта астар, орыстар, черкестер және бұлғарлар елдерін жаулап алған кезде ыждаһат көрсетіп, ағасы Бату ханнан сыйлық ретінде төрт омақ алғанын хабарлайды» [19, с.347].

Өзінен бұрынғы авторлардың мәліметтері негізінде келесі тарихшы Әбілғазы Шибан ұлысының құрылуы туралы айт келе, «Алшын» атауын пайдаланады [3, 120 б.]. Әбілғазы еңбегінің қазақша тәржімаланған бұл нұсқасында «Алшын» атауы Орда Еженнің (Елшіннің) жанама аты ретінде аталып тұрған сияқты. Дегенмен Әбілғазы шежіресінің бұған дейін аударылған басқа нұсқаларының барлығында, тіпті бұл еңбекті алғаш орысша 1854 жылы аударған Т.Саблуков нұсқасында «... моего брата, Ичена...» деп нақты жазылған [20, с. 104]. Дегенмен зерттеуші С.Аманжолов «Алшын» атауының пайда болуы мен оның мәні туралы ізденіс жүргізе отырып, «по словам Абулгасы Бахадурхана слово «алшын» является прозвищем старшего сына Жошы-хана Орды» деп жазады [16, с.38]. Ал аталған автор сілтеме беріп отырған, 1891 жылы (аталған еңбектің 38-ші бетінде берілген сілтемеде 1871 жылы деп қате кеткен) Қазанда жарық көрген нұсқасында «Елшін» сөзі «Алшын» деп қате аударылғанына зерттеуші назар аудармаған.

Қалай дегенменде шамамен XIII-XV ғасырдың алғашқы ширегінде жалпы алшын деген атпен белгілі Қаракесек тайпалар бірлестігіне кірген ру-тайпалар Алтын Орда негізгі халқын құрады. М.Тынышпаев Алшындар XIV ғасырда Ноғай ұлысының негізгі ядросын құрағаны атап өтеді [8, с.23-26]. XIV ғасырдан бастап-ақ Поволжье даласы, Волгадан батысқа таманғы жерлер, Қырым, Солтүстік Кавказ және Хорезмнің солтүстік бөлігі немесе оң қанат Алтын Орданың негізгі аумағы болып табылса, ал қазіргі Қазақстан аумағының Жайық өзенінен шығысқа қарайғы және Арал теңізі мен Сырдариядан солтүстікке қарайғы ұлан-байтақ аумақ (Жетісуды қоспағанда) немесе сол қанат Ақ Орда мемлекетінің аумағын құрады [18, 156 б.]. Алтын орданың әкімшілік-саяси құрылымының басты принципі ұлыстық басқару жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескерсек Алшындар Алтын Орданың тек бір ұлысының ғана аумағында шоғырланбағандығын көреміз. Мәселен, Алтын Орданың сол қанаты болып табылатын Ақ Орданың негізгі халқын арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, жалайыр, алшын, керейіт және т.б. қазақ халқының негізгі ұйтқысына айналған ру-тайпалар құраған. Дегенмен біз мақаланың кіріспе бөлімінде атап өткені-міздей, XIII-XV ғасырлардағы алшын атауын біз тек қазіргі шежіре айту дәстүрі бойынша «Қаракесек» атанып жүрген Қаракесек тайпалар бірлестігін құраған 6 ру-тайпаға қатысты қолданып отырмыз. Мұның себебі осы кезеңде деректерде Жетіруды құраған Тама, Табын, Кердері, Телеу, Керейіт, Рамадан, Жағалбайлы жеке-жеке өз атауларымен нақты кездесетін болса, байұлы және оны құрайтын кейбір ру-тайпалар да жеке өз атауларымен, кейде тіпті қыпшақ-байұлы деген атаулармен арагідік кездесіп қалады. Ал біз қарастырып отырған кезеңдегі алшын атанып жүрген қаракесек тайпалар бірлестігіне кіретін шөмекей, кетелердің де қалыптасу тарихы өзіндік ерекшелікке ие екендігін ескеруіміз қажет. Сондықтан біз алшындарды негізінен Ақ Орданың негізгі халқын құраған ру-тайпалардың қатарына жатқызғанымызбен, олардың Ақ Орда аумағынан тыс, батысқа қарайғы аумақтарда да орналасқанын байқаймыз. Бұл жағдайдың себебін жоғаыда аап өткеніміздей моңғол шапқыншылығынан кейін орын алған өзгерістерден іздестіру қажет.

Моңғол шапқыншылығынан кейін құрылған жаңа ұлыстық жүйе бұрыннан қалыптасқан рулық-тайпалық бөліністерге қарама-қайшы келгені белгілі. Моңғолдарға бағыныштылыққа түскен ру-тайпалар өзара бөлініп-бөлініп кетті, олардың бұрынғы көші-қон аймақтары, бағыттары өзгерді, әрі олар бір-бірімен және өзара туыс өзге ру-тайпалармен байланыстарын үзіп алды. Әрине, бұл өзгерістер болашақ-тағы жаңа ру-тайпалық құрылымның негізін де қалап берді. Дегенмен біз қарастырып отырған кезеңде орын алған мұндай өзгерістер этникалық процестердің жаңа кезеңі ретінде ерекшеленуіне әкеліп соқты. Мәселен, моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде ру-тайпалық бөлініс пен саяси, әскери, әкімшілік бөлініс (ұлыстарға бөлу) бір-бірімен сәйкес келсе, моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде бір тайпа оң қанат пен сол қанат арасында бөлініп кете барды. Ал біз қарастырып отырған алшындар негізінен, Жошы ұлысына қарап, Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқын құраған ру-тайпалардың біріне айналды. Себебі алшындар орналасқан аумақтың Жошы ұлысына бірте-бірте қосылғанынан да болса керек. Негізінен ортағасырлық деректерде кездесетін обақ сөзінің негізгі мағынасы белгілі бір аймақ немесе сол аймақта шоғырланған ру-тайпа дегенді білдіреді [19, с. 494]. Бұл деректерде кейде сол обақтағы ру-тайпаның аты аталса, кейде аталмайды. Обақтағы ру-тайпа атымен аталуының себебі – ол тайпаның дәл осы кездегі

қоғамдық өмірдегі бет-беделіне байланысты болған. Жалпы Алтын Орда мемлекетіндегі обаяқтарды құраған ру-тайпа атаулары деректерде XIV ғасырдың аяғы – XV ғасыр басынан бастап қана біртіндеп нақты айтыла бастайды. Мұның себебі алғашқы кезеңдегі моңғолдық билік пен олар құрған мемлекеттердің қуатына байланысты болды. Алайда уақыт өте келе жергілікті ру-тайпалар мен салт-дәстүрлер қайтадан бел алып, моңғолдық факторды жұта бастайды. Саяси аренда Алтын Орданың негізгі халқын құраған түркі-моңғол тайпаларынан шыққан ақсүйектер – шынғыстық немес жошылық емес саяси элита өкілдері билікке ұмтыла бастайды. XIV-XV ғасырларда олардың Алтын Орданың қоғамдық-саяси өміріндегі рөлі арта түседі. Олар өздерін қолдаған ру-тайпаларға арқа сүйеу арқылы саяси өмірде ықпалды бола түсті. Мәселен, деректерге сүйенсек осы кезеңдегі Алтын Орда тарихындағы ең атақты тұлғалардың бірі Едіге негізінен маңғыттарға, қоңыраттарға, алшындарға арқа сүйеген. Мәселен, Алшын-дардың Едігені қолдаған тайпалардың бірі болғандығын ауыз әдебиеті үлгілері мен шежірелік деректер жанама түрде болса да дәлелдей түседі.

Ортағасырлық деректерге сүйенсек, шырын, барын, арғын, қыпшақтар Тоқтамыс хан негізгі елі болған [3, 115 б.]. Ал, Едігені қолдаған Алшындар туралы жанама мәліметтерді «Едіге» жырынан аңғаруға болады. Жырдың Ш.Уалиханов жазып алған нұсқасында Алшын атасы Көкжалды мерген туралы оқиға баяндалады [21, 10 б.]. Ал, «Едіге» жырының Ә.Диваев жазып алған нұсқасында Едігеге көмек берген Алшын Аңғысын туралы мәлімет Тоқтамыс ханның қастығына өкпелеп кетіп қалған Едігені шақырып келу үшін артынан адам жіберген кезеңде аталады. Едігені хан сарайына алдырту үшін досы алшын Аңғысынды жұмсамақ болғанда, ол ауру екенін айтып бас тартады. Сондықтан Едігені райынан қайтару үшін Кеңесұлы Кенжімбай аттанады. Оған да көнбеген тұста Едіге Кенжімбайдың «Достым, енді маған қайтпадыңыз, Алшындан шыққан Аңғысын досың жаман ауырып жатыр, тым болмаса, соған барып көңілін сұрап қайтпайсың ба» деген сөзіне ғана қайырылады [21, 52-54 бб.]. Өтеміс қажының «Шынғыснамасында» Өзбек ханның билікке келуін баяндайтын оқиғалар барысында Сангусун атты әмір туралы мәлімет бар. Ол Өзбек ханды таққа отырғызу үшін алып келе жатқан қият Исатай әмір мен Алатай батырдың алдынан шығып, сарайдағы тақты басып алу әрекеті туралы хабар береді. «Шынғыснаме» шығармасын зерттеу, аудару, оның мәліметтерін ғылыми айналымға енгізуде есімі ең алдымен ауызға алынатын белгілі зерттеуші В.П. Юдин деректегі Сангусунды Әбілғазының «Түрік шежіресінде» айтылатын Жәнібек хан тұсындағы ұйғыр Санкы-Синмен бір адам деп қарастырады [2, с. 70-71]. Біз аталған мәліметтерді талдай келе, Сангусун-Саклы-Син-Аңғысын бір адам деген болжамға келеміз. Осылайша Аңғысын әмірдің шыққан тегі Алшын және алшындар Едігені қолдаған ру-тайпалардың бірі болған деген тұжырым жасаймыз. Зерттеуші И.В. Зайцев «Алшындардың өкілдерінен беклер бектер сайланған көне орданың (яғни, Алтын Орданың – авт.) негізгі халқын құраған тайпа» деп жазды [22, с.59]. Сонымен қатар, алшындардың Едіге тұсынан бастап үлкен құрмет пен беделге ие болған, жетекші тайпалардың біріне айналғанын өзге де дерек мәліметтерінен анық байқаймыз.

И.Зайцев Үлкен Ноғай Ордасындағы Едігенің немересі Темірдің 1481 жылы поляк королі Казимир IV-ге жазған хатындағы мына мәліметті келтіреді: «... а с прирощенья царов слуга есть, от предков царей Альчинова место есть, великий человек есть» [22, с.159] деп атап жазады. Деректердегі бұл мәліметтер Алшындардың Алтын Орда құрамындағы ең ірі әрі беделді тайпалық бірлестік болғандығы туралы пікірлерімізді бекіте түссе, екіншіден, алшындан шыққан көптеген тарихи тұлғалардың өз заманында, яғни Алтын Орда мемлекеті мен оның ыдырауы нәтижесінде орнында пайда болған мемлекеттердің саяси өмірінде белсенді рөл атқарғанын көрсетеді. Бұған XV ғасырда өмір сүрген Алшын Алау батыр туралы мәліметтер дәлел бола алады. «Қырымның қырық батыры» туралы циклдік дастанның бір бөлігі Алау батырға арналғаны белгілі. Ал, жазба деректерде 1486 жылғы Мәскеу князі Иван III-нің Қырымға жіберген елшілерін тонап, шабуыл жасаған Қырым ханы Меңлігерейдің адамдары ретінде Алау батырдың есімі аталса, 1493 жылғы оқиғалар барысын баяндайтын құжатта Алшын Алау батырдың ұлы Баташ аталады [7, с. 35; 42]. Соңғы жылдары Жошы ұлысының немесе Алтын Орда тарихына қатысты бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалған маңызды деректердің бірі ретінде аталып, мәліметтері ғылыми айналымаға енді енді толық еніп келе жатқан XVII ғасырдағы «Дафтар-и Чингис-наме» атты деректе Жәнібек ханның бектері туралы қызғылықты мәліметтер бар. Мәселен бұл деректе Маңғытай, үйсін Иса Ахметтің ұлы Буралдай (Бурулдай), алшын Алау, ақ маңғыт Темір би, Құтлы-Бұға, сиджуит Али би, қият Астайдың ұлы Қыр-Құтлы, Алаша бидің ұлы Мамай қыпшақ, шырын Ұрық-Темір, арғын Қарақожа, барын Сарай би, бүрікт Алатай би, м(а)ман (найман?) Аз.мат би, тама Уз.к-Чу, жалайыр Б.т.р. би, қыпшақ Мингалдың ұлы Темір би, қоңырат – қырық сүңгілі Болат бахадүрдің ұлы Бек билердің есімдері аталады [23, с.123]. Аталған тұлғалардың бірқатары көптеген зерттеулерде қарастырылып, тарихи бейнелері анықталған. Көріп отырғанымыздай бұл жерде де алшын Алау батырдың аты аталып тұр. Бұл мәліметтерден біз алшындардың Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі Ноғай Ордасы, Қырым, Астрахань (Қажы-Тархан)

хандығы сияқты мемлекеттердің де негізгі хадқын құраған ру-тайпалардың қатарында болғанын, олардың қоғамдық-саяси өмірінде елеулі рөл атқарғанын көре аламыз.

**Қорытынды.** Алтын Орда дәуіріндегі алшындар тарихы туралы ізденістерімізді қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасаймыз. XIII-XV ғасырлардағы алшындар дегеніміз – негізінен қаракесек тайпалық бірлестігінің атауы. Ал, олар алшын деген атаумен Алтын Орда мемлекетінің сол қанатын құраған ірі, ықпалды тайпалық клан болған. Алшындардың Алтын Орданың саяси өміріндегі белсенділігі XIV ғасырдан бастап бел ала бастаған. Олар маңғыт әмірі Едігені қолдап, оның саяси билігінің нығаюына ықпал жасаған тайпалардың бірі болған. Сондықтан Едіге тұсынан бастап алшындардың бір бөлігі батысқа қарай жылжи түскен, Олар Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұста оның орнында пайда болған мемлекет-тердің бірі Астрахань хандығында белсенді саяси рөл атқарған, негізгі жетекші тайпалардың бірі болады. Бірақ алшындардың негізгі шоғырланған аумағы Орда Ежен ұлысы немесе Ақ Орда мемлекеті болып қала берді. Дегенмен, олар Ноғай Ордасы, Астрахань хандығынан басқа Қырым, Қазанжәне т.б. мемлекеттердің халқы құрамында да болды, олардың тарихында елеулі рөл атқарды.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қадырғали Жалайыр шежірелер жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997. – 128 б.
- 2 Өтеміс қажы. Шыңғыснаме // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т.1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 150 б.
- 3 Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1991. — 208 б.
- 4 Тизенгаузен, В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, извлечения из арабских источников. Т.1. – СПб., 1884. – 564 с.
- 5 Тизенгаузен, В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Т.2. – М.-Л., 1941. – 605 с.
- 6 История Казахстана в арабских источниках Т.3: Извлечение из сочинений XII-XVI веков / Составление, перевод из арабского языка, введение и комментарии А.К. Муминова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 713 с.
- 7 История Казахстана в русских источниках. Т.1: Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 721 с.
- 8 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925.
- 9 Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского О.И. Смирновой, ред. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т.1. Кн. 2. – 316 с.
- 10 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана, 2004. – 344 б.
- 11 Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М., 1966. – 276 с.
- 12 Босфорт К.Э. Мусульманские династии. – М., 1971. – 324 с.
- 13 Н.А. Аристов Заметки об этническом составе тюркских племён и народностей и сведения об их численности // Живая старина. 1896. Год шестой, вып. III-IV. – С. 277-456.
- 14 Козин С. Сокровенное сказание. – М.-Л., 1941. – 619 с.
- 15 Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т.2. – 248 с.
- 16 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч.2. – Алма-Ата, 1959. – 455 с.
- 17 Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982. – 160 с.
- 18 Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т.2. – Алматы: Атамұра, 2010. – 638 б.
- 19 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений // Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
- 20 Абулгази Багадур-хан. Родословное древо тюрков. – Москва-Ташкент-Бишкек, 1996. – 544 с.
- 21 Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.39. – Алматы: Фолиант, 2006. – 448 б.
- 22 Зайцев И.В. Астраханское ханство. – М., 2004. – 303 с.
- 23 Мустакимов И.А. Об одном списке «Дафтар-и Чингис-наме» // Средневековые тюрко-татарские государства. Вып. 1. – Казань, 2009. – С. 122-131.

*References:*

- 1 *Collection of Kadyrgali Jalayir genealogies / Translated from Chagatai-Kazakh language and written by N.Mingulov, B. Komekov, S. Oteniazov.* – Almaty, 1997. – 128 p.
- 2 *Compensation pilgrim. Chinggisname // Turkish data on the history of Kazakhstan. T.1.* – Almaty: Dyke-Press, 2005. – 150 p.
- 3 *Abilgazy. Turkish Chronicle.* – Almaty: Mother tongue, 1991. – 208 p.
- 4 *Tizenhausen, V. Collection of materials related to the history of the Golden Horde, extracts from Arabic sources. T.1.* – St. Petersburg, 1884. – 564 p.
- 5 *Tizenhausen, V. Collection of materials relating to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian writings. T.2.* – M.-L., 1941. – 605 p.
- 6 *History of Kazakhstan in Arabic sources T.3: Extract from the work of the XII-XVI centuries / Compilation, translation from Arabic, introduction and commentary by A.K. Muminova.* – Almaty: Dike-Press, 2006. – 713 p.
- 7 *History of Kazakhstan in Russian sources. T.1: Embassy materials of the Russian state (XV-XVII centuries).* – Almaty: Dike-Press, 2005. – 721 p.
- 8 *Tynyshpaev M. Materials for the history of the Kyrgyz-Kazakh people.* – Tashkent, 1925.
- 9 *Rashid ad-din. Collection of chronicles / Per. from Persian O.I. Smirnova, ed. A.A. Semenov.* – M.-L., 1952. – T.I. Book. 2. – 316 p.
- 10 *Kinayatuly Z. Kazakh state and Joshi Khan.* – Astana, 2004. – 344 p.
- 11 *Fedorov-Davydov G.A. Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde khans.* – M., 1966. – 276 p.
- 12 *Bosforth K.E. Muslim dynasties.* – M., 1971. – 324 p.
- 13 *N.A. Aristov Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nationalities and information about their numbers // Zhivaya Starina. 1896. Sixth year, no. III-IV.* – S. 277-456.
- 14 *Kozin S. Secret legend.* – M.-L., 1941. – 619 p.
- 15 *Rashid ad-din. Collection of chronicles / Per. from Persian Yu.P. Verkhovsky, note. I.P. Petrushevsky.* – M.-L., 1960. – V.2. – 248 s.
- 16 *Amanzholov S. Questions of dialectology and history of the Kazakh language. Part 2.* – Alma-Ata, 1959. – 455 p.
- 17 *Sultanov T.I. Nomadic tribes of the Aral Sea region in the 15th-17th centuries. (Questions of ethnic and social history).* – M., 1982. – 160 p.
- 18 *History of Kazakhstan: from ancient times to the present.* – T.II. – Almaty: Atamura, 2010. – 638 p.
- 19 *Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries. Extracts from Persian and Turkic writings // Comp.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, V.P. Yudin.* – Alma-Ata: Science, 1969. – 651 p.
- 20 *Abulgazi Bahadur Khan. Pedigree tree of the Turks.* – Moscow-Tashkent-Bishkek, 1996. – 544 p.
- 21 *Words of ancestors. One hundred volumes. Vol. 39.* – Almaty: Foliant, 2006. – 448 p.
- 22 *Zaitsev I.V. Astrakhan Khanate.* – M., 2004. – 303 p.
- 23 *Mustakimov I.A. About one list of "Daftar-i Chinggis-name" // Medieval Turkic-Tatar states. Issue. 1.* – Kazan, 2009. – S. 122-131.

ӘОЖ 94(574):930.25

ҒТАХР 03.20.03

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.020>

*А.Ысқақ<sup>1</sup>\*, Ғ. Жұматай<sup>2</sup>*  
<https://orcid.org/0000-0003-3998-584X>

<sup>1</sup>т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
E-mail: sakmaral7@gmail.com

<sup>2</sup>т.ғ.к., ассистент профессор, Нархоз Университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
E-mail: gabit.zhumatay@narhoz.kz

## ҚАЗАҚСТАН АРХИВИСТЕРІНІҢ КЕЛБЕТІ: ӨТКЕН МЕН КЕЛЕШЕККЕ КӨЗҚАРАС

### Аңдатпа

Мақалада ғылыми еңбектер мен Қазақстан архивистері арасында жүргізілген сауалнама және интервью негізінде цифрлық трансформациялану жағдайында архивистердің келбеті қандай болуы тиіс екені қарастырылады. Ақпарат ғасырында ақпараттық технологиялардың адам өміріне ықпалы артқан сайын жаңа форматтағы ретроспективті ақпаратты тұтынуға да сұраныс артты. Архивтерде инновациялар жазба мұраларды цифрландыру жолымен деректер базаларын құруға мүмкіндік беріп, архивтердің жаңа буыны – цифрлық архивтер пайда болды, жаңа проблемалық ізденістер қолға алынды. Осыған қарамастан елімізде цифрлық трансформациялану жағдайында архивтер мен архивистердің ахуалы жөнінде зерттеулер жеткіліксіз. Ақпараттық технологиялардың архивистердің жұмысына қалай ықпал етіп отырғаны әлі соңына дейін толық анық емес. Осыған орай аталмыш зерттеу осы бір орын алған алшақтықтың орнын толтыруға және отандық архивтанудың дамуына қомақты үлес қосуға арналған. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологиялардың архивистердің жұмысына оң ықпалын растайды, әйтсе де, бұл мәселеге сыни көзбен қараған жөн. Бүгінде компьютерлік технологиялардың еңбек тиімділігі мен уақыт үнемділігіне қол жеткізуден басқа қандай өзгерістер әкелгенін анықтау үшін лонгитюдті зерттеулер жүргізілгені жөн. Мұндай өзгерістер архивистерге өз кәсіби міндеттерін орындауға үлкен мүмкіндіктер тудыруы қажет.

**Түйін сөздер:** архивист, цифрлық трансформация, компьютерлік технологиялар.

Ыскак А.<sup>1\*</sup>, Жуматай Г.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.и.н., ассоц.профессор, Университет Нархоз, Казахстан, Алматы  
E-mail: sakmaral7@gmail.com

<sup>2</sup>к.и.н., ассистент профессор, Университет Нархоз, Казахстан, Алматы  
E-mail: gabit.zhumatay@narhoz.kz

## ОБЛИК АРХИВИСТОВ КАЗАХСТАНА: ВЗГЛЯД В ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

### Аннотация

В статье на основе научной литературы, опросов и интервью, проведенных среди архивистов Казахстана, рассмотрено каким должен быть архивист в условиях цифровой трансформации. По мере усиления влияния информационных технологий на жизнь человека в век информации возрос и спрос на потребление ретроспективной информации в новом формате. Инновации в архивах позволили создать базы данных за счет оцифровки письменного наследия, появилось новое поколение архивов - цифровые архивы, были предприняты поиски новых проблем. Несмотря на это, исследования по состоянию архивов и архивистов в условиях цифровой трансформации в стране недостаточно. Пока до конца неясно как компьютерные технологии влияют на работу архивистов. Ввиду этого данное исследование призвано восполнить этот пробел и внести существенный вклад в развитие отечественного архивоведения. Результаты исследования подтверждают положительное влияние компьютерных технологий на работу архивистов, однако, к этому вопросу следует отнестись критически. Для определения какие изменения внесли компьютерные технологии помимо достижения производительности труда и экономии времени необходимо проводить лонгитюдные исследования. Такие изменения должны создать широкие возможности для выполнения архивистами своих профессиональных обязанностей.

**Ключевые слова:** архивист, цифровая трансформация, компьютерные технологии.

А.Ыскак<sup>1\*</sup>, Г.Жуматай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Doctor of Historical Sciences, associate professor, Narxoz University, Kazakhstan, Almaty  
E-mail: sakmaral7@gmail.com*

<sup>2</sup>*Candidate of Historical Sciences, assistant professor, Narxoz University, Kazakhstan, Almaty  
E-mail: gabit.zhumatay@narxoz.kz*

## THE APPEARANCE OF ARCHIVISTS IN KAZAKHSTAN: A LOOK INTO THE PAST AND PRESENT

### *Abstract*

Drawing on scientific literature, survey and interview data collected from archivists of Kazakhstan, the paper considers what archivists should look like in the age of digital transformation. As the influence of information technology on human life in the information age increases, the demand for consuming retrospective information in a new format has also increased. Innovations in archives have made it possible to create databases through the digitization of written heritage, a new generation of archives has emerged - digital archives, and searches for new problems have been undertaken. Despite this, research on the state of archives and archivists in the context of digital transformation in the country is insufficient. It is still unclear how computer technology affects the work of archivists. In this regard, this study is designed to bridge this gap and make a significant contribution to the development of domestic archiving. The results of the study confirm the positive impact of computer technology on the work of archivists, yet this issue should be considered critically. Today, long-term (longitudinal) research should be conducted to determine what changes computer technology has brought, in addition to achieving labor efficiency and time savings. Such changes should create great opportunities for archivists to perform their professional duties.

**Keywords:** archivist, digital transformation, computer technology.

**Кіріспе.** Қоғамның цифрлық трансформациялануы бүгінде қалыпты заңдылыққа айналды. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы архивтерге де, архивистерге де ықпал етпей қоймады және архив ісінің теориясы мен тәжірибесіне күрделі міндеттерді шешуді қойып отыр. Кез келген маман өз әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыру және кәсіби жетістіктерге қол жеткізу үшін ақпараттық мәдениетті меңгеруі тиіс болса, бүгінде цифрлық дағдыларды меңгеру алдыңғы қатарға шықты. Әлемдегі цифрлық трансформацияның ықпалымен құрылған «электронды үкімет» пен архивтердің жаңа буыны «цифрлық архивтер» электрондық құжаттардың жылдам таралуына, ол өз кезегінде архивтердің дәстүрлі жұмысын кешенді түрде автоматтандыруға алып келді. Қоғамның өзге салалары тәрізді архивтерге компьютердің ықпалы да жылдан жылға артып келеді.

**Өзектілігі.** Бүгінде ақпараттық және басқару ресурсына айналған құжаттар санының қарқынды өсу процесі орын алып, әлі ұзақ жылдар бойы жалғасады. Ал бұл ретроспективті ақпараттық құжаттар санының артуына да ықпал етпей қоймайды. Ақпараттық қоғамда цифрлық технологиялардың мәдениет объектілеріне, оның ішінде архивтердің жаңа буынын қалыптастыруға, цифрлық форматтағы құжаттарды қорғау және сақтау саласына көбірек енгізілуіне ықпалы орасан болғанына куәміз. Тағы бір баса назар аударатын жайт, кеше ғана COVID-19 пандемиясы тудырған үлкен сын-қатер ақпараттық технологиялардың үдемелі дамуын жеделдетуге ықпал етті. Алдағы уақытта өзге де ғаламдық ауқымдағы жағымсыз факторлардың пайда болуы да мүмкін. Осыған орай архивтердің жаңа буыны – цифрлық архивтердің пайда болуы да заңдылық. Әлемдік қауымдастықтың мүшесі ретінде Қазақстанның қалыптасқан киберкеңістік әлемінен тысқары қалып қала алмайтыны айқын жағдайда архивистер де ортақ ақпараттық кеңістікке еркін әрекеттесуге бет алуы тиіс. Ақпараттық технологиялардың архивистердің жұмысына ықпалы қандай және келешекте ол қалай болуы мүмкін? Технологиялардың ықпалын оң бағалайтын Қазақстан архивистері машинаға тәуелді болып қалмай ма? Әлде цифрлық дағдыларды меңгеріп дәстүрлі методология мен технологиялық методологияны интеграциялауға дайын ба? Цифрлық трансформация архивистердің жұмысына техникалық өзгерістер әкеліп, бірнеше ғасырлар бойы архив құжаттарымен жасалатын дәстүрлі жұмыс әдістері жаңа өзгерістерге ұшырап, бұл архивистердің санасына едәуір ықпалын тигізді. Осындай жағдайда Қазақстан архивистері келбетінің өткенін саралап, қарастыру өзектілігі айқын байқалады. Бұл ретте архивистердің цифрлық трансформациялану жағдайында жаңа өзгерістерге қалай бейімделу мәселесі де өзекті болып, жеке қарастыруды қажет етеді.

Мақсат – цифрлық трансформациялану жағдайында Қазақстан архивистерінің келбетін және ақпараттық технологиялардың ықпалымен олардың санасында орын алған өзгерістерді қарастыру.



Зерттеу архив ісі туралы ғылыми еңбектерге, архив құжаттарына, мемлекеттік архив қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама және интервью нәтижелеріне негізделеді.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Шет мемлекеттерде ХХ ғ. соңында компьютерлік технологиялардың қолданыстық аясы кеңеюімен архивистердің жұмысына ықпалы арта түскен шақта біраз зерттеушілер бұл мәселеге түрлі контексте талдау жасап, баға бере бастады. Вернон өз зерттеуінде архив құжаттарының табиғаты мен мазмұнына заманауи технологиялардың артып келе жатқан ықпалына және осы терең өзгерістердегі архивистердің рөліне назар аудара отырып, компьютерлердің пайда болуымен туындаған негізгі проблемалар мен қиындықтарды анықтайды. Атап айтқанда, ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуына қарамастан, көптеген мамандар жаңа технологиялық өнімдермен таныс емес. Тіпті олар компьютерлік технологиялардың ықпалы нәтижесінде жұмыс орнының өзгеруіне куә болса да, мұндай өзгерістер айнала өтіп, өздері үшін орын алуы екіталай деп есептейді [1]. Бір жағынан, компьютерлердің және цифрлық технологиялардың қарқынды ықпалы тұтастай алғанда архив құжаттарына және архив ісіне үлкен қауіп төндірсе, екінші жағынан, құжаттарды инновациялық әдістермен басқаруға мүмкіндіктер туғызуы мүмкін. Бұл өз кезегінде дәстүрлі әдістерді инновациялық әдістермен интеграциялауға мүмкіндік береді [2]. Кокс көптеген мекемелерде қалыптасқан және үстемдік еткен архивтер мен құжаттарды басқару туралы дәстүрлі және ортақ қабылданған түсініктер ақпарат ғасыры тудырған қазіргі идеялардан ерекшеленетінін айтады. Бұл жағдайда архивистер осы бұрын-соңды болмаған өзгерістерді қабылдап, бейімделуі керек және өз саласындағы және жалпы қоғамдағы соңғы тенденциялар мен оқиғаларды жақсы түсінуі керек [2]. Магьер және Посохов [3] архивистерге компьютерлік технологиялардың ықпалын поляк мемлекеттік архивтерінің жұмысында көрініс алуын, прогрестің, корпоративтік мәдениеттің негізі ретінде демократияның орын алуын көрсетеді. 1990-жж. Польша архивтерінде пайда болған компьютерлер бүгінгі күні куә болып отырған революцияға жол ашты. Ол кезде архивистер компьютердің құрылымымен, бағдарламалық қамтуымен, бағдарлама тілімен танысуға ұмтылды. Осы бағытта жұмсаған бірнеше жылда архивистер супермашинаның үздіксіз ұсынатын жаңалықтарынан бас тарта алмайтынын түсінді. Кеше ғана қол жетпестей көрінген технологиялар бүгінде қолжетімділігіне қарамастан, жаңашыл технологиялардың жанында біртіндеп ескіруде [3]. Титиа ван және Брам ван [4] қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуының оң бағасымен бірге оның архивтер үшін үлкен проблема тудырып отырғанын талдауға алады. Архивтерде қағаз құжаттарды ұзақ мерзімде сақтауға бейімделген архивтердің жұмысымен қатар адамзаттың ұзақ мерзімді цифрлық жадын дамытудың уақыты келгенін және оны архивистердің, цифрлық мұраларды зерттеушілердің сақтап қала ала ма деген өткір мәселесін көтеруі уақыт талабы. Ғылыми ізденістер жүргізуде архивистер мен тарихшылардың ынтымақтастығы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Бір жағынан, екеуінің белсенділігі олардың жұмыстарымен байланысты болса, екінші жағынан, олардың белсенділігінің өз жұмыстарына ықпал етуі де орынды. Жұмыс нәтижелері қоғамдағы өзгерістердің орын алуына бағытталған архивистер мен тарихшылардың белсенділігі олардың кәсіби белсенділігі мен мүдделерінің айқын көрінісі [5].

Шетелдік ғалымдар бұл мәселені түрлі контексте жан-жақты зерттегенімен, отандық зерттеушілер тарапынан архивистердің цифрлық трансформациялану жағдайында қандай болуы қажеттігін терең талдауға талпыныс жасалмады. Негізінен архив саласының жалпы аспектілеріне көңіл бөлу басымырақ болғандықтан отандық зерттеушілердің жүргізген зерттеулеріне қысқаша шолу жасау осы зерттеуде орынды болар. Отандық зерттеушілердің назарында болған архив ісінің даму тарихы мен оның негізгі кезеңдері, архив ісінің нормативтік-құқықтық негіздері, архив мамандарын даярлаудың жекелеген мәселелері. Алғашқы зерттеуде кеңестік Қазақстандағы орталықтандырылған архивтердің қалыптасуы мен дамуына, архив органдарын мамандармен қамтамасыз етуге шолу және талдау жасалған. Авторлар архив мамандарын даярлау саясатына сыни көзбен қарағанымен, архив мамандарын даярлаудың кешенді мәселелерін қозғамайды [6]. Кеңестік кезеңде Қазақстанның архив жүйесі мен архивистерді даярлау ісі Мәскеудегі орталық уәкілетті органның және коммунистік партияның бақылауында болды [7]. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін мемлекеттік архивтерде білікті мамандардың тапшылығы сезіле бастайды. Көп жағдайда архив мамандарының тапшылығын әлеуметтік мәселелермен түсіндірумен шектеліп, оны шешудің ұйымдастыру, басқару шешімдері және жолдары қарастырылмаған. Архив мамандарын даярлау саясатын іске асыру тетіктері ұсынылмаған. Кеңес дәуірінде архивистерді даярлаудың статистикалық мәліметтерін келтіріп, сандық талдау және қорытындылаумен шектеліп, терең зерттеу жүргізілмеген [8]. Ақпараттық технологиялардың архив кадрларына ықпалының оның жаңа келбеті, архив менеджері үлгісінде болуы керек мәселесі алғаш қозғалған. Алайда архивистердің жұмысын бағалау, компьютерлік технологияның ықпалы оның келбетін өзгертті ме деген сапалық талдау берілмеген [9]. Болон процесіне сәйкес әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Архивтану, құжаттану және құжаттамамен

қамтамасыз ету» мамандығы бойынша мамандарды даярлау тәжірибесін сипаттай келе, университетте заманауи кадрларды даярлау траекториясын қарастырады. Әсіресе, университет пен өндіріс саласының ынтымақтастыққа, атап айтқанда студенттік кәсіпкерлікке айрықша мән берілетінін көрсетеді [10]. Сарсенова Г.С. ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық архивінің дамуы барысын қарастыра келе, келешектегі даму бағыттарын кәсіби архивистердің жұмысымен байланыстырады. Қазақстан тәуелсіздігін жариялауымен мемлекеттік құрылыстың, саяси мәртебесінің және экономикасының эволюциясы архив саласында кадрлық өзгерістерге алып әкелді. Дамудың еліміз үшін 1990 жылдардағы қиын тұсында орта буындағы архивистердің бірі бизнеске, екіншілері, миграциялады, оның ішінде 1998 ж. жаңа астанаға қоныс аударғандары да болды. Бос орындарға кездейсоқ келген мамандар ұзақ тұрақтап қалмады. Нәтижесінде алтын көпір саналатын архивтер ұрпақтар арасындағы үйлесімділіктен айырылды [11]. Тұтастай алғанда, жасалған шолу зерттелетін концептуалдық мәселе мен қарастырылған әдебиеттер арасында алшақтық барын көрсетті.

Бұл зерттеу үшін деректер Қазақстанның орталық және облыстық мемлекеттік архивтерінде жұмыс істейтін мамандардан алынды. Олардың пікірлері мен көзқарастары зерттеу міндетін дұрыс шешуге, түсінуге мүмкіндік берді. Сауалнамаға Қазақстанның 600 архивісі өз қалауымен тартылды. Олардың 180 орыс тілінде, өзгелері қазақ тілінде жауап берді. Респонденттер Қарағанды, Түркістан, Маңғыстау, Павлодар, Жамбыл, Ақмола, Қызыл Орда, Шығыс Қазақстан облыстары, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының мемлекеттік архивтері, ҚР Президенті архиві, ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві, Орталық мемлекеттік кинофотокүжаттар және дыбыс жазбалар архиві қызметкерлерін қамтыды. Қатысушылардың 28% бес жылға дейінгі еңбек стажы бар жас архивистер құрайды. Сауалнама 2021 жылы 13-21 желтоқсан аралығында онлайн Google Forms көмегімен жүргізілді. Сауалнама сұрақтары қазақ және орыс тілінде дайындалып, жиырма үш сұрақты, оның ішінде алтауы респонденттер туралы анықтамалық ақпаратты, қалғандары архивистердің кәсіби қызметіне қатысты ақпаратты қамтыды [12].

Сауалнама қорытындысы бойынша төрт нәтижеге қол жеткізілді. Олар:

*Бірінші нәтиже*, Қазақстан архивтерінде арнайы архивтік білімі бар мамандар азшылықты құрайды.

*Екінші нәтиже*, ғылыми дәрежесі бар архивистердің сандық көрсеткіші төмен.

*Үшінші нәтиже*, Қазақстан архивтерінде жас мамандар тапшы.

*Төртінші нәтиже*, цифрлық трансформациялану жағдайында архивистер жаңа өзгерістерге бейімделуге дайын.

Анықталған төрт нәтижені әрі қарай терең талдау мақсатында интервью жүргізілді. Зерттеу міндетін шешу үшін даулы мәселелерді нақтылау және толықтыру үшін бақылау интервью қажет болды. Ол үшін сауалнама респонденттерінен қосымша интервьюге келісуі жөнінде сұралған болатын. Нәтижесінде 14 архивист онлайн форматта интервьюге келісім беріп, олардың тоғызымен қазақ және төртеуімен орыс тілінде интервью жүргізілді. Интервью сөзбе-сөз транскрипцияланды, содан кейін транскриптер мен рефлексиялық әңгімелесу мазмұны талданды. Біріншіден, ашық кодтау жүргізілді, ол үшін транскриптер бірнеше рет оқылды, қайта оқылды және қағазға түсірілді [12]. Бұл зерттеу осы мазмұндағы алғашқы жоба болғандықтан зерттеу моделін құру үшін өзге модельді үлгі етіп алу мүмкін болмады. Осы зерттеу кейбір мәселелерді жігі түсінуге, болашақ зерттеулерді әзірлеуге, нақтылауға немесе дамытуға себеп бола алады. Әрі бұл зерттеу міндеті бойынша ұйымдастырылған алғашқы социологиялық сауалнама. Социологиялық зерттеудің сауалнама жүргізу және интервью алу аралас әдістері көмегімен зерттеу міндеттерін шешуде ішкі мазмұндық, сапалық жағынан бағалауға қол жеткізілді. Мәліметтерді талдауда сапалы интерпретация парадигмасы қолданылды.

**Талқылау.** Классикалық түсінікте архив – әлеуметтік жадыны сақтаушы институт, архив мемлекеттің тұрақтылығын көрсететін мемлекеттіліктің атрибуты саналады. Қазіргі Қазақстанның мемлекеттік архивтері жүйесі кеңестік дәуірде қалыптасқаны белгілі. XX ғ. алғашқы ширегінде республиканы басқарудың жаңа кеңестік моделі енгізілді, соған орай саяси реформалармен бірге әкімшілік-территориялық, экономикалық, мәдени, әлеуметтік терең өзгерістер орын алды. Архивтерді ұйымдастыруда орталықтандыру принципі басшылыққа алынды. Алғашқы сәттен-ақ архивтердің академиялық қызметіне, оны ғылыми ұйымдастыруға ерекше мән беріліп, архивистердің жұмысы осы бағытқа жұмылдырылды. 1921 ж. құрылған Өлкелік архив екі жылдан кейін Қазақ Орталық атқару комитеті Президиумы қарамағына беріледі [6, 44 б.]. Бұл кезеңде архив ісін республика көлемінде ұйымдастырудың өзіндік қиындықтары болды. Архив құжаттарын бір орталыққа жинақтау, сақтау уақыт пен күшті талап етті. Екінші жағынан, жергілікті жерлерде губерниялық архивтерді құру мәселесі де күн тәртібіне қойылған тұста кәсіби архивистердің тапшылығы айқын сезіліп тұрды. Архивтердің РКФСР

Орталық архив басқармасы қарамағында болуының өзіндік артықшылықтары болды. Архив мамандарын даярлау үшін Петроград, Москва университеттерінде Архив бөлімдері, Орталық архив басқармасының курстары ұйымдастырылды. Архив ісінің практикасы және тарихи пәндердің оқытылуы архив қызметінің бағыттарына сәйкес келді. Атап айтқанда, КСРО мекемелерінің тарихы, революцияға дейінгі және онан кейінгі КСРО архив ісінің тарихы, Батыстағы архив ісі, архив ісінің теориясы мен практикасы, ағымдағы іс жүргізудің архив бөлігі, архив заңнамасы, ежелгі қолжазбаларды оқу, кітапханатану, музейтану пәндері оқытылған. Мұндай көзқарас біріншіден, архивтерге ғылыми кадрларды тартуға, екіншіден, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға түрткі болды. Іс жүзінде архивистер ғылыми ізденістерге бет бұрды және архивтердің бағыты дұрыс айқындалды. Атап айтқанда, кешкі курстарда, өндірістен қол үзбей білім алатын өндірістік оқуларда, семинар-кеңестерде, үйірмелерде:

- құжаттарды ғылыми өңдеу,
- құжаттарды пайдалану,
- құжаттарды сақтау әдістемесінің жеке мәселелері терең оқытылды [6, 224-225 бб.].

1991 ж. бергі бүгінгі күнге дейін «үлкен бетбұрыс кезеңі» әлі жалғасып келеді. Архивтердің орталықтанған жүйесі мен Ұлттық архив қорының бірлігі сақталды. Мемлекеттік архивтердің мемлекеттік мекеме бола тұра біртіндеп академиялық қызмет аясы кеңейе бастады. Бұған сол кездегі партия архивтерінің мемлекеттік архивтермен біріктірілуі бір жағынан, ал екінші жағынан, қоғамда жаңа тәуелсіз сананың қалыптасуы ықпал етті. Қазақ тарихының ақтандақ беттерін ашып, тарихи оқиғаларды жаңа көзқараспен жүйелі түрде зерттеу міндеті қойылды. Архивтер жылдам өзгерген саяси ахуалда ұлттың тарихи санасын қалыптастыруға қызмет етті. Жаңа тарихи деректерге қол жетімділік пен жариялау архивистердің келбетін жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік берді. Компьютерлік технология-лардың архив ісіне ықпалы басталып, архивистердің әлі жаңа технологиялармен толық таныс бола қоймаған тұс еді. 1990-жж. Қазақстан архивтері «микрокомпьютерлік революцияның» ықпалына біртіндеп түскенімен, іс жүзінде компьютермен шамалы ғана қамтылды. 1997 ж. Орталық мемлекеттік архивте үш компьютер ғана болса, облыстық архивтердің жағдайы да осыған ұқсас болды. Архивистер компьютерде алдымен құжаттарды есепке алу жұмысын жүргізді. Елімізде салалық автоматтандырылған архивтік ақпарат жүйесін құру жоспарланды. Компьютерде жұмыс жасау архивистер үшін қадам-қадаммен жүргізілген процесс болды. Архивтік жұмыстың басым бөлігі дәстүрлі методикаға сүйенді. Десек те, келесі онжылдықта ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы электрондық құжаттардың пайда болуына және санының күрт өсуіне ықпал етті. 2003 ж. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» заңы қабылданды. Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесінің іске асуымен электрондық құжаттарды сақтау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Әуелде құжаттардың есебін жүргізу үшін ғана қолданылған компьютерді енді архивист онсыз жұмысын елестете алмайтын жағдайға жетті. Расында, бұл әлемде пайда болған жаңа құбылыс емес, әсіресе, архив жұмысында. Бұл арада электрондық құжат айналымы мен электронды архив екеуі екі бөлек дүние екенін ұмытпаған жөн. «Ақпараттық технологиялардың жан-жақты ықпалды күшіне ешбір мәдени немесе ұлттық дәстүрлер төтеп бере алмайды» және тіпті «ақпараттық технологиялардың таңқаларлық жетістіктері өткен күннің мұраларын паш еткізіп, бұл салада терең өзгерістерге алып келді» [10]. Технологиялардың адамзат өркениетіне әмбебап ықпалының үлкен проблемаларды тудырып отырғаны жасырын емес. Осы жағынан архивистер шынайы ахуалды, архивтік технологияларды қолдану дәстүрлі методиканы өзгертуді талап ететінін түсініп, «когнитивті диссонанс» күйіне түсе қоймағанын ерекше атап өткен жөн. Қазақстан архивистеріне компьютерлік технологияның ықпалы артып келеді. Кеше ғана компьютер мен архивист арасындағы алшақтық айтарлықтай болса, бүгінде ол алшақтық аса жылдамдықпен тез қысқарып барады. Бүгінгі таңда компьютерсіз архивистің жұмысын елестету қиын. Сол себепті архивистердің басым көпшілігі компьютерлік технологиялардың архив жұмысына ықпалы оң деп есептейді. Респонденттердің 96% архив жұмысына компьютердің оң ықпалын мойындаса, компьютердің архивистерге ықпалы уақыт өте келе артатынын 94% респондент мойындап отыр.

Бірінші нәтиже, Қазақстан архивтерінде арнайы архивтік білімі бар мамандар азшылық құрайды. Респонденттердің 82% – архивист, 15% – әкімшілік қызметкер, 3% – қызмет көрсету саласында жұмыс жасайды. Архивист келешек мемлекеттің, тарихтың негізін қалаушы маман. Архивистің кәсіби жұмысы мына міндеттерді шешу: архивке құжаттарды жинақтау (толықтыру), жүйелеу, құндылығын айқындау, есепке алу, каталогын жүргізу, сипаттау, сақтау және пайдалануын ұйымдастыру. Әр міндеттің өзіндік ерекшеліктері мен күрделілігі тікелей архив құжаттарын интерпретациялау, контентін талдау және қорытындылаумен байланысты. Архивист өз кәсіби қызметінде гуманитарлық және техникалық білімді ұштастыра білетін көп қырлы маман. Ақпарат және технология ғасырында ол күрделене түсті. Архивист

үшін классикалық білімімен қатар өз жұмысын жаңа технологияларға бейімдеуі қаншалықты жылдам жүреді?

Архивтердің өзіне цифрлық трансформациялану нәтижелерін қорытындылау үшін де уақыт қажет. Олай болса компьютерлік технологиялар архив жұмысын автоматтандыруда дәстүрлі әдістер мен жаңа технологиялық әдістерді ықпалдастыра ала ма? Қазірдің өзінде байқалып отырған әдістемелік революция нәтижесі неге әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда архивистердің біліктілігі қандай болуы керек. Архивистерге заманауи технологияларды меңгерген, ауқымды мәліметтермен жұмыс істей білетін, аналитикалық ойлау, өз жұмысына баға бере алатын біліктілік талаптары қойылады. Табандылық, жауапкершілік де маңызды. Құжаттармен жұмыс жоғары эрудицияны, жан-жақты көзқарасты, ақпаратты қабылдау, өңдеу, қорытындылау, талдау дағдыларын да қажет етеді. Мұндай мамандардың қалыптасуына бірнеше жылдар қажет. Олар архив жұмысын тиімді орындайды, ал ол адами, қаржылық, материалдық, еңбек ресурстарын және уақытты үнемдейді. Демек жоғары білімді кәсіби маман қалыптасуы үшін бірнеше жыл қажет. Архивист үшін бұл өте маңызды. Іс жүзінде осындай талаптарға жауап беретін архив кадрлары даярлана ма? Өкініштісі, бәрімізге белгілі, кеңестік кезеңде архивист мамандарды даярлауды жалғыз жоғары оқу орны – Мәскеу тарих-архив институты (бүгінде РМГУ құрамында) жүзеге асырды. Ұлты және республикалар бойынша студенттердің арақатынасын сақтау үшін белді жоғары оқу орындарында білім алатындар санын мемлекет реттеп отырғанды [13, 114 б.]. Бұл жағдай елімізде қазақ архивистерінің сандық және сапалық жағынан жоғары көрсеткіштерге жеткізген емес. Мәскеу институты түлектерінің басым бөлігі орталық не облыстық мемлекеттік архивтерге жолданып отырды.

Іс жүзінде 1990-1991 жж. ұлттық архив мамандарын даярлаудан кейін үзіліспен тек 2010 жылдан бері архив мамандарын даярлау әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетте тұрақты жүргізіліп келеді. «Цифрлық архивтану және құжаттану» білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуы келешек архивистердің жаңа келбетін қалыптастыратын бетбұрыс қадам. Архивист классикалық үлгідегі тарихи білімі бар білікті маман ба әлде архивтік технологияларды меңгерген архивист маман болып қалуы тиіс пе? Респонденттердің 71% жоғары білімді архивистер, олардың 12% арнайы архивтік білімі бар. Республика бойынша бұл көрсеткіш 1991-1998 жж. өзінде 25% кем болған [14].

Респондент архивистердің өзге мамандық бойынша жіктелуі төмендегідей:

Жоғары гуманитарлық - 53%,

Жоғары техникалық - 10%,

Орта кәсіби білімділер - 16%.

Екінші нәтиже, ғылыми дәрежесі бар архивистердің сандық көрсеткіші төмен. Архивистер екі әлемді – өткен мен бүгінді біріктіретін алтын көпір тәрізді ұрпақтар арасындағы байланыстың үзілмеуіне бірден бір себепші маман. Бұл оларға жүктелген тарихи миссия. Нағыз зерттеушінің архивистен артықшылығы зерттеу нәтижесін жарыққа шығарып, көпшілікке жеткізуінде.

Респонденттердің 6% ғылыми дәрежесі бар архивист, ал 94% ғылыми дәрежесіз. Олардың ішінде:

ғылым кандидаты – 0,5%,

PhD докторы – 0,2%,

магистр – 5,3%.

Бір қызығы, ғылыми дәрежесі бар қазақ архивистерінің көрсеткіші кеңестік дәуірде де, тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде де 1% аспады. Кәсіби жұмысы *жинақтау, сақтау, пайдалану* үш қағидасына негізделген архивист тарихи зерттеуді қалай ұйымдастыра алады? Архивистің тарихты жасауы мүмкін бе? Мүмкін болса, архивистің кәсіби жұмысы екінші орында қалып қоймай ма? Архив практикасында құжат жинақтары, деректер базасы, түрлі тақырыптық сұраныстар тәрізді құжаттарды пайдалануға әзірлейді. Қазақстан архивистері үшін зерттеулерге база ретінде құжаттар жинақтарын әзірлеу жақсы таныс жұмыс. Ол жоспарлы түрде орындалады. Респонденттердің 89% зерттеу жұмысы архивистің мамандық ретінде тарихи рөлін айқындаушы деп санайды. Тарихи зерттеулер архив деректеріне сүйенеді. Мұны архивистер жақсы түсінсе де бүгінгі күнге дейін ғылыммен айналысып кете алмады. Архивистер үшін тарихи деректерге қолжетімділік артықшылық болғанымен зерттеу үшін методологияны және жаңа зерттеу бағыттарын білу маңызды. Ал, бұл үздіксіз ғылыми ізденіспен айналысуды талап етеді. Ұзақ жылдар бойы мемлекеттік архивтердің мемлекеттік әкімшілік мекемеге айналуының салдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының төмендеуіне әкелді. Бір-бірімен логикалық байланысы ажыраған архив жұмысының сапасы да төмендеді. Қоғамда азаматтардың әлеуметтік сұраныстарын, мемлекеттік органдардың маңызды іс-шараларды орындауда қажетті сұраныстарын орындайтын мекемеге айналды. Архивтану және құжаттану бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстардың әлсіреуі, тіпті тоқтатылуы

архивтердің жұмыс сапасының төмендеуінің бірден-бір себебі. Әрі архивистердің тәжірибе-сіне негізделген бірыңғай тақырыптық әдістемелік құралдардың жоқтығы да үлкен себеп [15, 55 б.].

Үшінші нәтиже, Қазақстан архивтерінде жас мамандар тапшы. Қазақстанда мемлекеттік грант есебінен жылда он-он бес архив маманы ғана даярланады. Грант мемлекеттік архивтердің сұранысын есепке алып, университетке маман даярлауға бөлінетін қаражат. Мемлекеттік архивтерде білікті мамандардың тапшылығы бүгінгі күні 15% құрайды. Респонденттердің басым бөлігі елімізде архивтерге көп көңіл бөлінбей келгенін басты кемшілік санайды. Қазақстан Республикасында архив ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасында осы саланың ұзақ мерзімді дамуының басым бағыттары белгіленген болатын. Басты мақсат – Ұлттық архив қорын осы заманғы талапқа жауап беретін ақпарат жүйесіне айналдыру. Ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, іздеу және жеткізу процестері бір-бірімен логикалық байланысы бар күрделі жүйе. Оларды ақпараттық архивтік технологиялар көмегімен біртіндеп автоматтандыру арқылы біртұтас ақпарат кеңістігін құру көзделген еді. Осы мақсатты іске асыруда архив қызметкерлерінің жағдайын жақсарту және кәсіби мамандық беделін көтеруге басымдық берілді. Архивтерді және құжаттаманы басқару Комитеті жұмысының қайта жандануы, Республикалық мемлекеттік архив қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығының ашылуы осы мақсаттың іске асуын қамтамасыз етеді деген үміт бар. Соңғы жылдары жас мамандар негізінен ҚР Президенті архивіне және Орталық архивтерге жұмысқа орналасқан. Мұны респонденттердің үштен біріне жуығы жастар екені растайды, яғни 20-34 жастағы архивистердің үлесі 31%, ал 55 жастан жоғары архивистер 15% көрсеткішті құрайды.

Архивтерде жас архивистер көбінде цифрландыру бөлімінде жұмысқа тартылады. Архивтік басқа жұмыстарға жас мамандар қызыға ма және оларды қандай жұмыс түрі тартымды етеді? Архивтерде компьютерлік технологиялар бірнеше дағдыларды қажет етеді. Осындай жағдайда архивист жұмысының диверсификациялануы, бірнеше міндеттерді қоса атқаруының ықпалына баға беріп көрейік. Респонденттердің пікірінше, бір жағынан, жұмыстың диверсификациялануы өзінді жан-жақты дамытуға көмектеседі. Өзге жұмыстардан тәжірибе жинақтап, жауапкершіліктен кетпей, оны орындай отырып, баға жетпес тәжірибе алуға болады. Техникалық және шығармашылық жұмысты ұштастырып, белгілі бір уақыт аралығында кәсіби архивист болып қалыптасуға мүмкіндік бар. Екінші пікір, әрине, ол жұмыс сапасына көп әсер етеді. Нақты істі соңына дейін жеткізбей, шала орындауға, сапасыз жұмыс нәтижесіне әкеледі. Алайда, мәселе әр нәрсені үйренуге қанша уақыт жұмсалатынында. Архивтің жұмысы жоспарлы, бір күнде бірнеше күннің тапсырмасын орындауға тура келеді. Соңғы жылдары орталық архивтерде жастар саны көбейіп келеді. Прагматикалық жастардың пікірінше, архивист өзіне жүктелген функционалдық қызметін орындағаны дұрыс. Сапалы жұмыс жасау үшін тиісті штат болуы тиіс. Архивтерде басымдық беріліп отырған құжаттарды цифрлау жұмысы бүгінгі күннің талабы. Алайда құжаттарды қабылдау, оларды сипаттау, сақталуын қамтамасыз ету және пайдалану жұмыстары да маңызды. Әсіресе, жыл сайын құжаттардың жай-күйіне қатысты, сақтау мәселесінде туындайтын мәселелерге баса көңіл бөлінуі тиіс. Респонденттердің 31% өзіне жүктелген міндетін орындаса, 69% негізгі жұмысымен қатар өзге бірнеше міндеттерді орындайды. Бірнеше міндеттер қатар орындалатын жұмыстың реті:

- өтінімдерді орындау – 31%
- құжаттарды цифрландыру – 22%
- құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу – 14%
- жаңа қор құрушымен жұмыс – 8%
- құжаттарды жариялау – 7%
- медиаға ақпарат беру – 4%
- зерттеулер жүргізу – 2%
- репрография - 1%

- көрсетілген жұмыстың бәрін орындаймын, себебі міндеттелгенмін – 1% және қалған бөлігі қосымша жедел тапсырыстарды орындауға міндеттелген. Сонымен бірге барлық мемлекеттік архивтің архивистері алға тартатын өзекті мәселе жалақының аздығына келіп тіреледі. Респонденттердің тек 28% жалақы деңгейіне қанағаттанатынын, ал 77% қанағаттанбайтынын көрсеткен.

Төртінші нәтиже, архивистер цифрлық трансформациялану жағдайында жаңа өзгерістерге бейімделуге дайын. Архивтер қоғамның цифрлық трансформациялануы жағдайында жаңа өзгерістерге бейімделуі тиіс пе? Әлбетте. Қағаз құжаттарды электронды форматқа көшіру ғасырлық қалыптасқан дәстүрлі әдістемемен жүргізілмейтіні анық. Мәселе технологиялық методологияға келіп тіреледі. Архивист үшін мол тәжірибе жинақтау үшін маңызды болса, технологиялық методологияны әзірлеу үшін де цифрлық дағдылар мен тәжірибе қажет. Осындай турбулентті жағдайдағы қазақ архивистері компьютерлік

технологияға толық тәуелді болып қала бере ме, әлде керісінше технологиялық методология әзірлеуге дайын ба? Әрі бұл архив жұмысында қандай өзгерістер алып келуі мүмкін. Респонденттердің 95% архив жұмысын компьютерсіз елестете алмайтынын көрсеткен. Бүгінгі жетістіктерге қарамастан он жыл бұрын ғана пайдаланылған электронды тасығыштар, әсіресе, дискілер мен қазіргі тасымалдаушы арасындағы айырмашылық үлкен. Мемлекеттік органдарда бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесін енгізудің алғашқы кезеңінде электронды-цифрлық қолтаңба қойылмаған электрондық құжаттар да кездеседі. Мұндай құжаттарды қағаз құжатқа шығарып номенклатураға сәйкес іске қойып жататын жайттар орын алған. Электрондық құжаттарды сақтауда архивистер, яғни дәстүрлі сақтау әдісін жақтаушылар мен IT мамандар бірігіп, бір шешімге келуге болады. Себебі құжаттарды жасау, сақтау, пайдаланудың технологиялық методикасын архивистен басқа маман шешіп бере алмайды. Архивтік бағдарламалық өнімдер адамның жұмысын жеңілдетуге бағытталуы тиіс. Мұны респонденттердің пікірі де растайды және архивистерге уақыт жағынан компьютердің ықпалы біртіндеп артатынын респонденттердің 94% мойындайды. Демек, ақпараттық технологиялардың оң ықпалын бағалайтын архивистердің жаңа өзгерістерге дайын екені анық.

Ақпараттық технологиялар архивистер мен зерттеушілердің жұмысын жеңілдетіп, оңтайландыратын құрал ретінде қаралады. Архивистердің басты міндеттерінің бірі құжаттарды сақтау. Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуы жағдайында құжаттарды пайдалануды ұйымдастыруда қалыптасқан стереотипті өзгертіп, архив құжаттарына барынша қолжетімділікті жеңілдету қажет. Ең басымды бағыт бірыңғай ақпараттық ресурсты құру [9]. 2021 ж. күзде «Құжаттардың бірыңғай электронды архиві» ақпараттық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Жоба архив жұмысының үш бағытын – құжаттармен толықтыру, олардың есебін жүргізу және сақтауды, сондай-ақ Ұлттық архив қоры құжаттарын пайдалануды автоматтандыруды көздейді. Төрт мақсатты іске асыру күтіледі: 1) құжаттарды ведомстволық архивтен мемлекеттік архивке өткізуде өзара әрекеттесу процестерін автоматтандыру және бірыңғай мәліметтер базасын құру; 2) архив ісі саласында мемлекеттік қызмет көрсету процестерін автоматтандыру; 3) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік архивтердің жұмыс тиімділігін арттыру; 4) цифрлық тасығыштардағы құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету. Тоғыз модульден тұратын ««Құжаттардың бірыңғай электронды архиві»» ақпараттық жүйесіне барлығы 1574 мемлекеттік ұйым, оның ішінде 223 мемлекеттік архивтер, қосылған. «Облачный документооборот» ақпараттық жүйесімен интеграциялау жұмысы жүргізіліп жатыр. Демек, осы жағдайдың барлығы архивистердің цифрлық трансформациялану жағдайында жаңа өзгерістерге бейімделуі тиіс екенін көрсетеді.

**Қорытынды.** Бұл зерттеу Қазақстанда мемлекеттік архивтердің даму тенденциясына шолу жасау негізінде компьютерлік технологиялардың архивистердің жұмысына оң ықпалын қарастыратын еңбектерді толықтырады. Осы зерттеудің тұжырымдарын талқылаудан бұрын мына нәрсені ескерткен жөн. Осы сапалық зерттеуге отандық архивистердің жалпы санының төрттен бір бөлігі ғана тартылды, сол себепті нәтижелерді интерпретациялауда сақтық таныту қажет. Алынған нәтижелер респонденттердің өздері берген мәліметтерге негізделеді. Әрі компьютерлік технологиялардың архивистердің жұмысына, санасына ықпалының шынайы өзгерістерін байқау, зерттеу ұзақ мерзімде жүргізілгені пайдалы болар еді. Қазақстанда ұлттық архивтанудың дамуының қарқыны жаңа теориялық көзқарастар мен пайымды тұжырымдар жасау үшін әлі де жетіле түсуі қажет. Дегенмен де шектеулерге қарамастан бірқатар маңызды түйіндер жасауға болады. Біріншіден, Қазақстанда архив саласына мемлекеттік қолдаудың есебінен келешекте арнайы архивтік білімі бар архивистер саны көбейеді. Электрондық құжаттармен жұмыс аясының кеңеюі, әсіресе, құжаттарды жасау, сақтау және пайдаланудың технологиялық методикасын архивист мамандар ғана әзірлейтіні анық. Екіншіден, Қазақстанның Болон процесіне қатысуы аясында архив мамандарын даярлаудың үш сатылы жүйесі жолға қойылды. Мемлекеттік архивтердің ғылыми жұмысын жандандыру, академиялық қызметін көтеру ғылыми дәрежесі бар архивистердің архивтерге тартылуы оң болары анық. Үшіншіден, осы зерттеуге қатысқан архивистер жалақының аздығын алға тартты. «Архив - 2025» бағдарламасы аясында алдағы төрт жылда жалақы жыл сайын жиырма пайызға көтеріліп отыратыны бекітілді. Сонымен бірге Архив комитетінің құрылуы көзделген архив саясатын нәтижелі жүзеге асыруға ықпал етуі әбден мүмкін. Төртіншіден, архивистердің компьютерлік технологиялардың архив жұмысына оң ықпалын көрсетуі жауапты архив басшылары мен басқару органы бірлесіп технологиялық методиканы әзірлеуде қалай және қандай бағытта зерттеулер жүргізуге болатынын еске салатындай. Бұл өз кезегінде жақын болашақта технологиялық методология ұстанған архив жұмысы мен ғылымды ұштастыратын жаңа буын қалыптастыруы әбден мүмкін. Архивтер зерттеулер жүргізетін орталыққа, архивтік тәжірибе алмасу алаңына айналуы да әбден мүмкін. Бүгінгі архив жұмысын цифрлық

трансформациялау осы міндеттерді де шешуге және отандық архивистердің жаңа келбетін қалыптастыруға бағытталған.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Vernon J.A. *Technology's Effect on the Role of the Archivist. Provenance, Journal of the Society of Georgia Archivists*, 1985. Vol. 3, No 1, 1-12.

2. Cox R. *Closing an Era: Historical Perspectives on Modern Archives and Records Management*. Westport: Greenwood Press, 2000. -252 p.

3. Magier D., Posokhov S. *Crossing the Rubicon in archival sciences. Redefining the scope of state archivists in the 21st century Poland (with Ukrainian reflection). Historia I Świat*, 11, 291–309. <https://doi.org/10.34739/his.2022.11.17>

4. Titia van der Werf, Bram van der Werf. *Will archivists use AI to enhance or to dumb down our societal memory? AI & Society* <https://doi.org/10.1007/s00146-021-01359-x>  
<https://link.springer.com/article/10.1007/s00146-021-01359-x>

5. Yaco S., Hardy B.B. *Historians, archivists, and social activism: benefits and costs. Arch Sci* 13, 253–272 (2013). <https://doi.org/10.1007/s10502-012-9187-0>

6. Сариева Р., Абдулина А. *Очерки по истории архивного дела в Казахстане (1918-1945)*. – Алматы: Арыс, 2006. -324 б.

7. Seksenbayeva G., Makanbaev, T. *Archival Management in Kazakhstan: Yesterday and Today. Journal of Archival Organization*, DOI: 10.1080/15332748.2021.1992207

8. Аққали А.Қ. *Қазақстандағы мұрағат құрылысының тарихы (1918-1991 жж.) Тарих ғыл.докт.ғыл.дәр.алу үшін дайын дис. Атырау, 2010. -296 б.*

9. Абилова Т.Е. *О роли и статусе архивистов в условиях развития информационных технологий. [Электронды ресурс].* <http://iat.kazrena.kz/?p=518> (қаралған күні: 04.03.2022)

10. Manarbek, G., Zhakupova, G., Kaliyeva, A., & Huang H. *The university-industry cooperation: The role of employers in quality assurance of Education*, [https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2020/19/e3sconf\\_btsses2020\\_09010/e3sconf\\_btsses2020\\_09010.html](https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2020/19/e3sconf_btsses2020_09010/e3sconf_btsses2020_09010.html)

11. Сарсенова Г.С. *Состояние и перспективы архива научно-технической документации Казахстана как составляющей источниковой базы по его истории. Научно-технические документы в современном информационном пространстве: Сб. докладов и выступлений на Пятом историко-архивном форуме "Память о прошлом - 2016", Самара, 22–25 марта 2016 года. Отв.ред. О. Н. Солдатова. – Самара: ООО "Научно-технический центр", С. 25-34.*

12. Yskak A., Zhumatay G. *The Impact of Digital Technologies on Kazakh archivists in the Age of Globalization. Historia I Świat* 11, 311-327. <https://doi.org/10.34739/his.2022.11.18>

13. *Архивы и архивисты Казахстана. XX и XXI вв. Сб. документов и материалов* Сост.: Р. М. Абдуали, Ж. Т. Байкаш и др. – Алматы, 2015. -163 с.

14. *Аналитический обзор о развитии архивного дела в Республике Казахстан в 1999–2010 гг. [Электронды ресурс].* <https://archives.gov.ru/documents/methodics/review-archival-delo-sng/kazakhstan.shtml>. (қаралған күні: 01.03.2022).

15. Сариева Р., Мустафина А. *Очерки по истории архивного дела в Казахстане (1991-1997)*. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. -377 б.

*References*

1. Vernon J.A. *Technology's Effect on the Role of the Archivist. Provenance, Journal of the Society of Georgia Archivists*, 1985. Vol. 3, No 1, 1-12.

2. Cox R. *Closing an Era: Historical Perspectives on Modern Archives and Records Management*. Westport: Greenwood Press, 2000. -252 p.

3. Magier D., Posokhov S. *Crossing the Rubicon in archival sciences. Redefining the scope of state archivists in the 21st century Poland (with Ukrainian reflection). Historia I Świat*, 11, 291–309. <https://doi.org/10.34739/his.2022.11.17>

4. Titia van der Werf, Bram van der Werf. *Will archivists use AI to enhance or to dumb down our societal memory? AI & Society* <https://doi.org/10.1007/s00146-021-01359-x>  
<https://link.springer.com/article/10.1007/s00146-021-01359-x>

5. Yaco S., Hardy B.B. *Historians, archivists, and social activism: benefits and costs. Arch Sci* 13, 253–272. <https://doi.org/10.1007/s10502-012-9187-0>

6. Sarieva R., Abdulina A. *Oчерki po istorii arhivnogo dela v Kazahstane (1918-1945)*. [Essays on the history of archives in Kazakhstan (1918-1945)]. – Almaty: Arys, 2006. -324 p. [In Russian]
7. Seksenbayeva G., Makaanbaev T. *Archival Management in Kazakhstan: Yesterday and Today*. *Journal of Archival Organization*, DOI: 10.1080/15332748.2021.1992207
8. Akkali A.K. *Istorija arhivnogo stroitel'stva v Kazahstane (1918-1991)* [History of archive construction in Kazakhstan (1918-1991)]. *Dissertation*. Atyrau, 2010. -296 p. [In Kazakh]
9. Abilova T. E. *O roli i statuse arhivistov v uslovijah razvitija infomacionnyh tehnologij* [On the role and status of archivists in the context of the development of information technologies]. <http://iat.kazrena.kz/?p=518> Accessed March 4, 2022 [In Russian]
10. Manarbek G., Zhakupova G., Kaliyeva A., & Huang H. *The university-industry cooperation: The role of employers in quality assurance of Education*, [https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2020/19/e3sconf\\_btse2020\\_09010/e3sconf\\_btse2020\\_09010.html](https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2020/19/e3sconf_btse2020_09010/e3sconf_btse2020_09010.html)
11. Sarsenova G.S. *Sostojanie i perspektivy arhiva nauchno-tehnicheskoy dokumentacii Kazahstana kak sostavljajushhej istochnikovoj bazy po ego istorii*. *Nauchno-tehnicheskie dokumenty v sovremennom informacionnom prostranstve* [Status and prospects of the archive of scientific and technical documentation of Kazakhstan as a component of the source base for its history. Scientific and technical documents in the modern information space]. In *Collection of reports and speeches at the Fifth Historical and Archival Forum “Memory of the Past – 2016”*, Samara, March 22-25, 2016. Ed. by O.N. Soldatova. - Samara: Scientific and Technical Center LLC. P. 25-34 [In Russian]
12. Yskak A., Zhumatay G. *The Impact of Digital Technologies on Kazakh archivists in the Age of Globalization*. *Historia I Świat* 11, 311-327. <https://doi.org/10.34739/his.2022.11.18>
13. *Arhivy i arhivisty Kazahstana. 20-21 veka. Sb. Dokumentov i mat-lov* [Archives and archivists of Kazakhstan. XX and XXI centuries Collection of Documents and materials]. Compiled by R.M. Abduali, Zh. T. Bajkash. – Almaty, 2015. -163 p. [In Russian]
14. *Analiticheskij obzor o razvitii arhivnogo dela v Respublike Kazahstan v 1999-2010 gg.* [Analytical review of the development of archives in the Republic of Kazakhstan in 1999-2010], <https://archives.gov.ru/documents/methodics/review-archival-delo-sng/kazahstan.shtml>. Accessed March 1, 2022. [In Russian]
15. Sarieva R., Mustafina A. *Oчерki po istorii arhivnogo dela v Kazahstane (1991-1997)* [Essays on the history of archives in Kazakhstan (1991-1997)]. - Almaty: Kazakh University, 2019. -377 p. [In Russian]

UDC 06.35.51  
MPHTI 03.81.37

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.021](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.021)

A.Maksutova\*<sup>1</sup>, B.E. Kumekov<sup>2</sup>, A.M. Nurzhanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan



E-mail: maksutova-a.84@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of Historical Sciences, Academic, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Candidate of Historical Sciences, docent of Satbayev University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [a.nurzhanova@satbayev.university](mailto:a.nurzhanova@satbayev.university)

## PROBLEMS OF STUDYING MEDIEVAL MANUSCRIPTS IN ARABIC AND PERSIAN: THE CURRENT STATE

### Abstract

Medieval manuscripts in Arabic and Persian are among the main sources covering the period of state, ethnic formation of the history of Kazakhstan. These manuscripts deal in detail with the issues of political, spiritual and socio-ethnic development of the Kazakh Khanate. This article analyzes the state and problems of modern study of medieval manuscripts in Arabic and Persian. We assume that currently in the Russian historical science, the category of the main tasks of studying manuscripts includes work on electronic storage and high-quality translation of manuscripts. The work on cataloging and digitizing manuscripts continues in libraries and special centers. In this context, we pay special attention to the work of special research centers organized in recent years. A number of issues arise in the translation of manuscripts into Kazakh and source analysis.

We understand the importance of training and stimulating specialists in Arabic and Persian for the future results of this direction. During the years of independence, work has been intensively carried out to bring medieval manuscripts related to the history of Kazakhstan from the funds of the states of the far and near abroad to our country. Scientific projects have been funded by the State on this issue and corresponding results have been achieved. From our point of view, now the category of tasks consists of attempts at correct historiographical analysis and comprehension of the achieved scientific heritage.

**Keywords:** Arabic and Persian manuscripts, Oriental studies, cataloging, Tarikh Rashidi, digitalization, scientific projects.

А.Максұтова<sup>\*1</sup>, Б.Е. Көмеков<sup>2</sup>, А.М. Нуржанова<sup>3</sup>

<sup>1,1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің PhD докторанты, Астана, Қазақстан

E-mail: maksutova-a.84@mail.ru

<sup>1,2</sup> т.ғ.д., академик, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup> т.ғ.к., доцент, Қ.И. Сәтбаев ат. ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [a.nurzhanova@satbayev.university](mailto:a.nurzhanova@satbayev.university)

## АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БҮГІНГІ АХУАЛЫ

### Аңдатпа

Араб және парсы тіліндегі ортағасырлық қолжазбалар Қазақстан тарихының мемлекеттік, этникалық қалыптасу кезеңін қамтитын негізгі дереккөздердің қатарына жатады. Аталған қолжазбаларда Қазақ хандығының саяси-рухани және әлеуметтік-этникалық даму мәселелері жан-жақты қарастырылған. Бұл мақалада араб және парсы тіліндегі ортағасырлық қолжазбалардың қазіргі зерттелу ахуалы мен мәселелеріне талдау жасалынған. Қазіргі таңда отандық тарих ғылымында қолжазбаларды зерттеудегі негізгі міндеттердің санатына қолжазбаларды электронды сақтау мен сапалы аудару жұмыстарының енетіндігін пайымдаймыз.

Қолжазбаларды каталогтау, сандастыру жұмыстары кітапханалар мен арнайы орталықтарда жалғасын табууда. Осы тұрғыда соңғы жылдары ұйымдастырылған арнайы ғылыми орталықтардың жұмыстарына ерекше мән береміз. Ал, дереккөздерді қазақ тіліне аудару және деректанулық талдау істерінде бірқатар сұрақтар орын алуда. Бұл бағыттың болашақтағы нәтижелеріне араб және парсы тіліндегі мамандарды даярлаудың және ынталандырудың маңызды екендігін түсінеміз.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихынан хабар беретін ортағасырлық қолжазбаларды алыс және жақын шет мемлекеттердің қорларынан алып келу жұмыстары қарқынды іске асырылды. Бұл бойынша мемлекет тарапынан ғылыми жобалар қаржыландырылды және тиісті нәтижелерге қол жеткізілді. Біздің көзқарасымыз бойынша ендігі міндеттердің санатын қол жеткізілген дүниелерді дұрыс тарихнамалық талдау және пайымдау әрекеттері құрайды.

**Кілт сөздер:** Араб және парсы қолжазбалары, шығыстану, каталогтау, Тарихи Рашиди, сандастыру, ғылыми жобалар.

Максұтова А.\*<sup>1</sup>, Кумекөв Б.Е.<sup>2</sup>, Нуржанов А.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Докторант, Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
E-mail: maksutova-a.84@mail.ru

<sup>2</sup>д.и.н., академик, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
<sup>3</sup>к.и.н., доцент, КазНПУ им. Сатпаева, Алматы, Республика Қазақстан.

E-mail: [a.nurzhanova@satbayev.university](mailto:a.nurzhanova@satbayev.university)

## ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ РУКОПИСЕЙ НА АРАБСКОМ И ПЕРСИДСКОМ ЯЗЫКАХ: СЕГОДНЯШНЕЕ СОСТОЯНИЕ

### Аннотация

Средневековые рукописи на арабском и персидском языках относятся к числу основных источников, охватывающих период государственного, этнического становления истории Казахстана. В этих рукописях подробно рассмотрены вопросы политико-духовного и социально-этнического развития Казахского ханства. В этой статье анализируется состояние и проблемы современного изучения средневековых рукописей на арабском и персидском языках.

Наименование учреждения	Фамилия, имя и отчество	Год рождения	Партийный стаж	Занимаемая должность	Стаж работы в этой отрасли	С какой работы переведен	Образование
Казглавлит	Джабасов Хайбулла	1903	1930	Начальник	2 года	Зав. облого	Средн.
	Джумин Райхан	1905	1930	Зам. Начальника	2 года	КУТВа	Высш.
	Капиков Жумагали		1931	Цензор газеты «Соц. Казахстан»	1 год	КазКИЖа	Высш.

	Примбетов Джакия		1931	Цензор «Ленинской смены»		Радиокомитета	Выш.
	Джумабаев Шагир		1930	Уполномоченный Казгосиздата	2 года	Студ. с/х инст.	
	Нурмухаметов Алибек		1926	Уполномоченный Партиздатата		НС фил АН	
	Джуназаков Рахан		1931	Уполномоченный Радиокомитета		Отв. Секрет. жур. «Сталин Жоль»	Средн.
	Ордабаев Н.		1938	Политический Редактор	2 года		
	Арыкова Н.		1925	// - //	2 м-ца		
	Уразалиев		1937	// - //	1 год		
	Шабкенов		1927	// - //	4 м-ца		
	Толебергенов		1930	Казиздатель	3 м-ца		
	Кенджеев		1938	Политредактор	3 м-ца		

«Список не укомплектованных номенклатурных работников в ЦК КП (б)К в системе Главлита Каз. ССР на 20 августа 1938 года» [13].

Таблица 4 – Список не укомплектованных номенклатурных работников

1.	Аппарат Каз. Главлита	1. Военные цензора 2. Политредактор по иностранной литературе 3. Уполномоченный Глав. Литы при партийном издательстве 4. Полит редактор при Казиздате 5. Цензор при «КазПравда»	2 1  1  1 1	700/650 500  750  700 700
1.	Восточно- Казахстанский Обллит	1. Военный цензор 2. Цензор при газете «Экпенды»	1 1	600 700
2.	Южно- Казахстанский обллит	1. Начальник ОБЛЛИТа 2. Военный цензор при ОБЛЛИТе 3. Цензор при Обл-газетах	1 1 2	750 600 700
3.	Северо- Казахстанский Обллит	1. Военный цензор при ОБЛЛИТе 2. Цензора при облгазетах	1 2	700 700
4.	Карагандинский облЛИТ	1. Военный цензор	1	700
5.	Актюбинский облЛИТ	1. Военный цензор при ОБЛЛИТе 2. Цензор при газете «Соцжол»	1 1	600 700
6.	Кустанайский облЛИТ	1. Начальник ОБЛЛИТа 2. Цензор при газетах	1 2	750 700
7.	Кзыл -Ординский ОблЛИТ	1. Цензор при областных газетах	2	700
8.	Павлодарский облЛИТ	1. Цензор при областных газетах	2	700
9.	Гуревский облЛИТ	Цензор при газете «Прикаспийская Коммуна»	1/26	700

Кадровые проблемы в органах цензуры отмечаются в ряде документов. «Последующим контролем не проверено еще 16 названий газет, ввиду того что нет работника, аппарат ОБЛЛИТ-а еще не укомплектован, нет начальника и военного цензора обязанности которого возложены на политредактора, вследствие перегруженности работ, полит редактор не имеет возможности проверить всех газет поступающих из района это без сомнения ослабило контроль над районными газетами. Начальник ОБЛЛИТ-а и военного цензора за счет рекомендуемых мною работников или другими товарищами членами партии. Дальше оставлять без руководства аппарат ОБЛЛИТ-а не возможно так же представить возможности для нормальной работы соответственно с положением органов Главлита путем предоставления соответствующей комнаты для работников ОБЛЛИТ-а. В случае не укомплектования руководящими

работниками в ближайшие дни и также не предоставления соответствующего помещения ОБЛИТ не может полностью выполнить те задачи которые на него возложены Партией и Правительством» [14];

По архивным документам можно установить также некоторые направления деятельности Казглавлита:

о реорганизации периодических отделений в соответствии с постановлением ЦК РКП (б) от 23 октября 1925 г.: «в самостоятельный отдел с непосредственным подчинением Бюро-Крайкома», а также было установлено штат Отдела Печати из следующих должностей: «Заведующий (казак), заместитель он же инструктор, 1 инструктор по печати нацмен, ответственный секретарь и делопроизводитель» [15];

о усилении контроля газет, которые издаются на казахском языке: «Ввиду отсутствия соответствующих работников, Казглавит лишен должностей осуществлять собственными силами просмотр казахских газет с точки зрения перечня. Оставлять газеты без просмотра в дальнейшем нельзя. т.к. вследствие незнания ответ. редакторами перечня, возможно опубликование материалов, составляющих тайну государства и разглашению не подлежащих. В целях предотвращения разглашения тайн на факте, просьба возложить на ответ редакторов газет «Аул-Тли» и «Енбекши-казак» обязанности уполномоченных редакторов Казглавлито, копия нами будет даваться распоряжения и указания, необходимые для просмотра по перечню» [16];

о доставке в Государственную Центральную Книжную Палату обязательных экземпляров произведений печати и контролю: «Все территории, типо-литографии, стеклогграфии и прочие полиграфические предприятия, находившиеся на территории РСФСР, обязаны до передачи издателю и выпуска в свет, во всяком случае не позднее 3-х суток по изготовлении первых экземпляров, представлять в Государственную Центральную Книжную Палату (Москва, Новинский бульвар 36) безвозмездно обязательные экземпляры произведений печати на всех языках (книги, брошюры, журналы, газеты, листовки, доклады, плакаты, приказы, воззвания, лозунги, инструкции, циркуляры, объявления, афиши, картины, портреты, открытки с текстом или рисунки, планы, карты, чертежи, ноты и т.п.). Ни одно полиграфическое предприятие не может выдать издателю или выпустить в свет отпечатанное произведение до сдачи Книжной Палате» [16, л. 98];

о текущих проверках и составлении актов о состоянии книжных фондов образовательных учреждений: «проверены состояния книжных фондов библиотеки Семипалатинского Технологического техникума мясной промышленности «изъято 1232 книги, устаревших и политических вредных» [17];

о контрольной проверке облита различных организаций: «охвачено 30 выборочных библиотек общественного пользования, три базы обл. казкнижторга, база Р.П. Союза 6 киосков. Список печати и библиотек который проверяется два раза в месяц. Цензорами – совместителями проведено 13 контрольных проверок по библиотекам три торгующие точки и одна база РП Союза Нуринского района. Остальные 34 проверки были сделаны работниками библиотек. Всего по области за январь месяц изъято по библиотекам 176 экз. книги, 322 экз. в торговой сети разной идеологически невыдержанной и устаревшей литературы, а именно: Айдаровой Х. «Чокан Валиханов», Омаров и Панкратова «История КазССР», Бекхожин К. «Мария дочь Егора», Нуртазин Т. «О творчестве С.М. Муканова. Все трудящиеся Советского Союза изучают материалы XIX съезда партии. Все подведомственные организации где имеются книжные фонды также занимаются изучением документов съезда как областной комитет про работников проводит еженедельно-семинар с зав. клубами и библиотекарями, где читаются лекции, делаются опросы присутствующих товарищей по докладу тов. Маленкова. Дважды было на семинарах цензор по библиотекам по очищению книжных фондов от идеологически невыдержанной литературы. На семинарах бывают от 50 и более человек.» [17, л. 183-184.];

Таблица 5 – вычерки предварительной цензуры и обнаруженных последующим контролем нарушений политико-идеологического характера 1938 года [14, л. 7-8]

№	Название газеты, №, дата, чей орган и где издается, тираж и № лига	Фамилия цензора допустившего или сделавшего вычерки	Краткое содержание или сделанного вычерка	Основания (ст. перечня, № и дата циркуляр ОВЦ и Главл.	Принятые меры
1	Екпенды курлыс № 289, от 20/ХП-38 г. орган Зап. Каз.	Хателов	По предварительной цензуре:	Циркуляр Гл.Лита от 2/	Цензором сняты врагов народа

	Обкома КП(б)К, Облисполкома и Урал. Горкома КП(б)К. тираж 8456 лит №1912		В передовой статье: «21 год на страже» были написаны фамилия врагов народа: Ягода и Мирзояна	Ш-38г. № 332/с	
2	ТОЖЕ № 192 от 23/ХП-38 г. тираж 8456 лит №1915	-//-	В заметке: «Происшествие» - 21 декабря был пожар. От пожара согрел сарай родильного дома. По предварительным данным убытки составляет 8 тысяч рублей	Перечень лит. «Б» ст. 118	Эта заметка цензором было снята
3	«Уральский водник» №172 от 28/ ХП-38 г. орган Политотдела Уральского речного пароходства и бассейнового комитета Союза речников гор. Уральск, тираж 640, №лита 1930	Горбачев	В передовой было напечатано: «Надо добиться того, чтобы каждый рабочий служащий осознали необходимость повседневного укрепления трудовой дисциплины и вели беспощадную борьбу со всякими ее проявлениями».		Исправлено: «Надо добиться того, чтобы каждый рабочий служащий осознали необходимость повседневного укрепления трудовой дисциплины и вели беспощадную борьбу со всякими ее нарушениями».
4	«Экпенды жол» № 114 от 15/ ХП-38 г. орган Лбищенского РК КП(б)К и РИКа тираж 1887, лит № 228	Бектемисов	<i>По последующему контролю:</i> 1. в статье: «Уделить внимание «Жас Кайрату» написано: «В колхозе «Жас Кайрат» ежедневно увеличивается чесотка овец. Сейчас примерно 200 овцематок и производителей находятся в ветеринарном пункте. Плюс к этому еще выявляется вспышка чесотки в непораженном скотном дворе. 2. В этой же статье написано: «Ввиду отсутствия борьбы с инфекционными заболеваниями, сейчас 150 голов производителей, заражены чесоткой, находятся вместе здоровыми овцами. 3. В этой же статье написано: «Выявляется чесотки у лошадей, сейчас 3 лошади поражены чесоткой».	Перечень литер Б ст. 97	

Таблица 6 – отчет цензора Южно-Казахстан. ОБЛЛИТа ОКОРОКОВА В.А. о первичном контроле и сделанных вычерках в газете «Правда Южного Казахстана» [14, л. 41]

Дата №	№ газ.	№ лито	Вскрыты ошибки и сделаны вычерки	Основание	Напечатано после вычерков	Примечание
11/1	9	9	В статье «Библиотека учебных Заведения» показывается Ю. КОЗЛОВСКАЯ, как образцов. библиотекарь. /мое примечание: Козловская жена бывшего ссыльного, сама антисоветских настроена/. Статья снята.	Инструкция Уполном. ЛИТО, §1 п. «г»		



12/1	10	10	В статье «Знаменательная дата было напечатано: «Верховный Совет – это лицо Советского народа, закаленного в жестоких боях с врагами социализма, организовавшего новый общественный строй». Совершенно неправильный оборот, дает повод врагам истолковывать провокационно. Сделаны вечерки.	-/-	«Верхов. Совет-это лицо Советского народа, организовав.Новый обществ. строй закаленного в жестоких боях с врагами социализма	
------	----	----	--	-----	--	--

о политическом искажении в газетах издаваемых на территории Казахстана: «За январь месяц предварительной цензурой Областных газет при предварительной читке газет обнаружено ошибок грамматического порядка «90», политико-смыслового искажения «33» из них более характерные прилагаю отдельно. Предварительной цензурой районных газет и многотиражек ошибок грамматического характера «112», политико-смыслового искажения «35», все эти ошибки были исправлены до выпуска газеты в свет. За январь месяц предварительной цензурой Областных газет при предварительной читке газет обнаружено ошибок грамматического порядка «90», политико-смыслового искажения «33» из них более характерные прилагаю отдельно. Предварительной цензурой районных газет и многотиражек ошибок грамматического характера «112», политико-смыслового искажения «35», все эти ошибки были исправлены до выпуска газеты в свет» [14, л. 89]

В докладной записке о состоянии цензурной работы в Казахстане с 1934 по май 1937 г. подчеркивается: о «важнейших изъятий и задержки произведений, а также сводки о ходе изъятия контрреволюционной, троцкистско-зиновьевской и политически устаревшей литературы [18].

Таким образом, выявленные архивные материалы государственных архивных учреждений имеют актуальный информационный потенциал, который способствует определению направлений научных исследований по формированию цензурных органов и их деятельности.

#### **Заключение**

Таким образом, тенденции развития делопроизводственной документации в этот исторический период происходит в контексте государственного строительства и усиления партийного контроля, что несомненно отразилось на разновидностях делопроизводственных документов и их формы.

На основе комплексного изучения выделены несколько групп документов: делопроизводственная переписка, делопроизводственная статистика, отчетная документация, плановая документация. Переписка отличается многообразием разновидностей документов и по структуре, документальному составу и раскрывает взаимодействие вышестоящих органов с облитами и райлитами. Подчинение Казлиту определяет такая форма документа как приказ. Отчетная документация в фондах архивных учреждений представлена в виде ежегодных и ежемесячных отчетов различного характера о состоянии цензуры: квартальный отчет о выходящих периодических изданиях в республике; годовой отчет; отчеты КИХЛ-е о выполнении планов по выпуску литературы. Делопроизводственная статистика представлена, прежде всего, статистическими сводками, которые дают информацию о количестве сотрудников, заработной платы, их партийности, образовании и т.д.

Кроме того, важно отметить, что органы цензуры регламентировались и контролировались партией и НКВД. Главное управление централизовало все направления цензуры региональных подразделений. Информационный потенциал изученных неопубликованных архивных документов позволяет оценить их репрезентативность по следующим аспектам: 1) кадровую политику органов цензуры; 2) процесс формирования цензурной политики в различных организациях; 3) основные направления цензуры и ее особенности во всех административных структурах Казахстана. Партийный контроль констатирует образы социального мира и внедряет их в сознание своей аудитории через руководство информационными потоками. Кроме того, цензурный механизм в Казахстане проводил политико-идеологический контроль и охрану военно-экономических тайн. На степень развития органов цензуры сильное влияние оказали: политические и общественные условия, недостаточное количество профессиональных кадров, финансовые ограничения, а также социальная специфика казахстанского региона.

#### *Список использованных литературы:*

1. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 1740. О. 3. Д. 8. Л. 1-4.

2. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 10. Л. 3-4.
3. Архив Президента Республики Казахстан (АП РК). Ф. 141. О.1. Д. 1558. Л. 254-255.
4. АП РК. Ф. 141. О. 1. Д. 377. Л. 1.
5. Ф. 17400.Д.10
5. АП РК. Ф. 141. О.1. Д. 369. Л. 23.
6. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 8. Л. 1-4.
7. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 12. Л. 1.
8. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 16. Л. 8-10.
9. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 16. Л. 35.
10. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 6. Л. 3-4
11. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д.11.
12. АП РК. Ф. 708. О. 2/1. Д. 720. Л. 11-13.
13. АП РК. Ф. 708. О. 2/1. Д 720. Л. 14-15.
14. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 18. Л. 89-92.
15. АП РК. Ф. 141. О.1. Д. 373. Л. 60-61
16. АП РК. Ф.141. О. 1. Д. 982. Л. 96.
17. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 2. Д. 1. Л. 141.
18. ЦГА РК. Ф. 1740. О. 3. Д. 4. Л. 1-9.

#### References

1. Tsentral'nyy gosudarstvennyy arkhiv Respubliki Kazakhstan (TsGA RK). F. 1740. O. 3. D. 8. L. 1-4.
2. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 10. L. 3-4.
3. Arkhiv Prezidenta Respubliki Kazakhstan (AP RK). Ф. 141. О.1. Д. 1558. Л. 254-255.
4. AP RK. F. 141. O. 1. D. 377. L. 1.
5. AP RK. F. 141. O.1. D. 369. L. 23.
6. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 8. L. 1-4.
7. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 12. L. 1.
8. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 16. L. 8-10.
9. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 16. L. 35.
10. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 6. L. 3-4
11. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 11.
12. AP RK. F. 708. O. 2/1. D. 720. L. 11-13.
13. AP RK. F. 708. O. 2/1. D 720. L. 14-15.
14. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 18. L. 89-92.
15. AP RK. F. 141. O.1. D. 373. L. 60-61
16. AP RK. F. 141. O. 1. D. 982. L. 96.
17. TsGA RK. F. 1740. O. 2. D. 1. L. 141.
18. TsGA RK. F. 1740. O. 3. D. 4. L. 1-9.

## ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ METHODS OF TEACHING HISTORY

---

---

УДК 930.2  
МРНТИ 03.01.07

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.023>

Б.А. Жамелов<sup>1</sup>, Г.М. Сүлейменова<sup>2</sup>, Қ.Базарбаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: [zhamelov.baglan@bk.ru](mailto:zhamelov.baglan@bk.ru)

<sup>2</sup>Тарих пәнінің эксперт-мұғалімі

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: [Suleimenova\\_g@fmsh.nis.edu.kz](mailto:Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz)

<sup>3</sup> PhD, доцент, Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: [kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz](mailto:kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz)

<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

## ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕГІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ («Іс-әрекетті зерттеу» (Action Research) қазіргі мұғалімнің өзіндік іс-әрекетінің тиімділігін арттыру стратегиясы ретінде)

*Аңдатпа*

Қазақ АКСР-інің құрылуымен Қазақ жерінің тұтастығын қалыптастыру мәселесі күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болды. Тарыдай шашылып, Сібір ревкомының, Түркістан АКСР-інің және РКФСР аумағында қалып кеткен тарихи қазақ жерлерін жаңадан құрылған автономия құрамына қосу ісін алаш қайраткерлері өздерінің маңызды миссиясы деп санады. Қазіргі Қазақстан Республикасының аумағының тарихи-құқықтық тұрғыдағы қалыптасуында қазақ зиялыларының еңбегі орасан зор. Бұл күрделі тарихи оқиға жалпы орта мектептерде 9 сыныптың оқу бағдарламасына енгізілген.

Мақалада қазақ зиялыларының қазақ халқының тарихи аумақтарын тұтастығын қалыптастыру кезіндегі қызметі мен рөлі, осы оқиғаның тарихи маңыздылығын білу мақсатында жалпы орта мектепте 9 сыныпта «Action Research-іс-әрекетті зерттеу» педагогикалық тәсілі аясында өтілген сабақтың зертеу талдамасы қарастырылады. «Action Research-іс-әрекетті зерттеу» мұғалімнің күнделікті не істейтінін жалпы бағалау, сонымен қатар мұғалім рефлексиясының заманауи түрі. Іс-әрекеттегі зерттеуді қалай жүргізу керектігін таңдау осы процеске қатысатын қатысушыларға байланысты. Бұл белгілі бір мұғалімнің, мұғалімдер тобының немесе мектептегі зерттеудің зерттеуі болуы мүмкін. Іс-әрекеттегі зерттеудің мәні мұғалімнің (мұғалімдер тобының) іс-әрекет барысында туындаған белгілі бір мәселені шешу арқылы кәсіби шеберлігін дамытады. Осылайша, іс-әрекетте зерттеу жүргізу арқылы мұғалім өзінің оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізеді. Аталған педагогикалық тәсіл осы тарихи кезеңді оқытуда тиімділігі жоғары және оқушылардың тақырыпты мңгеруде себеп-салдарлық байланысты білу, тарихи оқиғаларды түсініп талдау дағдысын дамытуда маңызды.

**Кілт сөздер:** Action Research, іс-әрекетті зерттеу, әдіс-тәсіл, рефлексия, тарихи концепт, «сұрақ қою» деңгейлік тапсырмалар, территория, алаш зиялылары.

*Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (Грант № АР 19676634)*

Жамелов Б.А. <sup>\*1</sup>, Сүлейменова Г.М. <sup>2</sup>, Базарбаев К. <sup>3</sup>

<sup>1</sup> докторант PhD казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Яссауи

(Казахстан, г. Туркестан), E-mail: [zhamelov.baglan@bk.ru](mailto:zhamelov.baglan@bk.ru)

<sup>2</sup> Учитель-эксперт истории

Назарбаев интеллектуальная школа физика-математического направления

(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: [Suleimenova\\_g@fmsh.nis.edu.kz](mailto:Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz)

<sup>3</sup> PhD, доцент, Казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Яссауи

(Казахстан, г. Туркестан), E-mail: [kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz](mailto:kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz)

<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

**ПРЕПОДАВАНИЕ В ШКОЛЕ ЗНАЧЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ  
ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ВОСТАНОВЛЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛИ  
(Исследование деятельности (Action Research) как стратегия повышения эффективности  
самостоятельной деятельности современного учителя)**

*Аннотация*

С созданием Казахской АССР одним из важных вопросов повестки дня стал вопрос формирования целостности казахской земли. Своей важной миссией деятели Алаша считали включение в состав вновь созданной автономии исторических казахских земель, оставленных на территории Сибирского ревкома, Туркестанской АССР и РСФСР. Заслуга казахской интеллигенции в историко-правовом становлении территории современной Республики Казахстан огромна. Это сложное историческое событие включено в учебную программу 9-го класса в средних школах в целом.

В статье рассматривается деятельность и роль казахской интеллигенции при формировании целостности исторических территорий казахского народа, анализ урока, проводимого в рамках педагогического подхода «Action Research-исследование деятельности» в 9 классе средней общеобразовательной школы с целью познания исторической значимости этого события. "Action Research-исследование деятельности" – это общая оценка того, что учитель делает ежедневно, а также современная форма рефлексии учителя. Выбор того, как проводить исследование в действии, зависит от участников, участвующих в этом процессе. Это может быть исследование конкретного учителя, группы учителей или школьного исследования. Суть исследования в деятельности заключается в том, что учитель (группа учителей) развивает профессиональное мастерство, решая определенную проблему, возникающую в ходе деятельности. Таким образом, проводя исследование в действии, учитель вносит изменения в свой опыт обучения. Данный педагогический подход имеет высокую эффективность в обучении данному историческому периоду и важен для развития у учащихся навыков понимания и анализа исторических событий, знания причинно-следственной связи при изучении темы.

**Ключевые слова:** Action Research, исследование деятельности, метод, рефлексия, исторический концепт, уровневые задания, территория, алашская интеллигенция, педагогика.

*Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант № 19676634)*

*B.A. Zhamelov<sup>1\*</sup>, G.M. Suleimenova<sup>2</sup>, K.Bazarbayev<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>doctoral student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University Turkestan, Kazakhstan,*

*E-mail: [zhamelov.baglan@bk.ru](mailto:zhamelov.baglan@bk.ru)*

*<sup>2</sup>Expert teacher of history. Nazarbayev Intellectual School in Physics and Mathematics*

*Shymkent, Kazakhstan, E-mail: [Suleimenova\\_g@fmsh.nis.edu.kz](mailto:Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz)*

*<sup>3</sup> PhD, associate professor*

*<sup>3</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

*Turkestan, Kazakhstan, Email: [kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz](mailto:kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz)*

*<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>*

**TEACHING AT SCHOOL THE SIGNIFICANCE OF THE ACTIVITIES OF THE NATIONAL  
INTELLIGENTSIA IN RESTORING THE INTEGRITY OF THE KAZAKH LAND**

**(Activity Research as a strategy for improving the efficiency of independent activities of a modern teacher)**

*Abstract*

With the creation of the Kazakh Assr, one of the most important issues on the agenda was the formation of the integrity of the Kazakh land. Alash figures considered their important mission to include in the newly created autonomy the historical Kazakh lands that were scattered and remained on the territory of the Siberian revkom, the Turkestan Assr and the RSFSR. The work of the Kazakh intelligentsia in the formation of the territory of the modern Republic of Kazakhstan in the historical and legal context is enormous. This complex historical event is included in the curriculum of the 9th grade in general secondary schools.

The article discusses the activities and role of the Kazakh intelligentsia in the formation of the integrity of the historical territories of the Kazakh people, the analysis of the lesson conducted in the framework of the pedagogical approach "Action Research-Action Research" in the 9th grade of general secondary school in order to know the historical significance of this event. "Action Research-Action Research" is a general assessment of what the teacher does on a daily basis, as well as a modern form of teacher reflection. The choice of how to conduct research in action depends on the participants involved in this process. This can be a study by a specific teacher, a group of teachers, or a school study. The essence of research in activity is that the teacher (group of teachers) develops professional skills by solving a specific problem that has arisen in the course of activity. Thus, by conducting research in activities, the teacher makes changes to his teaching experience. This pedagogical approach is highly effective in teaching this historical period and is important in the development of students' skills to understand and analyze historical events, to know the causal relationship in the study of the topic.

**Keywords:** Action Research, methodology, reflection, historical concept, level tasks "asking questions", territory, Alash intelligentsia.

*This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AR 19676634)*

**Кіріспе.** XX ғасырдың 20-жылдары қазақ қоғамында болып өткен тарихи тағдырлы оқиғаларды жалпы орта мектептерде оқудегі негізгі мақсат сол кезеңде болып өткен оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын, болашаққа тигізер әсерін, тарихи маңыздылығын қарастыра отырып оқушылардың бойында тарихи сананы қалыптастыру. Оқушылардың бойында отанға деген сүйіспеншілікті сіңіріп, қазақтың мүддесі үшін күресіп, өмірлерін бәйгеге тіккен ұлт зиялыларының өмірі мен өнегелі істерін арқау етіп, оқушылардың бойында тұлғатанушылық білімді қалыптастыру көзделді.

Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу тәсілін мектепте қолдану мәселесі зерттеу XX ғасырдың ортасынан бастап жүргізіле бастады. Зерттеуді қолдану мүмкіндігі әлеуметтік психолог және тәрбиеші Курт Левиннің (Курт Левин) монографияларында байқалады, ол "іс-әрекеттегі зерттеу" терминін зерттеуді, әрекетті, мәселені біріктіретін синкретикалық ұғым ретінде қарастырады. Стефен Кори (Стефен Корей) зерттеуді білім беруде алғашқылардың бірі болып қолданды. Оның пікірінше, білім беруде ғылыми әдісті қолдану өзгерістерге әкеледі, өйткені мұғалімдер зерттеу процесіне де, оның нәтижелерін өзінің педагогикалық жүйесіне енгізу процесіне де қатысады Стефен Кори өзінің еңбегінде біреудің тәжірибесіне сүйенгеннен гөрі, өз жаңалықтары негізінде оқытуды өзгерту оңайырақ екенін атап өтті.

Соңғы жылдары бұл термин қосымша мағынаға ие болды. Қазір зерттеу іс жүзінде кәсіби дамудың құралы ретінде қарастырылады және мұғалімдерге бұрынғыдан да көп дәрежеде бағытталған. (Noffke and Stevenson, 1995). Боргтың (Borg, 1965) пікірінше, іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімдерді сабақ барысында туындайтын мәселелерді шешуге тартуға бағытталған және оның негізгі мақсаты-мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеу арқылы кәсіби дамуы. Зерттеуді іс әрекетте жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде мұғалім өзінің күнделікті қызметін 5 кезең негізінде құрады:

1. Мәселені анықтау.
2. Деректерді жинау.
3. Деректерді талдау.
4. Алынған мәліметтерге негізделген қызмет.
5. Рефлексия.

Аталған әдісті оқушылар өз тәжірибелерін дамытуға, кәсіби дамуды жоспарлау кезінде бағдар жасауға тиімді қолдана алады. Бұл жағдайда іс-әрекеттегі зерттеу-оқытуды қайта қарау мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар, іс-әрекеттегі зерттеу оқушыларға бағытталған, бұл мұғалімдерге өз оқушы-ларының

мүмкіндіктерін анықтауға және басқа мұғалімдерге оқушылармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар дайындауға мүмкіндік береді.

Шымкент қаласында орналасқан физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Action Research жобасын жүзеге асыру бойынша әртүлі пәндерден сабақ беретін арнайы кісіби мұғалімдердің тобы құралған. Негізгі мақсаты мұғалімдердің кәсібилігін жетілдіре отырып, оқушылардың оқу жетістіктерін ілгерілету. Арнайы мұғалімдер тобы Түркістан облысы мен Шымкент қаласы жалпы орта мектеп мұғалімдеріне семинар-тренингтер, ашық сабақтар өткізіп, өз тәжірибесіндегі таратуға тұрарлық идеяларды трансляция жасайды.

9 сыныптардың оқу бағдарламасында көрсетілгендей 1921-1925 жж кеңестік қоғамда болып өткен Қазақ АКСР төңірегіне қазақ жерлерін біріктіру мен Орта Азиядағы халықтарды ұлттық белгілері негізінде мемлекеттік шекаралық межелеу науқаны барысындағы қазақ автономиясының құрамына қосылған қазақ жерлеріне қатысты тақырыптар 2-тоқсанның соңына таман өтіледі. Негізгі мақсат біздің ел үшін жаңашыл педагогикалық тәсіл болып есептелетін «Іс-әрекетті зерттеу» (Action Research) негізінде осы тарихи кезеңде орын алған оқиғаларға қатысты тақырыпты сабақта өту арқылы педагогика-лық іс-тәжірибені байыту мен оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен оқу жетістіктерін жақсарту негізгі мақсат болып табылады. Осы тақырыпты зерттеу аясындағы сабақ етіп жүргізуді жоспарлау кезінде белгілі алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Халықаралық қазақ-түрік университеті-нің оқытушысы Хазрет Тұрсұн Маханұлының кеңестері және мектептегі тарих әдістемелік бірлестігінің мұғалімдерінің берген кеңестері мен кері байланыстары сабақты тиімді етіп жоспарлауда, тақырыптың мазмұнын ашуда маңызды болғанын айтып өту қажет. Сабақты жоспарлау кезінде өзге пәндермен байланыс орнату мақсатында қазақ тілі пәнінің мұғалімдерімен арнайы кездесіп, сабақты бірлесіп жоспарлау мақсатында кеңесу жүргізілді.

**Материалдар мен әдістер.** Сабақ «Іс-әрекетті зерттеу» тәсілі негізінде өткізілді, және білім алушылардың сабақтағы белсенділігіне қадағалау өтті. Сабақтың қорытынды нәтижесін, күшті немесе әлсіз тұстарын айқындау үшін салыстырмалылық әдісі сапалы жүзеге асырылып, конструктивті баға берілді. Әріптестермен бірлесе отырып сабақтың жоспары құрылды. Белгілі ғалым, тарихшы мұғалімдермен бірлесе отырып, сабақты тиімді өткізу үшін сабақтың құндылығын білім алушыларға түсінікті болу үшін заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер мен бағалау түрлері көзделді. Сабақта қолданылатын дереккөздерді сұрыптау кезінде белгілі тарихшы ғалым Хазретәлі Маханұлының кеңестері сабақ жоспарына құрылды. «Іс-әрекетті зерттеу» әдісі бойынша өткізілген алдыңғы кезеңде сабақта берілген кері байланысты ескере отырып, сабақ жоспарланды. «Іс-әрекетті зерттеу» (Action Research) сабақты зерттеу әдісінің негізгі ерекшелігі сабақты ұжымдық жоспарлау негізінде жүзеге асырылатын заманауи әдіс-тәсілдер мен бағалау түрлері оқушылардың пәндік білімін арттыруға, тарихи кезеңнің ерекшелік-терін түсінуге көмектесе алады. Оқушылардың сыни тұрғыда талдау, тәуелсіз ойлау, өзіндік қорытынды жасап, тарихи оқиғаны бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сабақтың соңында үдерістің тиімділігі мен мұғалімге берілетін кері байланыс жолға қойылды. Өткізілген сабақ үдерісі кезінде белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы профессор, Хазретәлі Тұрсұн Маханұлы және тәжірибелі тарих пәнінің мұғалімдері сабақты бақылап, оқушылар мен мұғалімдер әрекетінің үндестігін, білім алушылардың сабақ кезіндегі белсенділігі мен сабаққа қатысуын мұқият қадағалады.

**Нәтижелерді талқылау.** Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу мақсатында 9"D" сыныбына " Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының рөлі қандай болды?" тақырыбын жоспарланды. Зерттеу нысаны ретінде 9"D" сыныбын таңдалуына бірнеше себеп болды:

1. Қазақстан тарихы оқу бағдарламасы үштұғырлы тіл саясатына сәйкес тек қазақ тілінде жүргізіледі, бұл сынып (орыс тілінде) екінші тілде оқиды;
2. Тарихи концептілерге негізделген фокустармен жұмыс оқушыларға қиындық туғызады;
3. Оқу бағдарламасының келесі маңызды мақсаттарының бірі тарихи ойлаудың дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылар өздерінің зерттеулерін, ойлауын, коммуникативті дағдыларын дамытады және тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсінуді үйренеді.

Аталған тақырып оқу бағдарламасы мен оқу жоспарына және оқу мақсатына сай қазақ тілі пәнімен тікелей байланысты болғандықтан, қазақ тілі пәнімен пәнаралық байланыс орната отырып, өткен сабақ оқушылардың тақырыпты жан-жақты әрі терең түсінуге жол ашады. Зерттеу нысанына, мазмұнына сәйкес тапсырмаларды жан-жақты зерделеп, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, зерттеу-шілік дағдыларын дамытатын әдіс-тәсіл, стратегиялар мен тапсырмаларды құрастыруды басшылыққа алынды. Таңдалған тақырыпта тарихи тұлғалар болғандықтан, қазақ тілі пәні мұғалімі Б есімді әріптеспен бірлесе жоспарлауды ұйғарылды, себебі білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуда, іс-әрекеттерін бағалауда тіл маманының көмегі маған қажет екенін түсінікті болды. Өйткені мазмұн мен тілдің қатар

қолданылуы негізінде тілдік дағдыны дамыту басты мақсат етіледі. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін, әріптесіммен қазақ жерлерінің тұтастығын қалыптастырудағы қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Сералин, Ә.Ермеков, А.Бөкейханов сынды алаш тұлғаларының еңбегі туралы бейнебаян көрсетіп, "508" әдісі арқылы әр жұп 5 минут ішінде 8 идея айтады, эвристикалық болжамдар жасау арқылы жаңа тақырыпты анықтайды деп жоспарланды. Өйткені берілген ресурс оқушыларды сыни ойлау дағдысы арқылы өз бетінше сабақ мақсатын ашуға жетелейді. Бұл әдістің тиімділігі: оқушылардың талдау, жоспар құру, көрегенділік дағдыларын дамытады. Сонымен қатар "Қазақ зиялыларының тарихи қазақ жерлерін Қазақ АКСР-інің құрамына біріктіру жұмысының маңыздылығы қандай?", "Қазақ жерлерін біріктіру жұмысында алаш қайраткерлерінің алдынан қандай кедергілер шықты?" т.б проблема-лық сұрақтар қою арқылы оқушылар белгілі бір үдеріс өзгерісін талдап, өзгеріс пен сабақтастық концепті-сімен өзіндік көзқарастарын білдіру керек. Әріптестермен бірлесе отырып, балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалімнің мадақтамасымен жұптарға кері байланыс беру дұрыс деп шешілді, өйткені қолдау көрсету, оқушыларды қандай да бір жетістігі үшін мадақтау, оқушының оқуға деген құлшынысы мен өзіне деген сенімділігін арттырады. Сабақ тақырыбы берілген тапсырма арқылы анық-талғаннан кейін, оқушыларға оқу мақсаты мен күтілетін нәтижелерді, бағалау критерийлерін анықтап алу ұсынылады. Себебі барлық оқушылар оқу мақсатына жетіп, олардан күтілетін нәтижелер саралануы маңызды деп қорытындыладық. Сабақты жоспарлаудың негізгі бөлігі жеке жоспарланды. Зерттеу мен талдау жұмыстарын жүргізу мақсатында оқушыларды үш топқа біріктіріп, зерттеу сұрақтарын ұсына отырып, топтық жұмыс жоспарланды. Топтарға "Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республика-сы құрылуы туралы декрет" деп аталатын тарихи құжаттан үзінді беріліп, "SWOT талдау" әдісі бойынша әр топқа күшті, әлсіз жақтары және мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін анықтап, талдауды тапсыру қажет деп шешілді. Себебі осы арқылы құбылыстар мен фактілер арасындағы байланыстарды зерттеп, балалар тұтас тарихи үдерістерді бағалай алады. Бұл әдіс деректерді сапалы меңгеріп, алған теориялық білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, нақты шешім ұсыну арқылы зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дерекпен жұмыс жасау критерийлері берілу қажет деп шештім, өйткені критерийлер оқу мақсатына жетуге ықпалын тигізеді. Бұл тапсырмада топтық "Бір ауыз сөз" бағалау әдісін қолдану тиімді, осы әдіс арқылы олардың түсіну деңгейін тексеріледі.

Оқушылардың зерттеушілік біліктері мен дағдыларын көру мақсатында "Қазақ АКСР мен Алаш Орда үкіметін" салыстыруды әріптестер "Салыстырмалы әдіс" (контрасивті) арқылы орындатуды ұсынды. Бұл әдістің тиімділігі: зерттеушінің зерттеу материалын қарастырудағы нақты іс-әрекетін көрсетіп, әртүрлі көзқарастарды салыстырып, ортақ шешім табуға, яғни таныстырылымдық дағдысын дамытуға септігін тигізеді. Берілген дескрипторға сәйкес оқушыларға бірін-бірі бағалау тапсырылады, бағалаудың бұл түрі арқылы оқушыларды шынайылыққа, сенімділікке тәрбиелеуді мақсат еттік.

Оқушыларды ғаламтор ресурстарын дайындауға тарту мақсатында осы сыныптағы оқушыларды біртекті деп қарамай, өз оқуымды саралауды жоспарда қарастыра алдым. Саралаудың "Дереккөз арқылы" әдісін қолдана отырып, ерекше қабілетін байқатып жүрген А есімді оқушыға алдын-ала өтілген сабақпен байланыстырып, XX ғасырдың басындағы қазақ қайраткерлерінің атқарған қызметі туралы мәлімет қарап келуге тапсырма берілді. А есімді оқушы "А.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың тарихи зерттеулері мен қызметтері туралы" бейнебаянды зерттеп, сабаққа қажет деп шешіпті. Тапсырманы оқушымен бірге талдап, сабаққа қолдануды жөн деп саналды және "Синкретикалық ойлау" тәсілі арқылы қолдануды дұрыс деп шешілді. Оқушылар алдын-ала берілген сұрақтарға өз бетінше жауап алады және АКТ сабаққа тиімді кіріктіріледі. Бұл әдістің тиімділігі: ойлау әрекетінің дағдылары мен біліктерін, қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, дұрыс шешім қабылдау, тұлғалардың қызметін тарихи маңыздылық контексте сын тұрғысынан талдап, баға беру дағдылары дамиды. Сонымен қатар оқу мақсатына жетуге мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ берілген сұрақтар сыныптың жас ерекшеліктеріне қарай сараланып құрылғандықтан, тәжірибені зерттеу тобындағы К есімді әріптесімнен қосымша кеңес алып, екеуміз барлық оқушылар сабақта қамтылады деп шештік. Осы тапсырманы орындау барысында кинестетикалық, визуалды және аудиалды қабілетті оқушылар өз мүмкіндіктерін көрсете алады. Бұл тапсырмадан соң оқушылар өзін-өзі "4Қ" әдісі арқылы бағаласа дұрыс болады. Егер күтілетін нәтиже оқушыларға толық түсінікті болса, сол арқылы оқушылар өздерінің жеткен жетістігін анықтап, нені жақсарту керектігін біле алады. Оқушылардың ой тұжырымдарын жасау, материалдарды құрылымдау білігі мен дағдысын қалыптастыру мақсатында жұптық жұмыс ретінде "Қоқан автономиясы мен Алаш Орда үкіметінің ортақ идеясы неліктен жүзеге аспады?" деген проблемалық сұрақ беріп, оны "Т-талдау" кестесі бойынша орындатуды жоспарладық. Бұл әдістің тиімділігі: бір-бірімен пікір алмасып, оқушылардың сөздік қоры артады, ортақ шешім тауып, өз ойларын еркін жеткізе білу дағдылары қалыптасады, мұғалімнің көмегінсіз мәселенің шешу жолдарын іздейді. Берілген критерийлер бойынша

"Шығу парағы" әдісі арқылы бағалау жүргізіледі. Жұптық бағалаудың тиімділігі: жұптар бір-біріне сыни тұрғыдан баға беруге үйренеді. Сабақ соңында оқу мақсатын қалай меңгергендігін білу әрі кері байланыс алу үшін "Табыс баспалдағы" әдісін қолдануды жөн деп санадым, себебі оқушы өзінің тақырыпты қанша-лықты меңгергендігін анықтай алады. Бұл әдістің тиімділігі: оқушылардың рефлексиясын басшылыққа алып, зерттеу бойынша келесі сабақты жоспарлауға септігін тигізеді. Іс-тәжірибені зерттеу сабағымда жоспарланған жаңа әдіс-тәсілдер, бағалау стратегиялары және қолданған ресурстар оқушыларды өз бетімен және тікелей бақылауға қатыстыру арқылы олардың қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын, біліктерін дамытады деп есептедім. Сабақты тиімді жоспарлау - сапалы білім берудің бастамасы. Сабақтың сәтті өтуіне жоспарда берілген ресурстар, әдістер мен бағалау құралдарының ықпалы болады деген ойдамын.

**Нәтижелер.** Сабақты жоспарланған Алаш зиялылары туралы бейнебаян көрсетуден бастадым. Бейнебаянды көріп болған соң, екінші тілде оқитын сынып болса да, оқушылар "А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков - елдің патриоты, себебі қазақ жерінің біртұтастығын көздеді", "Қазақ жерлерін біріктіруші", "қазіргі Қазақстан аумағының құқықтық-тарихи тұрғыда қалыптасуындағы қазақ зиялыларының еңбегі", "Жер тағдыры-ел тағдыры" атты тақырыптардың бірін таңдап, ауызша дәлелдер келтіре отырып, талдау жасады. Қазақ зиялыларының бірнеше тілді меңгерген лингвист екенін, барлық ғылым салаларынан қыры бар екендігін білді. Оқушылар бүгінгі күнмен байланыс орнатып, қазіргі тәуелсіз қазақстанның аумағын қалыптастырып, аумағымызды шегелеп берген Алаш қайраткерлерінің еңбегі зор екендігін бағалады. Түбі бір тәуелсіз ел болатынымызды болжай білген Алаштықтар тарихи қазақ жерлерін қазақ автономиясының төңірегіне біріктірудің маңызды іс екендігін жақсы түсініп, Лениннің алдында қорғап Ақмола мен Қостанайды, Оралды қорғап қалды. Бір кездегі алаш зиялыларының арманы болған тәуелсіздік ХХ-ғасырдың соңында туды. Қазіргі еліміздің аумағы мен шекарасын шегендеу жұмысында қазақ зиялыларының еңбегі ересен деп тұжырым жасаған оқушылар мен күткеннен де керемет эвристикалық болжамдар жасады. Алаш қайраткерлері туралы түсініктері қалыптасқаннан кейін, сабақтың тақырыбын табу және берілген оқу мақсатына сай сабақ мақсатын болжау оқушыларға қиындық туғызбады, өйткені бейнебаян немесе суреттер мен дәйексөздер арқылы тақырыпты болжауға балалар дағдыланған еді. Сонымен қатар оқушыларға күтілетін нәтиже мен бағалау критерийлерін талқылатқан кезде, балалардың сабаққа деген қызығушылығы артты, оқу мақсаты бойынша күтілетін нәтижеге қолжеткіземіз деген сенімділік пайда болды. Сабақтың негізгі бөлігі балалардың зерттеушілік дағдысын дамытуға бағытталғандықтан, мәтін беріліп, SWOT талдауын жүргізу кезінде, оқушылар менің көмегімсіз шешу жолдарын ұсынуға ұмтылғаны байқалды. Берілген құжаттың қазақ халқына тигізетін күшті және әлсіз тұстарын, қауіп-қатерлерін талдауға белсенділік танытқанмен, мүмкіндіктеріне келгенде кедергілерге тап болды. Критерийлерге SWOT талдауының әр бөлігіне бірнеше шешу жолын көрсеткенімде дұрыс болар еді деген ой туындады. Себебі күшті жақтары мен қауіп-қатерлерін, әлсіз жақтары мен мүмкіндіктерін байланыстырып, туындаған мәселелерге шешу жолдарын ұсытуда кейбір оқушылар қателіктерге бой алдырды. Сондықтан келесі жолы матрицаны және толықтырылған критерийлерді міндетті түрде беру керек деп шештім.

Оқушылардың тарихи ойлау және зерттеушілік дағдыларын байқау мақсатында "Қазақ АКСР мен Алаш Орда үкіметін" салыстыру тапсырмасын орындау кезінде әріптесімнің кеңесі көп көмегін берді. Бұл тапсырманы балалар бейнебаянда берілген фактілерге және мәтінге сүйеніп, сабақтың мақсатына жету үшін орындады. Кейбір оқушылар автономиялардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын талдау кезінде тілдік кедергілерге байланысты тарихи ұғымдардың мағынасын түсінбегенін байқадым. Келесі сабақтарымда терминдермен жұмыс түрін көбейтуді жоспарлаймын деп шештім. Әйтсе де оқушылар салыстыру тапсырмасын қызығушылықпен орындады. Өзге ұлт өкілі В есімді оқушым: "Қазақ зиялылары үшін қазақ жерлерін тұтастандыру басты мақсат болды және біз Алаш азаматтары аңсаған тәуелсіз мемлекетпіз, Ахметтер мен Әлиханнардың, Әлімханнардың қазақ жерлерін біріктіру жұмысындағы басты көздегені де түбінде тәуелсіз ел болатын қазақтың жерін түгелдеу болатын", - деп тапсырманы пайымдап, мені таңғалдырды. Ал әрбір сабақта белсенділік көрсететін М есімді оқушым өз ойын "Қазақ АКСР Алаш Орда үкіметінің ерекшеліктері: большевиктер ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы жөніндегі ресми құжаттарына үміттеніп, оның жүзеге асатынына сенгендігі", - деп сыни талдаумен жеткізіп, білімі мен түсінігінің терең екенін көрсетті. Екі автономияны салыстыру барысында кейбір балалар тілдік кедергілерге байланысты ойын нақты жеткізе алмаса да, күтілетін нәтиже біз жоспарлағандай болды: салыстырды және ортақ шешім шығарып, бір қорытындыға келді.

Сабақтың тақырыбына қатысты оқушыма алдын ала берілген тыңдалым тапсырмасына сай бейнебаянды дұрыс таңдалғанына көзім жетті. Себебі оқушылар бейнебаянды қызығушылық таныта көріп, берілген сұрақтарға жауап іздей бастағаны анық байқалды. К есімді оқушым "қазақ зиялылары аз уақыт



өмір сүргеніне қарамастан, Қоқан және Алаш автономиясы қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының тарихы мен өміріндегі ерекше құбылыс болды", - деп маңыздылығын пайымдаса, Ш есімді оқушым: "Алашорда үкіметінің құлауынан кейін алаштықтар Қазақ АКСР төңірегіне топтасып, қазақ жерін біріктіруде барлық амалдар тиімді деп санады", - деп екі автономияның мақсаттарына өз ой тұжырымын жеткізді. Саралау сұрақтарына Р есімді оқушым: "Саяси билік ұлттық негізде құрылған автономиялармен келіспей, қайғылы әрекеттермен басып тастады, сонымен қатар басшыларды қудалау тактикасы пайда болды", - деп алған мәліметтерге талдау жасау дағдысының қалыптасқанын көрсетті. Бұл оқушылардың бейнебаяндағы ақпаратты жан-жақты талдай алатындықтарын және осындай ресурстарға қызығатындарын дәлелдеді. Қабілеті жоғары оқушыларым бейнебаянды бағалап, талдау және ойлау дағдыларына ие екендіктерін көрсетіп, мені қуантты. Бұл тапсырманы орындату барысында оқушыларымды жүйелі түрде зерделеу, тұжырымдау, дағдыландыру арқылы кез келген баланың зерттеушілік дағдысын дамытуға болатындығына көзім жетті. Ресурсты дайындап келген оқушыны үлгі етіп, ризашылығымды білдірдім. Әрі осындай тапсырма беруді жалғастыруды дұрыс деп таптым. Себебі оқушылар сабаққа сай ресурстарды таңдайды әрі зерттеушілік қабілеті қалыптасады.

Келесі тапсырмада жұптық жұмыс "Т-талдау" кестесі ? Қазақ АКСР-інің құрамына қосылған тарихи тұрғыдағы қазақ жерлері мәңгілікке қазақтікі болды" деген тұжырымды қойып, сабаққа интерпретация жасалды. Талдау жұмысының негізінде әр жұп өздерінің нәтижелерін сыныпқа таныстырды. Осы тапсырманы орындау барысында оқушыларымның гипотезаларды ұсына білу, өздерінің айтқан түсініктеріне анықтама бере білу және рефлексия жасай білу дағдылары қалыптасқанын байқадым. Дегенмен жұпта өзара байланыс жасау, келісімге келу, яғни коммуникациялық дағдыларды қалыптастыру керек деген тұжырымға келдім. Себебі кейбір жұптар ортақ шешімге келу барысында басқаларды тыңдап, түсінуде, бір-бірімен келісімге келе алмай қалды.

Оқыту барысында аздап қиыншылықтар туғанымен, әріптестеріммен ақылдасып, өз тәжірибеме сүйеніп, алдыңғы сабақтарымның нәтижелерін ескере отырып жоспарлаған сабағым сәтті өтті. Әріптесім екеуміз жоспарлаған "508" әдісі, "Салғастырмалы әдіс", "Синкретикалық әдіс", "Т-талдау" кестесі оқушыларымның зерттеушілік дағдыларын, ойлау қызметі мен ақпаратты іздеу дағдыларын дамыта алды. Тәжірибені зерттеу аясында өткізілген сабақ зерттеу мақсаты мен күтілетін нәтижеге сай келді. Бірақ бұл сабақтан түйгенім көп: тапсырмаға барынша критерийлерді нақтылап беру, тарихи ұғымдармен жұмыс түрлерін көбейту және оқушыларды ресурстарды құруға қызықтыру жолдарын ұйымдастыру керек.

Тәжірибені зерттеу үдерісінде әзірленген сабағымда оқушылардың жетістіктері сабақ бойы үзіліссіз бағаланып отырды. Берілген оқу мақсатына оқушылардың өздері нақтылаған күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлері менің ұсынған тапсырмаларыма сай келіп, балалардың ойынан шықты. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында әр жұптың даму траекториясын қалыптастыру үшін, олардың қабілеті мен сұранысына сай өзім кері байланыс бердім. Менің берген кері байланысым оқушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырғанын олардың эмоцияларынан байқадым. "Бір ауыз сөз" бағалау стратегиясын мен SWOT талдау тапсырмасын орындау кезінде топтардың бірін-бірі бағалату арқылы қолдандым. Бұл бағалау әдісіне оқушылар үйреніп қалғандықтан, бір-бірінің іс-әрекеттерін тиімді анықтап, сәтті және сәтсіз тұстарына талдау жасады. Бір топ мүшелері келесі топтың жұмысын бағалау кезінде олардың талдауында жүйелік бар екенін және мәтінге пайым жасағанын нақтылап айтып өтті. Берілген критерийлерге сай талдау жасағанын, сонымен қатар өздері қарастырмаған тұстарын үйренгенін айтты. Бірақ топтық жұмыс болғандықтан, тілдік кедергілері бар кейбір оқушыларым тапсырманы орындау кезінде белсенділік танытпады. Ендігі сабағымда деректерді талдауды топтық жұмыс емес, жеке жұмыс ретінде беру қажет екенін білдім. Келесі тапсырманы бағалау жоспарлауыма сәйкес берілген дескриптор бойынша болды. Бұл бағалау кезінде балалардың сыни бағалауды объективті жүргізгені, өзгені бағалай алатыны мені қуантты. Олар өздерінің әлсіз тұстарын жойды, тапсырманың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіре алды және бір-біріне көмектесе отырып, оқу мақсатын ашатын ақпаратты тереңірек зерттеп талдауды меңгерді. Көрсетілген бейнебаян бойынша сараланып құрастырылған тапсырмаларға өзін-өзі бағалау "4Қ" әдісі арқылы жүргізілді. Күтілетін нәтижені оқушылар өздері құрастырғандықтан, әр оқушы өзінің күшті және әлсіз жақтары туралы сындарлы кері байланыс берді. Р есімді оқушым: "А.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, М.Сералин туралы құнды мәлімет білдім, бірақ әлі де ізденіп зерттеуім қажет", - десе, Ш есімді оқушым: "Қажет ақпараттар алдым, күтілетін нәтижеге жеттім", - деп өзін-өзі бағалады. Д есімді оқушым берілген бағалауға қосымша өз критерийін ұсынып, сол критериймен өзін бағалады. Мен ол оқушының бейнебаянды тыңғылықты көріп, басқа да ерекшеліктерді байқағанын, оның артықшылығын оқушылардың алдында айтып, мерейін көтердім. Бірақ

келесі сабақтарымда оқушылардың ойымен санаса отырып, сол сабақ уақытында бала-лармен бағалау критерийлерін талқылап, оқушылардың ұсынысын ескеріп отыруды мақсат еттім. Дегенмен мен балаларымның ақпаратты-іздену дағдылары, яғни материалды құрылымдай білу және басты мәселені көрсете алу біліктерінің дамығанын түсіндім. Бұл мені әрі қарай жұмыс жасауға жетеледі. Оқушылардың сабақты интерпретация жасауы үшін, алдын ала жасалынған "Шығу парағы" арқылы жұптық бағалау жүргізілді. Бағалау барысында мен оқушыларымның объективті бағалауға дағдыланған-дарын білдім. Кері байланыс сәтінде қолданған "Табыс баспалдағы" әдісі тәжірибеде дұрыс тандалғаны байқалды. Бұл стратегияны ауызша жүргізуді жөн көрдім. Өйткені оқушылардың бүгінгі сабақта қандай кедергілерге кездескені, нені ұққанын білу маған маңызды. М есімді көшбасшылыққа ие оқушым: "Тақырып күрделі, соған қарамастан, мен алаш зиялыларының жер тағдыры-ел тағдыры қағидасын негізге алғандығын, қазақ жерін тұтас бір автономия құрамына жинауды негізгі мақсат еткендігін білдім. Оқушының осы сабақта деректерді, құжаттарды оқу арқылы зерттеушілік қабілеті ашылғанын байқадым. Ал В есімді оқушым: "Қиын, бірақ түсінуге тырыстым. Маған әлі де болса қазақша тарихи ұғымдармен дұрыс жұмыс жасау керек", - деп өзінің тілдік кедергіге тап болғанын жеткізді. Бұл маған В сияқты оқушылармен болашақта тарихи ұғымдармен жұмыс жасау керектігін ұғындырды. Сабағымда жоспар-ланған бағалау стратегиялары балаларды зерттеушілікке, талдау мен пайымдауға, бағалауға дағдылан-дыра алды. Себебі оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің жақсы және әлсіз тұстарын саралап, сындарлы кері байланыс беріп, өзінің жеке даму аймағын анықтап, нені жетілдіру керектігін түсінді. Келесі сабақтарымда оқушыны бағалау критерийлерін әзірлеуге тарту, сонымен қатар веб-сервистің көмегімен бағалаудың сандық формалары мен шаблондарын құрастыру керектігін түсіндім.

**Қорытынды.** Тәжірибені зерттеу сабағымда жоспарланған іс-әрекеттердің барысы оқу мақсатының және күтілетін нәтиженің талаптарына жетті деп айта аламын. Себебі оқыту мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін белсенді оқу әдістері қолданылды. "Синкретикалық ойлау" әдісін бұрын тәжірибеде қолданбаған едім, бұл әдіс оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ой-пікірлерін дәлелдеп, тарихи гипотеза ұсынып, зерттеушілік ойлау дағдыларын қалыптастырды. Сонымен қатар бұрынғы сабақтарымда салыстыру мақсатында "Венн диаграммасы" әдісін қолдансам, әріптесімнің кеңесімен "Салыстырмалы әдісті" пайдаланғаным оқушылардың қызығушылығын арттырды. Ал SWOT талдауын ұсынған кезде сыныптың қажеттілігіне қарай шешімін міндетті түрде беру керектігін түсіндім. Сонымен қатар деректер мен бағалаудың стратегиялары қолданылып, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін түрлі ресурстар пайдаланылып, балалардың сабаққа деген қызығушылығы артты. Оқушылардың көтерілген мәселені еркін талдап, пайым жасау арқылы зерттеу қабілет-тері шындалды. Таңдаған зерттеу бағытым мен кәсіби даму мақсатым да өзімнің дамуыма септігін тигізді. Балалар берілген ресурстар, деректермен жұмыс жасау барысында проблемаларды анықтап, сыни тұрғыдан бағалап, өздерінің зерттеу қорытындыларын тиімді түрде ұйымдастырып көрсете білді. Осы зерттеу сабағым менің тәжірибемді арттырды. Зерттеу сабағымда әріптестерімнің ақыл кеңесі, бірлесіп жоспарлау, үздіксіз сабақтастық, кіріктіре, жас ерекшеліктерін ескере отырып саралап оқыту менің педагогикалық шеберлігімді шыңдай түсті. Сондай-ақ сабақ уақытында балалармен бағалау критерийлерін талқылап, оқушылардың ұсынысын ескеріп отыруды мақсат еттім және тарихи терминдер мен ұғымдарды сауатты қолдану үшін глоссариймен жұмыс жасату арқылы бейімдеу керек екенін түсіндім. Жалпы алғанда қазақ зиялылары соның ішінде алаш қайраткерлерінің қазақ халқына қатысты сіңірген еңбегі мысалындағы сабақтарды өткенде, қазақ мемлекеттілігінің территориялық аумағын сақтап қалу жөніндегі күресін түсіндіргенде сабақтарды «Іс-әрекетті зерттеу» (Action Research) әдісін қолданудың тиімділігі айқындалды. Ашық сабақ ретінде өтілген аталған сабаққа кірген өзге әріптестер және белгілі ғалым, алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы профессор, Хазретәлі Тұрсұн Маханұлының және педагогика саласының майталманы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Атемова Қалипа Тұрсыновнаның сабақты бақылап, берген кері байланыстарының маңызы зор болып, өз сабағымды жақсартуда, келесіде қалай өткізу керек екендігі бойынша құнды бағыт-бағдарлар алынды. Берілген кері байланыстарды болашақта қолдану арқылы оқушылардың алаш зиялыларының қазақ жері аумағының біртұтастығын қалыптастыру ісіне сіңірген оразан зор еңбегіне тиімді баға беріп тұлғатану бойынша өзіндік пікірлерінің қалыптасуына себепкер болатындығын, оқушылардың бойында зиялылар қызметіне сүйіспеншілік пен отанға махаббат, патриотизм сынды рухани құндылықтарды сіңіруге болады.

Зерттеу сабағымды талдай келе, өзімнің іс-тәжірибеме даму аймағын анықтадым:

➤ тапсырмаға критерийлерді барынша нақтылап беру, тарихи ұғымдармен жұмыс түрлерін көбейту және оқушыларды ресурстарды құруға қызықтыру жолдарын ұйымдастыру;

- құжаттардың құндылығын талдауды жеке жұмыс түрінде беру;
- оқушыны өз жетістіктерін салыстыру негізінде оқу үрдісіндегі бағалауға тарту;
- веб-сервистің көмегімен бағалаудың сандық формалары мен шаблондарын құрастыру.

Зерттеу сабағымның сапасын бағалау негізінде әріптестеріме нақты мынадай ұсыныстар берер едім:

- оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында тиімді проблемаларды анықтау;
- оқу мен бағалаудың ақпараттық және коммуникациялық технологияларын дұрыс пайдалану;
- оқушылардың қажеттілік деңгейіне сай оқуды түрлендіру;
- жобалық және зерттеушілік әрекеттерді жүзеге асыру.

Өзімнің тәжірибемді дамыту мақсатында алдыма қоятын мақсаттарым:

- зерделеудің зерттеушілік әдістерін қолдану;
- балалардың зерттеушілік дағдыларын дамыту және әріптестеріммен зерттеуді жалғастыру;
- үздіксіз білімді жетілдіру;
- тәжірибені зерттеу әрекетімді жалпы мектептер мен Зияткерлік мектептің мұғалімдерімен бөлісіп,

олардан кеңес алу.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Schleicher A. *Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21 st Century: Lessons from around the World. Background Report for the International Summit on the Teaching Profession. OECD Publishing, 2012-106 pp. <http://www.oecd.org/site/eduistp2012/49850576>. Pdf*

2. *Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Руководство для учителей. Второй основной уровень. Издание третье.-Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.-237 с.*

3. Краевский В. В., Бережнова В. Е. *Методология педагогики: новый этап.-М.: Академия, 2008-400 с.*

4. *Creating Effective Teaching and Learning Environments: first results from TALIS. Paris: OECD. -310 pp.*

5. Попова Л. А. *Как сделать педагогический опыт продуктом для обмена. //Открытая школа №6 (107), Алматы, 2011.-С. 2-4.*

6. Schon D. *The Reflective Practitioner. San Francisco, CA. Jossey-Bass, 1983.-325 pp.*

7. Brookfield S. *Becoming a Critically Reflective Teacher. San Francisco, CA Jossey-Bass, 1995-269 pp.*

8. Monn J. *Reflection in Learning and professional development. London: Routledge Falmer, 1999.-P. 7.*

9. Wilson E. *School-based Research. London Sage, 2013.-357 pp.*

10. Бизяева А. А. *Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия.-Псков:ПГПИ им. С.М. Кирова, 2004. -216 с.*

11. Гаргай В. Б., Куракбаев К. С. *Рефлексивная педагогика как путь становления и развития профессиональной компетентности учителя //Сибирский педагогический журнал №7. Новосибирск, 2009. – С. 343-356.*

12. Новиков А. М. *Методология образования. – М.: ЭГВЕС, 2006. – 488 с.*

13. Таубаева Ш. Т. *Введение в методологию и методику педагогического исследования. Учебное пособие. – Туркестан: Туран, 2007. – 190 с.*

14. Таубаева Ш. Т. *Исследовательская культура учителя. – Алматы: Алем, 2000. – 370 с.*

15. Жамелов Б. А. Тұрсұн Х. М. Жамелов Б. А. *Қазақ зиялыларының қазақ жерінің тұтастығын қалыптастырудағы қызметін мектепте оқыту (Lesson-study «сабақты зерттеу» аясында өткізілген сабақ мысалында) Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. «Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар» сериясы №2 (77) 2023*

#### References:

1. Schleicher A. *Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21 st Century: Lessons from around the World. Background Report for the International Summit on the Teaching Profession. OECD Publishing, 2012-106 pp. <http://www.oecd.org/site/eduistp2012/49850576>. Pdf*

2. *The program of course improvement of the qualification of pedagogical workers of the Republic of Kazakhstan. Leadership for teachers. The second main level. «No,» he said.- Astana: JSC «Nazarbayev Intellectual Schools», 2012.-237 P.*

3. Kraevsky V. V., Berezhnova V. E. *Methodology of pedagogy: new stage.- M.: Academy, 2008-400 P.*

4. *Creating Effective Teaching and Learning Environments: first results from TALIS. Paris: OECD. -310 pp.*

5. Popova L. A. *How to provide a pedagogical experience for the product. // Open School №6 (107), Almaty, 2011.-p. 2-4.*
6. Schon D. *The Reflective Practitioner. San Francisco, CA. Jossey-Bass, 1983.-325 pp.*
7. Brookfield S. *Becoming a Critically Reflective Teacher. San Francisco, CA Jossey-Bass, 1995-269 pp.*
8. Monn J. *Reflection in Learning and professional development. London: Routledge Falmer, 1999.-P. 7.*
9. Wilson E. *School-based Research. London Sage, 2013.-357 pp.*
10. Bizyaeva A. A. *Psychology of the thinking teacher: pedagogical reflection.- Pskov: pgpi im. S. M. Kirova, 2004. -216 P.*
11. Gargay V. B., Kurakbaev K. S. *Reflexive pedagogy as the way of stanovleniya and development of professional competence of the teacher // Siberian pedagogical Journal №7. Novosibirsk, 2009. – pp. 343-356.*
12. Novikov a.m. *methodology of Education. – М.: EGVES, 2006. – 488с.*
13. Taubayeva Sh. T. *Introduction to the methodology and methodology of pedagogical research. «I don't know,» he said. – Turkestan: Turan, 2007. – 190 P.*
14. Taubaeva sh. T. *Issledovatel'skaya culture teacher. – Almaty: Alem, 2000. – 370s.*
15. Zhamelov B. A. Tursun H. M. Zhamelov B. A. *School training of the activities of the Kazakh intelligentsia in the formation of the integrity of the Kazakh land (on the example of a lesson conducted in the framework of Lesson-study «lesson study») Kazakh National Pedagogical University named after Abai. The messenger. Series «history and political social sciences» №2 (77) 2023*

ӘОЖ 94(574)  
МРНТИ 03.01.07

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.024>

М.А. Бесбаев\*<sup>1</sup>, Б.Исабек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан  
E-mail: [madi.besbayev.79@mail.ru](mailto:madi.besbayev.79@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-5478-3587>

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан  
E-mail: [barsha73@mail.ru](mailto:barsha73@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

## КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ИШАН-МОЛДАЛАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Тәуелсіз еліміз өркениетті әлемге танылып, елдігіміздің берік іргетасы қаланып, қасиетті де киелі құндылығымыз – Егемендік халқымыз үшін жаңа өрлеу жолын ашты. Қазақстан көп ұлтты, көп конфессиялы, зайырлы мемлекет. Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан әркімнің діни наным-сенімі өз еркінде. Қазақстан – бейбітсүйгіш ел. Біздің елде діни алауыздыққа, ұлт араздыққа жол жоқ, өйткені еліміздің басты ұстанымы азаматтарымыздың бейбіт өмір сүруі. Бейбітшілік – адамзаттың басты құндылығы. Дін ұлтқа бөлінбейді. Діни тұрақтылық та ең маңызды мәселелердің бірі. Әлемде орын алып отырған кесір-кесапағтардың, ұрыс-жанжалжалдардың себебін белгілі діннен іздеу себепсіз. Кеңес өкіметі кезінде ұлтымыздың діни жағдайы қиын болды деп айтуға болады. Ол кезеңде қазақтың дінге қарсы саясаты мен дін туралы саясаты, олардың әрекеттері зерттелмеген болатын. Кейбір жарияланған еңбектерде кеңес өкіметі басшыларының конфессияларға қатысты ахуалы мен идеологиялық жағдайы, атеистік саясаты осы уақытқа дейін ашық жарияланбаған.

Мақалада кеңестік кезеңдегі діни ахуал, дінге қатысты саясат, ишан-молдалардың құрбандыққа ұшырауы қарастырылады. Сонымен қатар «тарих» білім беру бағдарламасының білім алушыларына кеңестік кезеңдегі ишан-молдалардың құғынға ұшырауын оқыту әдістемесі мен принциптері айқындалды.

**Кілт сөздер:** кеңес кезеңі, ишан-молда, репрессия, оқыту, ұстаным, дін саясаты.

*Бесбаев М.А.<sup>\*1</sup>, Исабек Б.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>докторант, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
Шымкент, Казахстан*

*E-mail: [madi.besbayev.79@mail.ru](mailto:madi.besbayev.79@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-5478-3587>*

*<sup>2</sup>Кандидат исторических наук, доцент.*

*Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан*

*E-mail: [barsha73@mail.ru](mailto:barsha73@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>*

## ОБ ИШАН-МУЛЛЫ В СОВЕТСКИХ ПЕРИОДАХ И ИХ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ

### *Аннотация*

Независимая страна была признана цивилизованным миром, заложил прочный фундамент нашей страны и открыл путь к новому подъему для нашей священной и священной ценности – суверенного народа. Казахстан многонациональное, многоконфессиональное, светское государство. Поскольку Казахстан-светское государство, религиозные убеждения каждого волеизъявлены. Казахстан-миролюбивая страна. В нашей стране нет религиозного раскола, национальной вражды, ведь главная позиция нашей страны-мирное сосуществование наших граждан. Мир-главная ценность человечества. Религия не разделена на нацию. Религиозная стабильность также является одним из самых важных вопросов. Поиск причин, по которым в мире происходят отречения, ссоры и ссоры, в известной религии беспричинен. Можно сказать, что религиозное положение нашего народа в годы советской власти было тяжелым. В то время казахстанская антирелигиозная политика и религиозная политика, их действия не были изучены. В некоторых опубликованных работах положение и идеологическая позиция руководителей советской власти по отношению к конфессиям, атеистической политике до сих пор открыто не публиковались.

В статье рассматривается религиозная ситуация советского периода, политика в отношении религии, виктимизация ишан-мулл. Также были определены методика и принципы обучения обучающихся образовательной программы «История " правлению ишан-мулл советского периода.

**Ключевые слова:** советский период, ишан-мулда, репрессии, обучение, принцип, политика религии.

*М.А. Besbayev<sup>\*1</sup>, В.К. Issabek<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>PhD. Doctoral student. South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan*

*E-mail: [madi.besbayev.79@mail.ru](mailto:madi.besbayev.79@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-5478-3587>*

*<sup>2</sup>Candidate of History Sciences, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan*

## ABOUT ISHAN-MULLAHS IN THE SOVIET PERIOD AND THEIR TEACHING PROBLEMS

### Abstract

The independent country was recognized by the civilized world, laid a solid foundation for our country and opened the way to a new rise for our sacred and sacred value – the sovereign people. Kazakhstan is a multinational, multi-confessional, secular state. Since Kazakhstan is a secular state, the religious beliefs of each expression of will. Kazakhstan is a peace-loving country. There is no religious schism or national enmity in our country, because the main position of our country is the peaceful coexistence of our citizens. Peace is the main value of humanity. Religion is not divided into a nation. Religious stability is also one of the most important issues. The search for the reasons why renunciations, quarrels and quarrels occur in the world is groundless in a well-known religion.

The article examines the religious situation of the Soviet period, the policy towards religion, victimization of Ishan mullahs. The methodology and principles of teaching the students of the educational program "History" to the board of the Ishan mullahs of the Soviet period were also determined.

**Keywords:** Soviet period, ishan Mullah, repression, education, principle, politics of religion.

**Кіріспе.** Бүгінгі күні қоғамымызда діннің орны ерекше. Өйткені дін біріктіруші фактор. Ал кейбір топтар оны ыдыратушы фактор ретінде пайдаланғысы келеді. Сондықтан да дінді қоғамнан бөле жаруға болмайды. Адамзат тарихында мәдениет қалыптастырып, мемлекет құра алмаған халықтар болған, бірақ, сенімсіз, дінсіз және ғибадатханасыз мемлекет болмаған.

Кеңес заманындағы қазақ халқының діни-рухани дамуының қайғылы болды деуге болады. Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы дінге қарсы саясаты мен іс-әрекеттері мүлдем зерттелмеген. Жарияланған еңбектерде кеңестік партия басшылығының конфессияларға қатысты репрессивті және идеологиялық және насихаттық атеистік саясаты әлі күнге дейін ашық көрсетілмеген. Сондықтан, тарих ғылымының кеңес ісі саласында біз КСРО-ның Қазақстандағы атеистік саясатының мәні мен салдарын ашуы керек және сол тұрғыда жұмыстар қажет есептейміз.

Қазір атеистік, дінсіз Кеңес өкіметі жоқ. Жетпіс жыл бойы ол дін күні аяқталды деген ойды адамның санасына сіңірді. Саяси құлыптан құтылған адамдар ой еркіндігіне ие болғаннан кейін, қоғамдық санада діни мәселелермен байланысты ізденістерді іздей бастады. Гуманитарлық ғылымдар саласында діннің қоғам өміріндегі қызметі мен орны туралы, әртүрлі діндердің адамгершілік құндылықтарын қоғамдық тәрбие ісінде пайдалану туралы, діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас қағидаттары туралы мәселелер қарала бастады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев: «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ ұлт сапасын арттыруға атсалысу. Жанғырған қоғам жат әдеттерден біртіндеп арылуы керек» (Egemen Kazakhstan, 2020), - деп айтқан еді. Ғасырлар бойы сақталған ислам дінінің құндылықтары арқасында қазақ халқы отаршылдық тұсында өзінің ұлт ретінде болмысын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтап қалды. Ханафи мазһабындағы дәстүрлі ислам діні адамзатты бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлық пен имандылыққа, мейірімділікке шақырады. Ұлан ғайыр қазақ даласында дәстүрлі ислам дінін уағыздаған дін ғұламалары мен діни-ағартушы ұстаздар өмір сүрді. Олардың ұлттық мүдде жолындағы қызметтерін, еңбектерін кеңінен зерттеу – бүгінгі заманның талабы. Діни тұлғалар елді имандылыққа, ізгілікке шақырып, дәстүрлі ислам дінін нығайтуға және ұлт үшін көп еңбек еткен. Халық арасында хазірет, ишан, ахун, абыз (хафиз), қалпе, дамолла, молда, қары (қари), имам, мүфти, т.б. діни атағы бар ел есінде сақталған тұлғалар туралы ауызша тарихи жәдігерлер мен шежірелер сол кезеңнің басылымдары мен мұрағат құжаттары, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауызша мағлұматтары сияқты ақпараттар құнды дүние бола алады.

Қазіргі білім беру парадигмасында әр сала бойынша оқыту мәселесі әлі де қарастырылып келеді. Болашақ педагогтарды даярлауда арнайы бағдарламалар құрастырылып, сол сала бойынша әдістемелік және теориялық проблемаларды қарастыру, тарихи деректерді жинақтау жоспарланады.

**Әдістер мен материалдар.** Бүгінгі жаһандану уақытында жастардың ұлттық санасы өсіп, халықтың ұлт тағдырына қатысты, дін мен қоғамға қатысты тарихты білуге талпынысы да артып келеді. Билік тарапынан да тарихты дамытуға бағдарланған бағдарламалар қабылдануда. Тарих пен қоғам қай уақытта болмасын тығыз байланысты болғандықтан, мемлекеттің тарихқа араласуы заңды құбылыс.

Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде айтылмайтын, қарастыруға тиым салынған оқиғалар да жетерлік. Тәуелсіздіктен кейін ұлттық сананың дамып, өткен тарихты оқыту мәселесі де қолға алына бастады.

Өткенге көз жүгіртумен қатар тарихты тануға деген қызығушылық артты. Ұлттық құндылықтар мен діни дәстүрдің қорғаушысы болған тұлғалар анықталып, қуғынға ұшырады. Рухани жағынан халық ортасында беделге ие болған сопы, ишан-молдалардың, ахундардың тізімі жасалып, түрмеге тоғытылды. Діни саясат орын алды десек те болады. Осы тұрғыдан өткенімізге қайта қарап, ұлттық құндылықтар негізінде оқыту герменевтика әдісіне алып келеді.

Жоғары оқу орындарында оқу процесі кезінде тарихты оқытумен қатар тәрбие мәселесі қатар жүргізіледі. Бұл мәселе тарих мамандығына ғана емес, барлық білім беру бағдарламаларына қатысты өзекті мәселе. Білім алушы өзін тарихи-мәдени бірлікте ажырамас бөлшегі ретінде қарап, адамзат тарихындағы бағытын анықтайды. Сонымен қатар тарихи ой-тұжырымдауы қалыптасып, кеңістік пен уақытқа қарай сол дәуірдің идеологиясы тұрғысынан түсініп, бағалауды үйренеді.

Біздің қарастырмақ зерттеуіміз «Тарих» білім беру бағдарламасының білім алушыларына кеңінен тоқтала өтетін бағдарламалары болмақ. Әр кезеңнің тарихи оқиғаларын жеке дара қамтып, кеңестік кезеңдегі дін мен тарихты бірлікте қарап, сол кезеңдегі ишан-молдаларды оқытуға байланысты теориялық және әдістемелік негізде қарастырылады. Жүргізілген зерттеу бойынша 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы дін саясаты туралы зерттеулер жинақталып, сол кезеңдегі ишан молдалар есімдері жүйеленді. Тарихи деректерге сүйене отырып дәлелді фактілерді келтіру историография әдісі де жүзеге асты. Әр жылдың өзіндік тарихи оқиғалары қарастырылып салыстырмалы-салғастырмалы әдісті де пайдаландық.

«Ислам конфессиясы тарихындағы кеңестік кезең діннің өмір сүру уақыты, сенушілердің өз сенімдерін ұстану құқығы үшін күресі болды. Осы уақытта Кеңес үкіметі дінді, оның институттарын, мінез-құлқын, санасын жаңғыртудың барлық негіздерін мәдениетті түрде жойды. Большевиктер мұсылмандардың діни білім беру жүйесін толығымен жойып, оларды сыртқы ислам әлемінен оқшаулап, мәдени дәстүрдің сабақтастығын бұзып, татар тілін араб грамматикасынан алдымен латын әліпбиіне, содан кейін кириллицаға аударды. Мұсылман татарларының діни мінез-құлқы мен санасын жаңғыртудың жалғыз институттары заңды негізде жұмыс істейтін шағын приходтар және отбасы болды. Кеңес қоғамының белсенді атеистік жағдайында егде жастағы мұсылмандардың үлгісі, олардың діни рәсімдерді орындауы мен сақтауы орта және жас татарлар арасында діни білімді таратудың негізгі арнасына айналды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Мұсылмандар арасында қажылық сенім тіректерінің бірі екені белгілі. Діни түсініктерге сәйкес, әрбір мұсылман өмірінде кем дегенде бір рет Меккеге қажылық жасауы керек. Мұсылман конфессиясының тарихи қалыптасуымен, оның Исламды қабылдаған халықтардың этникалық дәстүрлерімен өзара әрекеттесуімен оның арнасында жаңа діни культтер, атап айтқанда, ғибадат ету объектісі және қажылық орнына айналған әулиелер культтары пайда болды. Мұндай орындар барлық облыстар мен Ресейдің аудандарында да болды. Ишан-молдалардың қабіріне басқа аймақтың ислам дінін ұстанған адамдар да келді.

Біз 20-шы ғасырдың 20-шы және 50-ші жылдар аралығындағы кезеңді қамтығанымызға қарамастан, біз жақын шетелдерде қазақтардың пайда болу тарихын ескеруіміз керек. Абдусаттор Нұралиев тарихи оқиғаларға қатысты былай деп келтіреді: «бірінші кезең Манғыстау өңіріндегі қазақтардың көшуі болды. Алғашқы қазақтар 16 ғасырдың басында Мавераннахр мен Ауғанстанға шабуыл жасаған Шайбани бастаған көшпелі өзбек-қазақ тайпаларының құрамымен қоныс аударды. Екінші кезең-1723 жылдан кейінгі кезеңжунгар шапқыншылығы, оны "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" ("ұлы апат жылдары") деп те атайды». Онда қазақтардың тағы бір тобы қоныстанды. Тіпті асыл тұқымын білетін бірнеше ақсақалдар да бұл ақпаратты растай алмайды, бірақ оны жоққа шығармайды. Үшінші кезең-бұл қашқан қазақтар қоныс аударған Кеңес өкіметінің орнау кезеңі. Яғни Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақтардың Ресей құрамына енетін елдерде қалай пайда болғандығы туралы деректерді келтірдік. Енді сол 20-50 жылдардағы ишан-молдаларды кеңестігі мен уақытына қарай хронологиялық тәртіппен жүйелеуге тура келеді. Бұл ретте де оқыту мәселесіне қайта айналып баратынымзды көресетеді. Сонда бұл жерде оқытудың жүйелілік принципін ұстана отырып, кластер әдісін ұсынуға болады.

«Қазақстан тарихының жетпіс жылдық кезеңі кеңес дәуірі ретінде тарихқа енді. Тарихи кезеңдеу бойынша қысқа уақыт аралығы болса да, түбегейлі өзгерістер әкелген кезең ретінде тарихта қалды. Бұл кезең отандық тарихта атеизмді күштеп енгізілуімен ерекшеленді. Кеңес өкіметі тұсындағы өлкедегі діни ахуалды шетелдік зерттеуші Д.Монтгомери: «Кеңестік кезеңде дін жаппай аяқасты етілді. Бұл саясат, өз кезегінде, өлкеде діннің нашар дамуына әкелді. Соған қарамастан, Орталық Азиялық әрбір адам өзінің мәдени бірегейлігін мұсылман дінімен байланыстырады» (Montgomery D.W., 2007), - деп көрсетеді.

Кеңес үкіметінің ислам мен мұсылман біліміне қарсы үгіт-насихат жұмыстары бастапқыда коммунистік күштердің толық құрылуымен жүрді, бірақ ол қатаң және ашық түрде жүзеге асырыла бастады. Осыған байланысты оларды жүзеге асыруда "асыра сілтеуге" мүмкіндік беретін әртүрлі

Жарлықтар, заңдар, ережелер мен тәртіптік ережелер шығарылды. Дінге қарсы идеологияның қысымы да күрт өсті. Яғни, дінді "апиынға" теңестіретін білім беру және тәрбие жұмысында атеистік кітаптарды насихаттау ешқандай нәтиже бермейді, ал "атеистік комитеттің" белсенді қызметі жас ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етпейді. Осы бағытта тарихқа көз жүгірте отырып, белсенділік принципін ұстанамыз. Бұл принципті ұстана отырып оқыту кезінде пікір сайыс, аквариум әдістерін қолдануымызға болады. Сонда «атеистік бағытты ұстанушылар» және «ислам дінін ұстанушылар» деп екі топтың пікірін білуге болады. Бұл кезде білім алушылар өздерінің пікірлерін дәлелді түрде жеткізе отырып, тұжырым жасай алу көзделеді.

«Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға мамандандыру пәнін оқыту барысында көрнекілік принципін де ұстанамыз. Бұл кезеңде білім алушыларға «көрнекті ойын» әдісін қолдануға болады. Өйткені сабақ бұл түрлері аялық білімдерін дамытуға негізделеді. Мұндай сабақ түрлері кең ауқымды тақырыпты меңгеруде де өз септігін тигізеді.

Тарих сабақтарында фактология әдісін де жиі қолдануға болады. Дәріс тақырыбына сай кейбір тарихи оқиғаларды әңгімелесе, жеке тұлғаның оның ішінде ишан-молдалардың тағдырына байланысты деректерді персонификацияласа білім алушының есінде жақсы сақталады. Есте сақтау қабілетінің дамуына да әсер етеді.

Қазіргі технологияның дамуына орай цифрлық құрылғыларды пайдалана отырып кинометография әдісін пайдалануға болады. Интернет желісінен Кеңестік кезеңдегі құрбандыққа ұшараған ишан-молдалардың тағдыры туралы болмаса деректі фильмдерді көру арқылы өз пікірлерін білдіруге болады. Бұл да белсенділік принципіне жатады. Әрине 1 семестрге созылған 5 кредиттік пәнге сәйкес әдістерді дәріс тақырыбына сай жүйелеп алу керек. ЖОО-да тарих пәндерін оқытуда негізгі принциптердің бірі – ғылымилық ұстаным. Бұл ұстанымда жоба әдісін қолдану тиімді болады. Яғни архив материалдарынан тақырыпқа сай ғылыми жоба тақырыбын ұсынып, сол бойынша білім алушы өзінің зерттеушілік дағдысын қалыптастырады. Бұл ретте «Кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты», «Діни тұлғалардың репрессияға ұшырауы», «Қазақстандағы діни ахуал», «Кеңестік кезеңдегі Түркістан облысындағы дін саясаты» және т.б. тақырыптарда жоба ұсынуға болады. Осыған қоса мына мәліметтерді де дереккөз-дермен ұсынуға болады. Кеңес өкіметі тұсында «Исламға қарсы синдром» үстемдік құрған осы дәуірде дін мен діни тұлғалар тақырыбын объективті зерттеуге тыйым салынғаны белгілі.

Кеңес өкіметінің мұсылман діндарларымен қатынасы өте күрделі болды. Әсіресе, 1920-1930 жылдары ол ашық дұшпандық сипатқа көшкен екен. Осы жылдары ғасырлар бойына ұстануы жалғасып келген дініміз исламның соңғы насихатшылары, қорғаушылары болған ишандар осы кезеңде қуғындалған. Бұлар, ислам әлемі мойындаған «әһли сунна жамағатының» өкілдері саналыпты» (Муминов А., 1996) деп көрсетеді дінтанушы, тарихшы А.Муминов.

Белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиевтің «Искандер» баспасынан 2009 жылы «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 годов» (Қойгелдиев М., 2009) деген атпен қазақ тарихнамасында бұрын-соңды кездесе қоймаған арнайы талдауға құрылған еңбегі жарық көрді. Ол кеңестік тоталитарлық өкіметтің қазақ байлары және мұсылман дінінің көрнекті өкілдерін қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаменті архивінен алған құпия құжаттарын көрсетеді. Еңбектегі «Ишандар ісі» деп аталатын төртінші бөлімдегі деректік құжаттар ерекше назарды өзіне аудартады.

XX ғ. бас кезіндегі «Алаш» қозғалысы өкілдерінің қазақ руханиятына көңіл бөліп, өздері шығарған «Қазақ», «Айқап» сынды ұлттық баспасөз беттерінде мүфтият мәселесін, діни ағартушылыққа қатысты ойларын жариялап отырды. Сонымен қатар, ұлт зиялылары мен консервативтік дінбасылар арасында белгілі қарама-қайшылықтар туындағанын да атап өту керек. Қадимшілер мен жәдитшілер арасындағы әйгілі диспуттар қазақтың дәстүрлі діни қызметкерлерінің тарихына да қатысты болды. Осы жерде М.Дулатов, Ғ.Қараш, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов сынды қазақ зиялыларының публицистикасы мен азаматтық поэзиясында дәстүрлі исламның белгілі 8 дағдарысқа ұшырауын да көруге болды. Алайда, біздіңше, қазақ зиялыларының модернистік ұстанымы соншалықты зайырланған болған емес.

ОҒМК мен ИОҒҚ мүшесі, тарихшы және этнограф А.И. Добросмысловтың ойынша, қазақ даласындағы исламның күшеюіне тосқауыл қою және мұсылман дінбасыларын бақылауға алу мақсатында Орынбор мұсылмандары Діни Мекемесі құрылған деп сипатталған. Ресей патшалығының жүргізген реформаларын қасақана саяси әрекетке негізделген деп қараған. Оның пікірінше Қазақ даласына орыстар енгізе алмаған ықпалды түпкілікті татар молдалары енгізуге тырысты деп тұжырымдайды (Добросмыслов А.И., 1915).

«Ал 1925 жылдың 15 қазанында Орталық Комитеттің арнайы ережесі қабылданып, соның аясында Казкрайком «дінсіздікті» өміршең етуге жан сала кірісті. Дінге қарсы күрес те жаңа сипатқа ие болып, діни бірлестіктердің бас қосуына үзілді-кесілді тыйым салынды, діни идеологияның таптық мәні



халық арасында түсіндіріліп, оған қарсы шыққандар қатаң жазалана бастады. Ел ішінде діннің ғылымға қарсы сипатын материалистік дүниетаныммен байланыстырып түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мешіт пен түрлі діни идеологтардың насихаттық жұмыстардың алдын алу басты назарға алынды» (РФ ММ, 17 қор.). Осыған орай кеңестік кезеңдегі дінге қарсы саясат туралы жасырын болса да ғылыммен шатастыра жүргізгендігі байқалады. Бірнеше саяси жағдайлардың арқасында ХХ ғасырдың 30 жылдары Қазақстандағы мұсылмандық қозғалыс аяқталды. Діни тұлғалар, оның ішінде ишандар, хазіреттер, молдалар, сопылар қудалауға ұшырап, іске араласу құқығынан айрылды, саяси көзқарас білдіргендерге «халық жауы» деген ат беріліп, қара тізімге ілініп, ату жазасына кесілді, кейбіреулері ұзақ мерзімді абақтыға жабылды, айдауға ұшырады. Жазықсыз жапа шеккен жалпы діни қызметкерлер кеңестік биліктің қыл-мыстық баптарымен айыпталды. Бұл мәселені ашық айту Тәуелсіздік алғаннан кейін қол жеткізгендіміз айқын. Жоғарыда атап өткендей қазіргі жастардың ұлттық санасы оянып, кейінгі тарихты білуге құштарлығы артқаны ақиқат. Ал педагогикалық мамандықтарда оқыту мен тәрбие мәселесі қатар жүретіндіктен педагогикалық ұстанымдардың ұстана отырып әдістерді тиімді қолданамыз.

«Көненің көзін көрген ақсақалдарының айтуынша Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Анықталған мұрағат деректерінде ХХ ғ. 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды» (Montgomery D.W., 2007).

Ишандар туралы Василий Бартольд өз зерттеулерінде, «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (яғни оқытушылар) және ізбасарлар «мүрид» мағынасында қолданылған» деген анықтама береді. Одан әрі ғалым «ишан» – Орта Азиядағы суфизм жетекшілеріне берілетін атақ екенін, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отыратындығын айтады. Ал басқа зерттеушілер оларды Құранның басты мәнінен хабардар молдалар деп, екіншілері философиялық-дүниетанымдық көзқараспен байланыстырып, тақуалыққа ұмтылған жандар ретінде сипаттайды (Бартольд В.В., 1966)

Дәстүрлі ислам өкілдері – молда-ишан, хазірет, ахун, қалпе туралы еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап кеңінен зерттеле бастады. Ә.Дербісәлі, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім сынды жетекші отандық исламтанушылар, шығыстанушылар мен философтар өз еңбектерімен діни тұлғалардың, ғұлама-теологтарды зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін салды, дәстүрлі ханафи мазхабындағы діни формалардың ерекшеліктері зерттеле бастады.

Ұлт жолында жанын құрбан еткен, тағдыры теперішке толы тұлғаларды ұлықтап, ұрпақ санасына сіңіру – бұлжымас борышымыз. Әсіресе, Кеңестік дәуірде қасірет шеккен, құғын-сүргін құрбандарына айналған қожа-молдаларымыздың, имам-ишандарымыздың, қажы-қазіреттеріміздің қилы тағдырына, қызыл тасборанда қыршын кеткен арыстарымыз жайлы ақиқатқа қанығу ұлт ғылымы үшін де, ұрпақ тәрбиесі үшін де аса қажет. Бұл тарапта «бәрекедi» дегізерліктей оң бастамалар да, «қап-ай, ә» дейтіндей қате-кемшіліктер де баршылық. Қуанатынымыз – бүгінгі Жаңа Қазақстан басшылығының ұлт рухын оятатын ұнасымды істерге ұрандатпай кірісіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау үдерісін жеделдете түскені болса, құлазитынымыз – егемендік еншімізге тимей тұрып-ақ ақталған кейбір тұғырлы тұлғаларымыздың, дін қайраткерлерінің есім-сойы мен елге еткен елеулі қызметі ұмыт қалып бара жатыр.

Кешегі қызыл қырғында қисынсыз айыппен қиырға айдалып, арада 85 жылға жуық уақыт өтсе де, азат күнде аты аталмай елеусіз қалған естінің бірі Жаңбыршыұлы Тәңірберген еді. Ол 1904 жылы Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария облысы, Шымкент уезі, Шаян болысының №12 ауылында (шамамен қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданындағы Шалдар, Қызылкөпір ауылдарының тұсында) қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесінің есімі – Едіге. Атасы жалайыр руы-нан шыққан Жаңбыршы шешен деген кісі болған екен. От ауызды, орақ тілді, сөйлегенде жаңбырлатып, жалындатып сөйлейтін ділмәр һәм аузы дуалы адам болғандықтан, «Жаңбыршы аталып кетіпті» деген ел аузында аңыз да бар. Тәңірбергеннің шешесі ерте бақилық болып, әкесі Едіге тағдырдың жазуымен тұрмыстың тапшылығын да, жалғыздықтың тақсіретін де көп тартқанға ұқсайды.

Айтарымыз айғақты, сөзіміз сүбелі болу үшін оның осы жылдары істеген қызметтері бүге-шігесіне дейін жазылған, ҚР Президенті архивінде сақталған жеке ісіндегі мәліметтерді де жария ете отырайық:

«Жаңбыршин Тәңірберген, ұлты қазақ. Шаян болысы 12-ауылда туған. 1924-1925 жылдары Шымкент уездік-қалалық комсомол комитетінің жауапты хатшысы болған. 1925 жылы Ақмешіт уездік-қалалық комсомол комитетінің жауапты хатшысы, осы жылдан Сырдария комсомол губкомының уақытша міндетін атқарушы және Сырдария комсомол губкомының экономикалық-құқықтық бөлімінің меңгерушісі һәм губком президиумының мүшесі. Ал, 1925-1926 жылдарда Қарақалпақ облыстық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (Төрткүл қаласында) болып, осы 1925-1927 жылдар аралығында

аталмыш қалада Қарақалпақ облыстық комсомол комитетінің жауапты хатшысы қызметін де қоса атқарған. 1927 жылы Қызылордадағы Қазақстан өлкелік комсомол жастарының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1927-1928 жылдары Қазақ өлкелік комсомол атқару комитетінің мүшесі, 1928-1930 жылдары Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Қазақ АССР Саяси-ағарту бас мекемесінің төрағасы. Одан әрі білімін жетілдіру жолында тағы да бір талпыныс жасап, 1930-1931 жылдары Ленинградтағы Бүкілодақтық коммунистік институтын мерзімінен бұрын оқып бітіреді де, 1931-1932 жылдар арасында Балқаш және Кеген ауданының, 1932 жылдың ақпан айынан бастап Алматы облысының Комунистік партия ұйымының жауапты хатшысы қызметін атқарады. 1932 жылы Алматы облысында комунистік партия өлкелік атқару комитетінің меңгерушісінің орынбасары, осы жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Әулиеата уезінің РК ВКП (б) комунистік партия ұйымының жауапты хатшысы болды. «Қазақ елі надан, «Ишан» десе малын аямайды. Елді аралап, құдайды малға айырбастап жүрген ишандар әр жерде толып жатыр» [8] деген тоқтамға келеді. Шет-шегі, ұшы-қиыры жоқ мұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болар, тіпті «Қосшы» ұйымының кезектегі мәселелері қаралған Түркістан-дағы келелі кеңестердің қаулысында біріншіден, мал бағатын, диқаншылықпен кәсіп қылатын Түркістанның жергілікті халықтарының шаруаларын мемлекет ұйымдастыру жолымен ұйымдастыру керектігі, ол үшін, ең әуелі олардың өз қолдарымен өндіретін кәсіптерінің өнімін жеп дәннәккен қақпа қылыштардың қолына түсірмей, өздеріне қор жинаттыру жөн болатындығы, екіншіден, жергілікті халықтың кәсібін тез өркендету үшін, мемлекет шаруаларының тұтынатын жолын ұстап, егін сайман-дарын, шаруа машиналарын халық арасына таратудың лажын істеу, бұрынғы халықтың қолмен істеп бейнеттенетін еңбегін, жеңіл істелетін машина қызметіне алмастыру дұрыс болатыны байыппен талданса, жергілікті халықтың сол өз еңбегінен өндірген заттарының жемісін алдымен өздері тату үшін, кәсіпші-лердің аса күшті орныққан, жиі жерлердің арасында аса бір қолайлы орындарға зауыт-фабрика салдыру жолын қарастыру жайы да жақсы жазылғанымен, ақыр соңында «Қосшы» ұйымының бұл шарттарды орындауы үшін жергілікті кәсіпшілік диқандардың өндірілген еңбектерін, жан ауыртпай жанбасынан жатып соратын борсықтардың, яғни, бұрынғы ишан-молда, бай-манаптардың жәбірлігінен қорғап, бірыңғай кілең диқаншыларды һәм малшыларды ұйымдастырып, оларға саяси оқу беріп тәрбиелеу жолына кірісу керектігі қатаң тапсырылады. Бай-манап, ишан-молдалардың соңғы кездегі жаңа шаруа саясаты жүргізілгеннен бері диқаншыларға баяғы дәннәккен кәсібін жүргізетін түрі барлығы да аса бір қауіп етіле жеткізіліп, бұл тұста газет тілшісі дін өкілдерін бір түйреп өтіпті.

Демек дауылды дәуірдің, отарлық озбыр саясаттың салдарын тануда «Ақ жол» газетін басты дереккөздердің бірі ретінде кәдеге жаратып, ондағы ақпараттық материалдарды, Алаш зиялыларының жолжазбаларын ғылыми айналымға түсірсек, ұтарымыз да аз болмайды.

Осы ең ақырғы қызметті атқарған жерінде, анығы 1933 жылы 5 мамырда кенеттен тұтқындалып, айғақсыз ауыр айыппен ұзақ жылға сотталады. Жалпы 1932-1933 жылдарда бүкіл Қазақстан көлемінде, соның ішінде әсіресе Әулиеатада алапат ашаршылық болғанын білеміз. Мойынқұм, Шу, Сарысу бойынан шұбырған аш халық сол өңірдегі жалғыз қала Әулиеатаға жан сауғалап жан-жақтан шұбырып келе бастады. Қалаға жетер-жетпестен жол бойында қырылғандар ит-құсқа жем болды. Сол кезде адам саны 8-9 миллионға жетеғабыл Қазақстанда 1932 жылғы ашаршылықтан соң, 2 миллионнан сәл асатын қазақ қалды.

Осындай қазақтың өсімін бір ғасырға тежеп тастаған ашаршылықтың астарына үңілгенде Тәңірберген сынды тұлғалардың да тағылған айыпты тән алмай, ақиқатты астарлап айтқысы келген жазбаларына жіті көз салған жөн болады деп ойлаймыз. Ал анығында Кеңес үкіметі кезеңінде ислам дінін құбыжық ете көрсету, дінді қоғамнан оқшаулау қатаң қолға алынып, имам-қажыларды «жау» етіп көрсетіп, жаппай жер аудару, себепсіз соттау жүзеге асты, мешіттерді жабу үдерісі 1929 жылы бір-ақ аяқталды. Дін қайраткерлері түгелдей қуғын-сүргін көрді. Діни әдебиеттердің көзі жойылып, бұрынғы діни оқыту орындары – медреселер де атқораларға, коммунистік қоғамға қызмет ететін мекемелердің тұрақ-жайларына айналдырылды. Бұл жайында бір мысалды Шаян ауданы тарихына терең үңіле отырып келтіруге болады.

Шежірелі Шаян ауданының да тарихы түйсінгенге тым тереңде жатыр. «Шаян» деген сөздің бір айтқанда құлаққа жағымсыздау көрінгенімен, өлке тарихын тануға талпынып жүрген ғалымдар оның «таң шапағы» деген мағына беретінін байыппен дәлелдеп дәлелдеп берген. Шығыстан атқан таңның шамшырағы секілді көне қоныс Шаянның орталығында кездінде төрт тараптан келген талапты шәкірттерге мұсылманша хат танытатын үлкен медресе болған. Руханият пен өркениет бесігі саналған, дін исламды дінгек көрген медресе 1900-1905 жылдары салынған деседі. Медреседе арабша сауат ашып, діни білімі толысып шыққандар жан-жаққа тарап сенімі сетінемеген елдің рухани шырақшысына айналған.

Қорытындылай келе, Түркістан жеріндегі конфессиялық саясат ерекше саяси ортада қалыптасты. Патша билігі ислам діни орталықтардың беделінен сескеніп, шектеу шараларын ашық түрде жүзеге

асыруға батылы бармады. Британдық тарихшы А. Моррисонның тұжырымдауынша, Ресей империясы ортаазиялық мұсылмандарды «фанатиктер» ретінде есептеуі Түркістан өңіріндегі билігін нығайтуға кедергі жасады. Британдықтар Үндістан жерінде индуистердің орнына саны жағынан аз мұсылмандарды қолдап, реформаторларына ешқандай кедергі жасаған жоқ. Керісінше, өздерін ұлы моғолдардың ісін жалғастырушы ретінде санап, урду тілінің әдеби тіл ретінде дамуына жағдай жасады. Осының нәтижесінде британдықтар ресейліктерге қарағанда өз отарында едәуір жетістіктерге жетті (Morrison A., 2008)

«Ислам дініне араласпау» саясаты Әндіжан оқиғасынан соң «исламды шектеу» бағытымен алмастырылды. Бұл бір жағынан, прагматикалық себептерге байланысты болды. Өйткені жергілікті мұсылман қоғамының өмірін реттеуге бағытталған институттардың қызметіне жұмсалатын қаржы үнемделді. Екінші жағынан, жергілікті тәртіптің сақталуы ішкі губерниялардың тұрғындары ие шектеулі азаматтық құқықтың таралмауына жағдай жасады. Бұл өз кезегінде империяның Шығыстағы басқыншылық әрекеттерін аз шығынмен жүзеге асыруға мүмкіндік берді (Круз Р., 2020).

**Қорытынды.** Архивтік мәтіндерді келтіре отырып білім алушының пікірін де білуге болады. Сонда білім алушының сол кездегі діни ахуалды түсінумен қатар бағалай алатындығына көз жеткізе аламыз.

Сонымен ЖОО-да «тарих» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту кезінде төмендегі принциптерді ұстануға болатынын көз жеткіздік:

- Жүйелілік принцип;
- Белсенділік принцип;
- Көрнекілік принцип;
- Ғылымилық принцип.

Бұл принциптер білім алушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда да жүзеге асырылады.

Ал ұлт тарихына зерделей бойлаған атақты шығыстанушы, түркітанушы, арабтанушы ғалым В.В. Бартольдтің еңбегінен де Қазақ даласының рухани-мәдени өмірі туралы кең мағлұмат аламыз. Әсіресе, мұсылмандық мектептермен бірге жаңа әдісті мектептердің кеңінен ашылып, ондағы білім беретін қазақ мұғалімдерінің артқанынан ақпарат кездеседі. В.В. Бартольд Ресей билігінің мұсылмандарға қатысты жүргізген діни саясатының қателіктерін, себептерін көрсетеді. Қабылданған реформалардың сәтсіздігінің себептерін ол Қазақ даласы заңын білмей үкімет тарапынан асығыстық жасауынан деп тұжырымдады. Ол өз еңбегінде Ресей патшалығының Қазақ даласындағы отарлау саясатын жүзеге асыру-да татар молдалар мен мешіттерді қазақ даласына өтуге тиіс өткел ретінде пайдаланды деп бағалаған.

Алдағы уақытта бұл зерттеу жұмысымыз өз жалғасын табады. 1920-50 жылдардағы Қазақстандағы дін саясаты, сол кездегі ахуал, ишан-молдалардың құғынға ұшырауы және оны таңдау пәні ретінде оқыту мәселесі зерттеуді қажет ететін дүние болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» // *Egemen Qazaqstan*. – 2020. – I қыркүйек
2. «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Орта Азия республикалары аумағындағы Қазақтар арасындағы саяси қуғын-сүргін (жаңа мұрағат деректері негізінде)» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Литера-М» ЖШС, 2021. – 246 б. <https://www.academia.edu/>
3. *Montgomery D.W. Nazam, Wishing Trees and Vodka: The Diversity of Everyday Religious Life in Central Asia / D.W. Montgomery / Everyday Life in Central Asia: Past and Present, Indiana University Press, 2007. – P. 355-370. <https://articlekz.com/kk/article/29578>*
4. Муминов А. Ясауия бастаулары // Ясауи тағылымы. Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы. – Түркістан: «Мұра», 1996. –152 б.
5. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессий в Казахстане 1920-1940-х годов., Алматы, 2009. - 448 с.
6. Добромыслов А.И. Заботы императрицы Екатерины II о просвещении киргизов // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – 1915. – Вып. 32. – С. 170-173.
7. РФ ММ, 17 қор, 3 тізбе, 523 іс, 7 парақ. <https://igz.kz/post/1017/>
8. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана // В.В. Бартольд. Сочинения в 9-ти томах. – Том II. – Часть 1. – М.: Наука, 1966. – С. 169- 433
9. *Morrison A. Russian rule in Samarkand, 1868-1910: a comparison with British India – Oxford: Oxford university press, 2008. – 364 p.*

10. Круз Р. За пророка и царя. Ислам и империя в России и Центральной Азии. – М.: Новое литературное обозрение, 2020. – 408 с.

References:

1. Memleket basshysy Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Zhana zhagdaidagy Kazakstan: is-ққмыл kezeңi» // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 1 қыркүйек
2. «НН жасырдың 20-50 жылдарындағы Орта Азия республикалары аумағындағы Қазақтар арасындағы саяси қиын-сырғын (zhana muragat derekteri negizinde)» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы – Алматы: Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Литера-М» ЖШС, 2021. – 246 б. <https://www.academia.edu/>
3. Montgomery D.W. *Namaz, Wishing Trees and Vodka: The Diversity of Everyday Religious Life in Central Asia* / D.W. Montgomery / *Everyday Life in Central Asia: Past and Present*, Indiana University Press, 2007. — P. 355–370. <https://articlekz.com/kk/article/29578>
4. Muminov A. *Jasauija bastaulary* // *Jasauı tagylymy. Gylymi makalalar men zhana derekter zhınygy.* – Trukistan: «Мұра», 1996. – 152 б.
5. Kojgeldiev M.K. *Stalinizm i repressij v Kazahstane 1920-1940-h godov.* – Алматы, 2009. – 448 с.
6. Dobromyslov A.I. *Zaboty imperatricy Ekateriny II o prosveshhenii kirgizov* // *Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii.* – 1915. – Vyp. 32. – С. 170-173.
7. RF ММ, 17 қор, 3 тізбе, 523 іс, 7 парақ. <https://igz.kz/post/1017/>
8. Bartol'd V.V. *Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana* // V.V. Bartol'd. *Sochinenija v 9-ti tomah.* – Tom II. – Chast' I. – М.: Nauka, 1966. – С. 169- 433
9. Morrison A. *Russian rule in Samarkand, 1868-1910: a comparison with British India* – Oxford: Oxford university press, 2008. – 364 p.
10. Kruz R. *Za proroka i carja. Islam i imperija v Rossii i Central'noj Azii.* – М.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. – 408 с.

УДК 930.4  
МРНТИ 03.01.07

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.025>

Amanbekova N.D. <sup>1\*</sup>

<sup>1</sup> NJSC “Medical University of Semey”  
Lecturer of General Studies department (Semey, Kazakhstan)  
E-mail: nurgul\_katekeeva@mail.ru

**METHODOLOGICAL BASIS FOR THE APPLICATION OF THE HISTORY OF SMALL TOWNS OF EAST KAZAKHSTAN IN THE EDUCATIONAL PROCESS IN THE DISCIPLINE OF HISTORY OF KAZAKHSTAN**

*Abstract*

A thorough analysis of the typological characterisation teaching methods for small towns in East Kazakhstan is presented. The foundation of the teaching process is a review of the social and economic development of small

towns in the East Kazakhstan region from 1925 to 1991 using cutting edge learning technology. It describes the kinds of learning associated with the educational, health care, and cultural systems in the tiny towns of the East Kazakhstan region. Knowledge of usage in the educational process of numerous small towns in the East Kazakhstan region was examined. These towns had long struggled with a range of social and economic issues. Training takes into account the social, economic, and professional issues of the people living in small towns in East Kazakhstan. The methodology of analyzing the dynamics of population growth in small towns is also given.

Focusing on small towns of East Kazakhstan region, we aim to understand the formation of urban planning structure of settlements in Kazakhstan. The article considers the use of problem-based methods of small towns, solved with the help of questions and tasks, which are the basis of learning in historical educational practice, and the history of their emergence in small towns of East Kazakhstan region. Individual independent work on problem solving and individual specificity is required from the learner. At present, such problem-based learning is organized under the guidance of the teacher at training sessions for learning and transformation into skills of professional education and creativity, development of thinking as a result of active independent activity of the student.

Innovative methods of modern teaching are applied: studying the history of small towns of East Kazakhstan region with the help of visual data, studying the city of Kurchatov with the help of mosaic method, method of traveling to museums, etc.

**Keywords.** East Kazakhstan region, 1925-1991, teaching methodology, small towns, teaching technology.

*Н.Д. Аманбекова\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> "Семей қаласының медицина университеті"КЕАҚ  
Жалпы пәндер кафедрасының оқытушысы (Семей, Қазақстан)  
E-mail: nurgul\_katekeeva@mail.ru*

## **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫН ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

*Аңдатпа*

Шығыс Қазақстандағы шағын қалалардың типологиялық сипаттамасын оқыту әдістемесіне жан-жақты талдау жасалған. Оқыту процесінің негізі 1925-1991 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан облысындағы шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын оқытудың озық технологияларын қолдану арқылы шолу болып табылады. Ол Шығыс Қазақстан облысының шағын қалаларындағы білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет жүйелерімен байланысты оқыту түрлерін сипаттайды. Шығыс Қазақстан облысындағы көптеген шағын қалалардың оқу процесінде қолданылуы туралы білімдері тексерілді. Бұл қалалар ұзақ уақыт бойы көптеген әлеуметтік және экономикалық мәселелермен күресіп келді. Оқыту Шығыс Қазақстандағы шағын қалаларда тұратын адамдардың әлеуметтік, экономикалық және кәсіби мәселелерін ескереді. Шағын қалалардағы халық санының өсу динамикасын талдау әдістемесі де келтірілген.

Шығыс Қазақстан облысының шағын қалаларына тоқтала отырып, біз Қазақстандағы елді мекендердің қала құрылысы құрылымының қалыптасуын түсінуді мақсат етіп отырмыз. Мақалада тарихи оқу тәжірибесінде оқытудың негізі болып табылатын сұрақтар мен тапсырмалар арқылы шешілген шағын қалалардың проблемалық әдістерін қолдану және Шығыс Қазақстан облысының шағын қалаларында олардың пайда болу тарихы қарастырылған. Оқушыдан жауаптарды шешу бойынша жеке өзіндік жұмыс және жеке ерекшелік талап етіледі. Қазіргі уақытта мұндай проблемалық оқыту мұғалімнің жетекшілігімен оқыту және кәсіби білім беру дағдыларына және шығармашылыққа айналдыруға, студенттің белсенді өз бетінше әрекеті нәтижесінде ойлауын дамытуға арналған оқу сабақтарында ұйымдастырылады.

Қазіргі заманғы оқытудың инновациялық әдістері қолданылады: көрнекі деректер арқылы Шығыс Қазақстан облысының шағын қалаларының тарихын зерттеу, мозаикалық әдіс арқылы Курчатов қаласын зерттеу, мұражайларға саяхат әдісі және т.б.

**Түйін сөздер.** Шығыс Қазақстан облысы, 1925-1991, оқыту әдістемесі, шағын қалалар, оқыту технологиясы.

*Аманбекова Н.Д.\*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> НАО «Медицинский университет г. Семей»  
Преподаватель кафедры общих дисциплин (Семей, Казахстан)  
E-mail: nurgul\_katekeeva@mail.ru

## МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИСТОРИИ МАЛЫХ ГОРОДОВ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА»

### *Аннотация*

Представлен тщательный анализ типологической характеристики методики преподавания для малых городов Восточного Казахстана. В основе учебного процесса лежит обзор социально-экономического развития малых городов Восточно-Казахстанской области с 1925 по 1991 год с использованием новейших технологий обучения. Описываются виды обучения, связанные с системами образования, здравоохранения и культуры в небольших городах Восточно-Казахстанской области. Было рассмотрено использование знаний в образовательном процессе многочисленных малых городов Восточно-Казахстанской области. Эти города долгое время боролись с целым рядом социальных и экономических проблем. Обучение учитывает социальные, экономические и профессиональные проблемы людей, проживающих в малых городах Восточного Казахстана. Также приведена методика анализа динамики роста населения в малых городах.

Also Kurchatov I. V. and others were instructed to think over where to build the polygon. In their opinion, the range should have a diameter of 200 kilometers and the range itself should not exceed 200 kilometers from the railway line, airfield, highways[22].

In 1947, mysterious and secret construction began in the Saryarka region. At the end of July, the State Commission took over the site of the test site and checked the preparation of all the test work of the apparatus complex. At that time, specially organized Temipov road echelons from the Urals to Semipalatinsk, that is, to the new Semipalatinsk station, sent all the necessary facilities, and in early August an airplane delivered the necessary parts for nuclear tests.




During the nuclear tests, an information fund of materials was formed, where a picture of the city's history will be defined. During the new session, the students will study information related to the formation of the city of Kurchatov and its test site center.

In conclusion, after the course of local lore about monotowns of East Kazakhstan, a questionnaire survey of students was conducted. The questions addressed in the questionnaire were equally common among college students. In the course of the questionnaire the learner should also enter his/her data: Name, class, school and lessons attended.

Figure 2-indicators on the survey

### 1. What are your impressions of this lesson conducted?



### 2. What interesting details did you get while attending this class?

Recognized the persons who contributed to the development of small towns of East Kazakhstan Oblast and are known to Kazakhstani people in small towns

I familiarized myself with typology and description of small towns of Kazakhstan

I understood the importance of small towns of East Kazakhstan in the years of industrialization

I learned the historical significance of Ayakoz city for Turksib.

Prerequisites of settlement in small towns and formation of small towns

Familiarized with the economic activity and development of small towns

Familiarized with the problems of employment and population growth dynamics in small towns of East Kazakhstan

I learned about historical events and changes in small towns

With the help of visual data I learned about political-social-economic, socio-historical trends of small cities

### 3 What else do you want to learn about the topic?

I want to take an online trip to small town museums

I want to learn about administration in small towns.

I would like to know the description of health care, education and culture in small towns in East Kazakhstan.

I would like to learn more about people who have contributed to the development of small towns and are known to Kazakhstanis in small towns.

I would like to learn more about historical figures and leaders of the region.

If I could dwell on the personalities of heroes recognized for their heroism during the Great Patriotic War.

I would like to familiarize myself with the conditions of creation of the city of Kurchatov

I would like to get to know the main historical events of the towns of Char, Serebryansk, etc. 1925-1990.

#### List of references

1 Bologna Process, 2007, 10. - Further The source of the reference is given as follows: first the author's surname, then, if necessary, the year of publication, then the page.

2. Ways of activation of socio-economic development of monoprofile cities of Kazakhstan. - M., 2004. - C.65-86-94.

3 the translation

4. Zinoviyeв M.A. *Sketches of methods of teaching history*. - M.: Academy of Pedagogical Sciences of the RSFSR, 1955. - 165 p., b.145].
- 5 *Current archive of statistics department of VKO*. - Ust-Kamenogorsk: Management of statistics of East Kazakhstan region, 2007. - С.91.
- 6 *Results of the All-Union population census of 1959. Kazakh SSR*. - Moscow: Gosstatizdat, 1962. - 134 с. *Demographic yearbook of East Kazakhstan region for 2006*. - Ust-Kameno-gorsk: Statistic Department of East Kazakhstan region, 2007. - 130 с.
7. *Demographic Yearbook of Kazakhstan*. - Almaty: Goskom-Stat RK, 1996. – 142 с.
- 8 *The Concept of Ecological Security of the Republic of Kazakhstan for 2005-2015 // Ecological Courier*. 2004. - January 29. - С.1.
- 9 *Calculated on the materials of the archives of civil registries of East Kazakhstan*. - Op. 5. - 67 с.
- 10 Adizbayeva D.J., Omarova S.A. *Modern teaching methods in higher education // Poisk*. - 2013. - №3. - С. 222-227., 226-bet Vagin A.A. *Methodology of teaching history*. - M., 1968. - 426 p., 281
- 11 Mukhangelieva J.K. *Tarikhi olketanu*. - 2018-263 б.
- 11 Selevko G.K. *Modern educational technologies*. - M.,2003.
- 12 Makhmutov M.I. *Problem-based learning. Basic issues of theory*. - M.: Pedagogics, 1975.
13. Kudryavtsev V. T. *Problem-based learning: origins, essence, prospects*. - Moscow: Znanie, 1991.
14. Stepanischev A.T. *Methods of teaching and studying history. Textbook for universities*. - Novosibirsk, 2006.
- 15 Faizullinva G.Sh. *Cultural and educational activity of museums of Kazakhstan as one of the components of the process of formation of ethnicity // G.Sh. Faizullina // Bulletin of the University "Kainar"*. - 2007. - №1, 2. - С. 90-96.
- 16 *Methodological recommendations "Ultytk kazyna": "Live" lessons in museums - Astana: NJSC named after I. Altynsarin*, 2018. - 96 с.
17. Pondopulo G. *Photography and modernity: problems of theory*. - M., 1982. - 226 с. 18. Chibisov K.V. *Essays on the history of photography -M*. 1987. - 336 с. *Journey through Siberia and the adjacent countries of the Central Asia*
- 19 *Visual documents as special sources of the history of everyday life // <http://www.photovision-club.ru/ar227.html>*.
20. Zolotaryeva L.R. (2013) *Formation of art history in Kazakhstan // In the world of science and art: issues of philology, art history and cultural studies*. - Novosibirsk: SibAC.
- 21 *Photos from the local history museum of Ayagoz city*. <https://semeymuseum.kz/service/filial-v-gorode-ayaguz/>.
- 22 KROMM k.77, vol.20, v.68, 24p.

#### Пайдаланган әдебиеттер тізімі

1. Болонский процесс, 2007, 10. – Бұдан әрі қарай сілтеме көзі келесідей беріледі: алдымен автордың фамилиясы, одан кейін қажет болған жағдайда жарық көрген жылы, содан соң беті көрсетіледі. – А.Ә.
2. *Пути активизации социально-экономического развития монопрофильных городов Казахстана*. – М., 2004. – с.65-86-94.
3. Аударма
4. Зиновьев М.А. *Очерки методики преподавания истории*. - М.: Академии педагогических наук РСФСР, 1955. - 165 с., б.145].
- 5 *Текущий архив управления статистики ВКО*. – Усть-Каменогорск: Управление статистики Восточно-Казахстанской области, 2007. - С.91.
- 6 *Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР*. – Москва: Госстатиздат, 1962. – 134 с. *Демографический ежегодник ВКО за 2006 год*. – Усть-Каменогорск: Управление статистики Восточно-Казахстанской области, 2007. – 130 с.
7. *Демографический ежегодник Казахстана*. – Алматы: Госком-стат РК, 1996. – 142 с.
- 8 *Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2005–2015 гг. // Экологический курьер*. 2004. – 29 января. – С.1.
- 9 *Рассчитано по материалам архивов ЗАГСов Восточного Казахстана*. – Оп. 5. – 67 с.

- 10 Адизбаева Д.Ж., Омарова С.А. Современные методы обучения в высшем учебном заведении // Поиск. - 2013. - №3. - С. 222-227., 226-бет Вагин А.А. Методика преподавания истории. - М., 1968. - 426 с., 281-бет
- 11 Мухангалиева Ж.К. Тарихи өлкетану. – 2018. - 263 б.
- 11 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М., 2003.
- 12 Махмутов М. И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. - М.: Педагогика, 1975.
13. Кудрявцев В. Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. - М.: Знание, 1991.
14. Степанищев А.Т. Методика преподавания и изучения истории. Учебное пособие для вузов. – Новосибирск, 2006 г.
- 15 Файзуллин Г.Ш. Культурно-образовательная деятельность музеев Казахстана как одна из составляющих процесса формирования этничности // Г.Ш. Файзуллина // Вестник университета «Кайнар». – 2007. – №1, 2. – С. 90-96.
- 16 Методические рекомендации «Ұлттық қазына»: «живые» уроки в музеях – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 96 с.
17. Пондопуло Г. Фотография и современность: проблемы теории. – М., 1982. – 226 с. 18. Чибисов К.В. Очерки по истории фотографии. – М. 1987. – 336 с. Путешествие по Сибири и прилегающим к ней странам Центральной
- 19 Визуальные документы как особые источники истории повседневности // <http://www.photovision-club.ru/ar227.html>.
- 20.Золотарева Л.Р. (2013) Формирование искусствоведения в Казахстане // В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии. – Новосибирск: СибАК.
- 21 Фотографии из краеведческого музея города Аягоз. <https://seymuseum.kz/service/filial-v-gorode-ayaguz/>
- 22 ҚРОММ қ.77, т.20, іс.68, 24п.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

УДК 930.2  
МРНТИ 03.61.91

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.026](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.026)

С.С. Бекешов\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, МОК. Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы.  
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: [bekeshov\\_sarsen@mail.ru](mailto:bekeshov_sarsen@mail.ru)

**КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ АҒАШ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОЙМЫШТАУ ӨНЕРІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Қазақ халқының ағаш өңдеу және ағаш ою өнері халқымыздың заттық және рухани мәдениеті қарастырылады. Археологтар Қазақстанның көне жерлеу орындарын қазу кезінде сол кездегі түрлі шаруашылық бұйымдармен қатар қоныстардан тас, темір, қола, ағаштан жасалған сәндік бұйымдарды кездестірген. Қазақстан территориясында VI ғасырлар жататын қалалар туралы мәліметтер келтіреді. Зерттеушілердің пайымдауынша қалалардың орналасу әр келкі, белгілі бір тәртіп сақталмаған.

Зерттеу барысында қарастырып отырған кезеңде ағаштан құрастырылған жерлеу орындары, ағаштан ұқсатылған бізге беймәлім жыртқыштардың сұлбалары табылған. Бесшатыр, Есік, Пазырық қорғандарынан сырты жұқа алтын қабыршақпен көмкерілген бұйымдар.

Қазақстандағы музейлердегі зерттеуші-суретші ретінде қарастырып, осы күнге дейінгі сақталған ағаш бұйымдардың ұқсатылған, оймышталған, ою-өрнектердің орналасуы сараланады.

Археологтардың зерттеу нәтижесінде – тұрғын үйлер, қорым, жерлеу ғұрыптарна байланысты бұйымдар, тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ, шарушылыққа қатысты бұйымдар да негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Зерттеу нысандары болып музей, кейбір тұрғындардың қолында бар бұйымдардың қазіргі таңда сақталуы, қолдану аясы сөз болмақ.

Қазба кезінде табылған ежелгі бұйымдардың атауы, қолдану аясы, шеберлердің құрал-жабдықтары қарастырылады. Ағаштан ұқсатылған ғұрыптық бұйымдардың сол дәуірде өмір сүрген адамдардың діни наным-сені қарастырылады.

Мысалға алатын болсақ ағаш бұйымдардағы таңба, қашалып салынған суреттер, тұрмыстық композиция көп нәрсені байқауға болады, бояу түстері кездейсоқтық емес. Осы қарастырып отырған мәселе оймыштау өнерін зерттеу тарихын талдау және олардың зерттелу дәрежесін бағалау, түсіну, ескі жәдігерлерді қалпына келтіру, әрі зерттеудің негізгі мәселелері мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада ою-өрнектің орналасуы, бояу түстері, оймыштау өнері тұтас, қазақтың заттық мәдениетін барынша ауқымды қарастыру.

**Кілт сөздер:** оймыштау өнері, қорым, таңба, қашау, композиция, жәдігер.

S.S. Bekeshov\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Candidate of historical sciences, docent, IEC. Kazakh head architectural and constructional academy,  
Almaty city, Kazakhstan. E-mail: [bekeshov\\_sarsen@mail.ru](mailto:bekeshov_sarsen@mail.ru)

**THE NOMADS' PREFACE TO THE ART OF WOODWORKING AND ENGRAVING**

*Abstract*

This article discusses the material and spiritual culture of the Kazakh people, the art of woodworking and wood carving. Archaeologists during the excavations of ancient burials of Kazakhstan, along with various household products of that time, found decorative products made of stone, iron, bronze, wood in settlements. Provides information about cities dating back to the VI centuries on the territory of Kazakhstan. Researchers believe that the location of cities does not always correspond to a certain order.

During the study, wooden burials were discovered, silhouettes of unknown predators resembling wooden ones. Products from the mounds of Beshatyr, Esik, Pazyryk are covered with thin golden scales on the outside.

Considering him as an artist-researcher in the museums of Kazakhstan, the location of the wooden products preserved to this day with imitation, engraving, ornament is differentiated.

As a result of archaeologists' research, dwellings, necropolis, funeral rites, household items, dishes, household items are also the main objects of research. The objects of research are the museum, the preservation and scope of the products available to some residents.

The name, scope of application, equipment of masters of ancient products found during excavations are considered. Ritual products resembling wood are considered religious beliefs of people who lived in that era.

For example, marking on wooden products, engraved drawings, household composition is a lot, paint colors are not a coincidence. The issue under consideration allowed analyzing the history of the study of the art of engraving and assessing the degree of their study, understanding, restoring old artifacts, as well as identifying the main problems and objectives of the study. The article describes in detail the arrangement of the ornament, the colors of the paint, the art of engraving, the material culture of the Kazakhs.

**Keywords:** the art of engraving, necropolis, symbol, chisel, composition, relic..

*Бекешов С.С.\*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Кандидат исторических наук, доцент, МОК. Казахская головная архитектурно-строительная академия, г. Алматы, Казахстан.  
E-mail: [bekeshov\\_sarsen@mail.ru](mailto:bekeshov_sarsen@mail.ru)*

## ПРЕДИСЛОВИЕ КОЧЕВНИКОВ К ИСКУССТВУ ДЕРЕВООРАБОТКИ И ГРАВИРОВКИ

### *Аннотация*

В данной статье рассматривается материальная и духовная культура казахского народа, искусство деревообработки и резьбы по дереву. Археологи при раскопках древних захоронений Казахстана, наряду с различными хозяйственными изделиями того времени, встречали в поселениях декоративные изделия из камня, железа, бронзы, дерева. Приводит сведения о городах, относящихся к VI векам на территории Казахстана. Исследователи считают, что расположение городов не всегда соответствует определенному порядку.

В ходе исследования были обнаружены деревянные захоронения, силуэты неизвестных нам хищников, напоминающие деревянные. Изделия из курганов Бешатыр, Есик, Пазырык снаружи покрыты тонкой золотой чешуей.

Рассматривая как художника-исследователя в музеях Казахстана, дифференцируется расположение сохранившихся до наших дней деревянных изделий с имитацией, гравировкой, орнаментом.

В результате исследований археологов – жилища, некрополь, погребальные обряды, предметы быта, посуда, изделия, связанные с хозяйством, также являются основными объектами исследования. Объектами исследования являются музей, сохранность и сфера применения изделий, имеющих в распоряжении некоторых жителей.

Рассматриваются название, сфера применения, оборудование мастеров древних изделий, найденных при раскопках. Ритуальные изделия, напоминающие дерево, считаются религиозными верованиями людей, живших в ту эпоху.

К примеру, маркировка на деревянных изделиях, гравированные рисунки, бытовая композиция-это многое, цвета краски-не совпадение. Рассматриваемый вопрос позволил проанализировать историю изучения искусства гравюры и оценить степень их изученности, понять, восстановить старые артефакты, а также определить основные проблемы и задачи исследования. В статье подробно рассмотрены расположение орнамента, цвета краски, искусство гравировки, материальная культура казахов.

**Ключевые слова:** искусство гравировки, некрополь, символ, долото, композиция, реликвия.

**Кіріспе.** Жұмыстың зерттелу нысаны қазақ халқының ағаш өңдеу, ұқсату, оймыштау өнері ою-өрнек, ежелгі және орта ғасырін қамтиды. Осы күнге дейін сақталған ағаш бұйымдарды зерттеудің қазіргі кезеңде өтте өзекті мәселе деп қарастыруға болады, аталған дәстүрлі өнерінің генезисін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Орталық, облыстық, мектеп музейлерінде сақталған ежелгі жәдігерлер негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Өкінішке орай ағаштан жасалған бұйымдардың жойылып кетуіне байланысты, толық мәлімет айту қиындық туғызады.

Қазақстанның кейбір аймақтарында ағаш тапшылығы болса да, бұл өнерден қол үзіп қалған жоқ. Ағаш шеберлері қажетті шикі затты көрші елдерден алдырып, қайта өңдеп отырған. Қазіргі таңға дейін



Қазақстанның барлық дерлік аймақтарынан „Алтын адам„ табылған, мүрденің жанынан ағаштан ұқсатылған бірен-сараң бұйымдар кездеседі, тіпті сол бекзадалар жерленген қорымның өзі ағаш конструкциядан тұрады. Қазақстанның кейбір аймақтарынан сақ зираттарында ақсүйектердің мүрдесін балызамдау мен мумиялау әдістарі болғаны анықталды.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қазақ жерінде ағаш шебері, ұста пайда болды, шеберлер күнделікті тұрмысқа қажетті сәндік бұйымдар, құлпыағаш, ағаш табыт, ат байлайтын бағандар, сәулет конструкцияның алғаш нышандары пайда бола бастады. Ғалымдардың пайымдауынша қажетті ағаштарды көрші елді-мекендер жеткізілген деген пайымдаулар айтылады. Ағаш конструкция жөнінде К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев өз еңбектерінде арқау еткен.

Ағаштан ұқсатылған бұйымдарды көркемдеу әдіс белең алла бастады, қорымдардан табылған ат әбзелдеріндегі барельефті оймыштар, тегіс бір тілікті, бедерлі оймыштардың нұсқалары көруге болады. Сонымен қатар үй тұрмысына қажетті бұйымдар тостаған, ожау, шара, саптыаяқтарды бірен-сараң түрлері сақталған.

Қазақстанның Орталық музейлерде сонымен бірге Қазақстан ғылым академиясының музейінде көне ағаш сәулеттік конструкциясының нұсқасын көруге болады. Бұл жәдігерлер қазақ мәдениеті туралы құнды мәлімет бере отырып, тәрбиелік мәні орасан деп айтуға болады. Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген музейлерінде ағаштан ұқсатылған жәдігерлердің сақталуы айтарлықтай жақсы емес. Әлі күнге дейін ағаштан ұқсатылған бұйымдардың атауы дұрыс емес, осы мәселенің қолға алу қажет, тіпті оқулықтарда қателіктер өрбіп жүр. Кезек күттірмейтін мәселе, осы ағаш бұйымдардың көшірмесін алу.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеушілер К.А. Ақышев, Г.А. Кушаевтар еңбектерінде көптеген көне ескерткіштер туралы, соның ішінде ағаштан ұқсатылған жеркепе, тұрғын үй, жайлар, қорымдар туралы айта келе, ағаштан жасалған конструкциясы туралы нақты деректер келтіреді. Атап айтсақ Бесшатыр, Есік, Берел, Пазырық қорымдарының сыртқы белгілері, бөренелерді бір-бірімен қиюластыру техникасы, ағаштарды тасу, өңдеу, кейбір қорымдарда ағаш оймыштау өнерінің қайсыбір түрлері кездесетіні туралы өз еңбектерін баяндап өткен.

Бесшатыр қорымда табылған бөренелердегі балта іздері көптеген мәліметтер береді, сол кездегі темір, қоладан жасалған ағаш өңдеуге арналған бұйымдардың жетілгенін аңғаруға болады, бұл дегеніміз ағаш оймыштау қарқынды дамуына жол ашады деген сөз.

Оған дәлел ретінде Есік қорғанынан табылған ағаштан ұқсатылған аң стиліндегі масқалар, ағаштан ойылған қошқардың басы, грифон, бұлан, жыртқышқа ұқсас белгісіз мүсіндер. Шеберлер тек ағаштан ойып қоймай, масқаларды жұқа алтын қабыршақпен қаптаған. Көне қорымдардан ағаш табыт, қима таған, сәнді ат әбзелдері, Ал Жетісу жерінде жүргізілген археологиялық қазба барысында қорымнан жайпақ табақтар, астау, ағаш ыдыстар табылған, сыртқы пішіндері өтте қарапайым, ешқандай көркемдеу, ою-өрнек белгілері байқалмайды. Көшпелердің негізгі тіршілік көзі төрт-түлік мал, соның ішінде жылқы малы айтарлықтай орын алды, жылқының сүтін өңдеуге арналған шарушылық бұйымдар кездесетіні туралы ғалымдардың еңбектерінде айтылады.

Есік қорымынан археологиялық қазба барысында ғалымдар „Алтын ада„ жанынан ағаштан ұқсатылған тостаған, бүтін ағаштан ойылған қымыз сапыруға арналған кішігірім ожау табылғаны туралы айтылады. Көшпелердің көшіп-қонуға арналған және ұрыс кезінде пайдаланған төрт және алты дігіршікті арбалар болғаны айтылады Геродот еңбектерінде.

Адам жерлеуге арналған қарапайым және көркемделген ағаш табыттар туралы ғылыми еңбектерде айтылады, оған мысал Берел қорымынан табылған бүтін кеспектен ойылған ағаш табыт, табыттың қақпағы өтте ұқыпты етіп жасалған және сыртқы пішін ерекше, осындай Қазақстан территориясында табылған адам жерлеуге арналған әр келкі болып келеді.


**Талқылау.** Сақ-сармат дәуірінде ағаш оймыштау өнері Қазақстан территориясын мекендеген тұрғындар арасында одан әрі дами түсті. Ағаш бұйымдар негізінен тұрғын үй құрылыстары мен жерлеу ғұрыптарына арналған және тұрмысқа қажетті заттарда айрықша байқалған. Бұл кезеңнің қорымдарынан көп мөлшерде ағаш бұйымдар табылды. Оймыштардың небір үлгілері әсіресе жерлеуге арналған бұйымдарда кездесті. Мұны бүгінгі таңдағы археологиялық қазба жұмыстары да айғақтап отыр. Алдымен қорымдағы өңделген ағаш құрылысына тоқталайық... Солардың бірі ертедегі темір дәуірінде Қазақстан аумағында жер бетіне ағаштан салынған ежелгі сәулет - құрылыс өнерінің бірегей ескерткіштері болып саналған б.з.д. V ғасырларға жататын Бесшатыр қорымы. Бесшатыр қорымы сол кездегі ағаштан салынған күрделі құрылыстың бірі болып саналады [1].

Қорымның құрылысынан осы дәуір тұрғындарының ағашты ұқсатудың қарапайым түрін меңгергенін аңғарамыз. Мәселен, қорымды салуда пайдаланылған барлық бөренелердің бұтақтары мен бұдырлары тегістеп шабылып, қабықтары аршылған [2]. Шеберлер бөлменің қабырғасын, төбесін жабатын бөренелерді қиюластыру үшін оны мұқият өңдеп отырған. Бүкіл құрылысты мейлінше тұрақты ету мақсатымен бөренелердің жуан, жұмыр бастарын қарама-қарсы айкастырып, қиюына қарай өңдей білген.

Сондай-ақ, қорымның бұрыштарын құрайтын бөренелерді де тығыз түйісетіндей қырлап, күмбездеп, кейде конус тәрізді етіп ұқсатқан [3], (1-кесте, г). Бесшатыр қорымын тұрғызуда шеберлер бөренелерді сүйрету, арқанмен қабырғаның төбесіне көтеру үшін оған кертiк ойған. Кертiк негiзiнен бөренелердiң аяғы мен ортасын, ал өте жалпақтарында екеуден жасалған [4] (1-кесте, д).

Қорымның құрылыс техникасының қарапайымдығы бөренелерде сақталған құрал іздерінен айқын байқалады. Археологиядағы қосымша әдістің бірі микроанализ арқылы анықталады. Әдетте оны трасология деп те атайды [5]. Трасология еңбек құралының жоғарғы жағындағы тозған іздерін микроскоп көмегі арқылы саралап, зерттейді. Табылған құрал-саймандардың екінші қайтара пайдаланылған іздері де осы әдіспен айғақталады (1- кесте, е).

Қазақстан жеріндегі қола және ерте темір дәуірінде ағаш ұқсатуды пайдалану мысалдары (үлгілері)



1-кесте. Қазақстан жеріндегі қола және ерте темір дәуірінде ағаш ұқсатуды пайдалану мысалдары (үлгілері)

а-қола дәуірі үйінің реконструкциясы, көлденең көрініс. Орталық Қазақстандағы Бөрібас сайы. Қазақстандағы қола дәуірі халықтарының тұрағы. А.Оразбаев, П.Агаповтардың реконструкциясы; б - Суық Бұлақ реконструкциясы; в - тұрғын үй реконструкциясы. Бұғылы - 1.2; в - шағалалы қонысындағы құдықтар; г - Бесшатыр қорымы, б.з.д. VII - IV ғғ.; д - Бесшатыр қорымы, б.з.д. VII-IV ғғ. Кертiп ойылған сүйретпелер. Арқанмен оралған иш. Арқан үзiндiсi; е - Бесшатыр қорымы, б.з.д. VII - IV ғғ. Балташылар құралдарының бөренелердегі іздер.

Бесшатыр қорымының құрылысында қолданылған құрал іздері осылайша сараланған [6]. Ағаш кесу, бөренелерді қысқарту және басқа да әрекеттер әдетте жүзі 5,5 см. болатын, тез мұқалатын ауыр қола балталармен орындалса, бөренелерді ұзыннан және тегістеп шабу үшін жүзінің жалпақтығы 4,5-5,2 см. болатын шаппа шоттар пайдаланылған. Ағаш шеберлері сондай-ақ үскі, қола шоттарды да қолданған. Зерттеушілер К.А. Ақышев, Г.А. Кушаевтар өз еңбектерінде Бесшатыр қорымындағы бөренелерді өндеуде пайдаланылған осындай жүзі бар балталар мен шоттардың іздері бүгінде Қазақстан мұражайларында сақталған балталар мен шоттардың жүзіне сәйкес келетіндігін жазады.

Ал Есік қорғанының құрылысын тұрғызуға пайдаланған бөренелерді қиюластыру үшін шеберлер оларды арнайы шауып отырған. Қабір қабырғасын құраған бөренелер бір-біріне көлбеу қойылған. Бөренелер ұшы бір-бірімен біте қиюластырылған. Демек, қабірдің батыс бөлігінің сол жақ бұрышындағы ұзыннан қаланған бөренелердің ұшы мен көлденеңінен қаланған бөренелер оң жақ бұрышында ұзыннан

қаланған екінші қабырғаның ішкі жағынан киюласады. Қабірдің шығыс жартысында да осындай әдіс қолданылған. Тек қабірдің бұрышында ғана қиылысу реті керісінше болған.

Есік қорғанының құрылысын тұрғызуға пайдаланған бөренелерді шеберлер шауып, біріктіре киюластырып жасаған. Қабір қабырғасын құраған бөренелер бір-біріне көлбеу қойылған. Бөренелер ұшы бір-бірімен байланыспайды, тек қана біте қиылысады. Демек, қабірдің батыс бөлігінің сол жақ бұрышындағы бөренелер көлденеңнен қаланған. Қабірдің шығыс жартысында да осындай әдіс қолданылған, тек қабірдің бұрышында қиылысу реті керісінше болған [7].

Сақ дәуірінің жерлеу ғұрпындағы ағаш оймыш өнерінің бүгінде б.з.д.V - IV ғасырға жататын Шығыс Қазақстан облысындағы Берел қорымынан табылып отыр. Берел қорымы Бұқтырма өзенінің оң жағалауындағы биік таулы аңғарға, Ақбұлақ өзенінің Бұқтырмаға құяр мүйісінен орын тепкен Берел ауылынан Оңтүстік-Батысқа қарай жеті-сегіз обалардан құралған. Осы обаларды қазу барысында археологтар жерлеу ғұрпына байланысты аңдар мен аң мүшелерінің, грифондардың бейнесі безендірілген ағаш табыттар мен ат әбзелдерін тапқан. Оба үстіндегі қабірдің үсті бөрене сырықтармен тегіс жабылған, ал көрдің түбіне қалың әрі жалпақ самырсыннан шабылған үш қатар ұзынша тік төртбұрышты қима таған орнатылған. Осылай пайдаланылған бөренелер мен тақтайлардың кейбірі алдын-ала дайындалған. Қима тағаннан сәнді әбзелдермен қөмілген аттың қалдығы да ұшырасқан.

Тағанның ішінде қойылған астау-табыт көп жылдық жуан самырсыннан тұтас күйінде ойылып жасалған. Үстіңгі жағы мұқият тегістеліп өңделген астау-табыттың төрт бұрышында құлақтар шығыңқы етіп шабылған. Беті қақпақпен жабылған ол да бүтіндей, тұтастай үңгіп, тегістеліпті.

Енді осы қима тағаннан табылған ат әбзелдеріне келетін болсақ, олар негізінен барельефті (аласа бедер) скульптуралық (ағаштан жасалған мүсін) әдістермен оймышталған, көптеген ағаш бұйымдармен безендірілген. Ағаштан тұтастай кошқардың басы ұқсатылып, сырты жұқа алтын қабыршақпен қапталған, мүйіздің сыртынан жапсарлас керткі оймышпен жүгеннің сулығы [8] және айылдың бөлшектері [9], ат - әбзелдің тағы бір бөлігі грифон, бұланның қарама-қарсы бедерленген ілдіргілер (2 - кесте, а) [10], он үш жылқының төртеуінің басында тау текенің ағаштан ұқсатылған мүйіздері мен әшекейденген тері маска болған (2 - кесте, ә). Масканың біреуі денесі мысық тұқымдас жыртқыш тәрізді имек құс тұмсықты, теріден жасалған ирек мүйізі және қанаты бар ағаштан ойылған барыс тәріздес грифонның көлемді мүсінмен безендірілген. Ат әбзелдерінде кездесетін образдарға құстар, таутекелер, арқарлар, мысық тұқымдас жыртқыштар кіреді (2 - кесте, б,в).

Сондай-ақ, сан-алуан жануарлардың қасиеттерінен түйінделген мысық тұқымдас аңның тұмсығы жыртқыш құс іспетті. Грифондарда бедерленген "аң стиліндегі" ат әбзелдерінің негізгі мазмұны аңдар айқасы. Мысық тұқымдас жыртқыштың бұғыға немесе тау текеге шабуы, өз құйрығын өзі қыршып жатқан грифон. Грифон аузында қос тұяқты жануардың басы бейнеленген [11].

Аңдар айқасының динамикалық экспрессивтігі көбіне олардың денелерінің 180°-қа бұрылуымен беріледі. (2-кесте, г). Бұлшық еттері нүкте, үтір сияқты белгілермен ерекшеленіп, қалыптан тыс үлкейтіліп берілген мүйіздері, ауызын арандай ашқанда аксиган тістер және жойқын күшті тырнағы бар жыртқыштар бейнеленген (2 - кесте, д, е). Шеберлер ұнамды композицияларында симметриялық және геральдикалық бейнелеу принципін ұстанған, осы әдіспен жасалған сюжеттер ілдіргілер мен әшекейлерде жиі кездеседі.

Археологиялық қазба барысында табылған ағаш бұйымдарының арасында Пазырық ескеркіштерінен өзгеше әзірше белгісіз бөлшектерінің бар екендігін бүгінде обаларды арнайы зерттеген мамандар айғақтап отыр. Мәселен, мысық тұқымдас жыртқыш тұлғалы грифон мүсінінің басы имек тұмсықты, аузы доға тәрізді дәу бүркіт көзінің арт жақ тұсынан төменгі жақ сүйегіне дейін рельефті (бедерлі) оймышпен гүл жапырақшалары тәрізді "жағалақ" бедерленген, ал күжірейген желкесінде төбесінен шоқтығына дейін рельефті (бедерлі) оймышпен бұжыр-бұжыр айдар жалы кестеленген. Жапсырма құлағы ұзын жапыраққа ұқсайды, теріден жасалған мүйізі (әдетте, ол да, жапырақша алтынмен апталған тәрізді) желкесіне қарай қайырылған. Грифонның бүйірінде қанаттары бекіткен ойықтың ізі бар. Аталған жануарлар бейнелерін зерттеушілер оны шартты түрде "Бүркіт басты грифондар" тобына жатқызады [12].

Қабір ішіндегі жирен аттың ағаштан, алтыннан ұқсатылған әбзел әшекейлермен, маскамен тұтастай жабықталуы Алтайда ертедегі көшпелілердің жерлеу, ас беру ғұрпын білдіреді. Ағаштан аса көркем жасалып, өте жұқа алтынмен апталған барлық бұйымдар күнделікті пайдалану үшін емес, арнайы жерлеу рәсімі үшін немесе марқұмның бақи әлемдегі қажеті үшін дайындалған-ау деуге әбден болады. Берел обаларынан табылған ағаш бұйымдарда көркемдеп бедерленген аңдардың немесе олардың дене мүшелерінің мүсіндерімен қатар геометриялық және өсімдік тектес өрнектерімен оймышталған бұйымдар да кездескен. Сақ-сармат дәуірінің ағаш шеберлері ағаштан күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарды да жасай білген. Мәселен, Жетісудың жоғарыда аталған кезеңіндегі обаларынан жайпақ табақтар, астау түріндегі ағаш ыдыстар табылған [13].

Ерте темір дәуірінің тұрғындары сондай-ақ, ағаштан сүт құятын ыдыстар, ағаш тостағандар, табақша, кеселер және үй ішінің басқа да керек-жарақтарын жасады. Ағаштың қабықтарынан зооморфтық және өсімдік бейнелес күрделі өрнектер қиып, олардан ер-тоқымдар, ағаш табыттар, жебе салынған қорамсақтар, әр түрлі қышқаптар әшекейленді [14].

Сондай-ақ, бүгінде дүние жүзіне мәлім Есік қорғанынан сақ жауынгерінің қабірін қазу барысында отыз шақты ыдыс-аяқтар, ожау табылды. Ыдыс-аяқтар негізінен балшықтан, темірден және ағаштардан ұқсатылған. Ағаш бұйымдардың ішіндегі бүгінде бізге белгілісі күнделікті тұрмысқа қажетті ожау мен бүтін ағаштың ұрығынан жонылған ернеуі ішіне қарай иіліп ұқсатылған кішігірім тостаған. Қорғаннан табылған тостағаннан байқалатыны оны шебердің жалпақ ақ қайыңды табиғи әсемдігін, түсін жоғалтпай мұқият өндеп, сәндегендігі [15]. Әйтсе де, тостағандар (6 дана) жақсы сақталмаса да, жекелеген ірі бөлшектерін құрастыру арқылы пішіні мен көлемі толығымен қалпына келтірілген. Бұл ыдыстардың түбі саяз, ернеуі сыртына қарай төмен қайырылған, қабырғалары биік емес және көлбеу ұқсатылған. Қабырғасының қалыңдығы - 1,3 см., тостағанның биіктігі - 4,0 см., ернеуінің диаметрі - 18 см. Тікбұрышты қабырғалары онша биік емес, сыртына қарай қиғашталған ыдыстарға келсек, қайыңнан ұқсатылған олардың үлкендерінің көлемі 67,5 x 37,5 (2 - кесте, ж), шағын түрлері 46 x 29 см, ыдыс қабырғасының биіктігі 3 см. Бас жағы опырылып сынған ожаудың ернеуі жоғары қарай қайырылған, бүйірі шығынқы болып келеді, түп жағы тостағанға ұқсап ойылған. Ожаудың сабын бекіту үшін ернеуінен сәл төменірек тұсынан әдейі саңылау қалдырылған. Ожаудың сабын бірнеше қайтара айшықтап, жұмыр етіп жонған (ұзындығы 25 см). Айшықталып шабылған сабы ұстауға өте ыңғайлы (2 - кесте, 3). ернеуі мен бүйірі - 9,5 см, биіктігі - 5,7 см, қабырғаның қалыңдығы - 1 см, түбінің қалыңдығы - 3,2 см, сабының тілгендегі қалыңдығы -2.5 см [16].

Сақ дәуірінің көшпелі тұрғындары көшіп-қонуға және ұрыс кезінде ыңғайлы төрт және алты дігіршікті арбалар пайдаланған. Осындай арбалардың тасқа қашаған нобайлары бүгінде Қаратау жотасы мен Көксу өзені етегінде белгілі болып отыр [17]. Сақ - скифтердің (Арғиппейлердің) тұрғын үй түрі туралы бірлі-жарым мәліметті Геродоттың еңбектерінен кездестіреміз [77]. Көріп отырғанымыздай, скифтердің алып жүретін тұрғын үйінің құрылысы қазақтардың жаппасы (күркесі) сияқты қарапайым болған. Жалпы, Геродоттың келтіріп отырған тұрғын үйі Академиялық аулармаларда "кибитка", (күймелі арба) деп аталып, алып жүретін тұрғын үйдің түрі осылай сипатталады.

Ағаш оймыштардың көркем үлгілері ғұрыптық салт-дәстүрлерде көрініс тапқан, оған мысал өлген адамдарға, әсіресе оның көсемдеріне арналған ағаш табыттар дәлел бола алады. Археологиялық қазба барысында Башадар, Пазырық, Берел, Қотанды қорымдарынан анықталып отыр. Енді осылардың ішінде өнер тұрғысынан оймыштардың жарқын үлгісі болып табылатын Башадар қорымына тоқталайық. Бұл қорымнан ер мен әйелге арнап жасалған ағаш саркофагтар (астау табыт) табылды.


Саркофагты самырсын ағашының қалың дөңбегінен екі жақ тұмсығын бөрінің екі жақ тұмсығын бөрінің басына ұқсатып ойған. Оның жоғарғы жиегін текемет өрнекті жұқа киізбен шырғалап, мыс шегемен бекіткен. Саркофагтың бет жағына бірінің соңынан бірі шұбырып келе жатқан төрт жолбарыс-тың және мертігіп жатқан бұланның сұлбасын әдемі накышпен оюлап түсірген. Саркофагтың қақпағы да осы сюжетте орындалған (бірінің артынан бірі шұбырған төрт жолбарыс, олардан үріккен екі қабан, үш арқар, екі бұлан). Осылардың бәрі самырсын ағаштың шағын бетіне жолақты түрде түсірілген. Жануар-ларды реалистік нақты пропорцияларын сақтап қашап бейнелеген. Жолбарыстың тарғыл түсін, оның ақсқан аузын, жымыған құлағын, арқар мен бұланның момақан мінезін ағашқа ойып түсіру осы күнгі шеберлердің өзін тандай қақтырады. Башадар өнерінің үлгісіндегі айрықша назар аудартқан ондағы ою-өрнектер, түрлі әдісте орындалған оймыштар болды (3-кесте, а). Мұнда жиі кездесетін геометриялық үлгідегі мотив, қошқар мүйіз, зооморфтық үлгілер (арқардың, бұғының, таутекенің, бөрінің басы, қыран құстың, құмайдың тұяғы, басы және космогониялық өрнектердің көбі қазақтың халық өнерінде әлі күнге дейін сақталған [18].

Осы ұқсас ағаш табыттар Пазырық қорымынан да табылды. Алғашқы екі Пазырық қорғанынан ұшырасқан саркофагтар мен олардың қақпақтарының сыртқы жас қайыңнан алынған қабыршақтар көлбеу бағытта крестеліп (айқышталып) жүргізілген. Сонымен қатар бірінші қорымда саркофагтың жоғарғы беті теріден ойылып, қораз бейнесі накышталса, екінші қорымдағы саркофагтың беті жүгірген бұғы бейнелері накышталған [19].

Б.з.д. III ғасыр - б.з. III-IV ғасырлардағы үйсіндердің күнделікті тұрмыстарында пайдаланған ағаш ыдыстары Жетісудағы Ақтас-1 обасынан табылып отыр. Бізге жеткен ағаш бұйымдарынан тамақ ішетін ыдыстар, ағаштан (көбіне қайыңнан) ойып ұқсатылған тағандары бар шағын табақтар, текше тостағандар еді. Текше тостағандар екі түрлі: аласа (биіктігімен диаметрі бірдей) және биік болады. Тұтқалары ілмек

тәрізді немесе шығыңқы етіліп, бүйірінің ортасына немесе ернеуіне биік болып бекітіледі. Текше тостағандардың тұтқалары бүйірінің тұсынан орын алған (2-кесте, к, л)


Сақ-сармат дәуіріндегі ер-тұрман (ілдіргілер), мүсіндер және ыдыс аяқтар



2-кесте. Сақ-сармат дәуіріндегі ер-тұрман (ілдіргілер), мүсіндер және ыдыс-аяқтар  
а - ілдіргі, Берел; б - қошқардың бас бөлігі, Берел; в - жолбарыстың бас кейіні, Берел; г - аңдар айқасы бейнеленген ат әбзелінің бөлішегі, Берел; д, е - грифондар, Берел; ж - астау, Есік қорғаны; з - ожау, Есік қорғаны; к - текше тостаған, Жетісудағы Ақтас - I қорымы; л, м - саптыаяқтар, Жетісудағы - I қорымы.

Б.з.д. II-ғасырларда өмір сүрген Қаңлы мемлекетінің байырғы территорияларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары бүгінде бірнеше қоныстарды анықтап отыр. Соның ішінде ең жақсы зерттелгені Сырдарияның сол жақ жағалауына орналасқан Ақтөбе қонысы. Бұл қоныста сарайға өліктер жерлеген кешен назар аударды. Қаңлылар да өлген адамды жерлеуде сақ-сарматтардай салт-дәстүрді ұстанған, өлген адамның қасына оның тіршілікте тұтынған бұйымдары, керек-жарақтары бірге көмілген. Археологтар осы қорымнан ағаштан ұқсатылған екі ыдыс, қорамсап, садаққа арнап ағаш қабығынан жасалған қап, сүйекпен әренген ағаш садақтар тапқан [20].

Ағаш оюдың бірыңғай үлгісі біздің заманымыздың I-IV ғасырларына жатқызылатын Ақтөбе қонысынан табылған ағаш табыттан да байқалды. Ұзындығы - 2,1 метр, ені - 60 см болатын қарапайым ағаш табыт төменгі Еділ бойында кездесетін сармат обасымен сарындас. Ағаш табыт төрт бағанды, жоғарғы және төменгі жақтаулары қосылған, аралары тігінен қойылған алты жалпак тақтаймен бекітілген. Табыттың жоғарғы бөлігіндегі босағалары жеңіл шеңбер тәрізді етіп жай оймышпен бедерленген (3-кесте, ә) [21]. Аталған кезеңге қатысты ағаш табыттың тағы бір түрі Тарбағатайдың теріскейінен де табылды (3-кесте, б) [22].



3- кесте. Жерлеу ғұрыптарына байланысты ағаш бұйымдар.

*а - ағаш табыт, II – Башадар қорымы, 2 – ағаш табыт, Шардара су қоймасы, Ақтөбе қонысы; ә – ағаш табыт, Тарбағатай; в, г, д, е – құлпы ағаштар, Батыс Еуропа, Венгрия территориясында; ж, з – бейіт басында ат байлайтын бағандар, XIX ғ. Шығыс Қазақстан; и, к – бейіт басында ат байлайтын бағандар, якуттар; л – бейіт басындағы ат байлайтын бағандар, хақастар; м – бейіт басында ат байлайтын мама ағаштар, алтайлықтар.*

Сонымен ағаш бұйымдарын оймыштаудың небір үлгілері осы сак-скиф дәуірінде дүниеге келген. Күні бүгінге дейін сақталып, бізге жеткен жерлеу ғұрыптары үшін жасалған ою-өрнек пен оймыш түрлерінен ағаш оймыштаудың біршама дамығандығын көреміз.

Көшпелі халықтың "аң стилі" деп аталған өнері әлемдік мәдениет тарапынан жоғары бағаланды. Аталған кезеңде ағаш бұйымдарындағы ою-өрнек түрлері мен оны өңдейтін құралдар да айтарлықтай жетіле түсті.

**Қорытынды.** Қазіргі таңда музейлер қорларында ықылым заманнан бігінгі дейінгі ағаш жәдігерлер сақталған. Қазақстанның әр аймақтарынан жүргіліген археологиялық, этнографиялық экспедиция кезінде табылған көне жәдігерлер қойылған. Табылған жәдігерлерді ғалымдар зерттей келе Қазақстан жерінде мекендеген адамдардың тұрмысы, шаруашылығы сонымен бірге ғұрыптық ескерткіштер мәліметтерге қол жеткізіп отыр. Мақалада қазақтың дәстүрлі ағаш бұйымдардың ұқсатылуы, оймыштау өнеріне кеңінен тоқталдық. Сонымен қатар, кейбір ағаш бұйымдардың фото суреттерімен толықтырдық. Халқымыздағы ағаш ұқсату өнері бүгінгі таңда біршама үзілістен соң қайта жаңғыруда. Сол себепті бұл мәселені қазақтың қолданбалы өнер жүйесінде кешенді зерттеуге мол мүмкіндік туып отыр.

Біздің зерттеуіміз ағаш оймыштау өнерінің қазақ халқы тарихының жарқын беттері екенін көрсетті. Ағаш оймыштау өнеріндегі образдар, олардың шығу тектері, типологиясы алдағы уақытта жалпы ғылыми, мәдени міндеттерді шешуге, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға, халық өнерін қолдану мен насихаттауға үлкен ықпал етпек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Акишев К. А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней. долины реки Или. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1963. -298 с. с илл. (35).
2. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (35).
3. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (83).

4. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (81).
5. Коробкова Г.Ф. Орудия труда и хозяйство неолитических племен Средней Азии. - Л.: Наука, 1961. - 216с. с илл. (14)
6. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (84)
7. Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. - М.: Искусство, 1978. — 132 с. (15).
8. BEREL - Берел. Альбом. /Самашев З., Базарбаева Г., Сунгатай С., Жумабекова Г. - Алматы: Комплекс, 2000. – 56 с. (20-30).
9. BEREL-Берел. Альбом... (20-30).
10. Самашев З., Жумабекова Г., Сунгатай С. Ежелгі берелдіктердің гажайып мәдениеті //Қазақ тарихы. 1999. № 2. – 57-64 бб.
12. Самашев З., Жумабекова Г., Сунгатай С. Ежелгі берелдіктердің гажайып мәдениеті...
13. BEREL-Берел... (44-48).
14. BEREL-Берел... (42-43).
15. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата: Жалын, 1979. - 250 с. (112).
16. History of Kazakhstan. Five volumes. Almaty: Atamura, 1996. 1 vol. – pp. 224-225.
17. Акишев К.А. Курган Иссык... (31).
18. Акишев К.А. Курган Иссык... (117).
19. Новоженев В.А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии. Алматы: Аргументы и Факты Казахстан, 1994. - 268с. (29-39).
20. Геродот. История в девяти книгах... (193).
21. Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. Д.: АН СССР, 1960. - 360 с. (22-52).
22. Грязнов М. Пазырыкский курган. М.-Л.: АН СССР, 1937. - 44с. (11-12).

#### References:

1. Akishev K. A., Kushaev G.A. Ancient culture of Saks and Usuns. the valley of the Ili River. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1963. – p 298. with fig. (35).
2. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River Valley ... p 35.
3. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River Valley... p 83.
4. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River valley ... p 81.
5. Korobkova G.F. Tools and economy of the Neolithic tribes of Central Asia. L.: Nauka, 1961. –p 14.
6. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River valley... p 84.
7. Akishev K.A. Kurgan Issyk. The art of the Saks of Kazakhstan. M.: Art, 1978. — p 132.
8. BEREL - Berel. Album. /Samashev Z., Bazarbayeva G., Sungatai S., Zhumabekova G. Almaty: Complex, 2000. – p 56.
9. BEREL-Berel. Album ... pp 20-30.
10. Samashev Z., Zhumabekova G., Sungatai S. amazing culture of the ancient berelites // history of the Kazakh people. 1999. № 2. - pp. 57-64.
12. Samashev Z., Zhumabekova G., Sungatai S. amazing culture of the ancient berelites // history of the Kazakh people. 1999. № 2.
13. BEREL-Berel... pp 44-48.
14. BEREL-BEREL... pp 42-43.
15. Agapov P., Kadyrbayev M. Treasures of ancient Kazakhstan. Alma-Ata: Zhalyn, 1979. - p 112.
16. Kazakhstan tarikhs. Imp tomdyk. Almaty: Atamura, 1996. 1 vol. – pp. 224-225.
17. Akishev K.A. Kurgan Issyk... p. 31.
18. Akishev K.A. Kurgan Issyk... p 117.
19. Novozhenov V.A. Rock carts of Central and Central Asia. Almaty: Arguments and Facts Kazakhstan, 1994. – pp. 29-39.
20. Herodotus. History in nine books... p 193.
21. Rudenko S.I. Culture of the population of the Central Altai in the Scythian time. D.: USSR Academy of Sciences, 1960. – pp. 22-52.
22. Gryaznov M. Pazyryksky kurgan. M.-L.: USSR Academy of Sciences, 1937. – pp. 11-12.

Ж.Н. Шайгозова<sup>1\*</sup>, А.И. Ибрагимов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан, E-mail: zanna\_73@mail.ru

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан, E-mail: aman.07@inbox.ru

### «КІЛЕМ ТОҚУ – ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗҒАНДАЙ: ҚАЗАҚТЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ӨНЕРІН ЗЕРТТЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

#### Аңдатпа

Қазақтың кілем тоқу өнері – ХХ ғасырдағы құлдырауға қарамастан, бүгінгі күнге дейін жеткен бірегей дәстүрлі әйелдер тәжірибесінің бірі. Алайда, дәстүрлі форматпен айналысатын қолөнершілер жылдан жылға азайып барады.

Кілем тоқу «кездесінде» рәсімдер, жоралғылар, мерекелер, музыка, ғалам туралы ұғымдар, мифтер, аңыздар, наным-сенімдер және тағы басқалар үйлесімді түрде «тоқылған» немесе олармен байланысты. Бұл дегеніміз, оны жоғалтып алатын болсақ, бір қарағанда көрінгеннен әлдеқайда көп нәрседен айрылу қаупі бар дегенді білдіреді.

Бұл мақала материалдық емес мәдени мұраның маңызды бөлігі ретінде қазақтың кілем тоқу өнерін зерттеу, сақтау және дамыту мәселелерін жариялауға арналған. Белгіленген шеңберде авторлар бірқатар өзекті қызмет бағыттарын ажыратады.

Белгіленген шеңберде авторлар аймақтық және рулық ерекшелік мәселелерімен байланысты қазақтың кілем тоқу құбылысын одан әрі зерттеудің бірқатар өзекті бағыттарын; тоқу процесімен қатар жүретін салт-жоралар мен рәсімдерді; тоқу құралдарымен байланысты халықтық ұғымдарды бөліп көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада дәстүрлі кілем тоқуды сақтау мен дамытудың кейбір шараларының мәні ашылады.

Мақала ҚР Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеті сарапшыларының 2022-2023 жылдары Қызылорда облысының қолөнершілері арасында және елдің басқа да облыстарында (алдын ала зерттеулер) далалық материалдарына негізделген.

**Кілт сөздер:** қазақтың кілем тоқуы, сақтау, табыстау, дамыту, материалдық емес мәдени мұра, тасымалдаушылар.

*Зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің АР09259862 «Қазіргі Қазақстанның дәстүрлі қолөнерін зерттеу: жағдайы және сақтау жолдарын іздестіру» жобасы аясында жүзеге асырылды.*

Шайгозова Ж.Н. <sup>\*</sup>1, Ибрагимов А.И. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы Казахстан, E-mail: zanna\_73@mail.ru

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы Казахстан, E-mail: aman.07@inbox.ru

### «КОВЕР ТКАТЬ, ЧТО ИГЛОЙ КОЛОДЕЦ КОПАТЬ»: ИССЛЕДОВАНИЕ, СОХРАНЕНИЕ И РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОГО КОВРОТКАЧЕСТВА

#### Аннотация

Казахское ковроткачество – одна из уникальных традиционных женских практик, которая несмотря на перипетии ХХ века дошла до сегодняшнего дня. Однако, с каждым годом практикующих традиционный формат мастериц становится все меньше и меньше.

В «ткань» ковроткачества гармонично «вплетены» или с ними связаны обряды, ритуалы, празднества, музыка, представления о вселенной, мифы, легенды, суеверия и многое другое. Это означает, что, теряя его, мы рискуем потерять гораздо больше, чем кажется на первый взгляд.



Настоящая статья посвящена освещению проблем исследования, сохранения и развития казахского ворсового ковроткачества как важной части нематериального культурного наследия.

В рамках обозначенного авторы выделяют ряд актуальных направлений дальнейшего исследования феномена казахского ковроткачества, связанных с вопросами региональной и родоплеменной специфики; ритуалы и обряды, сопровождающие процесс ткачества; народные представления, связанные с ткацкими инструментами. Кроме этого, в статье раскрыта сущность некоторых мер по сохранению и развитию традиционного ковроткачества.

Статья основана на полевых материалах экспертов Национального комитета по охране нематериального культурного наследия РК преимущественно в среде мастериц Кызылординской области в 2022-2023 годах и в других областях страны (предварительные исследования).

**Ключевые слова:** казахское ковроткачество, сохранение, передача, развитие, нематериальное культурное наследие, носители.

*Исследование реализовано в рамках проекта Министерства науки и высшего образования РК АР09259862 «Исследование традиционных ремесел современного Казахстана: состояние и поиск путей сохранения».*

Zh.N. Shaygozova<sup>1\*</sup>, A.I. Ibragimov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: zanna\_73@mail.ru*

<sup>2</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: aman.07@inbox.ru*

## **“TO WEAVE A CARPET IS LIKE DIGGING A WELL WITH A NEEDLE”: RESEARCH, PRESERVATION AND DEVELOPMENT OF KAZAKH CARPET WEAVING**

### *Abstract*

Kazakh carpet weaving is one of the unique traditional practices of women which, despite the vicissitudes of the twentieth century, has survived to the present day. However, every year there are fewer and fewer women practicing the traditional format.

Rites, rituals, festivals, music, ideas about the universe, myths, legends, superstitions and much more are harmoniously “woven” into the “fabric” of carpet weaving. This means that when we lose it, we risk losing much more than meets the eye.

This article focuses on the research, preservation and development of Kazakh carpet weaving as an important part of intangible cultural heritage. Within the framework of the outlined, the authors highlight a number of topical areas of activity.

Within the framework of the indicated, the authors identify a number of topical areas for further research into the phenomenon of Kazakh carpet weaving related to issues of regional and tribal specificity; rituals and ceremonies accompanying the process of weaving; folk beliefs associated with weaving tools. In addition, the article reveals the essence of some measures for the preservation and development of traditional carpet weaving.

The article is based on fieldwork by experts of the National Committee for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage of the Republic of Kazakhstan mainly among the artisans of Kyzylorda region in 2022-2023 and in other regions of the country (preliminary research).

**Key words:** Kazakh carpet weaving, conservation, transmission, development, intangible cultural heritage, bearers.

*The research was implemented within the project АР09259862 “Research of traditional crafts of modern Kazakhstan: the status and search for ways of preservation” by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

**Кіріспе.** Қазақтың кілем тоқу өнеріне, әсіресе, түкті кілем тоқуға біршама зерттеулер арналды. Мамандар тарапынан қазақтың кілем өнерінің кейбір ерекшеліктері, оның түрлері, композициялық тәсілдері және т.б. ашатын орасан зор деректі материалды зерттеді. Бұл М.С. Мұқановтың [1; 2], Э.А. Масановтың [3; 4], У.Жәнібековтың [5], Ш.Ж. Тоқтабаеваның [6], Н.Әлімбаидың [7] және Қ.Б. Қасенованың бірқатар жұмыстары [8; 9] еңбектері. Қазақ кілемі мәдениеттанушылар мен өнертанушыларды үнемі қызықтырады: Н.Баженова [10], Г.К. Шалабаева [11], Ж.Д. Жүкенова [12] және т.б.

Аталған әдебиеттер мен далалық зерттеу материалдарын талдау түкті кілем тоқудың дәстүрлі орталықтары негізінен оңтүстік және Батыс Қазақстан болып табылады деп айтуға мүмкіндік береді.

Солтүстік және Шығыс Қазақстанда кілем бұйымдарын дайындау дәстүрінің болуы туралы да мәліметтер бар. Алайда, Шығыс Қазақстанда шағын түкті кілем өндірісі байқалады. Оңтүстік Қазақстанда, бұл Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстары. Бұл аймақта кілем тоқудың дамуына Өзбекстанмен аумақтық жақындық, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың тарихи отырықшы және жартылай отырықшы өмір салты ықпал етті. Батыс Қазақстанда – бұл, ең алдымен, Түркіменстанмен шектесетін Маңғыстау (Маңғыстау облысы) өңірі-классикалық түкті кілем тоқудың отаны. Түкті кілем тоқу Атырау облысының тұрғындарына да тән болды.

1. Yzaqbai Qulymbetovtyn memlekettik qyzmeti arhiv derekterinde (Quzhattar zhinagy) [Uzakbay Kulymbetov's public service in archival data (collection of documents)] / qurast. G.M. Qarataeva, Q.O. Algabaeva. Almaty, 2020. 704 b.
2. Qajratuly B. «Auyl moldasy» instituty – qazaqtyn ulttyq ruhani qajnar kozi bolgan [The Institute «Auyl moldasy» was a national spiritual source of the Qazaq people] // Resmi sajt islam.kz. 03.05.2023. URL: <https://islam.kz/kk/articles/atamura/auyl-moldasy-instituty-qazaqtyn-ulttyq-ruhani-qajnar-kozi-bolgan-4248/#gsc.tab=0>
3. Uzaqbai Qulymbetov – qazaq biliginin aqsaqaly: gylimi zertteuler, estelikter zhane gumyrnamalyq hikayat [Uzakbay Kulymbetov – the elder of the Kazakh power: scientific research, memoirs and life story] / qurast.: H. Abzhanov [t.b.]. Almaty, 2022. 512 b.
4. Qojgeldi M. Tugan halqynyn bolashagy yshin kyrestti [Fought for the future of his native people] // Alash ajnasy. 18.03.2011. №47. B. 4-5.
5. Zhappai sayasi qugyn-syrginder qurbandaryn aqtau turaly Qazaqstan Respublikasynyn 1993 zhylygy 14 sauirdedi №2200 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 1993 №2200 on rehabilitation of victims of mass political repression] // Resmi sajt adilet.zan.kz. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200>
6. Sayasi qugyn-syrgin qurbandaryn tolyq aqtau zhonindegi memlekettik komissiya turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhylygy 24 qarashadagy №456 Zharlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2020 №456 on the state commission for the full rehabilitation of victims of political repression] // Resmi sajt adilet.zan.kz. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>
7. Smagulova S.O., Ermuhamedova A.N. U. Qulymbetovtyn Qazaqstandagy asharyshlyqtardy auyzdyqtaudagy qyzmeti [] // QR UGA habarshysy. №5, 2017. B. 161-170.
8. Aidyrbekuly K. Qaishylygty zaman qairatkeri [] // Aqtobe gazetі. №8(350), 2017. B. 17.
9. Zhygenbaeva G. Uzaqbai Qulymbetovtyn shygarmashylyq murasy [Creative heritage of uzakbay Kulymbetov] // Aqtobe gazetі 14.01.2017. B. 25.
10. Otemis I. Qazaqtyn Qulymbetovyn eskerusiz qaldyrganymyz qalai? [How did we ignore the Kazakh Kulymbetov?] // Aqtobe gazetі. 11.10.2016. B. 27.
11. Bekzhanuly E. Eli barda Qulymbetov umytylmaidy [Eli barda Kulymbetov is not forgotten] // Aqtobe gazetі 06.09.2011. B. 20.
12. Bekarystan M. Halyq zhadyndagy Uzaqbai [Uzakbay in the memory of the people] // Aqtobe gazetі. 24.11.2016. B. 35.
13. Uzaqbai Qulymbetov: estelikter, zertteuler, maqalalar zhane gumyrnamalyq hikayat [Uzakbai Kulymbetov: memoirs, research, articles and life story] / Qurast.: O.Qarabalina – Qazybaeva, B.Myrzabai. Aqtobe: «NOBEL» baspahanasy, 2016. 450 b.
14. Uzaqbai Qulymbetov. Materialdar men quzhattar zhinagy [Uzakbai Kulymbetov Collection of materials and documents] // Qurast. S.O. Smaglova (zhauapty), M.R. Satenova, R.E. Orazov. Almaty, 2017. 416 b.
15. QR OMM. R-5-қ., 16-т., 38-іс., п. 8.
16. «ALZHIR» lagerinin tarihy [History of the camp «ALZHIR»] // Resmi sajt: museum-alzhir.kz. URL: <https://museum-alzhir.kz/kz/murazhai-turaly/alzhyr-lagerinin-tarihy>

17. Baimyrza L.B. Zhappai zhazalau qurbany Uzaqbai Qulymbetov zhaily birer soz [A few words about the victim of mass executions Uzakbay Kulymbetov] // Molodoo uchenyi. 2018. №44.1 (230.1), 2018. В. 1-2.

ҒТФХР: 03.00.20  
УДК 316(4/9)

[https:// doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.030](https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.030)

Ж.С. Саурыкова\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы  
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: [zhanarsaurykova@mail.ru](mailto:zhanarsaurykova@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0001-8342-579X>

## КЕНЖЕҒАЛИ АБДУЛЛИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

### Аңдатпа

Қазақ зиялы қауымының да, қарапайым халықтың да өмірін қиған 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін қасіреті, қазіргі таңда қазақстандық ғалымдардың да, сондай-ақ, шетелдік зерттеушілердің де назарында. Дегенмен зияткерлік мұраға арналған жұмыстар жеткіліксіз. Сондықтан адам механизмін, оның ауқымы мен тағдырынан көрініс беретін мұндай мәселелер зерттеушілердің назарын қажет етеді. Бұл мақала ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде тұңғыш әліппе жазып, сол арқылы қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы ағартушы-ұстаз, қоғам қайраткері, ақын және баспасөз қызметкері Кенжеғали Абдуллиннің өмірбаяны мен қызмет жолы, ағартушылық мұрасы мен азаматтық бейнесіне арналған. Алғашқы білімін ауыл молдасынан алған, жәдиттік идеядан хабары бар Кенжеғали Абдуллин қазақ тарихында алғашқылардың бірінші болып қазақша «әліппе» жазып, ақындық салада «Қазақтың қамы» және «Ұран» атты өлеңдер жинағын шығарған. Өз кезеңі үшін орны зор, мәні үлкен баспасөз органдары - «Кедей» (Ақтөбе), «Оңтүстік Қазақстан» (Шымкент) газеттерінің жауапты редакторы болып қызмет атқарған.

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі алаш интелгенциясының беделді өкілі, сталиндік террордың құрбаны болған Кенжеғали Абдуллиннің ағартушылық және шығармашылық мұрасы мен әлеуметтік қызметі жөніндегі материалдар тұңғыш рет ұсынылып отыр.

**Кілт сөздер:** Кенжеғали Абдуллин, алашорда, ағартушы-педагог, ұлттық-таным, журналист, «Кедей».

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("ХІХ ғасырдыңаяғы - ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы" грант ИРН BR18574180ы).

Саурькова Ж.С. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>старший преподаватель Казахского национального педагогического университета им. Абая Алматы, Казахстан. E-mail: [zhanarsaurykova@mail.ru](mailto:zhanarsaurykova@mail.ru)

## ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КЕНЖЕГАЛИ АБДУЛЛИНА

### Аннотация

Трагедия политических преследований в Казахстане в 1920-1950-е годы, унесшая жизни как казахской интеллигенции, так и простых людей, в настоящее время находится в центре внимания как казахстанских ученых, так и зарубежных исследователей. Однако работ по интеллектуальному наследию недостаточно. Поэтому такие проблемы, которые отражают человеческий механизм, его масштабы и судьбу, требуют внимания исследователей. Данная статья посвящена биографии и творческому пути, образовательному наследию и гражданскому имиджу Кенжегали Абдуллина, общественного деятеля, поэта и работника печати, написавшего первую азбуку на казахском языке и тем самым заложившего основы казахско-национального языкового образования. Кенжегали Абдуллин, получивший начальное образование у сельского муллы и знавший идеи джадидизма, первым в истории Казахстана написал казахский «әліппе» и опубликовал в поэтической сфере сборник стихов «Қазақтың қамы» и «Уран». Работал ответственным редактором газет как «Кедей» (Ақтобе), «Южный Казахстан» (Шымкент), имеющих большое значение для своего периода.

Впервые представлены материалы по просветительскому и творческому наследию и социальной деятельности Кенжегали Абдуллина, одного из лучших сынов казахского народа, авторитетного представителя алашской интеллигенции начала XX века, ставшего жертвой сталинского террора.

**Ключевые слова:** Кенжегали Абдуллин, Алашорда, просветитель-педагог, народовед, журналист, «Кедей».

**Благодарности.** Статья подготовлена в рамках реализации Программа целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX-первой половины XX вв.»).

Zh.S. Saurykova\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Senior lecturer at Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan. E-mail: [zhanarsaurykova@mail.ru](mailto:zhanarsaurykova@mail.ru)

## CREATIVE HERITAGE OF KENZHEGALI ABDULLIN

### Abstract

The tragedy of political persecution in Kazakhstan in the 1920-1950s, which claimed the lives of both the Kazakh intelligentsia and ordinary people, is currently in the focus of attention of both Kazakh scientists and foreign researchers. However, works on intellectual heritage are not enough. Therefore, such problems, which reflect the human mechanism, its scope and destiny, require the attention of researchers. This article is devoted to the biography and creative path, educational heritage and civic image of Kenzhegali Abdullin, a public figure, poet and press worker, who wrote the first alphabet in the Kazakh language and thereby laid the foundations of the Kazakh-national language education. Kenzhegali Abdullin, who received his primary education from a rural mullah and knew the ideas of Jadidism, was the first in the history of Kazakhstan to write the Kazakh "alphabet" and published poetry collections "Kazakh kamy" and "Uran". He worked as an executive editor of newspapers such as "Kedei" (Aktobe), "South Kazakhstan" (Shymkent), which were of great importance for his period.

For the first time presented, materials on the educational and creative heritage and social activities of Kenzhegali Abdullin, one of the best sons of the Kazakh people, an authoritative representative of the Alash intelligentsia of the early twentieth century, who fell victim to the Stalinist terror.

**Key words:** Kenzhegali Abdullin, Alashorda, educator, ethnologist, journalist, «Kedei».

*Gratitude.* The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX-first half of XX").

**Кіріспе.** XX ғасырдың басындағы рухани өрлеудің өзекті сипаты – прогреске ұмтылу болды. Қазақ зиялылары әр салада қаламымен, өзіндік ой-санасымен халыққа қызмет етуге тырысты. Кітапты көбірек жазып, өмірін ағарту ісіне, әдебиетке, жастарды өнер-білімге баулыды. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау – қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз. Сондай тұлғалардың бірі – «халық жауы» деген айдар тағылып, арамыздан аластатылып, кейінгі ұрпаққа аты беймәлім болып келген, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, қазақ балаларына жәрдем деген ең алғашқа қазақша әліппе жазған ағартушы-педагог – Кенжеғали Абдуллиннің өмірі мен шығармашылық мұралары ғылыми тұрғыдан зерттеліп тарихтан өз орнын әліде ала қойған жоқ.

Әдетте тарих бәрін ұмытады дейді, бірақ ұмытқаныңды еске түсіретін де осы тарих емес пе, мәселен, XX ғасырдың басындағы ұлттық әдебиет шежіресінде ұмытылмаған Кенжеғали Абдуллин (Ғабдуллин). Бұл кезеңде жалпы ақындар көп болмаса да, қолтаңбасы тасқа қашалған нағыз өнерпаздар санаулы. Демек, әлі де болса халық арасында кеңінен таныла бермейтін қаламгерлер бар екенін мойындауымыз керек. Қаһарлы төңкерістер мен саяси серпілістерді бастан өткерген өткен ғасырдағы ұлттық әдебиет пен баспасөздің ендігі мен кеңдігін бастан кешірген осындай ұлтжанды азаматтар болатын. XX ғасырдың басында Кенжеғали Абдуллиннің «Қазақтың қамы» және «Ұран» [1] атты екі өлеңдер жинағы жарық көрген. Кезінде қазақ әдебиетінің тарихын жазған Сәбит Мұқанов оны қазақтың әйгілі жазушыларының бірі деп атаған. Кенжеғали Абдуллин 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, «Алаш қозғалысына қатысушы», «халық жауы» атанып, атылып кеткеннен кейін, оның есімі мен мұрасы мүлде ұмыт қалды. Дегенмен қолда бар ақпараттарды пайдалана отырып Кенжеғали Абдуллиннің мұрасын тарихи таным тұрғысынан зерделеп көруді алдымызға мақсат етіп отырмыз.

**Материалдар мен әдістер.** Бұл мақалада біз тарихи мәселелерді, соның ішінде қазақтың зиялы азаматы Кенжеғали Абдуллиннің шығармашылық мұрасы мәселелерін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістерді қолданамыз. Солардың ішінде тарихи-жүйелі әдіс пен проблемалық шектік әдісті пайдалана отырып, мақаланың мақсат-міндеттерін анықтай аламыз. Бұқара-лық баспасөз ақпараттары мен материалдар жинақтау әдісімен топтастырылып, мақаланың дереккөзі топтастырылды. Тарихтағы диалектикалық тарихи даму заңдылықтары мен ел тарихында қалыптасқан ұстанымдарға сүйене отырып, мақалада пайдаланылған зерттеулер сыни тұрғыдан қарастырылып, олардың шынайылығы сарапталды. Тақырыпты саралауда талдау және сыни зерттеу қағидаттары басты орын алды. Мақаланың әдістемелік негізі – тарихилық пен жүйелілік.

**Негізгі бөлім.** Кенжеғали Сырғалиұлы Ғабдуллин (Абдуллин) (1896 жылы Торғай облысы Ақтөбе уезі Әлімбет болысында дүниеге келген, қазақ ақыны, ұстаз-ағартушы, журналист. Әлімбет болысы Ақтөбе қаласынан екі жүз шақырымдай жердегі Қандағаш-Жаманқала (Орск) темір жолының бойында, Ресей шекарасына жақын орналасқан. Кенжеғали ауыл молдасынан білім алғаннан кейін Қазан қаласындағы жаңа әдіспен оқытылатын «Мұхаммадия» медреседе оқып (кейбір құжаттарда бұл оқу орны «Ғалиев училищесі» деп жазылған), мұғалім мамандығын алып шығады. Осыдан кейін ол ел ішінде бала оқытумен айналыса бастайды, бұл туралы танымал профессор Тұрсынбек Кәкішев өзінің «Садақ» атты роман-эссесінде айтқан болатын [9]. Сөйтіп, бала оқытуды өмірінің басты ісіне айналдырған Кенжеғали Абдуллин басқа да әдеби мәтіндегі еңбектерді жазумен айналыса бастайды. Мәселен, оның «Қазақтың қамы» (1912 ж.), «Ұран» (1914 ж.) өлеңдер жинағында жастарды білім алуға шақырса, «Ислам негізі» (1911, Қазан) атты аударма еңбегін, «Қазақ балаларына жәрдем: Қазақша әліппе кітабы» (Қазан, 1913 ж.) атты қазақша әліппені, «Қазақтың қамы (Ғами)» (Қазан, 1913 ж.) және «Өнеге яки нәмуне» деп аталатын еңбектерін қазақ мектептерінде оқу құралдары ретінде пайдаланылды [10-11]. Сонымен бірге бұл оқу құралдар қазақ тіліндегі алғашқы оқулық үлгілері болып табылатынын баса айта кеткен жөн.

**Мақаланың өзектілігі.** Мақала тақырыбының өзектілігі XX ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде тұңғыш әліппе жазып, сол арқылы қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы ағартушы-ұстаз, қоғам қайраткері, ақын және баспасөз қызметкері Кенжеғали Абдуллиннің өмірбаяны мен қызмет жолы, ағартушылық мұрасы болып табылады. Ағарту саласы бойынша көп ізденген Кенжеғали Абдуллин кітапты көбірек жазып, өмірін ағарту ісіне, әдебиетке, жастарды өнер-білімге баулыды. Бұл кезеңде жалпы ақындар көп болмаса да, қолтаңбасы тасқа қашалған нағыз өнерпаздар санаулы болды, сондықтан әлі де болса халық арасында кеңінен таныла бермейтін қаламгерлер бар екенін мойындауымыз керек. Елінің болашағын ойлап,

халқымызға ғылым мен білім беруді ойлаған Кенжеғали Абдуллин сынды Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі мен ұлттық болмыстың тұтастығы мен бірегейлігін сақтаудағы еңбегі жоғары бағаланды. Мақалада әліппе жазу ісін қалыптастырып, үздіксіз ізденістің нәтижесінде артында бірталай мұра қалдырған қазақ зиялы қауым өкілінің мұрасын дәріптеу жағы қарастырылады.

**Талқылау.** XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы қуғын-сүргін салдарынан Қазақстанның кейбір ардақты азаматтарының, соның ішінде жазушылардың есімдері мен шығармалары жұртшылық назарына ілікпей, әдеби-ғылыми айналымнан тыс қалғаны белгілі. Сондай зиялы өкілдердің бірі, яғни мақаламызды жазуға арқау болып отырған – Кенжеғали Абдуллин болып табылады. Оның шығармашылық ғұмыры XX ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарымен шектелген бұл педагог-ақынның шығармаларын зерттеп, қайта басып шығару іс жүзінде жүргізілген жоқ десе де болады.

Қазақтың біртуар азаматы – Кенжеғали Абдуллиннің ғылыми мұрасы туралы зерттеу еңбектері өте аз, тіпті жоқтың қасы десе де болады. Сондықтан әдеби-тарихи эссе жанырында жазылған танымал журналист Серікқали Байменшенің «Ғайып қалам» атты еңбегін басшылыққа алып отырмыз. Онда автор: «XX ғ. қазан төңкерісіне дейін екі өлең жинағын шығарып, қазақ балаларына арнап бірнеше оқулық жазған, ұлтының ұраншысы болған Алаштың ардақты азаматы, шығармашылығы көп уақыт бойы әдеби-ғылыми айналымнан, жұртшылық назарынан тыс қалып келген Кенжеғали Абдуллиннің (1896-1937) өмірі мен шығармашылығын тұңғыш рет түбегейлі зерттеу объектісіне айналдырған бұл еңбек осындай жаңашыл сипатымен ерекшеленеді», - деп өзінің еңбегі туралы айтып өтеді. Мәселен, автор: «Бейімбет – Жиенғали – Кенжеғали үшенсыры ұштасатын деңгейді XX ғ. басындағы ұлттық сананың ояну үрдісімен, осы мақсатты көздеген қазақы басылымдарда тұмса туындылары жарық көре бастаған балауса кезең мен байланыстырған жөн. Бұлар – қалам қызметін қатар бастаған, алғашқы кезден-ақ ұлттың жайын бірдей баяндап, оны жақсартудың жолын да бірдей көре білген, көзі ашық қазақ баласы бастан кешірген жетістік-кемшіліктің ортасында болған шығармашыл жастар. Кеңестік кезеңде Кенжеғали ақынның сөз мұрасын мұрат тұтқан нақты зерттеуші-іздеушінің болмауы, ең бастысы - «Алашорда қозғалысына қатысушы», «халық жауы» деген кесірлі атақтары оның есімін де, өнерін де, азаматтық тұлғасын да қоғам көзінен бүркемелеп, қаға берісте қалдыра берді», - деп бастайды шығармашылық зерттеуін [2, 3].

Педагог ғалым Гүлсара Смағұлованың ертеректе жазған «Алғашқы оқулықтар» еңбегінде: «Қазақ халқының Россияға өз еркімен қосылуы оның барша өміріне, тыныс-тіршілігіне зор прогрестік әсер етті. 1905-1907 жж. революциядан кейінгі саяси өрлеу кезеңінен туған «әдеби тасқын» басталды. Оның Қазақстан секілді шет аймақтарға да әсері мол болды. Әсіресе қазақ тілінде педагогика тақырыбына жазушылар саны көбейді – дей келе, олардың ішінде мыналарды атауға болады: Мақыш Қалтаев («Насихати қазақия»), «Бар уақиға»), Тайыр Жомартбаев («Балаларға жеміс»), Мәшһүр Жүсіп Көбеев («Сары Арқаның кімдікі екендігі», «Хал ахуал»), Байбатыр Ержанұлы («Оқуға махаббат»), Зақария Ерғалиұлы («Қазақ әліппесі»), А.Жандыбаев («Жас ғұмырым»), Әктам Ғалымов («Жастық жемістері»), Кенжеғали Абдоллаұлы Сырғалин («Қазақтың қамы», «Қазақ балаларына жәрдем»), М.Нұрбаев («Көргенді бала, үлгілі ана»), - дейді [3, 14].

Мәселен Ш. Мәжітаева құрастырып жазған «Әліппе айтысы» атты кітапта: «Қазақ мәдениеті тарихында алфавит, емле мәселесінің өз орны бар. Өйткені жазу мәдениеттің ажырамас бір бөлігі. Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб қаріптерін пайдаланды. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана қазақтың оқыған интеллигенттері мен ағартушылары қазақтың ұлттық жазба тілін қалыптастыру үшін жаңа әліппе жазу керек екенін қолға ала бастады. Тек XIX ғ. екінші жартысынан бастап қана қазақ оқығандары, ағартушылары» әліппе жазу мәселесін күн тәртібіне қоя бастағаны туралы айтылады [4, 4]. Әрине бұл 1912 жылы «Айқап» журналындағы А.Байтұрсыновтың «Жазу тәртібі» атты мақаласындағы оқу құралын дайындау қажеттігін айтады, онда: «Оқу құралының ең ұлылығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт...» – дейді [5, 380].

Ал профессор-ғалым М.Қойгелдиев: «Алаш зиялылары қазақ халқына жасаған ұлан ғайыр ұлағатты ісі – ұлттық мәдениетті дамыту барысындағы еңбектері әдебиетті, жазба және ауызша тілді, ұлттық педагогиканы, психологияны, тарихты, этнографияны, публицистиканы, баспасөзді, аударма ісін, медицинаны, биологияны, табиғаттануды, ауыл шаруашылығын, математиканы, өркениетті даму жолдарын қамтыды. Мемлекетті ана тілінде оқыту жөнінде «Алаш» париясы бағдарламасының «Ғылым-білім үйрету» атты бабында: «Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сыйласу арқылы тағайындалады» – деп жазды [6, 119].

Өткен ғасырдың 20-30-жылдары өзінің шығармашылық әлеуетімен қазақ әдебиеті мен ұлттық публицистикаға елеулі үлес қосқан Кенжеғали Абдуллин туралы Тұрсын Жұртпайдың Алаш қозғалысына қатысты «Ұраным – Алаш!» деп аталатын зерттеуінде 1929 жылы 5 қаңтарда Дамолла Биртілеуовтан алынған тергеудің мәтіні келтірілген, онда: «Сұрақ-жауаптың келесі кезегі Ташкентте суретке түскен топты кісінің ішіндегі Дамолла Битілеуовке келді. Ол кезде «Алашорда» әскерінің сабында болғандықтан да, тергеушілер сұрақты бірден Торғай оқиғасына қатысты қойған. Сондай-ақ, тергеушілер өздеріне күдікті көрген жайларды, әсіресе, Абдуллин мен Бірімжанов жөнінде тәптіштей қазбалаған сияқты», - дей келе: «1915 жылы жәдитше бала оқыту үшін біздің ауылға өз обылысымыздың ішінде тұратын Абдуллин Кенжеғали мұғалімдікке келді. Абдуллин бізге келісімен мен ескі медресені тастадым да, Абдуллиннің мектебіне ауыстым. Ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовты бәрінен жоғары қоятын. Одан дәріс ала жүріп мен соның ықпалына кеттім де ұлтшылдықтың дертіне шалдықтым», - [7,367]. Бұдан байқайтынымыз Кенжеғали Абдуллиннің өз заманына сай қаншалықты білімді, көп нәрсенің мән-жайын білетін нағыз ұлтжанды азамат екенін байқауға болады.

Ал тарихшы С.Смағұлова өзінің «Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі рөлі және оқулықтары» атты мақаласында: «1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейінгі аралықта қазақ мектептеріне, медреселеріне арналып жәдиттік бағытта бірнеше оқу кітаптары мен оқу құралдары басылып шыққан. Бұл ретте біз Ғабдолкәрім Мәжитовтың «Қазақ шәкірттеріне һәдия» (1910), Мұхаммед Ораз Нұрбайұлының «Усул саутия тәртібінде қазақша әліппе» (1910), «Көргенді бала, үлгілі ана: қазақ және қырғыз бастауыш бала-лары үшін оқуға дайын болған оқу кітабын» (1911), С. Көбеевтің «Үлгілі бала: Қазақша оқу кітабын» (1916), Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралын» (1912), «Тіл құралын» (1914-1916 жж.), «Әліпби» (1912), Мұстақым Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппесін (төте жазу)» (1912) және «Қазақша оқу кітабын» (1912), Кенжеғали Ғабдолла Серғалидың құрастыруымен шыққан «Қазақ балаларына жәрдем: Қазақша әліппе кітабын» (1913) мен «Өнеге яки намуне: Қазақша кираат кітабы. Бірінші ибтида-и қазақ балалары-на» (1913), Міржақып Дулатовтың «Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын есеп құралын» (1914), Ишанғали Бейсенұлының «Қазақша дұрыс жазу қағидаларын» (1914) және т.б. оқулықтар мен оқу құрал-дарын атауымызға болады. Алайда А.Байтұрсыновтың оқу құралынан басқасы халық арасында кең қол-даным таба алмады. Дегенмен де, бұл оқу кітаптарының жарық көруі сол кезеңде білім жүйесінің сәл болса да алға жылжығандығын көрсетеді. Сондықтан, олардың маңыздылығы аса зор болды деп айта аламыз», «XX ғасырдың екі он жылдығында шыққан алғашқы әліппе оқу құралы баланы әріпке үйретуде суретті пайдалана қолданумен жасалды. Көбіне авторлар әліппе құралын жасауда біріншіден, оқушыға түсінікті бағытты қолдануды қолға алса, екіншіден, мұғалімге әдістемелік кеңес беруге тырысты. Кітаптағы тапсырмалар арқылы мұғалім шәкірттің ойлау деңгейін шыңдауға тиісті болды. Сонымен қатар, ненің жақсы, ненің жаман екендігін ажырата отырып, үлкенді құрметтеуге үйретуді көздеді» - дейді [8, 32].

Профессор Тұрсынбек Кәкішов Сәкен Сейфуллин мен Мағжан Жұмабаевтың мұраларына арнап жазған «Сайыс атты ғылыми зерттеуінде: «...Мағжанның Ташкент дәуірі керемет жемісті болуы үстіне творчестволық бәсекеге жалғыз Сәкенді ғана емес, бүкіл қазақ ақындарын шақырып, көркемдік байрағындай желбірегенін теріске шығара алмаймыз. Әрине, шәкірті Бернияз Күлеевтің дүниеден өтіп кетуі өкінішті болғанмен, қаулап келе жатқан өрендердің ішінен Кенжеғали Ғабдуллин, Ілияс Жансүгіровтің осы тұста «мағжаншыл» болулары тегін емес» [9] деп жазды. Сонымен, әдебиеттану ғылымында Кенжеғали Абдуллин туралы айтылған шағын әңгіменің бас-аяғы осындай-ақ. Бұл оның өмірі мен шығармашылық жолын сипаттайтын нақты зерттеулердің жоқтығын тағы да растайды.

**Зерттеу нәтижелері.** XX ғасырдың басында, яғни Қазан төңкерісіне дейін дүниені дүр сілкіндірген екі жыр жинағын жарыққа шығарған қазақ ақыны Кенжеғали Сырғалыұлы Абдуллин еді. Бұл кезеңде ақындар көп болмаса да, қолтаңбасы тасқа қашалған нағыз өнер иелері саусақпен санарлық қана болды. Олай болса, өткен ғасырдағы ұлттық әдебиет пен баспасөздің, саяси серпілістерді басынан өткерген қаламгерлер бар екенін мойындауымыз керек. Кенжеғалиды үнемі тілге тиек ететін белгілі қаламгер Ғалым Ахмадов ол туралы көбірек айтып, жұртшылықтың назарын аударуға тырысты. Ол: «XX ғасырдың 20-шы жылдары Орынборда ашылған оқу орындарында Ахмет, Міржақып, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Әзім Қадырбаев, Мәжит Шомбалов, Мұхтар Мұрзин, Молдағали Жолдыбаев, Кенжеғали Ғабдуллин, Жұмабай Оразалин және басқалар дәріс оқыды» деп жазды [12].

Туған жердің атын, арғы атасының атын, руын бөгде атаулар ретінде жиі қолданатын қазақ қаламгерлерінің тарихи тәжірибесін ескерсек, Кенжеғали Абдуллин бастапқы кезде «әл-Әлімбети», «Әлімбетов», «Кенжеғали бин Ғабдолла», «Серғали әл-Әлімбети» деген бүркеншік есімдерді тегін пайдаланбағы анық. Ал XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап еңбектеріне «К.Абдуллин», «К.Абдоллаұлы» деп қол таңбасын қоя бастаған екен. Ал Серікқали Байменше: «Мұның әртүрлі себебі

болуы мүмкін. Бірақ ең басты себеп – 20-жылдары А.Мартыненко құрастырып шығарған «Алашорда» атты құжаттар жинағында есімінің аталуы деп ойлаймыз. Талайдың тағдырын шешкен осы жинақтың кезінде біртуар азаматтардың өмір-ғұмырына елеулі әсер еткені айтылып та, жазылып та жүр. Кенжеғалиға қатысты да осыны айтуға болады», - деп тұжырым жасайды [9]. Сонымен бірге кеңестік заманда тергеу-тексеру құжаттарында «Кенжеғали Габдуллин» деп аталған соң, Кенжеғали Абдуллиннің өзі тегін «Абдоллаұлы», «Абдуллин» деп те өзгертуі мүмкін нәрсе, ал Серікқали Байменше: «Габдолла-ның» «Абдолла», «Габдолданың» «Абдолда» болып өзгеруі қолданысымызда жиі кездесетін жәйт. «Ғайсаның» «Айсаға», «Ғұмардың» «Омарға», «Ғалиханның» «Әлиханға», «Ғабдірәсілдің» «Әбдірәсілге» айналуы сияқты үрдіс, бұл тіліміз үшін аса жат құбылыс емес. Сайып келгенде, Кенжеғали Габдаллиннің – Кенжеғали Габдуллиннің – Кенжеғали Абдуллиннің – Кенжеғали Абдоллаұлының бәрі бір адам екендігі Ғалым Ахмедов қалдырып кеткен деректермен толық сәйкес келеді», - деп Ғалым Ахмедовтың еңбегіне сүйенеді [9]. Кенжеғали Сырғалиұлы Абдуллин 1928 жылы Ақтөбеде шығатын «Кедей» газетінің редактор болып қызмет атқарған, ал өмірінің соңғы жылдарында «Оңтүстік Қазақстан» (Шымкент) газетінде қызмет етті. Осы «Кедей» газетіндегі қызметі барысында ол жазған туындыларына «К», «К.А», «Кенжеғали» деп қолтаңбасын қойған екен.

Серікқали Байменше: «Бұл әркелкілік негізінен «Габдаллин», «Габдуллин», «Абдуллин», «Серғалин», «Сырғалин» түрінде кездеседі. Біз Кенжеғалидың көзі тірісінде жазылған соңғы құжатты - қылмыстық ісін және өзі қол қойған құжаттардағы қолтаңбасын басшылыққа ала отырып, оның тегі бұдан былай «Габдуллин» емес, тұрақты түрде «Абдуллин» деп айқындалып жазылғаны дұрыс деп санаймыз», - деп тоқталған [2, 6-7].

Кенжеғали Абдуллин шығармашылық өмірі мен рухы мол қазақ әдебиетінің жұлдызды ғасырлық мерейтойы ХХ ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдары өмір сүрген белгілі ақын, газетші-журналист. Ол отыз жетінші жылы қуғын-сүргінге ұшырап, ғылыми мұрасы айтылмай қалған тұлғалардың бірі, тек ғасыр соңында ғана аз да болса аты елене бастаған еді. Алаштың асыл мұратын ұстанған арыстардың арасында кеңестік саясаттың құрбанына айналған «Кенжеғали» да бар. Тұңғыш ұлттық және кеңестік басылымдардың парақтарын ақтарып отырып, Кенжеғалидың қолжазба жазбалары алдымыздан шығады. Қазақ әдебиетінің шежіресінде есімі ұмыт бола бастаған, Алаш азаттығы жолындағы күрестің алдыңғы шебінде жүрген азамат Абдоллаұлы Кенжеғали бүгінгі азат ойлы тірлікпен байланысты. Осылайша, Кенжеғали Абдуллин сияқты көпшілікке беймәлім ұлтжанды қаламгердің шығармашылық мұрасын зерттеу енді біздің еншімізде. Ғасырдың басында тәуелсіздікті аңсаған ақын туған елі үшін «Қазақтың қамын» жазса, көп ұзамай ұлтжанды азамат алашым деп «Ұрандатқан» болатын.

Әубаста ауыл молдасынан сабақ алған Кенжеғали, кейін Қазан қаласындағы жаңа әдіспен оқытатын «Мұхаммедия» медресесінде оқуын жалғастырғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Кеңес дәуірінде медресеге қатысты ұстаным біржақты болды. Сол қоғамда қалыптасқан пікір бойынша, мұндай оқу орындары «мәдениет тарататын орталық болған жоқ, керісінше, сол кездегі қоғамдық-саяси құрылым сияқты жансыз, артта қалған ұйым болды». Коммунистік қоғам медреселер беретін оқуды «керексіз өлі білім» деп есептеді. Мұндай бағалаулар, сайып келгенде, Қазан төңкерісіне дейін қазақтардың екі пайызы ғана сауатты болған деген тезисті тереңдете түсуге бағытталған идеологиялық бұрмалаудан басқа ештеңе емес еді. Медресе шәкірттерінің саяси серпіліс кезеңінде, ұлттық сананы ояту, халық ағарту ісінде тарих жүктеген миссиясын мүлтіксіз орындағанын уақыт дәлелдеп отыр. Кенжеғали Абдуллиннің осы «Мұхаммедия» медресесіне қай жылы оқуға түскені жайлы дерек жоқ, дегенмен 1937 жылы тұтқындалып, тергеу абақтысында берген жауабында «Галиев училищесін» 1916 жылы бітіргендігі туралы мәлімет кездеседі [2, 11-12]. Ал оның 1912, 1913, 1914 жылдары осы Қазан қаласында жарық көрген оқу құралдарын ескерсек, Кенжеғали медресеге үлкен дайындықпен, ғылыми-шығармашылықпен түскеніне көз жеткізуге болады.

Түптеп келгенде, өмір жолы жұртшылыққа әлі жұмбақ күйінде қалған азаматтың отыз жетінші жылдың ойранында қаза тапқаны, Алаштың асыл мұраты жолында құрбан еткенін ешкім жоққа шығара алмайды. Осылайша ол 1916 жылы Қазан қаласындағы «Мұхаммедия» медресесін тәмамдап, одан кейін, яғни 1919 жылға дейін Ақтөбе уезіндегі қазақ ауылындағы «Сәуле» бастауыш мектебінде оқытушы болып қызмет атқарған. 1937 жылы 25 желтоқсанда жүргізілген Кенжеғали Абдуллинге қатысты жүргізілген тергеуде «Алашорда қай жылы, қанша уақыт болдыңыз?» деген тергеушінің сұрағына ол: «1919 жылдың басынан мамыр айына дейін Алашорда халық сотының хатшысы болдым», - деп жауап береді. Бұл жауап кейін құжаттан құжатқа өтіп, қайталанып, «Алашорда жасағында болды», «Кеңес үкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді» деген сол заманның дәстүрлі айыптауымен толығырақ түсті [2, 24]. Ал, ұлттың мақсат-мүддесін саясат аясында айыра алатын білімді, дүниетанымдық, парасатты азаматтың жаңа қоғамдық

дәстүр басталған кезеңде қалың бұқараның ісінен алшақ болуы мүмкін емес еді. Кенжеғалидың ауыл мектебіндегі ұстаздық қызметі 1918 жылға дейін жалғасқанын ескерсек, оның 1918-1919 жылдардағы өмірі де сол кездегі қазақ зиялыларының көпшілігі сияқты «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысымен байланысты болды деген қорытындыға келеміз.

Ал 1920-1925 жылдары Кенжеғали Абдуллин Орынбор қаласындағы «Қазақ халық Ағарту институтының» оқытушысы, сонымен бірге «Еңбекшіл қазақ» газетінің редакциялық алқасының мүшесі және «Өртең» газетінің қызметкері болып жұмыс істеген болатын. Ұлтқа қызмет ету деп алдына үлкен мақсат қойған, жаңашыл, арманшыл, шығармашыл жастардың басын қосқан бұл басылымның аға буын үмітін ақтайтыны бірнеше сандары жарық көрген болатын. Орынбордан кейін Кенжеғали Абдуллин Ақтөбеге қайта келіп, 1925 жылы «Ақтөбе педагогикалық техникумының» алғашқы оқытушыларының бірі болды. Сонымен бірге ол «Кедей» газетінің редакторы міндетін де қоса атқарды, яғни 1930-шы жылдарға дейін. Бұдан Кенжеғали Абдуллин өмір жолын Оңтүстік Қазақстан жерімен байланыстырады. Бұл туралы: «Кенжеғали Абдуллинді 1936 жылы Шымкентте көрдім. Облыстық газетте жұмыс істейді екен. Созақта аудандық газеттеде жұмыс істейді ғой деймін» - деп жазды Ғ.Ахмедов [12,68].

XX ғ. басында ағартушылық салада әртүрлі бағыттың қалыптасқаны белгілі, мысал келтіре кетсек зерттеуші ғалымдар: Ө.Абдиманов, Ш.Шортанбаев; ұлт-азаттық ағартушылар: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б.; ағартушы-демократилық бағыттағылар: М.Сералин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров және т.б.; діни-ағартушылық бағыттағылар: М.Ж. Көпеев, М.Қалтаев, Н.Наушабаев, Ш.Жәңгіров, т.б. XX ғасырдың басындағы ұлттық өнер тарихында есімі аталуға тиіс Кенжеғали Абдуллин – ақын Әбділда Тәжібаев айтқандай «Қазақ әдебиетіндегі киелі орны атаусыз қалған» арыстардың бірі, ағартушылық-демократиялық бағытта қатар пайдаланған дәуірінің ұлтжанды азаматы.

1912-1914 жылдары Кенжеғали Абдуллин Қазан қаласында «Ислам негізі» атты татар тілінен аударманы, «Қазақ балаларына жәрдем» атты қазақша әліппені, «Өнеге яки нәмуне» атты дауыстап оқуға арналған әдістемелік құралдарын, «Қазақша самоучитель» қазақша өздік жинағын, сондай-ақ «Қазақтың қамы» және «Ұран» атты екі өлеңдер жинағының жеке басылуын баса айтпай өту мүмкін емес. Әрине, тақырып өрісінде қадамдар жазу туралы әңгімелері бар журналдарды басшылыққа алатынымыз белгілі. Болашаққа даңғыл жол салған осынау тұңғыш қазақ журналының нұрлы өрісін XX ғасыр басындағы шығармашылық іс-әрекеттердің ешқайсысы айналып өте алмайды. Бұл басылым Кенжеғали Абдуллиннің әдеби шеберлігінің алғашқы қадамы еді.

«Айқапта» жарияланған «Қағым һәм үмітім» (1914) атты өлеңінде өз халқына өкініш білдіреді; Халықтың әлі күнге дейін өзінің шынайы ойын түсіне алмай, ел мәселесінің шешімін табуға ниетті екенін қынжыла отырып, айтқанынан қайтпай, ел осыны түсініп, алға басатынына сенеді:

Қайғым бар, сөзім халыққа өтпес деген,  
Сөйлеуге тіл мұнымды жетпес деген.  
Үміт бар, қанды жас төгіп, хақтан сұрап,  
Айтқан сөз құр далаға кетпес деген.

Қайғым бар, ойымды білмес деген,  
Тәнімді дерт басқанын көрмес деген.  
Түсініп тілекшілерім халыққа шашса,  
Ойда жоқ құлаққа жұрт ілмес деген.

Қайғым бар, алға бармас деген,  
Нұр-бақыт сөнген қайта жанбас деген.  
Түсініп ел пайдасын ұмтылса,  
Үміт бар, ешбір арып-талмас деген, - деп толғанады ол [2,58]

Бұл өлеңде ұғымның антонимдік қарама-қарсылығын салыстыру стилі көбірек байқалады және оны Кенжеғалидың бірден қалыптаса бастаған ерекше стильдік қасиеті деуге болады. Әрине, Кенжеғалидың ұсынысы ойдың бірі ғана, оны әбден орныққан тұжырым деп қабылдауға болмайды. Оның мұндай мәселелерден шет қалмағанын, зерделі, көзі ашық, көкірегі ояу екенін білдіру үшін жоғарыда келтірілген мысалдың өзіндік өзектілігі бар.

Кенжеғали Абдуллиннің алдыңғы қатарлы туындылары «Қазақтың қамы» және «Ұран» атты өлеңдер жинағы 1913-1914 жылдары Қазан қаласындағы «Каримовтар» баспаханасынан жарық көрген болатын.



Сондықтан жоғарыда айтқанымыздай Кенжеғалидың оқытушылық немесе редакторлық-журналистикалық қызметтері белгілі болғанмен ақындық қасиетін көпшілік білмейтін жұмбақ күйде қалған екен. Бұл туралы профессор Тұрсынбек Кәкішев: «кітаптардың авторлары қазақтың жазба әдебиетінің жаңа түрін бекітіп, шұрайландыра түскен, қайсыбірі шығармашылық тұлғасын танытып, әдебиет әлемінде елеулі із қалдырған, ал кейбіреуі бірді-екілі кітап шығарумен шектелген», [14, 147] ал зерттеуші Бақытжан Кенжетәев: «1917 жылға дейін Қазан баспаханаларында ғана қазақ тілінде 700-ден астам кітап басылып шықты», - десе [15, 72], профессор Шернияздан Елеукенов: «қазақ қауымының толғағы жеткен мәселелерін айқын да нақтылы» қоя білгенін, «халқын өнер-білімге, отырықшылыққа үндегенін», - [16, 130] айта келе, Кенжеғали Абдуллиннің «Қазақтың қамы» өлеңдер жинағын мысалға келтірген болаты. Осы ойлар Кенжеғали кітаптарымен ұштасып жатса, автордың ағартушылық, ұлт болашағына деген қамқорлық идеясы айқындала түседі.

«Қазақтың қамы» жинағындағы «Жиырмасыншы ғасырдың жастарына» деп аталатын өлеңінің өзіндік мәні зор екенін байқауға болады:

«Ей, жастар біз жатпайық қарап текке,  
Оқиық әр ғылымды талап шетке.  
Оқуға жақсы біз де іздейік,  
Көз салып газеттегі түрлі кепке.  
Үлгісіз, тәртіпсіздік, надандықпен,  
Дұшпанға ұрғызбайық күнде бетке.

Әр пәннен хаза алайық ғылым іздеп,  
Халықтың қор болмайтын жолын іздеп,  
Оқытып түрлі пәнде дін-дүниені,  
Айтайық осылайша болыңыз деп.  
Сөйлейік жинап халықты уағыз-құтпа,

Осылар шырағ(ы) дағы жолыңыз», - деп басталатын өлеңінде ақын «нұрлы таңды көреді», «жастар өнеге алса», «шаһарда оқып, білім алса», мәдениеті тең емес қазақтар өнер адамдарымен қатарласып кетесе деп толғанады. «Қазақтың қамы» туған жерінің қамын шын жанашыр, ұлтжанды азаматтың қалыптасқан бейнесін, арман-мақсатын, сол кездегі қазақ өмірінің өзекті мәселелерімен ұштастырып, қоғамның қалыптасқан жағдайын поэзияда суреттейді. Автордың «темір жастық» ұстанымы: «Елді жоқшылыққа апаратын надандықты жою, халықтың көзін ашу, жастарды білім мен ғылымға баулу, көшпелі дәстүрден бас тартып, отырықшылыққа көшу. «Елді жоқшылыққа апаратын надандықты жою, халықтың көзін ашу» деген өмір салты – әйел теңдігін қамтамасыз ету», мектеп салып, ұстаз жалдап, дін мен білімді бірге дамытуға шақырды.

Кенжеғали Абдуллиннің 1914 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Ұран» жинағы «Қазақ қамы» қозғаған қоғам өмірінің бүгінгі жағдайы мен ерекшеліктерін одан әрі тереңдете түсті. Өлеңде қазақтың тұрмыс-тіршілігіне, заман тілін білмеуден жалыққан халықтың арман-мұратына толы сөздер бар. Жинақта қоғам жағдайына сай, ұлтқа сай, дұрыс бағыт-бағдар беретін, жақсы мінез-құлыққа үндейтін, адамдық рухты көтеретін, нұрлы үмітке үндейтін жырлар көптеп кездеседі. Бұл – қалыптасқан қолтаңба-ның шығармашылық жемісі. Ақынның болмысты бағалау әрекеті соңында ұранмен ұштасып жатады.

Сонымен Кенжеғали Абдуллиннің «Қазақтың қамы», «Ұран» өлеңдер жинағы Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!», Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан», Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» еңбектері сияқты ХХ ғасырдың басындағы ұлттықтанымның қалыптасуы барысында өзіндік орны бар ерен туынды екенін көруге болады.

Дегенмен К.Абдуллиннің айтылмай қалу себебін Серікқали Байменше «Ғайып қалам» атты еңбегінде былай деп түсіндіреді: «Кенжеғали да - «қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған» қазақтың бауырмал қалам қайраткерлерінің бірі. Оның кеңестік поэзиядан кенже қалуының ең басты сыры осы «бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмаған» табиғатынан танылады. Өлең майданына қайта оралмауының себебін ұлтжанды сөз өнерінің заманның қызыл тезіне амалсыз көнген мәжбүрлігінен, елім деген ақтілекті ұланның елжандылық шебінен шегінуге тура келген кезеңінен іздей аламыз» [2,81].

Ағартушылық сала бойынша қазақ зиялыларының 1917 жылғы төңкеріске дейін оқулықтар мен оқу-құралдарын жағаны белгілі. Бұл туралы тарихшы-ғалым С.Смағұлова өзінің «Ұлт зиялыларының баспа

ісіндегі рөлі және оқулықтары» атты мақаласында қазақ мектеп-медіреселеріне арналған көптеген оқулықтар мен құралдардың басылып шыққанын нақты мысал келтіріп баяндаған болаты [4,32]. Соның ішінде Кенжеғали Абдуллиннің 1913 жылы шығарған «Қазақ балаларына жәрдем: Қазақша әліппе кітабын» мен «Өнеге яки намуне: Қазақша қираат кітабы. Бірінші ибтида-и қазақ балаларына» оқу құралдары да бар.

Сонымен Кенжеғали Абдуллиннің 1912-1914 жылдары Қазан қаласында «Ислам негізі» атты татар тілінен аударма еңбегін, «Қазақ балаларына жәрдем» атты қазақша әліппені, «Өнеге нәмуне» атты дауыстап оқуға арналған әдістемелік құралдарын, «Қазақша самоучитель» қазақша өздік жинағын жеке кітап етіп баспадан шығарғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. ХХ ғасыр басындағы қазақ әліпбиінен біршама өзгерістер бар болғанымен, бұл қазақ ағартушылық саласы бойынша қазақ балаларын қазақ тілінде оқыту үшін әзірлеген әліппе мен оқу құралдары. Сол бағыттағы алғашқы ұлттық оқулықтардың үлгісі еді. Мәселен, «Жаңа оқыған қазақ балаларына» деп аталатын сілтемесі бар «Ислам негізі» атты кітапты аударған және «Қазақ балаларына жәрдем» атты кітаптың авторы «Кенжеғали бин-Ғабдулла бин-Серғали әл-Әлімбети» деп қолтаңба қалдырған [14,188]. «Қазақ балаларына жәрдем» атты оқулығында әріптердің сөздің басы мен аяғында жазылғанда, бір-бірлеп оқығанда нені білдіретінін көрсеткен. Бұл оқытудың дидактикалық талаптарының бірі. Автор сұрақ-жауап әдісін басшылыққа алған. Жүйелі оқыту тәжірибесіне сүйене алмаған бұл әліпбидің осал тұстары да болды. Оқулықтың негізгі ұстанымы – балаларға таныс заттарды көрсетіп, сол заттың таныс қасиеттерін айтып, бірте-бірте көрнекі әдіс арқылы нақты заттарды табиғатпен таныстыру болды. Бұл оқулық ұзақ уақыт бойы қазақ мектептерінде өзекті құралдардың бірі болып келгені мәлім.

Ал «Өнеге яки нәмуне» кітабын құрастырушы «К.Ғ. Сералин әл-Әлімбети» деп қолтаңба қалдырған. Бұл оқулықта: «ата-анаға көзқарас, ауыл-аймақ, көрші- қолаңмен қарым-қатынас т.б. педагогикалық, дидактикалық мәселелер қамтылған» [2,95]. Бала тәрбиесін өмірлік мақсат еткен Кенжеғали Абдуллин білім саласына ғылыми шығармашылықпен келген. Қазақ балаларына оқулық басып шығару қазіргі ұстаздың қолынан келетін іс емес. Бұл еңбектерді ол медреседе оқып жүргенде педагогика саласындағы ғылыми әдебиеттерді зерттей отырып, ұстаздық тәжірибесіне сүйене отырып дайындағаны сөзсіз.

Сонымен педагогика ғылымы зерттейтін негізгі мәселе оқу, оқыту және тәрбие беру екені белгілі. Осылайша, ХХ ғасырдың басында қазақ педагогикасы әлемінде де елеулі өзгерістер болды. Көркем әдебиет пен жалпы мәдениеттің қол жеткен табыстары негізінде мектеп оқушыларына арналған оқулық-тар жасау мәселесі қолға алынып, алдыңғы кезекке қойылды. Ұлт мектептерінде ана тілін оқытуға байланысты қолтума әліппе, хрестоматия құралдарын жасауға үлкен мән берілді. Мұғалім, әліппе, төте оқу деген сияқты ұғымдар сөйлеу тілімізге еніп, оның мазмұны айқындала түсті, Осы үш ұғым – мұғалім, әліппе, төте оқу – төңірегінде, оның мәні не екені жөнінде пікірлер айтылды. Сөйтіп, қазақ тілінде әліппе жасау ісі қолға алынып, алғашқы қазақ авторлары шыға бастады. Бұл туралы педагог Г.Смағұлова «Алғашқы оқулықтар» атты еңбегінде қарастырған болатын [3, 22]. «Әліппе» сауат ашудағы бастапқы оқу құралы болғанмен, алғашында дыбыстық жүйеге негізделмей сөзді ежелеп, жазылу түріне байланыс-тыра оқыту қағидаты бойынша жасалды. Сонымен бірге әліппе жасаудың алғашқы тәжірибесі мұғалім-дердің өздері құрастырған жеке жазбалары түрінде басталды. Немесе дайын нұсқа бойынша жасалды. Кейінірек оқытудың бұдан гөрі тиімді жолдары іздестірілді. Әліппені дыбыстық жүйеге келтірудің жолын қарастырды, өйткені баланы сөз арқылы ғана оқыту қиын еді.

Балалардың әліппе бойынша жаттығуы үшін бұрыннан таныс, естіген, көрген нәрселердің аттары беріліп, олар белгілі ретпен тізбектеліп жазылды. Сол сияқты үй тұрмысына қажетті жиһаздар, ыдыс-аяқ, киім-кешек, мал, азық-түлік т.б. арнаулы тақырыпшамен, әрбір әріптің аты рет-ретімен берілді. Әліппенің осындай үлгісі ретінде Кенжеғали Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабын» айтуға болады», -дейді бастады [3,22]. Оқулық ретінде ұсынып отырған бұл әліппе кітабына алғы сөз беріп, онда педагогикалық мәні бар біразталаптар айтылған. Кенжеғали Абдуллин педагогикалық әдептілік мәселесіне ерекше мән бере отырып, баланың талабы мен қажетіне айрықша әлтифат білдіреді, баланың жағдайын түсіне білу, жақсы жақтарын дұрыс көрсету білу дегенге едәуір көңіл бөлген. Ол өзі мұғалім болғандықтан осының бәріне жіті қарап, байыпты жасауға беруге тырысқан. Ата-аналар мен педагогтардың әдептілігі жөнінде кітаптың алғы сөзінде қысқа болса да едәуір сөз айтады. Баланы әр нәрседен қақпайлап, зәресін ала бермей, қайткенде де бала жанына жол таба, ынталандыра білу туралы автор мәнді пікір айтады: «...оқытқан уақыттарыңызда есер-ау, алаңғасар-ау, бишара-ау деген сөзді айтпай, ұрмай, соқпай, жылы сөз, жұмсақ сөзбен оқытыңыз», - дейді Кенжеғали Сырғалин – ол мұнда баланың жеке басының ерекшелігін еске ала отырып, адамгершілік сезіміне дақ салмауды ерекше ескертеді дейді Г.Смағұлова [3,23]. Сонымен қатар «Жақсы баланың мінездері», «Күн есімі», «Жыл есімі», «Ай есімі», «Жұлдыз есімі» деген тақырыптарға жаттығулар

тартымды жазылған. Кітапта методикалық-грамматикалық ережелер де бар. Кітаптың соңында: «...кейбір балалардың мектепке барғысы келмейді. Оқу-жазу үйреніп, ғалым болуға тырыспайды... Кейбіреулер әдепсіз орындарда болуға құмар болады. Өздерінің алтынға бергісіз уақыттарын ғарам етеді. Келешек заманда өздерінің бақытсыз, надан, қадірсіз болуларына себеп болады. Ол үшін үлкейген соң уайым жейді. Енді оліс өткен болар. Ей, балалар! Мұндай жамандықтан сақтану керек. Келешек заманыңызды ойлап, келешекте қорлыққа түспес үшін оқуға, жазуға үйренуге тырыса көрінің», - дейді автор. «Осылайша Кенжеғали Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» көрнекілік әдісімен дыбыстық жүйе бойынша жазылған. Автор айтайын деген ойын сурет арқылы толықтыра түскен. Онда да бұрыннан таныс нәрселердің суреттері алынған. Ол суреттер бала бойында шартты рефлекс туғызады. Зат пен әріп суреттері бір тізбектің бойына шоғырланады. Бала ол әріптерді сурет арқылы таниды. Бұл әліппені оқытуды әрі тездетіп, әрі оңайлатады. Оның үстіне баланың білімін тиянақты етіп, еске сақтауды нығайтады», - деп келтірген [3,26].

Кенжеғали Абдуллиннің 1917 жылғы төңкерістерге дейін басталған ұстаздық қызмет бұрынғы кеңестік кезеңнің 20-жылдарында жаңа қоғам аясында жалғасын тапты. Жазу-сызуды кәсіпке айналдырған Кенжеғали содан бері кеңестік баспасөзге белсене араласады. Поэзия өрісінен бірте-бірте алшақтай бастады; педагогиканы журналистика алмастырды Кенжеғалидың көшбасшылық, ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттері де айқын көрініп, өмірінің соңына дейін баспасөз саласында да қызмет етті.

Елінің болашағын ойлап, халқымызға ғылым мен білім беруді ойлаған Кенжеғали Абдуллин сынды Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі мен ұлттық болмыстың тұтастығы мен бірегейлігін сақтаудағы еңбегі жоғары бағаланды. Сондай-ақ кеңестік тоталитарлық жүйенің қуғын-сүргін аппараты тұсында жазушы-ағартушы Кенжеғали Абдуллин де «ұлтшыл» деп айыпталып, айдаудың жетегінде кете барды.

**Қорытынды.** Қазақ кеңестік мемлекеті мен білім беру жүйесінің қалыптасуының бастауында тұрған Кенжеғали Абдуллиннің ағартушылық қызметімен қатар, оның қоғамдық-саяси және баспасөздік қызметі ерекше бағаға лайық десек артық емес. Алғаш аталған қазақ оқушыларына арналған оқулықтары Кенжеғали Абдуллиннің халық педагогикасы саласында өзіндік әдістемесін қалыптастырғанын көрсетеді; сол кездің өзінде қарапайым деңгейде ғылыми-шығармашылық дамуға ұмтылатын модернист-новаторды көз алдымызға әкеледі. Оның ауыл мектебінде оқып жүргенде шәкірттерінің көмегімен газет шығаруға талпынуы – ХХ ғасыр басындағы қазақ өміріне тың оқиға. Сондай-ақ, қолжазба газетті таратуда бүгінгі көшірме әдісіне ұқсас шапирограф аппаратының қолданылуы білімді, білікті ұстаздың замандас-әріптестерінен оқ бойы озық тұрғанын көрсетеді. Кенжеғали Абдуллиннің мұрасына жасалған кез келген зерттеу бағаланады деп сенеміз. Оның еңбегінің нұры ашылып, шығармашылығының ұрпаққа үйретер тұсы әлі де мол.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Жаймағамбетова И. Қос кітаптың тұсаукесері. Ақтөбе: 18 тамыз 2022 ж. <https://aqtobegazeti.kz/?p=117233>
2. Баймешие С. Ғайып қалам. Әдеби-тарихи эссе. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022. – 136 бет.
3. Смағұлова Г. Алғашқы оқулықтар. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1976. – 60 б.
4. Әліппе айтысы. Құрастырған Мәжітаева Ш. – Қарағанды: ҚарМУ-дің баспаханасы, 1990. – 105 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: «Ана тілі», 1992. 448 б.
6. Қойгелдинв М.Қ. «Ұлттық саяси элита». – Алматы, 2004. – 440 б.
7. Жұртпай Т.Қ. Ұраным – Алаш! (түрме әфсанасы): зерттеулер. – Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. 472 б.
8. Смағұлова С.О. Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі рөлі және оқулықтары // «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 248 б.
9. Кәжішев Т. Садақ. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 бет.
10. Қазақ балаларына жәрдем: Қазақша әліппе кітабы /Тәртіп етуші: Кенжеғали бин Ғабдулла бин Серғали. – Қазан: Матбәга-и Каримия, 1913. – 52 б.
11. Қазақтың қамы (Ғами) / Тәртіп етуші: Кенжеғали бин Ғабдулла бин Серғали. – Қазан: Матбәга-и Каримия, 1913. – 46 б.

12. Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда: естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: «Жалын», 1996. – 224 бет.
13. Баймешиев С. «Кедейдің» Кенжеғалы. – Ақтөбе, 12 қаңтар 2012 жыл. <https://aqtobegazeti.kz/?p=15692>
14. Кәкішев Т. Сайыс. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. – 286 бет.
15. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 144 б.
16. Кенжетәев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань: ПИФ, 1998. – 88 с.
17. Елеуєнов Ш., Шалғымбаева У. Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). – Алматы: Санат, 1999. – 197 б.
18. Суханбердина У. Қазақ кітабының шежіресі 1807-1917. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Рауан, 1996. – 285 б.

References:

1. Jaimaǵambetova I. Qos kitaptyń tusaǵkeseri. Aqtóbe: 18 tamyz 2022 j. <https://aqtobegazeti.kz/?p=117233>
2. Baimenshe S. Ğaiyp qalam. Ádebi-tarixi esse. – Shymkent: «Álem» baspahanasy, 2022. – 136 bet.
3. Smaǵulova G. Alǵashqy oqýlyqtar. – Almaty: «Mektep» baspasy, 1976. – 60 b.
4. Álippe aıtysy. Qurastyrǵan Májitaeva Sh. – Qaraǵandy: QarMÝ-diń baspahanasy, 1990. – 105 b.
5. Baitursynov A. Til taǵlymy (qazaq tili men oqý-aǵartýǵa qatysty eńbekteri) – Almaty: «Ana tili», 1992. 448 b.
6. Qoigeldin M.Q. «Ultyq saiası elita». - Almaty, 2004. 440 b.
7. Jurtpai T.Q. Uranym – Alash! (tırme áfsanası): zertteýler. – T.I. – Almaty: El-shejire, 2008. 472 b.
8. Smaǵulova S.O. Ult zıalylarynyń baspa isindegi róli jáne oqýlyqtary // «Qazaq kitabı: Alash qairatkerleriniń kitap basý isiniń damýyna qosqan úlesi» atty halyqaralyq ǵylymi-tájiribelik konferensia materialdary. – Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2019. – 248 b.
9. Kákishev T. Sadaq. – Almaty: Jazyshy, 1986. 264 bet.
10. Qazaq balalaryna járdem: Qazaqsha álippe kitabı /Tártip etýshi: Kenjeǵalı bin Ğabdýlla bin Serǵalı. – Qazan: Matbega-ı Karımia, 1913. – 52 b.
11. Qazaqtyń qamy (Ǵamı) / Tártip etýshi: Kenjeǵalı bin Ğabdýlla bin Serǵalı. – Qazan: Matbega-ı Karımia, 1913.- 46 b.
12. Ahmedov Ğ. Alash «Alash» bolǵanda: estelikter men tarixi derekter. – Almaty: «Jalyn», 1996. – 224 bet.
13. Baimenshe S. «Kedeidiń» Kenjeǵalıty. – Aqtóbe, 12 qańtar 2012 jyl. <https://aqtobegazeti.kz/?p=15692>
14. Kákishev T. Saiys. – Almaty: QAZAqparat, 2001. – 286 bet.
15. Kákishev T. Qazaq ádebieti synynyń tarixy. – Oqý quraly. – Almaty: Sanat, 1994. – 144 b.
16. Kenjetaev B.A. Kazanskiye ýchebnye zavedenie i proses formirovaniya kazahskoi intelligensu v seredine XIX – nachale XX vv. – Kazan: PıF, 1998. – 88 s.
17. Eleykenov Sh., Shalǵymbaeva Ý. Qazaq kitabynyń tarixy (Ejelgi dáýirden 1917 jylǵa deuin). – Almaty: Sanat, 1999. – 197 b.
18. Sýhanberdina Ý. Qazaq kitabynyń shejiresi 1807-1917. Bibliografialyq kórsetkish, - Almaty: Raýan, 1996. – 285 b.

ӘОЖ 94(574)

UDC 930(091); 930(092)

SRSTI 03.09.55

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.031>

<sup>1</sup> Mambetov B. M. \*, <sup>2</sup> Khazretali Tursun, <sup>3</sup> Rajabov Kh.K.

<sup>1</sup> Senior Lecturer of Shymkent University. Shymkent. bek.kz.8080@mail.ru

<sup>2</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Doctor of Historical Sciences, Professor. e-mail: [khazretali.tursun@ayu.edu.kz](mailto:khazretali.tursun@ayu.edu.kz)

Автор рассматривает и дает исторический анализ трудам С. Кожанова, занимавшие руководящие должности в структурах исполнительных органов на местах Туркестанского края.

В статье рассматриваются исторические обзоры общественно-политической деятельности Султанбека Кожанова на основе материалов, хранящихся в Государственном архиве Республики Казахстан. Выдающийся политический деятель Султанбек Кожанович Кожанов в сотрудничестве с национальной интеллигенцией нашего Казахстана, ее видными деятелями Х.Досмуханбетова и другими внес значительный вклад в становление Советской Казахской Республики в условиях советской строительства.

**Ключевые слова:** С. Кожанов, Туркестан, Казахстан, просветительская, интеллектуальная, Советская, Ташкент, общественная, политическая, научно-педагогическая.

**Благодарности.** Статья подготовлена в рамках реализации Программа целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX-первой половины XX вв.»).

S.K. Tulbassiyeva\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: [saule-kt@list.ru](mailto:saule-kt@list.ru), <https://orcid.org/0000-0003-0197-2023>

## SULTANBEK KOZHANOV'S PATH TO SCIENCE AND CREATIVE HERITAGE

### Abstract

The article examines the educational and intellectual aspects of Sultanbek Khodzhonov, who made a significant contribution and numerous changes to the cultural and educational sphere of the peoples of Central Asia and Kazakhstan.

It can be said that one of the greatest achievements of S. Khojanov in the field of education was the creation of the SAHIPI (Central Asian Cotton Irrigation Polytechnic Institute) in Tashkent, the first higher technical institute in Central Asia and Kazakhstan.

Because the organization of the creation of the Central Asian Cotton Irrigation University in Tashkent is directly connected with the name of the peoples of Kazakhstan and Central Asia S. Kozhanov.

The establishment of the university coincided with a period of economic difficulties and created opportunities for learning and the future of local youth. This indicates that S. Kozhanov has become a leader in creating global changes in the education system of the region.

The scientific article provides a historical overview of the socio-political activities of Sultanbek Kozhanov. The materials of the scientific article were written on the basis of materials stored in the State Archive of the Republic of Kazakhstan. A prominent political and public figure S. Kozhanov cooperates with the National intelligentsia of Kazakhstan, in particular, H. Dosmuhambetov were among those who made a significant contribution to the formation of the Kazakh Republic in the context of Soviet construction.

**Keywords:** S. Kozhanov, Turkestan, Kazakhstan, educational, intellectual, Soviet, Tashkent, public, political, scientific and pedagogical.

**Gratitude.** *The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX-first half of XX").*

**Кіріспе.** Отыз жылдық тәуелсіз тарихы бар мемлекетімізде мемлекеттік идеологияны тарихи сана негізінде қалыптастыру мен нығайту қолға алынуда. Осы мақсатта тарихи және мәдени құндылықтарымызды зерттеу және оны дұрыс бағалау арқылы әлемдік деңгейде лайықты орын алуға үлес қосу қазіргі таңдағы мемлекеттік идеологияны қалыптастыруда жетекші орын алууда.

Елімізде тарихи сананы қалыптастырып, мемлекеттік идеологияны күшейту мақсатында Тәуелсіз Қазақстанның тарихи мазмұнын қайта қарастырып, зерттеп зерделеу қазіргі таңда қайта жүзеге асырылуда. Себебі болашақ ұрпақтың өткеніміз бен болашақ тарихымызды түбегейлі қайта қарастырып, тарихи-мәдени құндылықтарымызды анықтайтын жәдігерлерімізді нақтылау арқылы бүкіл әлемдік кеңістікте өзіне лайықты орынды айқындай түсуінің өзектілігі бүгінгі таңда арта түсуде. Оның үстіне Қазақстан Республикасының отандық тарихымыздың мазмұнын жаңарту қажеттігі күннен күнге өз өзектілігін білдіруде. Осыған орай тарихи идеология мен сананы қалыптастыруда тарих сахнасында белгілі орын алған, белгілі тарихи оқиғалардың субъектісі бола білген, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы оқиғаларға тікелей қатысқан, мемлекет және қоғам қайраткері жайындағы зерттеулер тұлғатану саласында айрықша орынға ие.

**Өзектілігі.** ХХ ғасырдың 20-30 жылдары ұлттық мемлекет құруда ат салысқан қайраткерлердің қоғамдық саяси қызметтерімен қатар ғылымға келу жолы мен шығармашылық мұраларын зерттеу бүгінгі таңда өзекті сипатқа ие болып отыр.

Түркістан өлкесінде жергілікті жердегі атқарушы орган құрылымдарында басшылық қызметтер атқарған оқыған қазақ жастарының арасында С.Қожановтың алар орны ерекше болып табылады. Бұл мемлекеттік қайраткердің қоғамдық-саяси қызметтерімен қатар ұштас-тырған ғылыми-педагогикалық мұраларын зерттеп, зерделеудің қазіргі таңда маңызы артып отыр.

Кеңес өкіметінің қалыптасқан кезеңінде белсенді саяси және қоғамдық қызмет атқарған ұлт қайраткерлерінің мемлекеттік қызметтерімен қатар ұштастырған ғылыми-шығармашылық мұраларын зерттеп, зерделеу-тарих ғылымының дамуында маңызды қажеттілікке айналғандығын көрсету ғылыми жұмысымыздың өзектілігінің бірінші қырын айқындайды.

Ғылыми мақаланың екінші өзектілік қырын Кеңес өкіметінің ұлт мәдениетін кеңестік мәдениетке, яғни социалистік сипатқа көшіруге үн қосқан, осы саясаттың өзін ұлттың мүддесіне қарай бейімдеуге ықпал жасаған алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметтерін рухани жаңғыруда сабақтастыра отырып, қарастыру құрайды. Әсіресе зиялылардың ішінде ғылыми мақаламыздың тақырыптық арқау етіп отырған Сұлтанбек Қожановтың 1920-1924 жылдар аралағында Түркістан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Түркістан Өкіметі-Атқару Комитеті Төрағасының орынбасары, Түркістан Республикасының Ішкі Істер Қалық Комиссары, Халық Ағарту Комиссары, «Ақжол» газетінің редакторы қызметтерін атқарған кездерімен ұштастыра отырып, жүзеге асырған интеллектуалды мұрасына талдау жасауым құрайды. Себебі бұл кезеңде Сұлтанбек Қожанов «Сана», «Шолпан» журналдарында «Тоқпақ», «Замандас», «Тарпаң» бүркеншікті аттарымен өз мақалаларын жариялап отырған.



Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтері мен шығармашылық мұраларының тарихын толық қанды зерттеп, зерделеу мемлекетімізде тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бастау алғандығы барлығымызға белгілі жағдаят болып табылады.

Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегінде Кеңестік алып мемлекеттің бас қаласында, Түркістан өлкесінде басшылық қызметтерде жұмыс істеген көзі ашық мамандық иелері болған қазақ жастары арасында болған Нәзір Төрешұлы, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов секілді оқығандардың мемлекеттік қызметтерімен қатар олардың интеллектуалды ғылыми шығармашылық еңбектері мен мұралары хақында архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізіліп, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар жасалған.

**Материалдар мен әдістер.** С.Қожановқа қатысты тарихнамалық еңбектердің көшбасында Ж.Қ.Симтиковтың Сұлтанбек Қожановтың саяси-қоғамдық және мемлекеттік қызметі, әсіресе 1916-1924 жылдарды қамтыған Түркістандық кезеңі ғалымның зерттеулерінде барынша ыждақаттылықпен деректік тұрғыда талданып, тиісті ғылыми бағасы берілген [1,3]. Келесі кезекте Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметін зерттегендер қатарында Б.Қойшыбаевтың “Жазықсыз жапа шеккендер” [2], Р.Я. Раджапованың “Имя, возвращенное истории к народу (Султанбек Ходжанов)” [3], Т.Қожекеевтің “Көк сеңгірлер” атты еңбегін [4], Р.Бердібайдың “Замана сазы: Зерттеулер мен мақалаларынан” [5], Ж.Әлмашұлының Сұлтанбек Қожанұлы (Түрмеде сөнген шаңырақ) еңбегінен Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанов (түрмеде сөнген шырақ) атты еңбегінен [6], А.Шәріповтің “Сұлтанбек Қожанов - әдебиетші” атты еңбегінен, [7], ал, Ж.М. Уалиханованың “С.Қожановтың мәдени-ағартушылық және саяси-қоғамдық қызметі” атты [8] ғылыми еңбектеріне сілтемелер жасай отырып, талдаулар жасауым ғылыми жұмысымның тарихнамалық негізін құрайды.

1916-1917 жылдары Ташкент қаласында сол кезеңде шоғырланған қазақ зиялылары арасында жасырын саяси үйірмелер жұмыс жасаған. Солардың бірі «Кеңес» саяси үйірмесі болған. Осы үйірмеге қатысқан оқыған қазақ зиялыларының арасында С.Қожановта болған. Үйірме тарихын зерттеп, зерделеуге өзінің қомақты үлесін қосып жүрген ғалымдар қатарында тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Тұрсын жүргізген [9, 227 б]. Ғалымның өз еңбектерінде «Кеңес» ұйымының тарихына және Түркістан қаласында Сұлтанбек Қожановпен бірге 1918-1919 жылдар аралығында қызметтес болған, Ленинмен кездескендігі жайында деректер қалдырған Д.Нысанбаевтың деректеріне ғылыми талдаулар жасайды. «Кеңес» саяси үйірмесінің баспасөз органы болған «Бірлік туы» газетінің редакторы қызметінде Мұстафа Шоқаймен қатар Сұлтанбек Қожановтың да болғандығын атап өткен жөн [10].

С.Қожановтың өзге алаш қайраткерлері қатарында еліне адал қызмет еткенін дәлелдейтін құжаттық деректердің жинақтары ішінде қазіргі таңда тарихи ғылымда маңызды Алаш қозғалысының құжаттары мен материалдары жинағының I-II томдығын атап өтуге болады [11].

Соңғы кезеңде тарихты оқытудың оқу-әдістемелік негіздеріне арналған Б.Әбдіғұлова [12], Х.Тұрсын [13], Т.Т. Тұрлығұл [14], К.М. Тілеубаева [15], Б.А. Тұрғанбаев [16] және т.б. ғылыми зерттеулер мен әдістемелік еңбектерінде тарихи тұлғатануға қатысты жаңа тың тұжырымдар жасалуда.

**Талдау.** Тақырыбымыздың зерттелуіне қатысты жүргізілген тарихнамалық, ғылыми-педагогикалық зерттеулерге жасалған талдаулар нәтижесі мен теориялық зерттеулер бүгінгі қалыптасқан тәжірибенің ахуалдық жағдайын бағалай келе, мәселенің толық қанды қарастырылып бітпегендігіне көз жеткіздіреді.

Кеңестік биліктің жоғарғы эшелонына тартылған қазақ қайраткері-Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметімен қатар ұштастырған ғылыми шығармашылықты интеллектуалды мұрасына шолу жасау зерттеу нысанымыз болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың әдістемелік негізін Кеңестік биліктің лауазымды қызметтерінде қызмет атқарған қазақ қайраткерлерінің өздері араласқан қоғамдық-саяси үдерістерінің себеп-салдарлы байланыстарын анықтауда сараптап-саралау, индуктивті әдістер, баға беруде тарихи-са-

лыстыру әдісі және тарихи типологиялық әдістер, жеке тұлғалардың қызметіне қатысты нақтылы күрделі әдістер қолданылған болатын. Сонымен қатар, эмпирикалық әдістерді де қолданылды.

Зерттеудің деректік негізін бұрын жарық көрген және ғылыми айналымға жаңадан енгізіліп отырылған архивтік құжаттар құрайды. Бұл материалдардың басым бөлігі Сұлтанбек Қожановтың саяси-қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасына қатысты Қазақстан Республикасы Президенттік Архив қорларындағы деректер мен сол кездегі мерзімдік басылымдарда жарияланған мақақалар құрайды. Дерек көздерінің басым бөлігіне Сұлтанбек Қожанұлының өмірлік кезеңдері хақындағы көзі көргендердің естеліктері, қайраткердің шығармашылық еңбектері, мемлекеттік саяси қызметтеріне байланысты құжаттардың және материалдардың томдықтары, құжаттар мен материалдар жинақтары пайдаланылды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық Архивінің 849- қорындағы 1-тізбесі, 16, 19, 21-істерінде Сұлтанбек Қожановқа қатысты материалдар сақталған. Осы архивтік материалдарды өз ғылыми мақаламыздың барысында дерек көзі ретінде пайдаландым.

**Негізгі бөлім.** Адамзат қоғамының табиғи болмысы сондай кез келген халықтың өзін-өзі тануы әр бір тарихи кезеңдерде алда тұрған кезекті міндеттерін анықтауы алдымен зиялы қауым қызметі арқылы жүреді. Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқиғалардың бел ортасында жүрген қазақ зиялылары да өз халқының басынан өтіп жатқан түбегейлі өзгерістерді жан-жақты талдап, түсінуге, ол өзгерістерге өз мүмкүндігінше ықпал етуге тырысқан еді.

Өз ұлтының теңдігі мен тәуелсіз болашағы үшін күрескен қазақ зиялы оқыған азаматтарының көрнекті өкілі қазақ халқының ішінен шыққан аса ірі қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірі-Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов болды.

Сұлтанбек Қожановтың ғылымға келген жолы мен шығармашылық мұрасының қалыптасуы, оның өмірі мен сан алуан саяси-мемлекеттік қызметі тәуелсіздік алғанға дейін зерттелмей келді. Сталин кезеңіндегі жеке басқа табыну жылдарының құрбаны болған қайраткер жайында оның тоқсан бес жылдық мерей тойында алғаш рет Өзбекстандық тарихшы Р.Я.Раджапова көпшілікке таныту мақсатында ғылыми мақаласын жариялады. Р.Я.Раджапованың мақаласы 1988 жылы “Имя, возвращенное истории и народу (Султанбек Ходжанов)” деп аталып, “Общественные науки Узбекистана” журналында жарияланады [17]. Осыдан бастап, Өзбекстан мен біздің елімізде Сұлтанбек Қожановтың саяси-қоғамдық мелекеттік қызметтерімен қоса шығармашы-лық мұраларыда зерттеле бастайды. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қожановтанушылардың қатарына Т.Қожекеев [18], А.Шәріпов [19], Ж.Әлмәшұлы [20], Ж.Симтиковтарды [21] атауға болады.

Сұлтанбек Қожанов қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Ақсүмбе ауылында 1884 жылы 10-қыркүйекте дүниеге келген. Сұлтанбек Қожановтың балалық шағы сол Қаратау баурайында өмір сүрген мал бақташысы болған әкесі Қожанның қолында тәрбиеленген. Қожан көп балалы болған, баласының үлкені, осы Сұлтанбек болған. Ресей империясының үкіметі 1895 жылдың өзінде-ақ өзінің отарлық ісіне септігін тигізген болашақ әкімшілік қызметкерлерді даярлау мақсатында Түркістанда орыс түземдік мектептерін ашады. Онда оқитын балаларды әр облыстар мен болыстардан жинауға кіріскен кезде, Қожанның бақташы болып жүрген, еті тірі, пысық баласы-Сұлтанбекке көздері түседі. Әкесі болса Сұлтанбекті сауатын ашып, білім алуға Түркістанға жібереді. Мұнда келген Сұлтанбек бір ауыз орысша білмесе де орыс түземдік мектебінің қабырғасында жүріп білім алып, әрі күнкөріс талабына байланысты етікшінің көмекшісі болып қосымша жұмыс та істейді.

Болмысындағы зеректігі мен зерделілігінің арқасында тез арада қала өмірі мен қиыналса да көп оқып, қатарластарынан қалмай, оқуды игеріп кетеді, білім алады. Бір айтып кететін жәйт, осы мектеп қабырғасында қазіргі таңға дейін Сұлтанбек Қожановтың өз қолымен ойып жазған қол таңбасы сақталған. “Болар бала боғынан” деп халқымыз бекер айтпағанының шынайы дәлелі іспеттес, қазіргі таңда мұражай қабырғасында ол қалдырған қолтаңба ескерткіш ретінде сақтаулы тұр. Осы орыс-түземдік мектебін аяқтаған соң, үш сыныптық қалалық кәсіптік білім беретін училищені аяқтайды. 1913-1917 жылдары Ташкенттегі мұғалімдер даярлайтын семинариясында

да оқып, білім алады. Бір қызығы, Ташкент мұғалімдер семинариясында жиырма бес жыл ішінде жергілікті халықтың небәрі алпыс бес өкілі ғана білім алып, аяқтаған болса, соның он бірі өзбек, түркімен, татар болған екен да, елу төртті қазақ пен қырғыздар болған.

Ташкент мұғалімдер семинариясының қабырғасында жүріп, Сұлтанбек Қожанов қоғамдық қызметтерге баулынады, бейімделеді. Студент кезінен бастап-ақ жасырын саяси үйірмелердің жұмыстарына араласып, саяси әдебиеттермен танысады, саяси азаматтық көзқарастарын қалыптастырып, зейін қойып, зерттейді. Жас кезінен бастап зерек болған Сұлтанбек Қожанов теңдіктің күрессіз келмейтінін, азаттыққа апарар жолдың жеңіл болмайтынын тереңінен ұғынады. “Туркестанская правда” мерзімдік баспасының қосымшасы болған- “Костры” журналындағы “Біздің қызметкерлер” өмірбаянында атап көрсетілгеніндей, Сұлтанбек Қожанов 1915 жылы көзі ашық, оқыған, саяси көзқарастары мен пайымдаулары қалыптасып келе жатқан жас қазақ азаматтарының “Кеңес” атты жасырын түрдегі саяси ұйымын ұйымдастырған болатын [22,19]. Бұл Сұлтанбек Қожанов үшін саяси қоғамдық істерге шыңдалу мектебі болып табылды.

Тарих сахынасында 1917 жылы ақпанда Петроград қаласында буржуазиялық-демократиялық революциясы болды. Ресей империялық өкіметі саяси биліктен кетіп, бүкіл елді Ақпан төңкерісі саяси төңкеріске әкелген кезең туындаған болатын. Отарлаған өкіметке деген өшпенділік, отаршылдық трагедияны бастан кешкен қазақ халқы үшін бұл саяси төңкеріс тәуелсіздік пен ерікдікке деген үміт отын сыйлаған болатын. Осы кезеңде қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары саяси белсенділік танытты. Ақпан төңкерісін, ұлттық өрлеу туғызған саяси өзгерістерді тәуелсіздік жолына теңеп, бостандықтың уын желбірететін кездің келгендігін түсіндіріп жатты. 1917 жылдың ақпан-тамыз айларында Сұлтанбек Қожанов та Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын тәмәмдап, мұғалім мамандығын алып, Ферғана облысындағы Айым ауылында ауыл балалар мектебінің мұғалімі қызметін атқарады.

Дегенмен, бұрынғы семинарист, ауыл мектебінің мұғалімі, Сұлтанбек Қожанов саяси өмірден өзін тысқары, оқшау ұстамайды. Өзінің үзегілес достары сияқты саяси мектепкеде белсене араласып жүреді. Оған дәлел болар дерек, 1917 жылы «Қазақ» атты баспасөз бетіне «Қоқан-жиырма бірінші наурызда мың басылық адам қажет болса біз барамыз» жедел хатының жолдану дәлел бола алады [23,47].

1913-1918 жылдары баспадан жасырын жарық көріп, жалпы ұлттық басылым деңгейіне көтерілген “Қазақ” мерзімдік басылымы Қазақ халқының өзін саяси басқаруы мүддесіндегі өкіметі мен үкіметін құру құқығын өзін отарлаған Ресей мемлекетіне мойындатқызу, дербес мемлекеттікке ұмтылу, сөйтіп, егемен мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресей аудандарынан ауқатты шаруаларға қоныс аударуға тиім салдыру, еуропалық үздік тәжірибелер мен озық ойларды қолдану арқылы экономикамызды дамыту, сонымен бірге қосымша шаруашылық пен кәсіп түрлерін, атап айтсақ, сауда, егіншіліктің түрлерін, кен өнеркәсіптік өндірісін дамыту, жеке азаматтардың құқықтарын және өзге демократиялық қоғам принциптерін құрметтеу, ұлттық құндылықтарды қастерлеу, білім жүйелерін, ұлттық тіліміз бен дінімізді сақтауға керекті жағдаяттарды жасау сияқты идеологияның қалыптасуына қызмет еткен болатын. Бұның бәрі еліне жаны ашыған, халқы үшін қабырғасы қайысқан әр бір қазақ зиялысы үшін арман-мұраттар болып көрінген-ді.

Ақпан төңкерісі өзге қазақ ауылдарына секілді Түркістан жеріне де көктен түскен найзағайдай болған. Ол туралы жайттар мына деректе беріледі: “Февраль төңкерісі Түркістанға көктен түскендей болды. Бітеу жараның бетін ашты. Алғашқы кезде қазақ, қырғыз, өзбек халқы түгілі Түркістанның орыс жұмыскерлері, солдаттары төңкерісті өздерінше ұғып, мұсылмандардың еншісіне бергілері келмеді” [24,18], - деп сипаттайды сол кездегі Түркістандағы саяси ахуалды К.Кеменгерұлы.

Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайықты жаңа күрес құралдары, жаңа саяси әдіс-тәсіл, ең бастысы, осымен халықты қаруландырып, қоғамдық саяси қозғалысты бастап кете алатын саяси әлеуметтік күш қажет екендігі белгілі болды. Ол-күш көзі ашық, көкірегі ояу жастардың қолында

еді. Осылардың қорытындысындағы қоғамдық дамудағы бағыты бар, өз талаптары мен түсінігі бар бірнеше ұлттық саяси сипаттағы ұйымдар мен партиялар тарих сахынасына шыға бастайды.

Біріншісі, “Шуро-и-Исламия” (Мұсылмандар Одағы), келесісі- “Шуро- и-Улема” (Таза исламистер одағы) сияқты ұйымдар. Бұл саяси ұйымдар мұсылмандық шарттарды алға тартып, мемлекеттің мәртебесін шарифат жолымен жүру арқылы жүзеге асыруды көздеді.

С.Лапин бастаған “таза исламистер” Түркістан өлкесін шарифатқа сүйене отырып, басқару үшін Уақытша үкімет құрып, оның алдына федерация талабын қойды. Ұлт интеллигенциясы “шарифатты мойындамай, орыстарға беріліп кетті” деген мін тағып, Алла үйінен аластатылады.

Келесі топ діни адамдар тобынан оқшауланып, келімсек өзге ұлт қара жұмысшыларымен бірлесіп, олармен терезесі тең мұсылман жұмысшыларының одағын құрды. Бұл ұйымның басында қазақ оқығандарының арасынан Санжар Асфендияров пен Сұлтанбек Қожановтар тұрды. Ұйым 1917 жылдың маусымынан бастап жұмыс жасады. Қозғалыстың мақсаты мен міндеттері жайында Санжар Асфендияров “Наша газета” атты мерзімдік баспасөз беттерінде “Біз жұмысымызда, сөз жоқ, орыстың демократиялық ұйымдарымен үзеңгілес болмақпыз. Болашақта орыстар мен мұсылмандар арасында жаңаша қарым-қатынастар қалыптастыра аламыз ба деген үмітіміз бар, өйткені тек демократиялық ұйымдар ғана ортақ мәмлеге келмекші және жергілікті халықтың орыстарға сенбеушілігін жоймақшы. Түркістан мұсылмандарының арасындағы жұмысшы қозғалысының ізашарлары бола отырып, біз халқымыздың келешекте бостандық пен теңдікке жететініне, сондай-ақ саяси күрескер ретінде бүкіл әлемдік еңбек игеруіне қосылатынына зор сеніммен қарап, күрделі міндетімізге кірісеміз” [25]. Осы іспеттес көз қарасты Сұлтанбек Қожановта ұстанып, жұмысшы табының мүддесін қорғаған қайраткерлермен бірге жүріп, сол азаматтардың қатарында табылып отырды.

1917 жылдың көктем айларынан бастап, қазақ зиялылары “Қазақ” газетінің маңайына шоғырланып, топтасып, жалпы ұлттық мәселелерді талқылау үшін Бірінші Жалпықазақ құрылтайын 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласына шақырған болатын. Бұдан ертерек облыс орталықтарында дайындық ретінде облыстық съездері өткен болатын. Барлық облыстың күн тәртібінде өзекті мәселер талқыланып, оларға А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Жұмабаев, М.Дулатов сияқты қазақ зиялылары белсене араласқан болатын. Бірінші Жалпықазақ съезіне Сұлтанбек Қожанов Сырдария облысының атынан делегаттар қатарында қатысады.

Бұл Жалпықазақ съезінің жұмысы жайында Қазақ газетінде “Өзгеріс болғаннан бері әр облыс жиналып, съезд құрып, мұң-мұқтажын кеңесті. Әр облыс өзара кеңесіп, бір қаулыға келгеннен кейін, бүкіл қазақтың тілегін қорытып, “Алаштап” атқа мініп, ертең ашылғалы тұрған Учредительное Собраниеге тобымызды жазбай бару үшін жалпы қазақ съезі қажет болды” – деп [25,4], жазды.

Бірінші Жалпықазақ съезі алғашқы күнінен бастап-ақ орыс қоныс аударушыларының көші-қонын дереу тоқтатқызу керектігі жөніндегі мәселе мен мемлекеттік тарапынан сол кезге дейінгі берілген жер үлестерінің санын алып, жер иелеріне қайырымын беру туралы шешім қабылданады. Жиында өзге жерден келген қонысаударушыларға күшпен алынып берілген жер үлестері бұрынғы иелерінің үй жайлары, жайылымдық, шабындық жер үлестері де бұрынғы жер иелеріне тиесілі үлес ретінде қайтарылуы жөнінде қаулы қабылданады.

Ал, жұмысшылар мәселесіне байланысты, қара жұмысқа жіберілген бауырларымыз жедел түрде елге қайтарылсын, жаңадан жұмысшылар алуға тиім салынсын, қарсылық көрсетті деген желеумен қамалғандар абақтыдан бостылсын, сонымен қатар, әр түрлі себептерден жасалған барлық зорлық-зомбылықтар тоқтатылсын деген де съезд барысында шешім қабылданады.

Съезд күн тәртібінде қазақтар арасында арнайы ұлттық мекемелер ашу, қақатар арасындағы сот жүйесі мен органдарын құру, әсіресе, қазақ өкілдері қатыстырылған жергілікті басқару құрылымы мен құқық органдарын құру қажеттігі жайында, сонымен қатар, білім-ағарту жұмыстарының кең ауқымды қолға алынуы жайында да сөз қозғалып, қаулылар қабылданады.

Жалпы алғанда, Бірінші Жалпықазақ съезінде қаралған мәселелер мен қабылданған қаулылар ел үшін маңызы өте жоғары болған.

Сұлтанбек Қожанов хатшылық еткен, тамыз айындағы Түркістан өлкесінде құрылған Сырдария облыстық қырғыз-қазақ комитетінің құрамына мүшелікке кіреді [26,11].

Сұлтанбек Қожановпен бірге бұл комитет жұмысына Тұрар Рысқұлов, Садық Өтегенов, Ибрахим Қасымов, Иса Тоқтыбаев сияқты қазақтың бір туар азаматтары белсенді жұмыс атқарады.

Сұлтанбек Қожанов та қазақ халқының арасынан шыққан революциялық көзқарасты ұстанған зиялылармен қатар кеңінен ел ішінде үгіт насихаттық іс-шараларды жүргізіп отырады. Атқарылған іс-шаралар барысы “Бірлік туы” мерзімдік баспа сөз бетіне жарияланып, жергілікті халық ішіне кеңінен таратылып отырылады. “Ақпан төңкерісі күндерінен бастап “Киргиз” газетін редакциялады, газет улемистер мен олардың ұйымы ресми түрде жойылған сәтке дейін күшейе түскен күрес жүргізді” [27,59], -деп жазылды осы баспасөз беттерінде.

Бірлік туы газеті-сол кезде ұлттық тілде жарық көрген мерзімдік баспасөздердің бірі болды. Қазақ газетінен бөлініп, Семейде “Абай” журналы, “Сарыарқа”, Қызылжарда “Жас азамат”, Ордада “Ұран” мерзімдік баспасөз құралдарымен қатар, Ташкентте осы “Бірлік туы” газеті жарық көріп тұрады. Хронологиялық шеңбері бойынша 1917 жылдың 24-маусымынан 1918 жылдың мамыр айына дейінгі аралықта жарық көріп тұрған. Жалпы 29 саны жарық көрген. Бұл мерзімдік баспасөз құралының беттерінде М.Шокай басқарған қазақ оқығандарының саяси көзқарастары мен ұстанымдары мақала түрінде жарық көріп тұрады. Баспада мақала жариялаған авторлардың қатарында Сұлтанбек Қожановта болды. Мұрағат деректеріне сүйенсек, буржуазиялық “Бірлік туы” газеті контрреволюциялық үкімет “Қоқан автономиясының” жаршысы болды” [28]-деп, көрсетіліп отырылды.

1917 жылы 25 қазанда мемлекеттік төңкеріс кеңестер тарапынан жүзеге асырылды. Уақытша үкімет құлатылып, өкіметтік билік кеңестер қолына өтеді. Большевиктер партиясының ұстанымына сәйкес, социалистік қоғам тек Ресейде емес дүниежүзін қамтуы керек еді. Осы ұстанымға сәйкес бұрынғы Ресей құрамына кірген елдер де, оның ішінде қазақ даласыда қазан төңкерісінің нәтижесінде орнаған өкіметтік билукті мойындауға міндетті болып табылды, ол үшін күресте жүргізілді.

1917 жылдың 1-қарашасында Ташкенттегі өкіметтік билік Кеңестер қолына өтті. Бұл туралы жаппай баспасөз беттерінде жарияланып, халыққа жеткізілді. Сол жылы 25 қарашада жаңадан құрылған өкіметтің, яғни Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесінің құрамы жарияланды. Құрылған жергілікті үкіметтің құрамына бір де бір жергілікті халық өкілдері кіргізілмейді. Оған жергілікті әкімшілік өкілдерінің жұмысшы табынан еместігі желеу болған болатын. Бұл жағдай Кеңестер ұстанған негізгі ұстанымдардың бірі ұлттардың теңдігі мен өзін-өзі басқару құқығы жөніндегі принциптерге қайшы келді.

Сонымен қатар, “Ресейдің құрамына кіретін езілген халықтарды Ресей мемлекетінің құрамында қалуы немесе дербес мемлекет болып, бөлініп шығуы мәселелеріне өздігінен шешу құқығы болуы тиіс...», сондай-ақ «Россия құрамына кіретін барлық ұлттардың емін-еркін бөлініп шығуына және де дербес мемлекеттілік құруына деген құқықтары танылуы тиіс болып табылады. Бұндай құқықты жоққа шығара алу мен іс жүзінде іске асырылуға кепілдіктер беретін іс-шараларды қолданбауға, басып алу сияқты немесе жаулап алушылық саясаттарымен бара бар [29]-деп, көрсетілген. Сәл кейінірек Кеңестер шығыстың мұсылман халықтарына да арнай Үндеу жолдаған. Онда: “Уақытты өткізіп алмаңыздар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар. Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүріңізге сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер!” [30]-деген үндеуді де жолдайды.

Жергілікті Түркістан өлкесінің халқы мемлекеттік төңкерістен кейін келген өкіметтің саясатын саяси теңдік пен ұлттық деңгейдегі бостандыққа қол жеткізетін бірден бір жол деп

қабылдағанымен де, толық қанды сенімін білдіре алмады. Өйткені 1917 жылдың 16 қарашасында құрылған Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесінің құрамы 17 адамнан тұрған, алайда бір де бір жергілікті халық өкілдері бұл Кеңес құрамына енбеген. Бұл тұрғыда “Бірлік туы” газеті беттерінде жариялаған “Түркістандағы орыс съездері” 1917 жылы 25 қарашада жарияланған, “Өзіміздің большевиксінгендерге” 1918 жылғы 29 қаңтарда жарық көрген санында жарияланған мақалаларының мәні мен мұзмұнынан, саяси бағыт-бағдарынан, сыни көзқарас-тарынан көрініс табады.

Сұлтанбек Қожановтың “Бірлік туы” мерзімдік басылымында баяндаудан бастау алған шығармашылық қызметі негізінен Түркістанның жергілікті халқының арман-тілегімен астасып жатты. Ол осы басылымды ұлттық теңсіздікті жою жолында, империялық Ресейдің отарлау саясатын жалғастыруды жақтаушылармен жан аямай идеологиялық тұрғыда күреседі. Осы күрес жолындағы Сұлтанбек Қожановтың азаматтық саяси көзқарастары оның шығармалары арқылы “Бірлік туы” баспасының беттерінде жарық көріп отырады. Осы кезеңде С.Қожанов шығармашылық тұрғыда шыңдалып, саяси тұлға ретінде қалыптасады.

Сонымен, Сұлтанбек Қожановтың азаматтық жағынан есейіп, қоғамдық және мемлекеттік саяси қайраткер ретінде қалыптасуына Түркістан өлкесіндегі ағартушылық мектебінің көрнекті өкілдерімен тығыз байланыста болып, олардан алған тәлім тәрбиелерінің арқасында ой-санасы қалыптасады.

1920 жылдың қаңтар айында өткен Ү-Өлкелік КП(б) конференциясы мен ондағы Түркістан автономиясының төрағасы, Тұрар Рысқұловтың ұсынысымен Түркі Кеңестік Республикасы деп атауды өзгертуді ұсынуымен бастау алған болатын. Бұл ұсыныс кезінде үлкен дауды тудыртқан болатын. Нәтижесінде 1920 жылдың наурызы мен маусымы аралығында бұл мәселе күн тәртібінде бірнеше рет қаралады. Бұл тұрғыда зерттеушілер: «Түркістан Кеңестік автономиясының мәні қағидаттары, өлке өмірінің барлық салаларындағы отарлау қалдықтарын түпкілікті жою, еңсеру, Түркістан істері жөніндегі ВЦИК және РСФСР Халық Комиссариатының Түркістан Республикасының басқарушы пратиялық жіне Кеңестік мекемелерімен өзара қарым-қатынасы мәселері» басты назарда болғандығын атап өтеді.

Ұсынысты қарастыру барысында өкімет тарапынан комиссия құрылады. Осы комиссия қаулысымен жаңадан құрылған Орталық Комитеттің құрамына Сұлтанбек Қожанов енгізіледі. Сұлтанбек Қожановтың Кеңес өкіметі жағындағы елеулі қызметі осылайша бастау алады.

1918 жылдың соңында ағартушылық жұмыстарға қайта оралған С.Қожанов Ташкенттегі педагогикалық училищесіне оқытушы ретінде жұмыс атқарады. 1919 жылы қайта Түркістанға оралып, Қалалық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, ал 1920 жылдан бастап, Сырдария облыстық революциялық Комитетінің төрағасы (ревком) қызметін атқарады [31,41].

Сұлтанбек Қожановтың 1920-1924 жылдар аралығындағы саяси өмірлік жолы мен оның саяси-қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен серпілісті кезең болып табылды. Осы жылдары Түркістан қаласындағы уездік-қалалық партия комитетінің мүшесі, ал Сырдария облыстық партия конференциясы оны облыстық партия комитетінің мүшесі етіп қабылдайды.

Коммунистік партия органдары мен еңбекші халықтың сеніміне ие болған С.Қожанов Түркістан Кеңестерінің бірнеше съездеріне өлке атынан делегат болып сайланады [32,17].

Сонымен қатар, 1920-1921 жылдары ол Ішкі Істер Халық Комиссары, 1921-1922 жылдары аралығында Халық Ағарту Комиссары, 1922-1924 жылдары Екіншілік Халық Комиссары қызметтерін атқарады. Осы қызметтерде жүріп әбден шыңдалады. 1921 жылдың желтоқсан айында Сұлтанбек Қожанов Бүкілодақтық Кеңестердің ІХ съезіне делегат болып қатысады. Баяндама жасайды. В.И.Ленин үзілісте оны шақыртып сұхбаттасады, нәтижесінде «Жарайсың қызу қанды қырғыз!» деп атайды. Сұлтанбек Қожанов оған «біз қырғыз-қайсақ емеспіз, бұл бізді қорлайды. Біз қазақтармыз. Нағыз ыстық қазақтар сізге әлі жеткені жоқ, олар далада. Олар Сізге көбірек келеді» деп жауап қатқан екен. Оған жауап ретінде В.И.Ленин отанына оралғаннан кейін өз халқының сауатының ашылуымен, ағартушылықпен айналысуына кеңес береді.

Сұлтанбек Қожановтың 1921 жылы өткен Кеңестердің ІХ Бүкілресейлік съезінде сөйлеген сөзінен кейін В.И.Ленин үзіліс кезінде оны төралқаға шақырып, сұхбаттасқандығы да тарихи шындық. Съезд барысында С.Қожановтың Түркістанның жергілікті халқын ағарту, жергілікті ұлт өкілдерінен ұстаздарды даярлау, мектеп ашу мәселелері бойынша сөз сөйлегені үшін «қызу қанды қырғыз» деп те атайды.

1922 жылы өткен Кеңестердің Бүкіл Одақтық съезінде қазақтарға өздерінің атауын қайтаруды, оларды бұрынғыдай «қырғыздар» деп атауды доғаруды талап еткенде осы Сұлтанбек Қожанов болған. Оның ұсынысы қабылданып, халқымыздың шын атауы Сұлтанбек Қожановтың арқасында қаулы ретінде қабылданып, қайтарылады.

Сұлтанбек Қожановты үзеңгілес қатарластары өткір тілді батыл адам деп сипаттама берген екен. Мысал ретінде Мәскеуде болған оқиғаның куәгері болған Т.Рысқоловты байланыстыра баяндайды. «Москвада бір кездері жаңа сталиндік Конституция жобасы талқылауға байланысты жиналыс өтеді. Жиналысқа С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов қатысқан қазақ делегациясы қатысады. Оның құрамында басына қазақша тақия киген Сұлтанбек Қожанов та болады. Оған көзі түскен И.Сталин С.Қожановқа сөз берерде тілге тиек етіп тістеп алады: Сөз кезегі Шығыстан келген Шыңғысхан-Қожановқа беріледі дейді [33]. Оған жауап қатқан С.Қожанов Шығыстың Шыңғысханы Еділге жетті, ал Кавказдың Шыңғыс ханы Мәскеуде отыр», деп жауап қатып қолымен Сталинді меңзеген екен. Осы кезде Т.Рысқұлов көзін жұмып, басын шайқаған екен. Міне қайсарлық, міне оның батылдығы.

Сұлтанбек Қожановтың өміріндегі күрделі кезеңінің бастамасы ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатына араласқан кезінде басталды десек қателеспейтін шығармыз. Өйткені осы саясат барысындағы С.Қожановтың ұлт саясатына қатысты ұстанымы, халқы үшін жасаған қызметі кеңестер тарапынан теріс бағаланған болатын. С.Қожанов ұстанған Орталық Азия федерациясын құру идеясы ұлттық ұстаным деп танылып, оның әр ұлттың өз аймағы сақталуы керектігін айтуы пантюркизм идеологиясы деп айыпталады.

Сұлтанбек Қожановтың араласуымен Кеңес өкіметін нығайтудың жалғыз жолы-Орта Азияны ұлттық белгілері бойынша ажырату туралы ұсыныс жарыс сөзге шыға отырып ұсынылады. С.Қожанов Орта Азияны бір федерацияға біріктіру, сонымен қатар экономикалық емес, саяси және әкімшілік мәселелерді де ескеру қажеттігін де айтқан С.Қожанов болады. Бұл Кеңес өкіметі өкілдеріне ұнамайды [22.129]. Бұл мәселеге қатысты Сұлтанбек Қожановтың көзқарасы оның «Түркістан бір тұтас бөлінбейді» тезистік еңбегінде көрініс табады. Онда С.Қожанов өз халқының мүддесін табандылықпен қорғайды. Оның мақаласы Түркістан газетінде жарияланады [3.19]. Сонымен қатар бұл тақырып аясында оның «Орта Азияны ұлттық республикаларға бөлу туралы әңгіме» атта мақаласы да мерзімдік баспасөз беттерінде де жарық көреді.

Осыдан кейінгі жылдарда Сұлтанбек Қожанов өзіне тағылған айдарлар мен айыптаулармен тікелей күресуге, тіпті өкінішті мәлімдемелер жасауға мәжбүр болады. Өйткені ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай «өкіну мен мойындау» науқаны басталады. Өйткені Кеңес өкіметі бұл кездегі өз саясатын ұлттық кадрларды жоюға бағыттаған болатын.

Бұл жылдары Сұлтанбек Қожанов Москваға шақырылып, БКП(б) ОК нұсқаушысы қызметіне тағайындалады. 198-1929 жылдары марксизм курстарына да оқуға жіберіледі. Оны аяқтағаннан кейін Ортаазиялық Бюро үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары қызметіне де тағайындалады.

1929-1931 жылдары Ташкенттегі Орта Азия мақта-ирригациялық политехникалық институтының ректоры, 1931-1932 жж. Орта Азия Орталығының директоры, Мәскеуде-«Союззаготхлоп» басқарушысының орынбасары (1932-1933 жж.), мақта тобы басшысының орынбасары ҚР ОК-ҰК (1933-1934 жж.), кеңестік бақылау комитетіндегі мақта бақылаушысы (1934); тағы да Ташкентте-Орталық Азиядағы Комиссарлар комиссиясы (1934ж.), Өзбекхлоптрест директорының бірінші орынбасары (1934 ж.), Кеңестік бақылау комиссиясының уәкілетті орынбасары қызметтерінде атқарады. Осы жылдары ол ағартушылық саласына мойын

бұрып, шығармашылықпен көбірек айналысады [23,58]. Ол өз еңбектерін «Токпак» (балға) бүркеншікті атымен жариялайды.

Ағартушылық саласы бойынша көптеген ғылыми комиссиялар құрамына кіріп, атқарған ізденістері оның ғылыми тұрғыда шындалуына әкеледі. Әр жылдары ол Түркістан Компартиясының тарихы бойынша жинақтар құрастыру комиссиясының мүшесі (1922 жыл), Истпарт бюро алқасының мүшесі болуы (1924 жылы), ОртаАзиябюро журналының тарих саласы бойынша редакциялық алқа мүшесі болуы (1929 жылы), 1930 жылы Орталық Азия революция тарихи-ғылыми-зерттеу институтының Кеңесінің мүшесі де болады [33,58].

Олардың қабырғасында жүріп, 1928 жылы С.Қожановтың «Түркістан Кеңестік автономиясының он жылдығына» атты еңбегі баспадан жарық көреді [34,13]. Еңбекте С.Қожанов Түркістан халқының революция қарсаңындағы жағдайы, оның қозғаушы күштері, ұлтаралық қатынастардың сол кездегі дамуы, Түркістандағы ұлттық мәселені шешудің жекелеген кезеңдерінің орны мен рөлі, өңірдегі ұлттардың лениндік тұрғыда өзін-өзі анықтау тұжырымдамасын орнатудағы қыйындықтар және т.б. бүгінгі таңда ғылыми құндылықтары бар мәселелерді қамтиды. Сонымен қатар, «Жергілікті ұлтшылдық және ондағы татуласу туралы» (Шығыс ақиқаты. 1929 жылы, 15 ақпан), «Әдеби тіл және терминология туралы» (Шығыс ақиқаты. 1929 жылы, 6 маусым) атты жергілікті ұлттардың әдеби тілі, оның өткірлігі мен полемикасын көрсете білген еңбектері ғалымның публицистикалық қырын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихының тұлғаларды зерттеу тарихнамысында өз өрісін алған ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы ұлт зиялыларының көзқарастарына өз еңбектері негізінде нақты талдаулар жасау ақиқатқа қол жеткізу басты міндеттердің бірі деп ойлаймын. Қорытып айтар болсақ, жоғарыда айтылғандардан төмендегідей тұжырымдар туындайды: - Қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері қазақ халқының ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қоғамдық дүмпулерге ешбір даярлықсыз, күтпеген жерден тап болғандарын өздерінің еңбектерінде ашып айтты.

С.Қожанов қатарында болған ұлттық интеллигенция 1917 жылғы ақпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалана алмады. Бұған объективті және субъективті себептер кедергі келтірді; Қалыптасқан ауыр ахуалға қарамастан қазақ интеллигенциясы өкілдері Кеңес өкіметінің жүргізген сасатына байланысты жергілікті жерлердегі большевиктердің озбырлықтарын әшкерелей алды. Ал мұның бүгінгі қайта жазылып жатқан тәуелсіз тарихымыздың қалыптасуы үшін зор маңызы бар.

**Қорытынды.** Қудалануды басынан өткізген қазақ интеллигенцияларының қатарында болған С. Қожанов халқының мүддесі үшін жанын аяған жоқ. Ол оның тектілігімен интеллектуалды саналығын көрсетті. Атап айтқанда, 1918 жылы октябрь айы 16-жұлдызында РКФСР Бүкіл Одақтық Орталық Комитетінің «Бірінғай еңбек мектебі туралы ережесі» хақында сол жылдың қазан айының 31 жұлдызында «Азшылық мектебі хақында да шешімдер қаулы болып қабылданады. 1919 жылы желтоқсанның 26-да «РКФСР халықтарында сауатсыздықпен күрес» декретіне қол қойылады. 1920 жылдан бастап РКФСР-дің бүкіл аймағында Ағарту комитеттері құрылып, олардың жанынан «Сауатсыздықты жоюға арналған төтенше комитеттер» құрылады. Осыдан бастап сауатсыздықпен күрес мемлекеттік іс шара негізінде бүкіл республика көлемін қамтиды. Сауатсыздар тізімін жасақтаудан бастау алған бұл мемлекеттік іс-шара бастауыш мұғалім мамандарын даярлайтын курстардың ашылуында қамтамасыз етеді. Тіпті тез арада оқу құралдарын шығаруда ұйымдастырылады.

1920 жылдың қазан айында Қазақ АКСР-де ХАК құрылып, Ахмет Байтұрсынұлы Халық Ағарту Комиссары болып тағайындалады. 1921 жылы ақпан айының 18 күні Бүкілқазақ республикасын қамтыған Оқу-ағартушылық мамандарын жинақтаған конференция ұйымдастырылады. Онда жасөспірімдерді қорғау, бірінғай мектеп жүйелерін құру, арнайы кәсіптік білім беретін техникумдар құру, тәрбие ісін қолға алу, жалпы оқу-тәрбие саласындағы қомақты мәселелер көтеріледі. Қазақ Кеңестік автономиясы бойынша 1920-1921 жылдары сауатсыздықпен күрескен іс-шаралар тізбегі бойынша 2412 қызыл отау жұмыс атқарып, 72



мындай адам сауат ашады. Сауат ашу орталықтарын жергілікті атқару үкімет органдары өз тараптарынан да ұйымдастырып отырған. Мәселен, Түркістан Кеңестік Автономия татапынан Халық Ағарту Комитеттері мен жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Әулиеата қалалық Кеңестерінде де сауат ашу орталықтары ұйымдастырылып, оларды қаржыландыру мәселелерінде өздері дербес шешіп отырған.

Түркістан АКСР-ң Халық ағарту комиссариаты 1918 жылдың 26 шілдесінің өзінде-ақ ересек азаматтар арасында сауатсыздықты жою орталықтары ұйымдастыру туралы шешім қабылданып, ересек азаматтар арасында міндетті оқу 1919 жылдың 3-желтоқсанынан бастап ұйымдастырылады. Яғни бұл келтірілген деректерге сүйенсек, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов бастаған Түркістан АКСР-ң Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасынан бұрынырақ сауатсыздық пен күрес шараларын бастағандығын аңғарамыз. Сұлтанбек Қожановтың 1921-1922 жылдары Халық Ағарту комиссары болғанын ескерсек, бұл атқарылған үлкен іс-шаралардың басы қасында Сұлтанбек Қожановтың тікелей ат салысқанына тағы да көз жеткіземіз.

1922-1923 жылдары ұлттық деңгейдегі сауат ашу орындары пәндік оқулықтармен қамтамасыздандырылу мәселелері де қолға алынып, төл тілімізде оннан астам оқулықтар баспадан шығарылып, мекетептерге таратылады. Жас ұрпақтың келешегін ойлаған қазақ сауатты азаматтары ғылымның әр салалары бойынша оқулықтар құрастырған. Ахмет Байтұрсынов, Х.Досмұханбетов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Е.Омаров, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, К.Кемеңгеров, Б.Майлин, Х.Басымов, Т.Шонанов, Ә.Ермеков сияқты қазақ оқығандарының арасында орта білім беру саласында оқулық құрастыруға Сұлтанбек Қожанов та ат салысады. Қазақ оқыған азаматтары орта білім салаларына арнап, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын, екі тілдік сөздіктер, терминологиялық анықтамалар, түсіндірме сөздіктер құрастырады.

Бірақ бұл атқарылған іс-шаралар барлық проблемаларды бір сәтте шешіп тастамады және оның теңізге төккен бір тамшы екендігін сол дәуірдегі оқыған азаматтар оңды қабылдаған еді. Солардың қатарында болған С.Қожанов қазақтар өз ана тілінде білім алуға құқықтары болуы керек деп санап, мектеп балаларына арнап «Есептану», яғни Математика оқулығын өзі құрастырып шығарады.

Сұлтанбек Қожанов шет жерлерде, әсіресе сонау Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында білім алып жүрген Түркістан жастарына материалдық көмекте ұйымдастырады. С.Қожанов Ұлы жұттың кезінде жергілікті халыққа аштықтан айығуға көмек қолын созған азық-түлік комитетін басқарады және өзінің азаматтық қырымен көпшіліктің ықыласына бөленеді.

С.Қожанов Түркістан өлкесінде ұлттық театр мен мерзімдік баспасөз құралдарын ашуға өз септігін тигізеді. Мысалы, «Ақ жол» газетін ашқан. Тіпті қазақтың бір туар азаматы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын Ташкент қаласында аталып өтілуіне де ұйтқы болған азамат Сұлтанбек Қожанов болады.

Сонымен қатар, Орта Азиядағы ауыл шаруашылық саласы бойынша жоғары білім беру саласының негізі қаланып, дамуына үлес қосады. Орта Азия мақта- ирригациялық поли-техникалық институтының ашылуына үлес қосып, өзі оның тұңғыш ректоры болады.

С.Қожанов өз ана тілінде өлеңдер шығарып, К.Бальмонттың шығармаларын қазақтіліне аударады. Ол қазақ әдебиетінің дамуына үлкен қолдау жасайды. Оған дәлел, Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдер жинағының баспадан шығуына ат салысып, алғы сөзін жазады. Басына іс түскенде Мағжан Жұмабаевқа қолдау көрсетіп, Москвадағы әдебиет институтына түсуіне де көмек қолын созады. Тіпті Шымкенттегі политехникалық арнайы кәсіптік училище басшысы ретінде Мұхтар Әуезовке де көмек қолын созған да осы Сұлтанбек Қожанов болған.

Жаңа сауат ашқан қазақ балаларына орыс тілімен бірге өз төл ана тілдерін меңгеру қажеттігін, ол үшін оқу құралдарын құрастырып, жазу керектігін өзекті мәселе ретінде санағандардың да бірі Сұлтанбек Қожанов болған.

Әйгілі мәдениет, ағарту және қоғам қайраткерлері мектеппен тығыз байланыста болды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, М.Сералин, Ж.Сейдалин және тағы да басқа қазақ зиялылары оқу-ағарту саласында қолданылуға ұсынылған идеялары, қазақ халқы арасында кең қолдау табады. Қазақ зиялылығының ұсыныстары мен пікірлері тіпті Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің Халық Ағарту ісі Комитетінің коллегиялық отырысында қаралып отырған болатын.

Ғылымның әр түрлі саласына жататын терминдерді ұлт тілінде жасаудың, ұлт тілінің ғылым тіліне айналуының маңызын А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары дұрыс түсінді. Мәселен, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Е.Омаров, С.Қожанұлы, Ж.Күдерин сияқты зиялыларымыздың оқулықтары мен оқу құралдары соған дәлел ретінде келтіре аламыз. Олар ғылымның әр саласында заман талабына сай өз мамандары жоқ кезде әрі аудармашы, әрі ақын, әрі жазушы, әрі сыншы, әрі драматург болып еңбектер жазды. Кейіннен, яғни 20–30-жылдары, олардың еңбектері көп таралыммен қазақ тілінде басылып шықты. Бұған А.Байтұрсыновтың 1912–1928 жылдардағы жарық көрген әліппелері, оқулықтары, жазу, емле, терминология мәселелері туралы жазылған сыни мақалалары, М.Дулатовтың «Есеп құралы» (1918-1925), М.Жұмабаевтың «Педагогикасы» «Баланы тәрбия қылу жолдары» (1922, 1923), Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» (1924), «Психологиясы» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдауы» (1926), Е.Омаровтың «Пішіндемесі» (1924, 1928), «Физикасы» (1930), Х.Досмұхамедовтың «Жануарлары» (1922), «Табиғаттануы» (1922), «Адамның тән тірлігі» (1927), Қ.Кеменгеровтің «Оқу құралы» (1928), «Қазақша-орысша тілмашы» (1927), Е.Ермековтің «Ұлы математика курсы» (1935), Б.Майлиннің «Ересектерге арналған әліппесі» т.б. көптеген еңбектер жатады. Ал, Сұлтанбек Қожановтың өзі құрастырған «Есептану құралы» 1924 жылы баспада жарық көреді.

1930 жылдың басында Сталиннің жеке басына табынушылық пен әкімшілік-әміршілдік басқару жүйесі орнаған кезеңде ұлт мүддесінде пікір айтуға, дамуға тосқауыл қойылды.

1937 жылы 16 шілдеде Сұлтанбек Қожанов қамауға алынып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Көптеген жылдар бойы, яғни он бір жылдың көлемінде оның зайыбы Күләндәм Қожанова да АЛЖИРГЕ түседі [35.3]. Жиырма жылдан кейін Сұлтанбек Қожанов көптеген зиялы азаматтар қатарында өмірден өткеннен кейін ақталады. 1957 жылы 6 желтоқсанда КСРО Коммунистік Пратиясының Орталық Комитеті Бюросының шешімімен ақталады. Алайда оның халық жадына оралуы тым ұзақ уақытты құрайды.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (ИРН R18574180 гранты) жоба аясында орындалды.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Симтиков Ж.Қ. Сұлтанбек Қожановтың саяси-қоғамдық және мемлекеттік қызметі (Түркістандық кезеңі. 1916-1924 жж.). А., 1997 33 б.
2. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. А., 1990, 168 б.
3. Раджапова Р.Я. Имя, возвращенное истории и народу (Султанбек Ходжанов) // *Отечественная история Узбекистана. 17-31 стр.*
4. Қожеев Т. Сұлтанбек сырлары. // *Қазақ әдебиеті. 1994, №3, 3 б.*
5. Бердібай Р. Замана сазы: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 216-226-б.
6. Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанов (түрмеде сөнген шырақ). А., 1994, 128б.
7. Шәріпов Ә. Сұлтанбек Қожанов - әдебиетші. А, 1994, 98 б.
8. Уалиханова Ж.М. С.Қожановтың мәдени-ағартушылық және саяси-қоғамдық қызметі. авто реф. 2002, 30 б.
9. Тұрсын Х. Сұлтанбек Қожанов қызметіндегі алаштық идея // «Ұлы дала тариқы: көне дәуірден қазіргі заманға дейін» қалықаралық еуразиялық форумының материалдары. 1-том. 225-229 бб.
10. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2. -1999. -520 б.

11. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж.ж. - Алматы: «Елшежіре». 2007. Т.3. Кн.1. -304 с.), Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 - мамыр 1920 жж. - Алматы: «Алаш». 2005. Т.2. -496 с.
12. Әбдіғұлова Б., Жумашева С.С. Отансүйгіштік, адамгершілік, толеранттылық қасиеттерді студенттердің бойында қалыптастырудың жолдары. // Қазіргі кезеңдегі тарих және қоғамдық пәндерді оқытудың әдістемесін дамыту мен жетілдірудің өзектім әселелері атты республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. 2016 жыл 18-22 бб.
13. Тұрсын Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. Алматы Дарын. 2004, 156б.
14. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. А, 2003 141б.
15. Тілеубаева К.М. 10-11 сыныптар үшін Қазақстан тарихынан тәрбие сағаттарын өткізу. Алматы, 1998, 88б.
- 16.Тұрғанбаев Б.А. Дамыту технологиясы. Алматы, 2000, 121б.
17. Раджапова Р.Я. Имя, возвращенное истории к народу (Султанбек Ходжанов) // «Общественные науки в Узбекистане». 1988. №12. С-17-30.
18. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. Алматы, «Қазақ университеті», 1992, 108-140 бб.
19. Шаріпов А. Сұлтанбек Қожанұлы-әдебиетші. Алматы. «Ер дәулет»-Қазақстан, 1994, 98 б.
20. Әлмәшұлы Ж. Сұлтанбек Қожанұлы (Түрмеде сөнген шаңырақ). Алматы. Қазақстан. 1994, 128 б.
21. Симтиков Ж. Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістан республикасы кезеңінің кейбір мәселелері. //Үлкен Алтай әлемі.-Мир Большого Алтая-World of Great Altay- 5 (1) 2019, 116-123 бб.
22. Тыныбекова С.Б. В память о моем дезде // Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың 125 жылдығына арналған «Тарихи сананы жаңғырту: қоғам, ұлт және тұлға» атты халықаралық ғыл. -тәжіриб. конф. мат. [Құрастырушы: Х.Тұрсұн]. - Түркістан, 2019. - 215 б.
23. Әлмәшұлы Ж. Сұлтанбек Қожанов: тарихи-ғұмырнамалық толғам. – Алматы: 2005. – 272 б.
24. Кемеңгерұлы Қ. Бұрынғы езілген ұлттар. 1925, М., 18 бет.
25. «Қазақ» газеті 1917, 24 наурыз, 4б.
26. ҚРОМА 849-қор, 1-тізбе, 16-іс. 21 б.
27. Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы. сборник документов и материалов.- т.1. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013.- 384 б.
28. Қойшыбаев Б. Сұлтанбек Қожанов : (ғұмырнамалық деректі хикаят) .- алматы : ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2007. - 320 б.
29. Қожанұлы С. Шығармалары / құраст. проф. А. Шәріп. Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 352 б.
30. Уалиханова Ж.М. Сұлтанбек Қожановтың мәдени-ағартушылық және мемлекеттік-саяси қызметі. Тарих ғылымд. канд.... дис. - Алматы, 2002. - 30 б
- 31 ҚРОМА 849-қор, 1-тізбе, 16-іс. 41 б.
32. ҚРОМА 849-қор, 1-тізбе, 19-іс. 17 б.
- 33 Озғанбай Б. Жарығы өшпейтін жұлдыз. - Алматы: Үш қиян, 2003.-232 б
34. Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы. сборник документов и материалов.- т.1. – алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013.- 384 б.
35. Кудайбергенова А. И. Мурзаходжаев К. М. Алжир лагеріндегі жаны жараланған қыз келіндер.// 1607408117\_ Кудайбергеновой и др. Ходжанова .pdf.

List of references:

1. Simtikov Zh. K. *political, social and public activities of Sultanbek Kozhanov (Turkestan period. 1916-1924.)*. A., 1997 33 p.
2. Koishybayev B. *innocent victims*. A., 1990, 168 P.
3. Rajapova R. Ya. *Imya, the rising history and the people (Sultanbek Khodzhanov) // domestic history of Uzbekistan*. 17-31str.
4. kozhekeev T. *secrets of Sultanbek*. // *Kazakh literature*. 1994, No. 3, P.3
5. Berdibay R. *Zamana Sazy: research and articles*. – Almaty, 1985.-p.216-226.
6. Almashuly zh. *Sultanbek Kozhanov (candle extinguished in prison)*. A., 1994, 128p.
7. Sharipov A. *Sultanbek Kozhanov-writer*. A, 1994, p.98.
8. Ualikhanova zh. *m.cultural, educational and political and social activities of S. Kozhanov*. auto ref. 2002, 30 p.
9. Tursun H. *The idea of Alash in the activities of Sultanbek Kozhanov // materials of the inter-ethnic Eurasian Forum "the history of the Great Steppe: from ancient times to modern times". Volume 1. Pp. 225-229.*
10. Shokai M. *Selective*. 2 volumes. - Almaty: Kainar, T-2. -1999. -520 p.
11. *collection of documents and materials of the Alash movement. April 1920-1928-Almaty: "Elshezhire". 2007. Vol. 3. KN.1. -304 P.*), *Alash movement collection of documents and materials. December 1917-May 1920. - Almaty: "Alash". 2005. Vol. 2. -496 P.*
e-mail: [aigul\\_alshykenova@mail.ru](mailto:aigul_alshykenova@mail.ru)

**TRAINING OF HEALTHCARE PERSONNEL OF SOUTH KAZAKHSTAN REGION (1970-1991)**

*Abstract*

The article examines the history of the training of medical personnel in the healthcare of the South Kazakhstan region. An important question at what stage was the training of personnel holding the main positions in the medical structure. For this reason, in 1970-1991, the analysis of archival data concerning the history of training qualified personnel in the development of healthcare in the South Kazakhstan region was introduced into scientific circulation. The beginning of the problem since 1970 was marked by the rapid development of healthcare for the region during this period. In the Soviet period, the main sign of solving the personnel problem was the opening of medical schools in large cities and the training of qualified specialists. Already in 1970, three medical schools were opened in the region, which were engaged in training specialists in nine specialties. As a result, the number of medical workers in the region has increased 2.5 times, and the personnel issue of various medical institutions has been resolved. In addition, special attention is paid to the importance and relevance of reforms in solving the personnel problem in the healthcare system. As a result of generalization and systematization of data in the South Kazakhstan regional archive, we see that the personnel issue in the region is most relevant in the 70-90s of the twentieth century. When writing the article, the methods of generalization, analysis, and synthesis and source search were used.

**Key words:** South Kazakhstan region, medical science, healthcare, personnel issues, medical school, reform.

**Кіріспе.** XX ғ. қазақ өлкесінде көптеген зобалаң тарихи оқиғаларға толы кезең болды. Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы тым төмендеп, халық арасында таралған түрлі жұқпалы аурулар халықтың санының тым азаюына алып келді. Әсіресе, жұқпалы аурулардың тез таралуы халық арасында сауатты, оқыған медицина мамандарын (дәрігер, медбике) қажет етті.

Кеңестік биліктің орнауымен барлық медициналық-санитарлық қызмет түрлері халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталды. Бұл бағытта мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, алғашқы халық денсаулығын қорғау мекемесі – Денсаулық сақтау халық комиссариаты құрылды. Алғашқы денсаулық сақтау халкомы болып Михаил Сергеевич Шамов сайланып, ол бұл лауазымды 1928 жылға дейін атқарады. Жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру үшін құрамына сегіз бірліктен тұратын штат және ұйымдастыру-нұсқаулық, істер басқармасы, смета-қаржы, ана мен сәбиді қорғау бөлімдері кіреді. Сонымен, Денсаулық сақтау халкоматы тазалық сақтау, ана мен сәбиді қорғау, емдеу ісі, балалар денсаулығын қорғау, фармацевтикалық саланы, денсаулық сақтаудың барлық ісін басқаруды жүзеге асырды [1, 5-п.].



XX ғ. басында бүкіл әлем бойынша білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және ғылыми-техникалық бағытта интеграциялық процеске байланысты үлкен өзгерістер орын алды. Денсаулық сақтау жүйесі өзінің тарихи даму кезеңдерінде мемлекеттік саясаттың бір бағыты ретінде үлкен маңызға ие еді. Себебі, кез келген елдің болашағы көбінесе білім беру, денсаулық сақтау мен экономикалық жағынан сапалы түрде дамуымен анықталады.

Мемлекеттің саясаттың басым бағыты ретінде медицина жүйесінің дамуы білікті кадрларды даярлаумен, жүйелі жұмысты ұйымдастыру мен дәрігерлердің кәсібилігімен анықталады. Бұл өз кезегінде медициналық қызмет көрсету саласындағы мамандардың сапалы көмек көрсетуді ұйымдастыра алуымен, кәсіби тұрғыдан жоғары білікке ие, емделушілердің өмірі үшін жауапкершілікті сезіне алуымен байланысты. Сол себепті де денсаулық сақтау жүйесінің дамуының басты белгісі – білікті кадрларды даярлау болып саналды. Бұл бойынша әлемнің көптеген елдерінің қалыптасқан өзіндік тәжірибелері бар.

Әрбір мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесі елдегі халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауға бағытталғаны секілді осы қызметті жүзеге асырушы медицина қызметкерлері екені белгілі. Біз қарастырып отырған кезеңде (1970-1991) Оңтүстік Қазақстан облысының медициналық жағдайының жай-күйі мен кадр мәселесі секілді өзекті тақырыптарды зерттеп, талдауда ҚР ОМА (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив), Оңтүстік Қазақстан Орталық мемлекеттік архив және ҚР ҰА (Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві) қорындағы деректерді басшылыққа ала отырып, зерделенеді. Архивтік деректер тек ғана облыстың ғана емес, республикадағы сол кезеңдегі медицинаның жағдайы мен кадр мәселесіндегі қиындықтарды женудегі іс-әрекеттері мен денсаулық сақтау саласындағы реформалар туралы мәлімет береді. Сонымен қатар, бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерін зерттеумен қатар, аталған кезеңдегі жалпы республика шеңберіндегі медицина кадрларын даярлау мен жоғары оқу орындары туралы да зерттеулер жүргізіледі.

1970-1980 жылдары облыста денсаулық сақтау саласы 2 бағыт бойынша өте жақсы дамыды: біріншісі, кадр мәселесі (білікті кадрларды оқыту, даярлау), екіншісі медицина орталықтарын материал-дық-техникалық жабдықтау мәселесі. Әрине, бірінші бағыттағы кадр мәселесі мен медицина орталық-тары өз шешімін таба бастады. Аталған кезеңде медицина қызметкерлерінің саны 558 адамға, дәрігерлер – 49, тіс дәрігері – 19, ал орта медицина қызметкерлерінің саны 490-ға артты.

1970 ж. облыс бойынша медицина кадрларын даярлаумен 3 медициналық училище айналысты. Бұл оқу орындары бүкіл облысты медицина кадрларымен қамтамасыз ете алмасы белгілі. Дегенмен, аталған училищелерд 2500 студентті 9 мамандық (тіс дәрігері, фармацевт, фельдшер, акушер, зертханашылар, медбикелер) бойынша дайындады.

**Негізгі бөлім.** Денсаулық сақтау – қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды саласы. Бірнеше рет қайта құруларды басынан кешіріп, алдағы уақытта да дамытылуы жоспарланып отырған ұлт денсаулығы – еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін орасан зор қаржы бөлінуде, жеке меншік секторды қоса отырып қаржыландыру мен басқарудың жаңа әдістері енгізілуде, дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасуда, осының бәрі қолданыстағы заң аясында өзара үйлесімділікпен дамуда.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен бірге мұраға бұрынғы Кеңес Одағынан денсаулық сақтаудың орасан зор жүйесін де алды. Көптеген емханалар мен ауруханалар, сол кезде материалдық және кадрлық жағынан құнды болып табылып, бүгінге дейін қолданыста жүрген ескі техникаларды да иеленген еді. Денсаулық сақтау саласын басқару 1991 жылдан 1996 жылға дейінгі аралықтағы қаржы және білікті маман тапшылығы (ең мықты деген кадрлар эмиграцияға кетіп қалған) кезіндегі бала және ересектер арасындағы өлім-жітімнің өршіп тұрған қиын материалдық жағдайына қарамастан тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуге барынша тырысқан Денсаулық сақтау министрлігі деп аталған арнайы министрлікпен басқарылған еді [2, 50-6.]. Себебі, әлемдік экономика мен денсаулық сақтау жүйесіне өз әсерін тигізген коронавирус пандемиясы кезінде тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасы үшін де бұл сынақ оңай болмады. Кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан алдыңғы қатарлы денсаулық сақтау жүйесі мен санитарлық-эпидемиологиялық қорғаныс тәжірибесі – пандемиямен күрес кезінде біздің мемлекетке де көп көмегі тиді.

**Өзектілігі.** Денсаулық сақтау саласы – кез келген мемлекет азаматтарының денсаулығы мен салауаттылығын қорғауға негізделеді. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесі келесі принциптерге негізделеді: мемлекеттік мекемелердің халықтың денсаулығын нығайту бойынша жасайтын дәрігерлік-санитарлық көмегі; дәрі-дәрмек пен қажетті медициналық заттармен қамтамасыз ету. Аталған принциптердің дұрыс

Облыста медицина кадрларын даярлаудан бөлек олардың біліктілігін арттыру да басты назарда болды. Себебі, әлемдік тәжірибе көрсеткендей жыл сайынғы жаңа әдістемелер арқылы біліктілікті арттыру жақсы мамандарған кадрларды қалыптастыра алатын еді. Осы кезеңде медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру да күн тәртібінде болып, 1970 жылдың өзінде 188 дәрігер мен 1247 кіші және орта медицина қызметкерлері біліктілік жетілдіру курстарынан өтті [3, 294-б.]. Сонымен қатар, тек қана Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан медициналық институттар ғана емес республика бойынша денсаулық сақтау саласы мамандарын даярлайтын тоғыз ғылыми-зерттеу институты, 1997 жылы Академия деп өзгертілген алты мемлекеттік медициналық институт, еліміздің ірі университетіндегі бір медицина факультеті және бір жеке медициналық институт, жиырма жеті медициналық орта оқу орны болды [4, 45 п.]. Кеңес дәуірінде ашылған Қарағанды, Шымкент, Семей, Ақтөбе, Ақмола, Алматы қалаларындағы медициналық институттар ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамытуға және дәрігерлерді оқытуға зор үлес қосты. Осы оқу орындары республиканың медицина саласының кадрларын даярлауды қай деңгейде жүзеге асыра алғанын анықтау мақаланың өзектілігін арттырады. Себебі, бір ғана өңірдің медицина саласының даму тарихын, кадр мәселесіне қатысты ұтымды шешімдерін зерттеу арқылы еліміздегі денсаулық сақтау жүйесінің тарихын зерттеуде де маңызды деп есептейміз.

**Мақсаты мен міндеттері.** XX ғ. 70-90 жылдарындағы Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласында кадр дайындау мәселесінің негізгі бағыттарын анықтау және қазіргі кезеңмен салыстырмалы-талдау жүргізу. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер орындалады:

– тақырыпқа қатысты Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві (бұдан әрі – ҚР ҰА) Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚР ОМА) мен Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ОҚ ОМА) қорындағы деректер мен құжаттарға талдау жасау, ғылыми айналымға енгізу;

– медицина кадрларын даярлау ісіндегі кеңестік кезеңдегі өзгерістер мен жаңа әдістердің қалыптасуына талдау жасау;

– Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша медицина қызметкерлерін даярлау ісін зерттеу арқылы елдің кадрлық әлеуеті сипатталады;

– медицина қызметкерлерінің біліктілік көрсеткіші мен кадр саясатындағы кемшіліктерге сипаттама беріледі;

– денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлайтын медициналық институттардың оқыту жүйесіне талдау жасау;

– Тәуелсіз Қазақстанның кадрлық әлеуетіне салыстырмалы-тарихи талдау жасалады.

**Материалдар мен әдістемесі.** Мақалада денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау ісіне қатысты мәселе талқыланады. Зерттеу мақаласының өзектілігі мен алға қойған мақсатына жету үшін тарихи зерттеу мен жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Зерттеу мақаласына қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету салыстырмалы-тарихи, мәліметтерді тарихнамалық жүйелеу және деректемелерді іздестіру әдістеріне және модернизация теориясы мен тарихилық пен объективтілік принципіне негізделген.

Салыстырмалы-тарихи әдісті басшылыққа ала отырып, зерттеу мәселесінде қарастырылатын денсаулық сақтау саласына қатысты кешенді зерттеулер мен теориялық ұстанымдарды салыстырмалы түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу хронологиясына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласының дамуын өзге өңірлермен салыстыру, даму динамикасына талдау жасау. Зерттеу тақырыбына қатысты кешенді зерттеулерді талдау мен архивтік құжаттарды іздеу мен ғылыми айналымға енгізуде деректемелерді іздестіру әдісі негізге алынды.

Модернизация теориясы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының 1970-1991 жж. денсаулық сақтау саласындағы кадрлар даярлау мәселесіндегі және жалпы республикадағы кадрларды даярлаудағы өзгерістерді талдауда маңызды.

Тарихилық пен объективтілік принципі бойынша зерттелетін кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау саласындағы өзгерістерге, кадрлардың қалыптасу тарихын өткен кезең мен бүгінді және келешекті байланыстыра отырып, тарихи процесстің тарихи жағдайларға сәйкес даму ерекшеліктері мен оның ішкі қайшылықтарын салыстыра отырып қарастыруға мүмкіндік береді.

**Талқылау.** XX ғ. республиканың денсаулық сақтау саласына қатысты зерттеу еңбектері отандық зерттеушілер тарапынан үлкен қызығушылық танытқан. Ең алдымен еліміздегі алғашқы емдеу мекемелерінің қалыптасу тарихы, кадрлар даярлау ісінің дамуы, медицина саласындағы қордаланған мәселелер мен жеткен жетістіктер туралы 1971-1982 жылдары Қаз КСР Денсаулық сақтау министрі болған

Т.Ш. Шармановтың зерттеу еңбегінің маңыздылығы ерекше. Автор кеңестік кезеңдегі денсаулық сақтау мекемелерінің қалыптасуынан бастап, республиканың жеткен жетістіктері туралы сараптама жасайды [5]. Сонымен қатар, әлемде пандемия індетінің таралуына байланысты жарыққа шыққан архив деректеріне негізделі жазылған С.Қ. Шілдебай мен А.Ә. Жүнісбаевтың [6] және Қазақстандағы медицина саласының даму тарихына арналған М.А. Камалиевтың [7] зерттеу еңбегінің маңызы ерекше.

Зерттеу мақаласының тақырыбына сай медицина кадрларын даярлау, кәсіби біліктілігін арттыруға қатысты жетістіктер мен мәселелерге арналған еңбектер қатарына Б.Р. Абдильманованың мақаласын жатқызамыз [8]. Автор мақаласының маңыздылығы науқастарға көмек көрсету сапасын бақылау мен басқару мәселесін зерттейді.

Келесі зерттеу еңбегі науқастарға көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау, алғашқы медициналық қызмет көрсету мәселесіне қатысты зерттеу еңбектерінің қатарына Р.А. Абзалов [9], А.А. Акановтың [10] еңбектерін жатқызамыз.

Республиканың медицина саласының дамуының басты көрсеткіші ол білікті әрі білімді кадрлар. Медицина кадрларын даярлау жұмыстары ХХ ғ. 30-жылдары дами бастаған болатын. Солардың ішінде Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Шымкент, Қарағанды қалаларында медицина институттары ашылып, білікті кадрлар даярлаумен айналыса бастады. Осы мәселе төңірегінде жазылған зерттеу еңбектерінің қатарында П.Н. Поспелов, В.А. Брейдоның [11] және У.И. Кенесариева, Г.М. Аликеева және С.Ш. Сламкулованың [12] зерттеу мақалаларын жатқызамыз.

**Зерттеу нәтижесі.** Зерттеу мақаласы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласында 1970-1991 жылдар бойынша кадр мәселесіне қатысты оң және теріс шешімін табуына қатысты мәліметтердің нәтижесін ұсынамыз. Аталған кезеңде медицина кадрларын даярлау ісі Қазақ КСР-де осы саланың мамандарының жетіспеушілігінен туындады. Себебі, халықтың денсаулығын сақтау мен оларды емдеуде ең алдымен кәсіби маман дәрігерлердің керегі белгілі. Ал бұл «Дәрігерлерді қалай дайындады және кадр мәселесі қалай шешілді?» немесе «Кеңестік кезеңде кадр даярлау ісі мен денсаулық саласы қалай дамыды?» деген сұрақ төңірегінде зерттеулердің маңызы жоғары. Себебі, кез келген мемлекетте дәрігерлер мен медицина қызметкерлері кәсібиліктің жоғары деңгейімен өлшенеді. Бұл жөнінде ҚР ҰҒА Академигі Т.Ш. Шарманов: «медицина саласын халықтың денсаулығын жақсартушы, емдеуші және аурулардың алдын алушы ғылыми білім мен практикалық қызметтің жиынтық жүйесі ретінде қарастыру керекпіз» [5, 16-б.], - деген сөзі медицина қызметкерлеріне үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті де елде кадр мәселесі маңызды орын алды.

ХХ ғ. 70-90 жылдары Қазақ КСР-де денсаулық сақтау саласында түбегейлі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістердің басы 1970 ж. КСРО мен одақтас республикалардың денсаулық сақтау туралы заңнамасында көрсетілген маңызды міндеттер медицина саласының дамуына зор серпін берді. Осы заңнама шеңберінде ауылдық жерлерде медицина мекемелері ашылып, ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту бойынша маңызды шаралар қабылдана бастады. Ең маңызды өзгерістердің бірі – білікті кадрлар даярлау ісінің бір жолға қою болды. Бұл міндетті еліміздегі медициналық институттар орындады. Себебі, кадр мәселесінің жетіспеушілігі республиканың ірі қалаларында медициналық институттарды оқу қажеттілігін туындатты.

Медицина институты (немесе мекемесі) – денсаулық сақтау саласында дәрігерлер мен медицина қызметкерлерін даярлайтын жоғары оқу орны. Денсаулық сақтау саласының мамандарын (дәрігерлерін) даярлау ісі кел келген уақытта да өзекті саналды. Медицина қызметкерлерін даярлау, оқыту, тәжірибеден өткізу мен денсаулық сақтау саласын дамыту жүйелі түрде жүргізіледі.

Кеңестік кезеңде елде медицина қызметкерлері санының жетіспеушілігі мен мамандардың тапшылығы сезілген тұста медициналық институттар ашу күн тәртібінде тұрды. КСРО Халық комиссарларының қаулысымен университеттер жанындағы медициналық факультеттер дербес медициналық институттарға айналды және олардың құрылымында бес жылдық оқу мерзімі бар педиатриялық, санитарлық-гигиеналық және стоматологиялық факультеттер құрылды.

Медицина институтының негізгі оқу-ғылыми бөлімшесі – кафедра болып табылады, олардың саны оқу жоспарларымен анықталды. Институт факультеттері мен кафедраларына басшылықты институт ректоры бастаған ректорат жүзеге асырады. Әр институтта ректордың басшылығымен институт кеңесі құрылды. 1974 жылдан бастап КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің «Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттауды одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен институттарда ғылым кандидаты және докторы ғылыми дәрежелерін алу үшін диссертацияларды қорғау бойынша мамандандырылған кеңестер құрылды.

1970 жылдардың ортасына қарай мемлекеттік университеттердің медициналық институттары мен медициналық факультеттерінде үш жүз мыңнан астам студент оқыды. Медициналық институттарда

педиатрия, санитарлық-гигиена және емдеу факультеттерінде оқу мерзімі алты жыл, медициналық-биологиялық факультетте бес жарым жыл, фармацевтика және стоматология факультеттерінде бес жыл болды. Медициналық институтты бітірген түлектерге дәрігер, санитарлық дәрігер, тіс дәрігері, педиатр және биохимия немесе биофизика факультетін бітірген түлектерге біліктілік берілді.

Еліміздегі медициналық институттар тарихына зер салсақ олардың ішінде ең алғашқылардың бірі ретінде – Алматы медицина институтын айта аламыз. 1950-жылдардың өзінде 6 млн халқы бар Қаз КСР үшін бір ғана медициналық институт республиканы медицина кадрларымен қамтамасыз ете алмады.

Республиканың білікті медицина кадрларын даярлаумен айналысқан институттар:

**Алматы медицина институты** – тұңғыш медициналық оқу орны. 1930-1931 оқу жылында алғаш рет 100 студентті оқуға қабылдау туралы нұсқау бойынша өз жұмысын бастады. Алғашқы директоры – Санжар Асфендияров [12, 334-б.].

Институт ашылған сәтінен бастап медицина кадрларын даярлаумен айналысты. 1943-1962 жылдары Қарағанды медициналық институтына ауыстырылған санитарлық-гигиеналық факультет жұмыс істеді. 1951 жылы фармация факультеті, 1959 жылы стоматология факультеті ашылды. 1981 жылы университет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1982 жылы институт құрамында 65 кафедра, аспирантура (12 мамандық бойынша), Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы, кітапхана (400 мыңнан астам кітап қоры) жұмыс істеді. Оқу-практикалық база 23 клиникалық ауруханадан, 18 емханадан, 20 дәріханадан, 3 перзентханадан, фармацевтикалық зауыттан, 3 диспансерден тұрды.

1982-1983 оқу жылында 6587 студент оқыды, 727 оқытушы жұмыс істеді, олардың ішінде: 49 профессор және ғылым докторлары, 421 доцент және ғылым кандидаты [13, 5-п.].

1989 жылы 11 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен институтқа С. Асфендияров есімі берілді.

Алматы медицина институтының түлектері республиканың әртүрлі аудандарында денсаулық сақтау саласында еңбек етіп, халықтың денінің саулығын сақтауда, емдеу жүргізуде еңбек етті.

1979 ж. Алматы мемлекеттік медицина институтының филиалы ретінде Шымкентте фармацевт мамандарды даярлау үшін – Шымкент медицина институты құрылды. 40 жылдан астам тарихы бар медицина институтын бүгінде 18 965 маман диплом алып, бітіріп шықты. Бұл филиалдың құрылу қажеттілігі – елдегі фармацевт мамандарын даярлаудан туындаған.

**Шымкент медицина институтының** құрылуының басында болған К. Үшбаев сол кезде Алматы мемлекеттік медицина институтының проректоры болатын. Кеңес Үшбаевтың бастамасымен және сол кездегі Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың КСРО Денсаулық сақтау министрімен жасалған келісім барысында институтты Шымкент қаласына көшіру туралы шешім қабылданды және ғимарат берілді. Институт негізінен фармацевт кадрларын даярлауға маманданған.

Кеңес Үшбаевтың еліміздегі фармацевт мамандарын даярлаудағы еңбегі зор. Ол – тұңғыш фармацевтика ғылымдарының докторы. Осы салада 150-ден астам еңбек жазған белгілі ғалым республикадағы «фармация» мамандығы бойынша диссертацияларды қорғау жөніндегі алғашқы ғылыми кеңесті құрды және басқарды.

К. Үшбаевтың өзі Қазақстанда ғылыми мектеп құрды. Оның шәкірттерінің арасында 24 кандидат және 3 фармацевтика ғылымдарының докторы бар. К. Үшбаев – республикадағы фармацевтикалық білім берудің жетекші ұйымдастырушыларының бірі: ол фармацевтика ісін ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі, АММИ-дің (Алматы мемлекеттік медицина институты) оқу ісі жөніндегі проректоры, АММИ-нің фармацевтика факультетінің Шымкент филиалының директоры болды, оны дербес фармацевтикалық институт, содан кейін медициналық институт болып қайта ұйымдастыруды жүзеге асырды.

Оңтүстік Қазақстан облысы тек фармацевт кадрларын даярлаумен ғана емес, нейрохирургия бағыты бойынша маманданған. Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің 1972 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен Республикалық нейрохирургиялық орталық құрылып, республиканың 10 облысында, оның ішінде барлық жастағы нейротравматологиялық науқастарға қызмет көрсететін 30 төсектік Шымкент қаласының облыстық ауруханасында нейрохирургиялық бөлімшелер ашылды.

Нейрохирургиялық бөлімшенің бірінші меңгерушісі болып Пудин Анатолий Дмитриевич тағайындалды. Бөлімшеде Хегай Геннадий Леонтьевич, Муминов Марат Аширович, Атаханов Рүстем Атаханұлы, Джанбаев Кенжебек Намазұлы ординаторлар болып жұмыс істеді. Жоспарлы науқастарды тексеру үшін бас сүйек пен омыртқаның рентгенографиясы, невропатолог пен оптометрдің, оториноларинголог пен психиатрдың тексеруі, каротид ангиографиясы, пневмоэнцефалография, пневмомиелография, контрастты миелография қолданылды. Өндіріс қарқындылығы мен деңгейінің тұрақты өсуі, өмір сүру қарқынының жоғарылауы, көлік оқиғалары бас сүйек, ми және жұлын жарақаттарының айтарлықтай өсуіне әкелді.

Қаланың нейротравматологиялық қызметін жақсарту мақсатында 1976 жылы П.Лумумба Жеңіс саябағынан жоғары орналасқан 60 төсектік жедел медициналық жәрдем ауруханасы (№6 медициналық бірлестік) жанындағы нейротравма бөлімшесі ұйымдастырылды. Онда қаланың ересек тұрғындарына бас жарақаттарын диагностикалау мен емдеуде мамандандырылған көмек көрсетілді. Бөлімшенің бірінші меңгерушісі болып Алматы мемлекеттік медицина институтының түлегі Сәбит Құрманбайұлы Құрманбаев тағайындалды. Өз жұмысында бас миының ауыр жарақаты бар науқастарды емдеуге және ұлттың гипербариялық оксигін (ГБО) бөлу жағдайында реанимацияға көп көңіл бөлді. Ол кезде МБО-ны медицинада қолдану бас дәрігер Орынбаев Тұрмахан Орынбайұлының басшылығымен БСМП ғылыми және практикалық қызметінде басым бағыт болды [14, 45-б.].

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі алқасының шешімімен мамандандырылған қызметтерді нығайту үшін 1984 жылы Металлистов көшесінде орналасқан №2 қалалық ауруханаға нейротравматологиялық және нейрохирургиялық бөлімшелердің бірігуімен облыстық нейрохирургиялық орталық құрылды, онда Шоманбаев Оразалы Шоманбайұлы бас дәрігер болып жұмыс істеді. Орталықтың құрылуымен облыстағы нейрохирургиялық науқастарға мамандандырылған көмек айтарлықтай өсті, ересектерге де, балаларға да орталық және перифериялық жүйке жүйелерінде диагностика әдістері мен хирургиялық араласулар кеңейді. Аудандық ауруханаларға консультациялық-емдік көмек санитарлық авиация желісі бойынша жүзеге асырылды. Диагностикалық мақсатта аудандық ауруханалар жағдайында көрсеткіштер бойынша мидың каротидтік ангиографиясы және омыртқаның контрастты миелографиясы жүргізілді. Операциялардың ішінде бас сүйегінің декомпрессивті трепанациясы және ОЖЖ жарақаты кезінде омыртқаның ляминоэктомиясы басым болды. Көрсетілмдер болған жағдайда науқастар санитарлық көлікпен нейрохирургиялық орталыққа ауыстырылды

1982 жылдан бастап Андижан медициналық институтын бітірген және АГИУВ-да маманданған Дмитрий Петрович Яковенко нейротравматология бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Харьков қаласында Травматология және ортопедия кафедрасында бірнеше рет тағылымдамадан өтті. ОЖЖ жарақаттарын емдеудегі өзінің кәсіби қызметінде Оңтүстік Қазақстан облысында алғаш рет ми гипотермиясы, субарахноидты саңылауларды ашу, омыртқа аллопластикасы сияқты әдістерді қолданды. Шалғай кезеңде нейрохирургиялық науқастарды оңалту үшін қолмен терапия әдістерін қолданды. Бөлімде варзилов Исабала Сардалұлы, Исаев Қожабай Сапуанұлы, Байжігітов Жандарбек Айбекұлы, Нарманов Қанат, Маннапов Наурыз, Лепеха Андрей болды [14, 46-б.].

**Қарағанды медициналық институты** – 1949 жылы құрылған 6 жылдық оқу мерзімі бар медициналық оқу орны.

1949 жылы 27 желтоқсанда КСРО Денсаулық сақтау министрі Е. Смирновтың (1947-1950 жж. КСРО Денсаулық министрі) №963 бұйрығы негізінде Қазан стоматологиялық институты таратып, барлық материалдық-техникалық жабдықтары Қарағанды медициналық институтына берілді [11, 19-б.].

1950 жылы Қазан стоматологиялық институтының барлық оқытушы-профессорлық құрамы мен студенттері белгіленген тәртіппен Қарағанды медициналық институтына ауыстырылды. 1955 жылы институт өзінің 6 жылдық курсты аяқтап, алғашқы 95 түлекті (дәрігер) бітіртіп шығарды [15, 136-п.].

1960 жылдары Қарағанды медицина институты сапалы, білікті кадрларды даярлаумен қатар, бірнеше факультеттер ашты. Бұл жаңа мамандарды даярлауда маңызды еді. Осы жылы институтта 1020 қазақ студенті, оқытушы-профессор құрамы – 395-ге жетті.

1961 жылы институтқа бірінші санат берілді, бір жылдан кейін педиатрия факультеті ашылды. Өнеркәсіп кәсіпорындары, құрылыс индустриясы ұйымдары, тігін, тамақ және басқа да өнеркәсіп кәсіпорындары, қаланың санитарлық-эпидемиологиялық станциялары санитарлық-гигиеналық факультет студенттеріне оқу процесін жүзеге асыру және практикадан өту үшін база бөлді. Қарағандының барлық ауруханалық желісі емдеу және педиатрия факультеттерінің студенттеріне клиникалық дағдыларды игеру үшін берілді.

1966 жылы институтта Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды, оны медицина ғылымдарының кандидаты Мәдениат Мәдиұлы Сәрсембаев басқарды. Бұл балалар мен жасөспірімдер сарайында (Пионерлер үйі) оқушыларға арналған Кіші Ғылым академиясының ұйымдастырушысы болған және ұзақ уақыт бойы оның ректоры болған Мәдениат Мәдиұлы.

1970-1971 оқу жылында студенттердің жалпы саны 5000-ға жуықтады, бұл ашылған жылдармен (1949-1950 жж.) салыстырғанда 20 есе көп студент еді. Осылайша, республиканың маңызды саналған медицина институттары өңірлергі білікті мамандарды жіберіп, елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруына серпін берді. Айта кету керек, 1970-ші жылдардың басында Қарағанды медициналық институтының

профессорлық-оқытушылық құрамына бүкіл Кеңес Одағы бойынша орташа көрсеткіштен жоғары ғылыми дәрежелері бар жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар кірді.

1984 жылдан 1989 жылға дейін институтты медицина ғылымдарының докторы, профессор Николай Архипович Хлопов басқарды. Осы кезеңде орта медицина қызметкерлерін даярлау факультеті ұйымдас-тырылды, оның бірінші басшысы медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Михаил Яковлевич Фаликович болып тағайындалды. Институт өзінің негізін қалаушы салған дәстүрлерді сақтай отырып, жұмысын жалғастырды, жаңа кафедралар ашылды, ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлкен көңіл бөлінді. Медициналық және фармацевтикалық жоғары оқу орындары, дәрігерлерді жетілдіру институттары арасындағы 1985 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыста және жалпы XI бесжылдықта қол жеткізген жетістіктері үшін Қарағанды мемлекеттік медицина институтына КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің дипломы мен медицина қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитеті мен ақшалай сыйлықпен КСРО Медициналық жоғары оқу орындары арасында екінші орын берілді.

1970-жылдары медицинаның дамуы жаңа кезеңге қадам басты. Себебі, осы уақытта облыс аумағында кадр мәселесі өзінің шешімін таба бастады. Ауылдық жерлерді есептемегенде қалалық ауруханаларда да мамандар жетіспеушілігі байқалған болатын. Сол себепті де медициналық мекемелер үшін 3 училище 9 мамандық бойынша 3000-3500 студентті оқытумен айналысты [16, 40-п.]. Сонымен қатар, кадр мәселесінде мамандардың біліктілігін жетілдіру мәселесі де оң шешімін таба бастады.

1971-1982 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрі болған Шарманов Төрегелді Шарманұлының зерттеу еңбегінде тоғызыншы бесжылдық кезеңінде (1971-1975 жж.) Қаз КСР Денсаулық сақтау саласында дәрігерлер саны 1975 жылдың өзінде 34 896-ге жетті. Бұл көрсеткіш соңғы жылмен салыстырғанда келесідей өзгерістерге ұшырады: соңғы жылда 9328-ге артты немесе 24.3 пайызға тең. Орта медициналық қызметкерлері саны 110 181-ге тең [17-б.]. Бұл көрсеткіштер тек 1975 жылғы жалпы республика бойынша мәліметтер еді. Сонымен қатар, еңбектің авторының қазіргі республиканың медицина саласы танымастай өзгерді, 13 ғылыми-зерттеу институты, 2 орталық ғылыми-зерттеу зертханасы мен 5 медициналық университеттер мен институттардың қызмет ететінін жазады. Егер, осыдан 60 жыл бұрын республикада жоғары білімі бар 22 қазақ дәрігері болса, бүгінде 3800 ғылыми қызметкер денсаулық саласында еңбек етуде. Олардың ішінде 2-і КСРО Медицина Академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының 3 академигі мен 3 корреспондент-мүшесі, 200 доктор және 2000 ғылым кандидаттары қызмет етеді. Еңбек авторы бұл мәліметтерді 1980 жылға дейінгі деректермен растайды [5, 21-б.].

1991 жылы еліміз өз тәуелсіздігін алған соң, білім, ғылым, медицина және ұлттық экономика секілді маңызды салаларда реформалар жасай бастады. Жоғары оқу орындары бүкіл әлемде ғылымның қалыптасуының негізі деп алсақ, онда елімізде де ғылымның дамуына әсер етуші осындай мекемелер болды. Тәуелсіздік алған соң елімізді медицина мамандарын даярлайтын оқу орындарының қатары толықты. Олар Шымкент, Қарағанды, Семей, Ақмола, Алматы және Ақтөбе.

Республикалық біліктілікті арттыру институтының немесе ғылыми-зерттеу институттарының бірінің базасында дәрігерлердің жоғары оқу орнынан кейінгі білімі жүзеге асырылды. Әр бес жыл сайын олар біліктілікті арттырудың қысқаша курсынан өтіп, үш жылда бір рет клиникалық пәндер бойынша дәрістер тыңдауға міндетті болды, алайда мемлекеттік бюджеттік қаржыландырудың қысқаруына және жұмысты оқумен ұштастыру мүмкіндігінің болмауына байланысты бұл талап әрдайым орындалмады және ішінара ресми болды. Денсаулық сақтау жүйесін қайта құру, ең алдымен, қаржыландыруға ғана емес, болашақ медицина қызметкерлерін даярлаудағы реформалармен және кадр саясатындағы өзгерістермен байланысты болуы керек екендігі айқын болады.

Қазіргі таңда елімізде жалпы медицина қызметкерлерінің саны 115 000-ға тең. Олардың жартысына жуығы, яғни 56.5 мың дәрігер, қалғаны басқа да қызметтерді жүзеге асырушылар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда елдегі медициналық білім берумен айналысатын 40-ға жуық орта медициналық оқу орны, сонымен қатар 1 ұлттық, 6 мемлекеттік университет бар. Бұл оқу орындары бүгінде әлемдік білім беру кеңістігіне еніп, тәжірибелі, білімді мамандарды даярлауда. Білікті кадрлар еліміздегі адами ресурстардың әл-ауқатын, денсаулығын сақтауда еңбек етуде [17, 76-б.].

**Қорытынды.** Медицина саласының кадрларын даярлау ісі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі ретінде әлем елдерінде де үлкен сұранысқа ие екені анық. Біздің елімізде де ХХ ғ. өзінде мемлекеттік саясатта халықтың денсаулығын сақтау басты назарда болды. Білікті мамандар даярлауда медициналық институттар ашылып, кадрлық әлеуетті дамытып, жүйелі реформалар барысында өз жалғасын тапты. Біз қарастырып отырған Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау ісіндегі кадрларды даярлау 2 бағытта жүргені анықталды. Оның біріншісі аталған өңірдегі кадрлық даярлаумен

айналысқан 3 медициналық училищенің қызметі мен республиканың ірі қалаларында орналасқан медициналық институттар арқылы жүзеге асырылса, екінші бағыт денсаулық сақтау саласында еңбек етуші мамандардың біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу бағытында жүргізілді.

Оңтүстік Қазақстан облысының 1970-1991 жж. денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауға қатысты мәселені зерттеуде республиканың медицина саласының даму ісіне де қатысты зерттеу де жүргізілді. Алматы медицина институты, соның негізінде құрылған Шымкент медицина институты және Қарағанды медицина институтының денсаулық сақтау саласы мамандарын даярлаумен айналысудағы қызметіне талдау жасалды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚР ОМА). 82-қ., 1-т., 9-іс. 5-15-пп.
2. Ашим А.А. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі: қалыптасу кезеңдері мен қазіргі жағдайы // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. №4 (68). 2013. – Б. 49-52.
3. Алышкенова А.Т., Асанова С.С. Оңтүстік Қазақстан облысында денсаулық сақтау ісінің қалыптасуы мен даму тарихы (1932-1991) // «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. № 4(75), 2022. – Б. 291-302.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві (бұдан әрі ҚР ҰА). 23-қ., 1-т., 401-іс., 45-п.
5. Шарманов Т.Ш. Развитие здравоохранения в Казахстане. – Алма-Ата: Общество «Знание» Каз ССР, 1980. – 40 с.
6. Шілдебай С.Қ., Жүнісбаев А.Ә. Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920-1936). – Алматы: Полиграфия-сервис и К, 2021. – 167 б.
7. Камалиев М.А., Бигалиева Р.К., Хабиева Т.Х. История народной медицины и общественного здравоохранения Казахстана. – Алматы: Эверо, 2004. – 174 с.
8. Абдильманова Б.Р. Менеджмент в системе здравоохранения в целях повышения качества медицинской помощи больным инсультом: Перспективные направления развития системы здравоохранения Республики Казахстан // Материалы Международной научно-практической конференции. – Астана: Менеджер, 2012. Т. 2. №4(5). – С. 32-34.
9. Абзалова Р.А. Казахская модель первичного здравоохранения: достижения, проблемы, перспективы // Менеджер здравоохранения Республики Казахстан. №4, 2013. – С. 97-102.
10. Аканов А.А., Девятко В.Н., Кульжанов М.К. Общественное здравоохранения в Казахстане: Концепция, проблемы и перспективы. – Алматы: Эверо, 2001. – 102 с.
11. Поспелов П.М., Брейдо В.А. Карагандинский государственный медицинский институт. – Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 259 с.
12. Кенесариев У.И., Аликеева Г.М., Сламкулова С.Ш. Открытие и работа первого казахского государственного медицинского института (КазНМУ) в 30-е годы // Вестник КазНМУ. №3, 2015. – С. 333-335.
13. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚР ОМА). 30-қ., 2-т., 771-іс., 5-п.
14. Болеген А.Т. История нейрохирургической службы города Шымкент // Нейрохирургия и неврология Казахстана. №1 (26), 2012. – С. 45-49.
15. Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚО МА). 865-қ., 1-т., 8-іс., 134-141 пп.
16. Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ОҚ ОМА). 134-қ., 2-т., 366-іс., 40-п.
17. Досмагамбетова Р.С., Риклефс И.М., Риклефс В.П. Особенности медицинского образования в Казахстане // Медицинское образование и профессиональное развитие. №4 (18) 2014. – С. 75-85.

*References:*

1. OQ OMA. Q. 82. T. 1. Is. 9. P. 5-15. [In Kazakh]
2. Ashim A.A. Qazaqstannyn densaulыq saqtau zhıyiesi: qalyptasu kezenderi men qazirgi zhagdayı [Health care system of Kazakhstan: stages of formation and current state] // QazYU habarshysy. Zan seriyasy. №4 (68). 2013. – B. 49-52. [In Kazakh]
3. Alshykenova A.T., Asanova S.S. Ontystik Qazaqstan oblysynda densaulыq saqtau isinin qalyptasuy men damu tarihy (1932-1991) [History of formation and development of healthcare in South Kazakhstan region (1932-1991)]. № 4(75), 2022. – B. 291-302. [In Kazakh]
4. QR UA. 23-q., 1-t., 401-is., 45-p. [In Kazakh]
5. Sharmanov T.Sh. Razvitie zdavoohraneniya v Kazakhstane [Development of healthcare in Kazakhstan]. – Alma-Ata: Obshchestvo «Znanie» Kaz SSR, 1980. – 40 s. [In Russian]

6. Shildebay S.Q., Zhunisbaev A.A. *Qazaqstandagy zhyqpaly aurular men indetterge qarsy kyres tarihy (1920-1936)* [History of the fight against infectious diseases and epidemics in Kazakhstan (1920-1936)]. – Almaty: Poligrafiya-servis i K, 2021. – 167 b. [In Kazakh]

7. Kamaliev M.A., Bigaliev R.K., Habieva T.H. *Istoriya narodnoj mediciny i obshchestvennogo zdavoohraneniya Kazahstana* [History of folk medicine and public health of Kazakhstan.]. – Almaty: Evero, 2004. – 174 s. [In Russian]

8. Abdil'manova B.R. *Menedzhment v sisteme zdavoohraneniya v celyah povysheniya kachestva medicinskoj pomoshchi bol'nym insul'tom: Perspektivnye napravleniya razvitiya sistemy zdavoohraneniya Respubliki Kazahstan* [Management in the healthcare system in order to improve the quality of medical care for stroke patients: Promising directions for the development of the healthcare system of the Republic of Kazakhstan]. *Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii.* – Astana: Menedzher, 2012. T. 2. №4(5). – S. 32-34. [In Russian]

9. Abzalova R.A. *Kazahstanskaya model' pervichnogo zdavoohraneniya: dostizheniya, problemy, perspektivy* [Kazakhstan's model of primary healthcare: achievements, problems, prospects] // *Menedzher zdavoohraneniya Respubliki Kazahstan.* №4, 2013. – S. 97-102. [In Russian]

10. Akanov A.A., Devyatko V.N., Kul'zhanov M.K. *Obshchestvennoe zdavoohraneniya v Kazahstane: Konceptiya, problemy i perspektivy* [Public health in Kazakhstan: Concept, problems and prospects]. – Almaty: Evero, 2001. – 102 s. [In Russian]

11. Pospelov P.M., Brejdo V.A. *Karagandinskij gosudarstvennyj medicinskij institut* [Karaganda State Medical Institute]. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1973. – 259 s. [In Russian]

12. Kenesariyev U.I., Alikeeva G.M., Slamkulova S.SH. *Otkrytie i rabota pervogo kazahskogo gosudarstvennogo medicinskogo instituta (KazNMU) v 30-e gody* [Opening and operation of the first Kazakh State Medical Institute (KazNMU) in the 30s] // *Vestnik KazNMU.* №3, 2015. – S. 333-335. [In Russian]

13. *QR OMA.* 30-q., 2-t., 771-is., 5-p. [In Kazakh]

14. Bolegen A.T. *Istoriya neyrohirurgicheskoy sluzhby goroda Shymkent // Neyrohirurgiya i nevrologiya Kazahstana* [The history of the neurosurgical service of the city of Shymkent // Neurosurgery and neurology of Kazakhstan]. №1 (26), 2012. – S. 45-49. [In Russian]

15. *QO MA.* 865-q., 1-t., 8-is., 134-141 pp. [In Kazakh]

16. *OQ OMA. Q.* 134. T. 2. Is. 366. P. 40. [In Kazakh]

17. Dosmagambetova R.S., Riklefs I.M., Riklefs V.P. *Osobennosti medicinskogo obrazovaniya v Kazahstane* [Features of medical education in Kazakhstan] // *Medicinskoe obrazovanie i professional'noe razvitie.* №4 (18) 2014. – S. 75-85. [In Russian]

УДК 930:001.92  
МРНТИ 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.79.4.035>

Zh.K. Kenzhebekova<sup>1</sup>, G.T. Musabalina<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Astana, Kazakhstan, E-mail: kenzhebekova-1995@mail.ru

<sup>2</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,  
E-mail: [g.mussabalina@yandex.kz](mailto:g.mussabalina@yandex.kz)

## THE ROLE OF THE MEDIATION INSTITUTE IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

### Abstract

Mediation is an opportunity for the parties involved in the conflict to independently come to a mutually beneficial solution using the knowledge and experience of a mediator – a professional or public mediator, based on the principles of voluntary participation in the procedure, impartiality and neutrality on the part of the mediator, confidentiality, transparency, acceptance and respect of the parties by the mediator and the parties to each other. Mediation in world practice, and since 2011 officially in Kazakhstan, is a procedure and scope of activity for pre-trial settlement of disputes, a technology for alternative dispute resolution. The meaning of mediation, its traditions in our country stem partly from the Kazakh Khanate, where there was an institution of biys, courts of biys (from the 15th-16th centuries to the 19th century), separate provisions on the peaceful settlement of disputes were



applied. Partly in Soviet times, some institutions close in meaning to mediation were used (for example, comrades' courts). But the full introduction of mediation in Kazakhstan was made only in the 2000s, regulated by law since 2011. At the same time, unlike countries with a developed legal system, so far mediation in Kazakhstan is used much less frequently.

**Keywords:** mediation, mediator, alternative dispute resolution technology, ADR, arbitration, biy court, history of mediation.

*Ж.К. Кенжебекова<sup>1</sup>, Г.Т. Мусабалина<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,  
Астана, Қазақстан, E-mail: [kenzhebekova-1995@mail.ru](mailto:kenzhebekova-1995@mail.ru)

<sup>2</sup> тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
профессоры, Астана, Қазақстан, E-mail: [g.mussabalina@yandex.kz](mailto:g.mussabalina@yandex.kz)

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ РӨЛІ

*Аңдатпа*

Медиация – бұл жанжалға қатысушы тараптардың рәсімге қатысудың еріктілігі, медиатор тарапынан бейтараптық пен бейтараптық, құпиялылық, ашықтық, тараптарды медиатор мен тараптардың бір-бірін қабылдауы мен құрметтеуі қағидаттарына негізделген кәсіби немесе қоғамдық делдал-медиатордың білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, өзара тиімді шешімге өз бетінше келу мүмкіндігі. Медиация әлемдік тәжірибеде, ал ресми түрде 2011 жылдан бастап Қазақстанда дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі мен қызмет көлемі, дауларды балама шешу технологиясы болып табылады. Біздің еліміздегі медиация-ның мәні, оның дәстүрлері ішінара билер институты, билер соттары (15-16 ғасырлардан 19 ғасырға дейін) болған Қазақ хандығынан туындады, дауларды бейбіт жолмен шешу туралы жекелеген ережелер болды. қолданылды. Кеңес дәуірінде ішінара медиацияға жақын кейбір институттар қолданылды (мысалы, жолдастық соттар). Қазіргі уақытта медиацияның рөлі жыл сайын артып келеді және әр түрлі деңгейдегі қақтығыстарды шешуде қарапайым халыққа көбірек көмектеседі. Бірақ Қазақстанда медиацияны толық енгізу тек 2000 жылдары ғана жасалды, 2011 жылдан бастап заңмен реттеледі. Сонымен қатар, құқықтық жүйесі дамыған елдерге қарағанда, әзірге Қазақстанда медиация әлдеқайда сирек қолданылады.

**Кілт сөздер:** медиация, медиатор, дауларды шешудің баламалы технологиясы, ADR, арбитраж, би соты, медиация, медиация тарихы.

*Кенжебекова Ж.К.<sup>1</sup>, Мусабалина Г.Т.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан, E-mail: [kenzhebekova-1995@mail.ru](mailto:kenzhebekova-1995@mail.ru)

<sup>2</sup> доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан, E-mail: [g.mussabalina@yandex.kz](mailto:g.mussabalina@yandex.kz)

## РОЛЬ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

*Аннотация*

Медиация – это возможность сторонам, участвующим в конфликте, самостоятельно прийти к взаимовыгодному решению, используя знания и опыт медиатора – профессионального или общественно-го посредника, основанные на принципах добровольности участия в процедуре, беспристрастности и нейтральности со стороны медиатора, конфиденциальности, прозрачности, принятия и уважения сторон медиатором и сторонами друг друга. Медиация в мировой практике, а с 2011 году и официально в Казахстане является процедурой и сферой деятельности по досудебному урегулированию споров, технологией альтернативного урегулирования споров. Смысл медиации, ее традиции в нашей стране проистекают отчасти из Казахского ханства, где существовал институт биев, судов биев (от XV-XVI вв. до XIX в.), применялись отдельные положения о мирном урегулировании споров. Отчасти и в советские времена какие-то близкие по смыслу к медиации институты применялись (например, товарищеские суды). Но полноценное внедрение медиации в Казахстане произведено только в 2000-е годы, законом урегулировано с 2011 года. При этом, в отличие от стран с развитой правовой системой пока что медиация в Казахстане применяется значительно реже.

**Ключевые слова:** медиация, медиатор, технология альтернативного урегулирования споров, ADR, арбитраж, суд биев, посредничество, история медиации.

### **Introduction**

Mediation (from Latin *Mediare* – mediate) is a specific legal institution for out-of-court settlement of disputes in civil cases, when a mediator participates in the settlement - a party not interested in the outcome of the dispute, helping the parties to the dispute to work out a specific agreement on the dispute, make their own decisions on settlement, organize negotiations, etc. Mediation is currently considered as one of the technologies of alternative dispute resolution (alternative dispute resolution, ADR). At the same time, in international practice, 3 ADR institutions are generally used: negotiation, without the participation of third parties; mediation – when a dispute is regulated by an intermediary, helping the parties to agree in a recommendatory manner; arbitration, when a dispute between the parties is resolved with the help of an arbitrator making a binding decision (what is it close to to the judicial resolution of cases). The prototypes of the institute of mediation in the history of mankind appeared quite a long time ago, usually we are talking about the activities of Phoenician merchants, Ancient Babylon merchants about 1000 BC. Also, the practice of using intermediaries to resolve property disputes was used in ancient Greece. In ancient Rome, mediation in dispute resolution was recognized by the Code of Justinian (530-533 AD), and intermediaries were called *internuncius*, *medium*, *intercessor*, *philanthropus*, *interpolator*, *conciliator*, *interlocutor*, *interpres*, *mediator*. Also, disputes were resolved with the help of an intermediary among a number of peoples with traditional culture, intermediaries had a certain honor and respect along with chiefs, tribal elders and priests. In the Kazakh traditional society, both before the adoption of the code of laws "Zhetyzhargy" by Tauke Khan (1680-1718) and after, the *biy* court had significant powers in court cases. At the same time, that the functions of the *biy* were available to any free community member who had sufficient authority, knowledge of customary law and eloquence.

### **Relevance**

The modern institution of mediation, as it is currently understood, arose only by the second half of the twentieth century in the countries of Anglo-Saxon law (Great Britain, USA, Australia), further spreading in Europe. If at first mediation was widely used in resolving family disputes, then later it spread to broader areas: conflicts in local communities, conflicts in economic activities, in the public sphere. At the international level, mediation is currently enshrined in Article 33 of the UN Charter, as well as in the UNCITRAL Commission on International Trade Law [17].

It should be noted that the legal regulation of mediation appeared relatively recently in the post-Soviet space. Thus, the law "On Mediation" was adopted in the Republic of Kazakhstan only in 2011, although discussion of its future provisions and prospects for adoption has been conducted since the late 1990s. Many modern researchers note that the provisions of the current law "On Mediation" are closely related to the historical traditions of the *Biy* institute and the role of *biy* in the pre-trial settlement of conflicts.

The object of research in the article is the institute of mediation as an alternative dispute resolution technology.

The subject of the study is the historical aspects of the formation and development of mediation in Kazakhstan.

The purpose of the article is to consider the origins and formation features of the mediation institute in Kazakhstan.

Research objectives:

- 1) to characterize the origins of mediation as an alternative form of conflict resolution in Kazakhstan;
- 2) to consider the features and role of *Biys* in the pre-trial settlement of conflicts in the period before the nineteenth century;
- 3) to characterize the formation and development of modern Kazakhstan legislation on mediation.

### **Main content**

Based on the above research, it is possible to consider the retrospective and historical features of the formation of the mediation institute in Kazakhstan.

In general, most authors consider the beginning of the formation of mediation in Kazakhstan with the Institute of *Biys*. *Biys* are peculiar elders who have judicial and intermediary powers, who "should have had individual virtues - wisdom, courage, reputation, honesty, not always "biological seniority", be authoritative in their kind, socially active, and, as a rule, far from poor" [3]. In scientific sources, the *Biy* court is also called a state institution in the traditional Kazakh society. At the same time, even before the adoption of the "Zhety Jargy" laws of Tauke Khan (1680-1718), the life of Kazakhs was regulated by traditional norms drawn up in the codes "The Bright Path of Kasym Khan", "Yesimkhannyn eski Zholy". Most researchers point to the emergence of *Biys* as institutions of the court, as well as prototypes of institutions of arbitration and mediation are attributed to this ancient period. As a rule, *Biy* in the Kazakh steppes were people who were distinguished by intelligence and "impeccable morality,

Соғыстан кейінгі жылдардағы КСРО-дағы дінге қатысты «жылымық» саясат елдегі ішкі және сыртқы халықаралық жағдайларға тәуелді болды. Біріншіден, соғыс жылдарында діни бірлестіктер мен дін қызметкерлері халықты жеңіске жұмылдыруда билік органдарына қолдау көрсетіп, халықтың рухани қажеттіліктерін өтеумен шектелмей, халық арасында майдан қажеттіліктері үшін материалдық-қаржылық көмек жинауды ұйымдастырды, майдангерлердің отбасыларын, әлеуметтік мұқтаж жандарды қамқорлыққа алды. Екіншіден, БҰҰ-ның құрылуы және жалпыға ортақ адам құқықтары Декларациясының қабылдануы мен өркениетті адамзат қауымдастығы тарапынан мойындалуы да КСРО-ны формальді түрде болсын діни наным-сенім бостандығын кепілдендіруге мәжбүрледі.

КСРО-ның ресми идеологиясы атеистік сипатта болғанымен, халықтық дүниетаным мен салт-дәстүрде діни элементтер жойылып кетпеді. Дін қоғамдық өмірден шеттетілгенімен отбасылық-қауымдық және жеке тұлғалық өмірде өз ықпалын сақтап қалды. Қоғамдық сананың ресми деңгейімен байланысты болған коммунистік идеология халық тұрмысының бейресми қырларымен тығыз байланысып жатқан дін мен оның құндылықтарын түпкілікті жойып жібере алмады. Мерекелер үлкен-кіші мешіттерде тойлана берді.

**Мақсаты мен міндеттері.** Кеңестік кезеңдегі мұсылман бірлестіктерінің 1946-1960 жж. аралығындағы діни рәсімдердің, діни жоралғылардың орындалуы жай-күйін зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер орындалады:

- Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі мұсылман діни бірлестіктері мен дәстүрлі діни мерекелік шараларды өткізудегі негізгі шаралардың іске асуын ашып қарастыру;
- Мешіттер мен медреселердің жалпы тарихын зерделеп ашу;
- Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі бейбіт өмір жағдайындағы ауданаралық өңірлердегі діни рәсімдердің орындалуын зерттеу;
- ауыл молдалары мен балалардың білімін арттыру мақсатында құрылған оқу орындары туралы қарастыру.

**Материалдар мен әдістемесі.** Қазақстандағы ислам тарихын, әсіресе, діннің кеңестік кезеңдегі ахуалын зерттеуге көптеген кеңестік, шетелдік, сонымен қатар отандық ғалымдар да елеулі үлес қосты. Соның ішінде, кеңестік кезеңдегі танымал шығыстанушылар В.В.Бартольд, Е.А.Беляев, А.Е.Бертельс, О.Г.Большаков, Л.К.Климович, И.Ю.Крачковский және сол секілді ғалымдарды атауға болады. Американдық ғалым Б.Привратский қазақ халқының дінін, соның ішінде ислам дінінің, тарихы мен қазіргі таңдағы жағдайын зерттеуге 10 жылын арнап, «Мұсылмандық Түркістан: Қазақ діні және ұжымдық жады» (Muslim Turkistan: Kazakh Religion and Collective Memory) атты монографиясын шығарды. Сонымен бірге, Орта Азиядағы ислам тарихы, Қазақстандағы ислам тарихы мен кеңес үкіметінің саясатын жан-жақты зерттеген С.Собол, Джо-Анн Кросс, П.Фрозс, Э.Тибоулт, М.Кэмпер, А.Халид, А.Бенингсен, С.Абашин, Д.Дэвис, В.Саватский және тағы басқа ғалымдарды ерекше атауға болады. Қазақстандағы ислам тарихын, әсіресе, діннің кеңестік кезеңдегі ахуалын зерттеуге отандық тарихшылар да елеулі үлес қосты.

Н.Нұртазинаның 1920-1940 жылдары кеңес билігінің Қазақстандағы мұсылмандыққа қарсы саясаты [13], А.Б.Мусагулова мен К.Д.Арыстанбекованың кеңес билігінің дінге қарсы күресі және оның ұлттық санаға кері әсері туралы бірлесіп жасаған еңбегі [14], Г.Д.Мұхтарова (1917-1991) жылдары кеңестік дәуірдегі исламды жеке арнайы алып, кезеңдерге бөліп тарихи тұрғыдан көлемді арнайы зерттеу нысанасына айналдырды [15]. Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Қазақстанның мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар» атты кітабында діни басқарманың тарихы, қазіатты басқарған Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов, Садуақас Ғылмани,

Жақия қажы Бейсенбай, басқа да діни тұлғалар, тарихи мешіттер мен діни оқу орындары туралы бағалы мәліметтері жинақталып ұсынылған [16]. Академик М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясының 1917-1932 жылдарды арқау еткен екінші кітабында жеке тарау етіп ұсынылған ҚР Ұлттық мұрағат қорындағы, тергеу, сот материалдарының ишандардың ісіне қатысты шындықтың беті ашылады [17]. Серікбай Ораздың жоба жетекшілігімен әзірленген «Әзірет Сұлтан – Ұлы дала темірқазығы» атты кітабындағы Қазақстандағы ислам тарихы түрлі-түсті суреттермен, құжаттармен қоса баяндалады, оның үстіне кеңес үкіметі тұсындағы ислам туралы жеке бөлім бар [18]. Осы секілді еңбектердің барлығында Қазақстанның барлық өңіріндегі соның ішінде Оңтүстік өңірдегі ислам тарихының жағдайын көре аламыз.

**Талқылау.** Мұсылман діни бірлестіктерінде арнайы діни белсенділік «Ораза айт» және «Құрбан айт» діни мерекелері кезеңінде өрбиді. Дін қызметкерлері бұл діни мерекелерге ерекше көңіл бөледі, өйткені бұл рәсімдерді орындаудан түскен барлық қаражат рухани басқарманың шотына толығымен аударылады. Сондықтан Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы соңғы кездері барлық тіркелген мешіттерге, өздерінің өкілдері арқылы халықтан «Фитирді» (садақаны) белсенді түрде жинап алу туралы үзілді-кесілді нұсқау бере бастады. Пітір садақадан және «Айт намаздан» адал жиналған қаражат толығымен дін қызметкерлерінің ағымдағы шотына аударылады [19, 17-п.].

«Ораза айт» мерекесінен жетпіс күн өткеннен соң тойланатын бұл мерекені ислам діни өкілдері түрлі шектеу шараларына қарамастан жыл сайын атап өтуге тырысты. Соғыстан кейінгі Оңтүстік өңірдегі мешіттермен медреселердің ашылып қайта жандануы бұған дәлел. Дінімізде бұл мерекенің алар орны айрықша. Өйткені, қасиетті «Құрбан айт» елдің бірлігін күшейтіп, өзара бауырластықты арттырады. Асыл дінімізде дәріптелген діни дәстүр ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңіп, Ұлы дала төсіндегі ұлық мерекеге айналды.

Алла Тағала мұсылман жұртына нәсіп еткен бұл мейрамда мұсылмандар жуынып, таза да жаңа киімін киіп, хош иісті әтірін сеуіп, мешітке айт намазына келеді. Айт намазын оқып болғаннан кейін бір-бірін мүбәрак мерекемен құттықтап, құшақ жайып, өкпе-реніші болса кешіріп, бауырмалдылықпен қауышады. Сондай-ақ, мейрамның аты айтып тұрғандай, Алланың разылығы үшін жүрегі ізгі жандар құрбандық малдарын сойып, етінен тұрмысы төмен отбасыларға таратады. Мүмкіндігінше садақасын да мұқтаж жандарға береді. Ғасырлардан жалғасып келе жатқан бұл мереке мұсылмандардың ең ұлық мерекесін айналғалы біраз болды. Мерекенің кеңестік жүйенің қысымында да тоқтамағанын, шалынар құрбандықтың жыл сайын артқандығын біз архив құжаттары арқылы анықтап отырмыз. Жалпы, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша соғыстан кейінгі жылдары 3 діни бірлестік жұмыс жасады, оның екеуі мұсылмандық және бір евангелилік христиан бірлестігі жұмыс жасады. 1944 жылдан бастап Оңтүстік өңірде «Двадцатка», «Мутавальят», «Ревкомиссия» секілді діни мәселелермен айналысушы органдар өз жұмысын бастады [20, 3-п.]. Революцияға дейін мұндай құзырлы органдардың жұмысы өңірде байқалмағанымен ішінара бірлестіктер жұмысы бөлініп, қала, аудан, ауыл аралық бірлестіктер жергілікті билеуші органдармен етене жұмыс атқарды.

Облыс көлемінде 3 қала 14 аудан болған болса мұсылман бірлестігіне тіркелген мұсылмандар саны 47 мың болды, олардың көп бөлігі орташа есеппен 55 жастан асқан қарияларды құрады. Құлшылық етушілердің 27630 адамы тіркелген жергілікті мешіттерде намаздарын оқыса, қалған бөлігі өз үйлерінде құлшылықтарын жасады.

Түркістан өңірінде және алыс жақын колхоздарда 74 ресми тіркелген молда, қари, қожа, сопылық ілім өкілдері тіркелді. Халықтың көп бөлігінде әсіресе ауылдық жерлерде бұрынғы әдет-ғұрыптарды одан әрі жалғастырушылар сақталды. Олар кіші елді мекендерде бірнеше адамнан құралып, діни уағыздарды жүргізіп жүрді. Негізгі мақсаттары халық арасында ескі мұсылмандық діни жоралғыларды жалғастыру. Мұсылман бірлестігі осы уақыттарда әлі де болса ескі дәстүрлерді жалғастырып отырды. «Жаназа» адам өмірден өткенде жақын туыстарының ақтық сапарға шығарып салу дәстүрі, «Қатым Құран» әр шаңырақ өз үйлерінде өмірден өткен ата-бабасына құран бағыштау, «Пітір садақа» мереке күндері берілетін қаржылай көмек қоры,



негізінен жетім-жесір, тұрмысы төмен отбасыларға берілетін қор, рамазан айында пітір садақа 5 пұттық бидай тұрмыс деңгейі төмен әрбір отбасы мүшелеріне көмек ретінде беріліп отырды, «Сүндет той» барлық мұсылман баласына жасалатын мереке және «Неке қию» дәстүрлері сақталды. Сонымен қатар облыс көлемінде осындай дәстүрлі исламды жалғастырушылар бірнеше партия өкілдерінен де байқалды. Солардың қатарында Түркістан қаласының партия өкілдері Абдувайтов Абдузаит, Байжанов Расул және Атаев Собидулланың «Құрбан айт» мерекесінде мешітке барып құлшылық еткен. Сондай ақ былтырғы жылы қайтыс болған аудандық партия хатшысы Аренев қайтыс болғанда, оның туыстары жиналып жаназасын шариғат бойынша шығарған [21, 29-п.].

Сайрам ауданында Ленин колхозының өкілі Ахметов Юнус осы жылы Али баба мазарына үлкен қоршау салып, сақталуына үлес қосқан. Осы секілді көптеген коммунистер мен комсомол мүшелері балаларын сүндетке отырғызып, сүндет тойларына қатысып құран бағыштаған. Осындай іс-шаралардан соң өңірде әлі де болса сақталды. Партия өкілдері өңірде жұмысты одан әрі ұлғайтты.

Жоғарыда айтылған молдалар жергілікті жерлердегі кіші мешіттерді және үйлерді құлшылық ету орындарына айналдырды. Соның бірі Абубакир Сарбаев өзінің көмекшілерімен бірге Шәуілдір ауданындағы Арыстан-баб кесенесіне орналасып зиярат етушілерді қабылдады. Ол жерге келіп зиярат жасаушы адамадардың саны да көп еді. 1952 жылы Ақмола облысы Атбасар ауданынан зиярат етіп келушілер тіркелді. Кесенеге келушілерден бөлек Абубакир молда «ораза айт намазы», «құрбан айт намазы» секілді діни мейрамдарды өткізіп отырды. Діни мерекелік шараларға 500-600-ге жуық құлшылық етушілер қатысты.

Бір ғана айт намазы кезінде 9 қой, 12 ешкі, 6 қап бидай, 5000 рубль садақа ақшасы, бірнеше қап нан келіп түсті, мұның барлығы жергілікті халықпен мешіт игілігі үшін жұмсалды. Ел ішінде мешіттердің көптеп салынуы байқалды. Осындай діни мерекелік шараларды өткізетін мешіттер көбейді. Шымкент қаласындағы Ишан-Базарда жергілікті молда Іляс қари жұма намазды айт намаздарын өткізіп отырды. Жергілікті молдалардың діни мерекелерден түскен қаражаттары кейде өз қалталарында жатып, жұмсалуды керек болған мешіт қорларына тапсырылды. Қаладағы үлкен бос тұрған мешіттердің бірінде айт намазы өткізілді. Осы мешітке осы жылы құрбан айт пен ораза айт мерекелерінде 4000 рубльге жуық ақша жиналғанымен ол қаржы сол кездегі бос тұрған мешіттердің бей ресми иесі Айтходжаев деген молда да еді. Мұндай жағдайлар қаладағы барлық аудандарда тіркеліп тұрды. Қаладағы Көкбұлақ ауданында, Сайрам ауданында мерекелік айт намаздары кейде жұма намаздары ашық алаңдарда өткізілді. Молдалар садақадан жиналған қаражатты өздерінде ұстап, жергілікті өкілдердің шешімімен рұқсат етілген жерге жұмсап отырды. Бостандық, Сайрам, Шәуілдір, Арыс тағы сол секілді қала аудан орталықтарындағы жағдайлар бір-біріне ұқсас еді.

Өңірдегі «Киелі» жерлерден басқа жергілікті дін өкілдерімен сенушілер өңірдің киелі жерлеріне құлшылық етуді жалғастырды. Мысалы, Сарыағаш ауданындағы геологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде сол жерден ыстық су атқылап шыққан. Мұны естіген көрген ауыл молдалары бұл жердің суын киелі санап ол жерге құлшылық етуге келіп жүрді. Жергілікті дін істері басқармасы бұл жерді «қасиетті» деп жариялады. Бірақ, мұның барлығы жарлық бойынша бұл жерге арнайы шатырлар орнатылып, медицина қызметкерлері орналасты. Кейін анық болғандай бұл су табиғи минералдарға бай болғандықтан ол жер қазір курортқа айналды. Дегенмен де, бұл жерге келіп зиярат етушілердің легі бірнеше жылға дейін жалғасты [22, 16-п.].

Елуінші жылдардың басында құрғақшылықтың әсерінен өңірде «тассаддик» (тасаттық) яғни тәңірден құрбандық шалу арқылы жанбыр сұрау дәстүрі кеңінен таралды. Шымкент қаласындағы «тасаттық» Қошқар ата өзені бойындағы Баба-Дарвиш моласының моласының маңында өткізілді.

Діни мерекелік шаралар басталғанда діни пропагандалық жұмыстар оның ішінде уағыз, пітір садақа жинаушылар «ел аралаушы молдалардан» тарады және олар өз мақсаттарын мешіттерде «Тараух» намаздарында жүзеге асырды. Осы жылы тараух намаздары барлық тіркелген мешіттерде өткізілді. Одан бөлек Түркістан қаласының әр жерінде тараух намаздары оқылды.

Тараух намазын өткізгеннен молдалар өздеріне пайда тапты. Мысалы ретінде Коммунизм колхозы мен Арыс ауданы Бейнеткеш ауылында екі жақтама тараух намазын өткізген молдаға 1500 рубль ақша мен 90 кг бидай берілген. Жоғарыда аталып өтілген молдалардың барлығы қаржы органдарына тапсырылды, бірақ бұл жұмыстардың нәтижесінде Түркістан қаласынан тек 4 қана молда анықталып бар жоғы 550 рубль ақшадан өткізілді.

1959 жылы Қазақстанда 20 зиярат ету орны жұмысын тоқтатты. Олар – Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб, Үкәша ата, Қошқар ата, Баба Дәруіш, Ысмайыл ата, Ыбырайым ата, Хүсейін ғазиз Қазы Байзауи, Мірәлі баб, Қызыр ата, Ұзын ата, Асық ата, Қожа Тәлі, Әбділғазиз баб, Қарахан ата, Дәулетбек Шахмансұр, Айша бибі, Бабажа хатун кесенелері мен Тектұрмас және Сыпатай батыр мазарлары. 1958 жылы 28 қарашада «Киелі жер деп аталатын орындардағы зияратты тоқтату шаралары туралы» қаулы қабылданды. Артынша жер-жерде әулиелі жер деп саналатын жерлерді жабу арналған шаралар жүргізілді. Зияратқа тиым салатын пәтуалар шығару, қазилер мен мұхтасибтардың, ресми молдалардың зиярат орындарын аралап жүріп күрес жүргізуге тапсырма берілді. Имамдардың халық арасында насихат айтуы ұсынылды. Нәтижесінде дастархан басында, үлкен астарда, той-жиындарда, құдайы тамақтарды, зиярат жасауды теріске шығаратын уағыздар айтыла бастады [23, 28-б.].

**Зерттеу нәтижесі.** Қазақстандағы кеңес билігінің исламға және мұсылмандық діни мерекелерге, білімге қарсы үгіт насихат жұмыстарын екі сатыға бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, коммунистер өздерінің ұстанымдарын ресми сатыға көтергеннен кейін ислам дініне қарсы саяси шараларын жайлап бастағанымен, кейін қуаттанғаннан соң ресми шараларды қатаң түрде жүргізе бастады. Осыған байланысты түрлі декреттер, заңнамалар, қаулылар, тәртіптік ережелер шығарып, оны жүзеге асыру кезінде тым қаталдық танытып ел ішін «қанға» бояған кездері де болды. Екіншісі, ол идеологиялық қысым арқылы, яғни түрлі ұрандарды, атеистік кітаптарды, оқу орындарындағы мұғалімдерге деген идеологиялық «тазалау» сияқты ұстанымдарды көбейтіп, «атеистік комитеттерді» құрып, жас ұрпақтың тәрбиесін осы бағытта жүргізуді жіті қадағалап іске асырды. Исламға қарсы ел ішінде үгіт насихат жұмыстарын «ресми» және «астыртын» идеологиялық ұстанымдар негізінде жүзеге асты.

Жергілікті молдалардың тағы бір ірі табыс көзіне тойлардағы мерекені басқару. Сүндет той мен неке қию, хатым той, ас, сияқты іс-шаралардан мол табыс тапты. Бала туылғанда жаңа үй салғанда, жаңа үйге көшкен кездегі молдалар табысқа кенелді. Сол секілді «мавлүд» (Мәуліт) мерекесі тойланды. Революцияға дейін де тойланған «мавлүд» мерекесі мешіттерде Мұхаммед пайғамбардың туылған күні аталып өтілді. Сонымен қатар «мавлүд» мерекесінде молдаларды үйге шақырып, туған-туысты жинап, мереке ретінде атап өтілді. Бұл мереке Рабиға әл әуал айының 12 – күні тойланады.

Соңғы 2-3 жылда мұсылмандар діни бірлестігі үйді аралайтын молдалардан «мавлүд» оқудан практика алынды, бұл тек жаназа уақытында орындалған жоқ. «мавлүд» орындауға бұрынғысынша бір ғана молда емес енді бірнеше молда хормен айту міндеттелді. Мұнда шіркеудегідей даусы әдемі оқушыларға емес, құранды жатқа білетін қарилардың бірнешеуі, оның ішіндегі жас қарилер орындады. Көптеген «мавлүд» орындаушылары оның шын мағынасын түсінбесе де халық арасына кеңінен тарап кетті. Тіпті, тойларға мавлүд орындаушыларды шақыратын болды, бірақ барлық бірдей тойға емес дінге негізделген мерекелік шараларға қонаққа шақырып мавлүд шырқалды. Оған мысал да жоқ емес, Шымкент қаласының тұрғыны Абдуллаев Ергеш жаңа үй сатып алуына байланысты өз таныстарын шақырып, той жасап, тойға мавлүд орындаушы молдаларды да шақырды. «Мавлүд» орындау сәнге айналып жылдың барлық айында орындалатын болды. Мәуліт орындалмас бұрын, үлкен молданың қолында табақшада әтір, райхан гүлі, су, қант, бал қосылған су тұрады. Молданың көмекшісі сол жердегі қонақтардың үстіне көкіректеріне әтірден сеуіп шығады. Әтірді сеуіп болғаннан соң молда әтірді келесі әйелдер мен балалар отырған бөлмеге береді. Осыдан соң молда құрат аяттарын оқып, әумин деп бетін сипайды да мәулітті бастайды. Алғаш бірінші жолын өзі оқып кейіннен басқа молдалар қосылып шырқайды. Төртінші жолын молда орнынан тұрып оқиды, бұл кезде әйелдер балалар жақтағы

бөлмелерде молдамен бірге тұрады, кейін соңғы жағын отырып орындайды. Кейін үлкен молда пиаланы алып бал қосылған суды ішіп, кезегімен ұзатады. Молданың су бергенінен соң жасы үлкен қариялар орындарынан тұрып үйлеріне қайтады, жастар қалады. Содан дастарханға шөлмекпен сусындар әкелініп нағыз той басталады. Бұл дәстүр сол кезеңде 2-3 жыл Шымкент, Түркістан, Сайрам қалаларында кең таралып, кейінірек басқа аймақтарға таралып, тойдың барлығы осы дәстүрмен өткізілетін болды [24, 8-п.].

Тойлардағы мәуліт араб тілінде орындалып көпшілікке түсініксіз болғаны рас, бірақ Жамбыл, Ақмола, Семей, Қарағанды облыстарында мәуліт қазақшаға аударылып айтылатын болды. Бұл бірінші кезекте арабша түсінбейтін қарапайым қазақтарға түсінікті тілде болса, екіншіден жастарға рух жігер берді. Дегенмен халық арасында тойда орындалатын мәуліт тек той шығыны ғана емес сонымен қатар ұлт арасындағы дауға алып келу қаупіде болғаны рас. Сол себептен жергілікті КСРО министірлер кеңесінің мұсылмандар бірлестігінің осы мәселеге жете қарауы, бұрынырақта шариятта міндетті болып есептелмеген мерекеге тиым салу көзделді. Жергілікті халықтан қарсы пікір айтушылар кездеспеді, кейбір жағдайларда жергілікті бірлестік басшылары, молдалардың ісін тоқтатуға шақырғаны халықты айт намазынан ертерек таратуды сұраған жағдайлары кездескенімен, үлкен бір мәселе болған жоқ.

Шымкент қаласындағы мұсылмандар діни бірлестігі 1946 жылдан бері бар. Оның сыйымдылығы 800 адамдық орны, намазханасы ауа райы қолайлы болған жағдайда аулады 2500 ге жуық адамды қабылдай алатын үлкен алаңы бар. Қаладағы мұсылман бірлестігі Амангелді 21 мекен жайында орналасқан мешітке зиярат етті, мешітке келушілердің саны күн сайын өсіп, жұма күндері олардың саны еселеніп, келушілердің саны 670 адамға дейін жетті [25, 1-п.].

Шымкент қаласында оңтүстік өңірдегі мұсылмандардың көп бөлігі өмір сүреді, соның ішінде Қазақтар, Өзбектер, Татарлар, Әзірбайжандар және тағы өзге де ұлттар бар. Олардың негізгі бөлігін яғни 90%-ға жуығын өзбек ұлтының мұсылман бірлестігі құрады. Мұсылмандардың нақты санын айту мүмкіндігі болмады, дегенмен мешіттерге келетін халықтың арасынан мұсылмандардың санын анықтау мүмкіншілігі туып отыр. Қаладағы көрші жатқан жақын аудандардың халқы есебінен қаладағы тіркелген мешіттерде халық саны артып келді. Қалаға жақын саналатын 5 колхоз К.Маркс колхозы, Сталин атындағы колхоз, «Куйбышева», «Ворошилов» және «Тельман» атындағы колхоздардың мұсылмандары есебінен мешітке келушілердің саны артып отырды [26, 49-п.].

Күн сайын оқылатын бес уақыт намазға жиналушылар көп болған жоқ, жұма күндері келушілер саны 1000 адамға дейін жетіп, айт намазы күндері Құрбан айт, Ораза айт күндері мешіттерге келушілердің саны 3000-3500 адамға жетті. Нәтижесінде мешіттің табысы берілген садақа есебінен өсті. 1951 жылы мешіт қаржысы 100000 рубльге жетті. Бірақ, мешітке жиналған ақша саны бұдан да көп болуы керек, өйткені мешіт имамы мен көмекшісінің мешітке жиналған қаражатты толық ақпарат етіп жарияламай қалып жатты, оған себепте жоқ емес, біріншіден мешітке жиналған қаражатты жергілікті органдарға жариялаған жағдайда оны барлығы игерілмей қалуы яғни, мешіт пайдасына емес жергілікті органдарға жұмсалып қаупі болса, екіншісі жиналған қаражатты өздеріне алып қалып мешіт игілігімен шығындарға жұмсап отыру еді. Имамдардың жартысы қаржыны өткізіп отырса, қалғанын бөлісуден бас тартты. Қаржының көбі арнайы жасалынған жәшіктерге емес, көбінесе имамның қолына табысталып отырды, бұл өз кезегінде мешіттерге нақты қанша қаржы жиналғанын анықтауға кедергі жасады.

Жыл соңына қарай орталық мешіттің молдаларын Уфаға білім алуға жіберіп, орнына имамның көмекшілерінің бірі отырды. Қаладағы мешіттерде жоғарыда атап өтілгендей екі бірлестік өкілдерінің Қазақ және өзбек ұлты өкілдерінің арасындағы бәсекелестік байқалды. Мұсылмандардың көп бөлігін өзбек ұлтының өкілдері құрады. Орталық діни бірлестік қаланың орталық бөлігін негізгі 3 бөлікке, Жоғарғы (верхняя часть), Кош-Термен және Каз-караган деп топқа бөліп алды. Әр топтың басында бұрынғы абыройлы молда немесе сол жердің бай ауқатты тұлғасы отырды, олардың негізгі қызметіне діни істер мен қоса тұрмыстық жанжалдар мен әр түрлі мәселелерді шешу және той мәселелерін бірлесе отырып шешу еді. Тойларға, жиындарға

кететін шығындар есептеліп, тойға бір махалладан яғни көшеден көмек жиналып, той рәсімі өткізілді. Аталған топтардың арасындағы бәсекелестік мүлде тоқтаған жоқ керісінше өршіді. Жоғары сайланған орталық мешіт имамы бұл топтардың өзара бәсекелестіктерін тоқтатуға қауқарсыз болып, әр көшеден (махалладан) имамдарды үйге шақырып діни рәсімдер өткізуге рұқсат етті. Сонымен қатар мешітке келушілерден мешіт айналасындағы жолды жөндеу жұмыстары үшін қаражат жиналды. Мысалы, жылдың басында орталық мешіт орналасқан Амангелді көшесін жөндеу жұмыстарына жиналған қаражат 1200 рубльге жетті [27, 8-п.]. Бұл мешітке келушілерге жүргізілген үгіт насихат жұмыстары нәтижесінде болды. Мешіт имамына жергілікті басқарушы өкілдер белгілі бір көмек керек болған жағдайда келіп өтініштерін білдіріп қаржылай көмектер алып отырды. Бірақ, қаржының өз мақсатында жұмсалғанын тексеру барлық жағдайда мүмкін болған жоқ. Мешіт қоры ретінде қаржы жинап ас беруге керекті ыдыстарды, «ляган» алуға мешіттен қаржы жиналған. Жиналған 700 рубль қаржыға 70 ляган (көп тамақ салуға арналған, арнайы құран ас кезінде тамақ салуға арналған ыдыс) алынғанды туралы есептер мешіт құжаттарында кездесті, дегенмен бұл қаржы одан да көп болып, алынған зат саны өз санынан әлдеқайда аз болуы мүмкін. Мешіттегі имамдардың іс әрекетінің көбі мақсатсыз, өз қалталарына жиналған қаражатты басу болғаны жасырын емес.

Өңірдегі діни бірлестік діни мереке күндері пітір садақаны тек мешіттердің алдында жинау керектігін басты назарға ұстағанымен, махаллада, үйді үйден қаржылай пітір садақаны жинау актілері кездесті. Іздестіру жұмыстары барысында 6 адам ұсталып, олардан 18000 рубль қаржы тәркіленді. Бар жоғы өңірден 6000 рубль пітір қаражаты түсуі керектігі болжанған болатын.

Діни мерекелер кезінде халық көп жиналатын басына барып құран бағыштайтын қаладағы орталық мазарлардың бірі «Баба-Дарвиш» мазары күрделі жөндеуден өткізіліп отырды. Мазарды 1949 жылдан бері күрделі жөндеу жұмыстарынан өткізу көзделген, және орталық дін істері басқармасынан бірнеше талап тілектер келіп түсіп жатты. Бірлестіктің шешімі бойынша мазар алаңы мен шырақшы отыратын жерді күрделі жөндеуден өткізуді билік сол жердегі діни бірлестік топтарына тапсырды. Өйткені бұл мазар жергілікті халық үшін үлкен маңызға ие еді. Жергілікті имамдар бұл процесті барынша тыныш өткізуге тырысып, өңірдегі «тәуіп» әйелдің үйне барып рұқсатын алып, қайта қалпына келтіру жұмыстары басталмас бұрын, жергілікті имамдармен лауазымды тұлғалар жиналып құрбандық шалынып, құран аяттары бағышталды. «Баба-Дарвиш» мазарының алдына кірер есік жақта «шырақшы» отыратын арнайы орын жасалынды. Мереке күндері осы жерден адамдар мазарға кіріп құран бағыштай алды. Қайта қалпына келтіру жұмыстарынан соң сол маңда арнайы тайынша (жас екі жасар жылқы малы) сойылып ас берілді. Мешіттің жаңа қараушысы, шырақшысы да дәл осы күні бекітілді.

1952 жылдың басына қарай «Баба-Дарвиш» мазарына келіп зиярат етушілер көбейді, бұл әсіресе бейсенбі күндері, шырақшының рұқсатымен шырақ қою таралды. Шырақшы зиярат етіп келушілерден құран бағыштағаны үшін қаржылай, нан, бидай, малды құрбандыққа шалған кезде оның терісі мен азын аулақ етін алып тұрды. Бұл жағдай жоғарғы діни басқармаға белгілі болса да, шырақшыларға ешқандай табысы үшін салық салынған жоқ [28, 15-п.].

Түркістан діни мұсылмандар бірлестігі Шымкент қаласынан кейінгі ең ірі мұсылмандар бірлестігі. Мұнда да мешітке келушілердің басым көпшілігі өзбек ұлтының өкілдері. Өңір бірлестігі осы жылы да яғни 1950 жылдардың басында қаладағы ірі мешіттерге жөндеу жұмыстарын жасап, алаңшаларын үлкейтті. 1951 жылдан бергі орталық үлкен мешіттің имамы, жергілікті халықтың қызметінде болғанымен, барлық махалла тұрғындарының діни мерекелік шараларын өткізуге үлгермеді. Әр махалладан (көшеден) 18 ге жуық имамдар сайланып, жаназа, неке кию, сүндет той тағы сол секілді үйде орындалатын мерекелерді атқарды. Олардың барлығы діни мерекелік тойлардан, құраннан жиналған қаражатты орталық кассаға келіп тапсырып отырды. Орташа табыс көзі бір жарты жылдықта 1500-1600 рубльге жетті [29, 85-п.].

Түркістан қаласындағы мұсылман бірлестігі өз құлшылықтарын Қылуат мешітінде өткізді, мұнда келушілердің жалпы орта есебі 200 адам болса, жұма намазы күндері 700-800 адамға дейін өсті. Құлшылық етушілердің саны жұма күндері қалаға жақын ауыл аймақ тұрғындарының

есебінен көбейді. Түркістан қаласындағы мешіт Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанында 100 метр жерде орналасқандықтан мұндағы келушілердің басым көпшілігі кесенені қоршай орналасып айт мерекесіндегі құлшылықтарын жасап құрбандық шалды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүние жүзілік қорғауға алынған ескерткіштер қатарына жатқандықтан, кесенеге арнайы күзет қойылып қорғалды. Әзірет Сұлтан мешіті жанында мазарға келушілердің саны жылдан жылға артты. Мазарға кіру мүмкіндігіне дін істері жөніндегі билік рұқсат етпегенімен сол жердің күзетшілер азын аулақ ақшалай сыйлыққа мазарға зиярат етіп келушілерді мереке күндері кіргізгендігі туралы ақпарат архитектуралық мәселелер жөніндегі министірлер кеңесінің құлағына жетіп, олар күзетші, шырақшы болып жұмыс атқаратын тұлғаның орнынан босатып отырды. Бірақ бұл жағдай мазарға кірушілерге аса бір кедергі келтірмеді.

1951 жылы айт намазы біткеннен соң халықтың көп бөлігі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қарай бет алды. Дегенмен, кесененің сыртқы бөлігі қоршалып есік алдында күзетші тұрған. Соған қарамастан халықтың көп бөлігі қоршауды бұзып, кесенеге бет алды. Кесене есігінде тұрған үлкен құлыпты ешкім бұзған жоқ. Кесенені қоршай зиярат етіп, кірпішін, қаланған тасын сүйіп, кесене қабырғасына қолдарын қойып, жанындағы қиыршық тастарды жинап, беттерін сипап, құран бағыштап жатты [30, 161-р.].

Қаладағы үлкен мешіттерде үлкен мәселелер көп болды. Соның бірі мешіт имамдарының бірі мешітке келген адамдарға Мұхаммед пайғамбардың суреті деп және Әзірет Әли пайғамбардың күйеу баласы деп есептелетін тұлғаның портретін көрсетіп жүрген, жұма намазы күндері арнайы қолдан жасалынған фото суретті елге көрсетіп оған зиярат етуді сұраған, бірақ ол имам ресми түрде орынан босатылғанымен, халықтың қолында бұл суреттер бірнеше жылға дейін болды. Бұл жағдай ешқайда көрсетілмеген, құранда да, шарифатта да бұл жағдай дінге жат деп танылған. Өзінің халық арасында беделін арттыру мақсатында имам шарифатқа жат дүниені елге уағыздап келген. Дін істері жөніндегі басқарма ол портретті сұрағанда имам беруге уәде берген, бірақ үйіне кетіп басқармаға қайта соқпаған, портретті үш күн өткен соң ғана мәжбүрлі түрде тәркілеу процесі жүрген.

Қаладағы мешіттердің көбі қажетті болмаған күндері бос тұрып қалуы байқалып, оларды жалға беру көзделді. Мысалы, орталық мешіттің 4 бөлмесі жергілікті дәріханаға жалға (арендаға) беріліп табыс алып келді. Табыстың көлемі бір жылда 3400 рубльді құраған. Мешіттің жан-жағына жеміс ағаштары отырғызылды. Мереке күндері адам көп болуына байланысты жалға берілген бөлмелерде де намаз оқып, құран бағыштауға рұқсат етілді.

Түркістан маңындағы Кентау қаласының мешіті 1946 жылдан ресми тіркелді, жұма намазына келушілердің саны 200-280 адамды құрады. Мұсылман бірлестігінің тағы бір ошағы Түркістан өңіріндегі Сайрам ауданы болды. Дінге қызмет етушілерге аздап қысым дәл осы өңірде байқалған, дәстүрлі түрде дінді уағыздап «сақал өсірушілер» аудандар да жиі кездесті және оларға жеке салық төлеу жүктеліп, өз еріктерімен молдалық қызметтеріне кету туралы өтініштерін жергілікті билік қабылдады. Өңірде «антисоветтік» қозғалыстар немесе мұсылман балаларының билікке қарсы әрекеттері өңірде байқалған жоқ. «Құрбан айт» мерекесінде Түркістан қаласындағы ғибадатханаға зиярат ету үшін, діни мейрамы күндері Шымкент облысының Ленин, Қызылқұм, Созақ, Алғабас аудандары, Қызыл-Орда облысының Жаңақорған және Шиелі аудандары, Ақтөбе, Қарағанды облыстарынан бірқатар діндарлар құлшылық ету үшін келеді.

1946 жылмен 1960 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстандағы «Құрбан айт» мерекесі өңірдегі барлық тіркелген мешіттерде өтті. Шымкент қаласындағы үлкен мешіт «Маджами» мешітінде тойланды. Мешітке келушілер өткен жылдармен салыстырғанда әлдеқайда көп екендігі байқалып, қатысушылар саны бес мыңға (5000) жуықтады. Құрбан айт мерекесіне тек Шымкент қаласының тұрғындары ғана емес сонымен қатар жақын ауыл жерлердің өкілдері де қатысты. Айт намазына және құрбандық шалуға қатысқан адамдардың орташа жас мөлшері 70% жуық қарттар болса, қалғандары 3 жаспен 13 жас арасындағы жасөспірім балалар болды [31, 11-п.]. Сондай-ақ бұл мерекелік іс-шараны көруге 200 ге жуық түрлі дін өкілдері қатысып тамашалады. Мешіт алдында қайырымдылық қорына ақша жиналып барлық саны жиырма тоғыз мың 29000 рубльді

құрады, бұл соғыстың алғашқы жылындағы көрсеткіш. Бұл көрсеткіш өткен жылдармен салыстырғанда әлдеқайда көп. Сол күні Шымкент қаласында Құрбан айт мерекесінен бөлек театр және кино көру залдарында мұсылман жастарының бірнеше мерекелік шаралары өткізілді. Сол жылы Түркістан қаласының орталығындағы үлкен мешітте 6000 (алты мың) адам жиналған «Құрбан айт» мерекесі өтіп жалпы саны отыз бес мың рубль (35000) қор жиналды. Сонымен қатар өңірдің түрлі аудандарында мерекені атап өту дәстүрлі түрде қолға алынды. Мысалы, Сайрам ауданында жергілікті ақсақалдар 250 ге жуық адам жиналып Құрбан айт мерекесін атап өтті. Мереке өту барысында Қазақ мектептерінің және өзбек мектеп оқушыларының сабақтан қалуы, жұмысшылардың жұмыстан кешігуі және құрбандық шалу кезіндегі мал бағасының өсуі байқалған жоқ. Дегенмен, Сайрам ауданы Сталин колхозында жасы келген қариялардың сағат он бірге (11) дейін құлшылық етіп жұмысқа шықпағандығын, жұмыстан кешіккендігін айтуға болады. Бұл жағдайлар соғыстан кейінгі алғашқы жылдары байқалған. Бір ғана Арыс ауылында 1903-1937 жылдары екі мешіт жұмыс жасап тұрды бірақ сол жылы ол мешіттер аудандық кеңестің шешімі бойынша жабылды, 1945-1947 жылдары Арыс ауылында «діни бірлестіктер» жөніндегі бас кеңесшілігі Киров көшесіндегі мешітті ашып берді.

Сол секілді мысалдардың бірі Созақ аудандық мұсылмандардың оразадан кейінгі діни мейрамы Құрбан айт қарсаңында жергілікті мұсылман бірлестіктерімен жұмыс жасау ұйымдастырылды. Ол үшін жолдастық кеңестер мен байқаулар арқылы аудан елді мекендердегі дінге сенушілерге қарсы үгіт жүргізушілермен атеистер мұқият іріктелді. Құрбан айт мейрамы қарсаңында аудан бойынша осындай үгіттеуші-атеис жұмыс жасаған. Олардың құрамында жақсы сөйлей білу, адамдарды түсіне білу, адамдармен тіл табыса алу, өз сенімін оған бере білетін мұғалімдер, медицина өкілдері, мәдениет қызметкерлері, ауыл шаруашылық қызметкерлері кірді.

Олар дінге сенушілермен жұмыс жүргізе отыры, аудан тұрғындары арасындағы атеистік тұрмыс салтын оның жетістіктері мен артықшылықтарын кеңінен насихаттауды ұштастыра жүргізіп отырды. Бұл іске аудандық, селолық Совет атқару комитеттері үнемі басшылық етіп отырумен қатар күнделікті практикалық көмектер көрсетіп тұрды. Созақ аудандық «Молшылық үшін» газеті бетінде, күн сайынғы радио хабарламалар тағы сол секілді ақпарат көздері арқылы атеистердің дінге деген, Құрбан айтқа деген қарсы насихат жұмыстары жиі-жиі жарияланып тұрды.

Соның нәтижесінде мұсылмандардың басты мейрамдарының бірі Құрбан айт кезінде мешітке жиналып намаз оқу, құдай жолында құрбандық шалу сияқты салттарды орындау фактілері тіркелген жоқ. Нәтижесінде, аудан бойынша заңдастырылған орталық мешітпен молда болған жоқ. Еңбекші депутаттарының аудандық және селолық совет атқару комитеттерінде діни нанымдар мен әдет-ғұрыптарға қарсы шараларды күшейте отырып, әрбір аудан село тұрғынының Коммунистік рухта тәрбиеленуіне ықпалды арттыра берді.

Құрбан айт мерекесін тойлау өңірде 1950 жылдары өз жалғасын тапты. Осы уақытта Облыс көлемінде 4 мешіт жұмыс жасап тұрған болатын. Аудандардың тапсырыстары мен өтініштері бойынша бірнеше ауылдық елді мекендер мешіт құрылысы туралы өтініштерін берген болатын. Солардың ішінде Сайрам ауданы Сайрам ауылы, Шымкент қаласы, Сайрам ауданы Қарабұлақ елді мекені, Қаратас ауданы Тұрбат ауылы, Бостандық ауданы Қандайлық ауылы, Түлкібас ауданы Ванновка ауылы тағы сол секілді қала, ауылдар, аудан орталықтары мешіт құрылысы туралы өтініштерін білдірген. Шымкент қалалық орталық мешітіне 1950 жылмен салыстырған келушілер саны 1000 адамға жетіп отыр, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 200-300 адамға көбейген. Мешітке келушілердің санын көрші 18 шақырым жердегі Сайрам ауданы және 25 шақырым жердегі Қарабұлақ елді мекенінен келгендер толықтырып отырды.

Шымкент орталық мешітінде 1953 жылы 2900 адам құлшылық етуге келген болса ондағы қорға жиналған ақша 6862 рубльге жетті. Құрбан айт намазы мен «Ораза айт» намазына жиналатын халықтың саны артты. Бұл көрсеткіш 1957 жылға қарай 4000 адамға жетіп, жиналған қаржы бірінші күннің өзінде 6451 рубльге жетті. Түркістанның орталық Қылует мешітінде 1953 жылы 3800 адам болып, бірінші күнгі қорға жиналған садақа 5700 ге кейінгі жылы 6800 рубльге

дейін жетті. Сонымен қатар Оңтүстік өңірдегі барлық мешіттерде Құрбан айт мерекесіне жиналушылардың саны артты. Арыс ауданы Темірлан ауылында Құрбан айт намазына жиналушылар 300 адамнан 480 адамға, Сайрам ауданында 270 адамға, Қаратас ауданы Тұрбат ауылында 460 адамға өсті, бұл көрсеткіштер өңірдің барлық аудандарында облыс, қала орталықтарында байқалды [32, 8-п.].

Мешіттердегі жамағат санының өсуі, құрбандық шалушылардың санының артуы, пітір садақаның мөлшерінің көбейуі өңірдегі діни бірлестіктердің жұмысын одан әрі дамытып, бірлестіктер оқушылар дайындаумен айналыса бастады. Аудандардағы балалардың білімін арттыруға Шымкент пен Түркістан орталықтарындағы мешітке білім алуға жіберіліп отырды. Бұл сапар шығындары мешіттерге жиналған пітір садақаның есебінен жіберіліп отырды. Сайрам ауданындағы оқу мекемелерінде «Қатым Құран» оқудан жарыстар өткізіліп отырды. Сондай ақ «Анти мұсылмандық» «Атеистік» көзқарастар азайып, «ел аралайтын молдаларға» (қаңғыбас) Құрбан айт мерекесін тойлатын үй-үйді аралауға рұқсат етілді.

1950 жылдары Қазақстан кеңестік мұсылмандар бірлестігі Орталық Азиямен тығыз байланыс орнатып, Ташкент қаласында өтетін діни шараларға және молдалардың біліктілігін арттыру үшін жіберіп отырды, сонымен қатар, Уфадағы оқу орындары мешіт қызметкерлерінің білімін жетілдіру орталығына айналды. Оңтүстік өңірдегі діни мәселелерді нығайту, жақсарту мақсатында елге сенімді өкілдер келіп, жұмыс жасай бастады, басты мақсат, өңірдегі діни кейбір кейкілжің мәселелерді шешу болып саналады.

Облыс көлемінде, қала, аудан, ауылдарды қоса алғанда 13 мешіт жұмыс жасады, олардың жетеуі заңды түрде тіркелген мешіттер болса, қалғаны ресми ашылуы болмаған өңірлердегі мешіттер. Барлығы дерлік бірдей түрде Құрбан айт мерекесін өткізіп, жұма намаздарын уақытымен оқып отырды. Тіркелмеген мешіттерде молдалар ауыл тұрғындарының, қариялардың сайлауымен және орталық дін істері басқармасы рұқсатымен жұмыс жасап отырды. 1950-жылдардың соңына қарай өңірдегі қаржылай жиналған қордың көбі мұсылман бірлестігіне тиесілі болды. Соның ішінде (Фитир) «Пітір садақа», «Хатым Құран», «Жаназа» «Құрбан айт» «Ораза айт» «Неке қию» секілді өз еріктерімен берілетін қаржылар. Айта кетерлігі жергілікті басқармалардың басты талабы берілген ақшаларды имамдардың өздері жинап өткізуге міндеттелді. Мысалы Шымкент қаласындағы орталық мешіт 1950 жылдың төртінші тоқсанында 5414 рубль өткізген. Мұндай мысалдар өңірдің барлық аймақтарында байқалды. Пітір садақа мен қоса ұсақ малдарды мешіттерге молдаларға мереке күндері тарту етіп отырды. Барлық жерде мұндай сыйлықтарды бірлестіктің қарамағына өткізу жағдайлары тіркелген жоқ. Жоғары да келтіргендей бармақ басты, көз қысты жағдайлары өте жиі ұшырасты.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, оңтүстік өңірдегі ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары мұсылмандық діни мерекелер қайта жандану сатысынан өтті. Өңірде жаңа мешіт медреселердің ашылуы, діни бірлестіктердің құрылуы 1946 жылдан бастауын алды. Мұсылмандардың мешіттерге келіп құлшылық етуі жиілеп мерекелерді тойлау дәстүрі қалыптасты. Осыған орай ел ішінде діни сауатты халық пен араб тіліндегі хат танушылар саны артты. Діни білім іздеушілер болса, Орталық Азия елдерінің діни мәселелер жөніндегі орталықтарымен бірігіп, дін танушыларға, құран оқушыларға арнайы сапарлар ұйымдастырылды. Көрші елдердің соның ішінде Өзбекстан және Кеңестік Ресейден Ташкент пен Уфа қалаларына барып құран оқып үйреніп қари атанушылар көбейді. Дегенмен, дінге қысым саясаты нәтижесінде 1926 жылдарға дейін ресми түрде тойланып келген мерекелер соның ішінде «Ораза айт», «Құрбан айт», «Неке қию», «Сүндетке отырғызу», «Мәуліт мерекесі» сияқты көптеген шараларды тойлануға тиым салынып, ел аралаушы молдалар мен мешітке келіп намаз оқитын имамдарды қудалау процесі жүрді. Соғыстың салдарынан өңірдегі барлық дерлік діни бірлестіктер жұмыстары тоқтап, барлығы майданға жұмыс жасады. Соғыстан кейін қалжырап шаршаған қарапайым халықтың мұң мұқтажы, сенімі дәл осы діни мерекелермен тығыз байланыста еді. Нәтижесінде жабылған мешіттердің қайта ашылуы, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жұма намазы күндері мешітке

келіп құлшылық етушілердің саны артты. Айт намазы күндері олардың саны екі немесе үш еселеніп, жылдан-жылға халықтың саны артты.

1946-1960 жылдардағы Түркістан өңірінің тарихында діни мерекелердің алатын орны ерекше болды өйткені халықтың көп бөлігі, яғни 90% жуығы мұсылмандар болса, олардың басым көпшілігін қазақ және өзбек ұлтының өкілдері құрады. Екі ұлт арасында діни қайшылықтар арасында байқалғанымен, мешітке келушілердің саны жыл сайын еселеніп отырды. Мұның барлығы дінге деген аса үлкен құрмет пен парызға деген сенімді білдірсе керек. Мейрамдардың көп тойланғаны сонша әрбір көше, әрбір ауданда өз молдаларын сайлап неке қию, сүндетке отырғызу, жаназа шығару секілді шараларды орталықтың бас имамына жүгінбестен өздері өткізіп отырды. Бірлестік тарапынан мұндай шараларды өткізу үшін арнайы рұқсат алынып жергілікті молдалар орталық діни бірлестіктерге сүйеніп іс-шараны жоғарғы деңгейде өткізіп беріп отырды. Осындай мерекелік шаралардың тарихын одан әрі зерттеп ашып жазу өте үлкен маңызға ие. Сондықтан да бұл тақырыптың зерттелуі одан әрі шындалып, үлкен бір ауқымды жобаға айналып, ашылмай қалған мешіттер мен медреселердің, зиярат ету орындарының тарихы ашылса, өскелең ұрпақтың кемел келешегіне нық қадам болары сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Кенжетәев Д. Құндылықтар дилеммасы: кеңестік идеология және Иассауи мәдениеті // *Адам әлемі*. – 2021. – №4 (90). – Б. 66-76
2. Bennigsen A., Lemerrier-Quelquejay Chantal. *Official Islam in the Soviet Union, Religion in Communist Lands*. – London: C.Hurst & Company, 1979. – 272 p.
3. ҚР ОМА, 119-қор, 1-тізбе, 211-іс, 145-146-пп.
4. ҚР ТОМА, 1353-қор, 2-тізбе, 14-іс, 20-43-пп.
5. Иванов А.И., Лобазов П.К. *Политика советского государства по вопросам религии и церкви*. – М.: Знание, 1973. – 64 с.
6. ҚР ОМА, 40-қор, 2-тізбе, 245-іс, 1-5-пп.
7. РФ МА, Р-6991 қор, 3 тізбе, 47 іс, 43-п.
8. РФ МА, Р-6991 қор, 3 тізбе, 8 іс, 146-147-пп.
9. РФ МА, Р-3004 қор, 1 тізбе, 7 іс, 28-29-пп.
10. РФ МА, 17-қор, 125-тізбе, 313-іс, 171-183-пп.
11. Новопольцева Е.М. *Партийно-государственная политика в отношении религии, церкви и верующих в 1917-1937 гг. (на материалах Казахстана): дисс. ... канд. ист. наук*. – М., 1993. – 180 с.
12. РФ ММ, 6991 қор, 3-тізбе, 221-іс, 122-123-пп.
13. Нуртазина Н.Д. *Борьба с исламом. Религиозная политика советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века*. – Алматы: Қазақ университеті 2008. – 36 с.
14. Мусагулова А.Б. *Борьба советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия исторические и социально-политические науки*. – 2015. – №1 (44). – С. 26-33.
15. Мухтарова Г.Д. *Ислам в Советском Казахстане (1917-1991 гг.): дисс. ... док. ист. наук*. – Уральск, 2007. – 310 с.
16. Дербісәлі Ә.Б. *Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX-XX ғғ.): – Алматы: Көкжиек, 2009. – 496 б.*
17. Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы. 2-кітап*. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
18. «Әзірет Сұлтан мешіті» – Ұла Дала темірқазығы. – Астана: Big Dream, 2017. – 378 б.
19. ҚР ТОМА, 1353-қор, 2-тізбе, 43-іс, 16-34-пп.
20. ҚР ТОМА, 1353-қор, 2-тізбе, 28-іс, 2-27-пп.
21. ҚР ТОМА, 1353-қор, 1-тізбе, 2-іс, 29-48-пп.
22. ҚР ТОМА, 1353-қор, 2-тізбе, 43-іс, 16-34-пп.



23. *Ислам энциклопедиясы / бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 285 б.*
24. ҚР ТОМА, 1353-қор, 2-мізбе, 17-іс, 8-13-нн.
25. ҚР ТОМА, 1353-қор, 2-мізбе, 28-іс, 1-7-нн.
26. ҚР ТОМА, 1353-қор, 5-мізбе, 36-іс, 49-76-нн.
27. ҚР ТОҚСТМА, 577-қор, 3-мізбе, 5-іс, 8-22-нн.
28. ҚР ТОМА, 1353-қор, 8-мізбе, 60-іс, 15-19-нн.
29. Privratsky B.G. *Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory. – Richmond, Surrey: Curzon Press, 2001. – 321 p.*
30. Privratsky B.G. *Turkistan Belongs to the Qojas: Local Knowledge of a Muslim Tradition // Dudoignon S. (ed.). Devout Societies vs. Impious States? Transmitting Islamic Learning in Russia, Central Asia and China, through the Twentieth Century. – Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004. – P. 161-212.*
31. ҚР ТОМА, 1353-қор, 6-мізбе, 12-іс, 11-20-нн.
32. ҚР ТОМА, 1353-қор, 4-мізбе, 11-іс, 8-32-нн.

#### References:

1. Kenzhetaev D. *Qyundylyqtar dilemmasy: kenestik ideologiya zhane Iassawi madenieti [The dilemma of values: Soviet ideology and Iassawi culture] // Adam alemi. – 2021. – №4 (90). – B. 66-76. [In Kazakh]*
2. Bennigsen A., Lemercier-Quelquejay Chantal. *Official Islam in the Soviet Union, Religion in Communist Lands. – London: C.Hurst & Company, 1979. – 272 p. [In English]*
3. QR OMA, 119-qor, 1-tizbe, 211-is, 145-146-pp. [In Kazakh]
4. QR TOMA, 1353-qor, 2-tizbe, 14-is, 20-43-pp. [In Kazakh]
5. Ivanov A.I., Lobazov P.K. *Politika sovetskogo gosudarstva po voprosam religii i cerkvi [The policy of the Soviet state on religion and the Church]. – M.: Znanie, 1973. – 64 s. [In Russian]*
6. QR OMA, 40-qor, 2-tizbe, 245-is, 1-5 pp. [In Kazakh]
7. RF MA, R-6991 qor, 3 tizbe, 47 is, 43-p. [In Kazakh]
8. RF MA, R-6991 qor, 3 tizbe, 8 is, 146-147 pp. [In Kazakh]
9. RF MA, R-3004 qor, 1 tizbe, 7 is, 28-29 pp. [In Kazakh]
10. RF MA, 17-qor, 125-tizbe, 313-is, 171-183-pp. [In Kazakh]
11. Novopol'ceva E.M. *Partijno-gosudarstvennaya politika v otnoshenii religii, cerkvi i veruyushchih v 1917-1937 gg. (na materialah Kazahstana) [Party and state policy in relation to religion, the Church and believers in 1917-1937. (based on materials from Kazakhstan)]. – M., 1993. – 180 s. [In Russian]*
12. RF MM, 6991 qor, 3-tizbe, 221-is, 122-123 pp. [In Kazakh]
13. Nurtazina N.D. *Bor'ba s islamom. Religioznaya politika sovetskoj vlasti v Kazahstane v 20-40-e gody HKH veka [The fight against Islam. The religious policy of the Soviet government in Kazakhstan in the 20-40s of the twentieth century]. – Almaty: Қазақ университеті 2008. – 36 s. [In Russian]*
14. Musagulova A.B. *Bor'ba sovetskoj vlasti protiv religii i ee otricatel'nye posledstviya v nacional'nom samosoznanii [The struggle of the Soviet government against religion and its negative consequences in national consciousness] // Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya istoricheskie i social'no-politicheskie nauki. – 2015. – №1 (44). – S. 26-33. [In Russian]*
15. Muhtarova G.D. *Islam v Sovetskom Kazahstane (1917-1991 gg.) [Islam in Soviet Kazakhstan (1917-1991)]. – Ural'sk, 2007. – 310 c. [In Russian]*
16. Derbisali A.B. *Qazaqstan meshitteri men medreseleri. Ruhani shamshyraqtar (IX-XX ғғ) [Mosques and madrasas of Kazakhstan. Spiritual lighthouses (IX-XX centuries)]. – Almaty: Kokzhiek, 2009. – 496 b. [In Kazakh]*
17. Qoigeldiev M. *Alash qozgalysy [Alash movement]. – Almaty: Mektep, 2017. – 656 b. [In Kazakh]*
18. «Aziret Syltan meshiti» – *Ula Dala temirqazygy [Azret Sultan Mosque-Ula Dala temirkazy]. – Astana: Big Dream, 2017. – 378 b. [In Kazakh]*

19. QR TOMA, 1353-qor, 2-tizbe, 43-is, 16-34-pp. [In Kazakh]
20. QR TOMA, 1353-qor, 2-tizbe, 28-is, 2-27-pp. [In Kazakh]
21. QR TOMA, 1353-qor, 1-tizbe, 2-is, 29-48-pp. [In Kazakh]
22. QR TOMA, 1353-qor, 2-tizbe, 43-is, 16-34-pp. [In Kazakh]
23. *Islam enciklopediyasy [Encyclopedia of Islam] / bas red. R.Nyrgaliev. – Almaty: «Қазақ enciklopediyasy» Bas redakciyası, 1995. – 285 b. [In Kazakh]*
24. QR TOMA, 1353-qor, 2-tizbe, 17-is, 8-13-pp. [In Kazakh]
25. QR TOMA, 1353-qor, 2-tizbe, 28-is, 1-7-pp. [In Kazakh]
26. QR TOMA, 1353-qor, 5-tizbe, 36-is, 49-76-pp. [In Kazakh]
27. QR TOKSTMA, 577-qor, 3-tizbe, 5-is, 8-22-pp. [In Kazakh]
28. QR TOMA, 1353-qor, 8-tizbe, 60-is, 15-19-pp. [In Kazakh]
29. *Privratsky B.G. Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory. – Richmond, Surrey: Curzon Press, 2001. – 321 s. [In Russian]*
30. *Privratsky B.G. Turkistan Belongs to the Qojas: Local Knowledge of a Muslim Tradition // Dudoignon S. (ed.). Devout Societies vs. Impious States? Transmitting Islamic Learning in Russia, Central Asia and China, through the Twentieth Century. – Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004. – r. 161-212. [In English]*
31. QR TOMA, 1353-qor, 6-tizbe, 12-is, 11-20-pp. [In Kazakh]
32. QR TOMA, 1353-qor, 4-tizbe, 11-is, 8-32-pp. [In Kazakh]